

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№ 2(81), 2024

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№ 2(81)

Алматы, 2024

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№2(81), 2024

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**,
(жауапты хатшы)
магистр оқытушы:
Берікболова А.Ж.
(техникалық хатшы)

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов**,
т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов**,
PhD, проф. **Вирджиния Мартин** (АҚШ),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап** (Түркия),
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**
(Қырғыз Республикасы),
т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,
проф. **М.Майер** (Германия),
т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия),
т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев**
PhD, доцент **Каримов К.С.**
(Өзбекстан Республикасы)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2024

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 07.06.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 42,75 е.б.т.
Тапсырыс 2.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Сактаганова З.Г., Сақабай Т.Қ. 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын жою амалдары ретіндегі мемлекеттің көмек көрсету шаралары..... 7
Saktaganova Z.G., Sakabay T.K. Measures of state support during the famine of the 1930s in Central Kazakhstan

Түрсүн Х., Хакан Ас, Батырбекқызы Г. Түркістан өлкесіндегі қазақ зиялыларының мәдени мұрасы..... 22
Tursun Kh., Hakan As, Batyrbekkyzy G. Cultural heritage of the kazakh intelligentsia in the Turkestan region

Отарбаева Г.К., Камалдинов Р.А. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған Қаратастық ишандар..... 32
Otarbayeva G.K., Kamaldinov R.A. Karatassan ishans who became victims of political repression

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

Tashagil A. (Turkey), Dukenbayeva Z. O., Imangaliyev A.T. Aydin Sayılı and the formation, development of farabi studies in Turkey..... 49
Ташағыл А. (Түркия Республикасы), Дукенбаева З.О., Имангалиев А.Т. Айдын Сайылы және Түркиядағы фарабитану ғылымының қалыптасуы мен дамуы

Joo-Yup Lee (Canada) Some remarks on the Ulus (people) of Jochi as seen by their contemporaries..... 58
Чжу-Юп Ли (Канада) Жошы Ұлысының (халқының) тарихи кезеңіне қатысты кейбір естеліктер

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

Абдурахманов Н.А., Қарабаева К.У., Купбаева Р.М. Сырдария округіндегі тәркілеу науқаны туралы кейбір мәселелер..... 67
Abdurakhmanov N.A., Karabaeva K.U., Kupbaeva R.M. Some questions about the confiscation campaign in the Syrdarya district

Бекбаева Т.А., Асанова Б.С., Адилова Ф.А. 1987-1988 жж. Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайы..... 80
Bekbaeva T.A., Assanova B.S., Adilova F.A. Social and political situation of ethnic groups living in Kazakhstan in 1987-1988.

Нұрбаев Ж.Е., Начаева Д.Р., Кішібаева С.Б. Қазақстан Республикасындағы ұлттық бірегейлікті зерттеу бағыттары мен үрдістері..... 87
Nurbayev Zh.Ye., Nachayeva D.R., Kishibaeva S.B. Directions and tendencies in research on national identity in the Republic of Kazakhstan

Мухаметкалиева К.Б., Атантаева Б.Ж., Абеннова Г.А. 1920-шы жылдардағы Семей өңіріндегі мектептік білім беру жүйесінің тарихы: жетістіктер мен қайшылықтар..... 97
Mukhametkalieva K.B., Atantayeva B.Zh., Abenova G.A. The history of the school education system in the Semipalatinsk region in the 1920s: achievements and contradictions

Қадырбекова Д.С., Омаров К.М., Евлоева А.С. Мәдени мұра

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические
и социально-политические науки»,
№2(82), 2024

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова,
(ответ. секретарь)
преп. магистр: Берикболова А.Ж.,
(тех. секретарь)

д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин
(США),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),
д.и.н., проф. Кара Абдиукап (Турция),
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов (Кыргызская
Республика),
д.и.н., проф. В.М. Козьменко
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,
проф. М.Майер (Германия),
д.и.н., проф. А.Б. Соколов (Российская
Федерация),
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция),
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев
PhD, доцент Каримов К.С.
(г. Коканд, Республика Узбекистан)

© Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2024

Зарегистрировано в Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 07.06.2024.
Формат 60x84 1/8.
Объем 42,75 уч.-изд.л.
Заказ 2.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

- призмасы арқылы Қазақстандағы этнографиялық туризмнің даму тарихы..... 111
Kadyrbekova D.S., Omarov K.M., Yevloyeva A.S. History of ethnographic tourism development in Kazakhstan through the prism of cultural heritage
Абдыкулова Г. Досуг женщин в современном Казахстане: условия и возможности (на примере городов Северного Казахстана)..... 125
Abdykulova G. Women's leisure in modern Kazakhstan: conditions and opportunities (based on the example of cities in Northern Kazakhstan)
Джунусбаева А.М., Шамшиденова Ф.М., Маликов Б.У. О религиозной ситуации в Казахстане накануне Великой Отечественной Войны..... 139
Junusbaeva A.M., Shamshidenova F.M., Malikov B.U. Religious situation in Kazakhstan on the eve of the Great Patriotic War

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

- Койгелдиев М.К., Мырзатаева З.Б.** 1916 ж. Торғай көтерілісі. Әбдіғарпар Жанбосынұлының хандық билік институтын жаңғырту әрекеті (тарихнамалық талдау)..... 151
Koigeldyev M.K., Myrzataeva Z.B. The turgai uprising of 1916 was an attempt by Abdygapar Zhanbosynuly to revive the institution of khan power (historiographical analysis)
Кенжебаев Д.А. Историографическое исследование становления и развития города Кентау..... 166
Kenzhebayev D.A. Historiographic study of the formation and development of the city of Kentau
Жонкешов Б.С., Сарсенбаев А.Б. Тарих терминологиясындағы заман, дәуір, саты, кезең хронологиялық терминдерінің орны..... 176
Zhonkeshov B.S., Sarsenbayev A. B. The place of the chronological terms, zaman, dauir, saty, kezen in the Kazakh historical terminology
Кенжебаев Г.К. Issues of formation of a new type of kazakh school in the press (the 20s of the twentieth century)..... 188
Кенжебаев Ғ.Қ. Жаңа тұрпаттағы мектептерді қалыптастырудағы қазақ зиялыларының қызметі баспасөз беттерінде (XX ғ. 20 жылдары)

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ METHODS OF TEACHING HISTORY

- Асымова Д.Б., Қырғызхан Г.А., Нұрыллаұлы Ш.** Қазақстандағы орта мектеп оқушыларында отбасы тарихын визуалды деректер негізінде оқытудың перспективалары..... 202
Assymova D.B., Kyrgyzkhan G.A., Nuryllauly Sh. Prospects for teaching family history based on visual sources for secondary school students of Kazakhstan
Байшуакова А.Д., Атемова К.Т., Сугирбаева Г.Д. Жоғары мектепте тарихты оқыту процесіне XVII-XIX ғасырлардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын енгізудің тиімділігі... 214
Baishuakova A.D., Atemova K.T., Sugirbayeva G.D. The efficiency of incorporating the epistolary legacy of the kazakh ruling elite from the 17th to the 19th centuries into the process of teaching the history in higher education

Abay Kazakh National Pedagogical
University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political
sciences»
№2(81), 2024

Periodic – 4 issues/year
Published since 2000

Editor-in-chief:
doctor of historical sciences
G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:
Koigeldiyev M.K. *doctor of historical sciences, professor*
(editorial-in-chief's assistant),
Ospanova R.R. *candidate of historical sciences, associate professor,*
(responsible secretar),
Berikbolova A.Zh. *master teacher*
(technical secretary)
Abzhanov Kh.M. *doctor of historical sciences, professor,*
Zhumagulov B.S. *candidate of historical sciences, professor,*
Virginia Martin. *professor, PhD (USA),*
Claudia Chang *professor, PhD (USA),*
Kara Abdiyakap *doctor of historical sciences, professor (Turkey),*
Osmonov O.D. *doctor of historical sciences, professor (Kirgistan),*
Kozmenko B.M. *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*
Zhumagulov K.T. *doctor of historical sciences, professor,*
Mayer M. *doctor of historical sciences, professor (Germany),*
Sokolov A.B. *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*
Tomokhiko Uyama *doctor of historical sciences (Japan),*
Khodjaogly T. *doctor of historical sciences, professor (Turkey)*
Karasayev G.M. *doctor of historical sciences, professor*
Karimov K.S. *PhD associate Professor, (Republic of Uzbekistan)*

Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2024

Registered in the Ministry of culture and
information of the Republic of Kazakhstan,
May, 8, 2009 №10102-Zh

Signed for print 07.06.2024
Format 60x84 1/8. Volume 42,75 уч.-издл.
order 2.

050010, Almaty
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house
Abai Kazakh National Pedagogical
University

Чекетаева Р.С., Тарлаубай М.Ш., Калимолдина Ж.А. Тарих пәнін оқытуда құндылықтарға негізделген білім беру мәселесі..... 225
Cheketaeva R.S., Tarlaubay M.Sh., Kalimoldina Zh.A. Value-based history teaching the problem of education
Исабек Б.Қ., Амалбекова Б.А., Жолымбетова О. Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық қызметі мен педагогикалық құндылықтары..... 232
Isabek B.K., Amalbekova B.A., Zholymbetova O. Military service and pedagogical values of Bauyrzhan Momyshuly

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

Мухамадеева И.А., Мухамадеева Р.М., Жуматай С. Мемориальный комплекс «Косбатыр – Кумай» - уникальный комплекс древних и средневековых памятников..... 243
Mukhamadeyeva A., Mukhamadeyeva R.M., S.Zhumatay The memorial complex "Kosbatyr – Kumai" is a unique complex of ancient and medieval monuments
Еңсенов Қ.А., Пусырманов Н.С., Сураганова З.К. Қазақ қоғамындағы билер институты (XVIII-XIX ғғ.)..... 255
Yensenov K., Pussyrmanov N., Suraganova Z. Institute of biys in kazakh society (XVIII-XIX centuries)
Гурсой М., Сиздиков Б., Ержигитова А. Мыңтөбе қорымындағы жерлеу дәстүрінің реконструкциясы..... 265
Gursoy M., Sizdikov B., Erzhigitova A. Reconstruction of the funeral tradition in the Myntobe necropolis ground

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY

Көкебаева Г.К. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы – Еуропадағы түркі эмиграциясы тарихының дерегі..... 279
Kokebayeva G.K. Mustafa Shokay's epistolary heritage as a source for studying the history of turkic emigration in Europe
Салқынбек Д.И., Ермұханов Е.Н. Ыбырай Ақбайұлының қоғамдық-саяси қызметі..... 287
Salkynbek D.I., Ermukhanov E.N. Social and political activities of Ibray Akbayuly
Assanova G.K., Ualtayeva A.S., Berkinbayev O.U. Scientific heritage of A.I. Levshin as a valuable source on the history of kazakh state..... 295
Асанова Г.К., Уалтаева А.С., Беркінбаев О.У. А.И.Левшиннің ғылыми мұрасы қазақ мемлекеттілігінің тарихының құнды дерек көзі ретінде
Хекимоглу В.С.Ф. (Түркия Республикасы) Түркия тарихындағы ұлы қоғам қайраткері, философ және идеолог зия Гөкалп..... 305
Gekimoglu V.S.F. (Turkey) Zia Gokalp, a great public figure, philosopher and ideologue in the history of Turkey
Ossipova Zh., Bukanova R. (Russian Federation, Ufa) **Bekseitova A.** The leader of the movement of kazakhs of the steppe region in the struggle for land in the late XIX and early XX centuries – Mambetali Serdalyuly (historiographical aspect)..... 312
Осипова Ж.К., Буканова Р.Г. (Ресей Федерациясы, Уфа қ.), **Бексеитова А.Т.** XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы дала өлкесі қазақтарының жер үшін күрес қозғалысының көшбасшысы - Мәмбетәлі Сердалыұлы (тарихнамалық аспектісі)

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

Стамшалов Е.И. Босқындарды Шыңжаңнан қайтару және орналастыру: себептері мен нәтижелері (1920-1923 жж.).....	322
Stamshalov Y.I. Return and settlement of refugees from Xinjiang: reasons and results (1920-1923)	
Сарыбаев М.С. Қазіргі геосаяси жағдайдың Орталық Азия елдеріне әсері.....	336
Sarybaev M.S. The impact of the current geopolitical situation on the countries of Central Asia	
Сенгирбаева З.Ж., Найманбаев Б.Р. XX ғ. 30-50 жж. Оңтүстік Қазақстанға жер аударылған гректер.....	348
Sengirbayeva Z.G., Naimanbayev B.R. Greeks deported to south Kazakhstan 30-50 XX century	

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді (2021 жылғы 9 қыркүйектегі №739 бұйрығы).

Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки» внесен в список для публикации основных результатов научных деятельности по историческим наукам изданий рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (приказ № 739 от 9 сентября 2021 года).

The bulletin Abai KazNPU, the series "Historical and socio-political Sciences" is included in the list for the publication of the main results of scientific activities in historical sciences of publications recommended by the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Order No. 739 dated September 9, 2021).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ӘӨЖ 94 (574.3)
ҒТАХР 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.001>

З.Г. Сактаганова*¹, Т.Қ. Сақабай²

¹тарих ғылымдарының докторы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан, Қарағанды, e-mail: zauresh63@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

² докторант, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан, Қарағанды, e-mail: tolkinist78@mail.ru

**1930-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫН
ЖОЮ АМАЛДАРЫ РЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ КӨМЕК КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ**

Аңдатпа

Авторлар Орталық Қазақстан аумағындағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезеңіндегі мемлекеттік көмек көрсету шараларын қарастырады. Мақаланың мақсаты Орталық Қазақстан өңірінде аштықтың зардаптарын жою амалдары ретінде қабылданған шараларды, аштыққа ұшыраған халыққа азық-түлікпен көмек көрсету мәселелерін аймақтық аспектіде қарастыру болып табылады. Авторлар архивтық құжаттар мен ғылыми айналымға енгізілген құжаттар жинақтары негізінде аштықтың зардаптарын жою амалдары ретінде мемлекет тарапынан көрсетілген көмек біріншіден, азық-түлік, өнеркәсіптік тауарлар, қарыздар беру; екіншіден, мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін отырықшы аудандарда мал ұстауға рұқсат беру; үшіншіден, астық тапсыру жоспарын төмендету, одан босату, бірыңғай ауылшаруашылығы салығын төмендету немесе одан босату арқылы жеңілдіктер жасау арқылы көрсетілгенін анықтайды. Сонымен қатар аштықтың зардаптарын жоюдағы билік органдарының іс-әрекетін, шешімдерін анықтайды. Авторлар Нұра аудандық архивынан кеңес билігі тарапынан бидай, тары және т.б. түрінде азық-түлік көмегін алған колхоздардың тізімін анықтап, осылардың негізінде біріншіден, көмек кеш көрсетіліп, көмек шаралары қабылданған кезде қазақ ауылдарында аштық шырқау шегіне жетіп, шаруашылықтар күйреп, халық аштан өліп, аман қалғандары босып кеткені, екіншіден, көрсетілген азық-түлік көмегінің мөлшері жеткіліксіз болғаны, үшіншіден, көмек мөлшері әр шаруашылықтарда әртүрлі болып, кейде көрсетілген көмек кешігіп немесе мақсатқа лайық жұмсалмағаны, төртіншіден, қазақ ауылдарында орын алған жағдайды түзету мүмкін болмағаны туралы қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: Орталық Қазақстан, ашаршылық, азық-түлік көмегі, мұқтаж колхоздар, көмек мөлшері.

Сактаганова З.Г. *¹, Сақабай Т.Қ.²

¹ доктор исторических наук, Карагандинский университет имени академик Е.А. Букетова,
Казахстан, Караганды, e-mail: zauresh63@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

² докторант, Карагандинский университет имени академик Е.А. Букетова,
Казахстан, Караганды, e-mail: tolkinist78@mail.ru

**МЕРЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОМОЩИ В ПЕРИОД ГОЛОДА В 1930-е ГОДЫ
В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ**

Аннотация

В статье авторы рассматривают меры по оказанию государственной помощи в период голода 1930-х годов на территории Центрального Казахстана. Авторам, на основе архивных документов и материалов сборников удалось выявить, что государство проработало несколько способов помощи для голодающих с

целью ликвидации последствий голода. Во-первых, это выдача продуктов питания, промышленных товаров и займов голодающим районам. Во-вторых – выдача разрешений на содержание скота в оседлых районах для восстановления животноводства, и в-третьих – снижение плана сдачи зерна, или освобождения от него, а также снижения или освобождения от единого сельскохозяйственного налога. Авторами на примере Нуринаского района анализируется реализация основных решений органов государственной власти по ликвидации последствий голода. Авторы из Нуринаского районного архива сообщили, что советскими властями были переданы пшеница, просо и другие продукты, определив перечень колхозов, получивших продовольственную помощь. На основании этого можно сделать следующие выводы. Во-первых, помощь была оказана поздно, и в казахских селах, где были приняты меры помощи, уже наступил порог голода: фермы рухнули, население голодало, а выжившие эмигрировали. Во-вторых, размер оказанной продовольственной помощи был недостаточным. В-третьих, размер помощи варьировался в каждом хозяйстве, и иногда возникает мнение, что оказанная помощь была затрачена не по назначению или несвоевременно. В-четвертых, исправить сложившуюся ситуацию в казахских селах было невозможно.

Авторы статьи приходят к выводу, что несмотря на то, что государство передало голодающим пшеницу, просо и другую продовольственную поддержку, оказанная помощь оказалась не недостаточной и запоздавшей.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, голод, продовольственная помощь, нуждающиеся колхозы, объем помощи.

*Z.G. Saktaganova*¹, T.K. Sakabay²*

*¹doctor of historical sciences, Karaganda University named after academician E.A. Buketov, Kazakhstan, Karaganda. e-mail:zauresh63@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>*

²PhD student, Karaganda University named after academician E.A. Buketov, Kazakhstan, Karaganda. e-mail:tolkinist78@mail.ru

MEASURES OF STATE SUPPORT DURING THE FAMINE OF THE 1930S IN CENTRAL KAZAKHSTAN

Abstract

In the article, the authors consider measures to provide state aid during the famine of the 1930s in the territory of Central Kazakhstan. The purpose of the article is to consider in the regional aspect the main measures taken in Central Kazakhstan as the main measures to eliminate the consequences of hunger and to provide food assistance to the starving population. Based on archival documents and collections of materials, the authors managed to identify that the state has worked out several ways to help the hungry in order to eliminate the consequences of hunger. First, it is the provision of food, industrial goods and loans to starving areas. Secondly, the issuance of permits for the maintenance of livestock in settled areas to restore livestock production, and thirdly, a reduction in the grain delivery plan, or exemption from it, as well as a reduction or exemption from the unified agricultural tax. Using the example of the Nurinsky district, the authors analyze the implementation of the main decisions of state authorities to eliminate the consequences of famine. The authors of the article conclude that despite the fact that the state handed over wheat, millet and other food support to the hungry, the assistance provided was not insufficient and was delayed. The authors, having studied materials of the archival fund of the Nurinsky district, identified a list of collective farms that received food aid in the form of grain, wheat and other crops, and came to the following conclusion. Firstly, the food aid provided by the state turned out to be late, since at the time of its arrival, famine reached its peak, farms fell into decline, the population died out, and the survivors were forced to migrate; secondly, the amount of aid provided by the state was insufficient to solve the food problem; thirdly, food aid was distributed not only without taking into account the size of farms, but also not for their intended purpose; fourthly, the state authorities failed to correct the current situation in the Kazakh villages.

Keywords: Central Kazakhstan, famine, food aid, collective farms in need, the volume of aid.

Кіріспе. 1920-шы жылдардың соңындағы Қазақстанда ауылшаруашылығын социалистік негізде күштеп жүргізілген қайта құру, жаңғырту шаралары қазақ халқы үшін орны толмас апатқа алып келгені белгілі. Қазақ тарихының осы қайғылы беттері туралы 1980-шы жылдардың аяғынан бастап қазіргі уақытқа дейін Отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан бірқатар еңбектер жарияланып, архивтық құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Зерттеулердің көпшілігінде ашаршылық себептері, зардаптары, жүргізілген

саяси науқандар және т.б. мәселелер қарастырылған. Соның ішінде аштықтың зардаптарын жою амалдары ретінде мемлекет тарапынан көрсетілген көмек түрлері жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырыла қойған жоқ. Тек, кейбір зерттеушілердің атап айтатын болсақ, отандық ғалым Т.Омарбеков-тың [1], неміс ғалымы Р. Киндлердің [2], итальян ғалымы Н. Пьянчола [3] зерттеулерінде ашаршылық тарихы шеңберінде ішінара түрде қарастырылды. Сонымен қатар 1990 жылдардың аяғы мен кейінгі жылдарда жарияланып жатқан ресейлік «Трагедия советской деревни» [4] және қазақстандық «Насильственная коллективизация» [5], «Ашаршылық. Голод. 1928-1934» [6] т.б. архивтік құжаттар мен материалдар жинақтарында, өңірлік архив мекемелері қорларында кеңестік билік органдарының көмек көрсету шаралары бойынша құжаттары кездеседі. Осы құжаттар негізінде ашаршылық кезеңіндегі халыққа көрсетілген мемлекеттік көмек шаралары, оның түрлері мен аштықтың зардаптарын жоюдағы билік органдарының іс-әрекетіне, шешімдеріне баға бере аламыз.

Тәркілеу, ұжымдастыру, астық, ет дайындау және т.б саяси-шаруашылық науқандардың нәтижесінде аштыққа ұшырап, босып кеткен халық туралы билік өкілдері хабардар болды ма, аштықтың зардаптарын жою үшін билік тарапынан қандай да бір амалдар жасалды ма? – деген сұрақтар туындайды. Мақаланы жазудағы мақсатымыз осы сұрақтарға жауап іздеу болып табылады. Оның ішінде Орталық Қазақстан өңірінде аштықтың зардаптарын жою амалдары ретінде қабылданған шараларды, аштыққа ұшыраған халыққа азық-түлікпен көмек көрсету мәселелерін аймақтық аспектіде қарастыру болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың деректік негізін ҚР Орталық мемлекеттік архивы, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивы, Қарағанды облыстық мемлекеттік архивы, Нұра аудандық мемлекеттік архив қорларында сақталған құжаттар құрады. Соның ішінде Қарағанды облысы Нұра аудандық архивінің «Нұра аудандық жұмысшы, шаруа және қызыл әскер Кеңесі мен оның атқару органының» 422 қорындағы 1 тізімдемедегі №3 істің «1931-1933 жылдардағы партия және кеңестік органдардың қаулылары, хаттамалары, жетекші нұсқаулар», №11 істің «1932-1933 жылдардағы аса мұқтаж шаруалар мен босып кетушілерге және балалар панасыздығымен күресу туралы» материалдарында сақталған құжаттар аса мұқтаж шаруаларға көмек көрсету жөніндегі материалдары аудан бойынша аштыққа ұшыраған колхоздарға көрсетілген көмек (шараларын) мөлшерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл құжаттарда облыстық, аудандық атқару комитеттерінің мәлімдеме жазбалары, түсіндірме жазбалары, жеделхаттары, сонымен қатар аудандық жабдықтау бөлімінің Нұра ауданы ауылдық кеңестері бойынша мұқтаж шаруашылықтардың тізімдері, азық-түлік көмегін бөлу ведомості, көмекті тарату тізімі, аса мұқтаж шаруашылықтардың көмекті алу тізімі, колхоздар бойынша таратылған азық-түлік көмегінің есептік ведомостері берілген. Сонымен қатар бұл құжаттарда тек қана Нұра ауданы колхоздарына көрсетілген көмек қана емес, Жаңаарқа ауданынан аштықтан босып келгендер мен панасыз қалған балаларға бөлінген көмек туралы мәліметтерді де кездестіруге болады. Осы архивтік істерде жиналған құжаттардан көрсетілген көмек көлемін, мерзімін және барысынан басқа, осы саладағы жергілікті билік органдарының іс-әрекетін көрсететін мәліметтерді анықтауға болады.

Сонымен қатар мақаланы дайындауда әр жылдары ғылыми айналымға енгізілген архивтік құжаттар жинақтары пайдаланылды. Атап айтатын болсақ, «Трагедия советской деревни», «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг.», көп томдық «Ашаршылық. Голод. 1928-1934», «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы», «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары ХХ ғасырдың 20-50 жылдары. Т. 13 Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим компаниям» т.б. жинақтарында берілген құжаттар Орталық Қазақстан өңірі ғана емес, сонымен қатар жалпы Қазақстан бойынша азық-түлік тапшылығының туындауы, мемлекеттік көмек көрсету шаралары, көрсетілген көмектің түрлері туралы ақпараттарды салыстырып қарастыруға мүмкіндік берді.

Мақаланы жазуда анализ, синтез, аналогия, жүйелеу, салыстыру, сипаттау және т.б жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Ретроспективті әдіс оқиғаларды дәйекті қайта құру арқылы белгілі бір процестерді ертерек хронологиялық тұрғыдан зерттеуге және оларды қайта құруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдістің көмегімен тарихи салыстырулар жүргізілді, хронологиялық контексте де әр жылдары да, жалпы Қазақстан бойынша, Орталық Қазақстан бойынша және зерттелетін өңірдің аудандары бойынша аумақтық тұрғыда да бидай, тары түрінде берілген көмектің жалпы және жеке, сандық және сапалық өзгерістер анықталды. Мақалада қолданылатын маңызды әдістердің бірі-нақты тарихи (идеографиялық), оған сәйкес белгілі бір сюжет, проблемалар егжей-тегжейлі және терең зерттеледі, оның ерекшелігі анықталады. Мақалада қолданылған жүйеге жақын тарихи-типологиялық әдіс жүйелеуге ықпал етті. Осы және басқа да бірқатар әдістер ашаршылық кезіндегі аштықпен күрестің барысын, көлемін анықтауға

мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Жоғарыда айтқанымыздай 1920-шы жылдардың аяғынан бастап Қазақстанда жүргізілген науқандардың нәтижесі қазақ ауылдарындағы азық-түлік тапшылығына алып келді. Қазақстанның түрлі өңірлерінен азық-түлік тапшылығы, халықтың аштыққа ұшырауы туралы фактілер билік органдарының мәлімдеме жазбаларында, жеделхаттарында беріліп жатты. Оған дәлел ретінде Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекиннің КСРО Сыртқы және ішкі сауда Халкомы А.И. Микоянға 1930 жылы сәуірде жазған хатында: «Қазақстан бойынша астық жоқтығынан ауыр жағдайдың күшейіп келе жатқаны және сауда халкомы мен Союзхлеб басқармасының оны әкелуден үнемі бас тартуы мені сізге бұрын жіберілген жеделхаттардан басқа, біздің жағдайымыздың қиындығын толығырақ сипаттауға мәжбүр етеді» - деп қазақ ауылдарында астықтың жоқтығы туралы баяндай келе, «Қазақстанның негізгі округтеріндегі егіннің шықпауына қарамастан, Сіз берген жоғары дайындау жоспарын орындау мақсатында өткен науқан кезінде көптеген жерлерде азық-түлік пен тұқым үшін қажетті ресурстарды қалдырмай, халықтан олардың барлық астық өнімін алып тастауға мәжбүр болдық. Тұқым қоры бойынша да жоспарды орындау халықтың азық-түлік қорын одан әрі сарқып жіберді де, осының барлығы ауыл тұрғындарының арасында азық-түлік тапшылығына алып келді» – деп оның себебін көрсетеді [7, 342-343]. Астық тапшылығының салдарынан округтарда болып жатқан жағдайды: «Орал округы бойынша: 1) Тепловской, Зауральный, Шапошников аудандарында сарышұнақ, басқа да өлексе қалдықтарды тағамға пайдалану нәтижесінде колхозшылардың арасында оба ауру орын алуда. 2) Мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда нан жоқтығы салдарынан малды сойып жеу жалғасып жатыр. 3) Орал қаласының асханаларында түскі ас екі апта бойы ет болмаған кезде нансыз беріліп жатыр. 4) Бірқатар қызметкерлердің ауылдарды аралауы нәтижесінде аштықтың негізінде халық арасында өлім-жітім, ісіп-кебу мен ауру фактілері анықталды» – деп сипаттайды [5, 343]. Бұдан кейін хатында Ақтөбе, Семей, Қостанай, Павлодар, Ақмола округтерінде де осыған ұқсас жағдай болып жатқаны туралы хабарлар бар екенін көрсете келе: «Ақмола, Қостанай, Орал, Ақтөбе және Павлодар сияқты округтерде астық қоры мүлдем жоқ, бұл совхоз құрылысын, совхоздардың егіс науқанын және «Ақмола-Қарағанды» темір жолының құрылысын толық сәтсіздікке ұшыратады. Әрине, аталған топтарға астықтың уақтылы жеткізілмеуі біз жүргізіп жатқан барлық екпінді шараларына әсер етіп, біздің барлық жоспарлы жұмысымызға кедергі болады» – дей келе азық-түлік тапшылығының салдарын атап өтеді. Сонымен қатар Ф.И. Голощекин тек жағдайды баяндап қана қоймай, «Союзхлеб – жергілікті жабдықтау бойынша толық 9335 мың пұт нақты астықпен қамтамасыз етудің бекітілген жоспарындағы бізге жетіспейтін 1500 мың пұт астықты әкеліп, қол сұғылмайтын қордың қалдығын 405 мың пұтқа брондау қажет. Сонымен қатар, егін егуді толық қамтамасыз ету және тұқым қорын ұрлаудан сақтау және мал шаруашылығы аудандарында мал союды тоқтату үшін аштыққа ұшыраған кедей халыққа тағы 400 мың пұт азық-түлік, астық әкелу қажет» – екендігін көрсетеді [7, 344]. Бұнда өлке басшылығы қазақ ауылдарында болып жатқан жағдайды біліп, оған яғни, азық-түлік тапшылығына, өткізіліп жатқан науқандардың себеп болғандығын көрсетіп отыр. Бірақ, басшылықты халықтың жағдайы емес саяси науқанның маңыздылығы алаңдат-қандығын көруге болады.

Бұл туралы неміс ғалымы Р. Киндлер өзінің «Сталинские кочевники: Власть и голод в Казахстане» атты еңбегінде: «олар ең алдымен адамдарды құтқару туралы емес, экономикалық құндылықтарды, тәртіпті сақтау туралы ойлады. Сондықтан халықтың белгілі бір топтары жабдықтау жүйесіне қосылмады, ал басқалары, керісінше, артықшылықтарға ие болды. Сонымен қатар, халықтың аштықтан босып кетуін босқындар ағынын (жақсырақ) басқару мақсаты қойылды» – деп жазады [1, 268].

Қазақстандағы болып жатқан жағдай жөнінде баяндап көмек сұраған хаттар тек өлке басшылығы тарапынан ғана емес, сонымен қатар шаруашылықтардан да жолданғаны туралы мәліметтерді кездестірдік. Мысалы, 1930 жылдың 29 маусымында Семей округы Өскемен ауданындағы Сталин атындағы артельден көмек сұрау туралы Сталиннің атына жеделхат жіберіледі. Онда да артельдегі 89 шаруашылықтың ауыр жағдайда екендігін, билік органдарының астық бола тұра олардың 400 пұт түрінде астық сұраған өтінішін қабыл алмағаны туралы жазады [8, 155]. Сонымен қатар КСРО-ның әртүрлі аймақтарындағы аштықты сипаттайтын хаттар орталық газеттердің редакцияларына да түсіп отырған. Соның ішінде 1932 жылдың жазы айының басында Қосұнбек есімді қазақ: «Неліктен бізде мұндай аштық болып жатқанын түсіндіруді сұраймын? Адамдар бір-бірін өлтіріп, адам етімен сауда жасай бастады. Қоныс аударып келген қырғыздар, қазақтар коқыс шұңқырларынан қалдықтар жинап жүр. Өнеркәсіп жыл санап өсіп келеді, бірақ мыңдаған адамның өмірін сағаттап жалмап жатыр. Егер сіз шаруаларға жерді өңдеуге еркіндік бермесеніз, онда аштық тоқтамайды. Жалғыз шаруа жерді өңдей алмайды, өйткені ештеңе жоқ, оның малын колхоздарға алып кетті. Колхозшылардың өздері колхоз шаруашылығына қызығушылық

танымтпайды. Сондықтан назар аударуды сұраймын» – деп жазады [4, 408-409]

Осы жылдың шілде айының басында Қазақ АКСР бойынша ОГПУ-дың уәкілетті өкілі Альшанскийдің ақпараттық хатында Семей, Ақтөбе, Павлодар, Петропавл, Орал, Қостанай, Ақмола, Алматы облыстарының бірқатар аудандарында азық-түлік тапшылығының шиеленісіп тұрғанына назар аударады. Сонымен қатар тапшылық жаңа аудандарға тарап, кей жерлерде жаппай аштық сипат алғанын, бірқатар аудандарда саяси-экономикалық жағынан сәтсіздіктерге себеп болып отырғанын атап өтеді. Сонымен қатар азық-түлік тапшылығы негізінде Ақмола, Қарқаралы, Павлодар және Орал округтарын қамтып, халық Қазақстанның өз ішінде және одан тыс жерлерге көшіп кетіп жатқандығын баяндайды [8, 156].

Осыған ұқсас мәліметтер ОГПУ ИНФО бастығының орынбасары Герасимовтың 1930 жылдың 16 шілдесіндегі арнайы ақпаратында да беріледі. Онда да азық-түлік жетіспеушілігі күннен күнге жаңа аудандарға тарап бара жатқандығын айта келе, Семей, Ақтөбе және Павлодар округтарында осы жылдың 20 маусымында аштыққа ұшырағандар мен азық-түлікке мұқтаж адамдардың саны 109809 адам тіркелгенін, республиканың басқа округтарындағы 24 аудан да азық-түлікке мұқтаж деп көрсетеді. Негізінен кедей-орта шаруа шаруашылықтары мен бірқатар аудандардың колхоздары азық-түлік тапшылығына ұшырап, нәтижесінде тамаққа қалдықтарды, мысық, сарышұнақ өлекселерін жеп, ауру, ісіну, аштықтан өлу фактілерінің бар екендігін мәлімдейді [7, 514]. «Егін егу кезеңінде уланған тұқым материалдарын жеу жағдайлары байқалып, нәтижесінде улану жағдайлары орын алды. Азық-түлік қиындықтарын жеңілдету үшін жергілікті жерлерде қабылданатын іс-шаралардың жеткіліксіздігі аштыққа ұшырағандардың көпшілігінің мемлекеттік астық қорын ұрлауына әкеледі. 1930 ж. қаңтар-маусым айлары аралығында астық қорын талан-таражға салу бойынша 88 жағдай тіркелді. Азық-түлік қиындықтарының күшеюі негізінде жаппай қоныс аудару күшейе түсуде. Соңғы уақытта Ақмола және Павлодар округтерінен мал мен мүлікпен қоныс аударушылардың (500-ге жуық) Қарқаралы округінің аумағы арқылы өтіп жатқаны байқалды. Бірқатар аудандарда сырттан астық әкелу мәселесі қойылады. Мысалы, округі ең көп зардап шеккен округтердің бірі ретінде Семейге сырттан 50 000 пұт азық-түлік әкелуді қажет етеді» – деп мәлімдеме береді [7, 515]. Бұл хабарлама Г. Ягода, В. Молотов, Л. Каганович, А. Микоян, Я. Яковлев және т.б. басшылық өкілдеріне жіберілген.

ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің 1932 жылдың сәуір айында берген «1931 жылдың қаңтары мен 1932 жылдың наурызы аралығындағы ұжымдастыру барысы мен шаруалардың жаппай наразылықтары туралы» арнайы анықтамасында өткен жылдың (1931 ж.) желтоқсан айының аяғы мен ағымдағы жылдың қаңтар айының басынан Одақтың жекелеген аудандарында азық-түлік қиындықтары, халықтың босып кетуі, колхоздан кету, малдың өлім-жітімі және т.б туралы мәселелерге тоқтала отырып, Қазақстандағы жағдайды былай деп: «1931 жылдың қазан айынан бастап, әсіресе егін шықпаған солтүстік аудандарда азық-түлік қиындықтары пайда бола бастады және ол соңғы айларда өткір сипатқа ие болып, басқа аудандарға да таралды. Егер 1931 жылдың қараша-желтоқсан айларында азық-түлік жетіспеушілігі 7-10 ауданда байқалса, қаңтар мен ақпанның бірінші жартысында азық-түлік қиындықтары 20 ауданды қамтыды, ал 192 жылдың 28 ақпанында олардың саны 33 ауданға жетті, оның ішінде 10 ауданда жағдай өте қиын. Мәліметтер бойынша, 32 ауданда 232 пункт аштыққа ұшыраған, 1931 жылдың желтоқсанынан 1932 жылдың 10 наурызына дейінгі аралықта барлық пункттарда 1219 аштан өлу және 4304-ке дейін аштықтан ісіну жағдайлары тіркелді. Өлгендер мен аштыққа ұшырағандардың көбі – колхозшылар болып табылады» – баяндайды [4, 335]. Сонымен қатар бұл анықтамада азық-түлік тапшылығынан басқа мал шаруашылығының, колхоздардың жағдайы, халықтың босып кетуі, жаппай наразылықтар, егіс науқанына дайындық, байлардың контрреволюциялық әрекеттері туралы мәліметтер береді

Бұдан кейін ОГПУ-дың саяси-құпия бөлімі 1932 жылдың шілде айында яғни үш айдан кейін тағы да «Белоруссия, Қазақстан, Украина және КСРО-ның жекелеген аудандарындағы антиколхоздық қозғалыстар мен аштық туралы» арнайы анықтама береді. Онда Қазақстандағы аштықпен байланысты болып жатқан күрделі жағдайларды келесідей атап өтеді: «Қазақстан Одақтың қолайсыз аудандарының қатарына жатады. Мұның басты себебі – азық-түлік жетіспеушіліктің нәтижесінде бірқатар аудандарды аштық жайлаған. 1932 жылдың 1 шілдедегі азық-түлік жетіспеушілігі 74 ауданды қамтыған. Бұл аудандарда аштықтан өлгендер саны - 8276, аштықтан ісінгендер саны - 12969 тіркелген. Аштыққа ұшырағандар арасында өлексе, тіпті, адам етін жеу жағдайлары тіркелген» [4,426]. Анықтамадан ақпарат-ты қамтыған үш ай ішінде мұқтаж аудандардың саны 7 есе, өлгендер саны 7 есе, аштықтан ісінгендер саны 3 есе өскенін байқаймыз. Бұл тек тіркелгендер, шын мәнінде мұқтаждар мен өлгендер саны бұдан да көп болуы мүмкін. Сонымен көріп отырғанымыздай ОГПУ органдарының құпия ақпараттарында азық-түлік тапшылығы, халықтың аштыққа ұшырағаны туралы мәліметтер 1930-шы жылдың басынан бастап беріле бастады. Азық-түлік тапшылығы: а) ісіп-кебу, ауру және өлім фактілерінен; ә) тамаққа өлексе, сарышұнақ, мысық т.б жеу фактілерінен; б) тұқым мен уланған тұқым материалдарын жеп улану фактілерінен; в) ашыққан

халықтың босып көшіп кету фактілерінен көрініс тапты.

Біз қарастырып отырған Орталық Қазақстан аумағындағы азық-түлік тапшылығы туралы мәліметтерді БКП (б) Қарағанды Обкомының жауапты хатшысы И.М.Беккердің Ф.И.Голощекинге жазған ақпараттық хатынан көруге болады. Онда: «Бұрын, яғни 1931 жылы, астық дайындау ісіндегі дұрыс саясат пен тәжірибемен қатар, бірқатар аудандарда партия саясатының өрескел бұрмалануына жол беріліп, бұл бізге көктемгі егіс пен азық-түлік жағдайын едәуір қиындатты. Мал дайындауда, малды ортақ-тастыруда, ұжымдастыруда ерекше үлкен асыра сілтеуге жол берілді. Барлығы, тіпті құс та, қоян да ортақтастырылды...» - мәлімет бере отырып, осы шектен шығудың нәтижесінде «Қарағандыда күнін көре алмай аштықтан босып келген бірнеше жүз қазақ отбасы жиналды, олардың көпшілігі әйелдер, балалар, сырқат ер адамдар болғандықтан бірқатар шаралар қабылдауға тура келді. Оларды тамақтандыру үшін өлке 10000 пұт қара бидай бөліп, ата-анасы тастап кеткен балаларды орналастыруға балалар үйін ұйымдастырды. Оларға азық-түлік көмегін көрсеткеннен кейін бір бөлігі жұмысқа орналастырылады» – деп өлкедегі жағдайды сипаттай отырып, колхоздарда аштық пен антикеңестік көңіл-күй орын алып, соның нәтижесінде малды жыртықшытықпен сойып жеу негізінде өлкедегі колхоздарда мал санының қысқаруы туралы былай баяндайды: «Нұра ауданы, партияның аудандық комитеті 1929 жылы ауданда 120823 мал басы болды деп санайды, ал, 1/II-31 ж. (санақ бойынша) тек 3877 бас қалған. Соңғы санақ негізінде облыс бойынша жалпы мал басының азаюы келесі сандармен анықталады: егер 1930 жылы 1718232 бас ірі қара мал болса, 1/II-1932 жылы, санақ кезінде 918032 қалған» – деп көрсетеді. Сонымен қатар осы орын алған жағдайларды түзетудің жолдарын былай деп көрсетеді: «Облыста алғашқы қадамдарда негізінен жол берілген асыра сілтеушіліктерді түзетуден, халықтың көшіп кету процесін тоқтата тұрудан, малды жыртықшытықпен союға қарсы күресті өрістетуден, жұмысқа қажетті жегін малын құтқарудан, егіс науқанына дайындалудан және мұқтаж аудандарға көмек көрсетуден бастау керек болды... Біз колхоздар мен бригадаларда қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруға қол жеткіздік, сондай-ақ алынған тұқым несиесі мен азық-түлік көмегі көңіл-күйді жақсы жаққа өзгертті. Облыс барлығы 472700 центнер тұқым қарызын және 488000 пұт қара бидай мен 100 000 пұт тары түрінде азық-түлік көмегін алды, бұл 80%-дан астам егіс алқабын және азық-түлік көмегінің жеткілікті үлесін қамтамасыз етеді» – деп баяндайды [9, 192-199].

Осылайша, ет дайындау, малды ортақтастыру науқандарымен қоса егін шықпауына қарамастан астық дайындау жоспарын орындауды талап етудің нәтижесі ауыл халқының азық-түлік қорының сарқылуына алып келді.

1930-шы жылдардың басынан бастап қазақ жерлеріндегі ауыр жағдай туралы мәлімдемелердің толассыз келіп түсуінің нәтижесінде Қазақстанда алапат аштық орын алғанын орталық биліктің 1932 жылдан бастап мойындауына тура келді. Мемлекеттік органдар орын алған жағдайды өзгерту үшін қаулылар, нұсқаулар, өкімдер т.б құжаттар қабылдау арқылы Қазақстандағы аштықпен күресу үшін түрлі шаралар қабылдауға мәжбүр болды. Архив материалдарынан байқағанымыздай ол шаралар бастапқыда мұқтаж шаруашылықтарға азық-түлікпен көмек көрсету (қара бидай, тары беру), оларға түрлі жеңілдіктер жасау, егін егуге тұқым қарызын беру, өнеркәсіптік тауарлар түріндегі көмек көрсету түрінде көрініс тапты. Осы материалдардан азық-түлік тапшылығын жоюға мемлекет қандай түрде көмек көрсеткенін анықтауға тырыстық.

Қолда бар материалдар негізінде мемлекеттік көмектің үш түрін анықтадық. *Біріншіден*, бидай, тары, қара бидай түрінде азық-түлік, тұқым көмектері, өнеркәсіптік тауарлар, қарыздар беру; *екіншіден*, мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін отырықшы аудандарда мал ұстауға рұқсат беру; *үшіншіден*, астық тапсыру жоспарын төмендету, одан босату, бірыңғай ауылшаруашылығы салығын төмендету немесе одан босату арқылы жеңілдіктер жасау қарастырылған.

Біріншіден, азық-түлік, тұқым көмектері мен қарыздары түрінде жәрдемдер туралы мәліметтерді басшылардың жолдаған жеделхаттарынан, билік органдарының хаттамаларынан, қаулыларынан анықтадық. Мысалы, Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекин 1932 жылы 7 наурызында И.Сталинге Қазақстанға қосымша азық-түлік көмегі туралы жеделхатында: «Қосымша 1 млн. қара бидай, 1,5 млн тары азық-түлік көмегін сұраймыз. Бұл ретте толығымен қара бидай әкелуді міндеттеу керек. Осы уақытқа дейін азық-түлік көмегі ретінде берілген қара бидай әлі әкелінген жоқ» – деп көрсетеді [6, 149]. Бұған жауап ретінде И. Сталин: «Қосымша тұқым көмегі ретінде 2 млн. бидай және 1 млн. пұт тары беруді шештік. Қазақстан үшін қандай қосымша азық-түлік көмегі қажет және қандай дақылдар қажет екенін дереу хабарлауды сұраймыз. Бұл жай ғана көмекке жарамды ма?» – деген мәтінде Ф.И. Голощекинге шифрлі жеделхат жолдайды [10, 211-212].

Бұдан кейін БКП(б) ОК саясибюросының 1932 жылдың 16 наурыздағы отырысының «Қазақстанға

азық-түлік көмегі туралы» №92 хаттамасында: Қазақстанға 500 мың пұт қара бидай және миллион пұт тары мөлшерінде қосымша азық-түлік қарыз берілсін. Қазақстанға қосымша азық-түлік несиесін әкелуді аяқтауды НКПС-ке (Жол қатынасы халық комиссариаты) міндеттесін» – деп шешім шығарады [10, 216]. Сонымен қатар КСРО ЕҚК (Еңбек қауіпсіздік кеңесі) жанындағы дайындық комитеті мәжілісі де жаңа егінге дейін Қазақстанның жабдықтау ресурстарын анықтау мәселесі бойынша хаттамасында: 1-хаттамаға қоса берілген ресурстардың есептеулеріне сәйкес басқа өлкелер мен облыстардан Қазақстанға 131 мың тонна мөлшерінде тасымал айқындалсын; Қазақстан ресурстарын толықтыру үшін тұқымдық және азық-түлік несиелерінен 50 мың тонна қара бидай әкелсін» – деп көрсетеді [10,217].

Осылардан кейін ҚазақАКСР ХКК «Азық-түлік көмегі үшін босатылған 1 млн. пұт тары облыстар арасында бөлу туралы» 1932 жылдың 17 наурыздағы Қаулысы шығып, оған сәйкес 1 млн пұт тары келесідей бөлінеді: 1. Батыс Қазақстан облысы. – 150 мың пұт. 2. Ақтөбе обл. – 175 мың пұт. 3. Қарағанды обл. – 200 мың пұт. 4. Шығыс Қазақстан обл. – 200 мың пұт. 5. Алматы обл. – 125 мың пұт. 6. Оңтүстік Қазақстан обл. – 50 мың пұт. Барлығы: 100 мың пұт. [11, 69]. Көріп отырғанымыздай, облыстар бойынша көмектің көп мөлшері Қарағанды облысы мен Шығыс Қазақстан облысына, ең аз мөлшері Оңтүстік Қазақстан облысына берілген. Көмектің бұлай бөлінуі Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында шаруашылықтың басым түрі мал шаруашылығы болғандықтан, ашықтықтан көп зардап шеккен өңірлер ретінде бұл облыстарға көмек мөлшері көбірек берілуі мүмкін.

БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросының 1932 жылдың 2 шілдедегі «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» Қаулысында аштыққа ұшыраған халыққа және босып кеткендерге азық-түлікпен көмек көрсету, аштықтың салдарынан таралып жатқан жұқпалы аурулар, панасыз балалардың жағдайы туралы сегіз пункттан тұратын шешім қабылданады. Қаулыда Өлкелік комитет облыстық комитеттер мен аудандық комитеттерге еңбекшілердің жаппай наразылығын туғызып отырған осы құбылыстарға қарсы күрес қазір бірінші кезектегі саяси міндетке айналып отырғанын және негізгі міндет – бүкіл жұртшылықты жұмылдырып, зардап шеккендерге кез-келген (азық-түлік, материалдық және т.б.) көмек көрсету деп атап өте келе, барлық облыстық және аудандық комитеттерге қолда бар азық-түлік көмегін мақсатқа сай және тездетіп пайдалануға ұсыныс жасалып, орталық жіберген ресурстардың толық пайдаланылуын атап өтіп, бұл азық-түлікпен көмек техникалық іс-шара ретінде өтпеуі керек, пролетарлық мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің маңыздылығына ерекше назар аудара отырып, түсіндіру жұмыс-тарымен қатар жүруі керек екенін, бұл ретте, бірінші кезекте жаңа егінге дейін азық-түлікке мұқтаж адам-дарға көмек пен несие беруден бас тартпай, қайтып көшіп келген адамдардың қажеттіліктерін қанағаттан-дыру керектігін көрсетеді. Қаулы соңында «Өлкелік комитет барлық партиялық ұйымдардан егін жинау және дайындау науқанын сәтті өткізу және партияның Орталық Комитетінің шешімдерін іске асыру үшін азық-түлік қиындықтарының барлық салдарын жоюға шындырап кірісуді талап етеді» – деп атап өтеді [12].

КСРО ЕҚК (Еңбек және қауіпсіздік кеңесі) жанындағы тауар қоры мен сауданы реттеу комитетінің 1932 жылдың 10 шілдедегі «Қазақстанға астық жіберу туралы» №15 Қаулысында құпия түрде: 1. Орта Азияда Парсы бидайынан 6 мың тонна астық қалдырып, СредазЭКОСО (экономикалық кеңес) жақын аудандардан Қазақстанға шұғыл түрде 6 мың тонна астық жөнелтуге міндеттелсін. 2. Резерв комитеті Шығыс Қазақстан облысы үшін Орта Волгадан 2 мың тонна астық жөнелтуге міндеттесін. 3. Наркомснаб Қазақстанның жергілікті жабдықтау жоспарын III тоқсанда 2 мың тоннаға ұлғайтсын» - деп қаулы етеді [10,265].

Екіншіден, жеткізілген ақпараттар мен мәліметтерге сәйкес Мәскеуде Қазақстанда мал шаруашылығы құлдырағанын білді. Бұл әрине, өз кезегінде 1932 жылы мемлекет үшін маңызды ет тапсыру науқанына әсер етті. Мал санының қысқаруы туралы мәліметті 1932 жылдың 6 қазанындағы Т. Рысқұловтың Сталинге жіберген мәлімдеме жазбасынан көруге болады. Онда: «ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесінде республикадағы мал саны 1928 жылмен салыстырғанда 1932 жылдың ақпанында 40 млн-нан 5,4 млн. басқа, яғни, 86,5%-ға қысқарғандығын және мал басының осынша қысқаруы малды қасақана сою мен асыра сілтеушіліктің, соның ішінде ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесі» - деп атап өтеді [13,234]. Осындай күйреген мал шаруашылығын қалпына келтіру мақсатында БКП(б) ОК Саясибюросы 1932 жылдың 17 қыркүйегіндегі «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жөнінде» Қаулы қабылдайды [4,483-484]. Қаулыда отырықшы аудандарда мал ұстауға рұқсат беруді қарастырады. Сонымен қатар қаулыда қазақ халқын отырықшыландыру саясаты дұрыс бағытта жүргізіліп жатқандығын атап өтіп, орын алып отырған жағдайды тұрақтандыру бойынша бірқатар шараларды жоспарлайды. Соның ішінде отырықшы аудандар бойынша: а) колхозшылардың жеке қолдануда 2-3 сиыр, 10-20 бас қой және 10-20 шошқа ұстауға рұқсат ету. Ауыл шаруашылығы аудандары бойынша қазақтарға 100 басқа дейін қой, 8-10 бас ірі қара, 3-5 түйе және 8-10 табын жылқы-сын

шаруашылыққа жеке пайдалануға рұқсат беру қарастырылады. Бұл орталық биліктің Қазақстандағы күйреген мал шаруашылығын қалпына келтіруге деген ұмтылысы болды. Бұл тағы бір рет биліктің туындаған мәселенің тереңдігі туралы жалпы түсінігі бар екенін, бірақ олардың қателіктерін мойында-ғысы келмейтінін көрсетеді.

Үшіншіден, астық дайындау астық тапсыру жоспарын төмендету, одан босату, бірыңғай ауылшаруашылығы салығын төмендету немесе босату бойынша жеңілдіктерді осы жоғарыда көрсеткен қаулыда қарастырады. Ол бойынша қаулының астық дайындау деген үшінші пунктінде былай делінеді: а) Қазақстан бойынша астық дайындау жоспарын 3 млн пұтқа азайту; б) 5 млн пұт көлемінде берілген продсемсуданы қайтаруды келесі жылға дейін кейінге қалдыру; в) белгіленген қайтару жоспарынан азық-түлік көмегі түрінде берілген 1 млн пұт алып тастау; г) Қазақстан бойынша астық дайындау жоспарын (көрсетілген жеңілдіктерді шегергенде) сөзсіз орындау – деп қаулы етеді [4,483-484]. Сонымен қаулыда көшпелі, жартылай көшпелі аудандарға 40 мың тонна азық-түлік, тұқым қарызы бөлінеді. Бұл аудандар екі жылға астық пен ет дайындаудан және барлық салықтардан босатылады.

1932 жылдың 13 сәуірінде КСРО ХКК «Басқа аудандардан Қазақстанға оралып жатқан қазақтар қожалықтарына көмек көрсету туралы» қаулы қабылдап, онда Заготзерно мекемесін ҚазақАКСР-ына бір млн пұт көлемінде азық-түлікті несиеге беруге міндеттеді. КСРО Қаражат халкомы босқындарды шаруашылыққа орналастыруға, балалар үйлерін ұйымдастыруға және басқа шығындарға КСРО ХКК сақтық қорынан 2 млн сом ақша бөліп, бұл қаржыны Қазақ АКСР ХКК қарауына жіберуі тиіс болды. Ал, мемлекеттік банкке босқындардың жұмыс малын ауыл шаруашылығы машиналарын алуы үшін ауыл шаруашылығына ұзақ мерзімге несие беру қоры есебінен 2 млн сом көлемінде жедел қарыз бөлу жүктелді. Бұл қаулыға одақтық ХКК-ның сол кездегі төрағасы В. Молотов (Скрябин) пен оның іс басқарушысы П. Креженцев қол қойған. Одақтық ХКК осы жылдың 4 шлдесінде «Егіннің шықпауына, қожалықтардың ауа көшулеріне және қоныс аударуларына байланысты Қазақ АКС-дағы қаражат жинау жоспары туралы» тағы бір қаулы қабылдады. Онда аталған қиыншылықтарға байланысты Одақтық үкімет 1932 жылға арналған ҚазақАКС-ындағы қаржы жинау жоспарын төмендету туралы Одақтық қаражат халкомына тапсырмалар берді. Енді өткен жылдарда және 1931 жылы өндірілмеген ауылдық жердегі міндетті төлемдер мемлекетке төленбейтін болды [1, 283].

Осы арқылы билік Қазақстанда құрдымға кеткен шаруашылықты қалпына келтіргісі келді. Бірақ, бұл кезеңде қазақ ауылдарында аштық шырқау шегіне жетіп, қазақ халқы қырылып, аштықтан мәжбүрлі түрде босып кетіп жатқан болатын. Бұл жеңілдетілген төлемдерді, салықтарды халықтың шамасы да жоқ болатын. Бұл туралы Т. Омарбеков : «Мұндай жеңілдіктер, әрине, Қазақстанға аса қажет еді. Бірақ мынаны ұмытуға болмас: ашаршылықтан оңбай ойсыраған Қазақстанның жоғарыда жеңілдетілген мөлшердегі төлемдердің өзін төлейтіндей де шамасы жоқ еді. Сондықтан Одақтық үкіметтің кезінде Қазақстанға шамадан тыс көп салған салықтарын енді амалсыздан төмендетіп, азайтуларын немес оларды жоюларын қазақ шаруасына көрсетілген көмек ретінде орынсыз мадақтап-марапаттаудың еш реті жоқ» – деп жазады [1,284].

Жоғарыда көрсетіліп кеткен азық-түлік түріндегі мемлекеттік көмектердің Орталық Қазақстанның аудандарына да берілгенін архив материалдарынан анықтадық. Мысалы, Қарағанды облыстық атқару комитетінің 1932 жылдың 4 сәуіріндегі №4 «Аудандар бойынша азық-түлік қарызын шұғыл түрде жеткізу және бөліп беру туралы» Қаулысында 85 мың пұт көлеміндегі қара бидайды босатылатын азық-түлік қарызы есебінен: 1) Ақмола– 5 мың пұт; 2) Арық-Балық – 6 мың пұт; 3) Айыртау – 4 мың пұт; 4) Атбасар – 5 мың пұт; Булаев – 5 мың пұт; 6) Бейнетқор – 4 мың пұт; 7) Есіл – 4 мың пұт; 8) Еркіншілік – 2 мың пұт; 9) Жаңаарқа – 1 мың пұт; 10) Көкшетау – 5 мың пұт; 11) Қорғалжын– 2 мың пұт; 12) Қызыл-Ту – 1 мың пұт; 13) Ленин – мың пұт; 14) Мамлют – 5 мың пұт.; 15) Нұра – 4 мың пұт; 16) Пресновск – 5 мың пұт; 17) Рузаевск – 3 мың пұт; 18) Сталин – 6 мың пұт; 19) Сарысу – 1 тыс мың пұт; 20) Тельман – 2 мың пұт; 21) Төңкерей – 4 мың пұт; 22) Щучинск – 5 мың пұт; 23) Еңбекшілдер – 1 мың пұт » – мөлшерде аудандарға бөліп берілген [14, 7]. Бірақ, 1932 жылдың мамыр айының 14-і күні «Қарағанды облысының қайтып келген көшпелі шаруашылықтар үшін босатылатын азық-түлік көмегінің мөлшерін азайту туралы» Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің Қаулысы қабылданады. Онда қайтып оралған қоныс аударған шаруашылықтарға көмек көрсету бойынша облыстың жай-күйі анықталғандықтан, Қарағанды облысына босататын азық-түлік көмегінің мөлшері 200 мың пұтқа қысқартылсын, облыс үшін 750 мың пұттың орнына 550 мың пұт берілсін. 200 мың пұт өлке қорына қалдырылсын делінеді де, 20 мамырда Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің № 29 «Қарағандыға қоныс аударған шаруашылықтарға азық-түлік көмек көрсету үшін өлкелік резервтен 10 мың пұт қара бидайды босату туралы» қаулысы қабыл-данып, ол бойынша Петропавл қаласындағы өлкелік резервтен 10 мың пұт қайтарымсыз қара бидайдың 5 мың пұты Қарағанды облыстық комитетіне және 5 мың пұты Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетіне

Қарағандыға қоныс аударғандарға көмек ретінде беру қарастырылады [10, 91].

1932 жылдан бастап Қарағанды облысының құрамына енген Нұра ауданындағы аса мұқтаж шаруаларға көмек көрсету жөніндегі мәліметтерді осы ауданның мемлекеттік архивында сақталған 422 қордың 1 тізімдемесіндегі №3,11 істерінде жұмыс жасау барысында кездестірдік.

Нұра аудандық атқару комитетінің 1932 жылдың шілде айындағы отырыс хаттамасында колхоздарда азық-түліктің жоқтығынан шөп жинау жұмысы тоқтап қалуына байланысты азық-түлік көмегін беру қажеттігі туралы мәселені қарап, ауданның колхозшылары бұрын берген азық-түлік көмегін жұмсап, олардың едәуір бөлігі азық-түліктің болмауына байланысты шөп шабу мен отырықшылыққа көшіру жұмыстарын тоқтатып отырғандығы және колхозшылардың арасында аштықтан ісіну жағдайлары бар екендігін (Жанабірлік колхозы) назарға ала отырып, шұғыл түрде қосымша азық-түлікпен көмек көрсету қажет деп қаулы етеді [15, 36п].

ОАК төрағасы Нұрпейісовтың Қарағанды облыстық атқару комитетіне берген есебінде: «1. Элеватор қоймасынан 5000 мың пұт азық-түлік көмегін алуға наряд берілді. Оның ішінде, 489 пұт 31 фунт бидай, 1522 пұт 15 фунт тары жеткізілді. Барлығы 2012 пұт 06 фунт. Элеватор қоймасында қалғаны 3187 пұт 34 фунт көмек. Осы алынған 2012 пұт 06 фунт көмектің аса мұқтаждарға 200 пұт 26 фунт бидай, 1483 пұт 21 фунт тары, 10 пұт ұн, барлығы 1686 пұт 07 фунт берілді. Қоймада 289 пұт 05 фунт бидай, 38 пұт 34 фунт тары, барлығы 327 пұт 39 фунт қалды. Бұдан басқа маусым айында РПС көшіп кетушілерге 54 центнер бидай, 106 центнер тары, барлығы 106 центнер көмек алды. Оның аудандық жабдықтау наряды бойынша жұмсалды 37 центнер -бидай, 62 центнер тары, барлығы 99 центнер. Қалғаны 61 центнер» – деп есебінде көрсете келе ауданда 15/ХІІ-32 ж. президиум отырысымен бекітілген және тіркелген мұқтаж шаруашылықтар саны 2385, оның ішінде Нұра ауданында 1635 шаруашылық, көршілес аудандардан 756 шаруашылық мұқтаж. Барлығы 9568 жан басы, Нұра ауданы бойынша 6678, басқа аудандардан 2890 адам азық-түлікке мұқтаж» – деп көрсетеді. [16, 4п].

Сонымен бірге осы қордың №11 ісінде сақталған құжаттарда [17, 16 п] 1932 жылдың 20 желтоқсанындағы ақпаратқа сәйкес азық-түлік қажеттілігі келесі кестеде берілген.

Кесте-1. 20.12.1932 жылдағы мәліметке сәйкес қажетті азық-түлік

Шаруашылық түрі	Шаруашылық саны	1 шаруашылықтың айлық нормасы (орта есеппен)	Өнімдерге деген айлық қажеттілік	Жылдық қажеттілік
1. Басқа аудандардан келген шаруашылықтар	903	11 пұт (180 кг)	1354,5пұт (22187.3 кг)	16254 пұт (266248.5 кг)
2. Нұра ауданының мұқтаж шаруашылықтары	1119	11 пұт (180 кг)	1678,5 пұт (27494.6 кг)	20142 пұт (329936 кг)
3. Нұра ауданынан кетушілер (отходн.)	516	11 пұт (180 кг)	774 пұт(12678.5 кг)	9288 пұт (152142 кг)
4. Нұра ауданының панасыз балалары	341	29 фунт (11,8 кг)	249,5 пұт (4087 кг)	2997 пұт 27 фунт (49092 кг)
5. Жанаарқа ауданының панасыз балалары	71	29 фунт (11,8 кг)	249,5 пұт (4087 кг)	2997 пұт 27 фунт (49092 кг)
Барлығы	2950	-	138356,5 пұт (70534,4 кг)	51678 пұт (846510.5 кг)

Ескерту: пұт өлшем бірлігі килограмм өлшем бірлігіне онлайн калькулятор бағдарламасы негізінде ауыстырылды. Ауыстырған авторлар.

Кестеден көріп отырғанымыздай барлығы 2950 шаруашылық және панасыз балаларға жылына 51678 пұт (846510,5 кг) азық-түлік қажеттігін, сонымен қатар қосымша түсініктеме ретінде кесте соңында «тауарлардың қажеттілігі орта есеппен 1 шаруашылыққа 10 рубльге дейін деп есептеп жылына барлығы 29300 рубль. 6 үйі бар балалар үйлерін қолдау үшін кем дегенде жылына 10000 рубль ақша қажет» – деп көрсетеді [17; 16п].

БКП (б) Облыстық комитетіне жолданған мәлімет жазбада 1932 жылы Нұра ауданының колхоздарында егін шықпауы және тұқымды шегіртке жоюы салдарынан азық-түлік тапшылығы туындап отырғаны көрсетілген құжатта: «колхозшылардың орын алып отырған ауыр жағдайын ескере отырып, Нұра РК бюросы мен ААК Президиумының жабық отырысында осымен 3 рет колхозшыларға азық-

түлікпен көмек көрсетуге өтініш етіп отыр. РК мен ААК тарапынан колхоздардан шұғыл көмек көрсетуді талап еткен өтініштер күнделікті түсіп отыр» [18,1 п] деп мәлімденген. Бұл мәлімдемеге сәйкес Нұра аудандарындағы колхоздардың 1933 жылға арналған нан және тұқыммен қамтамасыз етілу дәрежесіне сай оларды 3-ке бөліп, колхоздарға көмек көрсету үшін олардың тізімі жасалған. Тізімдегі колхоздарды өзін-өзі қамтамасыз ету дәрежесіне сәйкес келесідей топтастырады: «Бірінші тізімге кіретін 14 Колхоз толығымен азық-түлікпен қамтамасыз етілді, тұқым қорлары толығымен толтырылды және астық жинау жоспарын асыра орындады. Екінші тізімге енетін 8 колхоз азық-түлікпен қамтамасыз етілген және аз қоректігі аз тарымен және тұқыммен қамтамасыз етілген. Үшінші тізімдегі 10 колхоз өз колхозшыларын азық-түлікпен қамтамасыз етпейді, 1933 жылы себуге тұқым жоқ. Бұл колхоздар 1932 жылы өте аз мөлшерде өнім жинады және осы уақытқа дейін олардың көпшілігі нансыз қалды» – деп баяндайды. Сонымен қатар колхоздардың астықпен қамтамасыз етудің алдын ала есептеулерін жүргізе отырып, колхоздардың жағдайы жөнінде келесідей қорытынды жасайды: «Бірінші тізім: азық-түлікпен және 1933 жылғы егіс үшін тұқыммен қамтамасыз етілген. Екінші тізім: шаруа қожалықтары 352 бірлік бұл колхоздардың азық-түлікке қажеттілігі 4006 центнер, 6009 центнерден бір шаруа қожалыққа жылына 1,5 центнерден есептеледі. Соңғы жиналған астықтың мөлшері 4814 центнер. Орта есеппен алғанда колхоздардың өнімділік деңгейі 20%-ға төмендеген. Жоспар бойынша тұқымның сақтандыру қорынан 2245,2 центнер себу керек, 459,6 центнер дәнді дақыл себілген. Бұл колхоздар астық дайындаудан және тұқым ссудасын қайтарудан да босатылғанын атап өтеміз. Жалпы түсімінен бұл тізімдегі колхоздардың азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі 72% құрайды. Үшінші тізім: шаруашылық саны 1121 бірлік, азық - түлікке қажеттілік 7588.5 центнер, колхоздар тобының жалпы түсім деңгейі 1691.6 центнер. Жоспар бойынша астық қорынан 3311,62 центнер себу керек болса, іс жүзінде 245,89 центнер астық себілген. Бұл топқа кіретін колхоздар астық дайындау мен тұқым қарызын қайтарудан да босатылған» деп көрсетеді [18,1 п]. Бұдан көрсетілген колхоздар тобынан тек қана бірінші топқа кіретін 14 колхоз ғана өзін-өзі қамтамасыз ете алатынын, ал қалған екінші және үшінші тізімге кіретін 18 колхоздың көмекке мұқтаж екендігін көреміз.

Колхоздардың жағдайларын мәлімдей келе, осындай өзі де қиын жағдайда Нұра ауданына Жаңаарқа ауданынан халықтың босып келіп, кейбіреулері тұрақтап қалып, көпшілік бөлігінің одан әрі Ақмолаға көшіп, босып келгендердің мүлдем азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендігін, сонымен қатар өлім жағдайлары да кездесіп жатқандығын хабарлайды [19, 2 п].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып және колхозшыларда және әсіресе қазіргі уақытта отырықшылыққа көшкен 20 қоныста қоныстанған қазақтарда азық-түліктің болмауына байланысты ауыр зардаптардың туындау мүмкіндігін болдырмау үшін және азық-түлік болмаған жағдайда ғана қазақ халқын отырықшыланған қоныстардан қайтадан көшуге мәжбүрлеу үшін БКП (б) аудандық атқару комитетінен шұғыл жәрдемдесу шараларын қабылдауды сұрайды Нұра ауданының колхоздарын (№3 тізімдегі) 1933 жылғы жаңа егінге дейін желтоқсаннан шілдеге дейін қоса алғанда 8 айға 4856 центнер мөлшерінде бірлігіне 12 килодан есептегенде азық-түлік көмегін алуға, ал келесі уақытта тұқым материалдарымен көмек көрсетуді сұрайды [19,2п].

Нұра ауданы көмекке мұқтаж колхоздарының және ондағы халық санын келесі кестеден көруге болады:

Кесте-2. Комиссия бекіткен 20.12.1932 жылғы азық-түлікке мұқтаж Нұра ауданы ауылдық кеңестері шаруашылықтары [20,12п].

Ауылдық кеңес атауы	Шаруашылық саны	Барлығы жан басы
№1 а/к	79	510
№2 а/к	159	587
№3 а/к	63	228
№4 а/к	216	345
№5 а/к	149	651
№6 а/к	166	641
№7 а/к	72	281
№8 а/к	129	561
Киевка а/к	48	217
Иванов а/к	7	22
Горный а/к	30	92
Захаров а/к	13	28

Барлығы	1119	4974
---------	------	------

Кестеден көріп отырғанымыздай 1932 жылдың 15 желтоқсанында Нұра ауданы бойынша 4974 жан басы бар 1119 шаруашылық көмекке мұқтаж, оның ішінде №4 ауылдық кеңесте шаруашылық саны көп болса, ал жан басы №5 ауылдық кеңесте көпшілікті құрап отыр. Сонымен қатар осы кестеде ауылдық кеңестердегі мал саны туралы да мәлімет келтіріліп кетеді. Ол бойынша №1 ауылдық кеңесте: жылқы -2, түйе-2; №4 ауылдық кеңесте: жылқы - 1, сиыр -4; №5 ауылдық кеңесте: жылқы -1; №6 ауылдық кеңесте: түйе -1; №7 ауылдық кеңесте: жылқы-2, қой, ешкі-3; №8 ауылдық кеңесте: жылқы-2, қой, ешкі-3. Барлығы -16 бас мал қалған екен. Халықтың негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығы болғандықтан мал басының осынша деңгейде қалуы халықтың аштыққа ұшырауына алып келуі әбден мүмкін еді.

Осы қорда Нұра ауданының колхоздары мен Жаңаарқа ауданынан аштықтан босып келгендерге және панасыз қалған балаларға босатылған көмектің мөлшері туралы мәліметтер де бар. Ол №3 кестеде көрсетілген.

Кесте-3. 05.01.1933 жылға арналған Нұра ауданының аса мұқтаж жандар мен көшпенділердің азық-түлік көмегін алушылардың тізімі [21, 21п].

Колхоздар атауы	Шаруашылық саны	Бидай	Тары	Ұн	Барлығы
Сталин атындағы колхоз	106	100 пұт (1638 кг)	261 пұт (4275 кг)	-	361 пұт (5913 кг)
Жаңақұрлыс колхозы	68	-	43 пұт (704 кг)	-	43 пұт (704 кг)
Караой колхозы	51	-	75 пұт (1228 кг)	-	75 пұт (1228 кг)
Ақтөбе колхозы	108	-	106 пұт (1736 кг)	-	106 пұт (1736 кг)
Қуаныш колхозы	50	-	99 пұт (1621 кг)	-	99 пұт (1621 кг)
Қызылту колхозы	191	-	469 пұт (7682 кг)	-	469 пұт (7682 кг)
Көкөзек колхозы	132	50 пұт (819 кг)	337 пұт (5520 кг)	-	387 пұт (6339 кг)
Өрнек колхозы	121	-	129 пұт (2113 кг)	-	129 пұт (2113 кг)
Баянды Колхозы	136	-	81 пұт (1326 кг)	-	81 пұт (1326 кг)
Жаңабірлік Колхозы	156	-	146 пұт (2391кг)	-	146 пұт (2391кг)
Қзылшілік колхозы	88	-	146 пұт (2391кг)	-	146 пұт (2391кг)
Еңбекқорғау Колхозы	101	-	100 пұт (1638 кг)	-	100 пұт (1638 кг)
Еңбекші Колхозы	100	-	100 пұт(1638 кг)	-	100 пұт(1638 кг)
Гроза Колхозы	53	-	38 пұт (622 кг)	-	38 пұт (622 кг)
К/волна Колхозы	89	-	20 пұт (327 кг)	-	20 пұт (327 кг)
Ашық Колхозы	97	-	60 пұт (982 кг)	-	60 пұт (982 кг)
Ынтымақ Колхозы	64	-	75 пұт (1228 кг)	-	75 пұт (1228 кг)
Өркендеу Колхозы	77	-	75 пұт (1228 кг)	-	75 пұт (1228 кг)
Кеңес колхозы	17	-	20 пұт (327 кг)	-	20 пұт (327 кг)
Өндіріс Колхозы	15	-	20 пұт (327кг)	-	20 пұт (327кг)
Жаңаарқа ауданы	1000	50 (819 кг)	974пұт 21фунт (15954 кг)	-	1024пұт 21 фунт (16773 кг)
Ивановск асханасы (Жаңаарқа)	153 адам	60 (982 кг)	10 пұт (160 кг)	6пұт 4фунт (98 кг)	76 пұт 4 фунт (1244 кг)
Пушкин асханасы Жаңаарқа ауд. келген панасыз балалар	52 бала	62пұт 25фунт (1015,5кг)	16 пұт (262 кг)	10пұт (160 кг)	88пұт 35 фунт (1441 кг)
К/казск. балалар үйі	31	31пұт 29фунт (507,7 кг)	3пұт 9фунт (49 кг)	-	34пұт 38фунт (556 кг)
Барлығы	3036	354 пұт 14фунт (5781,2 кг)	3361пұт 30фунт (54091 кг)	16пұт 4фунт (285кг)	3732пұт 8фунт (60157,2 кг)

Ескерту: пұт өлшем бірлігі килограмм өлшем бірлігіне онлайн калькулятор бағдарламасы негізінде

ауыстырылды. Ауыстырған авторлар.

Кестеде берілген мәліметтерді талдасақ, оған сәйкес азық-түлікке бидай мен ұннан гөрі тары көбірек таратылғандығын анықтаймыз. Оның ішінде 5781,2 кг бидай, 54091 кг тары, 285 кг ұн таратылғанын көреміз. Барлығы аса мұқтаж 3036 шаруашылыққа 60157,2 кг көмек берілген.

Нұра ауданы бойынша мұқтаж шаруашылықтарға азық-түлікпен көмек көрсетілгенмен де аудан бойынша аштықтан өлім-жітім деңгейінің жоғары болғандығын ҚазАССР БКП(б) Өлкелік комитеті мен ХКК уәкілдерінің Нұра ауданы бойынша 1932 жылы берген ақпаратында: «Ауданда дәрігерлер мүлдем жоқ. Жалғыз фельдшер эпидемиялық ауру жоқ деп мәлімдейді. Бірақ аштықтан ісінгендер көп. Атап айтқанда, № 7 ауылдық кеңесте 22 адам, «Көк өзек» колхозында 300-ге жуық адам, яғни 50%-ға жуық адам, «Қызыл ту» колхозында да осындай жағдай қайтыс болды. Сондай-ақ, облыстық уәкіл Денисламов-тың жазбасынан «Жаңа жол», «Сталин» колхоздарындағы өлім-жітім және т. б. болды. Көктемге қарай қар ерігеннен кейін Нұра поселкесінің аумағында көп мөлшерде мәйіттер табылды, бір шұңқырға қар астынан жиналған 75 мәйіт, екіншісіне 97 мәйіт, үшіншісіне 60 мәйіт, барлығы 232 мәйіт лақтырылды. Черниговка ауылының маңында мәйіттер табылды (60-70 адам), бұл аймақта өлім көп болды» – деп баяндалған [22,86]. Мәліметке сәйкес есептесек, 624 адам аштан өлгені көрсетіледі. Бұл тек аудан аумағында аштан қырылып, есепке алынып отырғандары ғана деп тұжырымдадық. Бұдан басқа, азық іздеп мәжбүрлі түрде босып кетіп, жол-жөнекей аштан өлгендер де болды. Сондықтан бұл аудан бойынша аштан қырылғандардың нақты саны емес деген ойдамыз.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сәйкес Нұра ауданы бойынша ашаршылықтан зардап шеккен адамдар санын анықтауға тырыстық. Өкінішке орай, аштыққа дейін яғни, 1930-шы жылдардағы Нұра ауданындағы халық саны көрсетілген құжаттарды кездестіре алмадық. Тек, 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы қорытындысы бойынша Нұра ауданында 4 ауылдық кеңес 166 елді мекенде 12473 халық бар деп көрсетіледі [23,5]. Бірақ, 1930 жылы 17 желтоқсанда БОАК 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысы негізінде Нұра ауданы Атбасар, Промышленный және Революционный аудандарының бөлігінің негізінде ірілендіріліп, дербес аудан ретінде бекітілген болатын. Ал, 1932 жылдан бастап аудан Қарағанды облысының құрамына еніп, онда 16 ауылдық кеңес болған [24; 1,10]. Аудан аумағындағы әкімшілік өзгерістерге сәйкес 3 ауданның есебінен ауданның іріленуіне байланысты халық саны да көбеюі керек деп ойлаймыз. Сондықтан ашаршылық қарсаңында Нұра ауданындағы халық саны 1926 жылғы санақ қорытындысында көрсетілген 12473 адамнан да көп болуы әбден мүмкін. Жоғарыда көрсетілген 2-ші кестеде азық-түлікке мұқтаж 12 ауылдық кеңесте 4974 жан басы бар деп көрсетілген. Егер 1926 жылғы санақтың қорытындысымен есептейтін болсақ, онда 6 жыл ішінде аудан халқының саны 7499 адамға қысқарған. Бұл дегеніміз осы жылдары аудан халқы 2,5 есеге қысқарған. Әрине, бұл болжам, шын мәнінде аудан халқының санын нақты қаншаға кемігенін есептеуге 1930-шы жылдардағы халық саны көрсетілген мәліметтер керек. Бұл біздің болашақтағы ізденістерімізге негіз болады деп ойлаймыз.

Азық-түлік тапшылығы әсерінен ашыққан халықтың босып көшіп кету фактілері де орын алды деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Ашыққан халық мәжбүрлі түрде түрлі аумақтарға, оның ішінде Қазақстанның өз ішінде, ауылдардан қалаға, шекаралас аймақтарға т.б өңірлерге кетіп жатты. Олардың қала-лық аумақтарға қайтып келу фактілері де кездесті. Архив материалдарында осы аштықтан мәжбүрлі түрде босып кетушілерге көмек көрсету бойынша да құжаттар кездеседі. Мысалы, Қарағанды облысына қайтып келіп жатқандарды орналастыру туралы ҚазақАКСР ХКК уәкілі Шелехмановтың 1932 жылдың 3 қыркүйектегі мәлімдеме жазбасында: «Халық комиссарлар кеңесі жоспар бойынша Қарағанды облысын 600 мың пұт продсудамен және 175 мың азық-түлік көмегімен жабдықтады. Барлық берілген нан - 775000 пұт. Іс жүзінде 569 мың пұт алған, оның 61000 пұты Семейге жөнелтілген. Осылайша, Қарағанды облысы іс жүзінде 508 мың пұт көмек алды және резервтің 4 мың пудынан басқа бұл сома жұмсалды» – деген мәлімет береді [5;176]. Сонымен қатар осы мәлімдеме жазбада азық-түлік көмегі мен продсуданы пайдалану облыстық және аудандық ұйымдар тарапынан өрескел қателіктермен жүріп жатқаны және бұнымен бірге астық ұрлау және оны талан-таражға салу орын алғаны жайлы баяндалады. Ол туралы ОГПУ органдарының жалған құжаттармен 80 пұт астық алған колхоз төрағалары (Еңбекшілдер ауданы) ұсталған, Атбасар ауданында 160 пұт астық 20 адам «белсенділер» арасында бөлісіп алған фактілері келтіріледі [5; 177]. Яғни, бұдан осы көрсетілген «көмектің» шынымен мұқтаж, ашыққан халыққа жетпегенін және де биліктің көмек көрсетуде өз есебінің болғанын көруге болады. Бұл туралы шетелдік зерттеуші Н. Пьянчоланың зерттеуінен байқауға болады. Ол: «Жалпы, 1932 жылдың қазан айынан 1934 жылдың қаңтар айына дейінгі аралықта Қазақстанға бөлінген астықтың көлемі 118 640 т. құраған. Бұл көмектің едәуір бөлігі қазақ көшпелілеріне тұқым қарызы ретінде беріліп, кейін олар оны егіннен түскен өнімнен пайызбен қайтаруы керек болған. Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің 1934 жылғы 3

наурыздағы шешімі бойынша азық-түлік көмегі құнының 50-55% оны алушылар төлеуі тиіс болған. 1933 жылдың желтоқсанына - 1934 жылдың маусымына бөлінген ай сайынғы бөлу мөлшері бір отбасына 40 кг астықты құрады. Жалпы, Алматы облыстық комитетінің мәліметінше, 29043 отбасының астықты тұтынуы, оның ішінде тұқымға кететін астық 81600 ц, яғни бір адамға жылына 96 кг-ға жуық болды. Бұл Ресей ауылындағы тұтыну мөлшерінің жартысы ғана құрайды» – деген мәліметтерді келтіреді [3; 99].

Сонымен, 1934 жылы республикадағы экономикалық жағдай туралы Қазақ КСР ОГПУ құпия саяси бөлімінің материалдарында Қазақстанға азық-түлік қиыншылықтарын жеңілдету және қайтып келіп жатқандарға орталық тарапынан келесідей: «1933 жылы өлкеге жіберілді: а) азық-түлік көмегі – 117 790 т (7 067 400 пұт.); б) тұқым қарызы мен тұқым көмегі – 117 173 т (7 030 380 пұт.); в) азық-түлік қарызы – 6584 т (389 040 пұт). Барлығы – 241 447 т (14 486 040 пұт.). Ақшалай дотация: а) ауылшаруашылық жұмыстарына – 15 787 600 руб.; б) кезек күттірмейтін қажеттіліктерге (тұрғын үй, киім, аяқ киім және т.б.) ; в) балалар панасыздығын жоюға;– 8 817 500 руб.; в) балалар панасыздығын жоюға – 26 300 мың руб. Барлығы – 50 905 100 рубль. Жоғарыда көрсетілген көмек пен қаражаттан басқа Қазақстанға астық-пен қамтамасыз ету және төлемдер бойынша ауыл тұрғындарына жеңілдіктер берілді: а) бастапқы астық тапсыру жоспары 110 604 т. төмендетілді; б) бірыңғай ауылшаруашылығы салығы бойынша жеңілдік 3600 мың рубль болды; в) көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың 39-ы барлық салық төлем-дерінен толығымен босатылды» – көрсетіледі[6, 766].

Осылайша, архив құжаттарынан байқағанымыздай Қазақстанда азық-түлік тапшылығынан зардап шеккен аса мұқтаж шаруашылықтарға, аштықтан босып кеткендерге, колхоздарға мардымсыз болса да үкімет тарапынан көмек көрсету шаралары қабылданды. Бірақ, біріншіден, көмек кеш көрсетілді, көмек шаралары қабылданған кезде қазақ ауылдарында аштық шырқау шегіне жетіп, шаруашылықтар күйреп, халық аштан өліп, аман қалғандары босып кетіп жатты. Екіншіден, көрсетілген азық-түлік көмегінің мөлшері жеткіліксіз болды. Үшіншіден, көмек мөлшері әр шаруашылықтарда әртүрлі болып, кейде көрсетілген көмек кешігіп немесе мақсатқа лайық жұмсалмады. Төртіншіден, қазақ ауылдарында орын алған жағдайды түзету мүмкін болмады.

Қорытынды. 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын жою амалдары ретіндегі мемлекеттің көмек көрсету шараларын қарастыра отырып келесі қорытынды жасауға болады:

1. 1930-шы жылдардағы ашаршылықтың зардаптарын жою амалдары ретінде ашыққан халыққа мемлекеттік көмек көрсету шаралары туралы мәселе жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырылмады.

2. Қазақ ауылдарындағы азық-түлік тапшылығы нәтижесінде халықтың ашытыққа ұшырауы туралы фактілер билік органдарының мәлімдеме жазбаларында, жеделхаттарында беріліп жатты және жоғары тұрған кеңестік органдар Қазақстанда болып жатқан жағдайлар туралы хабардар болды.

3. Өлке басшылығы қазақ ауылдарындағы азық-түлік тапшылығын біле тұра, саяси науқандар бойынша жоспарларды орындауды талап етті.

4. Саяси-шаруашылық науқандардың салдарынан азық-түлік қиындықтары пайда болып, мал санының қысқаруы салдарынан халық аштыққа ұшырап, өлім-жітім деңгейі артты, азық іздеген халық босып кетті.

5. 1932 жылдан бастап орталық билік Қазақстанда алапат аштық орын алғанын мойындауға мәжбүр болды.

6. Жағдайды өзгерту үшін Қазақстандағы аштықпен күресу, мұқтаж шаруашылықтарға азық-түлік, түрлі жеңілдіктер, тұқым қарызы, өнеркәсіптік тауарлар түріндегі көмегін көрсету бойынша шаралар қабылдай бастады.

7. Қазақстанға жақын аудандардан шұғыл түрде астық жөнелтіліп, жабдықтау жоспары ұлғайтылды.

8. БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросының 1932 жылдың 2 шілдедегі «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» Қаулысы қабылданды. Онда аштыққа ұшыраған халыққа және босып кеткендерге азық-түлікпен көмек көрсету, аштықтың салдарынан таралып жатқан жұқпалы аурулар, панасыз балалардың жағдайы туралы сегіз пункттан тұратын шешім қабылданады.

9. БКП(б) ОК Саясибюросының 1932 жылдың 17 қыркүйегіндегі «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жөнінде» Қаулысы бойынша Қазақстандағы мал шаруашылығын қайта қалпына келтіруге ұмтылды.

10. Нұра ауданы бойынша архив құжаттарына сәйкес Нұра РК бюросы мен ААК Президиумы колхозшыларға азық-түлікпен көмек көрсетуге өтініш етіп, аса мұқтаж шаруашылықтардың тізімдерін көрсеткен.

11. Аштыққа ұшыраған колхоздарға мардымсыз болса да үкімет тарапынан көмек көрсетіліп, көмектің деңгейі әр колхозда әртүрлі болған.

11. Колхоздарға азық-түлік көмегі ретінде көбінесе тары берілген.
12. Көрсетілген азық-түлік қарызы, тұқым қарызы көмектері аштықтан зардап шеккендердің қажеттіліктерін толық қанағаттандырмады және көмек шынымен ашыққан халыққа кеш жеткізілді.
13. Көмекті талан-таражға салу фактілері де кездесті.
14. Көрсетілген кейбір «көмек» түрлері шын мәнінде қағаз жүзінде ғана қалуы да мүмкін.
15. Нұра ауданы бойынша аштан өлгендер саны жөнінде мәліметтер әлі де болса нақтылауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Омарбеков Т. 20-30жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997. - 320 бет.
- 2 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане/ Р. Киндлер. - М.: Полит. энцикл., 2017. - 382 с..
- 3 Пьянчола Н. Казахские пастухи между коллективизацией и голодом. В книге: Казахстан и Россия: общество и государство. М.: Права человека, 2004. -552 с.
- 4 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939: Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 3. Конец 1930-1933 / Под ред. В.Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. - М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. -1008 с.
- 5 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов / Вступ.статья и сост. К. С. Алдажуманов, М. К. Каирғалиев, В. П. Осинов, Ю.И. Романов. - Алматы: Фонд «XXI век», 1998. - 263 с..
- 6 Аиаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.3.: 1932-1934 /Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. - Алматы, Атамұра, 2021. - 1028 с.
- 7 Аиаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.2.: 1932-1934 /Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. - Алматы, Атамұра, 2021. - 1240 с.
- 8 Материалы государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий 20-50 годы XX века. Т. 13 Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим компаниям. Сборник документов и материалов. Составители тома: Е.А. Әбіл, С.А. Жақишев и др. - Астана, 2022. - 296 с.
- 9 Голод 1931-1933 годов в Центральном Казахстане: сборник архивных документов и воспоминаний / Құраст. З.Г. Сактаганова, К.К.Абдрахманова, Ж.Ж. Ибраимова т.б.; жауапты ред. Н.О. Дулатбеков. - Караганда, 2022. - 461 с.
- 10 Голод в СССР. 1929-1934: В 3 т. Т. 1: 1929 – июль 1932: Кн. 2. - М.: МФД, 2011. - 560 с.
- 11 ҚР ОМА. Қ. 30с. Т. 7с. Іс. 154. П. 69
- 12 Протокол №107 заседания бюро Казахского крайкома ВКП(б) о тяжёлом продовольственном положении в ряде районов Казахстана. 2 июля 1932 г. [Электронды ресурс] - Кіру режимі: <https://istmat.org/node/25731>
- 13 Ивницкий Н.А. Голод 1932-1933 годов в СССР: Украина, Казахстан, Северный Кавказ, Поволжье, Центральная Черноземная область, Западная Сибирь, Урал. - М.: Собрание, 2009. - 288 с.
- 14 СҚ МА. Қ. 1189. Т. 1. Іс. 3. П 7.
- 15 Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 3 іс. 36 п.
16. Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 11 іс. 4 п.
17. Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 11 іс. 16 п.
18. Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 11 іс. 1 п.
- 19 Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 11 іс. 2 п.
20. Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 11 іс. 12 п.
21. Нұра аудандық мемлекеттік архивы. 422 қор. 1 тізім. 11 іс. 21 п.
22. ҚР ОМА. Қ. 1179. Т. 1. Іс. 47. П. 86
23. Всесоюзная перепись населения 1926 года. Том VIII. Казахская АССР, Киргизская АССР. - М.: Издание ЦСУ Союза ССР. - 1928. - 261 с. [Электронды ресурс] - Кіру режимі: https://www.academia.edu/101422443/Всесоюзная_перепись_1926_года_Т_VIII_Казахская_АССР_Киргизская_АССР_Отдел_I_Народность_родной_язык_возраст_грамотность_M_1928_Казахская_АССР_&nav_from=7334a7a4-18af-46c6-ba02-9c3e95fbd664&rw_pos=0
24. Нұра аудандық мемлекеттік архиві. 422 қордың 1 тізімдемесі. - 1-10 бб.

References:

1. Omarbekov T. 20-30 jıldardaǵy Qazaqstan qasireti: Kōmekshioquqūraly. Almaty: Sanat, 1997. –320 b7. [in Kazakh]
2. Kindler R. Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane/ R. Kindler. - M.: Polit. entsikl., 2017. - 382 s. [in Russian].
3. Pianchola N. Kazahskie pastukhi mezhdū kollektivizatsiei i golodom. V knige: Kazakhstan i Rossiia: obshchestvo i gosudarstvo. M.: Prava cheloveka, 2004. -552 s. [in Russian].
4. Tragediia sovetskoi derevni. Kollektivizatsiia i raskulachivanie. 1927-1939: Dokumenty i materialy. V 5-ti tt. / T. 3. Konets 1930-1933 / Pod red. V.Danilova, R. Manning, L. Violy. - M.: «Rossiiskaia politicheskaia entsiklopediia» (ROSSPEN), 2001. -1008 s. [in Russian].
5. Nasilstvennaia kollektivizatsiia i golod v Kazakhstane 1931-1933 gg. Sbornik dokumentov i materialov / Vstup.statiia i sost. K. S. Aldazhumanov, M. K. Kairgaliev, V. P. Osiiov, Iu.I. Romanov. - Almaty: Fond «XXI vsk», 1998. - 263 s. [in Russian].
6. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumental'naia khronika. Sbornik dokumentov. t.3.: 1932-1934/ Otv.red. B.Ābdıǵaliūly. –Almaty: Atamūra, 2021. –1028 s. [in Russian].
7. Aşarşylyq. Golod. 1928-1934. Dokumental'naia khronika. Sb.dok. t.4/ Otv.redaktor-sostavitel B.Ābdıǵaliūly. Nur-Sultan: Foliant. 2021. –776 s. [in Russian].
8. Materialy gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zherty politicheskikh repressii 20-50 gody KhKh veka. T. 13 Gosudarstvennye akty i dokumenty po nasilstvennoi kollektivizatsii, prinuditel'nomu osedaniiu, zagotovitel'nyim m drugim politicheskim kompaniiam. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli toma: E.A. Ābil, S.A. Zhakishev i dr. - Astana, 2022. - 296 s. [in Russian].
9. Golod 1931-1933 godov v Tsentralnom Kazakhstane: sbornik arkhivnykh dokumentov i vospominanii / Kyrast. Z.G. Saktaganova, K.K.Abrakhmanova, Zh.Zh. Ibrahimova t.b.; zhauapty red. N.O. Dulatbekov. - Karaganda, 2022. - 461 s. [in Russian].
10. Golod v SSSR. 1929-1934: V 3 t. T. 1: 1929 – iul 1932: Kn. 2. - M.: MFD, 2011. - 560 s. [in Russian].
11. Qazaqstan Respyblikasynyñ ortalyq memlekettik arhivi [QR OMA].– Q.30c.– tizim. 7c.– is. 154
12. Protokol №107 zasedaniia biuro Kazahskogo kraikoma VKP(b) o tiazhelom prodolvolstvennom polozenii v riade raionov Kazakhstana. 2 iul'ia 1932 g. [Elektrondy resurs] - Kiru rezhimi: <https://istmat.org/node/25731> [in Russian].
13. Ivnitkii N.A. Golod 1932-1933 godov v SSSR: Ukraina, Kazakhstan, Severnyi Kavkaz, Povolzhe, Tsentralnaia Chernozemnaia oblast, Zapadnaia Sibir, Ural. - M.: Sobranie, 2009. - 288 s. [in Russian].
14. Soltüstik Qazaqstan memlekettik arhivi [SQ MA].]– Q. 1189. tizim. 1. is. 3. p. 7. [in Russian].
15. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1. tizim. 3. is. 36 p. [in Russian].
16. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 11 is. 4 p. [in Russian].
17. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 11 is. 16 p. [in Russian].
18. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 11 is.1 p. [in Russian].
19. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 11 is. 2 p. [in Russian].
20. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 11 is. 12 p. [in Russian].
21. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 11 is. 21 p. [in Russian].
22. Qazaqstan Respyblikasynyñ ortalyq memlekettik arhivi [QR OMA].– Q.1479.– tizim. 1.– is. 47 [in Russian].
23. Vsesoiuznaia perepis naseleniia 1926 goda. Tom VIII. Kazahskaia ASSR, Küigizskaia ASSR. - M.: Izdanie TsSU Soiuz SSR. - 1928. - 261 s. [in Russian].
24. Nura aydanynyñ memlekettik arhivi. –422 qor. 1 tizim. 1-10 p. [in Russian].

ӘӨЖ 94 (574.3)
FTAMP 03.01.11

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.002>

Х. Тұрсұн*¹ Ас. Хакан,² Г. Батырбекқызы³

¹Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Тарих кафедрасының профессоры, т.ғ.д., Түркістан қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: tursunhazret@mail.ru

²Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Тарих кафедрасының докторанты, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: hakanas1988@mail.ru

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, PhD
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, *Автор-корреспондент
E-mail: goha_batyr@mail.ru

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Аңдатпа

Мақала Түркістан өлкесіндегі қазақ зиялыларының соңына қалдырған мәдени мұрасын жинақтау және жүйелеуге арналған. Түркістандық зиялылардың ұлттық баспасөзді қалыптастырудағы қызметі, дәстүрлі білім беру жүйесін модернизациялаудағы және тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен жаңғыртудағы қызметі деректік негізде талданады. «Түркістан уәлаятының газетасы» мен «Ақ жол» газетіне дейінгі ұлттық басылымдар қызметіне ұлттық идея қалыптастырушы фактор ретінде баға беріледі. Ұлт зиялылары өкілдері М.Сұлтанқожаұлы, С.Лапин, Қ.Қожықов, К.Төгісов, М.Шоқай, Н.Төрекұлов, С.Қожанов, М.Дулатов және т.б зиялылардың Түркістан өлкесіндегі мәдени қызметінде қалыптастырған шығармалары талданады. С.Лапиннің шығыстану мен түркология саласындағы еңбектері, Қ.Қожықовтың жәдиттік үлгідегі әліппесі, өзге авторлардың түрлі жанрлардағы шығармалары өлкедегі мәдени өмірді жаңғыртуда елеулі рөл атқарды. Мақалада түркістандық зиялылардың мәдени мұрасының ұлт руханиатына қосқан үлесі туралы бірқатар тұжырымдар жасалған. XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының ғылыми зерттеудегі қызметтерін ғылыми негізде талдап, әлі де зерттелмеген жақтарын ашып көрсету қажет деп есептейміз. Қазақ зиялылары арқасында Түркістан өлкесі ғылымының дамуында ерекше рөл атқарған тұлғалардың еңбегі бағалануы тиіс. Мақалада Түркістан өлкесінде қызмет жасаған зиялылардың зерттеулерін басшылыққа алып, жаңа көзқарас жағынан қарастырылды.

Кілт сөздер: Түркістандық зиялылар, мәдени мұра, Сералы Лапин, Қоңырқожа Қожықов.

Мақаланы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырды (грант ИРН BR 18574180)

Х.Турсун*¹, Ас.Хакан², Г.Батырбекқызы³

¹д.и.н., профессоры кафедрасы Истории

Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Республика Казахстан, E-mail: tursunhazret@mail.ru

²Докторант кафедрасы Истории

Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Республика Казахстан, E-mail: hakanas1988@mail.ru

³PhD, доцент кафедрасы История Казахстана

Южно-Казахстанского университета им. М.Ауезова,
г. Шымкент, Республика Казахстан, *Автор-корреспондент, e-mail: goha_batyr@mail.ru

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ТУРКЕСТАНСКОМ КРАЕ

Аннотация

Статья посвящена обобщению и систематизации культурного наследия казахской интеллигенции Туркестанского края. Деятельность Туркестанской интеллигенции в формировании национальной прессы, модернизация традиционной системы образования и сохранение и модернизация историко-культурного

наследия анализируются на практической основе. Деятельность национальных изданий до газеты «Туркестан уалаяты» и газеты «Ак жол» оценивается как фактор, формирующий национальную идею. Анализируются произведения, сформированные представителями национальной интеллигенции М. Султанхожаулы, С. Лапина, К. Ходжикова, К. Тогысова, М. Шокая, Н. Торекулова, С. Кожанова, М. Дулатова и др. В культурной деятельности Туркестанского края. Значительную роль в возрождении культурной жизни края сыграли труды С. Лапина в области востоковедения и тюркологии, Алфавит жадитского образца К. Ходжикова, произведения других авторов в различных жанрах. В статье сделан ряд выводов о вкладе культурного наследия Туркестанской интеллигенции в духовность нации. Считаем необходимым на научной основе проанализировать деятельность казахской интеллигенции начала XX века в научных исследованиях и раскрыть все еще неизведанные аспекты. Благодаря казахской интеллигенции должен быть оценен труд лиц, сыгравших особую роль в развитии науки Туркестанского края. В статье были рассмотрены исследования интеллигенции с новой точки зрения, которые занимались деятельностью в Туркестанском крае.

Ключевые слова: Туркестанская интеллигенция, культурное наследие, Сералы Лапин, Конаржаулы Ходжиков.

Статья профинансирована Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR 18574180)

*Kh.Tursun*¹, Hakan As², G.Batyrbekkyzy³*

¹Doctor of historical sciences, Professor of the Department of History

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan,

E-mail: tursunhazret@mail.ru

²Doctoral student of the Department of History

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan,

E-mail: hakanas1988@mail.ru

³PhD, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan

M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan,

e-mail: goha_batyr@mail.ru

CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE TURKESTAN REGION

Abstract

The article is devoted to the collection and systematization of the cultural heritage of the Kazakh intelligentsia of the Turkestan region. The activities of the Turkestan intelligentsia in the formation of the National Press, the modernization of the traditional education system and the preservation and modernization of historical and cultural heritage are analyzed on a factual basis. The activities of national publications up to the newspaper «Turkestan ualayaty» Gazeta «AkZhol» are reevaluated as a fact or forming a national idea. The works of Representatives of the National intelligentsia M. Sultankozhauuly, S. Lapin, K. Kozhikov, K. Togusov, M. Shokai, N. Torekulov, S. Kozhanov, M. Dulatov and others formed by intellectuals in their cultural activities in the Turkestan region are analyzed. S. Lapin's works in the field of Oriental Studies and Turkology, K. Kozhykov's zhadyt alphabet, works of other authors in various genres played a significant role in the revival of cultural life in the region. The article makes a number of conclusions about the contribution of the cultural heritage of the Turkestan intelligentsia to the spirituality of the nation. We believe that it is necessary to analyze the activities of the Kazakh intelligentsia in scientific research at the beginning of the twentieth century on a scientific basis and reveal aspects that have not yet been studied. Thanks to the Kazakh intelligentsia, the work of people who played a special role in the development of science in the Turkestan region should be appreciated. The article was considered from a new point of view, guided by the research of intellectuals who served in the Turkestan region.

Keywords: Turkestan intelligentsia, cultural heritage, Seraly Lapin, Konyrkozha Kozhykov.

The article was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (grant IRNVR 18574180)

Кіріспе

Қалыптасқан тарихи жағдайларға байланысты Түркістан өлкесі жарты ғасырдан астам уақыт қазақ жерінен оқшау өмір сүрді. Кенестік биліктің 1924 ж. Орта Азия мен Қазақстан республикаларын ұлттық-территориялық межелеу саясатына байланысты Жетісу және Сырдария облыстарының Қазақстанға

қосылуы барысында ұлттық-территориялық тұтастығын қалыптастыруға қол жетті. Осы жарты ғасырдан астам отарлық және кеңестік биліктің дәстүрлі қоғамды модернизациялау процесіне өлкедегі ұлт зиялылары белсене араласты. Өлкедегі саяси күрестің алдыңғы шебінде болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінде отарлық және кеңестік билікке қарсы саяси күрестің дәлелдерінің негізі қаланғандығын атап айтуға болады. Біздің зерттеуіміздің басты мақсаты өлкедегі ұлт зиялыларының қалыптастырған мәдени мұрасын жинақтау және талдау болғандықтан олардың қоғамдық-саяси қызметін қарастырмаймыз. Содан да зерттеуімізді тақырып мақсатына сай өлкедегі шығармашыл зиялылардың қалыптасуы; ұлттық баспасөздің қалыптасуы мен қызметі; ұлт зиялыларының ғылыми және әдеби шығармашылығы; өлкедегі дәстүрлі және қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңалауда қалыптастырған ғылыми, оқу-әдістемелік мұраларын талдау сияқты міндеттерді шешуге бағыттаймыз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі отандық тарихнамада орын алып отырған мынадай олқылықтардың орнын толтыруға арналуымен айқындалады: біріншіден, Түркістан өлкесіндегі этносаяси процестердегі қазақ тарихына қатысты мәселелер қазіргі отандық тарихнамада толық ғылыми бағасын ала қоймады. Бұл мәселе әсіресе 1917 жылға дейінгі кезеңге тікелей қатысты. Екіншіден, Түркістан этноэлитасының шығармашылық қызметі мен соңына қалдырған мәдени мұрасы арнайы тақырып болып қарастырылмады. Соған сай түркістандық зиялылардың қазақ руханиятына қосқан үлесі айқындалмады және ерекшелігі мен ортақ белгілері жүйеленбеді. Үшіншіден, өзбекстандық зерттеулерде түркістандық қазақ зиялыларының мәден мұрасына жеткілікті назар аударылмай келеді. Тақырыбымызда осы түйткілді мәселелердің шешімін іздестіру Түркістан тарихына қатысты зерттеулерді өзектілендіруге қызмет жасайды деп ойлаймыз.

Әдістер

Зерттеу тақырыбының пәні мен нысаны қолданатын әдіс тәсілдерді айқындайды. Тақырыпқа сай тарихи-салыстырмалық, тарихилық, объективтілік сияқты жалпытарихи әдіс-тәсілдермен бірге қоғамдық-саяси әдістерді талдап, түсіндіруде модернизация теориясының ұстанымдары қатар қолданылады. Отарлық, кеңестік кезеңдегі түркістандық зиялылардың шығармашылығына қатысты қалыптасқан тарихнамалық тұжырымдар тәуелсіздік кезеңде орныққан методологиялық ұстанымдар мен қағидаларға сай қайта бағалауды қажет етеді. Айталық, кеңестік тарихнамада мүлдем зерттеу нысанына алынбаған немесе идеологиялық ұстанымдарға сәйкес сынаржақ баға берілген Қ.Қожықовтың «Әліппесі» бүгінгі тарихи танымда жәдиттік білім беру жүйесіндегі құбылыс деп бағаланады. Ал оның Романов әулеті билігінің 300 жылдығына арнаған тарихи жыры отан тарихының жырмен жазылған оқу-әдістемелік құралы ретінде бағалауға лайық.

Теориялық және әдістемелік тұрғыда баға беруді қажет ететін зерттеу міндеттерінің бірі – Өлкедегі ұлттық баспасөздің қалыптасуы мен қызметіне де қатысты. Өлкедегі ұлттық баспасөз құралдары шығармашыл зиялылардың мәдени ағартушылық, ғылыми және әдеби шығармалары арқылы қоғамдық сана қалыптастыруға орасан зор ықпал жасады және өлкедегі тұрғындардың мәдени-рухани қажеттілігін қамтамасыз етті. Аталған басылымдарға тәуелсіз таным тұрғысында баға беру онда жарияланған әдеби, мәдени шығармаларға деген жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы ұлт зиялыларының шығармалары ұлттық идентификация міндеттеріне қызмет еткендігі жаңа көзқараспен тұжырымдалуы керек. Зерттеуімізде сонымен бірге түркістандық зиялылардың шығармашылық мұрасын жіктеу және жүйелеуді міндет етіп қойдық.

Зерттеудің дереккөзі ретінде түркістандық ұлт зиялыларының жарық көрген еңбектері мен сол кезеңдегі баспасөз құралдары пайдаланылды.

Талдау

Түркістан өлкесіндегі ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығы жайлы бірқатар зерттеулер жарық көрді. Кеңестік тарихнамада бұл тақырып оңтүстік өңірде отарлық білім беру жүйесінің қалыптасуы тақырыбы бойынша Т.Тажимаев пен К.Е. Бендриковтың, ұлттық баспасөздің қалыптасуына байланысты Ү.Субханбердинаның, Қ.Атабаевтың іргелі зерттеулерінде арнайы қарастырылды. Бұл зерттеулердің бүгінгі кездегі ғылыми құндылық көпшілікке қолжетімсіз болып келген архивтік деректер талданып, ғылыми айналымға ұсынылғандығы және өлкедегі дәстүрлі білім беру жүйесін модернизациялаудағы ұлт зиялыларының педагогикалық шығармашылығын талдауы еді. Тәуелсіздік жылдары тақырып жаңа көзқараспен зерттеліп, М.А. Карлыбаевтың [1], С. Мухамедовтың [2], М.Жолсейтованың [3] және т.б. зерттеулерінде отарлық биліктің білім беру жүйесі сыни көзқараспен қарастырылды. Тақырыпқа тарихи-салыстырмалы баға берген шетелдік зерттеулер де [4] жарық көргендігін атап айтуға болады.

Зерттеуіміздің тарихнамасындағы келесі бағыт – өлкедегі ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын биографиялық тәсілмен ғылыми қалпына келтіруге арналды. Бұл бағытта Х.Тұрсұнның [5] зерттеулерінде өлкедегі ұлттық элитаның шығармашылығы олардың қоғамдық-саяси қызметінің тарихымен бірлікте қарастырылды. Ал Т.В. Котюкова [6] өлкедегі этноэлитаның саяси шығармашылығына талдау жасаған.

Түркістандық зиялылардың шығармашылық мұрасы туралы шығармалары мен құжаттар жинақтары да жарық көргендігін атап айтуымызға болады. Атап айтқанда С.Тілеуқұлов және т.б. құрастырған жинақ [7], С.Қожановтың шығармалары [8], Н.Төрехұловтың [9], Х.Досмұхамедовтың [10] және т.б. қайраткерлердің шығармалар жинақтары жарық көрді. Түркістандық ұлт зиялылары туралы Г.Жүгенбаеваның, Ж.Симтиковтың, Э.Ж. Әзіретбергенованың, Г.К.Өтепованың, Г.Батырбекқызының және т.б. диссертациялық зерттеулерінде М.Тынышпаев, С.Қожанов, С.Лапин, К.Төгісов, Н.Төрехұловтың қоғамдық-саяси қызметтерінің тарихымен қатар олардың шығармашылық мұрасы қарастырылды.

Нәтижелер

Түркістан өлкесі біршама уақыт қазақ елінен аумақтық-әкімшілік тұрғыда оқшауланғанымен де ұлттық идентификациялық процесстер отарлық биліктің түрлі реформалық өзгерістеріне қарамастан ортақ арнамен дамығандығына көз жеткіземіз. Олай дейтініміз, қазақ жерін үш генерал-губернаторлыққа бөлген отарлық биліктің ол аймақтарда жүргізген саясатының құқықтық негіздері бірдей болды да ұлт саясаты бір-біріне ұқсас бағыттармен дамыды. Яғни, ұлт руханияты мен ұлттық сананың қалыптасуына аса үлкен айырмашылықтар орын ала қоймады.

Алғашқы кезекте ұлттық тарихи сана қалыптастыруға қызмет ететін дәстүрлі мәдениет факторларының бірі – жазба әдебиеттің мұраларына тоқталамыз. Түркістан өлкесінде ғана емес, жалпы қазақ жерінде ең алғаш қазақ тілінде жарық көрген баспасөз органы – Түркістан генерал-губернатордың ресми органы «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде 1870-1882 жж. «Түркістан уалаятының газеті» жарық көргендігін атап айтуымыз керек. Газеттің алғашқы редакторы шығыстанушы Ш.М.Ибрагимов болды. Басылым өлкедегі Жетісу және Сырдария облыстары тұрғындарының арасына кең таралды. Ресми баспасөз органының қосымшасы болғандықтан газетте негізінен аударма материал-дар жарияланып, отарлық биліктің саясатын насихаттады. Газетте отаршылыққа қарулы қарсылық көрсеткен ұлт-азаттық қозғалысты айыптаған материалдар көптеп жарық көрді. Газеттің 1871 ж. 2 санында «Садық сұлтан Сырдарияның сол жағалауындағы қазақ ауылдарына Хиуа ханының айдап салуымен жиі шабуыл жасайды» [11, 74] деген мәлімет жарияланған екен. Осы газетте ресми материал-дармен бірге түркістандық ақын Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуа жорығы туралы» жыры жарық көрген. Жырдың газеттегі толық атауы «Шымкент оязына қараған Мәделіқожа деген ақынның Сырдария облысының уаенный гүбірнаторы Калауашевтың Хиуаға барғаны тақырыпта шығарған өлеңі» («Түркістан уалаяты» газеті 1875 жыл, №17, 18, 19) деп берілген. Жалпы көлемі 325 жолды құрайтын жырды мазмұны бойынша С.Қосанов «кішігірім поэма» деп бағалайды, ал Әсілхан Оспанұлы «жолжазба саласындағы тарихи шежіре» деген анықтама береді [12, 217].

Оңтүстік өңірі ақындар мектебінің көрнекті өкілі Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының шығармалары орыс отаршылығы мен оған қарсы ұлт-азаттық қозғалыс тарихының әдеби дереккөздері ретінде қарастырылып келеді. Ақынның тарихи жырлары қатарында оның «Қиуа жорығы туралы» жырының тарихилығы біздің талдауымызға өзек болады.

Жыр сол кездегі Сырдария облысының әскери губернаторы Н.Н. Головачевты (1823-1887) мадақтауға арналған. Ресми басылымда аударма материалдармен бірге қазақ тіліндегі төл туындыларды жариялауға деген сұраныс болған. Газет сұранысына сай Мәделіқожаға Ахмет Кенесарин немесе Жағыпар Асфендияров тапсырыс беруі мүмкін. «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты кітап жазған Ахмет Кенесариннің өзі болуы да мүмкін. Олардың етене араласуы осындай болжам жасауымызға негіз болады. Мәделіқожаның Хиуа жорығына қатыспағаны айқын. Қатысса жорық барысындағы нәзік детальдарды қалт жібермес еді. Жырды арнайы тапсырыспен жазған Мәделіқожа тапсырыс берушінің «редакторлығынан» шыға алмаған [13, 210].

Тапсырыс беруші өзіне белгілі саяси мүддені көздеп облыстың әскери губернаторына мадақ жырын жаздыртқан. Шындығында кавказ соғысы мен Түркістан жорықтарына қатысқан орыс генералы 23 маусымда Сырдария облысының әскери губернаторы болып тағайындалған генерал-майор Н.Н. Головачев 1871 ж. күзінде Хиуаға және Әмударияға алып баратын дала жолына әскери-барлау экспедициясын жүргізген.

Осы оқиғаның қазақ поэзиясында жырлаған келесі туынды Мәделіқожа жырынан 40 жылдан астам кейін дүниеге келген. Бұл жеке автордың жыры емес, авторлар ұжымының еңбегі. Осы тұрғыда қарағанда ұжымдық жыр жазудың алғашқы үлгісі деп бағалануы керек. 1912 ж. жарық көрген кітаптың атауы «Русия патшалығында Романов нәсілінен хукірманлық қылған патшалар тарихлары» деп аталады. Құрастырушылары Қоңырқожа Қожықов, Әлиасқар Қасымов, Сұлтан Шәді Жәңгіровтер [14]. Кітаптың кіріспесінде авторлардың

Қол қойған тәржіман деп біз екеуміз,
Тарихыны қазақ тілге аудардық біз.
Көзбенен көріп тұрып тәржіме еттік,

Ішіне қосылған жоқ басқа бір сөз - дегеніне қарағанда аталған екі автор орыс тіліндегі тарихи кітаптардың мәтінін мазмұндап, оны қазақ тарихына қатысты желілермен толықтырған. «Мың бір түн» сияқты прозалық шығармалардың желісін жырға қосу қиссашыл қазақ ақындарының дәстүрінен кең орын алған. Шығармаларының көпшілігі осы сарында дүниеге келген ақынның саяси сұранысқа сай жаңа тақырыпты игеруі – ХХ ғасыр басындағы поэзияда тосын жаңалық болды. Яғни, дәстүрлі поэзия үлгілерін мазмұндық, тақырыптық жағынан жаңалау болды.

Осы дастанда «Хиуамен болған соғыс» деп аталатын бөлім бар. Жоғарыда аталған тарихи оқиғаны Шәді төре бастаған авторлар барынша қысқа жырлаған. Жырдың барлық көлемі 52 ғана жол. Жырда Хиуа жағында соғысқан Сыздық Кенесарыұлы мен Мәтниздың, ал Хиуа жорығында белгілі шайқастар өткен «Адамқырылған» және «Үшошак» сияқты жер-су атаулары ғана аталады.

Шәді төре Қоңырқожа Қожықов, Әлиасқар Қасымовтар кеңесшілік жасап, айтып берген мазмұн бойынша жырлаған. Шәді нәзирашыл ақын болғандықтан оның жырының құрылымы мен көркемдік ерекшелігін жыраулық үлгідегі дәстүрлі ақын Мәделіқожаның жырымен салыстыру орынсыз болар. Әйтсе де, бір ақындық мектептің өкілі, өзімен тұстас Майлықожаның осы тақырыпқа ұқсас тарихи жыры «Датқалардың Петерборға баруы» атты тарихи жырымен салыстырмалы талдау жасауға болады. Бұл жыр «Қиуа жорығы туралы жырдан» көркемдік жағынан болсын, шынайылығы тұрғысынан болсын шоқтығы биік туынды. Мәделіқожа жырды тапсырыспен, шабытсыз жазған болса, Майлықожа Петерборға Түркістаннан барған игі-жақсылармен ілгері-кейін тығыз араласқан. Тақырыпты да жақсы біледі. Содан да ерекше шабытпен жырланған туындыда азаттық аңсаған өршіл рух жарқырай көрінген [15, 330] деген тұжырымды қуаттауға болады. Майлықожаның жыры уақытында басылымдарда жарық көрмеген, тек оның шығармалар жинағына ғана енгізілді.

Өлкеде «Түркістан уәлаятының газетасы» сияқты ресми басылымдар ХХ ғасырдың бас кезінде тәуелсіз ұлттық басылымдар түрінде жарық көре бастады. 1917 жылы «Үш жүз» партиясының органы ретінде «Алаш» газеті (редакторы К.Төгісов), 1917-1918 жж «Бірлік туы» (редакторлары М.Шоқай, С.Қожанов, Қ.Болғанбаев) газеті жарық көре бастады. Осы басылым 1917 ж қарашасында құрылған Түркістан Мұхтариатының қазақ тіліндегі баспасөз органы болып белгіленді.

Кеңестік билік орнаған соң Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Түркістан Орталық атқару Комитетінің ресми органы ретінде «Ақ жол» газеті (1920-1925) (алғашқы редакторы С.Қожанов) жарық көрді. Осы басылымдар арасында «Бірлік туы» газеті өлкедегі қос төңкеріс арасындағы қоғамдық-саяси процестерді жіті қадағалап, отарлық езгі мен кеңестік биліктің озбырлығын өткір сынға алуымен ерекшеленді. Өлкеде ресми басылым болып жарық көргенімен ұлт зиялыларының еркін ойлылығын бойына сіңірген «Ақ жол» газеті ұлттық идеяны насихаттаушы ғана емес, оны қалыптастырушылық қызметін де атқарған еді» [16, 22]. И.Сталиннің 1925 жылы мамыр айында Қырғыз (қазақ) Өлкелік Комитетінің бюро мүшелеріне жазған әйгілі хатынан соң саяси қуғындауға түскен басылым жөнінде кеңестік тарихнама «үнсіз» қалып келді.

Түркістанда қазақ тілінде «Шолпан» (Ташкент, 1922-1923), «Сана» (Ташкент 1923-24, редакторлары Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, И. Тоқтыбаев) журналдары да жарық көрді. Аталған журналдарда да ұлт зиялыларының көптеген шығармалары жарық көрген болатын. Айталық, «Ақ жол» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрген «Сана» журналының 4 санында Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы жарияланды. Қазақ оқырмандары классик жазушының романымен алғаш рет Ташкенттегі басылымдар арқылы танысты.

Өлкедегі ұлт зиялыларының мұраларының арасында олардың ғылыми еңбектеріне арнайы тоқталуымыз керек болады. Отарлық биліктің оқу орындарында білім алған қазақ жастарының арасынан Ресейдің орталық қалаларында әртүрлі мамандықтар бойынша білім алып, өлкедегі мәдени этникалық процестерге белсене араласуымен бірге ғылыми шығармашылықпен де айналысты. Түркістандық зиялылардың арасынан ғылыми шығармашылыққа жол салып берген тұлғалардың алғашқы өкілі ретінде Сералы Мұнайтпасұлы Лапиннің (1869–1919) шығармашылығына арнайы тоқталуға болады.

Лапинді шығыстанушы-түрколог ретінде ғылыми ортаға кеңінен танымал еткен алғашқы ғылыми еңбегі «Перевод надписей на исторических памятниках г. Самарканд» 1895 жылы Самарқанд қаласында жарық көрді [17]. Еңбекте Самарқанд қаласының сәулет ескерткіштеріндегі жазулар көне араб тілінен орыс тіліне аударылған. Ол мәтіндерге Лапиннің фольклорлық деректерден алынған деректерінің мәліметтері, ғылыми пікірлері мен толықтырулары қоса берілген. Ол әр уақытта Регистан ансамбльдерін, Гур-Эмир, Шир-Дор, Тилля-қари, Шахи-зинда кесенелерін, Бибі-ханым мешіттері мен медреселерін, Ұлықбек медресесін, Шайбани-хан зияраты тұрғызған авторлардың есімдерін анықтайды. Мысалы, оның болжамы бойынша Шир-Дор сәулет ескерткішінің авторы Самарқанд қаласының билеушісі Жалаңтөс Баһадүр.

Сералы Лапинның «Русско-Узбекский словарь» [18] еңбегінің 4 басылымы 1894, 1907, 1914, 1915 жылдары жарық көрген. Сөздікті Самарқанд қаласындағы облыстық Статистикалық Комитеттің баспасы жариялаған. 114 беттен (8 бет сөздіктен бөлек ескертпелерден) және сөздіктен кейін қосымша 62 бет өзбек тілінің қысқаша грамматикасынан тұратын қалта сөздіктің ішінде отырықшы халықтармен күнделікті сөйлесуде қолданатын сөздеріне қысқаша грамматикалық түсіндірмелерімен берілген. 1894 жылы 19 қарашада Самарқанд облыстық статистикалық комитетінің толық мүшесі С.М.Лапин өзі құрастырған сөздігінің «Бірінші басылымға алғысөз орнына» бөлімінде «Бұл еңбек әлдеқашан пісіп-жетілген жергілікті орыс халқына өзбек тілінің сөздігін «қолжетімді» ету қажеттілігіне жауап беруге тырысады» [18, 3] деп еңбектің аса зәру міндетті шешуге арналғандығын жазады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде тіл мәселесіне ерекше назар аударылды. Отан лексикологиясында көптеген сөздіктер жазыла бастады. Аталмыш сөздік қалың бұқараның сөйлеу мәдениетін арттыруға көмектесу мақсатында жасалған және сөздерді дұрыс қолдану, сөз формаларын дұрыс қалыптастыру, дұрыс жазылу мен айтылуына арналған. Бұл сөздікте өзбек тілінің лексикасының барлық алуан түрлілігінен оның үзіндісі қалыптасты, қысқа және қолжетімді түрде өткен ғасырдың басында дамыған әдеби сөйлеуінің дәстүрлері сипатталған.

Сөздіктің ішінде алғы сөздің орнына Сералы Лапинның 1894 жылы жарық көрген сөздіктің 1 басылымына жазылған аннотация берілген. Сондай-ақ сөздіктің ішінде өзбек тілі қандай курсивпен жазылғаны туралы ескертпелер берілген.

Ең көп қолданылатын жеке сөздер, сандар, апта күндерінің атаулары, ай атаулары, тиындардың атаулары, салмақтың өлшемдері т.б. сөздіктің басында орысша түсіндірмемен берілген. Сөздіктің методикасына келер болсақ, бұл жерде лексикографиялық құрылысынан бөлек сөздің түсіндірмесі бар. Осының нәтижесінде өзбек тіліндегі сөз байлығын жиып-теріп, хатқа түсіріп, іштей саралап, алуан түрлі сөз тіркестерін жасауға болады.

Мысалы «анекдотъ» деген сөздің аудармасы «хикаят» деп берілген, «аренда» - «иджара» (отдавать въ ар. – «иджарага-комак» түсіндірмелерімен көрсетілген. Орысша сөздерді өзбек халқына түсінікті етіп тәржімаланған бұл еңбектің маңызы зор. «Благодарить» сөзінің тәржімасы «Алла разы булсун» (айтмак, кулук-кылмак), «благодарно» - «аман-есан», «саг-саламят» етіп аударылған. Бұл сөздіктің ішінде 4000 астам сөздің грамматикалық аудармасы берілгені ол еңбектің құндылығын арттыра түседі.

XX ғасыр басындағы зиялылар қауымына және Түркістан өлкесінің тілін, тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттеп жатқан Ресей шығыстанушыларына сөздіктің практикалық жағынан өте маңызды болды.

Өйткені бұл кітаптың жазылуында бүгінде оқылуға қиынға түсетін көне емлелерді мүмкіндігінше түпнұсқадан ауытқымауға тырысқан. Түркістан өлкесінің халықтарына арналған қалта сөздіктің тағы бір ерекшелігі ол сөздердің барлығы күнделікті өмір тарихына арналған және сөздердің грамматикалық қамтылуымен жазылған.

Мысалға алатын болсақ «посоль» сөзі «ельчи» деп тәржімаланған, ал «ящерица» сөзі «кальта-кесяк», «каняфса», «кальпста», «ечкимар». Етістіктер өзбек тілінде дыбысталуына байланысты екіге бөлінеді: қатаң және ұяң. Біріншілері белгісіз күйінде «мак», ал екіншілері «мяк» болып аяқталады. Бұл жалғауларды алып тастаған жағдайда етістіктің түбірі шығады, «читать» - «окумак», «делать» - «кылмак», түбірі – «оку», түбірі «кыл» (қатан), «пить» - «ичмяк», түбірі «ич», «есть» - «иемек», түбір – «ие» (ұяң). Өзбек тіліндегі болымсыз түбірден кейін бірден «ма» бөлшегі қойылады, сөйтіп жоғарыдағы етістіктерден болымсыз түбір болады: оку – ма, кылма, ичма т.б.

Сөздіктің қосымшасы: өзбек тілінің қысқаша грамматикасының I тарауында «Этимологическія сведения» тарауында өзбек тілінің зат есім, сын есім жалғауларының барлығы бірдей деп анықтама берілген. Бұл тараудың ішінде өзбек тілінің ереже заңдары орыс тілінде түсіндірмелері, сөйлемді қалай құру керек осының барлығын ескертпелер ретінде жазылған. II тарауы «Синтаксическія сведения» қарапайым сөйлемдердің қалай құрастырылып жазылатыны жайлы ережелер жазылған.

Кітаптың соңғы бетінде Самарканд облыстық Статистикалық Комитетінің баспасы шығарған анықтамалық кітапшалардың тізімінде: вып. I 1893 г. – 30 к., вып. II 1894 г. – 75 к. (распроданъ), вып. III 1895 г., вып. IV 1896 г., вып. V 1897 г., вып. VI 1898 г., вып. VII 1902 г., вып. VIII 1906 г., вып. IX 1907 г., вып. X 1912 г. по 1 руб. за выпускъ, В.П.Наливкинъ еңбектері «Руководство къ практическому изучению персидскаго языка. 1 р. 50 к., С.А. Лапинъ «Русско-узбекскій словарь», М.М. Вирскій «Виноградарство въ Самаркандскомъ уездъ» 1 р., К.К. Казанскій «Суфизмъ съ точки зрѣнія современной психо-паталогіи» 1 р., «Списокъ населенныхъ мѣсть Самаркандской области» 50 к., «Справочникъ и Адресъ-Календарь Самаркандской области», «Планъ г. Самарканда изд. 1901 г. 1р. сатылу бағалары көрсетілген.

Автор бұл еңбекті жазуда үлкен жұмыс атқарған. Қалта сөздігінде берілген аудармалардан бөлек бұл кітаптың ішінде өзбек тілінің ережелері ғылыми тұрғыда зерттелген. Сөздіктің 4 рет қайта басылып шыққаны оның маңыздылығын айқындай түседі. Сонымен қатар назардан тыс қалмаған жайт ол грамматикалық, акцентологиялық, кейбір кездерде орфоэпиялық сипаттамалардың мысалдары жазылған. Сөздіктің қарапайым тұрғындардың сұранысын өтегендігі өз алдына, ол Түркістан өлкесіндегі орыс ғалымдарының зерттеулерінде бұл еңбек кең қолданысқа ие болып, ғылыми сипат алды. Тұрмыс тіршілікте жалпы ауызекі, әдеби лексикаға арналған сөздерден бөлек көркем әдебиеттің де мысалдары келтірілген.

Ендігі мәселе, түркістандық зиялылардың педагогикалық мұрасы туралы болмақ. Өлкедегі дәстүрлі білім беру жүйесін реформалау жәдиттік қозғалыспен байланыстылады. Дәстүрлі діни білім берудің кертартпалық ықпалына және отарлық білім жүйесінің шовинистік мақсаттарына қарсылық ретінде дүниеге келген жәдиттік білім беру жүйесі XIX ғасырдың соңында кең тарала бастады. Бұл істе И.Гаспралының ықпалы үлкен болды. Оның идеяларын Түркістан жағдайында жалғастырған Махмудқожа Бехбуди, Мұнауар Қары Абдурашитханов және т.б. жәдитшілер өлкеде жаңа үлгіде білім берудің негізін қалады. 1906 жылы И.Гаспринский М.Бехбудидің «Алифба-и мактаб-и Исламия» («Мұсылман мектебіне арналған әліппе») кітабын шығарғанын хабарлады. Оқулық жаңа әдіс мектептері үшін парсы тілінде де құрастырылған. Басылым И.Гаспринскийдің жеке жинағында, сонымен қатар М.Бехбудидің «Ислам тарихы. Қысқаша бірінші шығарылым.

1906 жылы «Китаб-и мунтахаб-и джуграфия-и умумий» (Қысқаша жалпы география) түркі тілінде жарық көргендігі жазылған [19, 202].

Өлкедегі жәдиттік қозғалысқа белсене араласқан тұлғалардың бірі де бірегейі Қоғырқожа Қожықов еді. Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, халық мұғалімі болып жәдиттік мектептерді ұйымдастыруға араласып қан қоймай, осы мектептердің оқу-әдістемелік негізін қалыптастыруға үлес қосқан ағартушы деңгейіне көтерілген Қ.Қожықов 1905 жылы Самарқанд қаласында өзбек тілінде «Что такая новометодная мактаб? (школа). Как от него польза?» деген атпен кітапша шығарады. Сонымен бірге Самарқандаға алғашқы читальняның жарғысын дайындайды. Махмудқожа Бехбудимен бірлесіп «Методика обучения в новометодных мактабах» атты қолжазба оқу құралын дайындаған.

Білім беру жүйесінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін ағартушылық идеяларды нақты іске асыру-дың қажеттігін жақсы түсінген жәдитшілер реформалық қозғалыс ретінде бастапқы кезден бастап білім беру мәселелерінің нақты міндеттерін шешуді алдарына мақсат етіп қойған. Интеллектуалды тұлғалар ретінде жәдит көшбасшылары шығыстық және еуропалық мәдениетті қатар игерді. Түркістандағы жәдиттік қозғалысқа қазақ зиялылары арасынан Қоңырқожа Қожықовпен бірге Сералы Лапин, Садық Өтегеновтер араласты. Түркістан өлкесінде қазақ жәдитшілерінің арасында Қ.Қожықовтың 1912 жылы Орынборда қырғыз (қазақ) мектептеріне арнап әліппе [20] шығарған. Жәдиттік мектептерге арналған бұл оқулық Сырдария және Жетісу облыстарындағы дәстүрлі мектептерде кең қолданысқа ие болған еді. Бұл оқулықтың мұқабасында араб тілінде автордың арнау жазуы бар: «Хурметлу бинок устазымыз Исмаил бей Гаспринскийге чигарувжи тарафынан хадие. 12 ақпан 13 шілде Шахар Түркістан. Қоңғыр Қожа Қожықов(«Құрастырушыдан сый ретінде құрметті тәлімгер Исмаил бек Гаспринскийге. 12 ақпан. Түркістан қаласы, 13 шілде. Қоңғыр Қожа Қожықов» деген қолтаңба жазылған.

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі жәдиттік мектептерде бірнеше жыл пайдаланылған оқулық А.Байтұрсыновтың төте жазуға негізделген «Әліппесі» қазақ мектептерінде кең қолданысқа алынған кезде қолданыстан шығып қалғандығын аңғарамыз.

Әліппеде әріптерді оқып, үйренуде автор ел аузындағы өлең-жырлар, мақал-мәтелдермен бірге ақындардың өлеңдерін де пайдаланады. Сондай өлеңдердің бірі «Атаның сәлем хаты». Осы өлеңінде

Үміт еткен көзімнің нұры балам
Жар болғай аруағы ата бабаң
Әкең мұнда әжеңмен есен аман
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған» дей келіп,

«Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің» деп түйіндейді.

Ата сәлеміне шәкірт баланың жауабы «Шәкірт баланың өлеңі» арқылы мына мазмұнда береді:

«Көп керек оқығандар біздің елге
Көбейсе білімділер елімізде
Пайдасы тиер еді күнімізге
Балалар біз оқилық ерінбейік

Бұл оқу пұлдан қымбат білгендерге» [21, 295-297].

Жалпы, түркістандық жәдитшілерде отарлық басқару жүйесі ұлттың қажеттілігіне орасан зор зиян келтіреді деген тұжырым орныққан. Өлкедегі алдыңғы қатарлы күштер жаңатәсілді мектептерді дамыту арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға болады деген тұжырымы біртіндеп демократиялық басқару жолындағы күреске ұласып, саяси сипат алған. Жәдитшілер «осы жылдарда реформалық идеялардың ең басты жақтаушыларына айналды» (Узбекистон тарихи (1917-1991 йиллар) К.1. –Тошкент «Ozbekiston» РМИУ, 2019. -560 б. Б.18).

Түркістандағы жәдитшілердің саяси қызметі мен мұрасын арнайы қарастыруды мақсат етпегендіктен де зерттеуімізде олардың мәдени мұрасына ғана назар аударамыз.

Қоңырқожа Қожықов 1917 ж. 2-5 тамызда Ташкент қаласында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде съезд төралқасына сайланып, Құрылтай жиналысына Сырдария облысынан депутаттыққа кандидат болып ұсынылады. 1917 ж. 26 қарашада жарияланған Түркістан мұхтарияты Халық Кеңесінің құрамына енген [Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. -400 б., Б.320].

Осындай ұлтшылдық бағыттағы қызметімен танылған Қ.Қожықов 1918 ж. қарашада Ташкент қаласында тұңғыш қырғыз педагогикалық курсы ашылғанда Перовскіден оқытушылыққа шақырылады. Ташкент қаласындағы осы алғашқы қазақ оқу орнына оқытушылыққа Садық Өтегенов, Сұлтанбек Қожанов сияқты қайраткерлер шақырылып, Қазақ ағарту институтын ұйымдастырады.

Түркістан Халық ағарту халкомы 1920 ж. Қырғыз ағарту институтының комитетін құрады. Комитет құрамына И.Тоқтыбаев төраға, Б.Есенов төраға орынбасары, Х.Досмұхамедов, Көшербаев және Қ.Қожықовтер енеді. Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанында «Талап» қоғамы, Ғылыми кеңес сияқты мекемелер құрылып, өлкедегі ұлттық білім беру жүйесін реформалауға байланысты орасан зор жұмыстар ұйымдастырады.

Ташкент қаласының баспаханаларынан 1920-1925 жж қазақ мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Түркаткомның жанынан құрылған Қырғыз (қазақ) мемлекеттік ғылыми кеңесінің ұсынысымен және ұйымдастырылуымен осы жылдары Х.Досмұхамедовтың «Тәнтану», «Өсім-діктану», С.Қожановтың, М.Дулатовтың «Есеп құралы», И.Тоқтыбаевтың «Жағрафия», М.Жұмабаевтың «Психология» сияқты оқулықтары жарық көріп, қазақ мектептерінде кеңінен пайдаланылды. Жекелеген оқулықтардың тиражы он мың данадан асты. Аталған оқулықтардың көпшілігі аударма болғанымен онда қазақ тұрмыс-салты мен әдет-ғұрыптары, ұлттық психология мен таным ерекшеліктері ескерілгендігін атап айтуымыз керек. Содан да ол оқулықтар қазақ баласына барынша ұғынықты болды.

Өлкедегі қазақ зиялыларының білім саласындағы дайындаған оқулықтары мен оқу әдістемелік құралдары сол кезең үшін білім беру саласын дамытуға айтарлықтай ықпал жасады. Осы тарихи процесс алдағы уақытта кеңінен қарастыруды қажет етеді. Олардың педагогикалық қызметінде қалыптастырған мәдени мұрасының арасында осы кезге дейін талданып, ғылыми бағасы берілген жоқ.

Сол сияқты ұлт зиялыларының ғылыми зерттеу бағытындағы жарияланымдарының да ұлттық ғылымның қалыптасуы мен дамуына жасаған ықпал-әсері жүйеленіп, жіктеліп, лайықты ғылыми талдаудан өткен жоқ. Айталық, М.Тынышпаевтың, Н.Төрешұлының, С.Қожановтың, Х.Досмұхамедовтың және т.б. қайраткерлердің мәдени-ғылыми шығармалары жинақтауды қажет етеді. Солардың арасында Х.Досмұхамедовтың тарих, әдебиет, тіл, медицина мен гигиена саласындағы шығармалары, аударма еңбектері жинақталып, айналымға ұсынылған болса, ендігі уақытта ғылыми талдау, бағалау кезегін күтіп тұр.

Ұлттық-территориялық межелеуден соңғы кезеңде ұлттық тұтастыққа қол жеткізген қазақ елінде түркістандық зиялылар өз бағыттарындағы шығармашылық қызметтерін одан әрі жалғастыра алды. Осы тарихи сабақтастықтың бір мысалы ретінде Қ.Қожықовтың мәдени мұраны сқорғау және сақтауға қатысты қызметін атап айтуымызға болады. Саяси жұмыстан шеттетіліп, бірыңғай мәдени-ағартушылық жұмысқа ауысқан Қ.Қожықов Тынышпаев, Досмұхамедовпен бірге 1932 жылдың 20 сәуірінде Үштіктің шешімімен Қазақстаннан жер аударылғанымен айыптылығы дәлелденбеген. 1933 жылдың 13 шілдесінде Үштіктің қаулысымен 10 жылға еңбекпен түзеу лагерінде қамауда болған және 1934 жылы мерзімінен бұрын

босатылған [АҚПДАМА. №10031-іс, 64-68 п] соң бірыңғай шығармашылыққа бет бұрады. Түркістанда Туркомстаристің үлгісімен Казкомстарис мекемесін құруға атсалысады. Ол осы кезеңде қазақ жеріндегі көне түркілік сына жазуы, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Келіншектас, Ақтас мазарлары туралы ғылыми мақалалар жариялап, ел ішіндегі сирек қолжазбаларды жинастырумен айналысты. С.Асфендияров пен П.А.Кунтениң редакциясымен 1936 жылы жарық көрген «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі болды. Осы жылы Қазақ КСР мемлекеттік көпшілік кітапханасына Орта Азиядағы сопылық поэзияның көрнекті өкілі Сүлеймен Бақырғанидың «Хикмет хазірет Сұлтан әл-Гарифин» деп аталатын қолжазба кітапты тапсырды. Қожықов тапсырған бұл қолжазба қазіргі кезде Ясауитанудың ең құнды дереккөздерінің біріне айналды [21, 10].

Қорытынды

Зерттеуімізде түркістандық қазақ зиялыларының мәдени мұрасының аса мол екендігіне көз жеткіздік. Революцияға дайын кезеңде жәдитшілік қозғалыстың ықпалымен өлкеде қазақ ұлттық саяси және шығармашылық элитасы қалыптасты және осы интеллектуалды топ 1916-1924 жылдардағы революциялық өзгерістер мен реформалық қайта құрулардың алдыңғы шебінде болды. Қоғамдық-саяси қызметтерін әдеби, ғылыми және публицистикалық шығармашылықпен ұштастырған ұлт зиялылары ұлттық идентификация міндеттерін шешуге баса назар аударып, ұлт руханиятына қатысты зәру тақырыптарды мәселе етіп көтере алды. Олардың әдеби, ғылыми және педагогикалық шығармашылық өнегесі ұлттық идея қалыптастыруға және оны іске асыруға бағытталуымен құнды деп бағалаймыз. Қорыта айтқанда, түркістандық ұлт зиялыларының мәдени мұрасын жинақтау және ғылыми айналымға ұсынып, елдің рухани игілігіне айналдыру Отан тарихын өзектілендіруге қызмет ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Карлыбаев М.А. *Вопрос о народном образовании в Туркестане после завоевания царской Россией. История: проблемы объективности и нравственности. Материалы научной конференции.* – Ташкент, 2003. (С.105-112)
- 2 Мухамедов С. *Историко-источниковедческий анализ государственного регулирования ислама Российской империи в Туркестане (1864-1917).* Ташкент, 2013. - 258 с.
- 3 Жолсейтова М.А. *Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезі).* – Түркістан. 2022. – 172 б.
- 4 Буттино М. *Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР. Перевод с итальянского Н.Охотина.* – Москва: Звенья, 2007. -446 с.
- 5 Тұрсұн Х. *Алаш һәм Түркістан. Монография.* – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013. - 400 б.
- 6 Котюкова Т.В. *Окраина на особом положении. Туркестан в преддверии драмы.* – М. : Научно-политическая книга, 2016. – 391 с.
- 7 *Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. (Сборник документов и материалов в двух частях). Составители Тилеукулов С., Голованов А.А., Оразымбетов Ш., Тилеукулов . Г.С., Косанбаев С., Тилеукулова Г.С.). Шымкент, 2004. -Ч.І. - 178 с.; Шымкент, 2004. -Ч.ІІ. -276 с.*
- 8 Қожанұлы С. *Таңдамалы мақалалар. Архивтік құжаттар.* – Избранные произведения. Архивные материалы. Құраст.: Х.М.Тұрсұн, А.Ж.Шәріп. –Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. – Қазақша, орысша. – 400 б.
- 9 Нәзір Төреқұлов: *архивтік құжаттар мен материалдар жинағы.* -Шымкент, «АЗИАТ» баспасы. 2017. - 220 б. (құрастырушылар Х.Тұрсұн, Г.Батырбекқызы
- 10 Досмұхамедұлы Х. *Еңбектері: Бірінші том. Жан саулығы. Құраст. проф. Ф.Әнес.* – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 432 б.
- 11 Бекхожин Х. *Казахская прогрессивно-демократическая печать во второй половине XIX и начала XX вв.* -Алма-Ата. 1976.
- 12 Оспанұлы Ә., Айнабекұлы Т. *Мәделіқожа. Өлеңдер, зерттеулер.* -Алматы, 2009.-400 б.
- 13 Хазретәлі Тұрсұн, Хакан Ас. *Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуаға жорық туралы» жырларының тарихылығы.* Абай атындағы ҰПУ Хабаршысы «Тарих және әлеуметтік ғылымдар» сериясы. 2018. №3 206-211 бб.
- 14 *«Русие патшалығында Романов нәсілінен хуқимранлик қылған патшалар тарихлары».* Орынбор. 1912 ж 150 б.
- 15 Тұрсұн Х., Әділбекова З. *1867 жылы Санкт-Петербургке барған Түркістан депутациясы*

тарихының құжаттық және әдеби деректері. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің Хабаршысы. №1 (69) 2016 жыл. 329-333 бб.

16 Х.Тұрсұн, Ж.Дюсембаева, Б.А.Жамелов. Ұлттық идея және «Ақ жол» газеті. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2022. №1

17 Перевод надписей на исторических памятниках г. Самарканда. Переводил С-А.Латин. Самарканд. Типография Штаба войск Самаркандской области. 1895.

18 Карманный русско-узбекский словарь. 4000 слов для обыденного разговора с оседлыми туземцами Туркестанского края. С приложением краткой грамматики узбекского языка. Издание Самаркандского Областного Статистического Комитета. Составил Действительный член Статистического Комитета. С.А. Латин. Самарканд: Типография газеты «Русская Окраина», 1907. 63 с.

19 Абдирашидов З.Ш. Аннотированная библиография туркестанских материалов в газете «Таржуман» (1883-1917). NIHU Program Islamic Area Studies; TIAS : Department of Islamic Area Studies Center For Evolving Humanities Graduate School of Humanities and Sociology The University of Tokyo. Tokyo, 2011. 233 с.

20 Ходжиков К. Букварь для киргизских школ в Туркестанском крае. Составил Заведующий Карнакским русско-туземным училищем Конгыр Ходжа Ходжиков. Издание первое. Оренбург. Типо-литография т-ва Каримов, Хусаинов и К-о. 1912 г. 75 с.

21 Қожықов Қ. Шығармалары. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2023. - 356 б.

References:

1 Karlybaev M.A. Vopros o narodnom obrazovanii v Turkestane posle zavoevania carskoi Rossiei. *İstoria: problemy obektivnosti i npravstvenosti. Materialy nauchnoi konferensii.* – Taşkent, 2003. (S.105-112)

2 Muhamedov S. *İstoriko-istochnikovedcheski analiz gosudarstvennogo regulirovania islama Rosiskoi imperii v Turkestane (1864-1917).* Tashkent, 2013. -258s.

3 Jolseitova M.A. *Qazaqstandagy halyq agartu isinin qalyptasuy men damu tarihy (XIX gasyrdyn sony – XXgasyrdyn bas kezı).* – Turkıstan. 2022. -172b.

4 Buttino M. *Revolusia naoborot. Srednaia Azia mejdu padeniem carskoi imperii i obrazovaniem SSSR. Perevod s italyanskogo N.Ohotina.* – Moskva: Zvena, 2007. -446 s.

5 Tursun H. *Alaş häm Türkistan. Monografiya.* –Almaty: «El-şejire» QQ. 2013. -400 b.

6 Kotuykova T.V. *Okraina na osobom položenii. Turkestan v predverii dramy.* – M. : Nauchno-politicheskaia kniga, 2016. – 391 s.

7 *Jizn i deiatelnost predstavitelei kazahskoi nacionalnoi inteligensii v Turkestane. (Sbornik dokumentov i materialov v dvuh chastah).* Sostaviteli Tileukulov S., Golovanov A.A., Orazymbetov Ş., Tileukulov . G.S., Kosanbaev S., Tileukulova G.S.). Şymkent, 2004. -Ch.I. -178 s.; Şymkent, 2004. -Ch.II. -276 s.

8 Qojanuly S. *Tandamaly maqalalar. Arhivtik qujattar.* – İzbrannye proizvedenia. Arhivnye materialy. Qurast.: H.M.Tursun, A.J.Şarıp. –Nur-Sultan: «Alaşorda» Qoğamdyq qory, 2020. – Qazaqşa, oryssa. – 400 b.

9 Nazır Torequlov: *arhivtik qujattar men materialdar jinagy.* -Şymkent, «AZIAT» baspasy. 2017, -220 b (*qurastyruşylar H.Tursun, G.Batyrbekqyzy*)

10 Dosmūhameduly H. *Enbekteri: Birinşı tom. Jan saulygy.* Qurast. prof. G.Anes. – Almaty: «Arys» baspasy, 2017. – 432 b.

11 Bekhojin H. *Kazahskaia progresivno-demokraticheskaia pechat vo vtoroi polovine XIX i nachala XX v.v.* -Alma-Ata. 1976.

12 Ospanuly A., Ainabekuly T. *Madeliqoja. Olender, zertteuler.* -Almaty, 2009.-400 b.

13 Hazretali Tursun, Hakan As. *Madeliqoja Sultanqojaulyryn «Qiuaga joryq turaly» jyrnyñ tarihilygy.* Abai atyndagy UPU Habarşysy «Tarih jane aleumettik ғылымдар» seriasy. 2018. №3 206-211 bb.

14 «Rusie patşalygynda Romanov nasilinen xukimranlik qylgan patşalar tarihlary». *Orynbor.* 1912 j 150 b.

15 Tursun H., Adilbekova Z. 1867 jyly Sankt-Peterburgke bargan Turkistan deputasiy tarihyryn qujattıq jane adebi derekteri. *Şakarım atyndagy Semei memlekettik universitetinin Habarşysy.* №1 (69) 2016 jyl. 329-333 bb.

16 H.Tursn, J.Dusembaeva, B.A.Jamelov. *Ultyq ideia jane «Aq jol» gazeti.* Abai atyndagy QazUPU Habarşysy, tarih jane aleumettik ғылымдар seriasy. 2022. №1 17 *Perevod nadpisei na istoricheskikh pamatnikah g. Samarkanda. Perevodil S-A.Lapin. Samarkand. Tipografia Ştaba voisk Samarkandskoi oblasti.* 1895.

18 *Karmannyi rusko-uzbekski slovar. 4000 slov dlya obydennogo razgovora s osedlymi tuzemsami Turkestanskogo kraia. S prilozheniem kratkoi gramatiki uzbekskogo iazyka. İzdanie Samarkandskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. Sostavil Deistvitelnyi chlen Statisticheskogo Komiteta. S.A. Lapin. Samarkand: Tipografia gazety «Ruskaia Okraina», 1907. 63 s.*

19 *Abdiraşidov Z.Ş. Anotirovannaia bibliografiya turkestanskih materialov v gazete «Tarjuman» (1883–1917).* NIHU Program Islamic Area Studies; TIAS : Department of Islamic Area Studies Center For Evolving Humanities

Graduate School of Humanities and Sociology The University of Tokyo. Tokyo, 2011. 233s. 20 Hojikov K. Bukvar dlyakirgizskih škol v Turkestanskome krae. Sostavil Zaveduiusi Karnakskim rusko-tuzemnym uchilişem Kongyr Hoja Hojikov. Izdanie pervoe. Orenburg. Tipo-litografiya t-va Karimov, Husainov i K-o. 1912 g. 75 s.

21 Qojyqov Q. Şygarmalary. –Almaty: «Arys» baspasy, 2023. -356 b.

ӘӨЖ 94 (574.5):[341.322.6:342.545]
МҒТАР 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.003>

Г.К. Отарбаева*¹, Р.А. Камалдинов²

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан
E-mail.ru: gul_4979@mail.ru, kamaldinov.rahimbek@mail.ru

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан
E-mail.ru: kamaldinov.rahimbek@mail.ru

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚАРАТАСТЫҚ ИШАНДАР

Аңдатпа

Мақалада Кеңестік Қазақстандағы саяси репрессия кезінде жазықсыз қуғындалған Қаратастық ишандар тартқан тауқымет Шымкент қаласы полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінің құжаттары және тергеу материалдары, т.б. өңірлік мұрағат материалдары негізінде зерттеп-зерделенеді. Сонымен қатар, кеңестік жүйенің дінге, ишан-молдаларға қарсы репрессиялық саясаты, Оңтүстік өңіріндегі жаппай жазаланған дін өкілдерінің талайлы тағдыры да тарқата талданады. Сондай-ақ, молда-ишандарға қарсы қозғалған жасанды қылмыстық істің ақ-қарасын айыруға біршама талпыныс жасалады. Оңтүстікте сүргін көрген молда-ишандардың да тізім-тізбесі беріліп, зерттеуші аталған тақырыпқа жаңаша тарихи көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Одан бөлек, мақалада сол кезеңдегі «Ақ жол» газетінде жарық көрген дінге қарсы мақалаларға да тиісінше талдау жасап, молда-ишандар ұрпақтарының естеліктерін де өз зерттеуіне өзек етеді. Анықталған ретроспективті құжаттар кешені жеке хаттармен, өз қолымен жазылған өмірбаяндармен және т.б. ұсынылған. Табылған хаттардың көпшілігі қолжазбалық түпнұсқа мәртебесіне ие, латын және қазақ тілдеріндегі хаттардың аудармасын қоспағанда, олар машинамен басылған қуәландырылған көшірме түрінде ұсынылады. Мақаланың материалдары жаппай қуғын-сүргін құрбандарының түрлі санаттарына қатысты құқықтық және саяси негіздерді, сондай-ақ репрессиялық саясаттың нақты тетіктерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Жаңа Қазақстан, архив материалдары, молда-ишандар, саяси репрессия, ақтау үдерісі, атеистік саясат.

Отарбаева Г.К.*¹, Камалдинов Р.А.²

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан,
E-mail.ru: gul_4979@mail.ru,

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан,
E-mail.ru: kamaldinov.rahimbek@mail.ru

КАРАТАССКИЕ ИШАНЫ, СТАВШИЕ ЖЕРТВАМИ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ

Аннотация

В статье исследуются на основе документов и следственных материалов специального государственного архива департамента полиции города Шымкента и других архивных материалов регионального архива невинно преследуемые во время политических репрессий в Советском Казахстане каратасские ишаны. Кроме того, анализируется репрессивная политика советской системы против религии, ишан-мулл, а также многострадальная судьба представителей массово наказанных религиозных деятелей в южном регионе. Также предпринимаются значительные попытки разграничения сфабрикованных уголовных дел,

возбужденных против мулл.

Приводится список и сосланных на юг мулл-ишанов, и исследователи стремятся сформировать новый исторический взгляд на данную тему. Кроме того, в статье сделан соответствующий анализ антирелигиозных статей, опубликованных в газете «Ак жол» того периода, а также представлены воспоминания потомков муллы-ишанов. Выявленный комплекс ретроспективных документов представлен личными письмами, собственноручно написанными автобиографиями и пр. В большинстве своем обнаруженные письма имеют статус рукописного подлинника, за редким исключением переводы писем с латиницы и казахского языка представлены машинописной заверенной копией. Материалы статьи дают возможность изучить правовые и политические основы, а также конкретные механизмы репрессивной политики в отношении различных категорий жертв массовых репрессий.

Ключевые слова: Новый Казахстан, архивные материалы, муллы-ишаны, политические репрессии, процесс оправдания, атеистическая политика.

G.K. Otarbayeva*¹, R.A. Kamaldinov²

¹M. Auezov South Kazakhstan state University,
Shymkent, Kazakhstan, gul_4979@mail.ru, kamaldinov.rahimbek@mail.ru

²M. Auezov South Kazakhstan state University,
Shymkent, Kazakhstan, kamaldinov.rahimbek@mail.ru

KARATASSAN ISHANS WHO BECAME VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION

Abstract

The article examines, on the basis of documents and investigative materials of the special state archive of the Shymkent city Police Department and other archival materials of the regional archive, the Karatass Ishan innocently persecuted during political repression in Soviet Kazakhstan. In addition, the author analyzes the repressive policy of the Soviet system against religion, the Ishan mullah, as well as the long-suffering fate of representatives of massively punished religious figures in the southern region. Significant attempts are also being made to differentiate between fabricated criminal cases brought against mullahs.

A list of Mullahs exiled to the south is given, and researchers seek to form a new historical view on this topic. In addition, the article makes a corresponding analysis of anti-religious articles published in the newspaper «Ak Zhol» of that period, and also presents the memoirs of the descendants of Mullah Ishan. The identified set of retrospective documents is represented by personal letters, handwritten autobiographies, etc. For the most part, the discovered letters have the status of a handwritten original, with rare exceptions, translations of letters from Latin and Kazakh are represented by a typewritten certified copy. The materials of the article provide an opportunity to study the legal and political foundations, as well as specific mechanisms of repressive policy in relation to various categories of victims of mass repression.

Keywords: New Kazakhstan, archival materials, mullahs-ishan, political repression, the process of justification, atheistic politics.

Кіріспе. Кеңестік жүйенің дінге қарсы идеологиясы – күрделі тақырып. Дін мен кеңестік билік арасындағы қайшылықтар терең талданды. Ал аймақтағы молда-ишандардың тағдыры, қоғамдық қызметтері әлі де көпшілікке жария етілмей, мұрағат қорларында, құпия архивтерде елеусіз жатыр.

Жалпы тарих парақтарын ақтара отырып, ақтарыла сөйлесек, мектептерде дінді оқытуға тыйым салынған 1918 жылдан соң 58-бап бойынша жазаға тартылған молда-ишандардың қатары артпаса кеміген емес. Керісінше, халық арасында атеизмді насихаттау, діннің сарқыншағымен күресу ұдайы биліктің басты назарында болды. Осының нәтижесінде дәстүрлі дін ұстанатын молда-ишандар репрессияға алдымен ілініп, әулиелі жерлер, мешіттер бұзылды, қаншасы белгісіз мерзімге дейін жабылды. Молда-қожаларға айыппұл артығымен салынып, бала-шағасы балалар үйінде атеистік тәрбие алып, теперіш көрді. Жалпы, 1929-1933 жж. Қазақстанда 198 шіркеу және мешіт жабылса, 1941 жылға қарай елде ресми түрде әрекет ететін мекеме мүлдем жоқ болды.

Яғни, Кеңес үкіметі дінді мемлекеттен ажыратып болған соң, «сопы операциясы» немесе «ишандар ісі» арқылы дін қызметіне шектеу қойып, кеңестік жүйеге жат молда-ишандарды жаппай жазалады. Былайша айтқанда, «Дінмен күрес – бұл социализм үшін күрес» деген ұран қоғам мүшелеріне, жас ұрпаққа

насихатталып, өндіріс, колхоз, мектептерде құдайсыздар ұйымының бөлімдері белсеніп іске кірісті. Бұл бағытта баспалар мен баспасөз де айтарлықтай рөл атқарды. Мысалы, «Атеист» баспасы 1922-1929 жж. аралығында 24 млн. дана етіп 270 атаулы кітап шығарса, 1930 ж. 20500 данамен 418 атауы бар кітаптар басып шығарылды. «Безбожник» баспасы 1927-1928 жж. дін мен атеизм мәселелеріне қатысты 79 атаулы кітап шығарса, 1929 жылы 137, ал 1930 жылы 244 – жалпы 1920 жылдары КСРО-да кеңінен басып шығарылған газет-журналдардың ішінде «Революция и церковь» журналы, «Наука и религия» газеті мен журналы, «Безбожник» газеті, «Безбожник у станка» және «Антирелигиозник» журналдары болды. Ұлттық республикаларда ұлт тілдерінде де сәйкес атеистік бағыттағы басылымдар шығып отырды. Ұлттық республикаларда 1932 жылы атеистік бағытта әр тілдерде 10-ға жуық газет пен 20-дан аса журналдар шығарылды. 1933 жылы олар КСРО халықтарының 12 тілінде, 1934 жылы 24 тілде шығарылса, кейін мерзімді баспасөзді қоса есептегенде, КСРО-да 50 және 72 тілде шығарылды. 1927 жылы «Безбожник» газеті 62 мың данамен шығарылса, 1931 жылы жарты миллионға дейін артты. 1917-1941 жж. КСРО-да дінді сынға алатын 40-қа жуық журнал мен 35 газет басып шығарылды. Олардың ішінде, әсіресе, «Антирелигиозник», «Безбожник», «Воинствующий атеизм» журналдары көп данамен басылды. 1926-1927 жылдардан бастап Қазақстанда құдайсыздар ошақтары мен үйірмелері, кейін қалалық және аудандық құдайсыздар одақтары пайда болды [1].

Тарқата айтқанда, дінмен идеялық күресті күшейтіп, еңбекшілерде ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға барынша талпынып, діндар адаммен жеке жұмыс жүргізуді қолға алып, атеистік әдебиеттерді шығаруды жүйелеп, ел-жұртты ежелгі сенімінен айырған атеизм насихатшылары айналасы он шақты жылдың көлемінде өз дегендеріне жетті.

Осылайша «тап жауына» айналған молда-ишандарға қарсы қатаң жазалау шаралары бірте-бірте қолға алынып, 1937-1938 жылдары қазақ ауылдарындағы дін иелерінің барлығы дерлік түрмеге жабылды не ату жазасына кесілді. Діни білім беруге мүлдем шектеу қойылған соң, мешіт-медреселер де қаңырап қалып, олардың ғимараттары басқа мақсаттарға (кеңсе, атқора, ферма, қойма) кәдеге жаратылды.

Одан бөлек, молда, имам, ишан, ахун, мұқтасиб, қожа, қажы, сопы, нәйб, муэзиндердің бәрі де хақысыздар қатарына еніп, алғашқыда сайлау құқығынан айырылып, колхоздан қуылса, келе-келе оларға «халық жаулары», «қауіпті антисоветтік элемент», «банды», «бүлікші», «ағылшын тыңшысы», «шпион», «кеңестік билікке қарсы үгіт-насихатшы», «түрікшіл» (пантуркист) т.б. айыптар тағылып, көбі сотсыз атылды. «Үштіктер», «бестіктер», «екілік», трибуналдар кескен бұл негізсіз үкімдер де жедел орындалып, ол «опасыздардың» отбасылары да жылдар бойы қуғын көрді.

Мақсаты:

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – Оңтүстік өңіріндегі, оның ішінде Қаратастық молда-ишандардың қуғындалуын архив құжаттары негізінде талдап-таразылау. Себебі 1930-1937 жылдардағы сот ісі құжаттары мен тергеу ісі материалдары, Кеңес үкіметінің дінге қатысты құпия құжаттары большевиктік биліктің репрессиялық атеистік саясатын зерделеуде басты дереккөз саналады. Сондықтан да зерттеу жұмысының негізгі мақсат-міндеттері мыналар:

– Оңтүстік өңірінде кәмпеске науқаны кезінде жер аударылған молда-ишандар жайлы мәліметтерді жинақтау;

– Осы бағытта Кеңестік баспасөзде жарияланған дінге қарсы мақалаларды талдау, атеистік саясаттың нәтиже-салдарын мейлінше ашып көрсету. т.б.

– Молда-ишандар санатына еніп, жазықсыз қуғын көргендердің ұрпақтарын табу, ақтауға ұсыну. Қаратастық молда-ишандар ісін тереңдете зерделеу.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер:

Бұл мақалада зерттеуші Түркістан өлкесіндегі Қаратастық молда-ишандарға қатысты архив материалдарына сүйеніп, бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Яғни зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, тарихи зерттеу тәсілдерін қолданады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері

Кеңестік кезеңдегі дінге қарсы репрессиялық саясат – терең екшеуді, тарқата зерттеуді талап ететін толғақты тақырып. Өйткені, тәуелсіздік таңы атып, төл тарихымызды танып білуге деген талпыныс артып тұрса да, алмағайып заманда атылған ишан-молдалардың дені әлі күнге дейін ақталмаған.

1917 жылы 26 қазанда «Жер туралы декрет» қабылданып, дін өкілдерінің, діни білім ошақтарының жерге иелік ету құқығы басыбүтін жойылды. Ал, сол жылы 11 қарашада қабылданған «Сословие және азаматтық шендерді жою туралы» декретке сай дін қайраткерлерінің қоғам алдындағы артықшылықтарына да шектеу қойылды. 1917 жылы 24 желтоқсанда Тәрбие мен білім беру ісі дін басқармасы қарамағынан Халық ағарту комиссариатына берілген соң Түркістан өлкесінде де мектептің діннен бөліну

үдерісі жүрді. 1926 жылы «КСРО ұлттары арасындағы дінге қарсы үгіт-насихат туралы» тезис төңкерісшілдерге тіпті қолайлы соғып, дін өкілдерін мемлекеттен, атеистік қоғамнан шеттету шындап қолға алынып, діни мектептердің тіршілігіне тұсау салу, жаппай жабу жұмысы жеделдете атқарылды.

Яғни, 1912 жылға дейін Оңтүстік Қазақстанда 7290 мектеп, 376 медресе өз жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келген болатын. Ал, 1930 жылдардың бедерінде олардың бәрі жабылып, яғи өзге мақсатқа пайдаланылып, әулиелі мекендер мазаққа айналып, күтімсіз, қараусыз қалды. Керісінше, дінді құбыжық етіп көрсету қоғамда белең алып, «Құдайсыздар қоғамы», «Қосшы» секілді ұйымдар дінге қарсы ақпараттық майданда алдыңғы қатардан табылады. Бұл ауқымды жұмысқа «Ауыл мұғалімі», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі» т.б. газет-журналдар ұлардай шулап үн қосып, молда-ишандарды қуғын-сүргінге ұшырату үдерісі жандана түсті. Дін өкілдеріне қарсы атеистік саясат та ымырасыз күреске жол ашып, исламнан ажыраған аңғал халық, мешітін жоғалтқан момын ел абдырап қалды. Осылайша тоталитарлық билік ұлт руханиятына ауыр соққы берді. Нәтижесінде мұсылмандық дәстүрлерінен бірте-бірте арылған дінсіз қоғам коммунистік идеологияның қамытын мойнына мықтап салып, молда-ишандарды қаралау жұмыс-тары тоқтаусыз жүрді. Бұл абыройсыз іске сүбелі үлес қосқандардың санатында «Қосшы» ұйымы да бар.

«Қосшы» ұйымының кезектегі мәселелері тіпті «Ақ жол» бетінен де орын тауып, онда Түркістан халқының мәдениетінің өркендеуіне кесел болатын түрліше ескіліктерді сүйегіне сіңірген һәм өзге халыққа қарағанда кейін қалған жұрт саналатын өзбектерді тақиясы мен тәспісінен айыру күн тәртібіне қойылды. Түркістан халқы сол сүйекке сіңген ескіліктен, бәз-баяғы патша заманындағы қалпынан сол күнде де онша өзгеріп кетпегенін тілге тиек еткен төңкерісшіл тілші өз мақаласын:

«... Түркістан халқының шаруашылығын өркендету жолын мақсат қылған «Қосшы» ұйымы жоғары көрсетілген шартты орындаудың шарасына ешбір бөгетсіз белсеніп кірісудің лажын қарастырып отыр. Жергілікті халықты да бір күннің ішінде жұмақ орнатамын деген жылы сөзімен жұбатайын деп те отырған жоқ. Әйтеуір, көш жүре түзеле жатар, не қылған күнде игілікті, халыққа пайдалы негізгі іске кірісейік деп отыр. «Қосшы» ұйымының іске кірісуге жорамалдап отырған істері төмендегі көрсетілгендер:

Жергілікті кәсіпшіл диқандардың өндірілген еңбектерін, жан ауыртпай жанбастап жатып соратын борсықтардың, яғни, бұрынғы ишан-молда, бай-манаптардың жәбірлігінен қорғап, бірыңғай кілең диқаншыларды һәм малшыларды ұйымдастырып, оларға саяси оқу беріп тәрбиелеу жолына кірісу. Бай-манап, ишан-молдалар соңғы кездегі жаңа шаруа саясаты жүргізілгеннен бері диқаншыларға баяғы дәніккен кәсі-бін жүргізетін түрі бар. Оны «Қосшы» ұйымы айдай анық көріп отыр. Жергілікті халықтың диқан еңбекшілдерін ұйымдастырып, саяси тәрбие беру үшін алдымен олардың арасындағы аздап қазіргі саясат ағымы-нан хабары бар еркектері болса, оларды іс басына отырғызып, елге зәбірін тигізіп, қотыр үстіне шикан бо-лып жүрген хукіметті халыққа жексұрын, құбыжық көрсеткен паракор елдің жеңдеттерін іс басынан тайды-рып, нақ кәсіпшіл диқандардың ұйымын ашу. Бұл ашылған ұйымдарға жоғарғы хукімет мекемелерінен нұсқаушылар жіберіп, тиісті тәрбие беріп отыру», - деп дініне берік, дәстүріне бекем өзбек ұлтынан шыққан ишан-молдаларды алдымен нысанаға алып, келе-келе қазақ мұсылмандығының дініне де балта шапты [2].

Кең байтақ қазақ жерінде де «Құдайсыздар» үйірмелері құрылып, дінге қарсы күрестің күшейгені соншалықты Оңтүстіктегі жамағаты көп бұрынғы мешіттер қаңырап қалды. Кей аймақтарда кедейлер кеңесінің қаулысымен кешегі мешіттер балабақшаға айналдырылды. Яғни, атеистік саясат өз жемісін берді. Ақпараттық үгіт-насихат та өз дегеніне жетіп, «Құдайсыз» газетінің таралымы 10 мыңнан асып, молда-ишандарға қарсы мақалалар мен кітаптар мольнан басылды. Аңғал жұрт бұл бастамадан ақ-қараны айырудан қалып, 1923-1933 жылдардағы осындай кері саясаттың салдарынан 198 мешіт өз жұмысын тоқтатты. Тіпті, дін өкілдерін тегіс жазалау үдерісі 1931 жылдары да жалғасып отырғанын мұрағат материалдары айғақтап отыр. Мәселен, 1931 жылы 31 марттағы Келес ауданына қарасты 27-ауылдың кедей, батырақтарының кезекті басқосуында егіс науқанына кесірін тигізген Келестік ишан-молдаларға қатаң шара көрілуін көпшілік талап еткен соң, пайғамбар жасынан асып кеткен Дәрменқұл Әлімұлы деген молдаға да:

«Жұртты алдап-арбап, көлеңкенің қоюын іздеп, кісі күшінен пайдаланған. Кедей еңбекшілердің теспей қанын сорған. Үйі-жайы ескі Ташкенде. Өзі Өзбекстанда тұтқында жатыр. Алдымыздағы жүріп жатқан егіс науқандарымызға халық ортасында теріс үгіт таратқан. Сондықтан жұрттың қаулысына лайық жер аударылуға ұйғарылсын», - деп айыптының өзі жоқ болса да, сыртынан жазаға кессе, тұт-қындағы Малдын Мырзаұлына да еш аяушылық жасамаған [3]. Ата тегі молда болып, жұртты алдап-арбап, азғырып, дімкәс жанға дем салғаны үшін бір пұт бидай алып, халықты теспей қанын сорған», «кулакпен байланыс жасаған», «саяси науқандарға кедергі келтіріп, кеңеске тап дұшпандығын білдірген», «кедейлерді теріс үгіт арқылы іріткі салып, колхоздан жеріуді көздеген» деген жаламен оны да қиырға жер аудартып тынады.

Осы іспеттес ел ішіне іріткі салатын әрекеттер көбейіп, кешегі ишан-молдаларды келемежге айнал-

дыратын, ислам қағидаларын қатаң сынайтын, дін өкілдерін өлердей жек көрушілердің мақсатты мақалалары қазақ рухының шамшырағы саналатындығы «Ақ жол» бетін де басып кетіпті. Әрине, бұл дүние-лерді баспай қоюға Алашшыл «Ақ жолдықтардың» батылы бармағаны белгілі. Солай болса да, сол мақалалардың бірді-екілісін елеп-екшеп шолып көрелік. Мысалы, басылымдағы «Надандық» атты жарияланымда автор:

«Қазақ елі надан, «Ишан» десе малын аямайды. Жетісуда Балқаш бойында әулиемін деп астына қашар мінген бір ишан пайда болады. Өлгендердің күнәсін құдайдан сұрап аламын деп, өлген адам-дардың балашағаларынан көп мал жинап алады. Мұны болыс исполком біліп қойып, ишанның жинап алған малдарын қағаздап қолына алып, ишанның өзін елден қуып жібереді.

Елді аралап, құдайды малға айырбастап жүрген ишандар әр жерде толып жатыр. Бұл исполкомдар малдарын тартып алып, өздерін қуып жіберіп тұрса, ишан екендер елге шығуын қойып, ошақтың үш бұтынан тілеп отырар еді. Бірақ, тартып алған малды исполкомдар хукіметке тапсырмай, өздері жеп қойып жүрсе, Кеңес хукіметін масқара қылғаны» [4], - деп молда-ишанға жалпылама жала жаба сөйлесе, «Ишанның лаңы» атты еңбекте «Ескерткіш» деген елеусіздеу лақап атты біреу Қазалы үйезі мен Ақмешіт үйезіне белгілі қожадан шыққан Сермәмбет Дарманқұлұлы деген ишанның бармаған жері, екі үйез елде баспаған тауы қалмай, жұртты алдап күн кешіп жүрген қоғам жауы екенін қомсынбай жеткізіп, былай дейді:

«Барын беріп ишаннан бата алмаған адам жоқ. Балалары кезектесіп, елді аралап талап кетті. Малды көп жинау үшін неше түрлі жолдар қолданады. Егіс көп, мал мол жерден мешіт салу, (бір басына 5-6 мешіті бар) байлармен құда болу, жесір, бай қатынның қызын алу қашаннан ишанның қолданып келе жатқан жолы. Осы ретпен жинаған әйелдерінің саны осы кезде 11-12 болды. Дәл осы күні 2 кәрілеу, 2 жас әйелі бар. Басқа әйелдерін көнерген соң қоя берген. Жаңа қулық шығарып, биыл ишекең Қазалыдағы үлкен мешітін бас салып бұзады. «Мешіт көнерді қайта салып жатырмын» деп елден көп мал жинап алады. Елдің өз ықтиярымен бергені мешітті салуға жетпейтін болған соң елдің ақсақалдарын жинап жәрдем сұрайды. Олар 50-100 червонецтеп қаражатты бөліп алып жинап беруге міндетті болып оны жинауға ауылнайларға бұйырады. Орынсыз шығынды өз ықтиярымен беру қайда, жұрт зорлықпен амалсыз береді. Бермесе ақсақалдар ізіне түседі, реті келсе бәле де жабады. Хукіметіміздің бірыңғай шаруа салығынан құтыла алмай жатқанда мынау шығын жұртты жүдетіп барады. Ишанның лаңынан жұртты құтқару керек» [5]. Яғни, діншіл жұрттың өз қалауымен асарлата тұрғызған мешітін де молда-ишанның көмейіне құя салуды қолай көретін құдайсыз қоғамның тілшілері тектілерімізге тасадан тас атып, олардың тоз-тозын шығаруға айтарлықтай үлес қосты.

Тағы да мысал келтіре түсер болсақ, «Тілшінің» «Ишандарға тыю беру керек» деген Шымкенттен жолдаған хабарында:

«Шымкент үйезінде ишандары көп Шаян дейтін болыс бар. Ішінде Сабыр Мағзум деген ишанның да бір ишаны бар.

Сабыр 1921 жылы Әулиеата үйезіне қарасты Шу бойындағы көшпелілерге барып 330 қой, 40 қара алып келе жатқан жерінен полтибюроның агенті шығып, малын қазынаға алып, өзін 2 ай қамаған еді. Сол ишан биыл да бас көтеріп Кеңестер мектебіне қарсы сөз сөйлеп жүр. Мұндайды енді тыйу керек, ишандықты құрту керек» деген жолдар бар екен [6].

Одан қалса, «Мұндай сары аяқтың көзін жоғалту керек» деген тағы бір іліп алар ақиқатынан күйесі көп мақалада «Тілші»:

«Ташкент үйезінің Тойтөбе болысының екінші Қарасу ауылында Сейіт Мухаммадқожа, Артық Қожаұлы деген ишан бар. Осы күнде әрбір ауыл- қыстақтарға барып, бұрынғысынан да күн санап қанат жайып келеді.

Той, ас болса сол ишандыкі. Егер де халықтың істері жақпаса, өзіне жақсы қарамаса атамын, құртамын, кереметімен деп аңқау елге арамза молда болып жұрттың бәрін қорқытып алды. 1923 жылы Жалалтөбе болысының Сауранкент ауылының бұқарасы Жұмаш Бақназарұлының бір жақсы атын қорқытып алған еді. Бұл сияқты сарыаяқ бұзық алаяқтарды ел арасынан көзін жоғалту керек. Сонда барып ел бір тыныш табады», - деп аталған екі ишанды елден аластауды талап етеді [7] .

Дегенмен, «Ақ жол» материалдарын біржақты пайымдап, ишан-молдаларды түгелдей сын садағына ілді деуге де негіз жоқ. Саясаттың соқпағымен қаламын сүйретіп, дінсіз қоғамның насихатын үдеткен бұл үркердей қазақ басылымы кей-кейде ел ардақтысы атанған ірі ишандарға келгенде, іштегі ыза-кегін де іркіп қалмаған сыңайлы. Оған Ақ ишанды сөзбен іреп салған советтік қоғам жаршысы Жанайұлының жұрт ардақ тұтқан ишанды жерден алып, жерге салған жазбасына шыдай алмай, шындықты шыжғыра бетке басқан «Жауап хаты» дәлел. Сол жауап хатта редакция алқасы:

«Ақ жолдың» № 541 санында санында Жанайұлы «Ақ ишан ақ бура атқа мініп, ел аралап жұрт сауып

жүр» депті. Мұнысы өтірік Ақ Ишан ақ бура атқа мініп ел аралаған жоқ. Жалғыз бір адамның қоймай шақыруымен өтінуімен Ақмешіт жаққа барып қайтты. Ишандық қылып мал алған, мал әкелген жоқ.

Екінші ақ Ишанды 40 түйе, 105 қойы бар депті, әрі мектепке қарсы үгіт сөз айтады депті. Бұл туралы айтатыным мынау: Ақ Ишанда ол айтқандай мал жоқ, ол жағынан кедей. Мектепке қарсы сөз жүргізбек түгіл. Мектепті, оқушыларды қатты сиялайды. Қолынан келген жәрдемін аямайды. 1922 жылы қазақ институтына жәрдем жинай келген Садық Өтегенұлына 5 миллион сом ақша берген.

Өткен жыл местком пайдасына деп 2 ат, 3 өгізді Сондиқовқа? Берді. Сол жылы 2 апрельде Түркістан үйез аткомының мекеме салығына деп 1 ат берді. Ақмешіттегі Интернатқа жәрдем деп 420 мың сом берді. Түркістандағы Ленин атына ашылған мектеп пайдасына жарату үшін осы жыл 22 мартта 10 мың сом берді.

Ақ Ишаннан зарар көрген мектеп, ел көргенім жоқ» [8], - деп Жабай Қалықұлының атынан арашаға түседі.

Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінде сақталған Қаратастық ишандарға қатысты қылмыстық істердегі анықтамада Абдужалилов Ғаниходжа ишан мен Қараходжаев Бұрхан және Байзақов Өтемқұл атты молдалардың контрреволюциялық әрекеттері әшкереленіпті. Яғни, сол сыбыстың өзі сүргінге сеп болған 1937-1938 жылдардағы саяси репрессия кезінде Қаратас аудандық НКВД-сына Тұрбат қыстағындағы Исмаил ата мешітін қалқалаған диверсиялық-бүлікші, панисламшыл топтың үш мүшесі жайлы екіұшты ақпарат түседі.

Олардың бірі – Абдужалилов Ғаниходжа ишан 1862 жылы дүниеге келген. Тұрбат ауылының тумасы. Партия қатарында жоқ. Бұрын сотты болмаған, білімді һәм отбасылы бай-ишан.

Екіншісі – 1874 жылы туған Қараходжаев Бұрхан молда. Ол да Тұрбаттың төл перзенті. Жанұялы һәм жағдайлы бай. Білімді ишан ретінде ел арасында біршама беделге де ие. Кезінде кеңеске қарсы көтеріліске де дем бере қатысып, «банды» атанып бұғауланып, 3 жыл концлагерьде көресіні көріп те қайтқан.

Үшіншісі – 1875 жылғы Тұрбаттың сауаты кем болса да ауқатты байы санатындағы Байзақов Өтемқұл деген өкіметке қарсы қазақ. Семьялы және сотталмаған. «Төрт әріптің» тыңшыларының тәпсірлеуінше, үшеуі де өз заманында үріп ішкен, түйені түгімен жұтқан ірі байлар болған. Ал алғашқы екеуі ірі ишандар ретінде назарға ерте ілігіп, 1929 жылы мал-мүлкі кәмпескеленген. Оның да себебі бар-мыш. Өйткені, тыныш жатқан жұрттың құлағын көтерген әлгі екі «тап жауы» сол жылы тоқымдай Тұрбаттың өзінде контрреволюциялық агитациясын асықпай-саспай-ақ бейпіл жүргізіп, үкіметтің астық дайындау мен ұжымдастыру саясатына тосқауыл қоюдың қолдан келер бар амал-айласын жасап баққан. Сол жылдың сарша тамызында өздерімен тілеулес 70 қарулы қаскөйлерге басшылық жасап, Кеңес үкіметінің кезекті жиылысын өткізуге кедергі келтіріп, керістің соңы кескілесуге ұласқан. Нақақтан қан төгіліп, Сырдария губерниясының өкілі Тағаев теріс ниетті топтың қолынан қаза болған. Бұл оқыс оқиғадан хабардар болған жазалаушы отряд ауыл-елді басынған бандылардың бүлігін ұясында ойрандаған соң, айбарынан айырылған Абдужалилов пен Байзақов бас аманда жан сауғалайық деп Өзбекстанға қарай қашса, Қараходжаев қапияда ОГПУ қызметкерлерінің қармағына ілініп істі болып, 3 жылға сотталып концлагерьге жіберіледі.

Бірақ, жаны сірі «тап жауы» ол бұғаудан да ебін тауып босанып қашып, баяғы мүдделестерінің соңынан Өзбекстанға жетеді. Осылайша біраз жыл байыз тапқан бұл үштік бәрібір тыныш жатпай, 1934 жылы Абдужалилов пен Қараходжаев қайтадан Қаратас ауданында бой көрсетеді. Содан салып ұрып ата мекендері – Тұрбатқа табан іліктіріп, баяғы Исмаил ата мешітіне ың-шыңсыз ишан болып бекітіліп, маңдайлары бір рет тасқа тисе де тауаны қайтпай, баяғы әуеніне қайта басып, контрреволюциялық үгіт-насихатты үдеткен үстіне үдете түседі.

Жалпы Қараходжаев пен Абдужалиловтың диверсиялық іс әрекеті кеңестік колхоз құрылысын күйретуге бағытталғаны күмән тудырмағасын, тиісті органдар бұл екі бүлікшінің басқан ізін аңдып, қатаң бақылауға алған. «Бақсақ, бақа екен» дегендей, бұл күдік шынға айналып, 1936 жылдың наурызында қатарларына бұрынғы сенімді саяси серіктері Байзақов Өтемқұл да келіп қосылады. Өзбекстаннан келе сала басқа шауып, төске өрлеген Өтемқұл Тұрбат ауылдық кеңесінің «Маданият» колхозында тұрақтап қалады. Осылайша Абдужалилов құрған контрреволюциялық топтың құрығын ұзартқан Өтемқұл молда да төңкерісшіл топтың тізгін ұстарларымен тізе қосып, террористік жоспарларын жүйелей түсіпті-міш.

Қаратастық молда-ишандардың бұл кешірілімес қылмыстарын қоюлата түсетін куәгерлер де табан астында табыла кетіп, солардың бірі – Шайсаев Ә. атты азамат 1937 жылғы 7 қазандағы тергеуде былайша түсінік беріпті:

«... Маған бұл үш «халық жауларының» жымысқы контрреволюциялық әрекеті толығымен мәлім. Абдужалилов Ғаниходжа ахун бұрынғы ауқатты бай. Исмаил ата мешітінде ишан болып аңғал елді теспей сорғанын да Тұрбаттың қара шаруалары түгел біледі. Мұсылмандық сенімге селкеу түсірмеген, жұрт

арасында танымал тұлғаға айналған тап жауы. Атақ-даңқының алыс-жақынды шарпығаны соншалықты – тіпті Ташкенттің тақуа-қажылары да бұл молданы жақсы таниды. Түгел бас ие, тағзым ете «тақсырлап» құрмет етеді.

1929 жылдың аласапыранында алдымен конфискацияға ұшырап, репрессияға ілінгенімен, қыбын тауып қашып құтылған ол Орта Азияда қашып-пысып жүріп ақыры тұзаққа түсті. Алысты болжағыш Абдужалилов жылына 4-5 рет Қаратас ауданына соғып, өз жақтастарына контрреволюциялық нұсқау-тапсырмалар беріп отырғанынан да хабарым бар. Тіпті, «қой дейтін қожа» табылмағасын білгенін істеп, әбден басынған бұл ишан Исмаил ата мешітінде имамдық қыла жүріп, ешкімнің рұқсатынсыз мүдделестерімен мәмілелесу үшін Ташкентке талай мәрте барып қайтқан.

Ал Б.Қараходжаевқа келетін болсам, 1923 жылы кәмпеске науқанында мал-мүлкі тәркіленген, өз заманында дәурені жүрген бұл дәулетті байдың 100 жылқысы, 500 бас қойы, Қаратас ауданында 3 бірдей жеке дүкені бар. Есігінен кісі үзілмей, 10 жалшыны жұмысқа жегіп, кедей ақысын жеген алпауыттың нақ өзі.

Біз білетін Байзақов сондай байлардың санатындағы адам. Сол Қаратас аймағында ауқымды шаруашылығы бар Байзақов та 12 батырақтың табан ақы, маңдай терін талай жылдар бойы пайдаланып келген қаскөй. 1929 жылы ол да кәмпескеге алғашқылардың бірі болып ұшырағанымен, репрессия салқынын сезген заматта Өзбекстан жаққа зытып кеткен. 1936 жылға дейін сол жат елде тіршілік етіп келді. 1930 жылы кедейлер үкіметі күшіне мініп, конфискация науқаны бай біткеннің берекесін алып біткенде де бұл үшеуі былқ етпей бұрынғы тірлігіне көшіп, «Исмаил ата» мешіті жамағатынан тұратын «Діндар мұсылмандар» атты жасырын контрреволюциялық ұйымын құрып, жымысқы әрекеттерін жалғастыра берген. «Дін-апиынға» еліткен елдің есін алып, қатарларына қарапайым шаруаларды да көптеп тартып, басымызға әлдеқандай күн туады деп қару-жарағын да камдап қойған.

Бұл бүлікшіл ұйымның бастапқы әрекеті:

«Коллективтендіруге кедейлер беталды қуанып күпіне бермесін. Кеңес үкіметі қалай тез құрылса, көзді ашып-жұмғанша солай тез күйрейді. Ұжымдастыру деген де болашағы жоқ баянсыз бастама. Бұл дүниеде бәрі ортақ болуы әсте мүмкін емес. Естерің болса, ортақ өгізден оңаша бұзау артық екенін ұмытпаңдар. Әлі-ақ колхозға кірсеңдер көресіні көресіндер. Әйелдерің де ортақ болып, отбасыларыңның ойран-ботқасы шығады», - деп сауаты жоқ кедейлердің арасына сыпсың таратты. Жаңа үкіметтен үміттеніп отырған батырақ атаулының үрейін ұшырған. Одан қалса, енді ғана ірге көтерген колхоздардың астық дайындау науқанына да барынша бөгет болып, 1929 жылдың шіліңгір шілдесінде өздері құрған қарулы бандылармен Қаратас ауданы аумағында кеңестік билік қызметкерлерімен қақтығысып, сол ереуілді егесте Сырдария губкомының өкілі Тағаев Райымбек райынан қайтпаған рақымсыздардың қолынан қаза болған. Жел беріп желіктірген бандылар көтерілісі қан-жоса етіп басылған соң, қалай сытылып шыққаны белгісіз, бар бүлікке бастамашылардың бірі – Байзақов бір түнде тірі жанға білдірмей Өзбекстанға өтіп кетеді. Қараходжаев болса ОГПУ қолына түсіп, 3 жылға жазаға кесілгенімен, барса келместей көрінген концлагерьден қашып шығып, ол да құшағы кең Өзбекстаннан пана тауыпты.

Қызыл өкіметтің қаһарынан қаймықпаған Қараходжаев 1934 жылы Қаратасқа қайта оралып, ауылдық кеңестің бұрынғы басшысы, бай-кулак Зияевтің бауырмашылдығымен баспаналы болып, «Исмаил ата» мешітінің имамы Канходжаевтың қарамағында еш алаңсыз бұрынғы қызметін атқара береді. Осылайша бірте-бірте мешіт билігі Бұрханның қолына басыбүтін тиіп, Абдужалиловтың астыртын тапсырмасын орындауға көшкен диверсиялық-панисламистік ұйым айрандай ұйыған елдің ынтымағын бұзып, ауызбіршілігінен айырған. Содан бермен қарай панисламистер пәрмені қарапайым колхозшыларды да коммунизм нұсқаған тура жолдан тайдырып, контрреволюциялық қоғамға жат элементтердің бұл ордасы құлашын кеңге жая түскені жұртқа да, ОГПУ органдарына да аян.

Одан қалса, айыбы көп Абдужалилов пен қара ниетті Қараходжаев заңсыз емшілікпен де айналысып, ел азаматтарының денсаулығына елеулі нұқсан келтіргені жөнінде де қолымызда нақты мәліметтер бар.

Жалпы Абдужалилов пен Қараходжаевтың контрреволюциялық қимылдарын айғақтай түсетін айыптары мыналар:

Біріншіден, бұл екеуі жамағатты күштіпешітке жиып, құран оқығанымен қоймай, өз насихаттарында үкіметке қарсы сөзді үнемі айтып отырған.

Екіншіден, діттегені басқа бұл елбұзарлар қызыл үкіметтің кейбір шешімдерін де момын шаруаға теріс түсіндіріп, советтік жүйені ішінен ірітуге жан сала кіріскен. Кіріскені сол, Торгсиннің жабылуына жаны кіре жадыраған Абдужалилов алқалы көптің алдында айылын жимай:

«Ардақты ағайын, Торгсиннің жабылатынын бір жұма бұрын аталарым аян берген түстен білдім. Демек, дәуірлеп келеді деген Кеңес үкіметінің ғұмыры қамшының сабындай қып-қысқа. Көріңдер де тұрың-дар, түп-тура 40 күннен кейін қызылдар өкіметінің қара шаңырағы ортасына түсіп, бір-ақ күйрейді. Сонда

«Күйттегенім – кедейдің қамы» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген өкіметтің мүше, өкілдерінің өзі өз қамын күйттеп, партияның алтын қорына таласып қырық пышақ болады», - деп айтып салыпты.

Тіпті, бара-бара большевиктік билікті әбден басынған панисламистер 1936 жылы Тәжікстанда болған жер сілкінісін де құдайсыз коммунистерге жіберілген Құдайдың қаһары деп қараша халықты қорқытып, көпшілікті дін исламнан, бабалар сенімінен бездірген большевиктер колхозына кірмеуге үндейді. Байы жоқ ауылдың басиесіз қалатынын, мұсылмандығынан арылған елдің арсыздыққа беттейтінін жұма сайын айтып, жұртты да сол жалған уағызға ұйытқан.

Одан қалса, өз жағдайларын түзеу үшін «мешітке көмек керек» деген сылтаумен колхозшылардан ерікті, еріксіз түрде ақша, астық жинап, бұл жұмысқа Шарбұлақ пен Тұрбаттағы өз мешіттерінің қалпелерін түгел жұмылдырған. Яғни, астарламай ашығын айтсақ, Абдужалилов бастаған араны ашылғандар батырақ біткеннің әрқайсысына 4,5 пұт астық, 8 пұт арпа, 8 пұт жүгері салық салған.

Ал, 1936 жылы Тұрбатқа келе сала-ақ Абдужалилов бастаған астыртын топтың кең шапанының шалғайына тығылған Байзақов та білгенінен жаңылмай, мешіт алдындағы жиында сағы сынған Совет үкіметінің 1929-1930 жылдардағы саясатының өзі қателікке толы болғандықтан тығырыққа тірелгенін тәптіштей айтып, батырақ біткенді бас шұлғи бермей берік бекініп, шекаралық аудандарға жаппай қоныс аударуға шақырады. Сол арада шетелдік интервенттердің келуін күтіп, көпшілік қолдамаған атеист большевиктерді ұясында тұншықтыруға болатынын бүкпесіз баяндайды. Осылайша ойындағысы болған Байзақов Өтемқұл Әзімбаев Қожамқұл деген бай-кулакпен тонның ішкі бауындай араласа отырып, Тұрбат ауылдық кеңесіне қарайтын «Маданият» кеңшарынан жаңа мешіттің ашылуына қол жеткізеді де, осынау үкімет қолдамаған ғибадат үйін салуға сол маңайда тіршілік кешетін бар колхозшыны тартады. Яғни, мектеп салуға мемлекет тарапынан бөлінген құрылыс материалдарын мешіт ғимаратын көтеруге көпшілікті көндіріп, өз дегендеріне жетіп, көңілдерін демейді. Бұл бұрыс шешімге қарсы болғандарды күні батуға таяу тұрған Совет үкіметі қайта бас көтерместей болып біржолата құлағанда, мұсылман билігі маңдайларынан сипамайтынын айтып секемдендіреді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, мен жоғарыда айтылған Абдужалилов, Қараходжаев, Байзақовтардың жосықсыз тірлігін тергеу барысында да түгелдей айттым. Айтылған сөзімнің ақиқат екеніне айғақ ретінде қолымды қоямын» [9].

Шындығына келгенде, тергеуді жүргізген аудандық НКВД басшысы Пимаковтың анықтамасы да, көрген-білгені күмәнді куәгердің осынау 4-5 беттік жазбасы да сорпасы сорғалаған жалған жала, өрмегі жиылмаған өтірік екені бесенеден белгілі.

ОГПУ қызметкерлері тізеге басып, тәубесіне келтірсе де, қоқан-лоққы көрсетіп қол қойғызса да, дегеніне жеткендері анық.

Одан бөлек, Қаратастық молда-ишандардың бұл ісіне кезекті бір куәгер Есінбаев У-дың да улы мәлімдемесі қоса тігіліпті. Оқиық.

«... Ғаниходжаның ірі шонжар, Бұрханның бақуатты бай-саудагер екені баршаға мәлім. Төңіректегі елден тиын сауған бұл саудагер өзінің жекеменшік 2 дүкенінде азық-түлік пен ет сатып, ел үстінен күн көріп әбден дәндеген. Ал Өтемқұлға келсек, байлығын малданып, бұрынғы өкіметтің тұсында атқамінер болып ауыл-елді уысында ұстаған кісі.

Бұл үшеуі кәмпескенің кезінде колхозға қарсы елді көтеріп, Ташкенттен келген Ханходжаев Мүбәрак ишанды алдыларына салып қарулы тобырды қызыл өкіметпен күреске салған көзір контралар. Сол үшін кезінде сазайларын тартса да сабаларына түспепті. Осы үркердей үшеу «Исмаил ата» мешітін қалқалап, қалың бұқараны соқтықпалы, соқпақты жолға салып, контрреволюциялық үгітті Өзбекстаннан келгесін тіпті үдетіп жібергені жұрттың жадында.

Біздің ел билеген кейбір коммунистерде де ес жоқ. Мысалы «Маданият» колхозының председателі Үркінбаев үркіншілік кезде елден безіп, заман тынышталған 1936 жылы Ташкенттен Тұрбатқа қайта оралған Өтемқұл молданың құрметіне ауылда үлкен ас берді. Сол аста елдің алды болып сөз алған ишан өзін НКВД қызметкерлері нақақтан-нақақ қамауға алынғанына жиылған жұртты түгел иландырып, түптің түбінде бұл төңкерістен қара қазаққа титтей де пайда жоқтығын жасырмай жеткізіп, болашақта исламға сүйенген іргелі мемлекет орнағанда орыс бастаған большевиктердің бұл елден біржола қарасын батыратынын баса айтты.

Ал, 1937 жылы Байзақов тағы бір бүлікті бастап, ауыл еңбеккерлерін жаңа мешіт салуға жаппай жұмылдырып, көнбеген кейбір телі-тентекті ақырет күнімен қорқытып, «Құдайсыз курай да сынбайды» деп колхоз жиналысында жағы сембей совет үкіметін жамандауын қоймады» [10].

Бұл екі еңбекшінің жазбасы аз болғандай, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай қылған тағы бір қаралаушы куәгер Ергашев Х. 1937 жылы 8 қазанда берген жауабында былайша сайрапты:

«... Бұл үш бай-ишанның конфискацияға ұшырап, елден қашып, қайта оралып жүрген тұстағы былық-

шылығына толық тоқталмай-ақ төтесіне тартып, турасына көшсем, Өзбекстаннан өз ауылым деп өзеурең келген ишандар «Исмаил ата» мешіті мұрасына қалғандай өз иелігіне көшкенде, көппен санас-пай, саяси репрессия сүргінінен жан-жаққа бас сауғалап бытырап қашып жүрген ауыл-ауылдың бұрынғы ишан-молдаларының бәрін шақырып, басын қосып, кәдімгідей күшке айналдырды. Дін үшін жаны егіле күйгенсіп, жұрт ұйқыға жатқанда жақтастарын жасырын түрде мешітке жиып, мемлекетке қарсы агитация жүргізді. Сондай саяси сауаты барларды секем алдыратын жиында олар жаңа үкіметпен өліспей беріспеуге құран ұстап ант беріп, жаңа қоғамның жаңалықтарына үрке қарады. Айғақтай сөйлеп, ашығын айтсам, ел ішінде ауру-сырқау көбейіп, жоғарыға өтініш жолданғасын алақандай Тұрбат ауылында 1935 жылы алғашқы медициналық пункт ашылған болатын. Тәжірибесі мол дәрігер маман да ауданнан арнайы жіберілген тұғын. Сөйтсе де бұл емдеу орнына елдің ықыласы ерекше болды дей алмаймын.

Оның бәріне кінәлі – әлгі әккі ишандар. Олар кәпірден ем-дом іздеген жанның жұмаққа бармайтынын жұртқа жұмбақтап түсіндірген соң, медициналық пункттің есігін ашқан жан болмады. Науқасы жанына батқандар, кеселі мендегендер – бәрі түгел сол молда-ишандарға жүгініп, дем салдырып дауаланғасып, ішірткі ішіп індеттен құтылғансып далбасалап жүрді. «Аңқау елге – арамза молда» деген осы, надан халық мешіттің алдын бермей, ишандарға көрінуге күніне кем дегенде 10 колхозшы келетін болды. Аталған үш молда елді заңсыз үшкіріп емделенсігенімен қоймай, өздерінің түпкі мақсаттарын да тасада ұстамай, төңкеріске қарсы ашық агитацияны жүргізіп отырды.

Әсіресе, өз сеніміне елдің басын дуалап кіргізген Қараходжаев түсінде Кеңес үкіметінің келмекке кеткенін жиі көретінін жұртқа жария етуден еш жалықпайтын. Оның дінге сенушілер арасында тұлғаға айналып, танымал болғаны сонша – аузынан шыққан әрбір сөзді шындық көріп қағып алғандар шып-шырғасын шығармай қаз-қалпында колхозшылардың құлағына құйып отырды.

Осылайша қарапайым колхозшылар арасында да советке қас саяси надандардың қарасы бой көрсете бастады. Мысалы, 1936 жылы аймақтағы ұлтшылдық-панисламистік ұйымының көсемі Қараходжаевтың тапсырмасымен Абдужалилов ахун Тұрбат ауылдық кеңесінің мұрабы Азизов Халпені азғырып, мақта суару кезінде алқапқа суды әдейі үзіп-созып аз жіберуге көндіріп, колхоз жұмысын кері кетірген. Кедергі болар кісінің жоқтығына көзі жеткен молда мақталы алқапқа қарай ағып бара жатқан бір арық суды жолдан бөгеп, өз бақшасын емін-еркін суғарған. Осылайша ол төңкерісшіл топтың тапсырмасын мүлтіксіз орындап, мемлекет пен колхозға орны толмайтын орасан шығын келтірген. Мақтаның өнімін де күрт түсіріп көңілі көншігені мұрап Азизовты тиісті орындар қысым мен тергеуге алып жүз түгел мойындатқасын-ақ мәлім болды.

Айтпақшы, ауылға Өзбекстаннан Байзақов молда келгеннен кейін контрреволюциялық ұйымның жұмысы жандана түсті. Жоғарыдағы куәгерлер анықтап айтқан «Маданияттағы» мешіттен бөлек Байзақов «Өрнек» т.б. секілді колхозшыларда да жаңа мешіттердің бой көтеруіне мұрындық болып, коммунизмге қастығын сөзімен де, ісімен де дәлелдеп: «Көп ұзамай сендер сенген Сове үкіметінің жары-ғы сөніп, кең байтақ Қазақстанда бұржуазиялық мұсылман мемлекеті орнайды. Соған бәріміз сақадай сай болайық. Бұл – уақытша қиындық. Қуғын-сүргіннен қорықсаңдар, тайлы-тұяқтарың қалмай Өзбекстанға көшіндер. Онда мешіт те орнында, молдаға ұйыған мұсылман да көп. Жырақтау болса да исламға сенген иманды жұртқа ол жақта жақсы өмір бар...», - деп жұрт арасына жік салды» [11]. Құпия архивте күні бүгінге дейін мұрты бұзылмай сақталған аталмыш жасанды қылмыстық істің жай-жапсары осындай.

Осылайша ойдан қосылған, яғни қысыммен жазылған куәлардың ант-су ішкен ақтық жазбасына сүйенген сот көпке созбай-ақ мынадай қорытындыға келеді:

«... 1917 жылдан тұтқындалғанша контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның сойылын соққан Тұрбаттық тақуалар аймақтағы Сүлеймен молда, Гүлтөрехан мен Насырхан Ишанхановтар секілді ірі дін өкілдерімен астыртын сөз байласып, өз ұйымына молда-ишандарды топ-тобымен тарта берген. Нақтырақ айтсақ, 1923 жылы бұл террористік топтың қатарына Нұрматов, Құдайбергенов, Халанзаров Өмірәлі, Божаяв Усман, Абдіразақ, Мусамат, Бабашев Ниязғали, Омар, Валиев Омар, Муллаватаев Мырзаәділет, Сүлеймен, Райымқұл, Нажмеддинов Құтбетдин т.б. молда-ишандар қосылса, 1928 жылғы байларды кәмпескелеу науқанында ұйымның жұмысы сәл саябырлап қалғанымен қысқа мерзімде панисламистер тобын Мылтықбай, Төлеуімбет, Бекбосын, Бекіш, Тұрғымбай, Тәттімбай, Бекетбай, Беделбай секілді молда-ишандар толықтырған.

Одан әрі Нұрмағамбет, Тасмағамбект имамдар да тізе қосып тоаптың қарасын көбейтіп, 1934 жылы Ташкентте Мақсұт, Снат, Хадырхан молдалар, 1935 жылы Закиртөреев Ғұлямтөре, Закиртөреев Ақылтөре, Абдиллах, Шанбабахан, Абдуллахан, Ғанихан (Ғани қожа, Ғани ишан деген де атпен көпке аян) т.б. көптеген молда-ишандар контрреволюциялық ұйымға саналы түрде бас сұғып, Совет үкіметіне қарсы ашық және астыртын ымырасыз күресін жүргізгені үшін қатаң жазаланады» [12].

Әрине, Қаратастық молда-ишандардың бұл қасіретті тағдыры, талайлы өмір жолы еліміздегі барша дін өкілдеріне де тән болды десек, ақиқаттан алшақ кетпейміз. Өңір мұрағаттарында да кеңестік дін саясатымен қуғындалғандар жайында мәліметтер мол. Мәселен, Шымкент қаласына қарайтын бір ғана Қақпа қыстағындағы молдалар турасындағы біз түзген толыққанды тізімде 35 ишанның аты-жөнін тәпсірледік. Яғни, саясат дауылының, ғасыр дүрбелеңінің құрбаны болғандар құдай жолын қалағаны үшін алдымен хақысыздар санатына ілігіпті [13]. Қараңыз:

	Әкесінің, өзінің аты	Жасы	Барлық жаны	Қайда тұрады	Қай уақыттан бері хақысыз болған	Не себептен хақысыз болған
1	Мұхтұржан Сұлтанұлы	40	4	Сайрам бекер	30-31	Ишан, саудагер
2	Тұрымбет Ырсыметұлы	61	8	Сайрам бекер	28-29	Мешіт молдасы
3	Селмон Насыралыұлы	70	7	Ташкент	28-29	Ишан, саудагер болған
4	Зәкірхан Әбдікәдірханұлы	27	3	Ташкент	30-31	Ишан, саудагер, кісі күшінен пайдаланған
5	Морхан Зәкірханұлы	26	5	Ташкент	30-31	Ишан, саудагер, кісі күшінен пайдаланған
6	Смайлхан Момытханұлы	43	7	Опись болған	27-28	Бай, кулак, ишан
7	Құланқожа Нышанқожаұлы	68	4	Ташкент	27-28	Ишан
8	Ешен Қожайұлы	48	8	Ташкент	28-29	Ишан, қожа-молда
9	Бірланбай Бірханұлы	68	6	Ташкент	28-29	Делдал саудагер, дамолла
10	Құрбанқожа Салымсақұлы	45	6	Ташкент	28-29	Ишан
11	Аппасхан Надірханұлы	32	4	Ташкент	28-29	Ишан баласы, адам жалдаған
12	Табысхан Нәдірханұлы	38	4	Ташкент	28-29	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
13	Ташқожа Кәдерқожаұлы	35	7	Ташкент	28-29	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
14	Мұбарак Қашқанұлы	28	9	Ташкент	28-29	Ишан
15	Ақрамхан Қашқанұлы	36	5	Ташкент	28-29	Ишан
16	Сұлтанхан Қашқанұлы	33	4	Ташкент	28-29	Ишан
17	Ахметжан Медмержанұлы	45	8	Ташкент	28-29	Ишан, молда, кісі күшінен пайдаланған
18	Ергеш Әлқошұлы	34	6	Ташкент	28-29	Ишан, молла, кісі күшінен пайдаланған
19	Тұрметмаксұм Рысметұлы	43	8	Ташкент	28-29	Ишан, дамолла, кісі күшінен пайдаланған
20	Сейітжан Омарқожаұлы	35	4	Ташкент	30-31	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
21	Құлмат Мадырайымұлы	47	-	Ташкент	30	Дамолла болған
22	Сартқожа Қазықожаұлы	37	-	30	Ишан мүрит атанған
23	Айымхан Ғниязқанұлы	65	-	Ташкент	30	Ишан мүрит атанған
24	Тасқожа Әбдіжаппарұлы	32	-	Ташкент	30	Бай-кулак, ишан болған кісі
25	Ғабдірахман Исламұлы	53	-	Ташкент	30	Дамолла, ишан болған кісі
26	Момынғазы	39	-	Ташкент	30	Дамолла, ишан

	Қасымұлы					
27	Бадалхан Кұрбанқұлұлы	62	-	Өлген	30-31	Бай, дамолла болған, кісі күшінен пайдаланған
28	Сәбитқазы Халқожаұлы	70	-	Ташкент	30-31	Ишан мүрит болған
29	Мірсағ Дамоллаұлы	29	-	Поселкада	30-31	Дамолла, кісі күшінен пайдаланған
30	Мусақажы Асқарұлы	57	-	Өлген	29	Ишан болған
31	Әлжаман Исламұлы	55	-		29	Дамолла болған
32	Әлімхан Сайдақбарханұлы	60	-	Ташкент		Ишан болған
33	Яқұпжан Юсүпжанұлы	38		Ташкент		Дамолла, ишан
34	Әбілқасым Ахметқожаұлы	50		Ташкент		Дамолла
35	Ариоқан Башшаюсүпұлы	60		Ташкент		Саудагер, ишан

Яғни, 1927-1931 жылдары саяси репрессияға ұшыраған бұл молдалардың жас шамасы да әртүрлі. Кейбір қазы-хазіреттердің жасы жалындаған 25-26-ларда болса, азапты ғұмыр кешкен ахундардың алды 70-тен асып кеткен ақсақалдық жаста. Олардың өзі туралы ғана емес, жанұясындағы жан саны да түгел-дей тәптіштеле жазылғанына қарағанда, қуғын-сүргін қасіреті олардың отбасын да ойрандағаны анық.

Жалпы осы шағын ғана Қақпа ауылындағы сайлау еркінен айырылған хақысыздар тізімін байыппен шола отырып, мынадай байламға тоқтауға болады:

Біріншіден, бұл репрессияның алғашқы толқынына ілінген діни ілім иелері жосықсыз қуғындаудың, себепсіз сүргінге ұшыратудың қарқынынан қорқып, кір жуып, кіндік кескен өлкесінен амалсыздан ауған. Яғни, 35 ишанның саяси сүргін тұсында бірі ғана Алланың ажалымен бақилық болса, қалғандарының қасіретті тағдыры қара ниетті адамдардың қолымен шешілгені күмән тудырмайды. Өйткені, осынау ишандардың екеуі ғана Сайрамда тұрақтап қалса, қалғанының бәрі Ташкентте тұтқындалғанына қарап-ақ қызыл үкіметтің құрығы ұзын болғандығын болжауға болады.

Демек, «ишан, саудагер, мешіт молдасы, кісі күшінен пайдаланған, бай-кулақ, делдал, дамолла, мүрит» саналып, саяси себеппен сотты болғандарды бүгінгі бостан дәуірде басыбүтін ақтаудың маңызы зор.

Тағы да мұрағат құжаттарын сөйлете отырар болсақ, Сұлтанрабат ауылындағы 1932 жылғы ауқат-тылар тізбесінде де үш ишанның түсі, есім-сойына ерекше тоқталып, қызыл қаламмен ерекше белгілеп қойыпты [14].

	Өзінің, әкесінің аты	Барлық жаны	жасы	Қайда тұрады	Қашан қақысыз болған	Не себептен қақысыз болған
1	Сопыөзез Қайыпөзезұлы	3		Шымкент	1929 ж.	Бай-кулақ, имам болған
2	Жұмабай Жолдашұлы	4		Ташкент	1929 ж.	Бай, ишан
3	Әбдірахман Әбдіхалықұлы	4		Ташкент	1929 ж.	Имам

Дегенмен, Сұлтанрабаттың бұрынғы бай һәм имамы Сопыөзездің кейінгі тағдыры, Ташкенттен пана тапқан Жұмабай ишанның жұмбақ өмірі, қызыл тасборанды үдеткен өкіметтің өктем саясаты мен тағдырдың өкпек желінен шошып, Өзбекстанға өтіп кеткен Әбдірахман молданың т.б. сол сияқты дін қызметкерлерінің қуғындалу қасіреті әлі де болса байыппен зерделеуді, кеңірек қарастыруды қажет ететіні де күмәнсіз.

Ал, Қарабұлақ қышлағындағы хақысыз ишандар тізіміне енген Әбдірахим Тойшыбекұлы, Ташмат Исраилұлы, Мәлікжан Мырзабайұлы, Ибраһим Нышанұлы, Исраил Имамұлы, Маманияз Әлиметұлы, Мырзаәулет Ботаұлы, Гүлтөрехан Ишанханұлы, Моланай Нұрмұхаммедұлы, Молдаөмір Тәшметұлы, Атахан Рысбайұлы, Құдайберген Халметұлы, Әбдіғани Анарматұлы, Сүлейменқажы Юсупәлиев, Атанияз Тоқтарұлы, Мүтәл Артықбайұлы, Әбділлә Өмірұлы, Дәйімқұл Хәйтекұлыларының да тең жар-тысы қамаққа алынып, қалған жартысы жан сауғалап қашып, тоталитарлық билік елді иманға ұйытқан ислам ғұламаларының, дін қайраткерлерінің тоз-тозын шығарып, өмірін тозаққа айналдырған [15].

Одан бөлек, 1930-1931 жылғы сайлау еркі жойылған бай-кулактар және молда, ишан, саудагерлердің санатына қосылған Жолдас Тәжіұлы, Нұролла Әлияқбарұлы, Ескендір Аққұлыұлы, Кенжебай Жамантайұлы, Мәметқан Әдіпұлы да бірі байдың баласы, қазы, мешітке имам болғандығы, кедей еңбегін жегендігі, кісі күшінен пайдаланғандығы, әкесінің жолын қуып, ишандықты таңдағаны үшін сотты болып, сүргін көрген.

Сонымен қатар, Сырдария губениясы, Түркістан уезі, Жаңақорған болысының 7-ауылдық кеңесіне қарайтын 1927 жылдың 21 қаңтарында жазылып, сайлау, сайлану құқықтары жойылып, жаппай жазаланған Шәмші Рахметоллаұлы, Жағда Сырқожаұлы, Жүніс Қосжанұлы, Нұрша Оспанұлы, Әбдіраман Тәжіұлы, Исақан Рахманбердіұлы, Ибраһим Дидашұлы, Бабахан Нұрметұлы, Моллашүкір Бәйішұлы, Ғабдіғалим Ғабдірахымұлы, Ермет Тұрсынбайұлы, Молладос Нөпірұлы, Ибраһим Хасенқожаұлы, Тәжібай Байқуанышұлы секілді қазақ-өзбегі аралас молда-ишандар да дәстүрлі дін өкілі ретінде үкімет тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Десе де, оларға қатысты қылмыстық істің қаулы-қарарлары, үкім-шешімдері табыла қойған жоқ [16].

Бұл тақырыпта біз саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның осынау ұлт тарихы үшін қомақты олжа саналатын ортақ іске сүбелі үлес қосып жүрген осынау комиссия құрамындағы барлық жұмысшы топтардың ауқымды істі артқырып жатқандығын да айтуға тиіспіз.

Мысалы, Түркістан облысы және Шымкент қаласы аймағында саяси репрессияға ілінген молда-ишандардан 107 азамат анықталса, оның 76-сы ислам дінінің өкілі, 31-і христиан дінінің өкілі екен. Аталынған 76 ислам діні өкілінің 19-ы нақты Шымкент қаласының тумасы.

Дәйектей түсер болсақ, Шымкент қаласынан 19 ишан, Түркістан қаласынан 9 молда, Арыс ауданынан 5 ишан, Бәйдібек ауданынан 3 имам, Келес ауданынан 9 молда, Қазығұрт ауданынан 2 имам, Мақтарал ауданынан 5 ишан, Отырар ауданынан 3 ишан, Түлкібас ауданынан 2 ишан, Сайрам ауданынан 6 ишан, Созақ ауданынан 4 ишан, Қызылорда облысынан 1 ишанның аты-жөні, атқарған қызметі анықталып, ақтауға ұсынылған.

Қорыта айтқанда, кенестік кезеңдегі дін өкілдеріне қарсы озбырлықты, шектен тыс қуғындау саясатты мынадай үш кезеңге бөліп зерделеуге болады:

1. 1924-1926 жж. Дінге қарсы ұйымдардың көптеп құрылып, атеистік идеологияның қарқын алуы;
2. 1927-1928 жж. Халықты діннен бездіру арқылы құдайсыз қоғамды насихаттаудың нақтылы жоспармен, меже-міндеттермен жүзеге асуы, дін өкілдеріне саяси қысым көрсету анық түрде көрініс табуы;
3. 1929-1932 жж. Дінге қарсы жұмыстардың жүйеленуі, молда-ишандарды репрессиялауды алғашқы жоспарды артығымен орындау.

Алайда, жоғарыда аталған мемлекеттік комиссияның жемісті жұмысының нәтижесінде төмендегі кестедегі 3 ишан-молда да бүгінде ақтауға ұсынылып отыр [17].

№	Құрбанның аты-жөні	Ақталған	Ақталмаған
1.	Атаходжаев Азизхан		+
2.	Хабидуллаев Нахиб		+
3.	Насуруллаев Шайхоислам		+

Ақтауға ұсынылған бұл құрбандар қатарындағы Атаходжаев Азизхан, Хабидуллаев Нахиб, Насуруллаев Шайхоислам секілді өңіріміздегі дін өкілдері кезінде азизляр, бірі нахиб, бірі шайх болғаны үшін сайлау құқығы шектелген екен.

Аталған 3 азамат Түркістан қаласының тұрғындары болған және дәстүрлі дін өкілі ретінде қызмет атқарғандығы үшін үкімет тарапынан саяси қысымға ұшыраған. Бұл 3 ишан ақталғандар тізімінде бұған дейін кездеспеген. Әзірге қылмыстық іске қатысты қаулы-қарар, үкім-шешімдері толық болса да, зерттеу жұмыстарын жалғастыру барысында біраз шындықтың беті ашылатыны анық.

Ал, 2 ақталған, 1 ақталмаған ишан-молдалардың ішінде біздің назарымызды аударған – Әзербек ишан. Әзербек ишан заманында молда да болған, жалшы да жалдаған, емшілігі де бар ел естісі. «Адам оқыған.

Қазір колхоздың малын сойдыруда. Мысалы, Тұрлыбекұлының 1 ешкісін сойдырған (1931 жылы кәмпескеленген)» деген жаламен жаза тартыпты.

Сондай-ақ, ақтауға ұсынылған Жолдас Тәжіұлы байдың баласы, өзі қазы, мешітке имам болғаны себепті, Нұрлла Әлияқбарұлы да молда, мешітке имам болғаны, кедейлерді жегені үшін, Шәмші Рахметоллаұлы, Жағда Сырқожаұлы да ишандығы себепті, одан бөлек, Жүніс Қосжанұлы, Нұрша Оспанұлы, Әбдіраман Тәжіұлы, Исақан Рахманбердіұлы молдалығы үшін мемлекет қырына ілініп, сайлау құқығынан айырылып, қиямет ғасырының құрбанына айналған азаматтар.

Дінге қарсы ымырасыз күресте құдайсыздар ұйымының белсене қызмет атқарғаны да белгілі. Бұл ұйымға партия басшылығы жылдық жоспар бойынша сол өңірдегі тұрғындармен кездесулер кездесулер ұйымдастыруға ұйытқы болып, жастарды дінсіздікке баулуға арнайы лекциялар да оқытылып тұрды. Яғни, өскелең ұрпақты атеистікке үндейтін оқулы, кітаптар көпшілікке қолжетімді болып, ұлттық сана лайланды, діни сенім күресінге тасталды.

«Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» мәліметтеріне сүйенсек, партия жетекшілері дін істері бойынша көптеген жиындар шақыртып, хаттамалар толтырып, дінге қарсы күрес мемлекеттік масштабта жүзеге асырылды. Имам, ишан-молдалардың туған-туыстары партия қатарынан шығарылып, үкімет дәстүрлі дін өкілдерін олардың үрім-бұтағын сайлау құқығынан шектеп, қоғамнан шеттетуге барын салды.

Қысқасы, үкімет тарапынан түрлі қысымдар көрген өңірдегі молда-ишандардың дені амалсыздан Өзбекстанға бас сауғалап қашуға мәжбүр болған. Қашып үлгермегендері тұтқынға алынып, жер айдалған, бірқатары атылған. Алайда, олардың нақты аты-жөні, толық саны әзірге беймәлім. Өйткені, Кеңес үкіметі қызметкерлері аталған адамдарға қатысты деректерді ақтауға құлықсыз болған сыңайлы. Сондықтан, өңіріміздегі дін өкілдері, діни оқу орындары, молда-ишандарды жаппай жазалау үдерісі әлі де болса тереңдете зерттеуді, індете ізденуді керек ететіні айдан анық.

Өңіріміздегі молда-ишандарды репрессиялаудың белең алған тұсында Кеңес үкіметі де діни ахуалды бақылау жұмыстарын мейлінше күшейтіп, соларға қатысты мәліметтер мен құжаттар құпия түрде қатталып отырды. Солардың бірі – Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архивінде сақталған Шустровтың мәлідемесі. Шенді Шустровтың шегелеп айтып, шып-шырғасын шығармай баяндауы-на қарағанда, Алматыда қарапайым шаруаны ақырзаманмен қорқытқан молда-ишандар мен поптар қала-лық кеңеске тіркелмей-ақ мешіт пен шіркеу жұмысын жанданыра түссе, Сталин колхозының тұрғындары ораза күні жүз түгел жұмысқа шығудан бас тартқан.

«Қызылордадағы жағдай мұнан да сорақы. Діншілдердің есіргені сонша – кейбір колхоздарда ораза мейрамы ерекше тойланып, Сұлутөбе МТС-ында сүндетке отырғызу рәсімдері де салтанатпен өткізілген. Сол аймақтың христандары да олардан қалыспай, шіркеу мен оның қақпасын жөндеуге жұрттан ыңшыңсыз 2000 сом жинап алып, діни агитацияны үдете түскен.

Кейбір кеңестік қызметкерлер дінге қарсы күресте қырағылық танытудың орнына, өздері де өртке дем беріп өршітіп, өкіметке қарсы өрескел тәртіп бұзғандарын байқамағанып қалған. Сондай советтік жүйеге қас қызметкерлердің бірі, Түркістандағы «Еңбекші» артелінің председателі, коммунист Якуба өзі бас болып, шайханада ораза айтын кең көлемде атап өтіп, осынау шарада ұлт-аспаптар оркестірін де ұйымдастырып, шектен шыққан.

Ал, Келес ауданындағы «Тұрар» колхозында молдалар ығына жығылған жұрттың жәрдемімен жергілікті мешітті жөндеп алса, Қазалыда да бостандық сүйегіш большевикті алаңдатарлық жағдайлар орын алған. Белгісіз біреу пошта жәшігіне:

«Құрметті жамағат! Қиырдағы Иерусалимде таңғы намаз үстінде таңғажайып жайт болып, иманға ұйығандарға Жаратқанның даусы естіліпті. Дінсіз коммунистерге ерсендер, Құдайдың қаһарына ұшырайсындар! Тәубеге келіп, мінәжат етсендер аман қаласындар. Ол үшін осы жазбаны он данаға жеткізіп, құдайы көршілеріңе таратындар!» деген хат қалдырып, ашық арандатушылыққа барған[18], - деген Шустровтың шымбаға батар сөзінен соң жергілікті билік шұғыл шараларды қолға алып, дін насихатына тосқауыл болуға шындап кіріскен сыңайлы.

Яғни, атеистік саясатты айна-қатесіз жүзеге асырушы билік орыстілді және қазақтылді ортада ел арасына «Шіркеудің шибөрілері буржуазияшыл-ұлтшылдармен ауыз жаласып, сатқындығын сәт сайын байқатып отыр. Олар «халық жаулары» – иуда Троцкиймен және Бухарин дейтін итпен бірлесе одақ құрып, шетел барлауының тапсырмасын түгелдей орындауда. Сөйте тұра жазасыз қалуы қалай?! «Өгізге туған күн бұзауға да туады», қазақтар сендер де қам қылыңдар. Бұл қолы қанға бояған дінді жамылған жаулар Қазан төңкерісінен соң бақытты өмірге енді ғана батыл қадам басқан қазақ халқының да болашағына балта шабудан еш тайынар емес.

Сталиндік Конституцияны кедейлерге теріс түсіндіруге тырысып баққан бұл бақай есепті төңкеріс-шіл

топтың мұнымен тоқтамай, тарих доңғалағын кері айналдыруды көксейтіні күн сайын әрекет-пиғылдарынан көрініп те тұр. Сондықтан, совет кедейлері, оянындар! Айналаға ойлы көзбен қараңдар. Большевиктік қырағылықты күшейтіндер! Молда, поптар бастаған әккі жаумен күресте, антикеңестік ұлтшыл-фашистік бандылардың басқан ізін аңдындар!» деген сипаттағы түрлі үнпарақтар мен үндеулер таратып, мынадай қатқыл шараларды қолға алған [19]:

1. Дінге қарсы оқулықтар мен әдебиеттерді орыс және қазақ тілдерінде кең көлемді тиражбен баспадан шығарып, бұқараға тегін тарату.

2. Облыс пен аудан орталықтарында шеттегі шопан ауылдары мен ірі қалаларда 10 күндік дінге қарсы курстар ашып, оның жұмысын ұдайы бақылауға алу.

3. Маркс, Энгельс, Ленин, Сталиннің дін туралы және онымен ымырасыз күрес жайындағы елеулі еңбектерін еңбекші халыққа тиісінше тарқата насихаттау.

4. «Антирелигиозник», «Безбожник» журналдарының әр санының жұрт қолына тиюін қатаң қадағалау.

5. Ұлтшыл-фашистердің арбауына ілігіп, баспасөзде басы артық әңгімеге жол берген Түркістандағы, Қызылқұм мен Түлкібастағы, Мирзояндағы кейбір партиялық газеттердің жарияланымдарын қатаң сүзгіден өткізу, т.б.

Осындай атеистік бастамалар көпшіліктен қолдау таппаса да, дінге қарсы лекциялар, колхоз кеңесінде баяндамалар оқылып, үгіт-насихат жұмыстары барактарда, жатақханаларда жұмысшылар мен шаруалар отбасында жүргізіліп, түрлі мекемелерде құдайсыздар бұрышын ұйымдастыру міндеттелініп, дінге қарсы көрмелерге келушілер көбейіп, радио мен кинода да осы бағытта біржақты хабарлар үзіліссіз беріліп, көркемөнер шеберлерінің кеші де молда-ишандарды келемеждеуге арналған карикатураларға толды.

Мұның ақыры 1937 жылға қарай жаппай қаралауға, кінәсіз қудалауға ұласты. Архив қорларында бұл турасындағы мәліметтер де аз кездеспейді. Мысалы, облыстық халық ағарту бөлімінің басшысы Плеваконың обкомның мектеп бөлімінің меңгерушісі Абдуллахатов жолдастың назарына ұсынған қызметтік хатында мынадай жолдар бар екен:

«... Шымкенттегі мектеп оқушыларының арасында жұрттан жасырынып мешітке баратындар, шіркеу жағалайтын жастар барлығы жайында бұдан бұрын да дабыл қағылған еді. факті де бар. Айталық, Киров атындағы білім ошағының бесіктен белі кеше ғана шыққан 6 класс оқушысы өзі мешітке барғанымен қоймай, құдайға сенбейтін сыныптастарын да өзіне ілесуге қолқалаған.

Ал, Лапшин атындағы мектептің буыны бекімеген, білімі толыспаған бір топ есерсоқтары мектеп есігіне фашистік мазмұндағы мәтіндер жазу үстінде қолға түскен. Анық-қанығына әлі көз жеткізген жоқпыз, бірақ білетіндер осы мектептің өзбек-қазағының балалары ата-аналарының қолдап-қуаттауымен құрбан айтты қуанышпен қарсы ала тойлаған.

Сондай-ақ, Мирзоян ауданындағы Октябрь колхозының дұнған мектебінің шәкіртінің сабақтан соң мешітке барып ғибадат етіп жүргенін осы мектептің мұғалімдері Мусин мен Ивашенко естісе де естімеген сыңай танытып, көрсе де көрмегендей болып, жауырды жаба тоқып, іштен тынып жүре берген. Тек төбеден тексерушілер келіп екі аяғын бір етікке тыққанда ғана «қорыққан бұрын жұдырықтайдының» керін келтіріп, «мұндай жағдайы мүшкіл, мүмкіншілігі жоққа тән колхозда дінге қарсы жұмыс жүргізу мүмкін емес» деп диірменнен бүтін шыққан бидайдай сытылып кеткен.

Ежелден ескішілдіктің, бағзыдан діндарлықтың бесігі болған Түркістандағы ахуал тіпті мүшкіл. Осы аймақта Әзірет сұлтан кесенесінің барлығы да көпке кесірін тигізіп жатыр. Тарихи жәдігерді миссионерлік мекеніне айналдырып алған молдалар діни наихатын талмай жүргізіп, «төр менікі» деп талтаңдап жүр. Пітір-садақа жинау, зекет берудің де тыйылар түрі жоқ. Жұдырықтай жұмылып, бұл сенімнен жұртты жерітудің орнына ағарту саласының серкелері алдарындағы ат төбеліндей азғантай оқушыға коммунизм нұсқаған дара жолды тауып бере алмай, молда-ишанның айтқанын екі етпей, «құп, тақсырлап» құлдыраңдаудан аса алмай жүр. Тіпті, одан да өткін өрескел қателік жіберген мұғалімдер де бар арасында. Мәселен, Түркістан ауданындағы мұғалімдерді аттестациялау науқанында білігі төмен бір ұстаздың әкесі кенеттен қайтыс болғанда, жаназа мен жерлеу рәсіміне төңіректегі молда атаулыны түгел жинап, үш күн аза тұтып, мектептегі сабағын адыра қалдырғаны анықталып отыр.

Жайымен жылжып Қаратас ауданының тыныс-тіршілігіне де тоқтала отырсақ, молда-ишаны көп бұл аймақтағы ахуалға алаң көңілмен қарап, аудандық білім бөлімінің басшысы Қайназаровқа хат жолдап, телефон да соғып, молда-ишандар туралы мәліметтерді сан мәрте сұрағаныммен, жайбасарлық жар бермеген, немкеттілік ниетін бұзған басшы күнді күнге жалғап, ол ақпарды беруге асықпай отыр. Себебі де белгілі. Таяқтың бір ұшы өзіне тиетінінен өлердей қорқатын ағарту сақшысы ауданда бір емес, бірталай ағаттыққа жол беріп алған. Біздің білетініміз, ауданда бірқатар жаңа мешіттер салынып, кей мектептердің бүп-бүтін ғимараты мешіт меншігіне беріліп кеткен. Білмейтініміз қаншама...

Мұндай жаға ұстататын жағдайлар Мақтарал ауданында да мол. 20-21 ақпанда «Қызыл күншығыс» колхозының еңбекшілері 1935 жылғы өздері соққан мешітке жиналып алып, құрбан айтты атап өткен. Сол жерде «көп түкірсе – көл» деп жұрттан 1,5 мың сом ақша жинап молдаға қолма-қол тапсырған. Сол қаражат

тиынына дейін мешіт құрылысына жұмсалып, ғибадат үйі күрделі жөндеуден өткен» [20].

Ары қарай айта түссек, Қызыл ту ауыл советіндегі «Мақталы» колхозының осы күнгі балалар бақшасы тұрған үйді босатып алып, мешітке айналдырған. Сондағы дәлелі, «бұл үй бұрын мешіт үшін салынған еді» дейді.

Мақтаарал ауданында бұл сияқты халықты діншілдік жолына түсіру үшін жүргізіліп жатқан теріс үгіт-әрекеттер өте көп. Халықты совет үкіметіне қарсы қоюға жанталасып, мешіт салу істерін күшейткені үшін Трудовосток ауыл советіндегі «Фрунзе» колхозы мен «Қызыл күншығыс» колхозынан екі молда ұсталып, тұтқынға алыныпты.

Дін іспетті ірі қадамдардан кейін діншілдікпен күрес қоғамдық сипат алып, Түркістан қаласының әкімшілігі 1936 жылы қалалық шіркеуді күштеп жауып, «Құдайдың үйіне» құмартқан жұртты қуып таратып, шіркеу заттарын, мешіттер мүлкін түгелдей тәркілеген.

Осы оқиғадан 3 жыл өткенде, яғни, 1939 жылы 1 наурызда облыстық жауынгер құдайсыздар союзының 1 конференциясы да ерекше белсенділікпен өткізіледі. Конференция бір дауыспен президиумға Сқақов, Мельников, Гольдинберг, Жұмабаев, Сарсембаев бекітіледі. Жарыс сөзге шығып сөйлеушілер арасында Қасымханов:

«Біздің алда міндеттеріміз үлкен, дінге қарсы үгіт пропаганда жұмысы туралы съезге жасаған Молотов жолдастың тезисінде көптеген жеткендік берді, атап көрсетіп айтты дегенмен, біздің Оңтүстік облысымызда көптеген кемшіліктер бар, әсіресе, дінге қарсы пропаганда жұмысында. Мысалы, Шәуілдір ауданында жауынгер құдайсыздар ұйымын әлі осы күнге дейін еітпеген жолдастар да бар. Аудандағы істеушілерден сұрасаңыз, дінге қарсы пропаганда жұмысы туралы ешқандай жұмыс істемеген, енді бұдан былай жолға қоймақшымыз деп сөзбен жұбатып отырады», - деп бұл тарапта текке қағаз жазу ғана бар, жолбасшылық жоқ екенін алға тартса, Мақтаарал ауданына шолу жасаған Әлімжанов [21]:

«1-ші облыстық конференцияда көптеген кемшілікті көрсетуіміз керек. Сталиндік жаңа заңды теріс түсіндірушілік болған әркімнің еркі өзінде деп намаз оқуға, ораза тұтуға деп бұрыннан молда болып келгендер мешіттер салдыруды ұйымдастырған. Бұларды агитация арқылы қайтадан бұздырдық. Бізде үлкен қаталар да болып келеді. Біз өзіміз оразаның қашан келетінін білместен оразаның зиянды екенін халыққа түсіндіруді істей алмай қалдық. Атабаев деген молданы ұстап алдық. Ауырған әйелдерді оқып, қара тауық сойып көшірген, осымен аурудан жазыласың деп үгіт жасаған», - деп Мақтааралдағы молдалардың күні батуға таяп қалғанын тәптіштей жеткізеді [22].

Ал, Нұрышов деген қатысушы: «Біздің Сайрам ауданы діннің ұялаған жері. Сайрам ауданында ескіше балаларды сүннетке отырғызып, мал сойып адамдарды шақырып ескіше той қылады. Ораза тұту да бар. Міне, осылармен біздің күресуіміз аз. Оған облыстық жауынгер құдайсыздар ұйымы да жолбасшылықты жеткілікті бермей отыр. Бірнеше қағаз жазып, кеңседен шықпайды дейді. Енді бұдан былай XVIII съезге дейін колхоздардың арасында дінге қарсы пропаганда жұмысын көңілдегідей істеу керек» деп, көкейіндегісін ақтарып салса, ислам ілімі, ислам діні туралы хабары да кем Гильденберг деген шешен: «Ш бесжылдықтың ішінде үлкен-үлкен табыстарға ие болып отырмыз, социализмді орнатып бірден бірге коммунизмге аяқ басып отырмыз. Коммунизмге ескі дінмен бірге баруға болмайды, соның үшін ескі қалдықтың түп-тамырымен жою керек, дінге қарсы пропаганда жұмысына көңіл қою керек, партия пропаганда жұмысынан айырмасы жоқ. Шымкент қалалық партия комитеті дінге қарсы үгіт пропаганда жұмысын жолға қоя алмай отыр. Жолға қою түгіл кім қалалық ЖҚС составына өткізгенін білмейді», - деп шешіле сөйлепті [23].

Одан бөлек, Әуелбеков деген әумесер Қаратастан хабар беріп былайша сөйлейді: «Ауданымызда жауынгер құдайсыздар одағының жұмысы әлі де нашар. Оның бас себептері: аудандық басшы ұйымдардың бұл жұмысты елемей келгендігінен болып отыр. Райкомның үгіт-насихат бөлімі бұл жұмысты бір рет те қолға алған емес.

Ауданда дінге қарсы үгіт жұмысының нашар жүргізілгенінен Қуантаева, Бегайдарова, Мадымарова Ұлтай сияқты жас қыздар қалың малға сатылды.

Төбеқұдық советінде Киров атындағы колхоздың председателі Саурамбаев, Каганович атындағы колхоздың председателі Жәрембаев «9 январь» колхозының мүшесі Әуезовтер қос әйел алып отыр.

«Қызыл таң» колхозының мүшелері – Ақберді Мырзабеков, Үсіпбай Рысбековтар жас балаларына «бесікерді» құда түсіп, ескі салтқа салынып отыр.

Қызыл қия советіндегі орталау мектептің директоры Сейтназаров Жайық деген молдаға үй ішіндегі адамды әйелі мен қарындасын, тіпті басы ауырса өзін де оқыттырып келген. Ораза кезінде Сейтжаппаров өзінің оқушыларына ақшалай «ихраж», зекет берген.

Ораза тұту, той жасау ескі салт-санаға салыну ауданда қызметкерлер арасында да семьясында жоқ емес [24].

Ал, Бейсембеков деген білгір: «Луговой ауданында жауынгер құдайсыздар советі бұрын барлы-

жогтың қасында болған, толькo 1000 адамның тізімі болған. Бұлардың билеті жоқ. Жақында Мырзабек дегенді сайладық, аты бар да, жұмысы жоқ.

Осы молдалардың ішінен де діннен арылып совет үкіметінің әділ үкімет екенін біліп өзінің адал ниетімен берілген кісілер де жоқ емес. Міне, осылармен әңгімелесе қойсаңыз, олар бұрынғы арбаушы-алдаушы молдалардың өтіріктерінің бәрін айтып береді.

Кейбір аудандардың қызметкерлері құдайсыздар ұйымынан басқа ұйым дін мен күресу керек деп көңіл бөлмей келеді», - деп, мәселенің мәнісі ашылғасын, конференция қорытындыланады [25]. Яғни, Сқақовтың сөзімен жабылған мәнсіз ұйым мүшелері обкомның пропаганда бөлімінің көрсеткен көмегіне сүйенуге серттесіп, дінге қарсы күрестегі олқылықтарды қатты сынауға келіседі.

Қорытынды

Кеңестік дәуірдегі дін қызметкерлерінің қуғындалуын зерттеп-зерделеу үдерісі бір мезетке де тоқтамауы тиіс. Тіпті, бұл тақырыпты 1927-1937 жылдар аралығы деп 10 жылмен шектеп қоюға да мүлдем болмайды. Себебі, қазақ қоғамындағы өз заманындағы саналы адамдар санатында болған дін өкілдерін ашық яғи жасырын түрде қуғындау тәуелсіздік дәуіріне дейін жалғасып жатты.

Айталық, 1931-1932 жылдары 19812 ишан советтік сотта өзіне тиесілі жазасын алса, 1940 жылы КАРЛАГ-қа айдалған 355 ишан адам төзгісіз азап пен қорлықты бастан өткізді. Жанұясы да жазалы болып, ұл-қыз, немерелеріне дейін «халық жауының» ұрпағы ретінде дінсіз қоғамнан тұрақ таба алмады. Не ел секілді білім ала алмай, не жөндемді жұмысы болмай, жарық дүниеден жабығумен, жылаумен өтті. Сол атеизм салтанат құрған советтік кезеңде ұлт руханияты да мейлінше әлсіреп, ұлтты ұйыстыратын ораза айт, құрбан айт секілді діни мейрамдар да наурыз сияқты ұлттық мейрамдар да тыйым салын-ғандықтан тойланбады. Тіпті, дін иелерін құбыжық етіп көрсетуден еш қымсынбаған кеңестік баспасөз мешіт-медресенің қалай жабылғанын, имамдардың қалай арақ ішкенін тоқтаусыз жазып, жастарды советтік идеология негізінде тәрбиелеп шығарды. Араб жазуындағы барлық кітаптар жойылып, ұлттық сана айтарлықтай құлдырады. Тарихи жадымыз да төмендеп, жасанды оқулықтармен білім алып өскен ұрпақтың өре-деңгейі ұсақталғаны сол – өз тілінен жеритін космополиттер қаптады.

Ашығын айтқанда, дін иелерінің дені басымен қайғы болып бұғауға түскен 1932 жылға қарай атеистік үгіт-насихат үдей түсіп, КСРО-да 10 газет, 23 журнал «дүмше молдалықты» сынап-мінеп, совет азаматтарының дінсіздік дүниетанымын кеңейтуге күш салды.

Қорыта айтқанда, кеңестік репрессия тұсында қуғын-сүргінге ұшыраған әріп дін қызметкері ұлттық рухтың сақшысы ретінде дәріптеліп, ақтауға ұсынылып, ұлт тарихының жаңа парағы қайта жазылып, аталмыш мәселеге қатысты да тәуелсіз елдің жаңа көзқарасы қалыптасатыны күмәнсіз. Сондықтан, осы мәселеге қатысты шаралар жалпыхалықтық дейгейде жалғасын таба берсе, ұтарымыз да, ұпайымыз да көп болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Кенжетай Д. Дін қызметкерлерінің қуғындалуы (монография).* - Алматы, 2022. - 16-17 бб.
2. *Ақ жол, №313. Сейсенбі, 12 июнь, 1923 ж.*
3. *ТОҚСТМА. 7-қор, 1-тізбе, 29-іс. 58-63 бб.*
4. *Ақ жол, №325. Сейсенбі, 10 шоль, 1923 ж.*
5. *Ақ жол, №506. Сәрсенбі, 26 ноябрь, 1924 ж.*
6. *Ақ жол, №543. Дүйсенбі, 2 март, 1925 ж.*
7. *Ақ жол, №576. Сенбі, 30 май, 1925 ж.*
8. *Ақ жол, №561, Жұма, 17 апрель, 1925 ж.*
9. *Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. 298/703-іс, 1-том, 19-21 пп.*
10. *Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. 298/703-іс, 1-том, 26-27 пп.*
11. *Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. 298/703-іс, 1-том, 29-30 пп.*
12. *Шымкент қаласы Полиция департаментінің арнайы архиві. 298/703-іс, 1-том, 34-35 пп.*
13. *ТОМА. 168-қор, 10-тізбе, 263-іс, 1-5 пп.*
14. *ТОМА. 168-қор, 10-тізбе, 263-іс, 2-12 пп.*
15. *ТОМА. 168-қор, 6-тізбе, 154-іс, 46-49 пп.*
16. *ТОМА. 57-қор, 1-тізбе, 434-іс, 7-33 пп.*
17. *ТОМА. 57-қор, 1-тізбе, 434-іс, 7-33 пп.*
18. *ТОҚСТМА. 40-қор, 2-тізбе, 717-іс, 59-60 пп.*
19. *ТОҚСТМА. 40-қор, 2-тізбе, 717-іс, 70-71 пп.*
20. *Кеңестік дін саясатымен қудаланғандар (Құжаттар мен мақалалар жинағы).* - Алматы, 2022, 85-86 бб.
21. *ТОҚСТМА. 40-қор, 2-тізбе, 1055-іс, 1-47 пп.*
22. *ТОҚСТМА. 40-қор, 2-тізбе, 1055-іс, 46 п.*

23. Кеңестік дін саясатымен қудаланғандар (Құжаттар мен мақалалар жинағы). - Алматы, 2022, 164 б.
24. Кеңестік дін саясатымен қудаланғандар (Құжаттар мен мақалалар жинағы). - Алматы, 2022, 165-166 бб.
25. ТОҚСТМА. 40-қор, 2-тізбе, 1055-іс, 1-47 нн.

References:

1. Kenzhetai D. exile of the clergy (monograph). - Almaty, 2022. - pp. 16-17.
2. White Road, No. 313. Tuesday, June 12, 1923
3. TOKSTMA . 7-Fund, 1-list, 29-case. Pp. 58-63.
4. White Road, No. 325. Tuesday, July 10, 1923
5. White Road, No. 506. Wednesday, November 26, 1924
6. White Road, No. 543. Monday, March 2, 1925
7. AK Zhol, No. 576. Saturday, May 30, 1925
8. White Road, No. 561, Friday, April 17, 1925
9. Special archive of the Police Department of Shymkent. Case 298/703, Volume 1, pp 19-21.
10. Special archive of the Police Department of Shymkent. Case 298/703, Volume 1, pp 26-27.
11. Special archive of the Police Department of Shymkent. Case 298/703, Volume 1, pp 29-30.
12. Special archive of the Police Department of Shymkent. Case 298/703, Volume 1, pp 34-35.
13. Toma. 168-fund, list 10, case 263, PP 1-5.
14. Toma. 168-fund, list 10, case 263, PP 2-12.
15. Toma. 168-fund, list 6, case 154, PP 46-49.
16. Toma. Fund 57, list 1, case 434, PP 7-33.
17. Toma. Fund 57, list 1, case 434, PP 7-33.
18. TOKSTMA. Fund 40, List 2, case 717, PP 59-60.
19. TOKSTMA. Fund 40, List 2, case 717, PP 70-71.
20. persecuted by the policy of Soviet religion (collection of documents and articles". - Almaty, 2022, pp. 85-86.
21. TOKSTMA. Fund 40, List 2, case 1055, PP 1-47.
22. TOKSTMA. Fund 40, List 2, case 1055, 46 p.
23. Persecuted by the policy of Soviet religion (collection of documents and articles". - Almaty, 2022, P.164
24. Persecuted by the policy of Soviet religion (collection of documents and articles". - Almaty, 2022, pp. 165-166.
25. TOKSTMA. Fund 40, List 2, case 1055, PP 1-47.

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

UDC 94(560)
IRSTI 03.09.03

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.004>

A. Tashagil¹, Z.O. Dukenbayeva², A.T. Imangaliyev^{*3}

¹PhD, Yeditepe university Istanbul, Turkey Republic, E-mail: ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr

²d.h.s., professor of the Eurasian National university L.N. Gumilyov
Astana, Kazakhstan, E-mail: dukenbaevazo@mail.ru

³PhD candidate of the Eurasian National university L.N. Gumilyov
Astana, Kazakhstan, E-mail: imangaliyev_historian@mail.ru

AYDIN SAYILI AND THE FORMATION, DEVELOPMENT
OF FARABI STUDIES IN TURKEY

Abstract

Introduction. The authors of the article write about the scientists-farabiologists and their heritage. It made a great contribution to the formation and development of Farabi studies in Turkey. The formation of Farabi studies in Turkey happened in 1930s. In this period the Faculty of Language and History-Geography was created at Ankara university. Then after three years a group of Philosophy was founded at the Faculty of Language and History-Geography. One of the famous scholars Aydın Sayılı worked on that group of Philosophy and wrote a plethora of articles about al-Farabi and Ibn Sina. Authors were able to learn about the activities of several historical figures, got acquainted with their heritage regarding the formation and development of Farabi studies in Turkey (Necati Akder, Aydın Sayılı, Fuat Sezgin, Necati Lugal, Mübahat Türker Küyel, Remzi Demir). Goals and objectives. To review and analyze the scientific works of scientist-farabiologists, starting with Aydın Sayılı, and familiarization with scientists who made a great contribution to the formation and development of Farabi studies in Turkey. Results. Working with the funds of the National Library of Turkey, the library of the Ataturk Cultural Center and other scientific libraries made it possible to get acquainted with Turkish representatives of the science of Farabi studies. Conclusion. After studying the formation and development of the Farabi studies in the Republics of Kazakhstan and Uzbekistan, the authors attempted to determine the formation and development of Farabi studies in Turkey.

Keywords: Al-Farabi, Aydın Sayılı, Farabi studies, Republic of Turkey, group of Philosophy, philosophers.

А.Ташағыл¹, Дукенбаева² З.О., Иманғалиев А.Т. ^{*3}

Ал соған қарамастан кәмпеске науқаны Оңтүстік өңірінде қауырт жүргізілді. Айталық, 1928 жылы 10 қыркүйекте Бадам ауданына қарасты 16-ауылда жалпы және «Қосшы ұйымдарының» жиналысы болып, қатысқан адамдардың саны 54-ті құрайды да, онда ірі байлардың малын алу туралы мәселе қаралады. Баяндамашы Ерғазыұлы, жиылыс бастығы Есім Атымбайұлы, хатшысы Өтебай Мұздыбайұлы болып ірі байлардың малын алу туралы баяндаманы естігеннен кейін жиылысқа жиналған жалпы «Қосшы» мүшелері үлкен байлығының арқасында бұрынғы ата жуандығы, бектің мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес жұмысының ілгері болуына кедергі келтіріп отырған Қазақстандағы ірі байлардың малын кедейлерге беріп, өздерін жер аударту туралы Қазақстан үкіметінің шығарған қаулысын қарсы алып, осы науқанды өткізу үшін жәрдемдікке бірқатар адамдарды сайлайды.

Одан бөлек 1928 жылы 15 қыркүйекте Бадам ауданы 14-ауылдағы №7 партия ұясының нәм «Қосшы», батырақтардың жалпы қоспа мәжілісінде ірі байлардың малын алып, өзін жер аудару туралы ұя хатшысы Мұратұлының баяндамасы тыңдалып, баяндаманы тыңдағаннан кейін мынадай қаулыға келеді:

«...Бұл туралы Қазақстан үкіметінің шығарған қаулысын алып, мына байларды зиянды деп табамыз:

І. 14-ауылда Сағатбек Балпықұлы өзінің аты жуандығының арқасында дәулетіне сүйеніп, қараңғы

халық еңбекшілер арасында іріткі салып, партияның жолбасшылығына кедергі келтіріп жүрген ірі байдың бірі деп табамыз.

II. Сонымен әкесі Ниязбек еңбекшілер дұшпаны болып табылып ГПУ арқылы Оралға жер аударылып кеткендігін ескертеміз.

III. Ірі байдың бірі болып ел арасындағы еңбекшілерге күнде жауыздығын істеп ата жуандығымен пайдаланып еңбекшілер дұшпаны Сағатбек Балпықұлының жер аударылып, мал-мүлкі кедейлерге беруін сұраймыз» [3]. Сонымен қатар, 1928 ж. 15 сентябрьде болған 9-ауылдағы комсомол партия мүшесі, батырақтар бірлесіп істеген жиылыстың көшірмесіне көз жүгіртсек, онда ауылдағы ірі бай атқамінер ала тұяқтардың үй-жайын, малын қаттау туралы ауылдағы жалшы, батырақ, кедейлерден, комсомол мүшелерінен комиссия сайлау ұсынылып, нәтижесінде: 1. Өмірәліұлы, 2. Болатұлы, 3. Мамбетұлы, 4. Әлікұл Байымқұлұлы, 5. Қалдыбайұлы, 6. Ырсалыұлы, 7. Ырысбекұлы, 8. Кемпірұлы, 9. Торалыұлы, 10. Құдайберген Бейсенұлы, 11. Баймұғал Қалқұлұлы, 12. Төрбек Қалмырзақұлы, 13. Баймырзақұлы Еңғар баласы шұғыл іске кірісетін, ал кімде-кім мойнына жүктелген ісін атқармаған, ісіне салғырттық қылық жүрсе, бұларға шара қолдану реті аудандық кеңес атынан құрылған комиссияларға тапсырылатын болыпты. Байыптап қарасаңыз, алақандай Бадамдағы айналасы бір аптаның көлеміндегі кәмпеске ануқанының алғашқы беталысы тіпті қауырт. Мәселен, 1928 жылы 18 сентябрьде Бадам ауданына қарасты 8-санды ауылдағы Шоршақ арығына орналасқан Ботпай батырақ, жалшы кедейлерінің 1-мәжілісі Қазақстан байларынан кедейлердің еншілерін алып беруі туралы мәселені қарап, қызулы науқанның Қазақстандағы байлардан кедейлердің еншілерін алып беру деген ұраны бойынша байлардан алынған малдардан 8-ауылдағы Шоршақ арығына орналасқан және шаруашылығы әлі күнге дейін көркеймей артта қалған қара табан Ботпай батырақ, жалшы кедейлеріне өздерінің шаруаларын көтеру үшін ұранға лайық тиісті еншілерін үкіметтің тиісті орындарынан сұранып, батырақ, жалшылар мен кедейлерге берілуін талап етеді. Бұл туралы жолдас Ережеп, Бәкір Құлымбет ұлдары мен Тойшыұлына жүктеледі де, 2-мәселе туралы жолдас Бәкір Құлымбетұлының баяндамасы тыңдалғаннан кейін кедей атаулы бір дауыспен мынау қарарға келіп, қаулы қабылдайды:

«Біздер, осы 8-ауылдағы Шоршақ арығына орналасқан Ботпай батырақ, жалшылары мен кедейлеріне келешекте ұйымдасып, бастарымызды біріктіріп, тізе қосып өз ішіміздегі біздердің қанымызды сорып келген түрлі жалмауыз, қанішерлер, бай, атқамінер қожа-молдалармен шындап күресіп, оларды араларымыздан жоюға өз үкіметімізге ат салысып, жәрдем беруге тырысамыз және өзіміздің жұртшылығымызға керекті мектеп сықылды мәдениет ошағымызды түзеп, тұрмыс шаруаларымызды алға бастыруға белсенді түрде жігерлі күшпен тырысып істейміз» [4].

Мұндай мысалдар өте көп. Бір анығы, баршасында ірі байлардың малын кәмпескелеу туралы баяндамалар талқыға салынып, жоғарғы жерден шығарған ұран қағаздары оқып беріліп, «Не себептен ірі байлардың малы кәмпескеленіп жатыр?», «Ол малды кімге береді?», «Батырақтарға қандай ұйым ашу керек?», «Көшпелі нешеге бөлінген?», «Кәмпескелеу туралы қанша адамнан комиссия дайындалды?», «Ол комиссия не қылады?» деген сияқты сауалдарды халыққа толық түсіндіріп беріп отырған. Тіпті олардың сол арада көтерген мәселелері де тез шешімін тапқан сыңайлы. Мысалы, 1928 жылы қазан айының 3-і күні ескі Құмарық болысы мен Әулиеата аудандық жерге қараған 16-ауылының союз «Қосшы» мүшелері, батырақ және кедейлерінің басын қосқан жалпы жиылысында «Қосшы» мүшесі 47 адам, батырақтардан 13 адам, кедейлерден 43 адам қатысып, Ерназарұлы Әбілтай жолдастың хатын оқып, халыққа түсіндіріп бергеннен кейін халық тарабынан ауызекі сауал беріліп:

«Біз өзіміз бір старшын Күнту деген елміз, біздің дәл осы уақытқа дейін жер-суымыз жоқ, сұрасақ та бермейді. Не себептен екенін білмеймін! Бұлардың бастығы неше атадан бері қарай ата-бабасынан дәулет үзілмеген және Николай уақытынан да неше жыл болыс болған Дәулетқұл Дәліұлы деген. Бұл Дәулетқұл Дәліұлы өзі бай адам және Николай уақытынан бері датқалығын қалдырмай келе жатыр. Кедейлердің тұрмысына кедергі қылып, дәл осы бүгінге дейін атқамінер арқылы датқалығын жүргізіп келе жатыр. Өзі келмегенде де үйінде отырып үлкендігін жүргізеді. Дәулетқұл Мырзақан Қалаубайұлы дегенге қызын берген. Сол Мырзақан Қалаубайұлы Қызыл отау жанындағы сот болған. Сол күйеуі Мырзақан Қалаубайұлына арқа сүйеп, бұрынғы ескі датқалық орнатқан. Сүйтіп кедейлерге зиян қылған, күйеуіне айтқанын қылдырған» [5], - деп сөзін тоқтатқасын, жиылыста отырған халық Байназарұлының сөзін қуаттап, Дәулетқұл Дәліұлының қылған істері жоғарғы жерді шығарған ұран мен қарарына лайық келгені туралы Әулиеата аудандық атқару комитетінің кәмпескелеу туралы құралған комиссиялардан сұралуын, Дәулетқұл Дәліұлының малын кәмпескелеп, батырақ, кедейлерге бөліп беріп, өзін басқа жаққа жер аудару туралы деп көпшілік сұранып, бір дауыспен қарар қылады.

Осылайша жер-жерде жиналыс үдеп, бұрынғы байларды жаппай кәмпескелеу белең ала түседі. Айталық, 1928 жылы 21 қазанда Әулие-ата ауданы, бұрынғы Талас болысының №8-ауылдың батырақ, союз «Қосшы» комсомолдарының бас қосқан жиналысы Исақ Танатайұлын – екі жыл би болған және 6 жыл старшын болған, Николай уақытынан осы уақытқа дейін. Байлығы, шынжырбалақтығы арылмаған; Оразбақ Тілеубердіұлын – бай болған, Николай уақытынан бері шынжырбалақ саудагер болып келген; Тұрсынбай Байдалыұлын – Николай уақытынан кісі күшімен пайдаланып бай болған адам; Сүлеймен Ергеұлын – Николай уақытында 2 жыл старшын болған және бай болған адам; Төлеп Ырысбекұлын – Николай уақытынан шынжыр балақ бай адам. Жаңа кеңес үкіметіне мойынсынбайды; Сейітжан Шәкенұлын – бұрыннан байлығы арылмаған. Өзі болса осы уақытқа дейін саудагер болған; Төлепберген Таспаұлын – Николай уақытынан шынжырбалақтығы, байлығы осы уақытқа дейін арылмаған» [6], - деп көрсетіп, осы жоғарыдағы көрсетілген 7 азаматтарды болып бір дауыстан малдары алынып, өздері жер аударылсын деп тоқтам етіледі.

Шындығында Сырдария Губаткомының уақытша орынбасары Қызылқожаұлы мен Губаткомның ұйымдастыру бөлім нұсқаушысы Тортымбайұлының Сырдария округіндегі барлық ұйымдастырушыларына жолдаған үндеуінде:

«Ірі байлардың мал-мүлкін қазынаға алу туралы соңғы кездерде Кеңес үкіметіне қырын көзбен қараушылар өсек хабарлар таратып жүрген көрінеді. Осындай өсек, өтірік салдарынан мал бағатын еңбекші шаруаларға дейін малдарын сата бастағандығы байқалады. Мұндай нәрсе еңбекшілердің шаруашылығын күйзелтпек. Халық шаруашылығын көркейтуге кедергі жасамақ.

Сырдария аткомы барлық ұйымдастыру бюроларға, ауылдық, қыстақтық кеңестерге және Сырдария округінде жасаушы барлық азаматтарға мынаны білдіреді: Бұл туралы жасалып жатқан заң бойынша 1928 жылы сәуірдің 1-не дейін әлденеше жүздеген малы бар Кеңес үкіметінің көрнеу дұшпаны болған ірі байлардың мал-мүлкі алынып, өздері жер аударылмақ. Әсіресе, бұрынғы хандардың, сұлтандардың тұқымынан шыққан ірі байларға осы жұмыс істелмек. Сырдария округтік аткомы аудандастыру бюроларға және ауылдық, қыстақтық кеңестерге тапсырады» деген жолдар бар екен. Осылайша тездегіліп әкімшілік ауылдың жиі отырған жерлеріндегі диқан, шаруалардың жалпы мәжілістері шақырылып, халыққа бұл туралы кең түрде түсіндіру жүргізу тапсырылып, ауылдық аткомдардың толық бас қосқан пленумында аудандық, ауылдық жердегі белсенділердің жалпы мәжілістерінде баяндама жасалып, ірі байлардың малын алу жергілікті жерде заңсыздықпен, кейде орынсыз істермен жүзеге асырылып жатты.

Мысалы «Байкөбектің актісі» аталып кеткен атышулы іс бойынша 1928 жылы 24 қыркүйекте 22-25-ауылға ірі байлардың малын алуға шыққан уәкіл Бақұлы, Тәжікұлы, Меңдібайұлы, Байқонұлы, Қиятайұлы, Айнабекұлы, Жарымбетұлы болып акт жасап, опись етіп, кәмпескелеп, әрбір түрлі әдістермен де жасырған малдарының көбісін табады. Оның үстіне Байгөбек Мұратұлының Сайрам базарынан келе салып «Жасырған малды неге айттың?»- деп баласын ұрып, қатындарын боқтағаны туралы әңгіме ауыл кедейлерінің арасында сөз болса, 1928 жылы 25 сентябрьде Бадам аудандық атком комиссиямен акт жасалып, бай-қулақ Тасболат Шінәліұлы баласының үйіндегі дүниесіне, қорадағы малына тізім жасалып, тәркіленеді. Олар:

1. Үй дүниесі 9 басылым табылған.
2. Үйдің керегесінен 6 бөлек дана.
3. Желбау үйдің 7.
4. Үйдің бас арқасы 1-9 құлаш.
5. Уықтың бауы 40 бөлек.
6. Ала арқан 1-8 құлаш, 152 қоңыр арқан, 1 дана тұңлік.
7. Басқұр үйдікі 6-2 құлаштан 12 құлаш.
8. 5 туырлығы екінші 1 тұңлік.
9. Кестелі орамал, бір шапан 2 метр мата, 6 жас баланың бірнеше камзолы.
10. 8-бөліктегі көрсетілген тұрған бір сандық бар.
11. Қой терісінен 5 дана
12. Таңғыш 4 уық бауы, 15.2 басқұз, 3 бау уық.
13. 2-бөліктегі көрсетілген 1 төсек киіз бар.
14. Үзенгі шиырғыта киіз өз бауларымен уыс.
15. Бір данамен қоса 9 ішік, 1 дана орамал, 2 метр мата, 2 шай орамал ішіндегі үкісі бар, 1 шай орамал, 1 дана етік, тоқылған ішік, басы бір дана, 9 дана білезік, 8 дана жарма, 2 сары машина жіп, 2 сәлде жұпсырға, 2 оймақ, 9 дана сақина бөрік [7].

Көріп отырғанымыздай, бұрынғы ауқаттылыр бүтіндей қоғамнан шеттетіліп, күн көрісі де қиындай түскен. Дегенмен тәркілеу барлық жерде тізеге басумен өтті деуге де еш негіз жоқ. Керісінше, кейбір аймақтарда оларға ішінара болса да кеңшілік жасалып, тіршілік кешуі, бала-шағасын асырау мүмкіндігі ескерілген. Нақтырақ айтсақ, 1928 жылы 14, 15, 16, 17-ауылдарға шыққан уәкілдер: Ерғазыұлы, Бекмұратұлы, Қаңлыбайұлы, Сарыұлы, ауылдық жердегі жәрдемші комиссиялар Байбекұлы, Қазыбайұлы, Манатбайұлы, Ембердіұлы, Ермекбайұлы, Әжібайұлы, Тәжіұлы, Имамбердіұлы, Биназарұлы болып Низабекұлының қолындағы мал-мүлкін тәркілеп, оны үкімет қаулысына лайық алып, үй мүлкі үкіметке керекті нәрселері болмаған себепті алынбағанын жеткізеді. Ірі қараға есептегенде жылқы, қара мал, түйе, ешкі, есек тегіс алынып, өзіне қалған үй мүлкі: 6 қанат ақ отау, 5 туырлық, 2 үзік, 1 түндік, 3 басқұр, 1 үлкен кілем басқұр, 2 керме басқұр. Басқа үйге керекті нәрселері: 1 аяқ машина, көрпе-төсек, қазан-аяқ тегіс қалды. Ұзарту бойынша 200 пұт бидай, 3200 пішен, осының ішінен 25 бауы жоңышқа.

Қыстық үйінен үкіметке алынатындары: 2 үй там, 1 сабанхана, 2 тезектам, 1 жылқы там, дөңгелек өгіз арба» [8]. Кәмпеске науқаны өңірде осындай жылдамдықпен жүзеге асып, келесі кедейлер жиындарында артелдің мақсаты және маңызы, оларды ұйымдастыру, артелге кіретін мүшелердің тізбесін тексеріп, мүшелерін нығайту, артелдердің бастықтарын белгілеу, артельге мүше болушы жалшы батырақтардың мұршасы келмесе, артелдің ішіндегі мұршасы келетін ауқаттыларды тауып және мүшелік жарналарын уақытымен төлеуге жәрдем көрілуін жүзеге асыру секілді мәселелер қаралыпты. Айталық, 1928 жылы 15 октябрьде 22-ауылда атақты Байкөбек Мұратұлының мал-мүлкін кәмпескелеу, өзін жер ауыстыру туралы құрылған жәрдем комиссиясының мүшелерінің жиылысына округтық партия комитеті комиссиясының уәкілі Жанбұлұлы, Бадам аудандық атқару комитетінің төрағасы Дәңлібайұлы, аудандық комиссияның уәкілі Бақұлы, 22-ауыл кеңес ағасы Айнабек, 25-ауыл кеңес ағасы Айқұнұлы, 21-ауыл кеңес ағасы Әбдірасілұлы, ауылдық бастығы Фаятайұлы, ауыл партия ұлысынан Сарбайұлы, Қасымұлы, ауылдық жердегі жәрдем комиссия мүшесі Сұлтанұлы, Мадалыұлы, Әбдікәрім, Құлжанұлы, Нәдірбекұлы, Мырзабекұлы, Медібекұлы, Әбдірайымұлы, Сәдірәліұлы, Қарынбайұлы, Тексетейұлы, Аманұлы, басқа жәй адамдардан Айнабекұлы, Сарымайұлы, Тәжібергенұлы, Салабайұлы т.б. қатысып, Мұрат Байбекұлының малын және мүлкін кедейлерге бөліп беруі туралы жолдас Жанбұлұлының баяндамасы тыңдалысымен қаулы да көп күттірмей қабылданып, қазақ еңбекшілерінің ел ішіндегі ірі, атақты бай, жуан жұдырық және атқамінерден езіліп жүрген кедейлер тап күресіне белсене кірісетін болып келіседі. Яғни кәмпеске науқаны шын мәнінде ұлтты бөлшектеген, қазақ қоғамына сызат түсірген, жікшілдікті үдеткен науқан болды деуге болады.

Жалпы 1928 жылы 16 қазанда Бадам ауданы атқару комитетінің ағасы Қаңлыбайұлы, аудандық кәмпескелеу уәкілінің комиссиясы Бақұлы, ауылдық жердің комиссиясының мүшелері Биназарұлы, Меңлібайұлы, Пиятайұлы, 22-ауыл кеңес ағасы Айнабек әйелі һәм Басқынұлы болып, Бадам ауданына қарасты 22-ауылдағы байы Байкөбекұлының кәмпескеленген малынан 22-ауылдағы «Өнет» атты диқан артелдерінің жалпы ортасына 2 қара өгіз, шамасы орта есеппен 100 сомнан 200 сомдық; 5 қой, әрқайсысы 20 сомнан жалпы 100 сомға, 2 серке әрқайсысы 20 сомнан 40 сомдық деп беріп, осы жоғарыдағы берген малдың жалпы соммасы 340 сомдық мал берілді деп айғақ берсе, Бадам аудандық 17-ауылдағы Сейітбек Сеңгірбайұлының 100 қой: Бұдан 15 саулық, 30 қой ісек, 41 тоқты, 12 ешкі, 2 лак; 10 жылқы, 2 бие, 1 торы, 1 қаракер, 3 құнажын байтал, 1 торы, 1 қара, 1 көк. 5 тай: 2 торы, 1 көк, 1 жиренқасқа, 1 қара тай, барлығы 10; 10 қара мал: 1 сиыр, 4 өгіз, 3 құнажын, 1 үш жасар өгізше, 1 бұзаулы сиыр алынған. Деген-мен кей жерлерде бармақ басты, көз қысты әрекеттер де орын алып, талапайға түсіп кеткен. Мұны архив құжаттарынан айқын аңғаруға болады. Яғни Сырдария округінің жанынан құрылған байлардың малын кедейлерге үлестіру кезінде Бадам ауылының 22-ші ауыл азаматы Байгүбекұлының өтініші түскен. Онда:

«Менің сендерге арыз арқылы өтініп отырғаным мынау еді. Мен мұнан 2 жыл бұрын әкем Бәйгүбектен еншімді алып, бөлек болып кеткен едім. Еншімді алумен бара-бар өзіме басты салығымды бөлек төлеуге келген едім. Тағы менің отыратын жерім және ауылымда басқа болып кеткен едім. Осы жылы мал ауыстыру туралы құрылған комиссиялар менің өзіме тиісті малымды қосып санап, Бәйгүбектің малдарына қосып алған. Малдарымның саны және салық қағазымның нөмірін қойып сіздерден өтінерім: атам Бәйгүбектің малын алу үшін қарсы емеспін, бірақ менің өз малымды өзіме қалдырсаңыз екен.

Осының тұсында өзіме тиісті малымның санын көрсетіп қойдым» [9] :

Қой	Ешкі	Сиыр	Жылқы	Түйе	Есек	Бота
150	43	4	4	4	1	1

Осындай әділетсіздікке Бадам ауданы 14-ауыл азаматы Зайтбек Ниязбекұлы да тап болған. Оның Сырдария округіне жолдаған арыз хаты мынау:

«Осы кезде «Байлардың малын алып өздерін жер аудару» деген ұлы науқан жүріп жатыр. Ірі байлардың малы алынып жер аударылып жатыр. Біреу шын жазасын тартса, оның қабатында мұндай ұлы науқанда жабайы шаруаларда кетіп қалуға мүмкін. Сондайдың бірі мәселен мен. Сырдария округі Бадам ауданы 14-ауыл азаматы Зайтбек Ниязбекұлы.

Әкем Ниязбек 100-деп, 150-леп қой, 15-20-лап жылқы біткен адам. Сол әкем Ниязбектен еншімді 1918 жылы алып бөлектендім. Міне бөлектенгеніме 10 жылға аяқ басты. Сонан бері әкемнен тым бөлекпін. Өз күнімді өзім көріп келемін. Сонан бері мал спискасында аз ғана малым да бөлек жазылады. Налог қағаздар бөлек шығарылады. 1924 жылғы окладнойларым бар. Ал, жақында кәмпескеге шығушы азаматтар мені әкеп, әкеме қосып жіберді. Өзім қатын-баламмен 5 жанмын. Барлық малым жылқы, сиыр (іріқара) 15, 45 қойым бар еді. Мұны апарып әкеме қосты. Сүйтті де, мені кәмпескеге ілдірді. Сүйтіп, мені де әкемнің үйімен қосып жер аударды. Бұған өзімнің таңым бар. Ештеңемен ісім жоқ, жай жатқан момын едім. Мені сүйреп әкеліп әкеме қосып айдағанына таңым бар. Кейбір азаматтар бұл да болса байлардың бар амалы ғой дер. Жоқ, мұны Бадамның аудандық жері де жасырмай айтады. Онда жазылған менің окладнойларым, малымның спискасы бар. Сөзімнің қорытындысы: бұлай қылу заңға тура болса көндім. Тура болмаса, мен де кеңестің әділ жолынан үміт күтемін. Осыны тиісті орындар Сырдарияның округтік комитеті, партия комитеті ертерек ескеруін күтемін, өтінемін» [10]. Бірақ бұл істің де соңы қалай біткені беймәлім. Мәлімі сол, Сырдария округіндегі бай-бағланның бәрі де тәркілеуден, ұрпақтары қуғын-сүргіннен аман қалмаған. Мұны архив қорларындағы мына тізім-тізбелер де растайды.

1-кесте. Шу, Талас болысына қарасты байлардың тізімі (жасырын)

№	Әкесінің, өзінің аты	Қай рудан, елі	Қанша қойы	Қанша жылқысы	Қанша түйесі	Қанша сиыры	Барлығы қанша	Ауыл саны	Қанша десятина жері бар	Малайы қанша
1	Ахметжан Гаппарұлы	Ноғай	315	20	-	20	355	1	10	2
2	Моллағали Гаппарұлы	Ноғай	290	25	-	15	330	1	5	1
3	Әзиз Шәкіриев	Ноғай	400	13	1	5	419	1	5	2
4	Гөбірұлы Әбділғазиз	Ноғай	200	5	-	3	208	1	5	1
5	Дүйсен Сетембайұлы	Жалайыр	140	6	-	6	152	1	10	2
6	Ласты Сауранбайұлы	Жаңабай ішіндегі Көшпан	150	18	-	14	182	2	15	2
7	Ақыбайұлы Тіленші	Жаңабай Сырлы	405	60	30	18	513	11	8	2
8	Мұғам Ақбайұлы	Жаңабай Сырлы	200	8	8	7	223	11	5	1
9	Сарманбетұлы	Жаңабай Сырлы	300	10	10	-	320	11	5	2
10	Сексенбай Байтақұлы	Жаңабай Сырлы	200	40	28	10	278	11	10	2
11	Сексенбайұлы Шаһ	Жаңабай Сырлы	150	38	12	10	210	11	5	1
12	Елібай Бегәліұлы	Жаңабай Көн	400	50	40	-	490	12	5	2
13	Уәли Елібайұлы	Жаңабай Көн	250	24	22	-	296	12	5	2
14	Расылхан Елібайұлы	Жаңабай Көн	200	10	10	-	220	12	5	1
15	Тұрақұлы Ибарйым	Жаңабай Көн	150	10	10	10	180	12	5	2

16	Алтай Көркінайұлы	Жаңабай Шөже	200	20	15	20	255	13	10	2
17	Балтаұлы Қодаш	Жаңабай Шөже	150	40	15	10	215	13	10	3
18	Қалдыбай Балтаұлы	Жаңабай Шөже	150	35	13	10	208	13	10	1
19	Сетембек Тойтауұлы	Жаңабай Шөже	200	50	80	5	335	13	10	2
20	Қасембек Қазыбекұлы	Жаңабай Шөже	250	20	40	9	319	13	10	3
21	Керімқұл Тәңірбергенұлы	Жаңабай Шөже	250	80	10	2	342	13	10	2
22	Әбдіуәли Керімқұлұлы	Жаңабай Шөже	200	20	-	-	220	13	5	1
23	Бектан Станбекұлы	Жаңабай Шөже	250	50	20	-	320	13	5	2
24	Райыс Бейсенұлы	Жаңабай Шөже	120	18	20	-	158	13	5	2
25	Асан Райысұлы	Жаңабай Шөже	150	24	24	6	204	13	5	1
26	Әбжаппар Райысұлы	Жаңабай Шөже	100	20	40	-	160	13	5	1
27	Тіленші	Бестерек Естек	450	40	20	10	520	6	5	3
28	Алламбай Ноғайбайұлы	Бестерек Естек	350	50	24	25	449	6	5	3
29	Бошай Мойнақұлы	Бестерек	350	50	15	30	445	9	20	4
30	Бұралқы Сұлтанбекұлы	Жаңабай Байкүшік	400	100	40	60	600	10	8	5
31	Көрпетай Шынтөреұлы	Бестерек Естек	220	50	24	9	303	10	9	1
32	Көрпетайұлы Қылымбек	Бестерек Естек	200	34	16	20	270	10	5	2
33	Кемпірұлы Тұрғымбай	Сарыүйсін Қошқар	200	24	24	-	248	16	10	2
34	Қарамолда Қосборанұлы	Сарыүйсін Қошқар	200	50	40	-	290	16	15	2
35	Қасембекұлы Бақберді	Сарыүйсін Бөрі	700	80	50	-	830	16	20	4
36	Абаш Нұрбекұлы	Байтана	500	40	24	-	264	15	20	3
37	Рахметолла Жанкозыұлы	Байтана	700	50	30	-	780	15	18	2
38	Үкібай Бердиярұлы	Байтана	600	45	40	25	710	15	21	4
39	Оразбақ Тілеубайұлы	Бестерек Нарымбай	800	50	50	22	922	8	20	4
40	Шоқайбай Тұрсынбайұлы	Бестерек Нарымбай	500	40	24	40	604	8	21	3
41	Қалабай Тасбауұлы	Бестерек Нарымбай	200	20	22	20	262	8	20	2

30/с - нөмірлі хатыңызға жауап беріледі. Шу, Талас облыстық партия комитетінің жауапты хатшысы: Тауып алды ұлы [11].

2-кесте. Әулие-ата үйезі Құмарық болысының ірі байларының тізімі

1	Күремен Әлмесінұлы	10	7	4	460	70	1	2	Жаңабай	1-ауыл
2	Талқанбай Жаманұлы	14	10	4	350	-	¼	1	Жаңабай	2-ауыл
3	Кетек Байырулы	20	5	3	820	-	½	2	Жаңабай	2-ауыл
4	Жанқұл Сықымбайұлы	25	12	4	2000	-	-	3	Жаңабай	2-ауыл
5	Байысбай Елеусізұлы	35	5	2	500	40	½	2	Жаңабай	2-ауыл
6	Әлім Байысбайұлы	45	12	12	400	-	½	2	Жаңабай	2-ауыл
7	Молдабек Өскенбайұлы	15	8	1	600	-	-	2	Жаңабай	2-ауыл
8	Жолдаспан Мәлікұлы	25	4	4	300	-	1	2	Жаңабай	3-ауыл
9	Құмарбай Толыбайұлы	15	10	2	600	60	1	2	Бектеміс	5-ауыл
10	Ақымбек Байдалыұлы	66	21	5	800	20	-	2	Қарақойлы	6-ауыл
11	Палдан Сұраншы әйелі	50	12	7	200	6	1	2	Қарақойлы	7-ауыл
12	Әбдікәрім Сұлтанбекұлы	45	13	2	540	-	-	2	Қарақойлы	9-ауыл
13	Қоспан Қосалыұлы	95	5	1	100	10	1	2	Қарақойлы	9-ауыл
14	Төреқұл Құдайбергеліұлы	25	10	2	270	45	1	2	Аққойлы	10-ауыл
15	Өсер Қалибекұлы	50	5	4	465	-	1	2	Бектеміс	13-ауыл
16	Дәуірбала Дәуренбекұлы	15	4	6	800	-	1	2	Қойсоймас	13-ауыл
17	Тойбек Дәуренбекұлы	45	12	1	650	-	1	2	Бектеміс	13-ауыл
18	Құтысбек Барпабақұлы	70	36	-	800	-	-	3	Итемген	13-ауыл
19	Төбетбай Құтысбекұлы	40	10	2	505	-	-	2	Итемген	13-ауыл
20	Бошай Оразалыұлы	35	8	3	600	30	-	2	Бектеміс	13-ауыл
21	Оразалы Сарыбайұлы	35	30	4	600	24	-	3	Бектеміс	13-ауыл
22	Өмірәлі Тойлыбайұлы	61	50	6	625	30	-	3	Қоянбай	14-ауыл
23	Бекназар Айжарықұлы	24	40	8	360	30	-	2	Күнту	16-ауыл
24	Қамытбек Қожабекұлы	25	40	6	250	-	-	1	Күнту	16-ауыл
25	Қожабек Қаңтарбайұлы	63	80	24	400	-	-	3	Күнту	16-ауыл
26	Дәулетқұл Дәлінулы	38	7	1	390	-	½	2	Бектеміс	12-ауыл

Құмарық болыстық партия комитетінің жауапты хатшысы: Ерназарұлы [12].

3-кесте. Мағлұмат (жасырын) Ержар болысына қарасты аудан жеріндегі бай-қулақ және атқамінерлердің тізбесі

№	Өзінің, әкесінің аты	Қайсы ауылдан	Қойы	Ірі-қарасы	Жері десятина саны	Майда малы	Ескертулер
1	Төлеп Бекенұлы	Аққұм	3500	30	0	4	
2	Исабай Ешмұқамбетұлы	Аққұм	700	25	0	2	Кулақ және дәулетті адам
3	Дәурен Бағылұлы	Аққұм	150	7	5 ½	1	Атқамінер, орташа
4	Керімбай Тұрымбетұлы	Аққұм	300	10	5 ½	2	Атқамінер, орташа
5	Іздібай Алдабергеліұлы	Аққұм	50	10	5 ½	0	Атқамінер
6	Кеттебек Қошқарұлы	Аққұм	400	10	5 ½	1	Кулақ, дәулетті
7	Қожан Кенімбайұлы	Ақшығанақ	3000	150	10	7	Кулақ һәм ірі, атакты бай
8	Тұрысбек Айменұлы	Ақшығанақ	100	10	Бар	Бар	Кулақ
9	Дулатияр Айменұлы	Ақшығанақ	150	10	Көп	Бар	Кулақ

10	Уәлихан Шотпанұлы	Ақшығанақ					Атқамінер, малы кем
11	Тілеу Егембердіұлы	Ақшығанақ	300	15	Бар	2	Атқамінер, дәулетті
12	Жаньүзақ Егембердіұлы	Қарақай	2000	30	0	4	Ірі бай атақты
13	Айтөре Шопанұлы	Қарақай	700	25	0	2	Кулак, дәулетті
14	Әлімбай Шопанұлы	Қарақай					Атқамінер
15	Жаманқара Шармұқамбетұлы	Қарақай	300	10	0	1	Кулак
16	Жангел Нұрақұлы	Қарақай	80	5	0	1	Атқамінер
17	Қожамұрат Нұрақұлы	Зұлпықар	1500	25	Бар	3	Кулак һәм атақты бай
18	Баубек Сүлейменұлы	Зұлпықар	1000	10		2	Атқамінер һәм дәулетті
19	Қалдар Сүлейменұлы	Байбота					Атқамінер, малын білмедік, ескі би
20	Рақым Құлбайұлы	Байбота					Атқамінер
21	Сымайыл Сәтқұлыұлы	Байбота					Атқамінер
22	Ержігіт Қарышбайұлы	Байбота					Атқамінер һәм рушыл
23	Сүлейман Қарышбайұлы	Байбота	500	15	Көп	Бар	Дәулетті бай адам
24	Тұрсынбай Құдиярұлы	Құлшығаш			5 ½	Бар	Бек, атқамінер
25	Төлеген Бектұрсынұлы	Оразгелді	300	7	5 ½	1	Күшті атқамінер
26	Жақсылық Тастанбекұлы	Көкшығанақ	2000	50	0	4	Ірі атақты бай һәм кулак
27	Сағындық Тастанбекұлы	Көкшығанақ	1000	30	0	3	Бай
28	Сапақ Тастанбекұлы	Көкшығанақ	1500	35	0	4	Бай, ірі қара
29	Әкімбай Нұрмұқамбетұлы	Көкшығанақ	100	10	5 ½	Бар	Атқамінер
30	Құрбан Есбайұлы	Көкшығанақ	150	8	Бар	Бар	Атқамінер күшті
31	Айтуған Есбайұлы	Ақтөбе	1000	20	Бар	Бар	Ірі бай
32	Сарығай Қазыбайұлы		1500	20	0	3	Атақты бай
33	Шолпан Жақып қатыны		1500	30	5 ½	4	Атақты бай
34	Әлімбет Ғайыпбердіұлы		1000	30	0	2	Атқамінер һәм атақты бай
35	Бердібек Нұрғазыұлы		60	3	5 ½	1	Атқамінер кембағал
36	Ағылбай Дүйсебайұлы			3	5 ½	-	Атқамінерлік сезімі бар
37	Төреш Шеңгелбайұлы		7000	15	5 ½	1	Байлығы бар
38	Адырбек Бектемірұлы		1000	10	-	2	Байлығы бар
39	Айтбай Шеңгелбайұлы		300	10	5 ½	1	Атқамінер
40	Кибер Ленинка (орыс)			20	400	Көп	Ірі бай (кулак)
41	Пивоваров (орыс)				100	Көп	Ірі бай (кулак)
42	Веровский (орыс)				80	Көп	Ірі бай (кулак)
43	Валигин (орыс)				60	Көп	Бай (кулак)
44	Ховрашова (орыс)				50	Бар	Бай-кулак
45	Мұрат Батырмұхамбетұлы				5 ½		Күшті атқамінер
46	Сұлтан Нұрпейісұлы				5 ½		Күшті атқамінер
47	Отар Жамашұлы				5 ½		Атқамінер

Көрсетілген тізбелерді сыртқы шамаменен мағлұмат беруші Ержар болком, УКПБ бюро мүшесі: (қолы қойылған). 12.03.1928 ж. [13].

4-кесте. Қаратас болысындағы барлық атқамінерлердің тізімі:

№	Өзінің, әкесінің аты	Қайсы ауылдан	Қай рудан	Бұрыннан қандай қызметте болды	Ескерту
1	Әбдуали Сейдуалиұлы	Қосмола	Сіргелі	Датқа болып, болыс болып келген	
2	Шалқарбай Жолдықараұлы	Қарабастау	Сіргелі	Патша заманында ту алған, би болып, болыс болған	
3	Жақыпбек Құрбанұлы	Суықбұлақ	Сіргелі	Патша заманында ту алып, датқа боп болыс болған	
4	Бөрі Байболұлы	Жігерген	Сіргелі	Патша заманында би болған	
5	Ағабек Тортайұлы	Жүзім	Дулат	Бұрыннан болыс болып келген, осы күнде де дегенін істеді	
6	Құлман Орманұлы	Алтын	Сіргелі	Бұрыннан болыс болып келген	
7	Мамақұл Сыбанқұлұлы	Жігерген	Сіргелі	Бұрыннан ақсақал, найып болыс болған	
8	Сүлеймен Рамадан	Шарапхана	Дулат	Бұрыннан би боп, халыққа үстемдік істеген	

Осының растығына Қаратас болыстық партия комитеті: Нұрқожаұлы [14].

Одан бөлек 1928 жылы 7 октябрьде Жаңақорған аудандық жерден тізілген ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеуге аудандық комиссияның жиылысы ашылып, жиылысқа қатысқандағы комиссия мүшелері: Ерденбайұлы, Қаратайұлы, Қанайұлы, Тоқсанбайұлы, Айтпенбетұлы, Жұмадұллаұлы, Юсупұлы т.б. қатысып, жиылыс бастығы Ерденбайұлы, хатшы Жұмадұллаұлы болып, кәмпескеленіп алынған мал-мүлкінің тізімін нығайту мәселесі тыңдалыпты.

Ал қарарда: «Байдан алынған мал-мүлік тегісінен нығайтылсын. Мұның ішінен нұсқауда көрсетілген мөлшер бойынша жандары артық болса да он алты (16) қарадан асырмай иелеріне мал қалдырылсын. Жантөре Аралбайұлының 5 жанына 15 қара және байлардың ауыл шаруа салығы, басқа салықтары есептегі малдан өндірілсін. (Мал-мүлік тізбесі осы протоколға тігулі)» [15], - деп көрсетілген. Жалпы ауданнан тізбесі алынған 603 батырақ-кедейлердің ішінен мал-мүлікті есептеп қарағанда 196-сына ғана жетеді екен. Байлардың өзіне беретіні, салықтары және кеңес шаруашылығына алынатындарын шығарғанда бәлкім бұдан да батырақтардың саны кеміп қалуы мүмкін. Сондықтан жобамен 196 батырақ-кедейлердің тізбесі нығайтылатын болып байлам жасалынған. Қорыта айтқанда, Сырдария округіндегі тәркілеу науқаны ерекше қарқынмен қолға алынғанымен, байларға қарсы конфискация үдерісінде асыра сілтеу, анық зорлықтың көптеп орын алғаны архив құжаттарынан да анық көрініп тұр. Демек, тарихы-мыздың көмескі тұстарын тануда бізге де анықтық пен ақиқатқа жүгіну керек болып тұрғаны күмәнсіз.

Ел тарихын ертеңгі ұрпаққа таныту – тұтас қоғамның міндеті. Егемен ел атанып, бұл бағытта біршама игілікті істер атқарылуда. Архив қорларындағы күні бүгінге дейін қолжетімсіз болып келген құжаттар да құпиясыздандырылып жатыр. Әсіресе Жаңа Қазақстан кезеңінде кәмпеске науқанында жазықсыз жазаланғандарды зерттеу үдерісі де жандана түскені көңіл қуантады. Сондықтан да советтік саясаттың сүргініне ұрынған бай-бағландарымызды толықтай ақтау, олардың ғибратты ғұмыры мен қайраткерлік қызметін ұрпаққа ұғындыру, 1920-1929 жылдардағы тергеу ісінің құжаттарын ғылыми айналымға енгізіу басты мұратымыз болып қала бермек.

Қорытынды.

«Кеңестік қызыл империяның» қазақ жеріндегі «ірі, жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мен мүлкін тәркілеу» саясатына тиісінше баға беру, Қарапайым халықтың бай-кулак саналып, ауыл-аймақтан безіп жер аударылуы, тар қапасақамалуы, бар ата дәулетінен айырылуы сынды қитұрқы саясаттың құрбанына айналған азаматтарымызды ақтау, ұлт тарихын ұрпаққа ұғындыру – бұлжымас борышымыз. Тәркілеу тұсындағы қасіретті тарихымыздың ащы шындығын айқын көрсететін архив құжаттарының да ұрпақ үшін маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәтпенев А. Текті жұрттың тірегі – Төлеміс батыр. Ш.-2023 жыл.
2. Үсіпов А. Қасымхан Ғ. Қызыл ажал құрбандары. Ш.- 2022 жыл.
3. ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 22-бума, 183-іс, 10 б.
4. ТОМА. 74-қор, 1 -тізбе, 26-бума, 285-іс, 3 б.
5. ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 22-бума, 183-іс, 39 б.
6. Сонда. 11 б.
7. ТОМА. 74-қор, 1 тізбе, 25-бума, 281-іс, 6 б.
8. ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 25-бума, 254-іс, 7 б.
9. ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 25-бума, 28-іс, 13 б.
- 10.ТОМА. 74-қор, 1-тізбе, 22-бума, 183-іс, 42 б.
11. ТОМА.74-қор, 1-тізбе, 22-бума, 286-іс,7 б.
12. ТОМА.74-қор, 1-тізбе, 22-бума, 286-іс,7 б.
13. Саяси кұғн-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары. XXV том. А.-2022 жыл. 51-62 бб.
14. Саяси кұғн-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары. XXV том. А.- 2022 жыл. 51-62 бб.
15. ТОМА.74-қор, 1-тізбе, 26-бума, 296-іс, 6 б.

References:

1. Tatpenov A. Tekti jurttyn tiregi – Tolemis batir. Sh.-2023 jyl.
2. Usipov A. Kasymhan G. Kuzyk ajal kurbandary. Sh.-2022 jyl.
3. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 22-buma, 183-is, 10 b.
4. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 26-buma, 285-is, 3 b.
5. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 22-buma, 183-is, 39 b.
6. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 22-buma, 183-is, 11 b.
7. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 25-buma, 281-is, 6 b.
8. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 25-buma, 254-is, 7 b.
9. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 25-buma, 28-is, 13 b.
10. TOMA. 74-kor, 1-tizbe, 22-buma, 183-is, 42 b.
11. TOMA.74-kor, 1-tizbe, 22-buma, 286-is,7 b.
12. TOMA.74-kor, 1-tizbe, 22-buma, 286-is,7 b.
- 13.Saysi kugin-surgin kurbandarin aktau jonindegi memlekettik komissiyinin materialdari. XXV tom. A.-2022 jil. 51-62bb..
14. Saysi kugin-surgin kurbandarin aktau jonindegi memlekettik komissiyinin materialdari. XXV tom. A.-2022 jil. 51-62bb..
15. TOMA.74-kor, 1-tizbe, 26-buma, 296-is,6 b.

ӘОЖ 94(574)
FTAMP 03.20

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.007>

Т.А. Бекбаева*¹, Б.С. Асанова², Ф.А. Адилова³

¹тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.
E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-1477-8784>

²тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.
E-mail: bayan.asanova7@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-9822-1466>

³тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.
E-mail: fari77@mail.ru, [https:// https://orcid.org/0000-0001-9017-2516](https://orcid.org/0000-0001-9017-2516)

1987-1988 жж. ҚАЗАҚСТАНДА ӨМІР СҮРЕТІН ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада 1987-1988 жылдары Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайы, білім алуы және мәдени дамуы қарастырылған. Аталған уақытта еліміздің этникалық құрамы жағынан көпұлтты болуы және бұл этникалық топтардың мәдени дамуының тұтастығын тәуелсіз Қазақстан біріктіруші болып табылады. Қазақстанда 1987-1988 жж. өмір сүрген этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайын зерттеу, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның этносаяси және этномәдени тарихын зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайы үнемі зерттеуді талап етіп отыратын мәселелердің бірі. Өйткені көптеген этностар қазақ жеріне саяси қысым, мәжбүрлеу, қуғындау саясаты нәтижесінде қоныстанған. Сол себепті, авторлар мақалада Қазақстанда өмір сүріп жатқан этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайы туралы дұрыс ғылыми көзқарас қалыптастыру маңызды екендігін алға тартады. Бүгінгі таңда елімізде Кеңестік дәуірден кейін этносаралық тұрақтылықты сақтау мемлекеттің ішкі саясатының маңызды басым бағыттарының бірі болып саналады. Мақалада Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайын қарастыру үшін жекелеген авторлардың еңбектері мен мұрағат құжаттары ғылыми айналымға тартылды.

Кілт сөздер: этнос, тоталитарлық жүйе, ұлтаралық қатынастар, депортация, этникалық топтар, КСРО.

Бекбаева Т.А.*¹, Асанова Б.С.², Адилова Ф.А.³

¹кандидат исторических наук, старший преподаватель
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.
E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru <https://orcid.org/0009-0008-1477-8784>

²кандидат исторических наук, старший преподаватель
Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан.
E-mail: bayan.asanova7@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-9822-1466>

³кандидат исторических наук, старший преподаватель
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.
E-mail: fari77@mail.ru, [https:// https://orcid.org/0000-0001-9017-2516](https://orcid.org/0000-0001-9017-2516)

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП ПРОЖИВАЮЩИХ В КАЗАХСТАНЕ В 1987-1988 гг.

Аннотация

В статье рассматривается общественно-политическое положение, образование и культурное развитие этносов, проживающих на территории Казахстана в 1987-1988 гг. Учитывая свою многонациональную государственность, Казахстан является объединителем культуры общения всех этносов, проживающих в стране. Изучение истории межнациональных отношений в общественно-политической ситуации

Казахстана в 1987-1988 гг. позволяет изучить этнополитическую и этнокультурную историю сегодняшнего независимого Казахстана. Общественно-политическое положение этнических групп, проживающих в Казахстане, является одним из вопросов, требующих постоянного исследования. Потому что многие этнические группы поселились на казахской земле в результате политического давления, принуждения и политики преследования. Именно поэтому в статье авторы утверждают, что важно сформировать правильный научный подход к общественно-политическому положению этносов, проживающих в Казахстане. После советской эпохи сохранение межэтнической стабильности в стране считается основным направлением внутренней политики государства. Для рассмотрения общественно-политического положения этносов, проживающих в Казахстане использованы труды отечественных и зарубежных авторов, а также вошли в научный оборот архивные данные.

Ключевые слова: этнос, тоталитарная система, межнациональные отношения, депортация, этносы, СССР.

*T.A. Bekbaeva*¹, B.S. Assanova², F.A. Adilova³*

*¹candidate of Historical Sciences, Senior Lecture
Kazakh National Pedagogical University after named Abai, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: t.a.bekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-1477-8784>*

*²candidate of Historical Sciences, Senior Lecture
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: bayan.asanova7@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-9822-1466>*

*³candidate of Historical Sciences, Senior Lecture
Kazakh National Pedagogical University after named Abai, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: fari77@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9017-2516>*

SOCIAL AND POLITICAL SITUATION OF ETHNIC GROUPS LIVING IN KAZAKHSTAN IN 1987-1988.

Abstract

The article examines the socio-political situation, education and cultural development of ethnic groups living on the territory of Kazakhstan in 1987-1988. Considering its multinational statehood, Kazakhstan is a unifier of the culture of communication of all ethnic groups living in the country. Studying the history of interethnic relations in the socio-political situation of Kazakhstan in 1987-1988, allows you to study the ethno-political and ethnocultural history of today's independent Kazakhstan. The socio-political situation of ethnic groups living in Kazakhstan is one of the issues that requires constant research. Because many ethnic groups settled on Kazakh soil as a result of political pressure, coercion and persecution policies. That is why in the article the authors argue that it is important to form a correct scientific approach to the socio-political situation of ethnic groups living in Kazakhstan. After the Soviet era, maintaining interethnic stability in the country is considered the main direction of the state's internal policy. To consider the socio-political situation of ethnic groups living in Kazakhstan, the works of domestic and foreign authors were used, and archival data were also included in scientific circulation.

Keywords: ethnicity, totalitarian system, interethnic relations, deportation, ethnic groups, USSR.

Кіріспе. Тоталитарлық жүйе орнаған кенестік кезеңде қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар басқа республикаларға көшірілген сияқты Қазақстанға да күштеп қоныстандырылды. Бұл этностардың басым көпшілігінің өз отандары бар, сондықтан мақалада Қазақстанда өмір сүретін өзге елдердің ұлттары этникалық топтар ретінде қарастырылған. Дей тұрғанмен, мемлекетімізде мекендейтін барлық халықты тек қазақ деп атай алмаймыз, себебі оның жартысына жуығы өзге этнос өкілдері болып табылады. Ал ғылыми зерттеулерде «ұлт», «этнос» терминдері қазақ халқына тиесілі екендігі нақты айтылмайды. Бірақ «қазақстандық ұлт» жоқ екені шындық және осы мәселенің келешекте орын алмауына қазақ ұлты мүдделі болуы тиіс деп, ойлаймыз. Осы тұрғыдан қарастырғанда зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі жоғары.

Отандық тарихнамада екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстанға күштеп қоныстандырылған өзге ұлттардың қуғын-сүргінге ұшырап, тоталитарлық жүйенің құрбаны болғаны туралы нақты тарихи көзқарас қалыптасқанымен, этносаясат ғылымында жаңа ұлт саясатының ерекшеліктері, негізгі бағыттары мен принциптері туралы қалыптасқан біртұтас көзқарастар жүйесі әлі жоқ. Бұл бүгінгі тәуелсіз

Қазақстанның жағдайында ресми мемлекеттік ұлт саясатына кері әсер етуі әбден мүмкін деп, ойлаймыз. Елімізге түрлі тарихи оқиғаларға байланысты тұрақтанған, қоныстанған этностардың саяси-қоғамдық жағдайын зерттеу мемлекеттің ұлтаралық қатынастарын реттеуге және олардың саяси-қоғамдық жағдайы туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруда маңызды болып табылады.

Көптеген отандық зерттеулерде 1987-1988 жылдардағы Қазақстандағы этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайы жалпы сипаттаумен шектеліп, жан-жақты талданбайды. Қазақстанда тұратын этностардың саны жалпы көрсеткіштерде көрсетіліп, күштеп қоныстандыру саясаты зерттелгенімен, олардың кеңестік кезеңде өз елдеріне қайтуларының себептері, төлқұжаттарына қатысты туындаған қиындықтар туралы айтылмайды. Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың саяси-қоғамдық жағдайын қарастырудың мақсатын түсіну советтік тарихтың 1987-1988 жылдарына байланысты зерттеу нысанына алынуға лайық. Мақаланың мақсаты – Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың 1987-1988 жж. саяси-қоғамдық жағдайын талдау. Бүгінгі таңда елімізде өмір сүріп жатқан этникалық топтардың даму тарихында орын алған тарихи оқиғаларды бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерделеу, олардың қоғамдық-саяси өміріне ғылыми дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай көзқарас қалыптастыру бүгінгі таңда әртүрлі этникалық топтардан тұратын Қазақстанның көп ұлтты халқының ұлтаралық қатынастар тарихының жаңа үлгісін қалыптастыруға ықпалдық етеді. Өйткені, бүгінгі көп ұлтты Қазақстан жағдайында өмір сүріп жатқан адамдар үшін өз болашағын, саяси-қоғамдық жағдайын терең түсіне білуі олар үшін өте маңызды.

Материалдар мен әдістер. Кеңестік кезеңде Қазақстанға күштеп қоныстандырылған өзге ұлттардың 1987-1988 жж. өз елді-мекендеріне қоныс аударуының себептері Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағатының 708-ші қор құжаттарындағы мәліметтер арқылы берілген, Соның ішінде Қазақстанға 1944-ші жылдары Аджар АКСР, Қарашай АКСР, Шешен-Ингуш АКСР-ның ыдырауы нәтижесінде өзге этностардың қоныстандырылғаны да мұрағат құжаттары материалдары негізінде дәйектелген. Сондай-ақ, мақаланы жазу барысында шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Мақалада Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың 1987-1988 жж. саяси-қоғамдық жағдайын қарастыру ғылыми тұрғыдан талдау, саралау, нақтылау сияқты ортақ әдістер негізінде жүзеге асырылды. Мақалада мұрағат құжаттарына тарихи қажеттілік, тарихи үрдістің объективтілігі тұрғысынан талдау жасалынып, оларға сілтеме жасалынды.

Талқылау. Мақала жазу барысында Ресей ғалымдары Земсков В.Н. [1, 103 б.], Панеш Э.Х. және Ермолов Л.Б. [2, 212 б.], Осипов А.Г. [3, 29 б.] және А. Юнусовтың [4, 161 б.] жекелеген зерттеулері қарастырылды. Онда КСРО құрамында болған одақтас республикалардың барлығының бүгінгі таңда көп ұлтты мемлекет болуына себеп болған тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан талдау жасалған. Аталған авторлардың зерттеулерінде Солтүстік Кавказ жерінен КСРО-ға күштеп қоныстандырылған халықтардың саяси-қоғамдық, әлеуметтік-мәдени және ол халықтардың күнделікті өмір жағдайы туралы жазылған. Кеңес Одағы ыдырауы қарсаңында оның құрамында болған Қазақстан, Армения, Тәжікстан, Грузия сияқты елдерде орын алған ұлттық шиеленістің өршу себептеріне шетелдік ғалым Э.Каррер Д'Анкос өз еңбегінде талдау жасаған [5, 492 б.]. Автор КСРО-ның жекелеген республикаларындағы ұлт саясатында орын алған қателіктерге тоқтала отырып, ондағы ұлттық қатынастарға байланысты саясаттың дұрыс жүргізілмеуі ұлтшылдықтың өрістеуіне әкелді деген тұжырым жасайды. Сол сияқты КСРО-дағы ұлттық қатынастардың шиеленісі туралы Р. Пайпс [6, 241 б.], Х. Макклоски [7, 300 б.] және Э. Реймондтың [8, 248 б.] еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстанға күштеп қоныстандырылған этникалық топтар туралы жазған отандық авторлардан М.Қ. Қозыбаевтың [9, 272 б.], М.М. Асылбеков пен А.Б. Галиевтің [10, 256 б.], К.С. Алдажуманов пен Е.К. Алдажумановтың [11, 151 б.], У.Х. Шәлекенов пен М.У. Шәлекеновтың [12, 302 б.] және т.б. еңбектері қарастырылды. Аталған қазақ тарихшыларының еңбектерінде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға күштеп қоныстандырылған халықтардың саяси-әлеуметтік этникалық жай-күйі, тілдік ортасы, кеңестік кезеңдегі даму жағдайындағы ортақ белгілер негізінде қарастырылған.

Мақалада 1987-1988 жж. КСРО аумағында қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар өздерінің қордаланған құқытарына биліктің назар аударуын сұрауы мұрағат құжаттары мәліметтерімен беріліп, жаңа көзқарас тұрғысынан талданған. Авторлар мақалада берілген мұрағат құжаттарының мәліметтері негізінде Қазақстанда 1987-1988 жж. этносаралық тұрақтылықты сақтау мақсатында этникалық топтардың білім алуын дамыту барысында ашылған аралас және орыс тілінде оқытылған мектептер кейіннен қазақ тілінің тұрмыстық тілге айналуына әсер етті деген, қорытынды жасайды.

Зерттеу нәтижелері. Белгілі бір тарихи, саяси оқиғаларға байланысты елімізге күштеп қоныс аударылған этникалық топтар, бүгінгі Қазақстанның азаматтары болып табылады. Осы азаматтар арасында

татулықты, бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтау үшін, әр этникалық топтардың Қазақстанға келу тарихына қатысты дұрыс көзқарас қалыптастыру қажет. Біз оған, тек ғылыми тұрғыда зерттеу жасау арқылы қол жеткізе аламыз. Өйткені бұл елімізде ішкі саясатты тұрақтандыруға және ұтқырлы ұлттық саясатты жүзеге асыруға ықпалдық етеді. Қазақстанда өмір сүріп жатқан этникалық топтардың тарихын зерттеу арқылы КСРО құрамында болған бірнеше ұсақ республикалар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өз дербестіктерін сақтай алмағандығын көруге болады. Оған мысал ретінде Аджар АКСР, Қарашай АКСР, Шешен-Ингуш АКСР-ын атай аламыз.

Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған жоғарыда аталған елдердің азаматтары 1944 жылы қазақ жеріне сондай-ақ, Одақ құрамындағы барлық республикалар мен көршілес мемлекеттерге күштеп қоныстандырылған және ол арнайы Бұйрықтар арқылы жүзеге асырылды. Соның ішінде аталған республикалардың азаматтарының Қазақстанда тұратыны 25 820 адамды құрайтындығы 1979 жылғы санақ материалдары негізінде анықталғаны белгілі [9, 1 п.]. 1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказдан күштеп қоныс аударылған ахилат, месхитин, вайнах, ахыцқы және т.б. халықтар Қазақстанның оңтүстік облыстарының ауылдық жерлеріне шоғырландырылған.

1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказдан күштеп қоныс аударылған этностар А.Г. Осипов [3, 29 б.] пен А. Юнусовтың [4, 161 б.] еңбектерінде, соның ішінде қарашай балқарлары, шешен-ингуштар, түрік-месхитин, түрік-ахысқы сияқты этностардың саяси, әлеуметтік-мәдени дамуы қарастырылған. Авторлар КСРО ыдырағаннан кейінгі жаңа ұстанымдарға сүйене отырып, күштеп қоныстандырылған халықтардың өмір сүру салтын, олардың кейінгі әлеуметтік жағдайларын зерттеу елдің этникалық жағдайын зерттеуде өзекті болып табылады, деп жазды.

Елімізде тұратын қарашай балқарлары 1943 жылы Қарашай АКСР ыдырағаннан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы жерлеріне қоныстандырылды. КСРО-ның бірнеше мемлекеттеріне күштеп қоныстандырылған тау халықтарының өмір сүруіне қойылған құқықтық шектеулер, белгілі тарихи оқиғаларға байланысты, яғни Сталиндік тоталитарлық жүйе әшкереленген соң, түбегейлі алынып тасталынды. Осыдан кейін ғана бұл этникалық топтарға соның ішінде Қазақстанға қоныстандырылғандарына да ерікті өмір сүру құқығы берілді. Енді олардың азаматтық құқықтары кеңес азаматтары сияқты конституцияда көрсетілген заңға сәйкес толыққанды қорғалатын болды [13, 2 п.]. Осы кезден бастап қана Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың балалары мектепте оқуға мүмкіндік алды. 1955 жылы қазан айында Қазақ КСР Оқу министрлігінің «Арнайы қоныстанушылар балаларын оқытудағы кемшіліктерді жою туралы» №695 бұйрығына сәйкес, қоныстанушылар арасында сауатсыздықты жою қолға алынды. Бұған дейін олардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік жағдайы төмен болды.

Жоғарыда аталған елдердің Алматы облысына күштеп қоныстандырылған азаматтарының басым бөлігі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көшірілгендігі Ішкі Істер органдары құжаттарында нақты көрсетілген. Олардың барлығы дерлік Алматы облысы маңындағы ауылдық жерлерге орналастырылған болатын. Ауылдық жерлерге күштеп қоныстандырылған әзербайджан, күрт, түрік, қырым татарларының саны 1988 жылы мемлекет тарапынан қайта нақтыланған болатын [13, 12 п.]. Мұндай нақтылау жұмыстары елдегі ұлтаралық қатынастарды алдағы уақытта «қайтақұру» саясатына байланысты реттеу, дамыту және тұрақтандыру мақсатында жүргізілді.

1985 жылы КСРО-да М.С. Горбачевтың «қайтақұру» саясаты қабылданғаннан кейін, жоғарыда көрсетілген Алматы облысында тұрып жатқан этникалық топтар Жергілікті Атқару комитеттерінің рұқсатымен жиналыстар өткізген. Жиналыста жергілікті биліктен Қазақстанға күштеп қоныстандырылған кезде түрік ұлты азаматтарының төлқұжаттарында дөрекі бұрмалаушылдық орын алғандығы айтылып, азаматтардың ұлты жазылатын тұсына олардың ұлтына сәйкес келмейтін «әзербайджан» ұлты деп жазылғандығы және төлқұжаттарындағы «татар» ұлты деген атаудың орнына өздерінің шынайы ұлтын көрсетілуін сұраған. Мысалы, төлқұжаттарында ұлты «әзербайджан» дегенді «түрік» ұлтына ауыстырып беруді өтінген. Бірақ, өкінішке орай аталған төлқұжаттардағы азаматтардың ұлтына байланысты өзгертулер өтініш немесе сұрау арқылы өзгертілмейтіндігі және азаматтың ұлты туылғанда жазылатындығы, кейіннен азаматтарға ұлтын қайта өзгертуге болмайтындығы заңда көрсетілген [13, 13 п.]. Кеңес халқына бірдей осы заңнамалық құжаттарға байланысты татарлар мен түріктердің төлқұжаттарына өзгертулер енгізілмеген. Бұл азаматтардың төлқұжаттарында орын алған қателіктер, кеңестік кезеңдегі ұлтаралық мәселелерде шешімін таппаған қиындықтардың бірі болып қала берген [14, 216 п.]. Күштеп қоныс-тандыру кезінде бұл этникалық топтардың құқығы қорғалмады, олар орналасқан жерлерінде жергілікті қазақ халқы тарапынан ғана қамқорлық көрді. Бұған жекелеген зерттеулерде кездесетін осы этностардың тарапынан жергілікті қазақ халқына айтылған алғыстары мен ризашылық білдірулері дәлел бола алады.

1988 жылы «қайтақұру» саясатымен келген жариялылық, яғни сөз бостандығына ие болған кеңес

халқы соның ішінде Алматы облысының ауылдық жерлеріне күштеп қоныстандырылған халықтар өздерінің азаматтық құқықтарын пайдалану арқылы өз елдеріне оралу мүмкіндігін беруді жергілікті билік өкілдерінен бірнеше рет сұраған сұраулары мұрағат құжаттарында сақталған. Жиында сөйлеген өзге ұлт өкілдері алғашқы сөздерін жылы қабақ танытып, қоғамда шеттетпей, оларды өздерімен бірдей көрген қазақ халқына алғыс айтудан бастаған. Осындай жиындарда Қазақстанға зұлмат жылдары күштеп қоныстандырылған өзге ұлт өкілдері өздерінің еліне, жеріне деген сағыныштарын айтып, өз Отандарына қайта қоныс аударғылары келетіндерін білдірген [13, 14 п.]. Қазақстанға қоныстандырылған тау халықтарының қазақ халқымен «Құрбан-айт», «Наурыз» сияқты ортақ дәстүрлері бар. Бұл этностардың рухани тәрбиесінде үлкенді сыйлау, мейірімділік көрсету дәстүрі мен қатар қонақжайлылық сақталған. Қазақ халқының оларға мұндай түсінушілік танытуы көптеген зерттеулерде «толерантылық» деп көрсетілсе, кейбіреуінде бұл қазақтың салт-дәстүріндегі адамгершілік принциптерінің басымдығы деп, көрсетіледі.

Жоғарыда талған Қазақстанда өмір сүріп жатқан этникалық топтар армяндар, грузиндер, ингуштар, татарлар, өзбектер, белорустар, поляктар, орыстар және т.б. барлығы ортақ орыс тілінде сөйлеуді қалады. Оған қоса республиканың почталық бөлімдерінде телеграфтық және басқа бланкілер екі тілде басылып шығарылатын болды. Тіптен дүкендердегі тауарлардың аталуы екі тілде жазылды. КСРО мен Қазақ КСР конституцияларында азаматтардың бостандығы мен негізгі құқықтарында әр халық өзінің ана тілінде немесе КСРО-ның басқа ұлттарының тілінде сөйлеу құқығына ие деп, көрсетілген. Осындай тарихи оқиғаларға байланысты күні бүгінге дейін мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің еркін дамуы тұралап тұр. Екінші жағынан, оған қазақ халқының демографиялық өсімі де себеп болды.

19. *Этнополитика Казахстана на современном этапе: монография* / Г.Н. Иренов, А.А. Акишев. — Караганда : Litera, 2013. — 227 с.
20. Нысанбаев А.Н. *Сущность глобализации и ее влияние на Республику Казахстан // Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ* / А.Н. Нысанбаев – Алматы: Компьютерно-издательский центр института философии и политологии МОН РК, 2006. – 363 с.
21. *Социокультурные аспекты развития сельской молодежи. – Астана: НИЦ «Молодежь», 2023. - 103 с.*
22. *Казахстан-2023: тенденции настоящего и контуры будущего. Коллективная монография. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2023. – 294 с.*
23. Жанбосинова А.С. *Национальная стратегия Казахстана: гражданская идентичность или этническая идентичность - время выбора // Российские регионы: взгляд в будущее. – 2016. – № 3 (8). – С. 183-200.*
24. Журасова А., Есеева Г. *Вопросы национальной идентичности в Казахстане // Świat Idei i Polityki. – 2021. – №2 (21). – С. 77–91.*
25. Nurmatov Zh.Y., Abdrassilov T.K., Kaldybay K.K., Sikhimbaeva D.A. *The Importance of National Identity Among Young People in Kazakhstan // Adam alemi. – 2022. – No.1 (91). – P. 105-113.*
26. Кабазиев М.Ш. *Формирование национальной идентичности Республики Казахстан: особенности и противоречия // Современная Европа. – 2022. – №7. – С. 221–231.*
27. Бижанов А., Исмагамбетов Т. *Формирование казахстанской идентичности как фактор обеспечения стабильности в Республике Казахстан // Журнал социогуманитарных исследований «Аль-Фараби». – 2019. – №1 (65). – С. 34-47.*

References:

1. Anderson B. *Voobrazhaemye soobshchestva. Razmyshleniya ob istokakh i rasprostraneniі natsionalizma [Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism]* (KANON-press-Ts, Moscow 2001, 288 p.) [in Russian]
2. Erikson E.H. *Identity: Youth and Crisis*, (New-York: W.W. Norton & Company, 1968, 336 p.).
3. Berger P. L., Luckmann T. *The social construction of reality: a treatise in the sociology of knowledge*, (Garden City: Doubleday, 1966, 203 p.).
4. Gellner E. A. *Nations and nationalism*, (New York: Cornell University Press, 1983, 150 p.).
5. Wimmer A. *Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart*, (Princeton: Princeton University Press, 2018, 374 p.).
6. Smith A.D. *National Identity*, (London: Penguin Books, 1991, 226 p.).
7. Shaikemelev M.S. *Kazakhskaya identichnost' [Kazakh identity]* (Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MES RK, Almaty, 2013, 272 p.) [in Russian]
8. Kadyrzhanov R.K. *Etnokul'turnyi simvolizm i natsional'naya identichnost' Kazakhstana [Ethno-cultural symbolism and national identity of Kazakhstan]* (Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MES RK, Almaty, 2014, 168 p.) [in Russian]
9. Burkhanov A, Sharipova D. *New Narratives and Old Myths: History Textbooks in Kazakhstan // Nationalities Papers. –2023.– PP. 1–16. – <https://doi:10.1017/nps.2023.64>*
10. Dukeyev B. *Representation of the Kazakhstani famine (1931–33) in secondary school history textbooks, 1992–2021 // Central Asian Survey. –2023. –Vol. 42. –PP. 383–401. <https://doi.org/10.1080/02634937.2022.2152778>*
11. Orynbekov M.S. *Dukhovnye osnovy konsolidatsii kazakhov [Spiritual foundations of consolidation of Kazakhs]* (ID Arkaim, Almaty, 2001, 252 p.) [in Russian]
12. Shaukenova Z.K., Burova E.E., Nazarbetova A.K. *Tsennostno-smyslovye i dukhovno-nravstvennye osnovaniya konsolidatsii etnicheskikh i religioznykh grupp Respubliki Kazakhstana v grazhdanskuyu obshchnost'*

[Value-semantic and spiritual-moral foundations of consolidation of ethnic and religious groups of the Republic of Kazakhstan into a civil community] (Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2014, 266 p.) [in Russian]

13. Formirovanie kazakhstanskoy identichnosti v kontekste zadach modernizatsii obshchestvennogo soznaniya: kniga 1 [Formation of Kazakhstani identity in the context of the tasks of modernizing public consciousness: book 1] (Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2020,474 p.) [in Russian]

14. Ospanov T.T. Natsional'naya identichnost' kazakhov: sotsial'no-filosofskii analiz: dis doktora filosofii [National identity of the Kazakhs: socio-philosophical analysis]. 09.00.11. State un-ty, Almaty, 2016, 124 p. [in Russian]

15. Altynbekova O.B. Etnoyazykovye protsessy v Kazakhstane: monografiya [Ethnolinguistic processes in Kazakhstan: monograph] (Ekonomika, Almaty, 2006, 415 p.) [in Russian]

16. Suleimenova E.D., Smagulova Zh. S. Yazykovaya situatsiya i yazykovoe planirovanie v Kazakhstane [Language situation and language planning in Kazakhstan] (Kazakhskii natsional'nyi universitet im. al'-Farabi, Almaty, 2005, 344 p.) [in Russian]

17. Kydyralina Zh.U. Etnos i religiya v Kazakhstane: istoriya i sud'by [Ethnicity and religion in Kazakhstan: history and destinies] (Elorda, Astana, 2007, 220 p.) [in Russian]

18. Dunaev V.Yu. Kazakhstanskaya model' mezhetnicheskoi integratsii [Kazakhstan's model of interethnic integration] (Tsentр гumanitarnykh issledovaniy, Almaty, 2002, 399 p.) [in Russian]

19. Etnopolitika Kazakhstana na sovremennom etape: monografiya [Ethnopolitics of Kazakhstan at the present stage: monograph] (Litera, Karaganda, 2013, 227 p.) [in Russian]

20. Nysanbaev A.N. Sushchnost' globalizatsii i ee vliyanie na Respubliku Kazakhstan [The essence of globalization and its impact on the Republic of Kazakhstan] (Komp'yuterno-izdatel'skii tsentr instituta filosofii i politologii MON RK, Almaty, 2006, 363 p.) [in Russian]

21. Sotsiokul'turnye aspekty razvitiya sel'skoi molodezhi [Sociocultural aspects of the development of rural youth] (NITs «Molodezh'», Astana, 2023, 103 p.) [in Russian]

22. Kazakhstan-2023: tendentsii nastoyashchego i kontury budushchego. Kollektivnaya monografiya [Kazakhstan-2023: trends of the present and contours of the future. Collective monograph] (Kazakhstanskii institut strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente RK, Astana, 2023, 294 p.) [In Russian]

23. Zhanbosinova A.S. Nacional'naja strategiya Kazakhstana: grazhdanskaja identichnost' ili jetnicheskaja identichnost' - vremya vybora [The national strategy of Kazakhstan: civil identity or ethnic identity – time to choose], Rossijskie regiony: vzgljad v budushhee [Russian regions: a look into the future], 2016. No. 3 (8), P.183-200 [in Russian]

24. Zhurasova A., Eseeva G. Voprosy natsional'noi identichnosti v Kazakhstane [Issues of national identity in Kazakhstan], Świat Idei i Polityki [World of ideas and politics], 2021, No. 2 (21), P. 77–91 [in Russian]

25. Nurmatov Zh.Y., Abdrassilov T.K., Kaldybay K.K., Sikhimbaeva D.A. The Importance of National Identity Among Young People in Kazakhstan // Adam alemi. – 2022. – No.1 (91). – P. 105-113.

26. Kabaziev M.Sh. Formirovanie natsional'noi identichnosti Respubliki Kazakhstan: osobennosti i protivorechiya [Formation of the national identity of the Republic of Kazakhstan: features and contradictions], Sovremennaya Evropa [Modern Europe], 2022, No.7, P. 221–231 [in Russian]

27. Bizhanov A., Ismagambetov T. Formirovanie kazakhstanskoi identichnosti kak faktor obespecheniya stabil'nosti v Respublike Kazakhstan [Formation of Kazakhstani identity as a factor in ensuring stability in the Republic of Kazakhstan], Zhurnal sotsiogumanitarnykh issledovaniy "Al'-Farabi" [Journal of Socio-Humanitarian Research "Al-Farabi"], 2019, No.1 (65), P.34–47 [in Russian].

ӘОЖ 37(094)
ҒТАХР 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.009>

К.Б. Мухаметкалиева*¹, Б.Ж. Атантаева², Г.А. Абенова³

¹докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Семей қ., Қазақстан, E-mail: karlyga.m@mail.ru

²тарих ғылымдарының докторы, профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Семей қ., Қазақстан, E-mail: batantaeva@mail.ru

³тарих ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Семей қ., Қазақстан, E-mail: ab.gulnur@mail.ru

1920-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ СЕМЕЙ ӨңІРІНДЕГІ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Аңдатпа

Мақалада 1920 жылдардағы Семей өңіріндегі кеңестік мектептің қалыптасуы мен даму тарихы қарастырылады. Мақаланың мақсаты - кеңес үкіметінің алғашқы он жылындағы Семей өңіріндегі мектеп ісінің тарихын зерттеу болып табылады. Қазақстан Республикасының Орталық архивінде және Абай облысының мемлекеттік мұрағатында сақталған материалдардың негізінде Кеңес мемлекетінің қалыптасуының алғашқы кезеңінде өңірдегі мектеп ісін ұйымдастыру мәселелері зерделенді.

Мұрағаттық деректерді талдай отырып, халықтық білім берудің қалыптасуының сандық және сапалық көрсеткіштері және өңірдегі мектептер желісінің дамуы талданды. Мақалада қарастырылып отырған уақыт шеңберінде мектеп жасындағы балалардың мектеппен қамтылу пайызы анықталып, мектептер саны мен оқушылар контингентінің өсу-кему динамикасы көрсетілді. Орыс және қазақ мектептерінің даму мысалында мектептегі білім беру жағдайын талдау бойынша жетістіктері мен қайшылықтары анықталды: бірінші және екінші басқыштағы мектептің негізгі сипаттамалары, рөлі мен орны. Өңірде пайда болған жоғары үлгідегі мектептердің маңыздылығы аталып өтілді: жеті жылдық мектеп, шаруа-жастар мектебі (ШЖМ), фабрика-зауыт оқуының мектептері (ФЗО), мектеп-коммуналар. Педагогикалық кадрларды қалыптастырудағы Қазақ педагогикалық техникумының рөлі көрсетілді.

Мақалада мемлекеттік халыққа білім беру органдарының мектеп ісін қалыптастыру саласындағы қызметі талданды. Білім беру органдарының мектептерді қаржыландыру статистикасы өңірдегі мектептер желісінің даму тенденциялары келтірілген динамикада көрсетілді.

Кілт сөздер: Семей өңірі, мектеп, мұғалім, білім беру жүйесі, жетіжылдық мектеп, шаруа-жастары мектебі, фабрика-зауыт оқуының мектебі, педагогикалық техникум, бірінші басқыш мектеп, екінші басқыш мектеп.

К.Б.Мухаметкалиева*¹, Б.Ж.Атантаева², Абенова Г.А.³

¹докторант, Университет имени Шакарима
г.Семей, Казахстан, E-mail: karlyga.m@mail.ru

²доктор исторических наук, профессор, Университет имени
Шакарима г. Семей, Казахстан, E-mail: batantaeva@mail.ru

³кандидат исторических наук, профессор, Университет имени
Шакарима г. Семей, Казахстан, E-mail: ab.gulnur@mail.ru

ИСТОРИЯ ШКОЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В СЕМИПАЛАТИНСКОМ РЕГИОНЕ В 1920-е ГОДЫ: ДОСТИЖЕНИЯ И ПРОТИВОРЕЧИЯ

Аннотация

В статье рассматривается история становления и развития советской школы в Семипалатинском регионе в 1920-е годы. Целью статьи является исследование истории школьного дела в Семипалатинском регионе за первые десять лет советской власти. Благодаря материалам, хранящимся в Центральном архиве Республики Казахстан и государственном архиве области Абай, были изучены вопросы организации

школьного дела в регионе на раннем этапе становления советского государства.

Анализируя архивные данные, были проанализированы количественные и качественные показатели становления народного образования и развитие сети школ в регионе. В статье определяется процент охвата школами детей школьного возраста, отражается динамика роста и уменьшения количества школ и контингента учащихся за рассматриваемый период времени. Благодаря анализу состояния школьного образования на примере развития русских и казахских школ, были определены достижения и противоречия: основные характеристики, роль и место школы первой и второй ступени. Отмечена важность возникших в регионе школ повышенного типа: семилетняя школа, школа крестьянской-молодежи (ШКМ), фабрично-заводская школа (ФЗО), школы-коммуны. Показана роль Казахского педагогического техникума в формировании педагогических кадров.

В статье проанализирована деятельность государственных органов народного образования в области формирования школьного дела. Приводится статистика финансирования школ органами просвещения в динамике, где отражены тенденции развития сети школ в рассматриваемом регионе.

Ключевые слова: Семипалатинский регион, школа, учитель, система образования, семилетняя школа, крестьянско-молодежная школа, школа фабрично-заводского обучения, педагогический техникум, школа первой ступени, школа второй ступени.

*K.B. Mukhametkaliyeva*¹, B.Zh. Atantayeva², Abenova G.A.³*
¹Ph.D student, Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey,

E-mail: karlyga.m@mail.ru

²Doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey,

E-mail: batantaeva@mail.ru

³Candidate of Historical Sciences, Professor, Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey,

E-mail: ab.gulnur@mail.ru

THE HISTORY OF THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM IN THE SEMPALATINSK REGION IN THE 1920s: ACHIEVEMENTS AND CONTRADICTIONS

Abstract

The article examines the history of the formation and development of the Soviet school in the Semipalatinsk region in the 1920s. The purpose of the article is to study the history of school business in the Semipalatinsk region during the first ten years of Soviet rule. Thanks to the materials stored in the Central Archive of the Republic of Kazakhstan and the State Archive of the Abai region, the issues of organizing school business in the region at an early stage of the formation of the Soviet state were studied.

Analyzing the archival data, quantitative and qualitative indicators of the formation of public education and the development of a network of schools in the region were analyzed. The article determines the percentage of school enrollment of school-age children, reflects the dynamics of growth and decrease in the number of schools and the percentage of students over the period under review. Thanks to the analysis of the state of school education on the example of the development of Russian and Kazakh schools, achievements and contradictions were identified: the main characteristics, role and place of the first and second stage schools. The importance of the elevated schools that have arisen in the region is noted: a seven-year school, a school of peasant youth, a factory school, a commune school. The role of the Kazakh pedagogical College in the formation of teaching staff is shown.

The article analyzes the activities of state structures of public education in the field of school education. The statistics on the financing of schools by educational authorities in dynamics are presented, which reflect the trends in the development of the school network in the region under consideration.

Keywords: Semipalatinsk region, school, teacher, education system, seven-year school, peasant youth school, factory training school, pedagogical college, first-stage school, second-stage school.

Кіріспе. 1917 жылғы революциялық оқиғалар білім беру мен тәрбие жүйесін түбегейлі өзгерістерге әкелді. Кеңестік билік алғашқы сәттерден оқу-ағарту саласына үлкен мән беріп, оның жаңа мемлекет пен қоғам құрудағы маңыздылығын түсінді. Халықтың әртүрлі топтары үшін білім берудің қолжетімділігін арттыру мақсатында республика көлемінде мектеп ісі ұйымдастырылып, кеңестік мектептер желісінің құрылысы жанданды. Алайда, өлкедегі мектеп ісінің қалыптасуы кеңестік биліктің орнауымен басталды деп тұжырымдау қате пікір. Себебі, төңкерістік кезеңге дейін елімізде оқу ошақтарының рөлін діни мектептер, медреселер, патшалық гимназиялар мен училищилер атқарып келді.

Семей өңірінде кеңестік мектептің қалыптасуы мен дамуы тұтастай алғанда республика бойынша жүзеге асқан үрдістерге тән өтті. Егер республика аясында кеңестік мектептердің қалыптасуы мен даму тарихы жеткілікті ғылыми еңбектердің шеңберімен қарастырылса, Семей өңірін аймақтық зерттеу жұмыстарында тиісті көрініс таппады. Семей өңірінің қарастырылып отырған уақыт шеңберінде оның республика бойынша мәдени және ірі өндіріс орталықтардың бірі екенін ескере отырып, бұл аймақта кеңестік мектептердің жетістіктері мен қайшы тұстарын қарастыру осы тақырыпты ғылыми зерттеуге қызығушылығымызды тудырды.

1920-шы жылдардағы мектептер желісінің құрылуы мен даму тарихы Қазақстанның оқу-ағарту жүйесінің бір бөлігі және рухани мұрасы болып табылады және Семей губерниясының мысалында объективті тұрғыдан зерттеп заманауи білім жүйесінде оның онды тәжірибиесін қолдану тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Оған Семей өңірінің мысалында мектеп ісін құру жөніндегі негізгі іс-шараларды қадағалауға мүмкіндік беретін мұрағат қорларында сақталған көптеген құжаттар да дәлел бола алады. Зерттеу объектісі: 1920-шы жылдары Семей өңірінде мектептегі білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары болып табылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – 1920-шы жылдарда Семей губерниясындағы мектептерді құру мен даму тарихын заманауи ғылыми көзқарас тұрғысынан зерттеу болып табылады. Өңірдегі кеңестік мектептегі білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау мақсатында келесідей міндеттер қойылды:

- өңірдегі кеңестік мектептердің саны және ондағы білім алушы контингенттің өсу-кему динамика-сын көрсету;

- қалалық және ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасының жабдықталуын мұрағаттық дереккөздермен қарастыру;

- өлкедегі экономикалық қиындықтардың кеңестік мектептерді ұйымдастыруға әсерін анықтау;

- өңірде пайда болған жоғары дәрежелі оқу орындарының қызметін талдау;

- мектептердегі педагогикалық маман тапшылығын жоюдың шешілген жолдарын қарастыру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуіміздің маңызды дереккөзі Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві мен Абай облысының мемлекеттік мұрағатында сақталынған құжаттар құрайды. Мақаланы жазу кезінде нормативтік құқықтық құжаттар, іс қағаздар және статистикалық мәліметтер, т.б. дереккөздердің түрлері пайдаланылды. Зерттеу дереккөздерге (аймақтық шолуға) негізделгендіктен деректанулық талдау әдісі маңызды әдіс болып табылады. Мақаланы жазу барысында мектеп ісін ұйымдастыруға қатысты іс жүргізу құжаттамасы (актілер, есептер, тексеру материалдары, баяндамалық жазбалар) өңірдегі бірнеше типті мектеп түрлерінің пайда болуы, мектеп жасындағы балалардың аудан бойынша қамтылуы, мектептер мен ондағы оқушылардың саны, оқу-ағарту органдарының қызметі жөніндегі материалдар зерделенді.

Атап айтқанда, «кәсіптік техникалық оқу орындары бойынша Семей Халықтық білім беру бөлімінің деректері және мектеп санағының қорытындылары» ақпараттық болып табылады. Бұл жазбада Семей өңіріндегі кәсіптік оқу орындарының атауы, олардың орналасқан орны мен саны, оқытушылардың саны, жынысы мен ұлты бойынша және оқушылардың саны, әлеуметтік шығу тегі бойынша мәліметтер бар.

Мақалада статистикалық материалдар мектеп жасындағы балалардың қамтылу көрсеткіші, бірінші басқыш және екінші басқыш мектептерінің саны, олардың өсу-кему динамикасы, жоғары деңгейлі мектептердің түрлері мен олардың жалпы саны кестелер түрінде ұсынылған. Жиынтық кестелерде есепті кезеңде мектеп жасындағы балалардың қамтылуының пайыздық көрсеткіші және олардың аудандар бойынша жылжуы туралы деректер қарастырылған.

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихи танымның жалпы ғылыми әдістері болып табылатын тарихшылдық, салыстырмалы, объективтілік, жүйелілік принциптері құрады. Салыстырмалы тарихи әдіс қарастырылып отырған хронологиялық кезең ішінде салыстыру арқылы мектеп ісі саласындағы мектеп-тер желісінің даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында мақсатқа жетуге және нәтижелерді ұсынуға жан-жақты және объективті көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл қолданылды.

Талқылау. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулерде әртүрлі тұжырымдамалық әдіснамалық тәсілдер қолданылды: бұл тарихтың кеңестік кезеңіндегі зерттеулер және республиканың тәуелсіздік кезеңіндегі тарихшы ғалымдардың зерттеулері.

1950-1960 жылдары мұғалімдерді даярлау, Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруді дамыту мәселелері бойынша бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуші А.И. Сембаев [1] халықтық білім

беру, кеңестік мектептер, республиканың мұғалімдер даярлау тарихын «История развития советской школы в Казахстане» атты еңбегінде қарастырды, онда оның ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы мектеп құру ісінің күрделі және қарама-қайшы даму жолы көрсетілген. Автормен мұғалімдерді даярлау үдерістері, жалпыға бірдей оқыту, мектептердің оқыту және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

Р.Б. Сүлейменов пен Х.И. Бисеновтың [2] «Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов» атты зерттеуінде Қазақстанның кеңестік мәдениетінің даму тарихы баяндалады. Авторлар Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдары Қазақстандағы өзгерген күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды талдайды. Зерттеу жұмысында мәдениетті демократияландыру, сауатсыздықты жою, халықтық білім берудің жан-жақты жүйесін құру, бұқараны мәдени-саяси ағарту, халық зиялыларын қалыптастыру, ғылымды, өнерді, әдебиетті дамыту мәселелері кеңінен қамтылған.

Осы тұста еңбегінде саяси идеологиялық бояуы бар, зерттеуші Ш.К. Біткенбаеваның [3] монографиясын айтуға болады. Автор, өз еңбегінде қатаң саяси және идеологиялық қысым жағдайында мектептегі білім беруді дамыту мәселелерін зерттеудің негізгі жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай білді. Атап айтқанда, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты мен отырықшы өмірге көшудің ерекшелігін ескере отырып, ауылдық қоныстарда бастауыш және орта білім беруді енгізудің маңыздылығын атап өтті, республикада жалпыға бірдей оқыту міндеттерін іске асырудың ауқымдылығына тоқталды. Дәлел ретінде жартылай көшпелі аудандарда мектепте оқумен қамтылғандардың саны мен Қазақстанның педагогикалық корпусының саны бойынша да деректер келтірілді. Сондай-ақ сол жылдардағы мектептер өздерінің тарихи миссияларын орындағанын және автордың өзі мектеп құрылысының тәжірибесін оң бағалайтынын атап өтеді. Республиканың мектеп білімінің қалыптасуы мен даму тарихындағы нақты қиындықтар мен жетістіктерді егжейлі-тегжейлі көрсете білді.

Қазақстанның тарихы мен мәдениетін қайта қарастырып, жаңа әдіснамалық тәсілдер тұрғысынан білім беру мен мәдениет мәселелерін заманауи, объективті тұрғыда жанаша көзқараспен зерттеген авторлар еңбегінің үлесі аса маңызды болып табылады: кеңестік білім беру жүйесінің дамуын өлкелік мектеп ісінің қалыптасуына әсер еткен факторларын қарастырған отандық зерттеушілер О.Х. Мұхатованың [4], А.М. Турлыбекованың [5] еңбектерін атауға болады. Зерттеушілер Қазақстандағы 1920-1930-шы жылдардағы оқу-ағарту жүйесіне арналған жұмыстарында оқу-ағарту реформаларының тарихи маңызын жалпылап, оларды жүзеге асырумен байланысты мектептегі оқыту жүйесіндегі маңызды өзгерістерді көрсете білген.

Отандық тарихнамада 1920-шы жылдардағы Семей өңіріндегі білім беру жүйесінің даму тарихына арналған арнайы аймақтық ғылыми зерттеулер бірлі-жарым кездеседі. Соның бірі Семей өңіріндегі мектеп ісінің хал-ахуалы мен даму үрдісін аймақтық деңгейде зерттеген А.К. Богенбаеваның [6] жұмысын атауға болады. Автор өзінің зерттеуінде 1920-1930 жылдардағы Семей губерниясында кеңестік мектептердің құрылысын ұйымдастырудың алғашқы жылдарында қол жеткізген оң тұстарын атап өтіп, сол мезетте, мектеп құрылысы саласындағы халыққа білім беру органдарының қызметінде орын алған кемшіліктерді сынға алды. Бұл еңбек автордың өңірлік білім беру саласын дамыту мен қалыпқа келтіру үшін бірқатар кешенді шараларды ұсынумен ерекшеленеді.

1920-1930-шы жылдары бұрынғы Семей губерниясының территориялық құрамына енген Қарақаралы өңірінің мектептік білім беру жүйесін реформалаудағы аймақтық тәжірибенің тарихи талдауы Л.К. Шотбакова және т.б. [7] мақаласында кеңінен тарқатылады. Мақалада Қарақаралы өңіріндегі орыс және қазақ мектептерінің дамуы мысалында кеңес мектебінің тарихын кешенді түрде баяндайды, әсіресе бірінші және екінші басқыш мектептеріндегі білім беру жағдайына талдау жасалады. Өңірлік мектептерде жұмыс істеу үшін қажетті мұғалімдер кадрларын қалыптастырудағы қазақ педагогикалық техникумның ролі мен орны көрсетіледі.

Мақаланы зерттеудегі негізгі дереккөздердің бірі Г.Т. Касымова, М.И. Перебеева, А.Е. Шалыгин [8] авторлармен құрастырылған «Развитие Народного Образования в Восточном Казахстане XIX-начало XX вв.» мұрағаттық құжаттар сақталынған екі томдық жинақ болып табылады. Бұл басылымда жарияланған құжаттар кеңестік кезеңдегі Шығыс Қазақстан аумағында үкіметтің халыққа білім беру саласындағы саясатын баяндайды, әсіресе өңірдегі сауатсыздықты жою мен панасыз балалар мәселесі, мектептердің құрылу ісі мен жоғары оқу орындарының ролі мен маңызы жайлы құнды деректерді ұсынады.

Жыл сайынғы жарияланатын «Ежегодник Семипалатинского округа» шолулары мақалада зерттеудің дереккөзі ретінде кеңінен қолданылды. Аталған дереккөзде қоғамның дамуының негізгі бағыттары мен әр түрлі салалары бойынша аналитикалық және статистикалық ақпараттар келтірілген. Алайда тарихшылар арасында шолулардағы ақпараттарға сенімділік дәрежесі туралы ортақ пікір жоқ, олардың көпшілігі ұсынылған деректердің, соның ішінде статистиканың ресми болуына байланысты кемшіліктердің болуын сөз етеді. Дегенімен, зерттеушілер олардың деректанулық құндылығын мойындайды [9, 75 б.].

Осылайша, 1920-шы жылдардағы Семей өңіріндегі білім беру тарихының аймақтық зерттелуі бірлі-жарым еңбекпен толығып, үстірті қарастырылғаны кешенді түрде зерттелмегендігін көрсетеді. Осы тұста, кеңестік мектеп ісінің тарихын: жетістіктері мен қайшылықтарын объективті тұрғыда зерттеудің маңыздылығы туындайды.

Зерттеу нәтижесі. Өлкеде кеңес билігінің алғашқы орнаған жылдары елдегі сауатсыздықты жою мәселесі өткір тұрды. Сауатсыздықпен күресу процесі ең алдымен, мектептегі білім беруді реформалау, орта білім берудің жаңа құрылымын іздеуге қатысты болды. Жаңа биліктің бірінші мақсаты жалпыға бірдей міндетті тегін оқыту талаптарына жауап беретін мектептер желісін құру, барлығына бірдей зайырлы мектепті ұйымдастыру және т.б. қағидалардың есебінен халықтың сауаттылығына қысқа мерзімде қол жеткізу болып жоспарланды.

Кеңес мектебінің тарихы 1917 жылы халыққа білім беру жөніндегі халық комиссариаты шығарған «Халыққа үндеуден» басталады. Төңкеріске дейін өлкеде жұмыс істеген «құдай заңына» негізделген патшалық биліктің білім беру ордалары большевиктерді жеткілікті қанағаттандырған жоқ. Сондықтан өткеннің барлық «қалдықтарынан» құтылу мақсатында большевиктердің саясаты алғашқы жылдары ескі мектепке қатысты айқын деструктивті сипатта жүруге мәжбүр етті. Медреселерді, мектептерді және орыс-қазақ мектептерін кеңестік мектептерге айналдыру бойынша белсенді күш жұмасады. Бұл мақсатта 1918 жылы 20 қаңтарда қабылданған ХКК-нің «Ар-ождан, шіркеу және діни қоғамдар бостандығы туралы» декреті бойынша дін мектептерінде сабақ беруге және діни рәсімдерді орындауға тыйым салды. Алайда, кеңестік биліктің бұл декретіне мұсылман дінбасылары мен конфессионалдық мектеп оқыту-шылары шектен тыс қарсылық танытты. Себебі оқыту ісінің көпшілік бөлігі Құран бойынша жүргізіліп келген еді. Кеңестік мектептерге наразалық білдірушілердің қатарында қарапайым ауыл азаматтары мен бай кулактарда бой көрсетті. Олардың мектептерді жауып, мұғалімдерді қуып, белсенділерді қорқытып, кейде оларды өлтіруге дейін барған әрекеттері губерния бойынша сипат алды. Зерттеуші Ш.К.Біткенбаева өзінің еңбегінде Зайсан халық ағарту бөлімінің уәкілінің мәлімдемесі бойынша мемлекеттік мектептің беделін мейлінше түсіруге, оның ашылуына және жұмыс істеуіне кедергі келтіретін жергілікті байлар зұлымдығы аз болмай отырғанын атап өтеді [3, 52 б.].

Халықтық білім берудің жаңа жүйесін құрудың нәтижесінде І-ші Александр енгізген шіркеу-приход мектептерінің, уездік мектептер мен гимназиялардың орнына жаңа мекемелер келеді: шіркеу-приход мектептері ауыл мектептерімен ауыстырылды, ал уездік мектептер мен гимназиялардың орнына – бірыңғай еңбек мектебі пайда болады. Осылайша, 1920 жылдардың басына мектеп білімінің төңкеріске дейінгі құрылымы іс жүзінде жойылды.

1918 жылы қазанда қабылданған «Бірыңғай Еңбек мектебі туралы ереже» мен «Бірыңғай мектептің негізгі принциптері туралы Декларациямен» бірлескен және тегін жалпы білім берудің екі деңгейлі жүйесі енгізілді: І басқыш – 5 жыл, ІІ басқыш-4 жыл болып белгіленді [8, 4 б.]. Бірақ, кейінгі жылдары жалпы білім беру құрылымы туралы түсінік бірнеше рет өзгеріске ұшырады.

Халықтық ағарту жүйесіндегі жүргізілген реформалардың нәтижесінде 1920 жылдары республиканың өзге аймақтарына тән Семей өңірінде келесідей мектеп түрлері қалыптасты:

- 1) І-ші басқыш мектеп (бастауыш, мектеп-коммуналар);
- 2) жеті жылдық мектеп (жалпы және политехникалық білім) жергілікті жағдайларды ескере отырып, не шаруа (колхоз) жастары мектебі (ШЖМ) түрінде, не фабрика-зауыттық жетіжылдық мектептер түрінде құрылды (ФЗЖ);
- 3) ІІ-ші басқыш мектебі мамандандырылған екінші концентрмен (жалпы, орта, ФЗО, кәсіптік мектеп-техникумдар және т.б.) [10, 468 б.].

Қысқа мерзімде кеңес үкіметі мектеп ісін ұйымдастыру және қайта құру саласында алғашқы жетістіктерге қол жеткізді. Ол туралы 1918-1920 жылдардағы қиын әскери жағдайларға қарамастан, елде мектептер санының артқанын республикадағы кеңестік білімнің белгілі зерттеушісі А.Сембаев еңбегінде баяндайды. Автор мұрағат деректері бойынша 1918-1919 оқу жылында Семей облысында 154 орыс мектебі, 120 ауылдық және 5 орыс-қазақ училищесі, барлығы 279 мектеп жұмыс істесе, 1919-1920 жылдардың басында ақ гвардияшылардың қирату әрекеттерінің салдарынан губерниядағы мектептердің жалпы санынан 89-ы ғана қалсада, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін олардың саны тез өсіп, 370-ке жеткенін айтады [1, 49 б.].

Семей өңірінде мектеп желісінің негізгі өзегі- І-ші басқыш мектептер болып танылды. Губернияда мектептердің бұл түрі өздігінен дамыды, көбінесе мектептер тиісті дайындықсыз, материалдық ресурстық және оларды мұғалімдермен қамтамасыз ету мүмкіндігін ескермей құрылды. Сол себепті мектептің өміршеңдігі бірнеше айға ғана созылып, кейде олардың көпшілігі тез жойылды. І-ші басқыш мектептердің

дамуы тек елдегі экономикалық ахуалдың жақсарумен, 1925 жылдан бастап жоспарлы және тұрақты даму сипатына ие болды.

Мұрағаттық құжаттар Семей өңірінде 1920-шы жылы оқу бөлімімен губернияда орыс және қазақ халқы үшін 262 жаңа І-ші басқыш мектептері ашылғанын көрсетеді. Сондай-ақ Семей және Өскемен уездеріне жаңадан құрылған Бұқтырма және Жыланды уездерінің қосылу нәтижесінде бұл мектептердің қатарына 163 мектеп қосылған. Осылайша 1921 жылдың басына Семей губерниясында барлығы 1454 оқытушы мен 72339 оқушыдан тұратын І-ші басқыштағы 862 мектеп жұмыс істеді [11]

Алайда өңірде І-ші басқыш мектептерімен білім алушыларды қамту губерния бойынша біркелкі жүрмеді. Оны өңірдегі балалардың І-ші басқыш мектептерімен қамтылу пайызы келтірілген төмендегі кесте 1 көрсетеді [12, 268 б.].

Кесте 1. Мектеп жасындағы балалардың саны және аудандар бойынша І-ші басқыш мектептермен шамамен %-дық қамтылуы [12]

Аудандардың атауы	Мектеп жасындағы балалардың саны	% қамтылуы	Аудандардың атауы	Мектеп жасындағы балалардың саны	% қамтылуы
Қалалар мен қалалық типтегі елді мекендер	10762	73	Шыңғыстай	1408	20
Бесқарағай	2316	10,8	Күршім	4992	25,6
Белағаш	4210	45,3	Самар	3030	62,1
Шемонайха	6082	51,1	Марқакөл	1671	30
Убинка	4007	33,4	Зайсан	3179	26,8
Риддер	2817	39,9	Тарбағатай	3289	22,7
Өскемен	6246	48,3	Қызылтас	3942	16,9
Ұлан	2855	40	Бурас	1917	64,6
Жарма	3932	30	Разин	3047	77,4
Жаңа-Семей	2184	24,7	Аягөз	3040	17,7
Шыңғыстау	3227	24,9	Мақаншы	2386	16,2
Қызылтаң	2351	20,3	Үржар	2023	48,0
Зырян	4548	32	Өңір бойынша	92790	410
Қатон-Қарағай	3328	40,8			

Берілген 1-ші кестеден жалпы, қазақ аудандарында мектеп жасындағы балалардың І-ші басқыш мектептермен қамтылуының пайызы орыс халқына қарағанда төмен болғандығын көреміз. Қазақ халқының кейбір аудандар бойынша қамту пайызының көрсеткіштері төмен болуы олардың орыс аудандарының неғұрлым берік орныққан орыс мектебіне деген ұмтылысынан туындады. Соның салдарынан орыс аудандары үшін қамту пайызы көршілес қазақ аудандарында қазақ балаларының азаюы есебінен едәуір артты (Бурас, Бесқарағай, Разин және Жаңа-Семей аудандары). Бұл тек мектептердің санымен ғана емес, негізінен қазақ мектебі әлі де жеткілікті түрде нығаймағандығымен, мектеп ғимараттарының жетіспеушілігімен, олардың жабдықтармен әлсіз қамтамасыз етілуімен де түсіндіріледі.



Сурет 1. II-ші басқыш мектебінің оқушылары. Семей, 1924 ж. [8]

Губерниядағы қазақ мектептерінің нашар жабдықталғанына қарамастан халықтың тарапынан мәдени сұраныстардың өсуі жергілікті билікті қазақ мектептерін ашуға мәжбүр етті. Семей Губерниялық халыққа білім беру бөлімінің жылдық баяндамаларының бірінде 1921 жылдың басына қазақ мектептерінің және ондағы оқушылардың саны туралы келесі деректер келтіріледі.

Кест 2. Семей губерниясы бойынша қазақ мектептері саны туралы мәлімет, 1921ж.[13]

	I-ші басқыш мектептер			II-ші басқыш мектептер		
	мектептер	оқытушылар	оқушылар	мектептер	оқытушылар	оқушылар
Семей губерниясы	379	555	17025	-	-	-

2-ші кестеден көріп отырғанымыздай, 1921 жылдары Семей өңірінде бірде-бір II-ші басқыштағы қазақ мектептерінің болмағанын байқаймыз. 1921 жылдың басына Семей губерниясы бойынша 3906 оқушымен қамтылған 26 аралас типтегі II-ші басқыш мектептері жұмыс істеді [14]. Аралас типтегі II-ші басқыш мектептерде контингент негізінен өзге ұлт өкілдерінің қатарынан толықты.

Абай облысының мемлекеттік мұрағаты қорында сақталған I-ші суретке көз жүгіртсек, II-ші басқыш мектептерде білім алушылардың басым көпшілігі өзге ұлттардан тұрғанын аңғаруға болады. Семей губерниясы бойынша II-ші басқыштағы қазақ мектептерінің пайда болуы, тек 1925-1926 жылдардан бастап бұл мектептердің кәсіби бағытқа көшуімен байланысты болды. Әсіресе, педагогтарды дайындап шығару барысында олардың қазақ контингентімен толықтырыла бастағанын атап өткен жөн. Мысалы, аталған оқу жылында тек бір II-ші басқыш қазақ мектебі Семей губерниясы бойынша Қарқаралы уезінде болғаны ағарту мекемелерінің есептерінен белгілі болды [15, 340 б.]. Бұл ретте, ұжымдық жұмыстың авторлары Л.К.Шотбакова және т.б. мен белгілі өлкетанушы Ю.Г.Поповтың пікірлері екіге бөлінеді. Мәселен, зерттеушілер өздерінің мақаласында Ю.Г.Поповтың еңбегінде қазақ балалары үшін Қарқаралы өңірінде II-ші басқыш мектептерде қазақтардың білім алғаны жайлы мәліметтердің кездескенін атап өтседе, олармен қарастырылған Семей Губерниялық ХББ ұлттар бөлімінің есебінде қазақтар арасында II-ші басқыш мектептердің болмағанын хабарлайды. Олар оны ұлттар бөлімінің есебінде ұлттық (яғни қазақ) мектептер туралы мәліметтер берілгендігімен түсіндіреді [7, 134 б.]. Дегенімен, біз қарастырған Семей губерниясының 1925-1926 жылдарға арналған жылынамалық шолуында кездескен кәсіптік техникалық оқу орындары бойынша Семей ХББ бөлімінің деректері және мектеп санағының қорытынды-лары жалпы губерния бойынша II-ші басқыш қазақ мектебінің Қарқаралы өңірінде болғандығын көрсетеді. Мектепте 13 мұғалім қызмет атқарып, 96 оқушы білім алған [15, 340 б.]. (кесте-4)

Егер мәдени төңкерістің бастапқы кезеңінде қабылданған шаралардың нәтижесінде мектеп мекемелерінің біршама өсуіне және олардың оқушылармен белсенді қамтылуына қол жеткізілсе, келесі

1922 жылдары елдің экономикалық жағдайының нашарлауымен байланысты халықтық білім беру желісін кеңейту ісінде дағдарыс басталды. Республиканың өзге аса маңызды салаларының қажеттілік-теріне қаражат жұмсау, білім беру мен мәдениет саласының төмендеуіне әкелді. Бұл жағдайда Үкімет барлық мәдени мекемелерді қамтамасыз етуді мемлекеттен жергілікті бюджетке ауыстыруға мәжбүр болды. Бұл ереже РСФСР Халық Комиссарларының 1922 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен құжатталды. Мемлекеттік жабдықтаудан алып тастау және оларды жергілікті қамтамасыз етуге көшіру ҚазАКСР жергілікті бюджеті енді ғана құрыла бастаған сәтте орын алды. Жергілікті органдар бұл іс-шараға дайын болмаған кезде, дәлірек айтсақ, жергілікті бюджет болмаған жағдайда, бұл шара мектеп желісінің күрт төмендеуіне әкелді [5, 280б]. Мысалы, Өскемен уезінде 1920-1921 оқу жылында оқушылар саны 450 адам болатын ІІ-ші басқыштағы 3 мектептің орнына материалдық қаражаттың жетіспеушілігінен келесі жылдың басына дейін Уездік ХББ бөлімінің өкімі бойынша 120 оқушысы бар І-ші басқыштағы 1 мектеп қалды [16].

РКП(б) Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті пленумының материалдарында «Қазақ АКСР-де мектеп жүйесін қысқарту процесі 1922 жылы ең жоғары шиеленіске жетті» деп көрсетіледі. Аталған жылдың мамыр айында Семей губерниясы бойынша мектептерде қысқарту шаралары орын алып, қысқартуға ұшыраған мектептердің статистикасы келесідей болды.

Кесте 3. Семей губерниясы бойынша мектептер санының қысқару динамикасы, 1922 ж.[17]

Уездердің атауы	І-ші басқыштағы мектептер				ІІ-ші басқыштағы мектептер			
	қысқартылуға дейін		қысқартылудан кейін		қысқартылуға дейін		қысқартылудан кейін	
	орыс	қазақ	орыс	қазақ	орыс	қазақ	орыс	қазақ
Семей қаласы	23	21	15	14	4	-	4	-
Семей уезі	100	69	90	65	2	-	1	-
Павлодар қаласы	9	5	9	5	2	-	1	-
Павлодар уезі	127	109	111	108	2	-	2	-
Өскемен қаласы	15	3	13	3	1	-	1	-
Өскемен уезі	140	63	125	60	-	-	-	-
Зайсан қаласы	3	4	1	4	2	-	2	-
Зайсан уезі	35	51	19	31	-	-	-	-
Қарқаралы қаласы	2	1	2	1	1	-	1	-
Қарқаралы уезі	8	140	7	135	-	-	-	-
Зырян қаласы	1	1	1	1	1	-	1	-
Бұқтырма уезі	67	40	60	40	1	-	1	-
Барлығы	536	507	453	467	16	-	14	-

3-ші кестеде келтірілген өңірдегі қысқарту шараларының нәтижесінде губернияда І-ші басқыш орыс тілді 536 мектептің 83-і қысқартылып, 453-і жұмысын жалғастырды, І-ші басқыш қазақ мектептерінің 507-нен 40-ы қысқартылып, 467-і қалса, ал ІІ-ші басқыштағы 16 мектептің 2-і қысқартылып, 14-і жұмыс істеді. Іс жүзінде қысқартылған мектептердің қатарына нашар жабдықталып, әлсіз қамтылған мектептер ұшырап жатты.

Губерниядағы тұрғындардың арасындағы сауаттылық деңгейінің төмендігін ескере отырып, Губерниялық халық ағарту бөлімі қалған І-ші басқыш 920 мектеп пен ІІ-ші басқыш 14 мектепті - қысқарту шегінің минимумы деп есептеп, одан әрі мектептер санын қысқарту жұмыстарына жол берілу 10000 баланы мектептен тыс білімсіз қалдырып, сауатсыздықтың халық арасында терең тамыр жаюы мүмкін деген пікірді ұстанды [17].

Айта кету керек, орыс мектептерінің арасында біз ІІ-ші басқыш мектептерді байқасақ, қазақ мектептерінің барлығы – І-ші басқыш мектептер. Басқаша айтқанда, қазақ балалары 1920 жылдардың басында толық емес орта білім немесе бастауыш білім алса, бір орыс мектебі толық орта білімді бере алған [7, 135 б.].

ІІ-ші басқыштағы жаңа мектептерді ашуға халық тарапынан сұраныс түссіп жатсада, қолданыстағы бар мектептердің өзін материалдық қамтамасыз ету оқу бөлімдеріне қиынға түсті. Әсіресе, азамат соғысынан кейін мектеп жиһаздарының бір бөлігі жарамсыз болып, қажетті материалдар мен жұмыс қол-дарының болмауы себептерінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болмады. Мұрағаттық дерек-терде Семей

өңіріндегі мектептердің қиын жағдайы баяндалады. Мысалы, Семей қаласындағы №8,12 және 16 мектептерде сынып жиһаздары қызыл әскер тарапынан қирап, өртеніп жарамсыз күйге ұшыраған [18].

Өңірдің бірқатар мектептерінде мұғалімдерге арналған сынып үстелдері мен орындықтар, шкафтар және басқа да қажетті жиһаздар болған жоқ. Ауылдық жерлердегі мектеп бөлмелері көп жағдайда мүлдем нашар жабдықталды және ресми органдардың мойындауы бойынша гигиеналық талаптарды қанағаттандырмады.

Мектептер оқу құралдарымен әлсіз қамтамасыз етілді, оқулықтар мен дәптерлер жеткіліксіз бөлінді. Өңірде орыс мектептері орта есеппен 50%-ға қамтамасыз етілсе, ана тілінде әдебиет жетіспейтін қазақ мектептерін жабдықтау 10%-дан төмен болды. Мұрағат құжаттарының бетінде Семей қаласының мектептерінің ішінде, тек № 4,12,15 және 17 мектептерде өзге мектептерге қарағанда қанағаттанарлық күйде оқулықпен қамтамасыз етілсе, ұлттық мектептерден №2,5,10,13 қазақ және татар мектептері мен №1,2 қазақ мектептері әліппемен жеткілікті мөлшерде жабдықталғаны хабарланады [19].

Кейбір мектептерде мұғалімдер санының біркелкі бөлінбеген жағдайлары да орын алды. Мысалы, І-ші басқыш №10, №11 мектептерде бір мұғалімге 50-60 оқушыдан, №3 мектепте 48 оқушыға 2 мұғалім, 24 оқушыға 5 мұғалім салыстырмалы түрде аз бөлінген [8, 207]. Бұл деректерді ескере отырып, белгілі бір мектептерде сабақтардың біркелкі бөлінбеуі есебінен еңбек бөлінісінің тиімсіз жүзеге асқандығы жайлы шешімге келуге болады.

Осы фактілердің барлығы қазақ және орыс мектептерін шаруашылық-метриалдық қамтамасыз ету мен жабдықтауға қатысты жағдайдың өте ауыр болғандығын көрсетеді.

Өңірде балаларды мектеп ғимараттарымен қамтамасыз ету мәселесі де өткір тұрды. Ағарту органдарының тексеріс жұмыстарын жүргізу барысында Семей қалаларындағы қолайлы және үлкен ғимараттарының басым бөлігінде мемлекеттік мекемелер, негізінен әскери бөлімдер шоғырланғандығы анықталды. ХКК-нің «мектеп үй-жайларын мекемелер мен әскери бөлімдерден босату» жарлығы шықсада, іс жүзінде тиімсіз болып шықты. Губерниялық ХББ бөлімі мектептерді жеке үйлерге орналас-тыруға және екі-үш ауысымда сабақ беруге мәжбүр болды. Мысалы, қаладағы №7 және №13 татар мектептері балаларды бірнеше үйлерге бөліп оқытты [20]. Семей губерниясын зерттеу актісінде: «мектептерде екі-үш ауысымда сабақ жүргізіледі...демалыс залы жоқ, балалар мектепте 4-6 сағат өткізеді... олар үнемі өз сыныптарында болуға мәжбүр, өйткені олар үзіліс кезінде шығатын кішкентай дәліз де жоқ, көптеген мектептерде жарық жеткіліксіз» деп хабарланады [1, 78 б.].

Губерния бойынша І-ші басқыштағы мектептердің тек 21%-ы білім беруге бейімделген және жарамды болып танылды: бұл ретте көрсеткіш орыс аудандары үшін 26%-ға дейін артса, керісінше қазақ аудандарында 15%-ға дейін төмендеді [15, 340 б.].

Халық өз еркімен мектеп үшін үй-жай бөлуге немесе салуға, оны жабдықтауға міндеттеме алды, халыққа білім беру бөлімдерінің мектеп құрылысына көмектесуге шақыруларына қызу жауап берді. Мысалы, губерниялық Халық ағарту бөлімінің ұлттар бөлімшесі халықтық мектеп үйлерін салуға көмектесуге шақырған үндеуі Қарқаралы, Павлодар, Семей, Өскемен уездерінің көптеген ауылдарында қолдау тауып, мектеп үйлерін салуға жергілікті халық белсене қатысты. Соның нәтижесінде Өскемен уезінде-23, Бұхтармада-30, Семейде-33 мектеп еңбекші халықтың келісімімен салынып, өз алдына жұмыс істеді [3, 82 б.].

1920-шы жылдардың ортасына қарай жаңа экономикалық саясаттың жетістіктеріне байланысты жағдай біршама қалыпқа келді. Мәселен, 1925 жылы мамырда Халық ағарту комиссариатының алқасы халықтық білім беру жүйесін бекітіп, балаларға жалпы білім беретін ашық типтегі мекемелер ұйымдас-тыруды жоспарлады. Осы мақсатта 8-13 жас аралығындағы балалар жасын қамтитын төрт жылдық мектептер ашылды. Мұндай мектептерді ашуға материалдық қаражат болмаған жағдайда, қолданыстағы екіжылдық, үшжылдық мектептерді төртжылдық мектептерге айналдыру көзделді [5, 280 б.]. Іс жүзінде Семей өңіріндегі пығыс ұлттарына, оның ішінде қазақ мектептеріне тоқталатын болсақ, олардың 50%-дан астамы біржылдық немесе екіжылдық мектептер болып қала берді, төртжылдық мектеп тек 7%-ды құрады [15, 339 б.]. Екіжылдықты бітірген қазақ балалары үшін төртжылдыққа теңестірілген екі жылдық оқу мерзімі бар мектеп-интернаттар құрылды.

Жайылым қуып, көшіп жүрген көшпелі халыққа балаларын І-ші басқыш мектептері мен оның жанындағы интернат, пансионаттарда оқыту тиімді болды. Сондықтан 1920-шы жылдардың бірінші жартысында көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда мектеп-интернаттар, әсіресе мектеп-коммуна-лар біртіндеп көбейе бастады. Мектеп-коммуналарға көбінесе жетім, кедей, батрақ, қызыл әскер мен жалдамалы жұмысшылардың балалары алынды. Бұл балаларды азық-түлікпен, тұрмыстық заттармен, киім-кешекпен қамтамасыз ету толығымен мемлекет есебінен жүзеге асырылса да, кейбір мектептерде ата-

аналар оқудың материалдық қамтамасыз етілуін, соның ішінде тамақтанудың және жатақханада тұруға байланысты барлық шығындарды өз мойындарына алды [1, 179 б.]. 1925-1926 оқу жылында Семей Губерниялық Халыққа білім беру бөлімінің есебі бойынша губернияда 14 оқытушы және 249 оқушымен қамтылған барлығы 4 мектеп-коммунасы (Семей-1, Семей уезді-1, Павлодар уезді-1, Қарқаралы уезді-1) жұмыс істеді [15, 340 б.].

Егер есептегі деректерді автор Ш.К.Біткенбаеваның монографиясында келтірген көрсеткішпен салыстыратын болсақ, онда біз олардың біршама алшақтығын байқаймыз. Автор Семейдің өзінде 1922 жылдың басында 7 коммуна-мектебі жұмыс істеді деп көрсетеді [3, 88 б.]. Бәлкім, мұндай айырмашылық өлкеде орын алған экономикалық қиындықтардың салдарынан мектептер желісі санының қысқартылуымен байланысты деген болжамға келуге болады.

Өңірде жоғары үлгідегі мектептер желісі тұрақты әрі І-ші сатыдағы мектептерге қарағанда әлдеқайда жақсы дамыды. 1926 жылы кәсіптік бағытқа көшкен ІІ-ші басқыш мектептер сол жылдардың өзінде белгілі бір біліктілігі бар тұлғаларды шығара бастады, негізінен мұғалімдердің контингентін дайындады. Мысалы, 1925-1926 оқу жылына кәсібилендіру нәтижесінде пайда болған ІІ-ші басқыштағы қайта құрылған мектептердің бірі 16 мұғалімді дайындап шығарды [15, 342 б.].

Жоғары үлгідегі мектептер желісі негізінен жетіжылдық мектептер есебінен дамыды, яғни орта кәсіптік білімге көшу үшін ең қолайлы мектеп түрі болып табылды. Егер, 1925-1926 оқу жылының санағында губерния бойынша тек 7 жетіжылдық мектеп, ондағы оқушылардың саны 1546 оқушыны қамтыса, 1928 жылдың соңында олардың саны 21-ге, ал оқушыларының саны 3036-ға жетті [12, 271б.]. Бұл ретте зерттеуші А.Сембаев өзінің еңбегінде 1925 жылы Семей губерниясында бірде-бір жетіжылдық қазақ мектебі болмағанын атап өтеді, алайда біз қарастырған оқу бөлімдерінің есеп беттерінде аталған оқу жылында губерния бойынша екі жетіжылдық қазақ мектептерінің Павлодар және Өскемен уездерінде шоғырланғандығын төмендегі кесте-3 куәландырады.

Шаруа жастарының мектептері салыстырмалы түрде қысқа өмір сүргеніне қарамастан, ағарту саласында берік орынға ие болды. Мұндай мектептерге балалар үйінде тәрбиеленген, жасы асқан балалар, сондай-ақ кедейлер мен жалшылардың балалары алынды [4, 416.]. Семей өңірінде қазақ ШЖМ болмады, негізгі контингент орыс ұлт өкілдерінен тұрды. 1925-1926 оқу жылына губернияда 1080 оқушымен қамтылған тек 5 шаруа жастары мектептері жұмыс істеді [12, 268 б.].

Фабрика-зауыт оқуының мектептерінде білім алушылар тек жетіжылдық білімді меңгеріп қана қоймай, кәсіби маман иелері атанып шықты. 1925 жылы Риддер қаласында үш жылдық оқу мерзімі бар, 80 адамға шақталған тұңғыш фабрика-зауыт оқу мектебінің ашылуы республикаға алғашқы жас білікті жұмысшыларды дайындап берді. 1929 жылы мектепті тәмамдаған тұңғыш тұлғалар: кеншілер, металлургтер, сызбашылар, зертханашылар Қазақстанның жұмысшы табының алтын қоры болып саналды (<http://e-arhiv.vko.gov.kz/ru/Page/Index/22243>)[21]. Республиканың ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі саналатын Семей өңірінде ФЗО-ның мектептері Риддер қаласында және бірінші бесжылдықтың басында Семей былғары зауытында жұмыс істеді. Өкінішке орай, 1926 жылдың санағы бойынша Семей ХББ бөлімінің есебінде ФЗО-ның мектептері жолағында «ақпарат жоқ» деп көрсетілу есебінен, мектептің оқушылары мен оқытушылары бойынша мәлімет алынбады [12, 272 б.].

Дегенімен, бізбен санақ беттеріндегі Семей губерниясындағы жоғары үлгідегі мектептер бойынша мәліметтерге қол жеткізілді. Төменде 1925-1926 оқу жылына Семей өңірінде жұмыс істеген жоғары үлгідегі мектептердің тізімін келтіреміз.

Кесте 4. Жоғары үлгідегі мектептер желісі [15, 340 б.]

Мектептердің орналасуы	ІІ-ші басқыш			Жетіжылдық			Шаруа жастар мектебі			Коммуна-мектеп		
	Мектеп	Мұғалім	Оқушы	Мектеп	Мұғалім	Оқушы	Мектеп	Мұғалім	Оқушы	Мектеп	Мұғалім	Оқушы
Семей қаласы												
Қазақтар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	3	27
Орыстар	1	18	453	1	15	302	-	-	-	-	-	-
Семей уезі												

Қазақтар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	3	93
Орыстар	-	-	-	1	8	225	1	3	81	-	-	-
Павлодар уезі	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Қалалық: қазақтар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	4	75
Орыстар	1	9	326	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Уездік: қазақтар	-	-	-	1	7	248	-	-	-	-	-	-
Орыстар	-	-	-	-	-	-	1	5	489	-	-	-
Немістер	-	-	-	1	2	38	-	-	-	-	-	-
Өскемен уезі												
Қалалық: қазақтар	-	-	-	1	8	225	-	-	-	-	-	-
Орыстар	1	15	430									
Уезд бойынша орыстар	-	-	-	-	-	-	2	19	443	-	-	-
Зайсан уезі												
Қалада: орыстар	1	9	153	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Бұхтырма уезі												
Уезд бойынша орыстар	-	-	-	2	15	508	1	4	67	-	-	-
Қарқаралы уезі												
Қалалық қазақтар	1	13	96	-	-	-	-	-	-	1	4	64
Барлығы 1925-26 ж.	5	64	1458	7	55	1546	5	31	1080	4	14	259
Барлығы 1924-25 ж.	9	79	463	8	52	348	-	-	-	-	-	-

Берілген 4-ші кестеге салыстырамалы талдау жүргізе отырып, кестеден II-ші басқыштағы мектептердің саны 4 бірлікке азайғанын және шаруа жастарының 5 мектебі пайда болғанын көруге болады. Сондай-ақ, жетіжылдық мектептің оқушыларды айтарлықтай қамтуға қол жеткізгенін, мұғалімдер санының өскендігін аңғарамыз. Алайда, бұл деректерді кестедгі 1924-1925 жылдармен салыстырсақ, оқытушылық күштердің әлсіз жүктемесі және жоғары үлгідегі мектептердегі топтардың аздығы байқалады.

Жоғары үлгідегі мектептер желісінің негізгі кемшілігі – өңірдегі қазақ халқын қамту бойынша көрсеткіші төмен 15,7%-ды құрады [15, 271 б.]. Бұл, бір жағынан, ауылдық қазақ мектебі өзінің әлсіздігіне байланысты жоғары үлгідегі мектептерді толықтыруға әлі де жеткілікті кадр бөле алмайтындығымен түсіндірілсе, екінші жағынан, жоғары үлгідегі мектептер жанынан интернаттардың жоқтығы, бұл өз балаларын қалада жеке меншік пәтерді жалдап ұстауға мүмкіндігі жоқ қазақ кедейлерінің мүдделеріне қатты әсер етті. Жоғары үлгідегі мектептердің әсіресе, қалаларда 2-3 толық мектеп түрінде қарқынды дамуы халықтың балаларды мектепке қабылдау туралы талабының арқасында ғана жүзеге асырылды. Бірақ, бұл мектептердің шамадан тыс жүктелуі олардың қалыпты жұмысына кедергі келтірді.

Руководство СВБ неоднократно отмечало, что антирелигиозная работа на местах осуществлялась в основном формально, неорганизованно, стихийно и не системно. Это было обусловлено рядом причин. Одна из них – низкий уровень подготовки специальных кадров для антирелигиозной работы, порой их нехватка. В этой связи в своих отчетах руководство СВБ неоднократно подчеркивало, что для осуществления грамотной атеистической пропаганды и разоблачения «реакционной» сущности религии крайне важной необходимостью является подготовка специальных кадров. В этой связи, в обращении Центрального Совета СВБ СССР ко всем краевым и областным советам организации отмечалось, что лекционная антирелигиозная работа находится на чрезвычайно низком теоретическом уровне. К лекционной работе зачастую привлекались непроверенные, неподготовленные кадры.

Для решения данной проблемы предлагалось создать при республиканских, областных и краевых организациях СВБ лекторское бюро под руководством одного их наиболее подготовленных и обладающих организационной способностью членов Президиума. В кратчайший срок намечалось обеспечить тщательный подбор лекторов из идеологически выдержанных, научно-подготовленных и квалифицированных кадров. И в дальнейшем все организации СВБ должны установить, как правило всестороннюю и повседневную проверку данных лекторов путем проверки тезисов и лекций, и докладов. [21, л.7] С целью стимулирования работы лекторов планировалось установить соответствующую

дифференцированную оплату труда лекторов и заключить договоры с профсоюзными организациями, МТС, совхозами, колхозами и другими учреждениями на проведение лекционной работы.

Другая причина – это нехватка средств, выделяемых на антирелигиозную пропаганду. Для организационной и методической работы необходимо приобретение оргматериалов, методических разработок, тезисов и докладов, отпечатать перевод на казахском языке и т.д. [22, л.4] Также работа членов СВБ предполагала частые командировки по различным регионам, что тоже требовало определенных финансовых средств.

Одна из проблем - острая нехватка литературы на казахском языке. Об этом руководство СВБ Казахстана неоднократно поднимало данный вопрос перед Центральным Советом СВБ и республиканскими партийными органами. Так, председатель Крайоргбюро СВБ Шустров в октябре 1938 г. настоятельно поднимал данную проблему. «В Казахстане совершенно отсутствует антирелигиозная литература на казахском языке, нет переводов, нет литературы по местным религиозным верованиям, поэтому Крайбюро СВБ намечает издательскую работу объемом 50 печатных листов. Это совершенно необходимо, так как без литературы нельзя готовить кадры, нельзя вести а\r работу», - писал он своем обращении к первому секретарю ЦК КП\б Казахстана Л.И.Мирзояну [23, л.61].

Крупнейшим недостатком организационного состояния СВБ являлась слабая сеть ячеек СВБ в селах и аулах, в колхозах и совхозах, промартелях и в городах и слабый охват членства СВБ колхозников, кустарей и женщин. Работа районных организации СВБ все была также слабо организована, осуществлялась не систематически.

Одним из основных направлений деятельности СВБ было чтение лекции и докладов, проведение семинаров, организация антирелигиозных выставок. заключив предварительно договор, работники СВБ читали лекции рабочим и служащим предприятий общепита, госторговли, тяжпрома, дошкольными учреждениями и детдомами, типографии, хлопкозавод. Также лекторы читали лекции в колхозах и бригадах МТС.

Тематика лекций и докладов была разнообразной: «Религия и наука», «Нервно-душевные болезни с точки зрения науки и религии» для дошкольных учреждений и детдомов, «Легенда о Христе», «Пасха и ее эксплуататорская сущность», «Сталинская конституция и вопросы религии», «Избирательный закон в Верховный орган КССР и антирелигиозная пропаганда», «Происхождение и классовая сущность ислама», Советская медицина и борьба с религией» [24, л.6,45,61]. В рассматриваемый период у условий предвоенной обстановки появляется новая тематика докладов («Задачи единого безбожного фронта в борьбе против фашизма, военной опасности и церкви»).

Основными ее методами, как следует из отчетов местных первичных организаций, было проведение радиопередач, театральные постановки, разоблачающие «реакционную классовую сущность» религии, религиозных праздников. Работники Союза Воинствующих Безбожников регулярно проводили запланированные ранее радиолекции на темы ««Курбан-Айт и его классовая сущность», «Сталинская конституция и вопросы религии». Однако, как отмечали сами члены СВБ, качество лекций оставалось достаточно низким.

Союз Воинствующих Безбожников важную роль отводил изданию большого количества художественной, научно-методической антирелигиозной литературы, издававшейся преимущественно специализированными издательствами «Атеист» и «Безбожник». Позднее они были преобразованы в Государственное издательство антирелигиозной литературы. Научно-методический журнал «Антирелигиозник» являлся главным органом печати Центрального Совета СВБ.

В период своего существования СВБ публиковал антирелигиозные доклады, материалы на религиозную и атеистическую тематику, методические разработки и пособия как помощь лекторам и пропагандистам. На страницах журнала «Безбожник» издавались материалы о и методах борьбы с религиозным мировоззрением, приводились примеры передового опыта борьбы с религией, а также сведения и информация по истории религии.

Освещалась «антиобщественная» деятельность служителей культа, сектантов, «враждебная» сущность религии с конкретными примерами и фактами. Исполняющий обязанности Председателя СВБ Казахстана Ибрагимов (в июле 1939г председатель) отмечал, «Газета Безбожник более подробно освещает опыт антирелигиозной работы, состояние отдельных организации СВБ, хронику работы организаций СВБ, опыт работы с верующими 40». [25, л.4]

В июне 1929 г. Республиканский Совет Союза воинствующих безбожников принял Устав организации, провозгласивший «задачей объединение всех сознательных граждан для организации активной борьбы против религии во всех видах и формах» [26, л.114]. Союз повсеместно создавал ячейки

на промышленных предприятиях, в воинских частях, учебных заведениях, в аулах и селах, руководил антирелигиозной пропагандой во всех видах деятельности: организация лекции, научных кружков, музеев, библиотек, кино, а также театральных представлений. Это способствовало формированию у общества нового атеистического мировоззрения. Советы СВБ Казахстана официально создавались по инициативе партийных, профсоюзных, комсомольских организаций и отдельных членов Союза.

Однако в 1940 г советское правительство вновь ужесточает антирелигиозную политику в ответ на активизацию деятельности религиозных общин и верующих. Наступает новая волна гонений против служителей культа и верующих. Однако активизация деятельности СВБ Казахстана не привела к желаемым результатам

Центральное руководство в лице Ярославского неоднократно подчеркивало: работа с верующими и служителями культа должна быть достаточно хорошо организована и продумана и ни в коем случае нельзя недооценивать этот участок работы. В целом, выступления лидеров Союза носили агрессивный и резкий характер, сопровождаясь лозунгами о полном уничтожении религии и ее упадке. Печатные издания полностью отражали политику государства в этом вопросе.

Впоследствии организация в годы Великой Отечественной войны прекратила свое существование в связи с изменением политического курса в отношении религии и верующих. Официально организация прекратила свое существование в 1947 году. На смену СВБ пришла новая организация это общество «Знание».

Предвоенный период характеризовался массовыми преследованиями. Предполагалось, что репрессивная политика в отношении служителей культа и верующих, массовое мечетей, храмов и церквей будет способствовать уничтожению религии и духовенства.

1936-1937 годы являлись пиком массовых репрессий. Главным аргументом обвинений против служителей культа являлись их выступления против советской власти в годы гражданской войны и поддержка белого движения. Таким образом, наступает новая волна борьбы с религиозным мировоззрением. Репрессии усилились настолько, что Союз Воинствующих Безбожников провозгласил целью полное уничтожение религии.

В 30-е годы в соответствии с известным лозунгом «кадры решают все» был установлен жесткий контроль государства над составом духовенства через введение так называемой регистрации, то есть справки, получаемой священнослужителем, согласно которой ему разрешалось служить в конкретном храме.

Объявление тотального похода против культуры, религии и духовности в целом, происходило в годы культа личности, утверждения единовластной диктатуры. Все это сопровождалось массовыми репрессиями, которые затронули практически все слои советского общества. Преследованиям и репрессиям подверглось мусульманское духовенство. Их расстреливали, вешали и депортировали. Ислам был объявлен консервативной, реакционной религией. В периодической печати появились статьи, в которых довольно грубой и оскорбительной форме сообщалось о сущности ислама, его догматах, традициях. Так, журнал «Антирелигиозник» в 1938г. писал, что сущность Оразы – «вражеская и реакционная». На следующий год журнал аналогично объявил праздник Курбан-байрам реакционным и враждебным. [5, с.327]

Репрессивные меры принимались и против протестантских общин, которые в стране открыто отождествлялись с вражескими капиталистическими организациями. В спецпоселениях, где проживали депортированные из Украины и Поволжья большие группы меннонитов, баптистов, лютеран и католиков быстро организовывались религиозные общины, вынужденные действовать нелегально в условиях постоянных репрессий. В частности, Карагандинская община ЕХБ была образована в 1931 году и, несмотря на все репрессии, практически не прекращала своей деятельности до регистрации в 1946 году [27, с.196]

Со второй половины 30-х годов в стране складывается тоталитарный режим, проникший в различные стороны жизни общества. Тотальные репрессии охватили все социальные слои страны, особенно коснулись верующих и духовенства, которые являлись с точки зрения государства носителями чуждой официальной идеологии. Идеологическим обоснованием данной политики явился сталинский тезис об усилении классовой борьбы в условиях развертывания и дальнейшего развития социализма. Это нашло отражение не только в активизации антирелигиозной пропаганды, но и в усилении всестороннего контроля над деятельностью конфессиональных объединений, массовых преследованиях духовенства и верующих.

Большое значение в антирелигиозной борьбе имели периодические издания. Главным печатным изданием был ежемесячный журнал "Революция и церковь", в котором публиковались разнообразные

материалы, включая официальные документы и антирелигиозные лекции. Здесь распространялась официальная информация – решения, указы, постановления правительства, отчёты о проведенных лекциях и материалах в различных областях, разоблачалась антисоветская деятельность священнослужителей.

Служители культа рассматривались как контрреволюционная сила, враги строящегося социализма. А мусульманское духовенство представляло из себя по отношению к пролетариату единую реакционную силу. Во второй половине 30-х годов к традиционным обвинениям служителей культа и верующих добавились обвинения в национал-фашизме, связи с разведкой одного из фашистских государств. «Контрреволюционная банды» включали представителей различных конфессии членами: муллы, старообрядцы, сектанты, баптисты и представители других протестантских течений.

Не менее пострадали вследствие политических притеснений и мусульманские народы. Частью государственной политики в отношении мусульманских народов явилось изменение письменности. В 1928-1931г.г. арабская графика была заменена латинской, а в конце 30-х г. латинская уступает место русской графике.

При этом государство не скрывало, что основной целью данных шагов было стремление разорвать тесную связь народа с исламом, отдалить от сложившихся веками религиозных традиций. В конечном итоге национальная культура народов, традиционно исповедующих ислам, в определенной степени потеряла свою письменную основу, а для миллионов людей не было уже возможности читать большое количество рукописных и печатных изданий, в том числе и религиозной литературы. А казахи, проживающие в разных уголках мира, до сих пор испытывают трудности в общении. Советское государство было нацелено на замену религиозного мировоззрения новыми коммунистическими ценностями.

Происходил процесс складывания новой культуры проведения праздников. В стране стали отмечать такие праздники, как День I Интернационала (1 мая), Международный женский день (8 марта), День Советской Армии (23 февраля), День Великой Октябрьской Социалистической революции (7 ноября) и другие.

Завершающим событием данного политического курса властей стало упразднение в 1938г. Комиссии по культовым вопросам при Президиуме ЦИКа СССР. Это привело к прекращению какой-либо связи между госструктурами и религиозными организациями, лишению самой возможности поддерживать контакты между двумя сторонами И как следствие, государственно-религиозные отношения претерпели серьезную деформацию и явились итогом сложившегося в обществе упрощенного представления о причинах и темпах атеистической работы, а также полного пренебрежения к существующей реальности, характеризующейся достаточно высокой степенью религиозности населения. В республике было достаточно «святых мест», которые притягивали к себе верующих республики.

Так, Туркестан по-прежнему оставалась местом паломничества верующих куда для поклонения могиле святого приезжали со всей республики и из соседних республик. В этом же 1938 году решением Совнаркома Казахской ССР принимается решение провести реставрацию мечети мечети-мавзолея Ходжи Ахмета Яссави, которая находилась в введении Республиканского комитета по охране памятников старины и искусства.

В письме к Центральному Комитету компартии Казахстана местные партийные власти отмечали, что реставрационные работы велись медленно и растягивались на неопределенный срок, а с 1 января 1941 года работы были прекращены и мастера проводившие работы уволены. Основной причиной стало прекращение финансирования со стороны республиканского комитета по охране старины и искусства. Так, по имеющимся сведениям, в наступившем 1941 году предполагалось выделить на проведение работ только 20тысяч рублей, в то время как до окончания работ по реставрации требовалось не менее 300тыс рублей. [28]

В этой связи Южно-Казахстанский обком Коммунистической партии 13 марта 1941года обращался в ЦК КП/б Казахстана с просьбой обязать комитет по охране старины и искусства изменить отношение к величайшему историческому памятнику архитектурного искусства и выделить необходимые средства для завершения реставрации мечети-музея. Предполагалось, что по окончании ремонта в мечети будет открыт антирелигиозный музей.

Заключение. Таким образом, политика советской власти в отношении служителей культа и верующих была направлена на полное уничтожение, как говорилось в партийных документах, «религиозных пережитков». Одним из серьезных последствий былого антидемократического периода явилась невозможность всех религиозных организаций страны жить полной религиозной жизнью и

развивать свою культуру.

Накануне Великой Отечественной войны несмотря на развернутую активную антирелигиозную пропаганду и жесткий идеологический контроль деятельности религиозных организаций, массовые репрессии служителей культа и верующих со стороны Советской власти уровень религиозности населения в стране оставался достаточно высоким.

Религиозные организации Казахстана функционировали в специфических сложных условиях советской власти, при которых государство игнорировало религиозный фактор, религиозные организации как социальный институт. Идеи социализма, создания атеистического общества и провозглашенные коммунистические лозунги занимали важное место в общественной жизни страны и являлись одной из главных целей строительства светлого будущего. Государственные органы, созданные государственные органы для антирелигиозной пропаганды, и Союз воинствующих безбожников в том числе, выполняли задачи советской политики по данному вопросу, являлись основными проводниками атеистической политики государства. Советское правительство предполагало, что политика преследования и ограничения деятельности верующих и служителей культа, массового закрытия мечетей, церквей и храмов, в конечном итоге будет способствовать уничтожению религии верующих. На практике, религия как объективная реальность оказалась достаточно устойчивым явлением в стране и годы Великой Отечественной войны явились тому подтверждением.

Список использованной литературы:

1. Барменков А.И. Свобода совести в СССР. М., 1979г.- 223с.
2. Подопригора А. Р. Советское законодательство о религиозных культах.-Алма-Ата: Казахстан, 1972.- 176 с.
3. Саидбаев Т.С. Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования. М., Главная редакция восточной литературы, изд-во «Наука», 1978-253с.,
4. Саидбаев Т.С. Ислам и современность – М: Знание. 1985 -64с.
5. Алексеев В.А. Иллюзии и догмы. – М.: Мысль, 1991.- 398с.
6. Артемьев А.И. Религиоведение: Основы общего религиоведения, история религий, религии в Казахстане. –Алматы: КазАтк, изд-во «Бастау», 2002 – 572с.
7. Трофимов Я.Ф. Религия в Казахстане: Учеб. пособие. Алматы: «Әділет пресс», 1996 -157с.
8. Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. Алматы: Казахстанский Институт стратегических исследований при Президенте РК, 1998-188с
9. Нуртазина Н. Д. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века [Текст] / Н.Д. Нуртазина. –Алматы: Қазақ университеті, 2008.–36 с
10. Тасмагамбетов А.С. Политика Советской власти в Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг.: дис... канд. истор. наук, А.,1998.- 147с.
11. Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX-XX вв.): дис... доктора истор. наук. – Алматы, 2006.-346с.
12. Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы): дис. ...д-ра ист. наук. Уральск, 2007. – 310 с
13. Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): дис. ... к.и.н. –Уральск, 2007. – 135 с.
14. О религии и церкви: Сборник документов. – М.: Госполитиздат, 1965.- 128с. с.96-98
15. ЦГА РК Ф.789 ОП.1. Д.11. Л.14.
16. ЦГА РК Ф.789. ОП.1. Д. 29. Л.66.
17. ЦГА РК Ф.789. ОП.1. Д. 29. Л.67.
18. ЦГА РК Ф.789. ОП.1. Д. 29. Л.72
19. ЦГА РК Ф.789. ОП.1. Д. 29. Л.68.
20. ЦГА РК Ф.789. ОП.1. Д 25а. Л.8
21. ЦГА РК Ф.1648. ОП.1. Д.7. Л.7
22. АП РК Ф.708. ОП.1. Д.591. Л.
23. ЦГА РК Ф.1648. ОП.1 Д.16. Л.61
24. ЦГА РК Ф1648 ОП.1. Д.1. Л. 6,40,45,61.
25. ЦГА РК Ф.1648 ОП.1. д15. Л.4.
26. АП РК Ф.2. Д.271. ОП.1 Л.114.

27. Трофимов Я.Ф. Религии немцев Центральной Азии: история и современность // Роль религиозных общин в жизни немцев Центральной Азии Международная научно-практическая конференция Алматы, 30-31 октября, 2002. - Алматы. - 279с, с.196

28. АП РК Ф.708 ОП.5-1. Д. 617, Л.31.

References:

1. Barmenkov A.I. Svoboda sovesti v SSSR, M., 1979g- 223s

2. Podoprigora A. R. Sovetskoe zakonodatel'stvo o religiozny'x kul'tax. -Alma-Ata: Kazaxstan, 1972.- 176 s.

3. Saidbaev T.S. Islam i obshhestvo. Opy't istoriko-sociologicheskogo issledovaniya. M., Glavnaya redakciya vostochnoj literatury, izd-vo «Nauka», 1978-253s.

4. Saidbaev T.S. Islam i sovremennost' – M: Znanie. 1985 -64s.

5. Alekseev V.A. Illyuzii i dogmy. – M.: Mysl, 1991.- 398s

6. Artemev A.I. Religiovedenie: Osnovy obshhego religiovedeniya, istoriya religij, religii v Kazahstane. – Алматы: KazAtk, izd-vo «Bastau», 2002 – 572s.

7. Trofimov Ya.F. Religiya v Kazahstane: Ucheb. posobie. Алматы: «Әділет press», 1996 -157s.

8. Sultangalieva A.K. Islam v Kazahstane: istoriya, etnichnost i obshhestvo. Алматы: Kazahstanskij Institut strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente RK, 1998-188s

9. Nurtazina N. D. Borba s islamom. Religioznaya politika Sovetskoj vlasti v Kazahstane v 20-40-e gody HH veka [Tekst] / N.D. Nurtazina. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.–36 s.

10. Tasmagambetov A.S. Politika Sovetskoj vlasti v Kazahstane v otnoshenii islama v 1917-1940 gg.: dis.... kand. istor. nauk, A., 1998.- 147s.

11. Mustafina R.M. Bytovoj islam u kazahov (HH-HH vv.): dis.... doktora istor. nauk. – Алматы, 2006.-346s.

12. Muhtarova G.D. Islam v sovetskom Kazahstane (1917-1991 gody): dis.d-ra ist. nauk. Uralsk, 2007. – 310 s.

13. Auanasova B.M. Istoriya evolyucii religioznyh otnoshenij v Kazahstane (na primere islama 1941-1991 gg.): dis. ... k.i.n. –Uralsk, 2007. – 135 s.

14. O religii i cerkvi: Sbornik dokumentov. – M.: Gospolitizdat, 1965.- 128s.

15. CGA RK. F.789 OP.1. D.11. L.14

16. CGA RK. F.789 OP.1. D.29. L.66.

17. CGA RK. F.789 OP.1. D.29. L.67.

18. CGA RK. F.789 OP.1. D.29. L.72.

19. CGA RK. F.789 OP.1. D.29. L.68.

20. CGA RK. F.789 OP.1. D.25a. L.28.

21. CGA RK. F.789 OP.1. D 7. L.7.

22. AP RK F.708. OP.1. D.591. L.

23. CGA RK F.1648. OP.1 D.16. L.61

24. CGA RK F1648 OP.1. D.1. L. 6,40,45,61.

25. CGA RK F.1648 OP.1. D.15. L.4.

26. AP RK F.2. D.271. OP.1 L.114.

27. Trofimov Ya.F. Religii nemcev Centralnoj Azii: istoriya i sovremennost // Rol religioznyh obshin v zhizni nemcev Centralnoj Azii Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya Алматы, 30-31 oktyabrya, 2002. - Алматы. - 279s, s.196

28. АП РК F .708 ОП.5-1. Д. 617, L.31.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

ӘОЖ: 93

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.013>

М.Қ. Қойгелдиев*¹, З.Б. Мырзатаева²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан тарихы кафедрасының зерттеуші-профессоры, т.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан Республикасы,

E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

²Абай атындағы ҚазҰПУ, «Айтылған тарих» ғылыми лабораториясының жетекшісі, т.ғ.к.

Алматы қ., Қазақстан Республикасы,

E-mail: zabyra73@mail.ru

1916 Ж. ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ. ӘБДІҒАПАР ЖАНБОСЫНҰЛЫНЫҢ ХАНДЫҚ БИЛІК
ИНСТИТУТЫН ЖАҢҒЫРТУ ӘРЕКЕТІ
(Тарихнамалық талдау)

Аңдатпа

1916 жылғы көтеріліс барысында торғайлық көтерілісшілер ұзын қыпшақ Тілеулі батыр Әбдірахманұлының ұрпағы Әбдіғапар Жанбосынұлын хан сайлайды. Советтік тарихнама идеологиялық ұстанымға бейімделіп, бұл тарихи фактіге саналы түрде көз жұма қарап, Әбдіғапар Жанбосынұлын «Алашорда ханы» атады. Мақала авторлары жаңадан ашылған тарихи материалдарға сүйеніп, соңғы уақытқа дейін тарих ғылымында орын алып келген бұл жаңсақ ұстанымды жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға алады.

Мәселе Ә.Жанбосынұлының қызметіне партиялық-таптық көзқарас тұрғысынан баға берумен аяқталған жоқ-тын. Саяси қудалауға ханның өзімен бірге ұрпақтары және әулеті де ұшырады. Тарихи әділеттілік бұл күрделі мәселені мүмкін болғанша егжей-тегжейлі зерттеуді талап етеді.

Мақалада, Ә. Жанбосынұлының Торғай көтерілісіндегі лидерлік қызметі жөнінде (ғылыми жинақтар, мақалалар, естеліктер негізімен) тарихнамалық талдау жасалынады. Аталған мәселе еліміздің тәуелсіздігі жылдарында ғана ашық айтыла бастады. Соған сәйкес, 1916 ж. Торғай облысында жүріп өткен ұлт-азаттық көтеріліске жаңа теориялық және методологиялық құралдармен бағасын берілді, яғни, Торғай-дағы көтерілістің ерекшелігі ретінде, оның бұқаралық сипат алған, ең ұзаққа созылған, табанды және бір орталыққа бағынған ұйымдасқан түрде жүргізілгендігі атап көрсетілді.

Кілт сөздер: тарихнама, хандық билік институты, сардарбек, патшалық отаршылдық, жер мәселесі, советтік идеология, сарбаздар, тарихнама.

Жұмыс ҚР БҒМ (ПЦФ) ІРН BR21882308 «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX–XXI ғғ.)» атты жоба аясында орындалды.

М.Қ. Қойгелдиев*¹, З.Б. Мырзатаева²

¹ доктор исторических наук, профессор-исследователь кафедры истории Казахстана КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан, E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

² КазНПУ имени Абая,

Руководитель научной лаборатории «Айтылған тарих», кандидат исторических наук, г. Алматы, Республика Казахстан, E-mail: zabyra73@mail.ru

ТУРГАЙСКОЕ ВОССТАНИЕ 1916 г. ПОПЫТКА АБДЫҒАПАР ЖАНБОСЫНҰЛЫ
ВОЗРОДИТЬ ИНСТИТУТ ХАНСКОЙ ВЛАСТИ
(Историографический анализ)

Аннотация

В ходе восстания 1916 года Тургайские повстанцы избрали ханом Абдыгапара Жанбосынова, потомка Узун Кыпчака Тлеули батыра Абдрахманұлы. Советская историография подстраиваясь идеологическим

установкам, сознательно замалчивала этот исторический факт назвав Абдыгапара Жанбосынова «ханом Алашорды». Авторы статьи опираясь на вновь выявленные архивные документы с новой позиции рассматривают исторические публикации советского периода.

В то же время данный вопрос не исчерпывается оценкой деятельности А.Жанбосынова. Политическим преследованиям были подвергнуты также потомки и родственники хана. В целом данная тема нуждается в глубоком осмыслении. В статье дается историографический анализ лидерской деятельности А.Жанбосынулы в Тургайском восстании на основе опубликованных научных трудов, памятных материалов от обретения страной независимости до настоящего времени.

В соответствии с этим, национально-освободительное восстание 1916 г. в Тургайской области оценивается новыми теоретическими и методологическими средствами, то есть, как особенность восстания в Тургае, подчеркивается, что оно проводилось организованно, носило массовый характер, было самым продолжительным, стойким и подчинялось единому центру.

Ключевые слова: историография, институт ханской власти, царский колониализм, земельный вопрос, советская идеология, сардарбек, сарбазы, восстание.

Работа выполнена в русле проекта ИРН BR21882308 МОН РК (ПЦФ) «Эволюция политических институтов и структур в истории Казахстана (XIX-XXI вв.).»

*М.К. Koigeldyev*¹, Z.B. Myrzataeva ²*

¹Doctor of Historical Sciences, Research Professor at the Department of History of Kazakhstan, KazNPU named after Abai, Almaty, Republic of Kazakhstan,

E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

² KazNPU named after Abai,

Head of the scientific laboratory "Aitylgan Tarikh", Candidate of Historical Sciences,

Almaty, Republic of Kazakhstan,

E-mail: zabyra73@mail.ru

THE TURGAI UPRISING OF 1916 WAS AN ATTEMPT BY ABDYGAPAR ZHANBOSYNULY TO REVIVE THE INSTITUTION OF KHAN POWER (HISTORIOGRAPHICAL ANALYSIS)

Abstract

During the uprising of 1916, Turgai rebels elected Abdygapar Zhanbosynov, a descendant of Uzun Kipchak Tleuli batyr Abdrakhmanuly, khan. Soviet historiography, adapting to ideological attitudes, deliberately suppressed this historical fact by calling Abdygapar Zhanbosynov "Khan of Alashorda." The authors of the article, based on newly identified archival documents, consider historical publications of the Soviet period from a new perspective.

At the same time, this issue is not limited to the assessment of A. Zhanbosynov's activities. Khan's descendants and relatives were also subjected to political persecution. In general, this topic needs deep reflection.

The article provides a historiographical analysis of A. Zhanbosynuly's leadership activities in the Turgai uprising based on published scientific papers and memorabilia from the country's independence to the present. In accordance with this, the national liberation uprising of 1916 in the Turgai region is evaluated by new theoretical and methodological means, that is, as a feature of the uprising in Turgai, it is emphasized that it was organized, had a massive character, was the longest, most persistent and subordinated to a single center.

Keywords: historiography, institute of Khan power, tsarist colonialism, land issue, Soviet ideology, sardarbek, sarbazy, uprising.

The work was carried out in line with the IRN BR21882308 project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (PCF) "Evolution of political institutions and structures in the history of Kazakhstan (XIX–XXI centuries).

Кіріспе. 1916 жылғы Қазақстандағы азаттық қозғалысының қаһарманы, Торғай өңіріндегі халық көтерілісінің басшысы Жанбосынұлы Әбдіғалпардың тарихи тағдыры - советтік коммунистік идеологияның ықпалымен XX ғасырда тапқа бөлініп-жіктелген қазақ халқының осы кезеңде жүріп өткен жолын еске салады. Ә.Жанбосынұлы Торғай өңірін мекен еткен халықтың қалың ортасынан шыққан, орта жүз-дің ықпалды биі, Кенесары ханның қалауымен осы өңірге хан ретінде мойындалған Нияз бидің немересі. 1916 жылы қазақтан майдандағы қара жұмысқа адам алу туралы патша жарлығы шыққанда (1916 ж. 25 маусым) 13 болыстың елі бұл жарлыққа қарсы көтеріліп, арасынан басшы тандағанда Жанбосынұлы Әбдіғалпарға

тоқтап, оны хан, ал атақты Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлын сардарбек сайлайды. Міне осы екі батыр тұлға ұлт тарихына Торғай көтерілісінің басшылары ретінде терең із қалдырды.

Өкінішке орай белгілі идеологиялық шектеулерге байланысты хан сайланған Әбдіғардың есімі советтік кезеңде кейінге ығыстырылып, көмескі тартты. Дегенмен, халық жады өміршең, тәуелсіздік жылдары, батыр тұлғаның есімі қайта жаңғырып тарихи шындық өз орнын ала бастады. Ғылыми мақалада хан Ә.Жанбосыновтың Торғай көтерілісіндегі лидерлік қызметіне қатысты тарихнамалық талдау, жаңа тұжырымдар мен қорытулар баяндалады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында тарихнамалық талдау әдістері және тарихи-жүйелілік, тарихи-салыстырмалылық, тарихи-антропологиялық әдіс-құралдары пайдаланылды. Сонымен қатар, ҚРОМА құжаттық деректері, жарық көрген құжаттар мен материалдар жинағы, мемуар-естеліктер пайдаланылды. Естеліктердің ерекшелігі халық арасында тарихи жадтың әлі де тың кезеңінде жазылуында. Бұл сол тарихи процесті тура қалпында баяндалатындығымен ерекше. Естеліктердегі ақпараттар оқиғаның географиялық ауқымын, микротарихи құбылыстарды детальды баяндайды. Мемуарлық дереккөздері мен архивтік құжаттардың бірін-бірі толықтыруы жұмыстың мазмұнын байыта түсті.

Талқылау. 1916 ж. көтеріліс жөнінде терең зерттеу жұмысын жүргізген Тұрар Рысқұлов көтерілістің туындауының саяси және экономикалық себептеріне баса назар аударды. Ол, көтеріліске патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы майданға қара жұмысқа адам алу туралы жарлығының түрткі болғанын айта келе, оның түпкі себебі патшалықтың (Қазақстанды Орта Азияға апаратын стратегиялық базаға айналдыру үшін) қазақ жерін ежелден шексіз отарға алуы, елдің ерекше езгіге түсуі болатын дейді [1]. Бұл тұжырымның растығына біз Торғай облысы уездеріндегі орыс-қазақ болыстықтары мен поселке-ауылдарының сандық айырмашылықтары арқылы көз жеткізе аламыз:

Кесте 1. Торғай облысының әкімшілік бөлінісі [2].

Название уездов	Площадь в верстах	Число волостей		Число поселков и аулов	
		Русских	киргизск.	Русских	киргизск.
Актюбинский	49.500	30	20	149	142
Иргизский	127.300	-	15	4	144
Кустанайский	93.838	52	47	299	132
Тургайский	147.500	1	13	1	97
Итого	418.138	83	95	453	515

Примечание: число волостей, поселков и аулов показано к 1 января 1915 года.

Кестеден көретініміздей Ақтөбе уезі небәрі 20 қазақ тұрғындары болыстығынан құралса, орыс болыстығының саны одан асып түседі, яғни 30 орыстық болыс; ал қазақ ауылдарының саны 142-ні құраса, орыс поселкесі болса одан әлдеқайда басым - 149-ды құрайды. Дәл соған ұқсас сандық айырмашылықтарды Қостанай уезінен де көреміз: онда орыс болыстығы - 52, қазақ болыстығы - 47; орыс поселкесі - 299, қазақ ауылы - 132, яғни жартысынан көп. Бұл сандық көрсеткіштер қазақ жерін жаппай отарлау орыс қазақ әскерінен басқа шаруалар арқылы да жүргенін көрсетеді.

Қазақтардың осыншалықты дүлей күшке ұласқан наразылығының басты себебі, әрине - жер мәселесі болатын. С.Меңдешев¹ бұл жөнінде 1931 ж. 20 тамызында көтерілістің 15 жылдығына арналған Комвездің мәжілісіндегі баяндамасында, патшалықтың Қазақстанның барлық аймағынан біресе переселендер үшін деп, біресе орыс казактарына деп және тағы басқа сылтаулармен жер алумен болғанын айтады. «Алғанда да ең шұрайлы жерлер таңдап алынды. ...Торғай, Жетісу, Ақмола облыстарынан переселендер үшін жер кесіліп алынды, орыс поселкелері арықтар мен өзен жағасынан бой көтерді. Мысалы Жетісудың 1916 ж. дейін суармалы 2 635 389 дес. жерінің 1 900 000 дес. жері яғни, 57,6 % немесе, осы өңірде өмір сүретін әрбір орыс адамының үлесіне 3,17 дес., ал жергілікті тұрғындар үлесіне 0,21 дес. келді» [3], - деген мәліметтер келтіреді.

Орыс шаруалары сан жағынан ұлғайып, осылайша күш алғаннан кейін қазақ ауылдарының

¹ Сейітқали Меңдешев ҚаССР Халық ағарту комиссары, ғылым комитетінің төрағасы. Сол жылдары Қазақстанда аштықпен күрес төтенше комиссиясын басқарған. 1937 ж. тұтқылдалған. 1938 ж. 25 ақпанда СССР Жоғарғы сот Әскери коллегиясы атынан сотталған. Алматыда атылған. 1957 ж. желтоқсанда ақталған.

тұрғындарына қоқан-лоққы көрсете бастады. Мұнысын әкімшілік қолдады. Орыс казактары әкімшіліктің «ерке баласына»² айналды. Бұл жөнінде бірнеше мысалдар келтіруге болады. *Бірінші мысал:* 1916 ж. көтерілістің жиырма жылдығына орай куәгерлерден жиналған естелік материалдарында: «қазақ және орыс жастарының арасында күнде төбелес орын алды, оны әкімшілік өзі тұтатып, ушықтырып отыратын... Орыс мұжықтары қазақ кедейшілігін мазақ етті, оларға орыс поселкелеріне жақын жүріп тұруына рұқсат етілмеді, содан қазақтардың барар жерлеріне орыс поселкелерінен 5-6 шақырым артық жерді айналып өтулеріне тура келетін [4]. *Екінші мысал:* Әсіресе, «...грозою окрестных аулов была банда кулацких сынков, возглавляемая Семеном Агаповым. Озверев от непомерного количества выпитой водки, агаповская банда напала на аул, пускала в ход разбойничьи кастеты, кистени, дубинки и ножи. Частенько наезжавший в поселок пристав молчаливо потворствовал бандитам. Бедняцкая аульная молодежь организовала самооборону...» [4], - деп жазады оқиға куәгері Кангелдиев.

Үшінші мысал: Бәрінен сұмдығы орыс шаруаларының да, әкімшілік шенеуніктерінің де қазаққа оқ атып, дау үстінде оп-оңай өлтіре салуы күнделікті өмірдің салтына айналып кеткен. Міне тағы сондай мысалдың бірінен: «...по огороду бродила чья-то лошадь. К ней со стороны реки, где паслось стадо, приближался казах-пастух. Видимо, лошадь убежала от него и но теперь торопился увести ее с агаповского огорода... Агапов, лежа на сухой навозной куче, целился из винтовки. Гулко ударил выстрел, пастух остановился и потом опустился на огуречную ботву. Пуля попала в живот. Ночью пастух умер» [4].

Төртінші мысал: Генерал Гинстің Жетісуға саяхаты жөніндегі естеліктерінде: «Мужик работает в саду, видит, что через забор тянется к яблоне киргиз, берет ружье и убивает киргиза наповал. Прибегают соседи. – «Что такое?» – «А вот, убил собаку!» – и даже не тронется с места, чтобы подобрать убитого...», - деп жазды [5]. Міне, қазақ жерінде алшаң басқан «избалованные казаки» қазақтың өмір сүруіне зор қауіп төндірді. Орыс шаруалары мен орыс шенеуніктерінің қазақтарға жасаған қиянатының осылайша «шегі мен шеті болмады» [6]. Бұл тек Жетісу емес, көріп отырғанымыздай қазақтың барлық жерлерінен көрініс тапты. Патшаның майданға адам алу туралы жарлығы шыққанда өзі де тұтанып тұрған ашу-ыза өрті лаулап сала берді. Патшалық биліктің озбырлығы халықтың шыдамының шегіне жетті. 1916 ж. көтеріліс куәгерлерінің бірі Слесарев «Куропаткин³ так говорит, если не было бы таких действий со стороны колонизаторов, со стороны русского населения, не было бы такого восстания» [7] деуі жоғарыдағы айтқан ойымызды дәлелдей түседі.

Сонымен 1916 жылғы көтерілістің лидері Ә.Жанбосынов жөніндегі советтік тарихнама ең алдымен, осы көтерілісті көзімен көрген, тіпті оған қатынасқан кісілердің еңбектерінен бастау алады. Осы ретте көтерілістің онжылдығына орай даярланған А.Бөкейханов пен Шестаковтың мақаласын ерекше атағанымыз тура болмақ. Олар мақаланы «Қазақ-қырғыз баласын майданға ал деп жарлық шыққалы 25-інші июньде он жыл толады» деп бастайды да, мынадай өлең шумақтарын келтіреді:

«Басынан Алтай, Алай бұлт шықты,

Баласы қазақ, қырғыз қойдай ықты.

Қан жауын Сарыарқаға қардай жауып,

Жастарым жерге симай жаудан бұқты», - дейді, әрі қарай: «...Түстікте Қантеңірде, Арқада Тобылға дейін, батыста Астраханнан, шығыста Алтайға дейін үйінен өрт шыққандай алаштың ұлы қозғалады. Ерлері ұйқы да жоқ, дамыл да көрмей қала барып, дала барып тоқым кеппей жортады» деп жазды. Сонымен қатар орыс мұжықтарының қазақ жеріне қалай жетіп, қалай патша өкіметінің ішкі Ресейдегі мұжықты қазақ-қырғыз жеріне қойдай айдағанын, ал жер мәселесіне байланысты келсек, соғысқа дейін орыстың егіншісі қазақтардың 25 миллион десятина жерін тандап тұрып алғанын айта келе, «бақ та, жоңышқа да, өзен де, тоған да, жайлау да осы алған жердің ішінде кеткен. Келімсек орысты қазақтардың мойнына артып берген. Алаштың баласы иттей өліп, шөлде қалған. Жерім кетті деп арыз қылса, Дала уалаятының жанаралы Шмит «сен иттерді шөлге қуам» дегенін айтады. Мақала авторлары осы қиянаттардың соңы дүлей соғысқа әкеп соққанына тоқталады «қысқа қарсы Торғай елі Ғабдығаппарды хан сайлап, патшаға қарсы соғыс ашты» [8], деп Торғай көтерілісінің лидері Әбдіғапар Жанбосыновтың есімін дара атап

² Казаки... они избалованы привилегированным положением и потому отличаются ленью и нередко эксплуатируют туземцев. // Семиречье, 1909 (1/5): Станица Софийская. Таранчи и дунгане Г.К. Гинс. Очерки из поездки по Семиречью // Исторический вестник, 1911, № 8.

³ А.Н. Куропаткин - (1848–1925, [Ресей](#), Псков қаласы) – орыс әскери қайраткері, 1916 жылдың шілде айында Түркістан генерал-губернаторы, әскер қолбасшысы болып тағайындалды. Сол жылы Түркістандағы жергілікті тұрғындардың Маусым жарлығына қарсылықтан туған көтерілісін басып-жаншуға басшылық етті.

көрсетеді. Уақытша үкімет тұсында, Торғай облысының комиссары Ә.Бөкейханов кезінде (мемлекеттілікті қайта құруға талпыныс жылдарында, 1917 ж.) Ә.Жанбосыновпен азаттық күрес басындағы жауапты тұлға ретінде қарым-қатынас жасайды. Сондай-ақ, 1917 жылғы 28 наурызда Торғай губернаторы Эверсманнның мойындап көрсеткеніндей Ішкі істер министрлігіне «көтерілістің бас қолбасшысы Әбдіғапар Жанбосыновтың өзінің әскери қимылдарын тоқтатқаны туралы ағасы арқылы хабар жіберді» [9] деп көрсетуі, Әбдіғапардың көтеріліс жетекшілігіндегі орнын, лидерлік легитимділігін айқындай түседі.

Жоғарыда көрсетілген еңбектермен бір мезгілде қатар өмірге келген (Қызылорда, 1926 ж.) тарихшы Константин Васильевич Харламповичтің еңбегі де осы ойымызды бекіте түсетін мәліметтерге бай. Сол себепті бұл аталған зерттеу еңбегін советтік идеологиялық илеуге шындап түсе қоймаған тұнық еңбектер қатарынан көре аламыз. К. В. Харлампович 1870 ж. Ресей империясының Брест уезі, Гродненск губерниясында дүниеге келген. Ол ресейлік және украиндық совет шіркеуі, богослов тарихшысы. 1916 жылдан Петербург ғылым академиясының мүше-корр., ал 1919 жылдан 1928 жылға дейін Украин ғылым академиясының академигі. 1924 жылы тұтқындалып, пәтері тінтуге алынады, алайда ешбір себеп табылмаса да УК - 10, 69, 72 және 73 баптарымен «совет үкіметінің беделін түсірді», «контрреволюция-лық әдебиеттерді сақтады және насихаттады», «қызметтік қылмыстар» жасады деген айыптармен ТАССР-ға үш жылға жер аударылады. 1925 жылы қайта тұтқындалып Орынборға, сосын Торғайға жер аударылады, 1932 жылы 21 наурызда Киев қаласында көз жұмады. 2003 жылы 4 ақпанда ақталады...

Константин Васильевич Торғай уезінің шығыс бөлігінің қыпшақтар рулы елінен Әбдіғапар Жанбосыновтың хан сайланғанын жазады [10]. Елдің ханды сайлаған мерзімін 1916 жылдың 6 қарашасынан кейінгі күндер деп көрсетеді, ал бұл жоғарыда Ә.Бөкейхановтың «қысқа қарсы Әбдіғапар хан сайланды» деген сөзіне жақын келеді. Сондықтан бұл ақпаратты шынайы мәлімет деп қабылдауға негіз бар, Әбдіғапардың қараша айы ішінде ел мойындаған хан мәртебесін иеленгенінде дау жоқ.

Әбдіғапардың армиясына Амангелді Иманов басшылық етті. «Оның қолбасшылық орынға тағайындалуының себебі, дейді Харлампович, Амангелді құралайды көзге атқан мерген, ат жалында ойнаған шабандоз, қызуқанды адам болған екен. Автор Торғай уезінің үш хандыққа бөлінгенін (солтүстік, шығыс және батыс) айта келе, *солтүстік хандық* арғындарға тиесілі еді, ондағы екі Наурызым болыстығындағы тұрғындардың басым бөлігі орыс ұлтынан болғандықтан дербестікті сақтау мүмкін болмады, сол себепті ол жерлер қалған екі хандыққа қосылды деп жазады. *Батыс хандық* Тосын және Шобалаң болыстықтары Арғындардың елі болып саналды, мұнда Оспан Шолақов хан сайланды. *Шығыс хандығы* қыпшақтықтар аталынып, оған әмір Әбдіғапар Жанбосынов сайланды. Кітаптан байқағанымыздай, автор еңбектің басынан соңына дейін тек, Ә.Жанбосынов және оның әскери тактикасы туралы кең талдау жасаған. Ғалым бұл еңбегін куәгерлердің айтқан әңгімелерінің негізінде даярлаған. Алайда, куәгерлердің алғашқы толқыны (тарихшы К.В. Харлампович пайдаланған эпистолярлық құжаттар) оқиға барысын тура көрсеткенге ұқсайды. Өйткені кітаптағы мәліметтер патша канцеляриесіне тіркелген архивтік құжаттармен сәйкес келіп жататынын байқаймыз⁴. К.В. Харлампович жариялаған естеліктердің кейінгі жылдардағы, яғни 1937, 1947, 1974, 1960 жж. жарық көрген құжаттар жинағындағы естелік мәтіндерінен мазмұндық жағынан айырмашылықтарын көруге болады. Ол естеліктерде идеологиялық серпіннің әсері басым. Өкінішке орай транскрипцияланып, өңделген куәгерлер көрсетулерінің түпнұсқа-лығын анықтау мүмкін емес, естелік айтушылардың дыбыстық жазбалары сақталмаған. Біз алдағы бөлімде естелік материалдарын жеке қарастырып, оған ғылыми-теориялық талдау жасайтын боламыз.

Әбдіғапар, автордың тұжырымдауынша байсалды, өте сақ, ақыл парасаты жоғары адам болса керек. Бүкіл кітап мәтіні барысында автор көтеріліс көшбасшысына аса құрметпен қарап, оған жағымды мінездеме беріп отырады. Мысалы, «восточная половина уезда возглавляемая умным, пронизательным и авторитетным Абдулгафаром, осталось на прежней позиции...» [10, 26 с.], десе енді бірде, «уроженец Каратургайской волости, мужчина лет 45, Абдулгафар принадлежал к сильному роду, (роду Тлевлинцев) и, отстаивая интересы своих сородичей, всю жизнь провел в подвигах и занятиях, которые в старое время доставляли славу отдельным казак-киргизам и уважение.

...С достижением общепризнанного авторитета и высшей власти Абдулгафар продолжал держаться скромно, умеренно и мягко не только по отношению к подчиненным, но и к врагам даже» [10, 33 с.] дей келе, ол жөнінде бірнеше фактілерді келтіреді. Расында, хан бірде жеңіл жараланып, қолға түскен тұтқын орыс-казак солдатын алдына алып келгенде, оның жарасын таңып беруді бұйырған екен.

⁴ мысалы, Әбдіғапар ханның ставкасы Батпаққарадан 15 шақырым жерде орналасқаны көрсетіледі М.К. Харлампович еңбегінде, ал архив құжаттарында хан отбасының Батпаққарадан шығыс жақ бағытында орналасқаны көрсетілген (// Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане: сборник документов / редкол.: А. В. Пясковский и др. – Москва: Академия наук СССР, 1960. – 792 (625 б).

Хан кез-келген саяси мәселені кеңес мүшелерімен ақылдасып шешкен, аз ғана уақыт басқарса да, деректер оның әділетті басшы ретінде ел жадында ұзақ жылдар бойы сақталғанын көрсетеді. Оның парасатты, әрі қол астындағы сарбаздарын мүмкін болғанша аман сақтаудағы тілегі, мынадай әскери тактикаларынан байқалады. 1916 жылдың 4 қарашасында Торғайды алу туралы кеңес өтеді, онда басым көпшілік қалаға басып кіру туралы мәселені қояды, сонда хан Әбдіғапар қаланы алдымен қоршауға алып, оны сыртқы су көздерінен ажыратуды, сосын судан ажыраған қала көпке ұзамай берілуі мүмкін деген ойын білдіреді. Ұзақ айтыстан кейін майдандас серіктері Әбдіғапардың ұсынысына тоқтайды, ал бірақ та оңтайлы сәт түсе қалғанда қалаға басып кіру әдісі де хош қабылданады. Әбдіғапар хан мәртебесін жоғары бағалай білген, ел өзін хан сайлағанда, әмір титулымен шектелетінін кесіп айтқан. Ол шексіз билік орнатқан жоқ. Не шешсе де қарамағындағы кеңестің 20 мүшесімен ақылдасты. Торғай уезі бойынша жергілікті жерде, орысы болсын, қазақ, қырғыз болсын, бұрын патша тағайындағандардан бірде біреуі қалмады. Барлық билік жергілікті халық сайлаған хан кеңесіне көшті. Халық соттары да қайтадан сайланды. Салықтардың барлығы әкімшілік пен ұлттық армияны қамтамасыз етуге жұмсалды. Торғай қазақтарының дербес ел болып билік құрған бұл аз уақыт ішінде, араларында қылмыстың, тіпті барымта мен ұрлықтың да азайғаны байқалды. Елге орнатқан бұл жаңа тәртіпті патшалық әкімшілік жіті бақылап отырды [10, 32 с.], - деп жазды К.В. Харлампович.

Қазақтардың дербестікке ұмтылысы жөнінде әкімшіліктің өзара жазысқан хаттарында айтылады. Мысалы Торғай уезінің басшысы Гарфтың Торғай облысының әскери губернаторы Эверсманға жазған мәлімдемесінде Торғай қаласынан 150 шақырым жердегі Қараторғай болыстығына кіретін Батпаққара (жоғарыда бұл жерде хан Әбдіғапардың отбасы, ханның ставкасы болғанын айтқан едік) деген шатқалда қазақтардың ерекше көп жиналғанын, бұқара халықтың қатты наразылық білдіргенін айтады. Олар төңкерістің кез-келген түрін жасауға даяр болды..., қазақтар еркін басқару жолына түсіп алған, орыстарға бағынбауға бел буған (и вообще наблюдается полнейший произвол и дерзкие выходки...) [11, 391-392 пп.], - дейді. Сонымен қатар, «... бұл шайқаның басшысы бүлікшілер өздері халық сотын тағайындаған. Хан деп атайтын басшыларының бұйрығымен түрлі бұйрықтар мен қаулылар шығаруда... Бұл көрсетілген шайқадан басқа Қарабұтақтан Шалқарға дейінгі 90 шақырым жерде орналасқан Талдық болыстығының маңындағы Ащы шатқалында және Ырғыз қаласынан осындай шақырымдағы жерде де орын алған [11, 391-392 пп.], деп - Ақтөбе уезінің бастығы Мясников та әскери губернатор М.М. Эверсманға (1916 жылдың 30 қазанында) мәлімдейді.

1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы және Әлихан Бөкейханұлының құрастыруымен Мәскеуде Шығыс халықтарының кіндік баспасынан жарық көрген «Жоқтау» [12, 96 б.] атты жинағында Әбдіғапар ханға арналған өлең жолдары бар. Советтердің социалистік даму жолына түсіп, елді тапқа бөлу идеясы кең етек алып жатқанда, Әбдіғапар сияқты дәулетті тұлғалардың есімін жарыққа шығарып паш ету – жалпы бұрынғының игі жақсылары туралы жоқтаулар жинағын шығару – ерекше батыл қадам болатын. Бұл кітап жөнінде алаштанушы ғалым, профессор М. Қойгелдиев «Ахмет Байтұрсынұлының баспа көрген «Жоқтау» жинағы мен «Бесік жыры» алғашқы буын ұлт зиялыларының 1917-1918 жж. жеңіліске ұшыраған азаттық қозғалыстан кейінгі басыңқы көңіл-күйін білдірсе, Мағжан ақын қаламынан туған «Табалдырық» және «Жүсіп хан», М.Әуезовтың «Хан Кенесі», І.Жансүгіровтың «Күйші» және «Құлагері», келесі екінші буын шығармашылық иелерінің ұлтқа жеңілістен кейінгі қайғылы жағдайын білдіре отырып, оны күйректіктен, біржола түңілуден сақтап, жігерлендіріп, жаңа күреске, жаңа ұмтылысқа даярлау әрекетінің көрінісі еді, деген тұжырым жасайды, әрі қарай проф. М. Қойгелдиев, ...«23 жоқтауға» жазған кіріспе сөзінде, Ахаң бұл туындыларды қазақтың тіл мәдениетінің үлгілері ретінде ұсынады. Тек осы ойды ғана басшылыққа алып отырғандығын білдіреді. Ал шын мәнінде астарлы ой тереңде жатты. «23 жоқтау», белгілі дәрежеде, әлгінде ғана жеңіліс тапқан ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының шерлі көңіл-күйін білдіретін шығармалардан тұратын еді:

Күйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қараңды үзіп барасың
Бізден де, қайран дүния.
Көп жылдар қудым артыңнан,
Лашындай сызып жер қия...

Кеңестік биліктің шешімімен Мәскеуде жалғыз бөлмелі пәтерде тұруға мәжбүр болған Ә.Бөкейханов тергеушінің «қазіргі уақытта кіммен сыр бөлісесіз?», деген мағынадағы сауалына «Менің екі-ақ жанмен

сырласуым мүмкін, олар А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлы, бірақ олармен оңаша сыр алыса қалған күннің өзінде біз өкініш пен мұңнан арыла алмадық», – деп көрсетеді. Шәңгерей ақын айтқан жоқтаудан алынған жоғарыдағы жолдар қазақ азаттық қозғалысы басшыларының сол мезгілдегі көңіл-күйін дәл беретін еді» [13, 320 б.], - деп жазды.

... Жоқтауда қапыда опат болған батырдың мінезін, байсалдылығын, парасаттылығын, әділеттілігін көрсете білген ақынның шеберлігінде сөз жоқ.

«Әділдікпен ел билеп,
Тартып еді салтына,
Жеті атасы қан болған,
Жетесі жақсы арыстаным...
Өзі баққан еліне
Сауабы қайыр көл еді...
Айдындағы алашқа
Шұбар ала ту еді...
Екі көздің біреуі
Бар білгені сол ма екен
Өлімнің тауып қыйасын
Әділдіктен аумаған
Үкіметлі қазы еді...
Өлгенімше үзілмес
Ғазизім үшін дастаным!
Даңқың шыққан ғаламға
Мемлекет қалқын ұстадың;
Қамал бұзып бақадүр
Қаншама әскер бастадың;
Қараңғы тұман желдетіп,
Жарлығы келді патшаның
Он сегіз бен отыз бір
Керегі болмай басқаның
Тауды ұшырған қаһарың...
Сарбаз жинап түзеттің

Майданды қанмен боядың...» [12, 90-97 бб.]. Ахмет Байтұрсынов жоқтау шумақтарында «Екі көздің біреуі, Тілеулінің баласын» дей келе, ең соңында «Мен жыламай қайтейін?! Ел ішінде тең емес, Ауданы бізден кең емес, Мен жақсымын дегенге, Дық болмады елемес. Тілеулінің баласы. Бұған көніп отырған Көрген күнің күн емес», - деп аяқтайды. Бұл жолдармен Әбдіғапардың тектіден шыққан дарабоз екенін анық көрсеткен. Кітап авторлары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов «Жоқтау» соңында, Әбдіғапар туралы мынадай түсініктеме мәтін жазады: «1916-шы жылғы 25 шіңізінің жарлығына Торғай уезі қарсы болғанда, Әбдіғапар елге басшы болып, негізгі төңкерісіне дейін үкімет әскерімен соғысып келген. Торғай елі Әбдіғапарды қан сайлаған. 1920-шы жылы өлген. Әбдіғапар - ұзын Қытшақ» [12, 97 б.].

XX ғасырдың басындағы алаш ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының Әбдіғапар Жанбосынұлына деген тілектес ниетін осы «Жоқтау» арқылы анық байқай аламыз. Олардың (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов пен Ә.Жанбосыновтың) ұлттық дербестік жолындағы ұстанымдарының бір болғанын, қазаққа теңдік алып беру жолындағы мақсатты арман жолдарының егіз болғанын асыра айтып жатудың қажеті болмас.

«Арманы Қапар ханның еді: «Теңдік», Сол үшін өлгенін де көзбен көрдік» деп жырлаған көтерілістің куәгері, көтерілістің қатысушысы, Файзолла Сатыбалдыұлының⁵ «Әбдіғапар хан» дастанының орны ерекше. Ол белгілі діни оқымысты Сатыбалды ишан Ғабдолланың ұлы, өзі діни қайраткер, ақын, қари. Көтерілістің қайғылы сюжеттерін өлеңге қосып, баян етеді. Дастанмен танысқан оқырман Торғай көтерілісінің Әбдіғапардың есімінсіз баяндаудың мүмкін емес екендігіне оңай көз жеткізе алады. Оның көтерілісті бастаудағы лидерлік қыры «... Губернатор сөзіне қарсы шығып, Көрсетті Әбдіғапар бөлек

		Late Bronze Age	1550 - 1200 BC
Iron Age	Iron Age	1200 - 800 BC	
History (From the time humans began writing until now)	Classical Age	Greek Era	800 - 400 BC
		Macedonian Era	400 - 300 BC
		Hellenistic Era	300 - 146 BC
		Roman Era	146 BC - AD 476
	Middle Ages	Early Middle Ages	AD 476 - 1000
		High Middle Ages	AD 1000 - 1300
		Late Middle Ages	AD 1300 - 1450
	Modern Age	The Renaissance	AD 1450 - 1600
		Age of Discovery	AD 1600 - 1750
		Industrial Revolution	AD 1750 - 1900
		Modern Era	AD 1900 - Present Day

Зерттеушілердің пікірінше оқшауланған мәдениет пен өркениеттің бірізділігін көрсететін кезендерге бөлудің жалпылама түрі әлі өңделген жоқ. Сондықтан тарихты жалпыға бірдей кезеңге бөлу мүмкін емес.

Бүкіл әлемдік тарихты кезендерге бөлу, даму циклінің кезендерге бөлінуімен: «1) өркендеу; 2) гүлдену; 3) әлсіреу және құлау» сатыларына бөлу алмасады.

«Дәуірдің» алдындағы ең үлкен түсінік – «Өркениет» болу қажет деген де көзқарастар бар. Өркениет – латынның «азаматтық қоғам» деген сөзінен шыққан: Біріншіден, бұл мәдениеттің синонимі; Екіншіден, қоғам дамуының, оның материалдық, рухани мәдениеттің даму дәрежесі, баспалдағы; Үшіншіден, америкалық Л. Морганның және Ф. Энгельстің түсінігіндегі, өркениет қоғамның тағылық тарпан, ождан соңғы варварлық жабайылық кезеңнен кейінгі даму дәуірі [10, 5 б.]. Сондықтан да, ағылшын тарихшысы Дж. Тойнби [11, 19-25 бб.], өркениетке «табиғи бір ортада динамикалық даму кезінде біріккен қоғам тұтастығы» деп қарайды.

Шын мәнінде, дамудың эволюциялық барысында белгілі кеңістікте қоғамға тән мәдени- экономикалық рухани ортақтық, өркениеттік тұтастық қалыптасады. Ол сол қауымның, адам баласының дамуындағы қол жеткен деңгейді көрсетеді. Америкалық ғалым А. Морган тарихты 3 фазаға бөледі: ол 1) жабайылық кезең; 2) варварлық кезең; 3) өркениет кезеңі [12, 45 б.]. Бұл әрине тым жалпылама.

Сондықтан да, тарих ғылымында қоғамның даму жүйелерін белгілеуде қолданылып жүрген эра, эпоха, период, этап (заман, дәуір, кезең, саты) атауларына назар аударсақ, төмендегідей жазбалады кездестіреміз:

«**Заман** – өзінің ішкі қоғамдық мазмұнының және тарихи оқиғалардың өздерінен бұрынғы уақыт кесіндісінен өзгешеленгенін байқататын уақыт кесіндісінің түсінігі (заман – өркениет ұғымын алмас-тыруы мүмкін, шамамен 1 млн. жылдам астам уақыттан басталады).

Дәуір – уақыт кесіндісінде тарихи процесс, тарихи жүйелердің ауысуы ретінде көрінетін ұғым (бірыңғай, ұқсас оқиғалармен ерекшеленетін, уақыт көлемі 1 млн. жылға жуық).

Кезең – белгілі бір тарихи жүйе ішіндегі жағдайлардың ауысуын көрсететін тарихи процестегі уақыт кесіндісі (дәуір ішіндегі тарихи оқиғалардың ауысуынан тұратын, уақыт көлемі 500-100 мың жылдық уақыт).

Саты – осы тарихи жағдай ішіндегі әртүрлі оқиғалардың тиянақтылығын бейнелейтін тарихи процестегі уақыт кесіндісі (тарихи оқиғалардың ішкі ерекшелігіне қарай алмасатын уақыт көлемі, шамамен 100 жылдан төмен)» [13, 12-14 бб.]. Бұл жүйелер мен белгілер тарих ғылымының дамуының шартты белгілері екендігін естен шығармауымыз керек.

«Тарих – адам қызметі» принципі сонымен қатар саяси, географиялық, ұлттық этностық, жалпы адамзаттық көзқарастың бәрін аясына сыйғызып жіберетін түсінік. Бұл принцип бізді маркстік-лениндік «ауырудан» айықтыруы мүмкін. Бірақ тарих ұлттық санамызды көтеруге, ұлттық мемлекетімізді нығайтуда тірек болды деп үміттеніп жатқанымызда бұл қағида тікелей қызмет ете алады ма?» деген сұрағы күдік

тудырмас.

Методологиялық мәселелерге келер болсақ, Қазақстанның тарих ғылымының қазіргі кездегі алда тұрған міндеттерінің бірі – Отан тарихын кезеңдерге бөлудің жолдарын қарастыру яғни «заманға, дәуірге, кезеңге, сатыларға» бөлудің жолдарын анықтау. Бұл мәселені шешіп алмай тарихымызды тереңдетіп жазу мүмкін емес. Сондықтан тарихи процестерді, сатыларға бөлудің ғылыми жүйесін қалыптастырмай тарихи зерттеулер жүргізу қиынсыз.

Көшпелілер қоғамы өзі өмір сүрген ортамен біте қайнасқан этно-әлеуметтік саяси құндылықтардың жиынтығы болып саналады. Сондықтан да, көшпелі қоғамның шаруашылық құрылымы белгілі бір қызметті атқаруға бейімделген белгілі бір символдардың түсініктерінің тілі. Көшпелі қоғам жеке адам ынтасына шексіз мүмкіндіктер бермесе де шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және саяси өмірдің ерекше құрылымы арқылы әр адамның өз қасиетін танытуға толық жағдай жасайды. Зерттеушілер көшпелі қоғамды адамзат өркениетінен тыс қарастырған, өйткені көшпелілікті өркениетшілер қала мәдениетінен алшақ деп санаған. Кеңестік тарих ғылымында ескі еуропацентристік идеялардың ықпалымен көшпелі Орталық Азия халықтарын төменгі (варварлық, жабайылық) даму кезеңіне жатқызу орын алады. Мұндай көзқарасты батыстық ғалымдардың өркениет кестесінен көшпелілерге орын тауып бере алмауына байланысты қалыптасқан көзқарастардың салдары деп есептеуге болады.

Өйткені Еуропада үстем болып тұрған отырықшылық өркениеттің қол жеткізген ең биік шыңы деп есептелгендіктен әлі күнге дейін қазақ тарихына қатысты еңбектерде еуроцентристік ойлау жүйесі сақталып отыр. Мұндай тұжырым қазақ қоғамын үстірт зерттеуге байланысты туындап отыр. Сондықтан да, өз тарихымызды зерттеуде оны әлемдік өркениетпен ұштастыру үшін көне заманнан бері қарай жазудың пайда болуынан бастап, көшпенділердің әлемдік өркениеттің құрамдас бір бөлігі деп тану қажет.

Осы тұжырымды негізге ала отырып қазақ тарихын жазуда ең алдымен дәуірлеу, кезеңдеу, сатылау жүйелерімізді анықтап алуымыз керек. Кезеңге бөлудің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, оның объективті жақтарын, біріншіден, қоғамдық-тарихи дамудың ерекшеліктерін, екіншіден, даму сатыларының бір-бірімен тығыз байланыстылығын, бірегейлік, жалпылық, ортақтықты сақтауымыз қажет. Мұның өзі қоғамдық тарихи процестерді тануда уақыт бірлігінде өткен алуан түрлі процестердің ішінен бірегейін анықтап алу міндетін қойды. Үздіксіз уақыт барысындағы бірыңғай сатылық дамуды анықтау ерекше таным құралын талап етеді. Тарихи түрлерге бөліп талдау осындай құрал болып табылады [14, 21 б.].

Тарихи оқиғалар процесс пен жағдайлар арқылы енеді. Тарихи жағдай оқиғалардың уақыт пен кеңістіктегі жиынтығы, ол қызмет пен қарым-қатынастардың белгілі сапалық жағдайын құрайды. Өзінің уақыт мерзімінде тарихи процестердің сапалы ерекшеліктері дәуірлер мен кезеңдерден, сатылардан тұратыны белгілі. Оларға оқиғалар мен жағдайлардың жиынтығы – қоғамдық дамудың серпінді жүйесінің құрамдас бөліктері енеді. Тарихи процестер біздің ойымызша төмендегідей болып бөлінеді:

1 – Белгілі бір оқиғаның пайда болуындағы, дамуындағы және аяқталуындағы сәттер мен кезеңдердің дәйектілігі процесс болып шығады.

2 – Бұл мағынада бір-бірінен сапалы ерекшеліктері бар заман, дәуір, кезең, сатылардың фазаларының дәйектілігі анықталады. Тарихи процестердің соңғы типі күрделі, себебі тарихи жүйеде айтылып келе жатқандай неғұрлым күрделі, тарихи шындықтың интегралды компоненті мол болумен бірге бұл типке басқа типтердің процестері де енеді.

Қоғамдық жүйенің түрлі деңгейдегі ауысуы сияқты тарихи дамудың анализінде диахронды әдістің мақсаты бар. Құрылымдық – диахронды әдіс негізінен мынадай нұсқадан тұрады. Олар: 1) процестердің ұзақтығы, 2) түрлі оқиғалардың жиілігі, 3) оқиғалар арасындағы үзілістердің ұзындығы сияқты сипаттамалармен айқындалады. Құрылымдық-диахрондық анализдердің 2 нұсқасы бар: 1) процестердің ішкі мезгілдік құрлысын анықтауға; 2) нұсқасы кең жүйелердің даму аясында зерттелініп отырған кіші жүйенің даму динамикасын анықтауға бағытталады.

Мұндай даму стадиялары төртеу: заман (эра), дәуір (эпоха), период (кезең) және этап (саты). Енді бұлардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

1. *Заман* (эра) – ішкі қоғамдық мәні бойынша өзіне дейінгі уақыт үзігінен айырмашылығы бар уақыт бөлшегі.

2. *Дәуір* (эпоха) – белгілі бір оқиға, құбылыс өткен уақыт бөлшегі.

3. *Кезең* (период) – аяқталған процесті қамтитын уақыт бөлшегі.

4. *Саты* (этап) – белгілі бір қозғалыстың, процестің дамуы уақыты.

Жалпы қабылданған осы ұғымдарды тарихи процестердің типтеріне жатқызып көрейік. Сонымен, дәуір (эпоха) тарихи жүйелердің алмасуынан тұратын тарихи процесс өтетін уақыт бөлшегі.

Кезең (период) – тарихи жүйеде тарихи процестің, жағдайлардың алмасуы болып табылатын уақыт

бөлшегі.

Саты (этап) – белгілі жағдайда түрлі оқиғалардың алмасуының дәйектілігімен сипатталатын тарихи процесс өтетін уақыт бөлшегі. Белгілі бір тарихи жағдай шеңберінде белгілі бір оқиғаның пайда болуы, даму және аяқталу фазалары мен стадияларының дәйекті ауысуына жұмсалатын уақыт бөлшегін «кіші саты» деуге болады. Тарихи зерттеудің мәселен, индуктивті және дедуктивті жалпы ғылыми, тарихи-жүйелік, тарихи генетикалық және тарихи салыстырмалы әдістері бар [15, 138 б.]. Ал зерттеушілердің эмпирикалық базасы тарихи фактілерден, соның ішінде тарихи деректерден, түрлі жұмыстарда жарияланған тарихи зерттеулердің дәлелдерінен құралады.

Біздің ойымызша, мұндай зерттеу әдісі біздің еліміздің аумағындағы тарихи процестерді типтендірудің жаңа балама түрдегі жобасын жасауға, адам қоғамы дамуының кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік жасайды. Әрине кез келген еңбекті кең көлемді жинақтап қорытындылау да қазіргі ғылымның даму деңгейіне гипотетикалық көзқарасты білдіреді. Сондықтан осы мақалада біз жасаған түйіндер қазіргі тарих ғылымының даму деңгейінде терминдік сөздердің талас тудыруы да мүмкін.

Қазақстан тарихын тарихи дұрыс терминдер арқылы бөлуді де одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Мәселенің методологиялық – теориялық жағына келетін болсақ, бүгінгі таңда ғылымда методологиялық мәселелердің дұрыстығына жүйелілігіне оқиғалар мен құбылыстарды объективті түрде терең зерттеуге мән берілуде. Өйткені маркстік-лениндік методологияның ескіруіне немесе дағдарысқа түсуіне байланысты бұл мәселе өзекті бола түсті.

Жалпы тарихи процесстерді зерттеуде ғылымның теориялық-методологиялық жағынан ғылымда заман, дәуір, кезең, саты, ұғымдарына аса жауапкершілікпен қарау керектігін ұғындық. Сонымен қатар, жаңа және қазіргі заман тарихын кезеңдеудің геосаяси тұжырымдамасына халықаралық қатынастардың дамуындағы ғаламдық өзгерістер – жаңа және қазіргі заман тарихын кезеңдеудің геосаяси тұжырымдамасының негізінде көшпенділерді өркениетті халықтардың қатарында жатқызуға болатыны да анық.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанына 30 жылдан асқанымен әлі де шешімін таппаған тарих ғылымы, соның ішінде оқулықтар жазу біраз қиындықтардан кейін даму жолына енді түсіп келеді. Дегенмен, теориялық-методологиялық негіздерінде әлі де болса шешімін табуға тиіс мәселелер орын алған. Солардың бірі, кеңестік кезеңдегі маркстік-лениндік ілімге сәйкес қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысуына негізделген Қазақстан өз тарихын дәуірлеу мәселесі. Бұл проблема соңғы уақыттарда ғана қолға алынып келеді. Тарих ғылымының теориясы мен методологиялық деңгейін көрсететін дәуірлеу мәселесі маңызды әрі өзекті болғанымен, оның көтерер жүгі ауыр.

Өздерінің тарихын хронологиялық жүйеге түсіріп үлгерген өркениетті елдерде тарихи өркендету сатылары алғаш заманға (эраларға), одан соң дәуірлерге (эпоха), одан кейін кезеңдерге (период) және ең соңында сатыларға (этап) және (топтарға) бөлінеді.

Мұны, әрине біз де мойындап өз тарихымызды жазуда осындай жүйені басшылыққа алғанымыз жөн.

Алайда, біз қазір тарихымызды жазуда дәл осы мәселеге жете мән бермей отырған тәріздіміз, өйткені қазақ тарихының кезеңдеуінде бірқатар қателіктер мен олқылықтарға жол берілген.

Кеңес заманында тарихи кезеңдердің терминдік көздерін Әлкей Марғұлан өте жақсы көрсетіп кеткен. Нақты тарихи оқиғаларды сипаттау барысында, халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып, негізінен үш тарихи кезеңдік түсінікті қолданған. Мысалға, «дәуір» сөзін нақты тарихи мемлекеттік құрылымдармен немесе ол мемлекеттік құрылымдардың негізін қалаған тарихи тұлғалармен тікелей байланыстырған, яғни сол кезеңде өмір сүрген мемлекеттік құрылымның (немесе этникалық бірліктің) пайда болғаннан тарих сахнасынан кеткенге дейінгі аралықты – дәуір деп есептеген. Атап айтсақ, 12-томдық жинағына енген мақалар мен еңбектерінде – «Кушан дәуірі», «Қыпшақ дәуірінде тұрғызылған шарбақтар», «Ноғайлы-Қыпшақ дәуірі», «Қазақ дәуірі», «Алтын Орда дәуіріндегі ескі жырлар», «Едіге дәуірі», т.б. түсініктермен «дәуір» сөзін нақты тарихи этникалық-мемлекеттік құрылымдармен байланыстырған. «Кезең» түсінігін Әлкей Марғұлан тікелей археологиялық мәдени ескерткіштерге қолданған. Еңбек-терінде, «Атасу, Бейғазы-Дәндібай, т.б. кезеңдерде» деген түсінікті жиі қолданған. Яғни, «кезең» түсінігі тікелей мәдени ерекшеліктерге сай қолданыс тапқан. Мәдени аймақтың пайда болып, дамып, тарих сахнасынан кету кезеңі – «кезең» түсінігіне сай келген. «Кезең» түсінігін сонымен қатар, өтпелі уақытта болған оқиғалар жиынтығына қолданылды. Атап айтсақ, тастан қолаға өтетін «өтпелі кезең», Андронов мәдениетінен қолаға өтетін «өтпелі кезең», т.б. түсініктер. Бірақ, салыстырмалы түрде қарасақ, Әлкей Марғұлан «кезең» сөзімен қатар, «Заман» сөзін қолданады. «Бейғазы – Дәндібай заманында» деген сөзіне қарап, заманды кезең сияқты қысқа уақытқа жатқыза аламыз. Тағы бір мысал, «Абылай заманында», «Қобыланды заманында», «Тоқтамыс заманында» дей отырып, Әлкей Марғұлан «заман» түсінігін көбіне тарихи тұлғалар есімімен байланысты қолданған [16, 184-291 бб.].

Төл тарихымызды дәуірлеуде әлі де болса шатасулар мен түсініксіз жағдайлардың орын алып отыр-

ғандығына өз кезегінде тарихшы – ғалым Т. Омарбеков назар аудартқан еді. Айтылған пікірінің дәлелдігіне көз жеткізу үшін ғалым соңғы жылдардағы ең беделді академиялық басылымымыз бес томдық Қазақстан тарихының алғашқы томына жүгінілік деген еді. «Түпнұсқа орыс тілінде жазылғандықтан, шатаспау үшін осы тілдегісін талдадық» – деп көрсете отырып, өз пікірін былайша пайымдайды:

«Мұнда «Древнейший Казахстан», «Казахстан в сакско-сарматского эпоху», «Государство раннего и позднего средневековья» деп аталатын үш үлкен бөлімі бар. Бұл жерде эраға бөлу аңғарыла қоймайды» – деген тарихшы – ғалым іргелі еңбектің кезеңдерге бөлу ұстанымдарының қателіктерін нақты көрсеткен. Дәуірлеудегі жаңсақтықтарды нақты көрсете келе, автор өз пайымдауын былайша жалғастырған: «Ал енді дәуірлерге немесе эпохаға бөлуге келер болсақ «Древнейший Казахстан» деп аталатын бөлім осыларға бөлінген. Бірақ осы бөлімнің үшінші тарауы «Казахстан в древнюю эпоху» деп аталса. Ал оның ішіндегі алғашқы параграф «Племена Казахстана в эпоху бронзы» деп, ал 7-параграф «Антропологическая характеристика населения бронзового века» деп аталады. Мұнда байқайтынымыз – «Древняя эпоханың» өзінің тағы да «бронзовая эпохаға» бөлінетінін, дәуірді дәуірге бөлуді көрсетіп отырмыз. Оның үстіне бір түсінік берсе «бронзовая эпоха», біресе «бронзовая век» деп берілген. Ал кітаптағы «Казахстан в Сако-Сарматскую эпоху» деп аталатын бөлімде өз ішінде осылайша «эпоха раннего железа» деп аталатын тарауға бөлінген – деп жазған [17, 17 б.].

Жалпы «Қазақстан тарихының 1-томының атауында да осындай методологиялық шатасу орын алған. Оның аты «Казахстан от эпохи палеолита до позднего средневековья» деп қойылған. Осындағы палеолитті «эпоха» деп мойындасақ, ал «позднее средневековья» ұғымы «эпохаға» жата қоя ма?

«Кітаптағы үшінші тараудың алтыншы параграфы – «Антропология средневекового периода» деп аталады, яғни кезең ұғымында берілген. Олай болса біз әңгімелеп отырған бірінші том «эпохадан» басталып, «периодпен» аяқталатын болып шығады. Оның үстіне аталмыш кітапта әрбір «эпохаға», «периодқа» ғылыми тұрғыдан кең мазмұнды теориялық және методологиялық түсініктемелер берілмеген. Бөлімнің немесе тараудың аты неліктен осылай аталды? – деген сауалға ғылыми жауап жоқ», – деген ғалымның тарихшы-зерттеушілерді ойландыратын толғауы орынды [18, 11-19 б.]. Автордың тарихымызды кезеңдерге бөлудегі олқылықтарды көрсетуі өз уақытында жасалған ғылыми қадам. Қазақ тарихынан іргелі еңбектер жазудан бұрын осы көрсетілген кемшіліктерді жоюымыз қажет. Бұдан біз, жалпы кезеңдердегі тарихи дәуірлер мен кезеңдердің өзара логикалық байланыста бөлгенге қарамастан, кітаптан біртұтас өлшемге негізделген жүйе мен сабақтастықтың орын алмағандығына көз жеткіземіз. «Қазақстан тарихының» және очерктің авторлары «дәуір, кезең, саты» деген терминдерге жете мән бермей, оларды белгілі бір ретпен қолдана алмаған. Дегенмен, бұл зерттеу кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлуде, әсіресе жекелеген тарихи дәуірлер мен процестерді зерттеуде бірден бір бағыт-бағдар беруші еңбек болып саналып келді. 1994 жылы Г.А Капекова мен Б.Т. Ташеновтың «Жетісу тарихының очеріктері» атты шағын еңбегінен көрініс тапқан бір деректерді бере кетсек. Бұл еңбекте Қазақ тарихының кейбір тарихи процестері төрт кезеңге бөлінген:

- 1– кезең. Сақ кезеңі
- 2– кезең. Ғұндар кезеңі
- 3– кезең. Ортағасырлар
- 4– кезең. Монғолдардың қол астындағы Жетісу.

Бірінші және екінші кезеңдер – этно-мәдени белгілері бойынша, үшінші кезең – жалпы тарихи, төртінші кезең саяси-құқықтық белгілері бойынша бөлінген. Уақыт аралықтарын белгілеуде терминдер белгілі бір ретпен қолданылмаған. Бірінші кезеңді автор үш кезеңге бөлген:

- 1– кезең. Ерте сақ дәуірі – б.з.д. VІІ – VІ ғғ.
- 2– кезең. Орта сақ дәуірі – б.з.д. V – IV ғғ.
- 3– кезең. Кейінгі сақ дәуірі – б.з.д. III – I ғғ [17, 18 б.].

Авторлардың кезеңдеуі көкейге қонымысыз. Жетісу тарихына байланысты ежелгі дәуірді сақ және ғұндар кезеңі деп екіге бөлулері де қисынсыз. Өйткені академиялық сипатта жазылып, жарияланған 5 томдық Қазақстан тарихының бірінші томында «сақ, ғұн» тайпалық одақтарының өмір сүрген уақыттары шамалас болғандықтан олар бір кезеңге жатқызылған. Сақтар өмір сүрген уақытты үш кезеңге бөлудің де ғылым үшін маңызы мардымсыз. Онда ғылымның методологиясы жетілмейді. Сондықтан да, сақ, ғұн, үйсін қаңлы тарихын Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттік құрылымдар ретінде өз алдына дербес «кезең» түрінде дараландырғанымыз жөн.

Кезеңдеу мәселесіндегі олқылықтардың әлі де ғылымнан көрініс тауып отырғанын тарихшылардың өздері де мойындайды. Мәселен, ғалым Ж. Артықбаев өзінің «Қазақстан тарихы» еңбегінде «Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу әлі де тиянақты және дәлелді түрде іске асқан жоқ. Ол мәселе болашақта, тарих-

тың сүбелі кезеңдері монографиялық тұрғыдан зерттеліп, жеке құбылыстарға ғылыми баға берілгенде ғана шешілмек» – деген көзқарас айтады [18]. Сонымен қатар автор бүгінгі күні Қазақстан тарихын іргелі төрт кезеңге бөлуді ұсынады. «Олар: Бірінші кезең – көне дәуір, оның шекарасы 2,5 млн. жылдан бастап б.э. V ғ. дейін, яғни адамзат жаратылысынан бастап Рим империясының құлауы, халықтардың Ғұндар бастаған ұлы қоныс аударумен сәйкес. Екінші кезең – орта ғасырлар, оның шекарасы ұлы қоныс аудару-дан бастап, Еуропада капитализмнің дамуы, Қазақстан жерінде Қазақ хандығының пайда болуымен аяқталады. Үшінші кезең – Қазақ мемлекетінің құрылуынан қазіргі күнге шейінгі уақытты қамтиды. 1990 жылдан басталатын тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихы – төртінші кезең. Сонымен, Қазақстан тарихы осындай төрт ірі кезеңнен, ал әр кезең бірнеше ішкі сатылардан тұрады деп есептейміз» – дейді [18, 9 б.]. Біз бұл жерде автордың көзқарасынан оның толыққанды дәуірлеу мәселесіне бара алмағанын байқаймыз. Автор өз кезеңдеуінде жалпы тарихты кезеңдерге бөлуді ұсынғанын аңғарамыз.

С. Кентбеков өз зерттеуінде тарихты дәуірлерге бөлудің әлемдік дәстүрлі негіздеріне арқа сүйеді. Дәуірлеудің негізгі төрт белгілерін (эра, эпоха, период, (кезең) және этап (саты) көрсетіп, олардың әрбіріне анықтама береді;

Эра – өзінің ішкі қоғамдық мазмұнының және тарихи оқиғалардың өздерінен бұрынғы уақыт кесіндісінен өзгешелігін байқататын уақыт кесіндісі түсінігі;

Эпоха – уақыт кесіндісіндегі тарихи процесс, тарихи жүйелердің ауысуы ретінде көрінетін ұғым;

Период – белгілі бір тарихи жүйе ішіндегі жағдайдың ауысуын көрсететін тарихи процестегі уақыт кесіндісі;

Этап – осы тарихи жағдай ішіндегі әртүрлі оқиғалардың тиянақтылығын бейнелейтін тарихи процестегі уақыт кесіндісі [19, 17 б.].

«Дәуірлеу мәселесін зерттегенде – дейді тарихшы З. Алдамжар «оның ішкі құрылымы мен хронологиялық шектерін анықтағанда; қоғамдық өмірдің бар құбылыстары мен қасиеттерін және оған әсер етер оқиғалардың сонымен бірге жалпы адамзат болмысының арқауы тарихи процесс жалғастығын бейнелейтін көріністерді барынша түгел қамтуға ұмтылған орынды»,– дейді [20, 3 б.]. Отандық тарихтың көне дәуірі бүкіл дүниежүзінің тарихы тәрізді тас, қола, темір дәуірлеріне бөлінуі тиіс. Әлеуметтік хроно-логияға сәйкес, «дәуір» деп атау әбден орынды. Тарихты кезеңдерге терминдік бөлуде саяси биліктегі, меншік қатынастарындағы, рухани-идеология саласындағы, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер негізге алынатыны белгілі. Ж. Артықбаев пен Х. Әбжановтың айқындаған кезең – дәуірлері өзгеше. Ғалым – тарихшы Х. Әбжанов жүз жылдан асатын немесе жетпейтін уақыт аралығын дәуір деп атаған. Авторлардың біз көрсеткен уақыт кесінділері кезең емес «дәуір». Алайда мұндай пікірмен келісу қиын, өйткені дәуірдің ауқымы өте үлкен, ол бірнеше мыңжылдықтарды қамтуы тиіс. Ендеше Х.Әбжановтың көрсеткендерін дәуір емес кезең түрінде қабылдауға болар еді. Ал Ж.Артықбаев керісінше бірнеше жүзжылдықтарды қамтитын уақыт аралығын «кезең» деп айдарлаған. Оның үстіне Қазақ хандығынан бастап 1990 жылға дейінгі уақытты «кезең» деп санай отырып, оларды сатыларға бөлмейді. Сол себепті де мұндай пікірдің әлі де нақтыландыруды қажет ететіндігі өзінен өзі түсінікті.

Енді осы тұжырымдарда лингвистикалық тұрғыдан дәйектеп көрелік, Қазақ сөздігінде *заман, дәуір, кезең, саты* сөздеріне төмендегідей анықтама берілген:

«Заман – 1. Дәуір, кезең. 2. Мерзім, уақыт, кез. 3. Өмір сүрген уақыт. 4. Халық, жұрт, ел деген мағынада. 5. т а р. <лат. aega> Белгілі бір уақыттан басталатын күнтізбелік жылдар есебінің жүйесі, жылдар есептемесі» [21, 593 б.].

«Дәуір¹ – 1. Тарихи кезең, заман. 2. Мөлшерлі уақыт, белгілі мерзім. 3. г е о л. Халықаралық дәрежеде келісілген бірегей жер жылнамалық шкаласының иерархиялық бағыныштылық тұрғысынан төртінші дәрежелі бірлігі немесе бөлімшесі. 4. а с т р. Белгілі бір оқиға не үдерістің басталуы есептеле бастайтын уақыт сәті. 5. а у ы с. Дегені болып, билігі жүріп тұрған кез» [21, 593 б.].

«Кезең¹ – з а т. <грек. peridos> 1. Кез, уақыт, мезгіл. // Сәт, бір мезет. 2. т а р. Тарихи дәуір, заман. 3. Даму процесінің белгілі бір сатысы» [21, 617 б.].

«Саты – 1. Үйге кіреберіске, қабаттардың арасында жоғары көтерілу немесе төмен түсу үшін жасалған баспалдақ. 2. Үйдің төбесіне, қораның үстіне шығуға арналған, екі таянышы бар саты ағаш. 3. Баспалдақтың біркелкі қалыппен жасалған әрбір бастекпішек. 4. а у ы с. Бір нәрсенің даму, өсу, өту, дәуірі кезеңі. 5. Деңгей, дәреже. 6. а у ы с. Атақ, шен. 7. ж е р г. **Өре**. 8. ж е р г. Арбаның қанаты» [17, 1125 б.].

Байқағандарыңыздай аталмыш сөздікте жекелеген лексикалық бірліктерге лексикалық мағыналарымен бірге терминдік, диалектілік, ауыспалы мағыналары қатар берілген. *Заман* сөзінің лексикалық мағынасы ретінде *дәуір, кезең* сөзінің синонимі ретінде көрсетілген екен. Сонымен бірге тарихи термино-

логиялық мағынасын да қатар берген. Терминдерде синонимдік қатардың болмауы қажеттігін ескерсек, терминологиялық тұрғыдан заман дәуір, кезең бірліктеріне синоним бола алмайды. Әр қайсысының өзіндік дефинициялары болуы қажет. Сөздікте тарихи терминнің дефинициясы ретінде берілген «*Белгілі бір уақыттан басталатын күнтізбелік жылдар есебінің жүйесі, жылдар есептемесі*» деген анықтама заман терминінің терминдік мағынасын толықтай аша алмайды. Біздің түсінігіміздегі *заман* термині жыл санауымызға дейін және жыл санауымыздан кейінгі уақыт аралығын бөліп тұратын бірлік. Яғни уақыт өлшем бірлігінде заман екі бөліктен тұрады. Орыс тілінде эра ұғымына балама бола алады. Сонда тарих саласындағы *заман* терминінің анықтамасын «*адамзат ғұмырындағы жыл санауына байланысты уақыт өлшемін екі үлкен бөлікке (жыл санауымызға дейін, жыл санауымыздан кейін) бөліп тұратын ұғым*» деп түсінеміз. Заман бірнеше дәуірлерден тұрады. Уақыт ұзақтығына байланысты заман ұғымы бірнеше дәуірлерден тұруы мүмкін.

Дәуір – шартты түрде уақыттың өлшем бірлігі. Шартты түрде деп алып отырғанымыз, мұнда нақты уақыт өлшем бірлігі жоқ. Жартылай адамзат ғұмырындағы елеулі тарихи оқиғалармен байланысты. Дәуір «қандайда бір тарихи оқиғалардың жиынтығынан тұратын (басталуы, шарықтау шегі, аяқталуы) бір немесе бірнеше ғасырларды қамтитын уақыт аралығы». Тарих ғылымында *заман* да *дәуір* де ғасыр, жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд сияқты уақыттың өлшем бірлігі. Ал *кезең* мен *саты* терминдік бірліктері мұндай уақыт өлшемі бола алмайды. Мұнда тарихта орын алған оқиғалардың тұтастығы, аралығы өлшем ретінде қолданылады. Тарихи оқиғалардың үлкен аралығын қамтитын бірлік – саты. Саты бірнеше кезеңдерден тұрады. Бұл екі терминнің ұқсастығы екеуі де тарихи оқиғалардың басталуы мен аяқталу аралығын қамтиды. Айырмашылықтары сатының өлшем бірлігі кең аралықты қамтиды. Ал кезеңнің уақытты қамту аясы тар.

Қорытынды. Сонымен жоғарыдағы ой тұжырымдарды қорытып айтар болсақ, адамзат тарихындағы өркениетті анықтайтын өлшем бірліктерін қайта қарастыру керек. Көшпенді халықтардың өркениеттілігі еуропа халықтарының белгіленген өркениет ұғымына сыймайды. Көшпенді халықтардың өркениеттілігін жеке қарастыру қажет. Ол әрине өз алдына іргелі зерттеу жүргізетін ауқымды мәселе.

Тарих ғылымындағы жарыспалы мәнде қолданылып жүрген өлшем бірліктерді біріздендіріп алуымыз қажет. Мұндағы шатасулар уақыттық және тарихи оқиғалардың өлшемдерінің арасын бөліп алмаудан туындап отыр. Заман, дәуір, ғасыр, жыл және т.б. уақыттық өлшем бірліктер. Ал саты, кезең тарихи оқиғаларды тұтастық ретінде қарайтын ұғым атаулары. Сонда кесте түрінде төмендегідей болады:

Тарихи өлшем бірліктер					
Уақыт өлшемі			Оқиғалар өлшемі		
Заман	<i>жыл санауына байланысты</i>	Біздің заманымызға дейін, біздің заманымыздан кейін	Саты	<i>Тарихи процесі белгілі бір хронологиялық кезеңдерге, яғни тарих кезеңдеріне шартты түрде бөлуден тұратын жүйелеудің ерекше түрі</i>	Дәстүрлі (аграрлы) қоғам сатысы, Индустриалды (өнеркәсіптік) қоғам сатысы, Постиндустриалды (техникалық) қоғам сатысы, Ақпараттық қоғам сатысы
Дәуір	<i>млн. жыл мен ғасырлар аралығы</i>	Тас, қола, темір, сақ, үйсін, ғұн	Кезең	<i>Тарихи оқиғаның іштей ерекшеліктері бойынша бөлінуі (бір жылдан көп)</i>	Кеңес кезеңі, Отаршылдық кезеңі, Тәуелсіздік кезеңі
Ғасыр	<i>100 жыл</i>	-			
Жыл	<i>365 күн</i>	-			

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Косолапов В.В *Методология и логика исторического исследования.* – Киев: Головное издательство издательского объединения «Вища школа». 1977. – С. 382
2. Шпенглер О. *Закат Европы // Самосознание европейской культуры XX века.* – М., 1990. – стр. 23– 68.
3. Prost J. *Douze lecons sur l'histoire.* P., 1996. 384 p.

4. Milo D. S. *Trahir le temps (Histoire)*. P., 1991. 270 p.
5. Mcenery, Anthony & Baker, Helen (2016): *Corpus Linguistics and 17th-Century Prostitution: Computational Linguistics and History*. – London: Bloomsbury Academic. – 272 P. <https://www.jstor.org/stable/2505437?origin=crossref> (қаралған уақыты – 30.01.2024).
6. Fink, Leon (2005). “Making Textbooks Worthwhile”. *The Chronicle of Higher Education*, B12–B13, <https://www.jstor.org/stable/20078511> (қаралған уақыты - 30.01.2024).
7. Kidambi (2016). Kidambi, Prashant (2016): “Time, Temporality and History”. in: GUNN, S. & FAIRE, L. (eds.): *Research Methods for History*. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 247–264 pp.
8. Owen, Stephen (2017). “Periodization and Major Inflection Points”. In: DENECKE, W.; LI, W-Y & TIAN, X. (eds): *Oxford Handbook of Classical Chinese Literature (1000 BCE – 900 CE)*. – New York, NY: Oxford University Press, 13–23 pp. DOI: 10.25365/cts-2019-1-1-3
9. Обсуждение монографии И.М. Савельевой и А.В. Полетаева. *История и время. В поисках утраченного*. – М., “Языки русской культуры”, 1997. – С. 800 <http://www.hist.msu.ru/Departments/HisTheory/Book/Chapter4.htm> (қаралған уақыты - 31.01.2024.)
10. Қозыбаев М. *Өркеніет және ұлт*. – Алматы, 2001. – 369 б.
11. Козыбаев И.М. *Историография Казахстана: уроки истории*. – Алма–Ата: Рауан, 1990. – С. 135.
12. Морган Л.Г. *Древнее общество*. – Л., 1934. – С. 374
13. Кентбеков С.К. *Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории досоветского Казахстана*. Автореф. дисс.канд.ист.наук. Алматы. 1997. – 18 с.
14. Серов Н.К. *Процессы и мера времени (Проблемы методологии структурно – диахронного исследования в современной науке)*. – Л. 1974. – С.191.
15. Рузавин Г.И. *Методы научного исследования*. – М., 1974. – С. 237.
16. Ә. Марғұлан. *Шығармалар*. – Алматы, «Алатау» баспасы, 2008. 6-7 том.
17. Омарбеков. Т Омарбеков. *Ш Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас*. – Алматы Қазақ университеті. 2004. – 17–18 бб.
18. Артықбаев Ж. *Қазақстан тарихы*. – Астана, 2003. – 264 б.
19. Кентбеков С.К. *Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории досоветского Казахстана*. Автореф. Дисс.канд.ист.наук. Алматы. 1997. – 17 с.
20. Алдамжар З. *Тарихымызды білімдарлық пен қалыптастыру келешек үшін қажет // Егемен Қазақстан*. – 1998. – 9 шілде. – 3 б.
21. *Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігі)*. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.

References:

1. Kosolapov V.V *Metodologiya i logika istoricheskogo issledovaniia*. – Kiev: Golovnoe izdatelstvo izdatelskogo obiedineniia «Vishcha shkola». 1977. – S. 382.
2. Shpengler O. *Zakat Evropy // Samozoznanie evropeiskoi kultury KhKh veka*. – М., 1990. – str. 23–68.
3. Prost L. *Douze lecons sur l'histoire*. P., 1996. 384 p.
4. Milo D. S. *Trahir le temps (Histoire)*. P., 1991. 270 p.
5. Mcenery, Anthony & Baker, Helen (2016): *Corpus Linguistics and 17th-Century Prostitution: Computational Linguistics and History*. – London: Bloomsbury Academic. – 272 P. <https://www.jstor.org/stable/2505437?origin=crossref> (30.01.2024).
6. Fink, Leon (2005). “Making Textbooks Worthwhile”. *The Chronicle of Higher Education*, B12–B13, <https://www.jstor.org/stable/20078511> (30.01.2024).
7. Kidambi (2016). Kidambi, Prashant (2016): “Time, Temporality and History”. in: GUNN, S. & FAIRE, L. (eds.): *Research Methods for History*. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 247–264 pp.
8. Owen, Stephen (2017). “Periodization and Major Inflection Points”. In: DENECKE, W.; LI, W-Y & TIAN, X. (eds): *Oxford Handbook of Classical Chinese Literature (1000 BCE – 900 CE)*. – New York, NY: Oxford University Press, 13–23 pp. DOI: 10.25365/cts-2019-1-1-3
9. Obsuzhdenie monografii I.M. Savelevoi i A.V. Poletaeva. *Istoriia i vremia. V poiskakh utrachennogo*. – М., “Языки русской культуры”, 1997, - С. 800 <http://www.hist.msu.ru/Departments/HisTheory/Book/Chapter4.htm> (31.01.2024)
10. Kozybaev M. *Orkeniet jane ult*. – Almaty, 2001. – 369 b.
11. Kozybaev I.M. *Istoriografiia Kazakhstana: uroki istorii*. – Alma–Ata: Rauan, 1990. – S. 135.
12. Morgan L.G. *Drevnee obshchestvo*. – L., 1934. – S. 374

13. Kentbekov S.K. *Problemy istoriografii i osnovnye printsipy periodizatsii istorii dosovetskogo Kazakhstan. Avtoref. diss.kand.ist.nauk. Almaty. 1997. – 18 s.*
14. Serov N.K. *Protsessy i mera vremeni (Problemy metodologii strukturno – diakhronnogo issledovaniia v sovremennoi nauke). – L. 1974. – S. 191.*
15. Ruzavin G.I. *Metody nauchnogo issledovaniia. – M., 1974. – S. 237.*
16. Ә. Margulan. *Shygarmalar. – Almaty, «Alatau» baspasy, 2008. 6-7 tom.*
17. Omarbekov T. *Omarbekov Sh. Kazakstan tarihyne jane tarihnamasyna ulttyk kozqaras. – Almaty, Kazak universiteti. 2004 – 17– 18 bb.*
18. Artyqpaev J. *Kazakstan tarihy. – Astana, 2003. – 264 b.*
19. Kentbekov S.K. *Problemy istoriografii i osnovnye printsipy periodizatsii istorii dosovetskogo Kazakstana. Avtoref. Diss.kand.ist.nauk. Almaty. 1997. – 17 s.*
20. Aldamjar Z. *Tarihymyzy bilimdarlyk pen kalyptastyru keleshek ushin kajet//Egemen Kazakstan. – 1998. – 9 shilde. – 3 b.*
21. *Kazak sozdigi (Kazak tilinin bir tomdyk tusindirme sozdigi). – Almaty: «Daur» baspasy, 2013. – 1488 b.*

УДК 94(470)
МРПТИ 03.23.07

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.016>

*Kenzhebaev G.K.*¹*

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Doctor of Historical Sciences, Professor,
Almaty, Kazakhstan, E-mail.ru: kgabit62@mail.ru*

ISSUES OF FORMATION OF A NEW TYPE OF KAZAKH SCHOOL IN THE PRESS (The 20s of the twentieth century)

Abstract

The education system in contemporary Kazakhstan clearly exemplifies the profound transformations occurring in the social and spiritual aspects of society. The search for models in the Kazakh education system that can meet modern requirements leads to a thorough exploration of domestic historical and pedagogical experience. This allows for a comprehensive study of this experience and the resolution of many present-day issues. In the 1920s and 1930s, there was a proliferation of new schools among the general people. Public education departments were established under local councils in all regions and counties of Kazakhstan, which encouraged the population to pursue education. Upon the establishment of the school, numerous challenges emerged, including the task of enticing students to pursue education, developing appropriate textbooks, and recruiting competent staff. Newspapers and publications such as "Yenbekshi Kazak", "Kazak tili", "Ak Zhol", "Bostandyk tuy", "Zhanbekker tili", "Kyzyl Kazakhstan", "Leninshil Zhas", and "Zhas Kairat" have launched a dedicated education section. A multitude of solutions were submitted by the Kazakh intellectuals to present a resolution to these matters. From the pieces released in the press, it is evident that the Kazakh intelligentsia has made substantial modifications and introduced novel concepts to the new educational system. The study examines the process of succession by systematically organising and analysing the updated school system and the activities of the intelligentsia in magazines. Keywords: publications, updated school, school system, intellectual activity, Kazakh press, sector of education. The education system in contemporary Kazakhstan vividly illustrates the profound transformations occurring in the social and spiritual fabric of society. The search for models in the Kazakh education system that can meet modern requirements involves a thorough exploration of the country's historical and pedagogical experience. This exploration aims to address various challenges that arise in the present time. In the 1920s and 1930s, there was a proliferation of new schools among the populace. Throughout all regions and counties of Kazakhstan, volosts were founded under local governments, with the specific purpose of promoting education among the population. Upon the inauguration of the school, numerous challenges emerged, including the task of enticing students to pursue education, developing appropriate textbooks, and recruiting highly skilled professionals. The newspapers and periodicals "Yenbekshi kazak", "Kazak tili", "Ak Zhol", "Bostandyk tuy", "Zhanbekker tili", "Kyzyl Kazakhstan", "Leninshil Zhas", "Zhas Kairat" have recently launched a dedicated education section. A multitude of solutions were submitted by the

Kazakh intellectuals to present a resolution to these matters. From the pieces published in the press, it is evident that the Kazakh intelligentsia has made substantial modifications and introduced novel concepts to the new educational system. The study examines the process of succession by systematically organising and analysing the updated school system and the activities of the intelligentsia in magazines.

Keywords: publications, renovated school, educational system, intellectual pursuit, Kazakh media, education sector.

Gratitude. *The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX-first half of XX").*

Г.Қ. Кенжебаев*¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, т.ғ.д., профессоры,
Алматы қ., Қазақстан, E-mail.ru: kgabit62@mail.ru;*

ЖАҢА ТҰРПАТТАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ (XX ғ. 20 жылдары)

Аңдатпа

Қазіргі Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік және рухани өмірінде орын алып отырған түбегейлі өзгерістерді айқын көрсетеді. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі заман талаптарына сай жауап бере алатын модельдерді іздестіріп табу отандық тарихи-педагогикалық тәжірибеге терең үнілуді, оны жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеу қазіргі уақытта туындап отырған көптеген мәселелердің шешімін табуға өз үлесін қосатыны анық. XX ғасырдың 20-30-жылдары халық арасында жаңа тұрпатты мектептерді ашу қолға алына бастады. Қазақстанның барлық облыстары мен уездерінде, болыстарында жергілікті кеңестердің жанынан халық ағарту бөлімдері құрылып, халықты оқу-білімге тартты. Мектеп ашуда көптеген қиындықтар туындады: оқушыларды білімге тарту, оқулықтар дайындау, білікті кадрларды жұмысқа шақыру сияқты. Сол тұстағы «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Ақ жол», «Бостандық туы», «Жұмыскер тілі», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Жас қайрат» сияқты газет-журналдар білім алу мәселесіне арнайы айдар ашып, осы мәселелердің шешімін көрсету үшін қазақ зиялыларынан көптеген ұсыныстар түсіп жатты. Баспасөз беттерінде жарияланылған мақалалардан қазақ зиялыларының жаңартыған мектеп жүйесіне айтарлықтай өзгерістер мен тың идеялар алып келгені соның дәлелі. Осы мәселені кешенді жүйелеу арқылы сабақтастық барысын талдау мақалада көрініс тауып, мерзімді басылымдардағы жаңартылған мектеп жүйесі және зиялылар қызметі автор тарапынан зерделенген.

Кілт сөздер: мерзімді басылымдар, жаңартылған мектеп, мектеп жүйесі, зиялылар қызметі, қазақ баспасөзі, ағарту саласы

Алғыс. *Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы" грант ИРН BR18574180ы).*

Кенжебаев Г.Қ.*¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, д.п.н., профессор,
Алматы, Казахстан, E-mail: kgabit62@mail.ru*

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ШКОЛ НОВОГО ТИПА В ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ (20- г. XX века)

Аннотация

Система образования в современной Республике Казахстан наглядно демонстрирует кардинальные изменения, происходящие в социальной и духовной жизни общества. Очевидно, что поиск моделей в казахстанской системе образования, способных отвечать современным требованиям, способствует глубокому погружению в отечественный историко-педагогический опыт, всестороннему и комплексному его изучению и решению многих проблем, возникающих в настоящее время. В 20–30-е годы XX века началось открытие новых школ среди населения. Во всех областях, уездах и волостях Казахстана при

местных советах были созданы отделы народного просвещения, которые привлекали население к обучению. При открытии школ возникало много трудностей: привлечение учащихся к образованию, подготовка учебников, привлечение квалифицированных кадров к работе. Газеты и журналы «Енбекши қазақ», «Қазақ тілі», «Ақ жол», «Бостандық туы», «Жұмысшы тілі», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Жас қайрат» открыли специальные рубрики по вопросам образования. Много предложений поступало от казахской интеллигенции, чтобы показать решение этих вопросов. Это свидетельствует о том, что из опубликованных в печати статей казахская интеллигенция внесла существенные изменения и новые идеи в новую школьную систему. Анализ хода преобразования путем комплексной систематизации данного вопроса отражен в статье, где изучена обновленная школьная система и деятельность интеллигенции в периодических изданиях.

Ключевые слова: периодические издания, обновленная школа, школьная система, интеллектуальная деятельность, казахская пресса, сфера просвещения

Благодарности. *Статья подготовлена в рамках реализации Программы целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX-первой половины XX вв.»).*

Introduction. Following the conclusion of the Civil War in the Kazakh region, the cultural and educational sector faced significant challenges. The primary factor was the extensive illiteracy among the population. The problem of addressing illiteracy emerged in the domain of public education during the 1920s and 1930s. Departments of public education were established in all regions, counties, and volosts under local councils. These departments aimed to eradicate illiteracy and promote cultural advancement among the population.

On January 26, 1919, V. I. Lenin, the Chairman of the Council of People's Commissars of the RSFSR, issued a decree aimed at eliminating illiteracy among the population. The decree specified that all citizens of the autonomous republics, aged 8-50 years, who are unable to read and write in their native or Russian language, are encouraged to participate voluntarily [1, p. 118]. In June 1920, following a decree, the All-Russian Emergency Commission for the Elimination of Illiteracy was founded under the leadership of V. I. Lenin. A subsidiary of this commission was founded in Kazakhstan, which played an active role in eradicating illiteracy. Nevertheless, the drought and famine that occurred in 1921 resulted in the establishment of an emergency committee and the implementation of educational initiatives. The Government has decreased funding for public education, which may lead to increased rates of hunger and reduced food consumption. Furthermore, in provinces devoid of any harvest, the efforts to eliminate illiteracy have come to a full halt. The participation of the Kazakh intellectual elite in the domain of public education emerged as a highly urgent concern for the Soviet leadership. In 1920, a conference of public education workers convened, during which Akhmet Baitursynov delineated the precise objectives of the education sector and elucidated the procedures for their execution. A. Baitursynov emphasised the necessity of teacher education and presented two methods. One initiative involved providing training to rural instructors through courses, while the other focused on establishing pedagogical special educational institutions and enhancing the teaching system inside them. In addition, he garnered the attention of educated Kazakh individuals towards educational endeavours and brought up the need of creating instructional materials in the Kazakh language.

Main part. In 1919, a Kazakh division was established inside the Central Executive Committee of the Turkestan Autonomous Republic. The division elected N. Torekulov, G. Safarov, S. Kozhanov, S. Asfendiarov, and the Secretariat as its members. Dosmukhamedov. During an extended meeting of the People's Commissariat of Education on August 21, an education commission was established with the aim of enhancing the spiritual culture of the region. I. Toktybayev was elected as the chairman of the committee, and X. Dosmukhamedov, K. Kozhykov, and N. Kusherbayev were appointed as members.

During public meetings and rallies held in 1920, concerns were made regarding the necessity of training. He advocated for the education of young individuals and advocated for their active involvement in this issue. On November 1st of this year, in Orenburg, a gathering was held at the Sverdlovsk Club among Kazakh youth, where S. Sadvakasov emphasised the significance of education and urged young people to combat illiteracy [2].

In the fall of 1920, a three-month teacher training programme was established in Alma-Ata, under the leadership of Bilal Suleev. The instructors for this course included F. Gabitova, Sh. Sarybaev, and X. Basymovich. The course personnel collaboratively established regional educational institutions to provide teacher training for local elementary schools. Initially, there were 50 individuals enrolled in this educational institution. In the subsequent year, there was a rise in the quantity of school teachers, leading to a heightened significance of

educational endeavours. By 1923, the school had transformed into a regional educational institute for Kazakh-Kyrgyz pupils, with an enrollment of 400 students [3, p. 72].

Notwithstanding the challenging circumstances in the nation, the matter of effectively overseeing the field of education started to be openly addressed during party gatherings. The inaugural regional conference of the Russian Communist Party (b) in Kazakhstan, which took place in Orenburg from June 11-18, 1921, set six distinct objectives to enhance the cultural development of the nation. The Conference emphasised the significance of engaging in political and educational endeavours to eradicate illiteracy among the populace. To achieve this, it is imperative to initiate the production of textbooks and political literature specifically designed for schools and educational institutions. Following the conclusion of the meeting, the administration issued instructions to the party committees, emphasising the establishment of a dedicated section in newspapers for reading and education, as well as the organisation of propaganda operations. On June 26, 1921, a resolution was passed to mobilise all individuals between the ages of 16 and 50 who were able to read and write, in order to address the issue of illiteracy [4, pp. 497-498]. Following this proclamation, those affiliated with the Komsomol, as well as students and high school students, actively participated in the literacy drive. Significant emphasis was placed on eradicating illiteracy following the X All-Russian Congress of Soviets. As a result, branches of the "Eliminate Illiteracy" organisation were established on the premises.

In an article published in the newspaper "Kazakh Tili", M. Auezov observed that in 1921, the educational department in the Semipalatinsk province addressed the need for constructing over 300 schools. The Provincial Labour Committee, in response, provided substantial support by allocating more than 50 workers and necessary materials for the schools. In the autumn of 1920, M. Auezov established the inaugural educational association for Kazakh youth, named "Es Aimak," at the library of Zhanasemy in the Semipalatinsk provincial Department of political education.

Materials and methods. In the early 1900s, the Kazakh periodical press was the sole kind of mass media that advocated for the eradication of illiteracy. Newspapers and periodicals played an active role in enhancing workers' interest in knowledge. The newspapers and periodicals "Enbekshi Kazak", "Kazak tili", "Ak Zhol", "Bostandyk tuy", "Zhумыker tili", "Kyzyl Kazakhstan", "Leninshil Zhas", "Zhas Kayrat" have recently established a dedicated section focused on eradicating illiteracy. The newspaper "Yenbekshi Kazak" has produced special stories in the "Internal Communications" section, providing updates on the ongoing efforts to combat illiteracy. In addition, he allocated space for essays elucidating the significance of orders, decrees, resolutions enacted at congresses, conferences, and plenums pertaining to educational endeavours. A week dedicated to promoting and supporting literacy was organised. Newspapers and periodicals have transformed the battle against illiteracy into a genuine and widely embraced movement.

The journal "Kyzyl Kazakhstan" publishes articles in the "Politics" and "Education" sections, focusing on political party initiatives to eradicate illiteracy and presenting different proposals on this matter. Additionally, the youth magazine "Zhas Kairat" addresses the topic of youth engagement in the education system through its dedicated "Department of Education". It actively encourages Kazakh youth to participate in efforts aimed at eliminating illiteracy. Furthermore, the journal had specific sections such as "History and Political Department," "School business," "Department of Art, Education," and "Department of Literature" that provided readers with information regarding the primary deficiencies and accomplishments within the educational system.

Discussion. The Kazakh periodical press has emphasised the production of pieces elucidating the significance of education. The newspaper Kazakh Tili stated that a country may assist others and improve their own situation by being aware of the negative actions of their leaders and promoting education as a means to achieve a better living [5]. Following the tasks established during the 1921 summit, efforts were initiated to establish training centres and provide specialised teacher training. The People's Commissariat of Education is dedicated to closely monitoring and publicly reporting the outcomes of the eradication of illiteracy in provincial and district schools through the press. In his article for the journal Kazak tili, M. Auezov highlights the imperative of giving particular focus to these domains, while also shedding light on the deficiencies in the education sector within Semipalatinsk province, including the issue of carelessness [6]. In his article published in the Red Kazakhstan magazine, A. Baidildin clearly delineated the collapse of the education sector within the framework of the current economic policy and put out suggestions for its enhancement. He established innovative schools, cultural and educational organisations, organised diverse training events to develop a new generation of educators, delivered insightful reports, conducted lectures, and effectively acquainted people with the current status of the country [7, p. 22].

The paper authored by T. Arystanbekov, which was published in the journal "Enbeksil Kazak" under the title "X meeting of All-Union councils and educational work", focused on elucidating the matter of eradicating illiteracy, which was discussed at the X Congress. Prior to this conference, the author attributed the lack of progress and

38. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-1937). - 2 -т. - Алматы: Қазақстан, 1988.-412 б.
39. Жаңа әліпби // Еңбекшіл қазақ. - 1928 - 4 январь. - №3.
40. Кіндік жаңа әліпби комитеті биыл не істемек // Еңбекшіл қазақ. - 1928. - 4 январь. - №3.
41. Ашық хат // Еңбекшіл қазақ. — 1928. — 12 январь. — №10.
42. Латыншылар ұясы // Еңбекшіл қазақ. - 1928. - 3 апрель. - №75.
43. Қазақстанның мемлекеттік университеті // Еңбекшіл қазақ. - 1928. - 26 гинуар. - №21.
44. О. Жандосұлы жолдастың баяндамасы туралы сөздер // Еңбекшіл қазақ. – 1928. - 12 январь. -№10.
45. Семей уезі // Еңбекшіл қазақ. - 1928. - 16 январь. -№13.
46. Меңдешұлы С. Қазақстанды жаппай сауатты ел етеміз // Жаршы. - 1931.-№9.
47. Бұлар мұғалім емес, «молдалар» // Ленинишіл жас. - 1937 - 15 гинуар. -№7.
48. ҚРОММ. 81-қ., 1-т., 258-іс. 41-п.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
METHODS OF TEACHING HISTORY

УДК 930:37.016
МРНТИ 03.01.45

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.017>

Д.Б. Асымова*¹, Г.А. Қырғызхан², Ш.Нұрыллаұлы³

¹Қауымдастырылған профессор, PhD, аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы,
E-mail: Damu_kaznpu@mail.ru

²PhD, аға оқытушы Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы, E-mail: botaeva.93@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-7685-6142>

³Білім магистрі, Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан, Алматы, E-mail: Shingan_94@mail.ru
<https://orcid.org/>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА ОТБАСЫ ТАРИХЫН ВИЗУАЛДЫ
ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның орта мектептерінде 8-11 сынып оқушыларының мектеп бағдарламасы аясында отбасы тарихын оқытудың маңыздылығы жайлы сөз етіледі. ХХІ ғасыр адамдарының ақпарат қабылдауы көптеген зерттеулер көрсеткендей сексен пайызы көру арқылы болғандықтан, оқушыларға отбасы тарихын визуалды антропология бағыты негізінде, яғни визуалды деректерді, оның ішінде оқушылардың жеке отбасылық сақтауында тұрған фото альбомдар, фотолар, видеолар негізінде оқыту-дың мүмкіндіктері және перспективаларын анықтау үшін жасалған зерттеу жұмысының нәтижесі көрсетілген. Мақалада Алматы қаласы №159 Б.Алтынсарин атындағы гимназиясы мен Алматы қаласы №208 мектеп-гимназиясының 8-11 сынып оқушылары қатысқан сауалнама нәтижелері келтірілген. Сауалнамаға барлығы төрт жүз отыз оқушы қатысқан. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың отбасы тарихына деген қызығушылығы жоғары екенін, сонымен қатар отбасы тарихына арналған жеке қордағы естеліктерімен бөліскісі келетіндіктерін, отбасы тарихын танып білу олар үшін маңызды екендігін көрсететін нәтижелер туралы талдау жұмысы көрсетілген.

Отбасы ең маңызды әлеуметтік микроқұрылым ретінде бүкіл әлеуметтік жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады және оның барлық басқа компоненттерімен ажырамас байланыста болады, қоғамда болып жатқан өзгерістерді тікелей немесе жанама түрде көрсетеді.

Қазіргі заманғы отбасылық психологтар мен әлеуметтанушылар отбасылық құрылымдағы орталықтың туыстық қатынастардан, балалар мен ата-аналардың байланыстарынан ерлі-зайыптылық қатынастарға ауысуын байқайды, ал туыстық байланыстар, олардың маңызы зор болғанымен, екінші орынға шығып бара жатыр. Э.Г. Эйдемиллер және В. В. Юстицкий патриархалдық отбасы мен дәстүрлер бүгінгі қоғамда әлі де күшті, бірақ отбасы мүшелері арасындағы шекаралар диффузды, нашар құрылымдалған, бұл отбасы мүшелерінің денсаулығына, отбасының бірлігіне әсер етпей қоймайды деп тұжырымдайды.

Отбасы тарихы керек десеніз бір қоғамның тұтас бір ұлттық идеясының пісіп жетілетін мекені болғандықтан, тарихшылар мен педагогтар тарапынан көптеген зерттеулерді қажет ететіні анық. Қазіргі отбасы институтында болып жатқан трансформациялар, ондағы, яғни отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға тікелей әсер ететіні сөзсіз. Балалардың ішінде, әсіресе жасөспірімдерге деген ықпалы орасан зор. Сол себепті, зерттеу жұмысы барысында біз сауалнамаға мектеп оқушылары арасынан 8-11 сынып оқушыларын қатыстырдық.

Кілт сөздер: Педагогика, тәрбие, педагогикалық технология, отбасы тарихы, визуалды деректер, тарихы жады, отбасылық жады, отансүйгіштік тәрбие, діл, үлгі, өсиет, ата-баба жолы, болмыс, мінез-құлық.

Асымова Д.Б.*¹, Қыргызхан Г.А.², Нұрыллаұлы Ш.³

¹Ассоциированный профессор, PhD, старший преподаватель

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г.Алматы,

E-mail: Damu_kaznpu@mail.ru

²PhD, старший преподаватель КазНУ имени Аль-Фараби Казахстан, Алматы,

E-mail: botaeva.93@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7685-6142>

³Магистр образования, учитель истории школы-гимназии №159 имени Ыбырай Алтынсарина,

Казахстан, г.Алматы, E-mail: Shingan_94@mail.ru

<https://orcid.org/>

ПЕРСПЕКТИВЫ ОБУЧЕНИЯ СЕМЕЙНО ИСТОРИИ НА ОСНОВЕ ВИЗУАЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ ДЛЯ УЧЕНИКОВ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье говорится о важности преподавания семейной истории на воспитательном уроке учащихся 8-11 классов общеобразовательных школ Казахстана. Поскольку многие исследования показывают, что люди 21 века получают информацию с помощью зрительного восприятия, восемьдесят процентов из них визуальная информация, поэтому результаты исследовательской работы должны были определить возможности и перспективы преподавания семейной истории обучающимся на основе направления визуальной антропологии, т. е. на основе визуальных данных, включая фотоальбомы, фото и видео, которые хранятся в личных семейных архивах учащихся. В статье представлены результаты анкетирования, проведенного среди учащихся 8-11 классов школы-гимназии №159 им. Ы.Алтынсарина г.Алматы и школы-гимназии №208 г.Алматы. Всего в опросе приняло участие четыреста тридцать учащихся. В результате анкетирования мы поняли, что ученики проявляют высокий интерес к семейной истории, а также хотят поделиться своими воспоминаниями хранящиеся в личном семейном фонде, анализ анкетирования показал что ученикам интересна и важна семейная история.

Семья, как важнейшая социальная микроструктура, является составной частью всей социальной системы и неразрывно связана со всеми другими ее составляющими, прямо или косвенно отражая происходящие в обществе изменения.

Современные семейные психологи и социологи отмечают смещение центра в структуре семьи с родственных отношений, с связей детей и родителей на супружеские отношения, причем родственные связи, несмотря на их большое значение, отходят на второй план. Например, Эйдемиллер и В.В. Юстыцкий считают, что в современном обществе еще сильны патриархальная семья и традиции, но границы между членами семьи размыты и плохо структурированы, что очень сильно влияет на здоровье членов семьи и семейное единство.

Понятно, что семейная история требует большого исследования со стороны историков и педагогов, так как является местом, где созревает тонкая грань национальной идеи общества. Несомненно, что преобразования, происходящие в современном институте семьи, окажут непосредственное влияние на детей, воспитывающихся там, то есть в семье. Среди детей, особенно подростков, влияние огромно. Именно поэтому в ходе исследовательской работы мы включили в анкетирование учащихся 8-11 классов.

Ключевые слова: семейная история, визуальные данные, историческая память, семейная память, гендерные аспекты, традиция и современность, педагогика, воспитание, религия, пример, завещание, родовой путь, бытие, поведение.

D.B. Assymova*¹, G.A. Kyrgyzkhan², Sh. Nuryllauly³

¹Associate Professor, PhD, senior lecturer Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: Damu_kaznpu@mail.ru

<https://orcid.org/>

²PhD, senior lecturer Kazakh National University named after Al-Farabi, Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: botaeva.93@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7685-6142>

³ Master of Education, history teacher of the school-gymnasium No. 159 named after Ybyray Altynsarin Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: Shingan_94@mail.ru

<https://orcid.org/>

PROSPECTS FOR TEACHING FAMILY HISTORY BASED ON VISUAL SOURCES FOR SECONDARY SCHOOL STUDENTS OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article talks about the importance of teaching family history in an educational lesson for students in grades 8-11 of general education schools in Kazakhstan. Since many studies show that people of the 21st century receive information through visual perception, eighty percent of them are visual information, so the results of the research work were to determine the possibilities and prospects for teaching family history to students based on the direction of visual anthropology, i.e. based on visual data, including photo albums, photos and videos that are stored in the personal family archives of students. The article presents the results of a survey conducted among students in grades 8-11 of the school-gymnasium No. 159 named after Y. Altynsarin in Almaty and gymnasium No. 208 in Almaty. A total of four hundred thirty students took part in the survey. As a result of the survey, we realized that students show a high interest in family history, and also want to share their memories stored in a personal family fund, the analysis of the survey showed that family history is interesting and important for students.

The family, as the most important social microstructure, is an integral part of the entire social system and is inextricably linked with all its other components, directly or indirectly reflecting the changes taking place in society.

Modern family psychologists and sociologists note the shift of the center in the structure of the family from kinship, from the ties of children and parents to marital relations, and family ties, despite their great importance, fade into the background. For example, Eidemiller and V.V. Yustytsky believe that the patriarchal family and traditions are still strong in modern society, but the boundaries between family members are blurred and poorly structured, which greatly affects the health of family members and family unity.

It is clear that family history requires a great deal of research on the part of historians and educators, as it is the place where the fine line of the national idea of society matures. There is no doubt that the transformations taking place in the modern institution of the family will have a direct impact on the children who are brought up there, that is, in the family. Among children, especially adolescents, the impact is enormous. That is why, in the course of the research work, we included students in grades 8-11 in the survey.

Keywords: family history, visual data, historical memory, family memory, gender aspects, tradition and modernity, pedagogy, education, religion, example, testament, birth canal, being, behavior.

Кіріспе. Мектеп – ол үздіксіз тәрбие мекені. Мектептегі тарих сабағы, тәрбие сағаттары оқушылар бойында патриоттық құндылықтарды дәріптейтіні белгілі. Патриоттық тәрбие отан сүйгіштіктен басталады. Өкінішке орай, қазіргі көптеген жасөспірімдердің арасында жаһандану үдерісінің айқын бір кері көрінісі байқалады. Ол, отан деген ұғымның кеңейіп кетуі, яғни шекаралардың жойылып жоқ болып бара жатқаны. ХХІ ғасыр адамы үшін отан – ол жұмысы бар және жайлы өмір мекені секілді ұғымды қалыптастырып бара жатқандай. Осыған байланысты, мектеп деңгейінде патриоттық тәрбиені жылдан жылға қалыптастыру қиындап, үлкен мәселеге айналып отыр. Соған байланысты, қазіргі таңда әлемдік тәжірибеге сүйеніп айтар болсақ, әлемнің әртүрлі бөліктерінде, алыс және жақын шетелдерде де көптеген генеалогиялық және адамдарды біріктіретін тарихи-генеалогиялық, олардың ата-тегін іздеу, отбасының тарихи жадын сақтау қоғамдастықтары пайда болып жатыр. Отбасы туралы материалдарды жинақтау, ата-бабалар өмірі мен шежірені құрастыру көптеген отбасының мәселесіне айналады. Бұл әлемдік тәжірибе түбінде адамның өзінің шыққан тегін, жерін, мекені туралы тарихи жадыны қалыптастыратын бірден бір қадамы [1].

Қазақстанда қазіргі таңда ондай генеалогиялық орталықтар жоқ, тек қана қалалық архивтер мен музейлер қорында сақталып тұрған отбасылық қорлар бар. Бірақ олар ғылыми айналымға толығымен

шықпай өз уақытын күтіп отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығымен «Республикадағы отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына өзгеріс енгізілді Қазақстанның 2030 жылға дейін» жарлығына енгізілген өзгерістерге сәйкес, жасөспірімдер бойында отбасы құндылықтарын насихаттау мен тәрбиелеу ерекше назарға алатын мәселе болып табылады. Отбасы әрбір адам үшін, ыстық ұясы, түлеп шыққан мекені екенін ескере отырып, отан сүйгіштік ұғымын кіші отаны отбасы тарихынан бастау алып, мектеп қабырғасында тек қана тәрбие сағатымен ғана шектелмей, тарих сабағында арнайы тақырыптық жоспарға енгізу немесе факультатив ретінде оқыту мүмкіндігін де қарастырған дұрыс деп есептейміз. Өскелең ұрпақтың бойында көтеріліп отырған тақырыпқа қызығушылықты тұдыртып, өзегін арттыратын, оқыту барысында педагогикалық технология ретінде, отбасы тарихын визуалды антропология негізінде, яғни көрнекі деректерді пайдалана отырып, білім алушының жадында отбасылық бейнелер жады яғни тарихи сана қалыптастыру болып табылады. Оған қазіргі таңда қарқынды даму үстіндегі сандық технологияларды қолдана отырып, оқушы тарапынан белсенділігін оятып, үй жағдайындағы жеке қордағы көрнекі деректерді пайдалана отырып, отбасының кішігірім тарихын жасап оны презентация жасау арқылы, отбасы тарихына үңіліп, отбасылық жадының қалыптастыруына әсері тиеді [2].

Зерттеу жұмысының мақсаты - оқушы жасөспірімдердің бойында визуалды деректер негізінде отбасылық тарихи жадының қалыптасуына, орта мектептерде отбасы тарихына арналған сабақтарында өзінің отбасылық жеке қорларымен жұмыс жасап, қолдануына ықпал ету [3].

Мақала ЖТН №АР15473292 «XX-XXI ғасырдағы отбасы тарихының ретроспективасы: Қазақстандағы дәстүр мен модернизмнің визуалды болмысы» тақырыбындағы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобасы аясында даярланды.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі әлем визуалды бейнелерге толы. Мұны көптеген визуалды антропология зерттеушілері атап көрсетеді. Малколм Барнард: "кез-келген визуалдылық адамдардың өміріндегі маңызды тәжірибеге айналды. Біз визуалды материалдардың әсеріне көбірек ұшыраймыз және оларға тәуелдіміз". Николас Мирзоев: "маңызды нәрсе туралы айтуға болады күнделікті өмірдегі визуалды сезімдердің мағынасы". Басқаша айтқанда, біздің әлем барған сайын әсерлі бола түсуде [4]. Бұл екі жолмен көрінеді: біздің өміріміздің ортасы әр түрлі тектегі бейнелермен (визуалды бейнелермен) толы, ал бізді қоршаған әлемнің байқалатын аспектілері (визуалды көріністері) бұрынғыдан да мәнерлі, алуан түрлі және бай. Басқаша айтқанда, айналамыздың бейнесі артады. Бұл ғылыми -зерттеу жұмысы екі күрделі тақырыпты қамтып отыр. Бірі отбасы тарихын оқыту болса, екіншісі отбасы тарихын визуалды деректерді қолдана отырып оқыту болып табылады [5].

Мәселенің тарихнамасын қарастыратын болсақ, жоғарыда атап өткендей мәселені екі салаға бөліп қарастыратын ғылыми еңбектерді атап өтуге болады. Мәселен, білім беру саласында тарихи сананы қалыптастыру мақсатында визуалды ақпарат пен деректерді қолдану мәселісі бойынша Ресейлік әріптестерден О.М. Хлыгина, В.А.Звереваның редакторлығымен жарияланған ұжымдық монографияны, Л.Д.Тузикова, Е.И.Щербакова, Н.А. Алексашкина, Г.Н.Белоглазова, А.Рыков, В.М. Магидов, Л.Н.Мазур, А.Стрельникованың еңбектерін атап өтуге болады. Академиялық үдерісі барысында отбасы тарихын оқытудың өзкiлiгi жайлы А.Мосин, Н.Г.Лагойда, Ю.З.Еникеева, Я.О.Бондаренко, А.Кликинаның зерттеулерін атап өткен жөн. Сонымен қатар, алыс шетелдік ғалымдарды атап өтетін болсақ, П.Штомпка, М.Бэнкс, С.Пинк, Дж.Руби, Дж.Марион. Қазіргі Қазақстанның ғалыми кеңістігін қарастыратын болсақ, визуалды антропология бағытын, адиовизуалды деректерді ғылыми айналымға енізіп жүрген бір-неше авторларды атап өтуге болады [6]. Соның ішінде, визуалды деректерді тарихи дерек көздері ретінде зерделеп жүрген Г.А.Сексенбаеваның, визуалды деректердің деректік маңызы жайлы С.А.Сатаеваны, аудио деректердің маңыздылығы мен ерекшелігі жайында А.Ф.Сеитованы, визуалды деректерді ғылыми айналымға енгізіп, апробациядан өткізу қадамдарын жасап жүрген Т.Т.Далаеваның еңбектерін атап өткен жөн [7].

Ресейлік зерттеушілер О.М.Хлыгина мен В.А. Звереваның ұжымдық монографиясының басты идеясы тарих пәнін оқыту барысында білім алушының бойында танымдық іс-әрекетін күшейту мақсатын-да сабақ барысында визуалды деректерді практика жүзінде қолдану өзектілігі жайында мәселе қозғалған [8]. Авторлар, оқушылардың көріп ақпаратты қабылдау мүмкіндіктерін дамытып, сол арқылы тарихи сананы қалыптастыруға ерекше назар аударған жөн деп қорытындылайды. Тарихи сананы қалыптастыру үшін - өткен уақыттың көрнекі бейнелерімен толтыру деп түсіндіреді. Л.Д.Тузикованың тұжырымдауын-ша оқушылардың тарих пәні оқулығында визуалды бейнелер көп және алуан түрлі болуы тиіс. Оқушының

қандай сынып оқығанына қарамастан, яғни сынып пен жас ерекшелігін есепке алмай, оқулық визуалды бейнелердің көркем және деректік алуандылығымен есте сақталуы керек деп қорытады [9]. Е.И.Щербакованың ғылыми мақалаларында визуалды тарих: ол жаңа кеңістікті игеру дегенге теңейді, яғни білім мен ғылым салалырында кең қолданылмаған деректердің пайдасы жоғары, сананың есте сақтау қабілетін ояту қасиетіне байланысты, оқу үдерісін кеңінен пайдалануы тиіс деп есептейді. Н.А.Алексашкина, Г.Н.Белоглазова аталмыш деректердің техникалық ерекшелігіне қарай жіктеп, білім алушының жас ерекшелігіне қарай қолдану арқылы, оқушының жан-жақты танымдық қабілетін қалыптастыруға жағдай жасалады деп көрсетті. А.Рыков, Л.Н. Мазур, А.Стрельникова еңбектерінде визуалды деректердің қасиеті, ерекшелігі, адамға әсер ету мен қабылдау функциясына деген ықпалы туралы ғылыми зерттеулер жүргізген [10].

А.Мосиннің ұстаздар үшін әдістемелік құралында, ұстаздарға оқушы бойында отбасы тарихына қызығушылығын арттырып, жеке отбасылық қормен жұмыс жасауды, жұмыс жасау барысында пәнаралық әдісті қолдануды үйрету, отбасының тарихы туралы жинақталған деректер негізінде өздігінен еңбектеніп, тарихи уақиғалар мен деректерді салғыстыру арқылы тұжырымдау, баға беруге баулу туралы жан-жақты әдістемелік нұсқаулар берілген.

Н.Г. Лагойда, Ю.З. Еникеева, Я.О. Бондаренко зерттеулері жастарға отбасы тарихын оқыту барысында дәстүр, діл, болмыс, наным-сенімдер, ырымдарға аса үлкен назар аударылып оқыту арқылы, отбасының өзегін түсініп, отбасымен тұтас бір етуге мүмкіндік алу болып табылады деп қорытындылайды. Бұл ғылыми еңбектер зерттеу жұмысы барысында қол жеткізетін нәтижелер мен мәселенің өзектілігін ерекше ашатын секілді [11].

Алматы қаласы №159 Ы.Алтынсарин атындағы гимназиясы мен Алматы қаласы №208 мектеп-гимназиясының 8-11 сынып оқушыларымен жасалған педагогикалық тәжірибе білім алушылардың бойында отбасы тарихын оқуға деген қызығушылығы бар екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында қолданылған бақылау секілді педагогикалық әдіс оқушылардың жеке отбасылық қорда сақтаулы тұрған дерек көздермен жұмыс істеу барысында, туындаған қиындықтарды қызғушылықпен ұстазбен бірігіп анықтауға мүмкіндік бар екенін анықтады, сонымен қатар ұстаздардың оқушының жасап өткен жұмысының нәтижесіне талдау жасап, одан әрі педагогикалық қызметіндегі кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік берді [12].

Білім алушылардың қызығушылықтарын анықтау мақсатында, зерттеу жұмысы барысында пәнаралық, салыстырмалы талдау әдістерін, оқушылардың жасап жатқан зерттеу жұмысына модераторлық қызмет беріп, жеңілдетуге мүмкіндік берді. Сол арқылы білім алушылардың мәселенің өзектілігіне қызығушылықтарының динамикасын анықтап алуға қол жеткіздік.

Оқушылар арасында жүргізілген сауалнаманың негізінде білім алушылардан кері байланыс алынды, оған төмендегідей сұрақтар кірді:

1. Сіз қай сыныпта оқисыз?
2. Сіздің ойыңызша адам отбасының тарихын білген абзал ма?
3. Отбасыңыздың тарихын қысқаша сипаттап бере аласыз ба?
4. Ата-әжелеріңіздің, бабаларыңыздың тарихы туралы білесіз ба?
5. Жеті атаңызды білесіз ба?
6. Үйде аға буын яғни ата-әжелеріңізден келе жатқан дәстүрлер бар ма?
7. Бар болса сипаттап бере аласыз ба?
8. Үйде ата-әжелеріңіздің, ата-бабаларыңыздың фото суреттер бар ма?
9. Сіз мектепте отбасылық тарихқа арналған факультатив пәнін қызығып оқитын ба едіңіз?

Нәтижелер. Талдау жұмыстары оқушылардың санасындағы отбасының бейнесін анықтау мақсатында диагностикалық әдісті қолдана отырып бланкке жазылған сұрақтар таратылды [13.] Сауалнама барысында білім алушыларға қойылған сұрақтар, осы сала бойынша зерттеулермен айналысып жүрген ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп құрастырылды. Мәселен, жоғарыда аты аталып кеткен А.Мосин өзінің еңбегінде, тақырыптың өзектілігін ашу үшін 1) Сіз үшін отбасы тарихы маңызды ма? – деген сұрақтан басталады. Біз сауалнамаға қатысқан жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, сұрақтарды психологиялық ерекшеліктерге мән беріп дайындадық. Психолог зерттеушілер Е.А. Овсяникованың, Г.С. Абрамова, Ю.Б. Гиппенрейтер тұжырымдауына жасөспірім үшін отбасы психологиялық дамуының шарты деп есептеледі, сол себепті сұрақ қою барысында осы мәселеге назар ала отырып сұрақ қоюлуы керек. Отбасылардың барлығы бірдей болмағандықтан, оқушының кейбір сұрақтарға жауап беруі де қиынға соқтырады. Сол себепті, оқушылардан сауалнама алынар алдында, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балалардың бұл тақырыпқа деген көңіл күйлері анықталды [14]. Сонымен қатар, сауал-

нама сұрақтары әлеуметтанушылық әдіс болғандықтан, көтеріліп отырған мәселе бойынша пәнаралық сипаттағы Р.О.Арнхейм, Л.В.Малес, В.Савчук, В.Семенова зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Әлеуметтанушы ғалымдардың еңбектерінде отбасы қоғам бөлшегі, қоршаған ортамен қатысқа көп түскенімен, отбасылық өмір – ол жеке өмір. Сол себепті, сауалнама жасырын немесе білім алушы қалауынша атын көрсетіп жауап бергені дұрыс. Зерттеу жұмысы Алматы қаласы бойынша Медеу ауданында орналасқан №159 Ыбырай Алтынсарин атындағы гимназиясы мен Наурызбай ауданында орналасқан №208 мектеп-гимназиясында өткізілді.

Сауалнама өткізілген кезеңде оқушылардың көңіл-күйлер көтеріңкі, әл-ауқаты жақсы болды. Сынып ішіндегі атмосфера «мемлекет отбасыдан басталады» қағиданы ұстанғандай оқушылар жауапкершілікпен, сүйіспеншілікпен сезінгендей жауаптарын жазуға тырысты. Сауалнама аяқталғаннан кейін, сыныптағы кейбір оқушылар өз ұсыныстарын білдіріп жатты. Сыныптағы ахуал жоғары деңгейде болды.

Төмендегі таблицанда сауалнамаға қатысқан оқушылардың саны жазылған, екі мектептің оқушылар саны бөлек көрсетілген.

1. 159 гимназия

Көрсетілген сыныптар	Қатысушылар саны	Пайыздық көрсеткіш (%)
8	60	30,77%
9	54	27,69%
10	45	23,08%
11	36	18,46%
Барлығы	195	33%


2. 208 мектеп-гимназия

Көрсетілген сыныптар	Қатысушылар саны	Пайыздық көрсеткіш (%)
8	74	31,49%
9	68	28,94%
10	48	20,43%
11	45	19,15%
Барлығы	235	37%


Сауалнама нәтижелеріне талдау жұмыстарын жүргізу барысында, 8-11 сынып оқушыларының сауалнама сұрақтарына жауап беру көрсеткіштері әртүрлі екені көрінді. Мәселен, 8-9 сыныптар арасында отбасы тарихына деген қызығушылығы басым екені төмендегі графиктен көруге болады.

3. Сіздің ойыңызша адам отбасының тарихын білген абзал ма?

Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназиясы




№ 208 мектеп-гимназиясы




Білім алушыларға берілген сауалнаманың сұрақтар тізімінде, отбасыңыздың тарихын қысқаша сипаттап бере аласыз ба деген сауалға барлық сынып оқушылары «ия» деп жоғары пайыздағы көрсеткіштегі жауап бергенімен, сауалнама аяқталған соң, пікір, сұрақ қойылған кезде оқушылардың көбінісі отбасы тарихын білмейтіндіктері анықталды, сауалнамада «ия» деген жауап көрсеткен оқушылар отбасы тарихын білмейтінін айтып, бүгіннен бастап ата-анасынан отбасы тарихы туралы сұрайтынын алға тартты. Бұл сұрақ көтеріліп отырған мәселенің өзегін арттырады.

4. Отбасыңыздың тарихын қысқаша сипаттап бере аласыз ба?


Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназиясы




№ 208 мектеп-гимназиясы




5. Жеті атаңызды білесіз ба?




6. Үйде аға буын яғни ата-әжелеріңізден келе жатқан дәстүрлер бар ма?



7. Үйде ата-әжелеріңіздің, ата-бабаларыңыздың фото суреттері барма?



8. Сіз мектепте отбасылық тарихқа арналған факультатив пәнін қызығып оқитын ба едініз?



Қорытынды. (Заклучение. Conclusion.) Кез-келген модификацияға қарамастан, отбасы адамның физикалық және рухани күштерін жинақтау және тұрақтандыру көзі болып табылады. Сондықтан отбасының бейнесін ерте жастан бастап қалыптастыру және дамыту маңызды. Рационалды қоғам қалыптастыру жолында, отбасы тарихын білу арқылы, өзін, өзінің тарихын, тілін, ділін, отанын қастерлейтін тұлға қалыптасатыны сөзсіз [15]. Зерттеу жұмысы барысында, жасөспірімдердің отбасы тарихына, отбасының дәстүрлеріне, отбасы тарихын қалыптастыратын дерек көздеріне, отбасын тарихын жадында сақтау мүмкіндіктерін зерделеуге, пайдалануға дайын екенін байқалды [16,17]. Отбасы тарихын оқыту-дың мүмкіндіктері жоғары екенін, визуалды антропология бағытының бұл жолдағы ғылыми сүйемелдеу үлесінің салмағы үлкен екенін көрсетті.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу жасөспірімдердегі кіші отаны психологиялық әл-ауқатының шарты екенін ескере отырып, отбасы имиджінің проблемасының тереңдігін барлық қырларын көрсете алмайды. Дегенменен, отбасы тарихын оқутыдың, оқу жылы бойында бір ғана тәрбие сағатымен шектелудің мардымсыз аз екенін көрсетеді. Отбасы тарихын тақырыптық жоспарға көбейткен жағдайда, оқушылардың тек қана отбасы тарихын біліп қана қоймай, сонымен қатар білім алушының бойында зерттеу жұмысына деген қызығушылықты да дамытудың бірден бір жолы. Аталмыш зерттеу жұмысы өз нәтижесіне жетті, себебі оқушылардан кері байланыс алынды, сауалнама таратылған барлық жасөспірім сұрақтарға жауап берді. Бос жауапсыз, кері қайтқан сауалнама жоқ. Жұмыс барысында қолданылған бақылау әдісі білім алушылармен жұмыс жасау барысында туындаған қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл педагогтер мен зерттеушілер үшін өте маңызды ақпарат, көтеріліп отырған мәселе бойынша жұмыстың жалғасуына түрткі болатыны, зерделеуді қажет ететіні белгілі болды.



Алматы қаласы мектептерінен көрмеге қатысқан оқушылармен түскен суреттер



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Методика изучения периодической печати: сб. ст. / под ред. Есина, Б. И. [Текст]. М., 1977.-158 с.*
2. *Мохначёва, М.П. Журналистика и историческая наука: в 2 кн. [Текст] М., 1998–1999.-412 с.;*
3. *Родигина, Н.Н. «Другая Россия»: образ Сибири в русской журнальной прессе второй половины XIX – начала XX в. [Текст]. -Новосибирск, 2006.-244с.*
4. *Визуальные образы прошлого: новые стратегии использования в образовательной и исследовательской практике / под редакцией В.А. Зверевой, О.М. Хлытиной [Текст].-Новосибирск, 2014-С.10-97.*
5. *Мосин, А.Г. Изучаем историю семьи в школе [Текст] – Екатеринбург, 2019. Учебное пособие для учителей – С.14-20.*
6. *Мой род в истории: Учебное пособие для основной школы / Авт.-сост.. Мосин А. Г. [Текст] — 2-е изд, испр и доп. — М.: ООО «ТИД "Русское слово — РС"», 2006.*
7. *Мой род в истории: Учебное пособие для общеобразовательных учреждений / Авт.-сост. Мосина А.Г. [Текст] — М.: ООО «ТИД "Русское слово — РС"»; Екатеринбург: Центр «Учебная книга», 2007.*
8. *Пчелов, Е.В. Теоретические понятия генеологии [Текст] //Гербовед.№45.М.:РГК.-2000.- С.54.*

9. Юмкина, Е.А. Внутрисемейное общение в пространственно-временном аспекте [Текст]/ Вестник Ленинградского государственного университета имени А.С. Пушкина. – 2014. - №4 (Том 5) Психология. – С. 78-87.
10. Ботт, Э. Семья и социальная сеть: роли, нормы и внешние отношения в обычных городских семьях [Текст]- Лондон: Тависток, 1957.145 с.
11. Сексенбаева, Г.А. «Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты» [Текст] - Алматы, 2020 г. 279 с.
12. Чудакофф, Х. Жизненный путь женщины: возраст и возрастное сознание, 1865-1915 гг. Журнал семейной истории [Текст]. 1980.С.274–292.
13. Тузикова, Л.Д. Визуальные образы прошлого в учебной литературе: типология, стратегии историко-познавательной деятельности школьников [Текст]/Сибирский педагогический журнал № 1.2013 г.С.120-123.
14. Овсяникова, Е.А. Образ семьи у подростков как условие их психологического благополучия [Текст]. Белгород, 2019.С.211.
15. Инглхарт, Р. Культурная эволюция: как изменяются человеческие мотивации и как это меняет мир [Текст] /Пер. с англ. С. Л. Лопатиной, под ред. М. А. Завадской, В. В. Костенко, А. А. Широкаковой, науч. ред. Э. Д. Понарин. – Москва. Мысль, 2018. – С. 63-68.
16. Магидов, В.М. "Кинофотодокументы в контексте исторического знания"[Текст]. Москва, 2005 г. С.25-40.
17. Далаева Т.Т., Султангалиева Г.С. Визуальная антропология новой социальной истории Казахстана XIX-нач.XX в.в. [Текст] -Алматы, Жибек жолы, Алматы 2022 г. -С.116-138.

References:

1. *Methods of studying periodicals: collection of articles / ed. Yesina, B. I. [Text]. M., 1977. - 158 p.*
2. *Mokhnacheva, M.P. Journalism and historical science: in 2 books. [Text] M., 1998-1999. - 412 p.;*
3. *Rodigina, N.N. "Other Russia": the image of Siberia in the Russian magazine press of the second half of the XIX – early XX century . [Text]. -Novosibirsk, 2006.-244s.*
4. *Visual images of the past: new strategies of use in educational and research practice / edited by V.A. Zvereva, O.M. Khlytina [Text].-Novosibirsk. 2014- pp.10-97.*
5. *Mosin, A.G. Studying family history at school [Text] – Ekaterinburg, 2019. Textbook for teachers – p.14-20.*
6. *My family in history: Textbook for primary school / Author-comp.. Mosin A. G. [Text] — 2nd ed., ispr and add. — M.: LLC "TID "Russian word — RS"" , 2006.*
7. *My family in history: A textbook for educational institutions / Author-comp. MosinA.G. [Text] — M.: ООО "TID "Russian word — RS""; Yekaterinburg: Center "Textbook", 2007.*
8. *Pchelov, E.V. Theoretical concepts of geneology [Text] //Herbologist.No.45.M.:RGK.-2000.-p.54.*
9. *Yumkina, E.A. Intrafamily communication in the spatio-temporal aspect [Text]/ Bulletin of the Leningrad State University named after A.S. Pushkin. - 2014. - No.4 (Volume 5) Psychology. – pp. 78-87.*
10. *Bott, E. Family and social network: roles, norms and external relations in ordinary urban families [Text]- London: Tavistock, 1957.145 p.*
11. *Seksenbayeva, G.A. "Audiovisual documents: source and archival aspects" [Text] - Алматы, 2020, 279 p.*
12. *Chudakoff, H. The life path of women: age and age consciousness, 1865-1915. Journal of Family History [Text]. 1980.pp.274-292.*
13. *Tuzikova, L.D. Visual images of the past in educational literature: typology, strategies of historical and cognitive activity of schoolchildren [Text]/Siberian Pedagogical Journal No.1.2013, pp.120-123.*
14. *Ovsyanikova, E.A. The image of the family in adolescents as a condition of their psychological well-being [Text]. Belgorod, 2019.P.211.*
15. *Inglehart, R. Cultural evolution: how human motivations change and how it changes the world [Text] / Translated from English by S. L. Lopatina, edited by M. A. Zavadskaya, V. V. Kostenko, A. A. Shirokanova, scientific ed. by E. D. Ponarin. – Moscow. Thought, 2018. – pp. 63-68.*
16. *Magidov, V.M. "Film and photo documents in the context of historical knowledge"[Text]. Moscow, 2005, pp.25-40.*
17. *Dalaeva T.T., Sultangalieva G.S. Visual anthropology of the new social history of Kazakhstan of the XIX-early XX century. [Text] -Алматы, Жибек жолы, Алматы 2022 - pp.116-138.*

ӘОЖ: 378.016: 94(574):82-65"16/18"
ҒТАХР 03.20

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.018>

А.Д. Байшуакова ^{*1}, К.Т. Атемова ², Г.Д. Сугирбаева ³

¹ Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан Республикасы
E-mail: baishuakova1806@mail.ru

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.д.,
Астана, Қазақстан Республикасы
E-mail: Kalipa_atemova@mail.ru

³ Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің доценті, т.ғ.к.
E-mail: sugirbaeva@mail.ru

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ XVII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БИЛЕУШІ ЭЛИТАСЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жоғары мектепте Қазақстанның жаңа тарихын оқытуда XVII ғ. соңғы ширегі-XIX ғ. басындағы қазақ қоғамының билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты Қазақстанның жаңа тарихы пәнін игеру процесінде белгілі тарихшы И.В. Ерофееваның басшылығымен 2014 жылы жарияланған «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» екі томдық тарихи құжаттар негізінде қазақ хандары мен сұлтандарының эпистолярлық мұрасын Қазақстанның жаңа тарихы пәні аясында қолданысқа енгізудің тиімділігінің теориялық аспектілерін ашу.

Тарихшы-маман әртүрлі тарихи деректерге сүйене отырып ғылыми зерттеулерін жүзеге асырады. Деректануда эпистолярлық деректер мемуарлар және естеліктермен қатар жеке тұлғалық деректердің құрамына енеді. Кеңестік дәуірде ғалымдар эпистолярлық деректерді субъективті деп есептеп, тек қосалқы деректер ретінде қарастырғандықтан, олардың ақпараттық және ғылыми әлеуетін тиімді түрде пайданабады.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау процесінде тарихи деректермен жұмыс жүргізу ерекше маңызды орын алады. Өкінішке қарай соңғы жылдары зерттеушілердің арнайы жүргізген сауалнамалары мен бақылауларда білім алушылар тарапынан деректерді оқу процесінде қолдануда және оларды талдауда олқылықтардың орын алуы айқындалады. Тарихты оқыту әдістемесінде тарихи деректермен жұмыс жүргізу ең өзекті тақырыптардың бірі. Деректерді талдау күрделі процесс, сондықтан да ол білім алушылардан арнайы дайындықты, тиісінше теориялық білімді, қажетті дағдылардың қалыптасуы мен дамуын талап етеді. Мақалада қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын оқу процесіне енгізе отырып, оның студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруы үшін қажет көптеген дағдылар мен құзыреттіліктерінің дамуына ықпал ететіндігі негізделеді. XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарын оқу процесінде дерек ретінде қолдану болашақ тарихшылардың Қазақстанның жаңа тарихы пәнінен теориялық білімін тереңдетуге, ғылыми ізденіс қабілетін арттыруға, олардың бойында тарихи санасын қалыптастыруға ерекше ықпал ететіндігі жөнінде тұжырымдар келтіріледі.

Кілт сөздер: И.В. Ерофеева, білім алушылар, хаттар, эпистолярлық деректер, эпистолярлық мұра, тарихи құжат, әдістеме, тарихи білім, дағды, құзыреттілік.

Байшуакова А.Д.^{*1}, Атемова К.Т.², Сугирбаева Г.Д.³

¹ Старший преподаватель, Южно-Казахстанского педагогического университета имени Озбекали Жанибекова, Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: baishuakova1806@mail.ru

² д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан, E-mail: Kalipa_atemova@mail.ru

³ к.и.н., доцент Южно-Казахстанского педагогического университета имени Озбекали Жанибекова, Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: sugirbaeva@mail.ru

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ ЭПИСТОЛЯРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСКОЙ ПРАВЯЩЕЙ ЭЛИТЫ XVII-XIX ВЕКОВ В ПРОЦЕСС ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Аннотация

В статье рассматривается эффективность внедрения эпистолярного наследия казахской правящей элиты последней четверти XVII-начала XIX веков в процесс преподавания новой истории Казахстана в высшей школе. Цель исследования заключается в раскрытии теоретических аспектов эффективности внедрения эпистолярного наследия казахских ханов и султанов в рамках дисциплины новой истории Казахстана на основе сборника исторических документов в двух томах «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов», опубликованного под руководством известного историка И.В. Ерофеевой.

Историк-специалист в проведении научных исследований опирается на различные исторические источники. В источниковедении эпистолярные источники наряду с мемуарами и воспоминаниями входят в состав источников личного происхождения. В советское время эпистолярные источники считали субъективными и рассматривали в виде второстепенных источников, в связи с этим не использовали их информационный и научный потенциал.

В подготовке будущих учителей истории особое место занимает работа с историческими источниками. К сожалению в последние годы в специально проведенных опросах и наблюдениях наблюдается пробел у обучающихся в использовании и анализе источников в учебном процессе. В методике преподавания истории работа с историческими источниками является одной из наиболее актуальных тем. Анализ источников является сложным процессом, поэтому он требует от обучающихся специальной подготовки, теоретических знаний, формирования и развития необходимых навыков. В статье обосновывается, что внедрение эпистолярного наследия в учебный процесс будет способствовать развитию многих навыков и компетенций, необходимых для организации учебной и научно-исследовательской деятельности студентов. Даны выводы о том, что использование писем казахских ханов и султанов XVII-XIX в учебном процессе окажет особое влияние на углубление теоретических знаний по новой истории Казахстана, повышение способности к научным исследованиям, формирование исторического сознания обучающихся.

Ключевые слова: И.В. Ерофеева, обучающиеся, письма, эпистолярные источники, эпистолярное наследие, исторический документ, методика, историческое образование, навык, компетентность.

A.D. Baishuakova^{*1}, K.T. Atemova², G.D. Sugirbayeva³

¹ senior lecturer of the Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: baishuakova1806@mail.ru

² doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the L. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan, E-mail: Kalipa_atemova@mail.ru

³ Docent, candidate of historical sciences
of the Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: sugirbaeva@mail.ru

THE EFFICIENCY OF INCORPORATING THE EPISTOLARY LEGACY OF THE KAZAKH RULING ELITE FROM THE 17TH TO THE 19TH CENTURIES INTO THE PROCESS OF TEACHING THE NEW HISTORY IN HIGHER EDUCATION

Abstract

The article examines the effectiveness of integrating the epistolary legacy of the Kazakh ruling elite of the late 17th to early 19th centuries into the process of teaching the new history of Kazakhstan in higher education. The research aims to explore the theoretical effectiveness of integrating the epistolary legacy of Kazakh khans and

sultans into the discipline of the new history of Kazakhstan. This is based on the collection of historical documents in two volumes, "Epistolary Legacy of the Kazakh Ruling Elite 1675-1821," published under the guidance of the renowned historian I.V. Yerofeeva.

A historian-specialist relies on various historical sources while conducting the research. In the field of source studies, epistolary sources, along with memoirs and reminiscences, are part of sources of personal origin. During Soviet times, epistolary sources were viewed as subjective and relegated to secondary status, resulting in an underutilization of their scientific and informative potential.

In the preparation of future history teachers, working with historical sources is crucial. Unfortunately, in recent years, specially conducted surveys and observations have revealed a gap among students in using and analyzing the sources in the educational process. In the methodology of history teaching, working with historical sources is one of the most relevant topics. Source analysis is a complex process, requiring students to undergo special training, acquire theoretical knowledge, and develop necessary skills. The article argues that the integration of epistolary heritage into the educational process will contribute to the development of various skills and competencies essential for organizing the academic and research activities of students. The article concludes that integrating letters from Kazakh khans and sultans from the 17th to the 19th centuries into the educational process will significantly deepen theoretical knowledge of the new history of Kazakhstan, improve the ability to conduct scientific research, and shape historical consciousness among students.

Keywords: I.V. Yerofeeva, students, letters, epistolary sources, epistolary heritage, historical document, method, historical education, skill, competence.

Кіріспе. Кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі кепілі білім саласы болып табылатындықтан қазіргі заманғы білім беру жүйесінде кәсіби педагог кадрларды дайындау жүйелі түрде назар аударуды талап ететін өзекті мәселе. Бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді даярлау барысында білім сапасын арттыру үшін білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, педагогикалық процесс барысында инновациялық оқытуды, жаңа технологияларды қолдануды, оқыту мазмұнын, т.б. одан әрі жетілдіре түсу секілді мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет.

Оқушының тұлға болып қалыптасуында орта білім жүйесі және оның ішінде мұғалімнің қызметі аса маңызды. Мектептегі тарих мұғалімдері тарих пәнін оқыту арқылы өскелең ұрпақтың бойында азамат-тық, мәдени, рухани, патриоттық құндылықтарды қалыптастыру мен дамуында ерекше роль атқарады. Сондықтан да жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін даярлау ісі әрқашан да өзекті мәселе болып табылады. Тарих білім беру бағдарламасында оқитын білім алушылар терең теориялық білімді игеруге, оқытудың замануи түрлері мен әдістерін меңгеруге, кәсіби құзыреттіліктерге ие болуға бағытталу керек.

Жоғары оқу орнында тарих мұғалімдерін даярлау барысында білім алушылардың мектеп кезінде қалыптасқан тарихи деректермен жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту және оны одан әрі жетілдіру ісі маңызды. Тарих білім беру бағдарламасындағы тарихты оқыту әдістемесі пәні аясында деректерді қолдану басты тақырыптардың бірі, алайда соңғы жылдары жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын ұстаздар білім алушылардың деректермен жұмыс жүргізу деңгейінің төмендеп кеткендігін мойындайды. Әрине бұл орын алған жағдай тарихи білімнің сапасын арттыру жолында сөзсіз үлкен кедергілердің бірі болып табылады. Мектепте тарих пәні мұғалімдері тарапынан тақырып бойынша оқулықтарда ұсынылатын жазбаша деректермен сабақ барысында тиісінше жұмыс жүргізілмейді, оларды жүйелі түрде талдамайды және көбінесе ол құжаттар жәй ғана оқулықтың иллюстрациясы секілді рөл атқарады. Бітіруші сынып оқушылары болса жоғары оқу орнына түсуге дайындық жүргізу мақсатында көбінесе тек тест шешумен шектеледі, бұл өз кезегінде білім алу процесінде оқушылардың деректерді қолдану үшін көп қажетті дағдылардың игеруіне кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты мектеп және ЖОО деңгейінде әсіресе жазбаша деректермен жұмыс жүргізу, оны талдау, қолдану ісін жетілдіру қажеттілігі өзекті болып тұр. Бұл мәселелерді тиімді шешуде әдістеменің мүмкіндіктері мол, себебі білім алушы меңгерген теориялық білімін практикалық тұрғыдан жүзеге асырады және осы мақсатта оның оқыту әдістемесін жетік игеруін қажет етеді. Осы тұрғыда әдістеменің маңыздылығы жөнінде белгілі тарихшы Х. Тұрсын «Мұғалім мен оқушының оқу процесі күрделі және көп қырлы болып келеді. Оның тиімділігі оқушы әрекетінің сипатымен айқындалады. Мұғалім өз пәнін қаншалықты жетік білгенімен оқушылардың қызығушылығын оятып, шығармашылық әрекетін ұйымдастыра алмаса, айтарлықтай табысқа жете алмайды» - деп жазады [1, 5]. Ғалымның осы ойының өзінде мұғалімнің қызметінде пәннің әдістемесінің маңыздылығы жоғары екендігі айқын көрініп тұр.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде орын алған барлық оқиғалар тарихи деректерде көрініс табады, осыған

байланысты маман тарихшы оқу барысында деректермен жұмыс атқару процесін жетік игеруге тиісті. Белгілі деректанушы, ғалым Қ. Атабаев: «Тарих ғылымының басқа ғылымдардан басты айырмашылығы сонда, тарихшы-зерттеуші өзінің тікелей зерттеу объектісі болып табылатын тарихи оқиға немесе құбылысты тікелей зерттей алмайды. Ол оны сол оқиға немесе құбылыс барысы бейнеленген тарихи деректер арқылы ғана зерттейді» - деп көрсетті [2, 73]. Сондықтан да тарих бағытындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында болашақ тарихшылардың тарихи деректермен жұмыс жүргізу, оны жетілдіру мәселесіне әдістемелік және ғылыми тұрғыдан ерекше назар аудару қажет.

Бүгінгі күні отандық ғалымдар еліміздің тарихына байланысты жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде әртүрлі тарихи кезеңдерге байланысты тарихи құжаттар жинағын жарыққа шығарып, тарих ғылымының дамуына үлкен ғылыми үлестерін қосуда. Сондай аса құнды, фундаменталды еңбектің бірі ол танымал тарихшы И.В. Ерофееваның бастамасымен 2014 жылы жарық көрген «Эпистолярное на-следие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» атты екітомдық құжаттар жинағы болып табылады [3]. Бұл жинаққа ұзақ жылдар бойы отандық және шетелдік архивтерден іздестіріліп, жинақталған Қазақ-станның жаңа тарихы кезеңіне қатысты қазақ хандары мен сұлтандарының 811 хаты енді. Еліміздің және шетелдің тарихшылары тарапынан аталған жинаққа өте жоғары баға берілді. Қазіргі таңда екітомдық жинаққа енген хаттар ғылыми айналымда үлкен қолданысқа ие. Тарихшылар жаңа заман тарихына қатыс-ты ғылыми зерттеулерінде қазақ билеуші элитасының хаттарын кеңінен қолданатындығын жарияланған еңбектерінен байқауға, оған көз жеткізуге болады. Сонымен қатар қазақ хандары мен сұлтандарының эпистолярлық мұрасын оқу процесінде қолдану ісінде де ғылыми және әдістемелік тұрғыдан әлеуеті мол. Өкініштісі сол, әлі күнге дейін жоғары оқу орындарында тарих мұғалімдерін даярлау ісінде бұл жинақ тиісінше көрініс таппай отыр. Қазақстанның жаңа заман тарихына байланысты құрастырылған оқу жұмыс бағдарламаларында білім алушыларға ұсынылған әдебиеттер тізімінде жоғарыда аталған жинақ ескерілмей қалады. Осы орайда жоғары оқу орындарында Қазақстанның жаңа заман тарихын оқыту барысында қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын оқу процесіне енгізу және оны қолдану қажеттілігі айқын байқалып тұр. Жинаққа енген хаттарды оқу процесінде дерек ретінде пайдаланудың болашақ тарих мұғалімдерінің теориялық білім сапасын арттыру, ғылыми ізденісін күшейту, қажетті машық пен дағдыларын дамыту, білікті маман етіп қалыптастыру, т.б. мәселелерде ұтымды тұстары көп.

Тарих ғылымында жазбаша деректердің ішіндегі эпистолярлық деректер жеке тұлғалық деректердің құрамына енеді. Жалпы эпистоляр дегеніміз гректің «epistole» сөзінен алынған және ол «хат» деген мағынаны білдіреді. «Эпистолярлық» деген хатқа тән, хат түрінде жазылған, хаттан тұратын ұғымдарды береді [4, 8]. Өкінішке қарай кеңестік дәуірде тарихшылар деректің бұл түрін көбінесе қосалқы дерек ретінде қарастырып, ғылыми айналымға көп енгізбеді. Қазіргі таңда эпистолярлық деректерге қатынас түбегейлі өзгерді. Бүгінгі күні жеке тұлғалық деректерді пәнаралық зерттеулерде әлеуметтану, фило-логия, психология, құқықтану, т.б. әртүрлі ғылымдардың өкілдері жан-жақты пайдаланады. Тіпті соңғы жылдары батыс тарихнамасында эпистолярлық деректерді жеке белгілеу үшін арнайы «эго-құжаттар» ұғымын қолданады.

Материалдар мен әдістер. Қазақстан тарихын оқытуда эпистолярлық деректерді қолдану, олармен жұмыс жүргізу зерттелмеген тақырыптардың бірі. Белгілі бір тарихи мәселені қарастыруда эпистолярлық деректерді пайдалану сол тақырыптың мазмұнын ашуға, сонымен қатар білім алушыны дамыту үшін оның бойында қажетті дағдылардың қалыптасуына ерекше ықпал етеді. Жоғарыда атап өткендей кеңестік кезеңде эпистолярлық деректерді қосалқы деректер ретінде санап, оларға тиісті деңгейде мән бермеді. Отандық тарих ғылымы саласында эпистолярлық деректерді зерттеуде Д.А. Махат, И.В. Ерофеева секілді белгілі тарихшы-ғалымдар айрықша ғылыми үлестерін қосты. Тарихшы Данагүл Махат хаттарды тарихи деректердің ешбіріне ұқсамайтын дара дерек деп есептейді. Ол адресант пен адресаттың арасындағы жазбаларды тарихи зерттеулерде дерек ретінде пайдалану тарихтың ақтаңдақтарын ашуға, тарихи оқиғалардың мән-маңызын түсінуге, оқиғалардың астарына үнілуге мүмкіндік береді деген ойын білдіреді [4, 5].

Мақалада Қазақстан тарихын оқытуда эпистолярлық деректерді қолданудың тиімділігін зерттеу барысында «Орта білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері» [5] қарастырылды. Хаттарды дерек ретінде пайдалану мәселе-сінде белгілі тарихшы Д.А. Махаттың «Хаттарды зерттеу: қазақ қоғамының тарихы мен мәдениеті (XIX ғ. – XX ғ. басы)» атты зерттеуі, И.В. Ерофееваның «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах», Ресей ғалымдарының «Актуальные проблемы преподавания истории и обществознания в образовательных организациях различных типов» [6] атты монографиясы мен тақырыпқа қатысты көптеген ғылыми еңбектер талданды.

Мақаланы жазу барысында жүйелеу, талдау, салыстыру, тұжырымдау секілді ғылыми әдістер

қолданылды.

Талқылау. Шетелдік ғалымдар Ч. Фадель, М. Бялик, Б. Триллингтың «Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха» атты еңбегінде дүниежүзіндегі білім беру бағдарламаларының басым бөлігінде математика, жаратылыстану, ана тілі, шет тілі, қоғамдық ғылымдар (тарих, география, қоғамтану, экономика), өнер (музыкамен қоса), дене шынықтыру және спорт секілді пәндер дәстүрлі түрде енеді деп көрсетеді [7, 110]. Елімізде орта білім беру ұйымдарында тарих оқу пәні ретінде жалпы білім беретін мектептегі барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық пәндердің өзегін құрайды. Тарих пәні білім алушылардың ұлттық өзіндік сана-сезім және адамгершілік-этикалық нормалардың негізінде мектептің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда дүниетанымдық көзқарас жүйесін қалыптастырады [5, 23]. Тарихты оқыту арқылы оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда тарихи білімді жүйелеп, түрлі дереккөздерді талдап, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға арналған тарихи концептілерге негізделген, оқытудың әдістемелік ұстанымдары белгіленеді [5, 118]. Орта және жоғары білім беру жүйесінде тұлғаның қалыптасуында тарих пәні ерекше орын иемденеді және оның ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда атқаратын қызметі ауқымды.

АҚШ-та, Канадада және Ұлыбританияда ұзақ жылдар бойы «тиімді мектеп» эмпирикалық зерттеулерді жүргізу нәтижесі мектепті дамытудың шешуші жағдайы, басты ресурсы ол мұғалімдердің кәсіби санасын өзгерту, өздерінің кәсіби міндеттерін және қоғамдағы өз миссиясын түсіну болып табылады деп есептейді. Өзгерістер философиясы этикалық негізге негізделуі қажет, ал мұғалімнің этикасы педагогтың оқушыларда оң өзгерістерге қол жеткізуге деген ұмтылысын білдіреді. Әлемдегі білім саласындағы танымал эксперт Майкл Фуллан мұғалімнің өзін-өзі тануының екі тірегі ол өзгерістер философиясы және жоғары этика деп санайды [8, 12]. Мұғалім оқыту процесінде үнемі шығармашылық ізденісте болу арқылы өзгерістер философиясын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болып, кәсіби тұрғыдан шындала түседі және осыны жүзеге асырған жағдайда ғана оның әрбір дәрісі шәкірттері тарапынан еленеді. Сондықтан да білім алушыларға сапалы білім беруге тырысатын әрбір мұғалім үнемі өзгерістерге бейім болып, кәсіби санасын өзгертуге ұмтылу керек.

Жоғары оқу орындарында тарихшы мамандарды даярлау ісінде «Тарихты оқыту әдістемесі» пәні ерекше маңызға ие. Тарихты оқыту әдістемесі оқу процесі барысында адам мен адам арасындағы әрекет мәселесін шешетіндіктен қоғамдық ғылымдарға жатады, ал білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мәселелерін зерттегендіктен педагогикалық ғылым болып табылады [9, 4]. Тарихты оқыту әдістемесі мазмұнында басты және күрделі тақырыптардың бірі ол тарихи деректермен жұмыс атқару. Зерттеу процесіне енгізілген адамзат қоғамының тарихынан қандай да болмасын мәлімет беретін ақпарат көзі тарихи дерек болып табылады [10, 4]. Тарих оқу пәні ретінде тарих ғылымының әдістемесі мен маз-мұнына негізделеді. Ғылыми тарихи танымның маңызды ерекшелігі - тарихшы өткенді әртүрлі тарихи дереккөздер, яғни өз заманының мәдени мағыналары көрініс тапқан өткеннің дәлелдері мен қалдықтары негізінде зерттейді. Сондықтан тарихи дереккөздермен жұмыс атқара білу – бұл мектепте тарихты зерттеу кезінде қалыптасуы керек негізгі пәндік дағдылардың бірі болып табылады [11, 163]. Жоғары оқу орнында студенттер деректану секілді күрделі пәнді өту барысында әртүрлі деректермен жұмыс істеу, оларды сыни талдаудан өткізу, атрибуция жасау, оның ақпараттық әлеуетін анықтау, тарихи зерттеу әдістерін игеру секілді белгілі бір білім жиынтығын меңгереді [12, 230]. Тарихи деректермен жұмыс жүргізу ол кәсіби тарихшының дайындаудың негізгі талаптарының бірі болып табылады. Жалпы тарих ғылымында жазбаша тарихи деректерге қатысты тарихи құжаттар сөз тіркесі де қолданылады. Ол жөнінде тарихшы Х.Тұрсын «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» еңбегінде әдістеме пәнінде жазба ескерткіштерді кең мағынада тарихи құжаттар деп атайтындығын атап өтеді [1, 84].

Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері сабақ үстінде құжаттармен жұмыс істеу барысында көбінесе кеңестік дәуірде қалыптасқан тәсілдерге жиі сүйенеді. Ол кезеңде оқушыларға тарихты оқытуда тарихи құжат негізгі оқу материалы оқулыққа қосымша ретінде пайдаланылып, оқулықтағы жазылғанды дәлелдеу ретінде болды және негізінен дәйексөз келтіру, иллюстрация, конспект жазу секілді негізгі тәсілдер қолданылды. Жалпы мектептерде тарихи құжаттармен жұмыс жүргізуде мұғалімдер бірқатар әдістер мен тәсілдерді қолданады, оның ішінде иллюстрация, дәйексөз келтіру, өзара оқыту, салыстыру, тақырыпқа байланысты құжаттарды іздестіру, т.б. [13, 4]. Бірақ осыған қарамастан оқушылардың тарихи құжаттармен жұмыс жүргізуді ұнатпайтындығы байқалады, себебі ол терең әрі мұқият оқу мен зерттеуді және ғылыми ізденіске тән талдау, жүйелеу, т.б. әдістердің негіздерін білуді талап етеді.

Тарихи құжаттардың тағы бір маңыздылығы оның көмегімен тарихты оқытуда көрнекілік қағидасы жүзеге асырылады, ол оқушылардың оның сыртқы түрімен танысу арқылы қалыптасады. Құжат мұғалімнің әңгімесін жанды және жарқын етуіне ерекше ықпал етеді, сонымен қатар тұжырымдары да сенімдірек

болады. Тарихи құжаттардың тарихи материалды нақтылауда, өткеннің жарқын бейнелері мен суреттерін жасауда, дәуірдің рухын сезінуде әсері зор. Құжаттың көмегімен білім алушыларда тарихқа деген қызығушылығы арта түседі. Құжаттармен жұмыс істеу кезінде ойлау және қиял процесі белсендіріледі, бұл тарихи білімнің нәтижелі игерілуіне және тарихи сананың дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ құжаттармен жұмыс жүргізу арқылы құжатты оқу, одан ақпаратты алу және талдау, талқылау, өткен мен бұрынғының құжаттарының маңыздылығын бағалау секілді өз бетінше жұмыс дағдылары дамиды. Олар сабақ үстінде тарих ғылымы үшін құжаттың маңыздылығын түсінеді және олардан кезінде өмір сүрген адамдардың қызметінің ізін көреді [14, 116].

Тарих сабақтарында құжаттарды мұғалім де, оқушы де қолдана алады. Егер де құжат оқушылар үшін күрделі болса мұғалім оны түсіндіріп баяндайды, құжаттан дәйексөздерді келтіреді. Мұғалім өзінің әңгімесін дәлелді етіп, оған эмоционалды ренк беріп, сенімді көрсету үшін құжаттан үзінділерді қарастырады. Оқиғаны жандандыру үшін ол төл сөзді қолданады, жеке тұлғаға сипаттама береді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне және дайындық деңгейіне байланысты құжатпен жұмыс істеу күрделіне түседі [14, 117]. Осыдан байқағанымыздай, оқу барысында тарихи деректі талдау ең маңызды процесс болып табылады. Бұл мәселе жөнінде ғалымдар әртүрлі көзқарастарын ұсынады. Ресей ғалымдары Е.Н. Емашова мен А.В. Чичулин құжаттарды талдауда негізгі төрт кезеңді бөліп қарастырады: 1. Оқиғанды түсіну. 2. Мазмұнын талдау. 3. Тарихи фактілерді қалпына келтіру. 4. Өзінің жеке бағасын қалыптастыру [13, 4].

Ақпаратпен хат алмасу бұл адамзат қоғамының қажетті бір талабы еді. Жазу пайда болған соң коммуникацияның басты құралы жазу жүйесінің әртүрлі белгілерімен кодталған ақпарат алмасу болды. Жазбаша ақпаратпен алмасу ол кем дегенде екі субъектінің, яғни автор мен адресаттың іс-әрекетін көздейді. Делдал немесе арнайы қызметтер арқылы автор жазбаша түрде ақпаратты жеткізеді, ал адресат ол хабарламаны алған соң және оның мазмұнымен танысқан соң әдетте оған жауап қайтарады. Жазбаша ақпаратпен осылай алмасу механизмі негізінде хат алмасу жүйесі біртіндеп дами бастады [15, 151]. Жеке тұлғалар арасында жеке хат алмасу жүргізілді, оның мазмұны біртектес болмады. Сондықтан да ол бастапқы кезден-ақ іскерлік және жеке болып бөлінді. Іскерлік хат алмасу дәстүр мен келісім негізінде ең әуелі шараушылық міндеттерді шешті [15, 153].

Жеке тұлғалық деректер әрқашан тарихшылардың назарын аударды. Олар бұл материалдарды биографиялық зерттеулер мен комментарийлер үшін құнды деп есептеді. Ұзақ уақыт бойы хаттардың, күнделіктердің, мемуарлардың кемшілігі ретінде авторлардың онда баяндалған оқиғаларға деген субъективтілігі болып табылды. Қазіргі таңда жағдай өзгерді, жеке тұлғалық материалдардағы субъективтілік керісінше бұл тарихи деректердің басты артықшылығына айналды. Жеке тұлғалық деректерді жеке кешен ретінде бөліп қарастыру ол мемлекеттік басқару, заң шығару, саяси, экономикалық, әлеуметтік қатынастар, т.б. салаларда пайда болған материалдарға қарама-қарсы ерекшелетіп көрсетуді көздейді. Бұл кешен тарихи деректердің жеке хат алмасу, жеке күнделіктер, естеліктер секілді құжаттардан тұрады [15, 151].

«Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» екітомдық құжаттар жинағына енген қазақ хандары мен сұлтандарының эпистолярлық мұрасынан XVII ғ. соңы-ХІХ ғ. басында Қазақ хандығында орын алған тарихи оқиғаларға байланысты құнды мол ақпарат алуға болады. Сонымен қатар жинаққа енген барлық хаттар білім алушылардың тарихи білімін одан әрі жетілдіруіне ерекше ықпал етеді. Бұл хаттарды ғылыми зерттеулермен қатар оқу процесінде кеңінен қолдану білім алушылардың тарихи білім сапасын арттыруына оң әсерін тигізеді және оқу, ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді.

XVII ғ. соңы-ХІХ ғ. басындағы қазақ қоғамының билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы сол дәуірдегі еліміздің тарихына байланысты құнды дереккөзі болып табылады. Кітаптың құрастырушысы И.В. Ерофеева жаңа дәуірді зерттеумен айналысқан тарихшылар негізінен қазақ тайпаларының жақын немесе алшақ орналасқан өзге этникалық көршілерінің сыртқы деректеріне сүйенді, ал ендігі кезекте Дала тарихын «іштен» қарап зерттеуге мүмкіндік туындады деп жазды. Ирина Викторовна қазақ ақсүйек элитасының ішінен көрнекті билеушілерінің жазбаша мұрасы бұл «ішкі» деректері, олардан тарихи процесті жасағандардың үнін естуге болады деген көзқарасын жеткізді [3, 9]. Өз дәуірінде билік еткен хандар мен сұлтандардың хаттары арқылы жаңа замандағы қазақ елінің тарихын «іштен» зерттеу және тарихи білімін күшейту мақсатында олардың эпистолярлық мұрасын оқу процесінде кеңінен қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу нәтижелері. Бүгінгі күні тарихи білімдегі өзекті мәселелердің бірі құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады, осы тұрғыда болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау ісінде тарихи ақпаратпен жұмыс жүргізу дағдыларын барынша дамыту қажет [16, 826]. Құзыреттілік кәсіби қызметтің қажетті түрлерін тиімді жүзеге асыру қабілеті, ол сапа ретінде маманның біліктілігін және оның кәсіби шеберлі-

гінің жоғары деңгейін көрсетеді. Құзыреттілік практикалық және теориялық міндеттерді шешуде меңгерген білімін, оқу машықтары мен дағдыларын, іскерліктегі әдістері мен тәжірибесін қолдануға даярлығы. Құзыреттіліктер мамандықтағы қажет білім, машық пен дағдылармен шектелмейді, оған сонымен қатар күтілетін нәтижені тиімді қамтамасыз ететін тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің жиынтығы, тиімді мотивациясы да жатады [17].

Жоғары оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқытудың тұжырымдамалық маңызды міндеттерінің бірі ол студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттыру. Болашақта студенттің кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін ғылыми ойлау стилін, гуманитарлық білім берудің маңыздылығын түсінуді дамыту, гуманитарлық құзыреттердің кең ауқымын қалыптастырады [18, 52]. Тарих мұғалімдерінің құзыреттіліктерін дамытуда оқу процесінде тарихи деректермен жүргізудің ықпалы ерекше, себебі деректі талдау процесі өте күрделі жұмыс, ол білім алушыдан көп қажетті машық пен дағдылардың қалыптасуын, әрі дамытуын талап етеді.

Қазіргі таңда модернизация жағдайында білім беру мазмұны тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен жүзеге асыруына, қалыптасқан дағдылар түріндегі нақты нәтижелерге қол жеткізуге, қызметтің жалпыланған тәсілдеріне, оның ішінде әлеуметтік маңызды құзырет сыни ойлауға бағытталады. Сыни ойлауды дамыту білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеуге, оған сыни тұрғыдан қарауға, оны жинақтауға және талдауға мүмкіндік береді. Осыдан соң ғана ақпарат қазіргі заманауи қоғамда қажетті білімге айналады. Болашақ тарих мұғалімдері де көп ақпаратпен жұмыс атқаруына байланысты сыни ойлауды қалыптас-тыру және оны жетілдіру бағытында белсенді түрде әрекет ету қажет.

Сыни ойлау – идеялар мен ресурстардың шығармашылық жағынан интеграциялану процесі, түсініктер мен ақпараттарды қайта ой елегінен өткізу және қайта құрылымдау. Ол шешімдер қабылдаумен байланысты танымның белсенді және интербелсенді процесі [6, 70-71]. Оқушыларды өткенді зерттеу кезінде тарихи деректермен жұмыс істеуге кезең-кезеңімен оқыту олардың сыни ойлау қабілетін дамытады, қазіргі ақпараттық және көпмәдениетті әлемде табысты әлеуметтенуі, тарихи кеңістікте өзіндік ерекшелігін құру және өткен мен бүгінгі күнгі оқиғаларға қатысты өзіндік ұстанымын қалыптастыру үшін маңызды зерттеу ұстанымын қалыптастырады. Жоғары сыныптарда оқушылардың деректі оқу тәсілінің жетілдіру векторы деректегі «жасырын» (айқын емес) ақпарат көзімен жұмыс істеуге, сондай-ақ жинақталған тарихи материалды жүйелеудің жаңа нұсқаларын игеруге бағытталған болуы тиіс (оқиғалардың хронологиялық реттілігін құру, маркер сөздерінің тізбесін жасау, статистикалық кестелер, диаграммалар және т.б. құрастыру) [19, 372].

Білім алушылардың тарихты оқуда эпистолярлық деректермен жұмыс жүргізуі сыни ойлау процесіне тән дағдылардың дамуына, ой өрісінің кеңеюіне тікелей ықпал етеді, себебі хаттарды талдау барысында автордың көзқарасын, оның әлеуметтік ортасын, хаттағы баяндалған мәселелердің шынайылығын анықтау, оларды тарихи контекст тұрғысынан қарастыру, хаттағы фактілерді басқа да тарихи деректермен салыстыру, дәлелдеу, тұжырымдау терең білім мен сыни ойлау құзыреттілігін қалыптастыруды талап етеді.

Эпистолярлық деректердің тарихтағы тұлғатану мәселесін зерттеуде мүмкіндігі өте мол, себебі хаттарда тарихи тұлғаларға қатысты құнды тарихи ақпаратты кездестіруге болады. Тұлғалар тарихын зерделеу туралы «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесінің негізін салушы ғалым Т.Тұрлығұлов өз еңбегінде «Сабақты дайындауға қойылатын бір басты талап – іріктелген тарихи материалдың оқушыларға моральдық тәрбие берудегі рөлін толық түсіне білуі жастардың санасы мен жүрегіне, сезімі мен эмоциясына терең әсер ету үшін оқушылардың тарихи материалды түсіне отырып, жасаған қорытындысы – олардың ойланып-толғануының нәтижесі болуы тиіс. Мұндай нәтижеге жету үшін жеке қайраткердің өмірі мен қызметін толық көрсету керек. Сондықтан да жеке тарихи қайраткерлерді өткенде олардың өмірі мен халыққа қызметінен неғұрлым көбірек мәлімет келтірсек, соғұрлым оқушылардың түсінігі мен білімі арта түседі, олардың сезімі мен санасы соғұрлым өзгереді», - деп атап көрсеткен [20, 13]. Осы тұста айта кетерлік мәселе ол И.В. Ерофееваның екітомдық жинағына енген 26 қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары олардың тұлғасын, болмысын, жеке қасиеттерін біліп тануда ерекше құнды деректер тобын құрайды.

«Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах» құжаттар жинағына хаттары енген қазақ билеушілері

I томға хаттары енген 16 қазақ билеушісі	II томға хаттары енген 10 қазақ билеушісі
<ol style="list-style-type: none"> 1. Тәуке хан 2. I Абылай хан 3. Абылай-сұлтан 4. I Болат хан 5. I Қайып 6. Әбілқайыр хан 7. Бопай ханым 8. Жолбарыс хан 9. Сейіт хан 10. Күшік хан 11. Жаубасар хан 12. Әбілмәмбет хан 13. Барақ сұлтан 14. Батыр сұлтан 15. II Абылай хан 16. Абулфеиз сұлтан (Әбілпейіс сұлтан) 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Нұралы хан 2. Пірәлі хан 3. Уәли хан 4. II Қайып 5. Қанқожа сұлтан 6. Таир сұлтан 7. Ералы 8. III Есім хан 9. Айшуақ хан 10. Бөкей хан

Қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын оқу процесінде қолдану мәселесі өте өзекті. Бұл жинаққа енген құжаттарды Қазақстанның жаңа тарихы кезеңін оқытуда пайдаланудың ұтымды жақтары өте көп. Жинақтың ерекшелігі билеушілердің жеке, дара хаты емес, бірнеше хаттардан тұратын толыққанды хаттар жинағы, яғни эпистолярлық мұрасынан тұратындығы. Сондықтан да бұл тарихи тұлғалардың эпистолярлық мұрасының мазмұнынан олардың толыққанды тарихи портретін жасауға болады, себебі хаттардан авторлардың эмоционалдық күйін, жазу стиліндегі ерекшеліктері арқылы жеке қасиет-терін аңғаруға толық мүмкіндік бар. Мысалыға, жинақтағы Абылай сұлтанның 1760 жылы сәуір-мамыр айларында Цин императоры Цяньлунге жолданған хатынан оның нағыз мемлекеттік қайраткер, керемет стратег, мықты дипломат болғандығына толық көз жеткізуге болады. Абылай өз хатында: «...Менің уайымым тек қазіргіге байланысты емес, сонымен мен болашақты да ойлаймын. Менің келешек ұрпағым ыдырап кетпейді деген ой мені қанаттандырады, сондықтан да мен ұрпағым үшін, соның ішінде мұрагер менің балаларым үшін қызыл мөр қойылған императорлық қауіпсіздік грамотасын шығаруды өтінемін» - деген ниетін білдірді [3, 301-302]. Абылайдың осы хатынан елдің болашағы, оның шекарасы құжат түрінде заңды бекітілгені қатты толғандыртқаны айқын сезіледі. Хаттардан осы секілді үзінді-лердің өзінен көптеген мысалдар келтіре отырып, сабақты ерекше әсерлі етуге, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Хат авторлары билігін жүргізген жылдары көрініс тапқан тарихи оқиғалар мен сол кезеңдегі саяси жағдай туралы мәліметтерді ала отырып, білім алушылардың тарихи көзқарасын, тарихи санасын қалыптастыруға болады. Әрине ол эпистолярлық мұраны тарихи контекст тұрғысынан қарастырған жөн. Білім алушы ол эпистолярлық мұраны қолданып, түсіну үшін ең әуелі сол тарихи кезең жөнінде білуі шарт, сол кезде ғана олардың оқыту процесінде тиімділігі нәтижелі болады. Хаттардың тілі көне, әрі аудармалары күрделі болғандықтан оларды білім алушылар тарапынан бірден қабылдау, түсіну, талдау қиындық туғызады, осыған байланысты бұл деректерді тек жоғары оқу орнындағы тарих педагогтерін оқыту барысында қолданған дұрыс екендігін ескерген жөн.

Қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы 1675-1821 жылдарды қамтиды, яғни бұл кезең еліміздің Ресей империясы тарапынан отарлау саясатының басталуы, күшеюі, нығаюы процестерімен тұспа-тұс келеді. Қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарының адресаттары басым көпшілігі орыс билеушілері мен шенеуніктері болғандықтан хаттардың мазмұнынан орыс-қазақ қатынастарына байланысты басқа деректерде кездесе бермейтін құнды тарихи ақпараттар өте көп. Сонымен қатар қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарынан қазақ-жоңғар соғыстарына байланысты мәліметтерді табуға болады. Хаттарда қазақ-башқұрт, қазақ-қалмақ, қазақ-қытай қатынастарына қатысты мәселелер де қамтылған. Сондай-ақ ол хаттарда қазақ хандары мен сұлтандарының мәртебесі, аманат мәселесі, сауда қатынастары, қазақ жері арқылы өтетін сауда керуендері, т.б. байланысты фактілер жетерлік.

Жинаққа енген хаттарда Қазақстанның жаңа заман тарихына қатысты Е. Пугачев бастаған шаруалар

соғысы, Сырым Датұлы бастаған көтеріліс, т.б. оқиғалар кеңінен көрініс тапқан. Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысы Әбілқайырдың ұлы Нұралы ханның хаттарында егжей-тегжейлі баяндалады. Ол хаттарды осы тақырыпты қарастыру барысында қолданса дұрыс болады. Бұл хаттарды жаңа замандағы қазақ қоғамының күнделікті тарихын зерттеу мәселесінде қолданса тиімді, себебі эпистолярлық мұрадан сол дәуірдегі қазақ қоғамының тұрмысына байланысты қызықты фактілер кездеседі. Қазақ билеушілері көп тауарларды Ресей империясынан алуға мәжбүр болды, ол жөнінде хаттарда көптеген мәліметтер бар. Мысалыға, 1743 жылдың 18 маусымында Әбілқайыр хан Құпия кеңесші И.И. Неплюевке жолданған хатында Орта және Кіші Ордада үлкен кеңес өтетіндігін хабарлай отырып, соған байланысты кафтан, шарап, ұн, шәй, неміс бұрышы, қалампыр, т.б. бірқатар заттарды жеткізуін сұранады [3, 153].

XVII-XIX ғасырлардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы Қазақстанның жаңа дәуіріне байланысты құнды тарихи фактілерді қамтитын ақпараттың қайнаркөзі деуге толық негіз бар және білім алушылардың оқу-ғылыми әлеуетін арттыруда бұл тарихи құжаттарды оқу процесінде қолданудың мүмкіндіктері көп.

Қорытынды. Ғалымдардың пікірінше студенттер тек жәй білім алып, материалды жаттанды игерумен шектелмей, өздері білімді, жаңа ақпаратты жасауға тиісті [21, 158]. Осы тұрғыдан алғанда қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын оқу процесінде қолдану жоғарыдағы мәселені толық шешеді. Студенттер қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын лекция, әсіресе өзіндік жұмыс атқаруды қажет ететін семинар, СӨЖ, ОСӨЖ сабақтары барысында қолдана отырып, тарихи білімін жетілдіреді және деректерді талдау процесі біртіндеп күрделене түседі. Білім алушылар хаттардағы ақпаратпен жұмыс жасау арқылы сыни талдау, өз көзқарасын дәлелдеу, себеп-салдар байланысын анықтауда белсенді түрде әрекет етеді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі білім, машық, дағды секілді компоненттерден тұратын кәсіби құзыреттіліктер жетекші болып табылады [22, 28]. Қазақстанның жаңа тарихын оқытуда тақырыптарды меңгеру барысында қазақ хандары мен сұлтандарының эпистолярлық мұрасын қолдану ол сабақ сапасын арттыруына ерекше ықпал етеді. Эпистолярлық мұраны пайдалану және олармен жұмыс жасау білім алушылардың бойында тарихи, логикалық, сыни, креативті, аналитикалық ойлау деңгейлерін дамытады. Сонымен қатар білім алушылардың кәсіби, ақпараттық, шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерінің дамуына тікелей әсерін тигізеді. Қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары құнды тарихи деректер тобы, сондықтан да олардың білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыруда, қазақ халқының өткен тарихын терең зерттеуде оқу және ғылыми-тәжірибелік жағынан мүмкіндігі зор.

Қазақстанның жаңа тарихын оқытуда қазақ хандары мен сұлтандарының эпистолярлық мұрасын қолдану сабақты қызықты, әрі сәтті өтуіне ерекше ықпалын тигізеді, себебі тарихи тұлғалардың хаттары сабақты жанды, әсерлі етеді және ол хаттардан сол тарихи дәуірдің ұлттық рухы ерекше сезіледі. Қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы халқымыздың ғасырлар бойғы тарихи жады, сондықтан да оны практикалық тұрғыдан оқу процесінде қолданысқа жүйелі түрде енгізу халқымыздың тарихи жадын мұра етіп сақтау және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мәселелерін шешуде оң септігін тигізеді.

Қазіргі таңда ғалымдардың пікірінше мұғалімнің оқушыларға пәнді оқытудың барлық кезеңінде тарихи деректерді талдауды үйрету жөніндегі жұмысы жүйелі және мақсатты болуы үшін «жол картасы» секілді бағдар қажет, ол мектептің тарихи білім беру кезеңдерімен және оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен курстардың тарихи мазмұнымен келісілген ғылыми тарихи зерттеудің кезеңдері мен рәсімдеріне негізінде оқушыларды тарихи деректерді талдауға оқытудың стратегиясы мен қадамдық жоспарын көрсететін бағдарлама болуы тиіс [19, 370]. Тарихи деректерді талдауды үйрету жөніндегі жол картасы секілді бағдар жасалынса білім алушылардың оқу процесі барысында тарихи білімін игеруіне оң септігін тигізеді және бұл осы бағытта тарихшы мамандар тарапынан бірлесе жұмыс атқаруды қажет ететін маңызды мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрсын Х. *Мектепте тарихты оқыту әдістемесі.* – Алматы: Дарын, 2004. - 156 б.
2. Атабаев Қ.М., Тасилова Н.А., Толамисов А.Ф. *Деректану пәнін оқыту методикасы: оқу құралы.* – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 301 б.
3. *Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. / Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева.* - Алматы: Абди, 2014, Т. 1. – 696 с., Т. 2. – 1032 с.

4. Махат Д.А. Хаттарды зерттеу: қазақ қоғамының тарихы мен мәдениеті (XIX-XX ғғ. басы). Монография. - Алматы «Қазақ университеті», 2020. – 199 б.
5. Орта білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 120 б.
6. Актуальные проблемы преподавания истории и обществознания в образовательных организациях различных типов: Коллективная монография. Ч. 3 / Отв. ред. д-р ист. наук, проф., заслуженный деятель науки ХМАО—Югры Л.В. Алексеева. Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2016. — 196 с.
7. Фадель Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха [Four-Dimensional education. The Competencies Learners Need to Succeed]. Пер. с англ. - М.: Издательская группа «Точка», 2018. - 240 с.
8. Проблемы преподавания истории и гуманитарных дисциплин в школе: традиции и новации: Сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции 26 ноября 2015 г. [Электронное издание] / Сост. Е.Е. Вяземский, Ю.В. Романов, И.Ю. Синельников; Под ред. И.Ю. Синельникова. – М.: Московский педагогический государственный университет, 2016. – 120 с.
9. Методика обучения истории. Под ред. В.В. Барабанова, Н.Н. Лазуковой. – М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 428 с.
10. Күзембайұлы А. Деректану. Оқу құралы. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты. – Қостанай, 2017. – 228 б.
11. Хлытина О. М. Исторические источники в учебном историческом познании: традиции и инновации. // Омский научный вестник. 6 (74), 2008 – 163 с.
12. Иванова Н.П. Потенциал электронных обучающих технологий для формирования профессиональных компетенций историка (на материалах курса «источниковедение») // Информационный бюллетень ассоциации История и компьютер. – 2016. – № 45. – С. 229-231. – 230 с.
13. Алексеева Л.В., Хорошилова А.А., Коньшева И.И. О работе с документами на уроках истории: традиции и современность // Мир науки. Педагогика и психология, 2020 № 2, 11 с. <https://mir-nauki.com/PDF/36PDMN220.pdf> (доступ свободный).
14. Глазырина Т. Н. Методика преподавания истории: учеб.-метод. комплекс для студентов специальности 1-21 03 01 «История» / Т.Н. Глазырина. – Новополюк: ПГУ, 2011. – 356 с.
15. Голиков А.Г., Круглова Т.А. Источниковедение отечественной истории. М.: Издательский центр «Академия», 2012. - 464 с.
16. Можалова Ю.В., Буранок О.М. Формирование исторических компетенций у будущих бакалавров истории. Известия Самарского научного центра Российской академии наук, т. 16, № 2 (4), 2014, 824-827 с.
17. Блясова И.Ю., Зайцева Л.Ю. Формирование историко-культурных компетенций в процессе профессиональной подготовки студентов педагогических вузов// <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-istoriko-kulturnyh-kompetentsiy-v-protseste-professionalnoy-podgotovki-studentov-pedagogicheskikh-vuzov/viewer>
18. Орлов А.А. к вопросу о формировании профессиональных компетенций у студентов-историков (бакалавриат)// Педагогика и психология образования, 2013, № 4, 50-59 с.
19. Хлытина О.М. Организация работы старшеклассников с историческими источниками: от овладения умениями к познанию прошлого// Вестник Омского университета. 2011. № 3. С. 367–373.
20. Қайыпбаева А.Т., Архыматаева А.Ж. Ыбырай Алтынсарин тағылымының тарихи білім берудегі маңыздылығы //12 жылдық білім беру-12-летнее образование, Нұр-Сұлтан, №3, 2021. – 12-16 бб.
21. Халявин Н.В. Несколько слов о проблемах преподавания истории в высшей школе (из опыта преподавателя отечественной истории) // Историко-культурное наследие славянских народов Камско-Вятского региона. 2015. № 1. С. 154–158. 158 с.
22. Шендерей П.Э., Груздова И.В., Туркина А.Ю. Развитие компетенций студентов вуза на основе межпредметного подхода // Современное педагогическое образование, 2020, № 2, 27-32 с.

References:

1. Türsyn Kh. Mektepte tarikhty oqytu ädistemesi [Methods of teaching history at school]. – Алматы: Daryn, 2004. - 156 б.
2. Atabaev Қ.М., Tasilova N.A., Tolamisov A.F. Derektanu pänin oqytu metodikasy: oqu qūraly [Methods of

teaching data science: textbook.]. – Almaty: «Qazaq universiteti», 2011. – 301 b.

3. Epistoliarное nasledie kazakhskoi praviashchei elity 1675-1821 godov. [The Epistolary Heritage of the Kazakh Ruling Elite 1675-1821]. Sbornik istoricheskikh dokumentov v dvukh tomakh. Pisma kazakhskikh pravitelei. 1675-1780 gg. / Avtor proekta, vvedeniia, biografii khanov, nauchnykh kommentariiev; sostavitel i otvetstvennyi redaktor I.V. Erofeeva.

4. Makhat D.A. Khattardy zertteu: qazaq qoғamynyñ tarikhly men мәdenieti (XIX ғ. – XX ғ. basy). [Study of letters: history and culture of Kazakh society (20th – early 20th centuries)]. Monografiia. Almaty «Qazaq universiteti», 2020. – 199 b.

5. Orta bilim beru üiyndarynda «Qazaqstan tarikhы» zhәне «Düniezhyzi tarikhы» pänderin oqytudyñ tüzhyrymdamalyq negizderi [Conceptual bases of teaching "Kazakhstan history" and "World history" subjects in secondary educational institutions].– Nür-Sültan: Y. Altynsarin atyndaғы Ұлттық bilim akademiiasy, 2022. – 120 b.

6. Aktualnye problemy prepodavaniia istorii i obshchestvoznaniia v obrazovatelnykh organizatsiakh razlichnykh tipov: Kollektivnaia monografiia. [Current problems of teaching history and social studies in educational organizations of various types: Collective monograph] Ch. 3 / Otv. red. d-r ist. nauk, prof., zasluzhennyi deiatel nauki KhMAO—Iugry L.V. Alekseeva. Nizhnevartovsk: Izd-vo Nizhnevart. gos. un-ta, 2016. — 196 s.

7. Fadel Ch., Bialik M., Trilling B. Chetyrekhmernoe obrazovanie: Kompetentsii, neobkhodimye dlia uspekha [Four-Dimensional education. The Competencies Learners Need to Succeed]. Per. s angl. - M.: Izdatelskaia gruppy «Tochka», 2018. - 240 s.

8. Problemy prepodavaniia istorii i gumanitarnykh distsiplin v shkole: traditsii i novatsii: Sbornik materialov Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii 26 noiabria 2015 g. [Elektronnoe izdanie] [Issues of Teaching History and Humanities Subjects in School: Traditions and Innovations: Collection of Materials from the All-Russian Scientific and Practical Conference on November 26, 2015. [Electronic Edition]]. / Sost. E.E. Viazemskii, Iu.V. Romanov, I.Iu. Sinelnikov; Pod red. I.Iu. Sinelnikova. – M.: Moskovskii pedagogicheskii gosudarstvennyi universitet, 2016. – 120 s.

9. Metodika obucheniia istorii [Methods of teaching history]. Pod red. V.V. Barabanova, N.N. Lazukovoi. – M.: Izdatelskii tsentr «Akademiiia», 2013. – 428 s.

10. Küzembaiұлы A. Derektanu [Source study]. Oqu qūraly. Qostanai memlekettik pedagogikalық instituty. – Qostanai, 2017. –228 b.

11. Khylytina O. M. Istoricheskie istochniki v uchebnom istoricheskom poznanii: traditsii i innovatsii [Historical Sources in Educational Historical Knowledge: Traditions and Innovations]. // Omskii nauchnyi vestnik. 6 (74), 2008 – 163 s.

12. Ivanova N.P. Potentsial elektronnykh obuchaiushchikh tekhnologii dlia formirovaniia professionalnykh kompetentsii istorika (na materialakh kursa «Istochnikovedenie») [The Potential of Electronic Educational Technologies for Developing Professional Competencies of Historians (Based on the Course «Source Studies»)]. // Informatsionnyi biulleten assotsiatsii Istoriia i kompiuter. – 2016. – № 45. – S. 229-231. – 230 s.

13. Alekseeva L.V., Khoroshilova A.A., Konysheva I.I. O rabote s dokumentami na urokakh istorii: traditsii i sovremennost [Working with Documents in History Classes: Traditions and Modernity]. // Mir nauki. Pedagogika i psikhologiiia, 2020 № 2, 11 s. <https://mir-nauki.com/PDF/36PDMN220.pdf> (dostup svobodnyi).

14. Glazyrina T. N. Metodika prepodavaniia istorii: ucheb.-metod. Kompleks dlia studentov spetsialnosti 1-21 03 01 «Istoriia» [Teaching Methods for History: Educational and Methodical Complex for Students of the Specialty 1-21 03 01 «History.»] / T.N. Glazyrina. – Novopolotsk: PGU, 2011. – 356 s.

15. Golikov A.G., Kruglova T.A. Istochnikovedenie otechestvennoi istorii [Source Studies of Domestic History]. M.: Izdatelskii tsentr «Akademiiia», 2012. – 464 s.

16. Mozhalova Iu.V., Buranok O.M. Formirovanie istoricheskikh kompetentsii u budushchikh bakalavov istorii [Formation of Historical Competencies in Future Bachelor of History Students]. Izvestiia Samarskogo nauchnogo tsentra Rossiiskoi akademii nauk, t. 16, № 2 (4), 2014, 824-827 s.

17. Bliasova I.Iu., Zaitseva L.Iu. Formirovanie istoriko-kulturnykh kompetentsii v protsesse professionalnoi podgotovki studentov pedagogicheskikh vuzov [Formation of Historical and Cultural Competencies in the Process of Professional Training for Students of Pedagogical Universities]. // <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-istoriko-kulturnykh-kompetentsiy-v-protsesse-professionalnoy-podgotovki-studentov-pedagogicheskikh-vuzov/viewer>

18. Orlov A.A. *k voprosu o formirovanii professionalnykh kompetentsii u studentov-istorikov (bakalavriat) [On the Issue of Developing Professional Competencies in History Students (Bachelor's Degree)]. // Pedagogika i psikhologiya obrazovaniia, 2013, № 4, 50-59 s.*

19. Khlytina O.M. *Organizatsiia raboty starsheklassnikov s istoricheskimi istochnikami: ot ovladeniia umeniiami k poznaniiu proshlogo [Organization of High School Students' Work with Historical Sources: From Acquiring Skills to Understanding the Past]. // Vestnik Omskogo universiteta. 2011. № 3. S. 367–373.*

20. Qaiypbaeva A.T., Arkhymataeva A.Zh. *Ybyrai Altynsarin tağlymynyñ tarikhı bilim berudegi mañyzdylyğy [The significance of the edification of Ybyrai Altynsarin in historical education]. //12 zhyldyq bilim beru-12-letnee obrazovanie, Nūr-Sūltan, №3, 2021. – 12-16 bb.*

21. Khaliavin N.V. *Neskolko slov o problemakh prepodavaniia istorii v vyshei shkole (iz opyta prepodavatelii otechestvennoi istorii) [Few Words on the Challenges of Teaching History in Higher Education (From the Experience of a Teacher of National History)]. // Istoriko-kulturnoe nasledie slavianskikh narodov Kamsko-Viatskogo regiona. 2015. № 1. S. 154–158. 158 s.*

22. Shenderei P.E., Gruzdova I.V., Turkina A.Iu. *Razvitie kompetentsii studentov vuza na osnove mezhpredmetnogo podkhoda [Development of University Students' Competencies through an Interdisciplinary Approach] // Sovremennoe pedagogicheskoe obrazovanie, 2020, № 2, 27-32 s.*

УДК 930:37.016

МРНТИ 03.01.45

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.019>

Р.С.Чекетаева*¹, М.Ш.Тарлаубай², Ж.А.Калимолдина³

¹С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің сениор-лекторы, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Өскемен қаласы. E-mail: roza.cheketaeva@mail.ru

²С.Аманжолов атындағы ШҚУ-нің «Алтайтану» ғылыми зерттеу орталығының директоры, PhD, Қазақстан, Өскемен қаласы. E-mail: shurshitbai_maira@mail.ru

³С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің сениор-лекторы, тарих магистрі, Қазақстан, Өскемен қаласы. E-mail: zkalimoldina@bk.ru

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқыту процесінде оқушылардың тарих пәнінен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру мен құндылықтар жайлы зерделенді. ХХІ ғасырдың кең ауқымды дағдылары мен тарихи ойлау дағдылары, тарихи концептілер және тарихи оқиға мен тұлғалар тағылымы арқылы тарих пәнің оқыту маңыздылығы қарастырылған. Бүгінгі мектепте өскелең ұрпақ тәрбиесіне тірек болатын, адами қадір-қасиеттерді нығайту үшін ұлттық мүддені нығайтатын, ар-ұжданы таза, салауатты өмір салтын ұстана-тын, заманның талабына сай келетін түйінді құзыреттерді қалыптастыру маңызды. «Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру қажет» - деп мемлекетіміздің Біртұтас тәрбие бағдарламасында көрсетілген.

Құндылықтарды дарытуда тарихи тұлғалардың еңбектерінің орны ерекше. ХХ ғасырда әл-Фараби мен Абай мұрасын зерттеу, ең алдымен, марксистік парадигма мен әдістеме аясында жүргізілді. Олардың туындылары ХХІ ғасырда да заманауи әрі өзекті болып қала беретініні бәрімізге мәлім. Мақалада Фараби мен Абайдай қос алыпты бірлікте зерттеу мәселесі қарастырылған. Олардың ілімдеріндегі тарихи үндесім зерделеніп, еңбектеріндегі сабақтастыққа баға берілді. Ұлттық идея тұрғысынан шығармаларының құндылықтары, Әл-Фараби мен Абай өсиеттері бүгінгі күнмен байланыстырыла талданды.

Кілт сөздер: білім алушы, тарихи сана, құндылық, дағды, тарихи концепті, талап, тәрбие.

*Р.С. Чекетаева*¹, М.Ш. Тарлаубай², Ж.А. Калимолдина³*

¹Сениор-лектор Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, кандидат исторических наук, Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

E-mail: roza.cheketaeva@mail.ru

²Директор научно-исследовательского центра «Алтайтану» ВКУ имени С. Аманжолова, PhD, Казахстан, Усть-Каменогорск. E-mail: shurshitbai_maira@mail.ru

³Сениор-лектор Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, магистр истории Казахстан, г. Усть-Каменогорск. E-mail: zkalimoldina@bk.ru

ПРЕПОДАВАНИЕ ИСТОРИИ, ОСНОВАННОЕ НА ЦЕННОСТИ ПРОБЛЕМА ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается формирование у учащихся знаний, умений и ценностей по истории в процессе преподавания. Рассматривается важность преподавания предмета истории через широкий спектр умений и навыков исторического мышления XXI века, исторических концепций и уроков исторических событий и личностей. В современной школе важно формировать ключевые компетенции, которые станут основой воспитания подрастающего поколения, укреплять национальные интересы, человеческое достоинство, здоровый образ жизни, чистой совести, соответствовать требованиям времени. «Необходимо организовать воспитательную работу через ценности национальных интересов, совести, требовательности» - об этом говорится в Единой образовательной программе нашего государства.

Произведения исторических личностей играют особую роль в передаче ценностей. В XX веке изучение наследия Аль-Фараби и Абая осуществлялось преимущественно в рамках марксистской парадигмы и методологии. Все мы знаем, что их труды остаются современными и актуальными даже в XXI веке. Статья посвящена изучению двух гигантов - Фараби и Абая в единстве. Была изучена историческая гармония их учений и дана оценка преемственности их трудов. С точки зрения национальной идеи, ценности их произведений, заповеди аль-Фараби и Абая были проанализированы в свете сегодняшнего дня.

Ключевые слова: обучающийся, историческое сознание, ценности, навыки, историческая концепция, стремление, воспитание.

*R.S. Cheketaeva*¹, M.Sh.Tarlaubay², Zh.A.Kalimoldina³*

¹Senior lecturer of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Candidate of Historical Sciences Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: roza.cheketaeva@mail.ru

²Director of the research center "Altaitanu" Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, PhD Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk. E-mail: shurshitbai_maira@mail.ru

³Senior Lecturer of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Master of History Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk. E-mail: zkalimoldina@bk.ru

VALUE-BASED HISTORY TEACHING THE PROBLEM OF EDUCATION

Abstract

This article discusses the formation of students' knowledge, skills and values in history in the process of teaching. The importance of teaching the subject of history through a wide range of skills and historical thinking skills of the XXI century, historical concepts and lessons of historical events and personalities are considered. In today's school, it is important to form key competencies that will be the basis for the upbringing of the younger generation, strengthen national interests to strengthen human dignity, lead a healthy lifestyle with a clear conscience, meet the requirements of the times. «It is necessary to organize educational work through the values of national interests, conscience, requirements» - this is stated in the Unified educational program of our state.

The works of historical figures play a special role in the transfer of values. In the twentieth century, the study of the heritage of Al-Farabi and Abai was carried out primarily within the framework of the Marxist paradigm and methodology. We all know that their works remain modern and relevant even in the XXI century. The article deals with the study of the two giants Farabi and Abaydai in unity. The historical harmony of their teachings was studied and the continuity of their works was assessed. From the point of view of the National idea, the values of his works, the commandments of Al-Farabi and Abai were analyzed in connection with the present day.

Keywords: student, historical consciousness, values, skills, historical concept, aspiration, education.

Кіріспе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы өткен Ұлттық құрылтайда «Болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет» [1] екеніне тоқталды. Бұл айтылғандарың барлығы отбасы мен білім беру мекемелерінің табалдырығында қалыптасып, жүзеге асады. Жастарда тарихи сананы қалыптастыру үшін тек сабақ беру жеткіліксіз, оның түрлі шешімі мен тиімді жолдары бар, бастысы оқыту мен тәрбиелеу. Қай ғасырда болмасын оқу мен тәрбие ісі әрқашан ең өзекті мәселелердің қатарында қала береді. Оқу мен тәрбие оқушылардың білім мен білікті, шығармашылық пен эмоциялық тәрбиені игеруді көздейтін біртұтас үдеріс болып табылады. ХХІ ғасырда бұл екеуі әлеуметтік прогрестің берік іргетасын қалайтындығын әлемдік өркениет тәжірибесі толық дәлелдеп отыр.

Өзектілігі. Білім мен тәрбиенің қайнар көзі мектепте қалыптасады, оны жүзеге асырушының бірі мұғалім, олардың міндеті - жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында Қазақстанның оқу-тәрбие жүйесі бойынша дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік жасау, зияткер ұлтты қалыптастыру.

Материалдар және Методология.

Материалдар. Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елге арнаған бағдарламалары, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына арналған нұсқаулық» жинағы пайдаланылды Сондай-ақ, тақырыпқа байланысты шетелдік және отандық ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасау іске асырылып, оларға сілтемелер жасалынды. Осы бағыттағы құжаттар жинақтары мен деректер жинақталып, ғылыми мақаланы дайындауға пайдаланылды.

Методология.

Ең маңызды мәселе-зерттеу тақырыбының объектісі ретінде қабылданған «Тарих пәнін оқытуда құндылықтарға негізделген білім беру мәселесі» ретінде қарастыру және зерттеу. Тарих ғылымының теория-әдіснамасына сәйкес құндылықтарды зерттеудің өз орны бар. Тарихи зерттеулердегі маңызды мәселелердің бірі тарихты принципті және жүйелік тұрғыдан зерттеу болды [1].

Бүгінгі мектепте өскелең ұрпақ тәрбиесіне тірек болатын, адами қадір-қасиеттерді нығайту үшін ұлттық мүддені нығайтатын, ар-ұжданы таза, салауатты өмір салтын ұстанатын, заманның талабына сай келетін түйінді құзыреттерді қалыптастыру маңызды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Біртұтас тәрбие бағдарламасында «Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру қажет» [2] - деп көрсетілген.

Бақылау және талқылау.

ХХІ ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған заманы. Еліміз басқа елдерден оза дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып, инновацияларға ашық болуымыз қажет. Сол себепті жас ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру маңызды. Ұлттық мүдде мен ар-ұят және талап құндылығы еліміздің азаматтарының бойында табандылық, мәдениеттілік, үнемшілдік, таза ой, адал ниет пен ерік-жігерге тұғыр болады. Талап құндылығы оқушы мен студентті білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, күнделікті салауатты өмір салтын ұстануға, уақыт пен қаржысын тиімді ұстап, жоспарлауға баулиды. Демек, талап құндылығы қазіргі BANI әлемге қажетті түйінді құзіреттілік-терді қалыптастырумен сабақтасады [3].

ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту жас ұрпақтың өз дамуында жоғары өнегелі мәдениетаралық өзара түсіністікпен үздіксіз білім алу, дүниетанымы мен құндылықтары, ұстанымдарының қалыптасу нәтижесінде жеке көшбасшылық және жауапкершілігі өзгерістерге бейімделген тұлға қалыптасады; оқушылардың креативтілікті және стандартты емес шешімдерді іздеуді креативті тұрғыда қолдануға бағытталған қызықты жобаларды жасауға мүмкіндік береді.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы революция адамзатты өзгертіп жатыр. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативтік потенциалын дамытумен айналысады, цифрлық технологиялар мен нақты ғылымдарды оқытады. «Бәріміз Қазақстанды гүлденген, дамыған елге айналдыруға ұмтыламыз. Бұған жетудің кілті – сапалы және қолжетімді, қазіргі заманғы білім мен тәрбие» деп Президентіміз Қ.Тоқаев айтып өткендей, тарих пәні мұғалім ретінде ғылыми-техникалық прогрестің соңғы жаңалықтарымен танысып отырғанмен сол өзгерісті өз пәнімізге кіріктіруде білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту қажет. Дегенмен қазіргі ХХІ ғасырдың оқушыларын, сонау ХХ ғасырдағы оқушылармен салыстыра қарағанда олардың көзқарастарында, мінез-құлықтарында, таным-дық және кең

ауқымды дағдыларында ерекшеліктер жетерлік. Жастардың зияткерлік даму деңгейімен қатар жеке тұлғаның жалпы рухани дамуы бар.

XX ғасырдың 90 жылдары АҚШ ғалымы Нейл Хоув және Уильям Штраус ұрпақтар теориясын жасаған. Ғалымдардың теориясы бойынша әр 15-25 жыл сайын құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық-тары ұқсамайтын ұрпақтардың өсіп-жетілетінін айтқан [4]. Бұл теорияның бізге берері де бар, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы жас айырмашылығына байланысты түсініспеушіліктің себептерін анықтап, сол арқылы дұрыс қарым-қатынас жасау тәсілдерін айқындауға көмектеседі. 2010 жылдан бері қарай дүние есігін ашқан бұл балалар Альфа ұрпақтар. Бұл білім алушылар толықтай цифрлық кеңістікте туған. Оларды отбасында, мектепте құндылықтар арқылы тәрбиелеу бүгінгі күннің басым мәселелері. «Олар болашақты жасаушылар, адамзаттың құтқарушысы, ұлы ақыл-ойдың иесі, зерттеушілер» қазіргі заман-ның балаларын осылай сипаттайды. Осы тарихи уақытта ұрпақ ауысты, бұл уақыт альфа ұрпақ балалары-ның ғаламдық цифрлануына ықпал еткен iPad пен Instagram-ның пайда болған уақыты. Педагогтердің, ата-аналардың міндеттері олардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды дұрыс қалыптастыру.

Уикипедия ашық энциклопедия аудармасының анықтамасы бойынша «Құндылық - белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі, пайдалылығы және қымбаттығы. Оқушылардың, жастардың бойында қалыптастыратын «рухани құндылықтар адамзат үшін маңызды болып табылатын, адамның моральдық, дін, адамгершілік және эткалық сенімдерінің жиынтығы» [5]. Осы құндылықтарды дарыту жанұяда басталып, білім беру ордаларында оқушы мен студент бойында күнделікті дарытылып отыру керек. Абай ағамыз айтқандай «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» адамның бес асыл қасиеттер біртұтас тәрбие бағдарламасында да негізделген. Себебі, республика деңгейіндегі зерттеулер көрсетіп отырғандай оқушылардың 40,3% кітап оқымайды, 72,2% уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді [2, 8 б.]. Мемлекет тарапынан арнайы бағдарламаға енгізілген талап құндылығы тарих пәндерін оқытуда білім алушылардың сын тұрғысынан және креативті ойлауларын, жаңа мәліметті білуге құштарлықтарын, тарихи ойлау дағды-ларын ілгерілетуге бағытталады. Дегенмен әр пәннің өзінің қалыптастыратын пәндік дағдыларымен қатар XXI ғасырдың кең ауқымыды дағдылар мен тілдік дағдылар қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда маңызды рөл атқарады.

«Оқушылардың XXI ғасырдың басында дүниежүзі халықтарының басым бөлігі оқи, санай және жаза алады, дегенмен бұл дағдылар қазіргі жаһандану заманында жеткіліксіз. Қазақстанның білім беру жүйесінің өзінде «4К» (қарым-қатынас, шығармашылық, сыни ойлау және топтық жұмыс), «6К» деп аталатын сауаттылықтың жаңа тізімі танымал бола бастады.

Тони Вагнер өзінің «Табысқа жетелейтін дағдылар» деген кітабында адамға XXI ғасырда табысқа жету үшін қажетті дағдыларды көрсеткен: сын тұрғысынан ойлау және проблемаларды шеше алу қабілеті, бейімделе алу қабілеті, бастамашылық және ептілік дағдылары, тиімді ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары, ақпаратты тауып, оны өңдей алу қабілеті, әуесқойлық және қиял [6].

Инновациялық және оқу дағдылары күн сайын өзгеріп жатқан әлемде XXI ғасырда білім мен тәрбие алып, өмір сүріп, еңбек етуге және еліне қызмет етуге дайын оқушы мен студенттен осыған дайын емес білім алушыдан ажыратуға көмектесетін дағды ретінде мойындалып отыр. «Бірақ ол нәтижелі іске асуда ма?» деген сұрақтың жауабын білім беру саласындағы зерттеу нәтижелерінен байқауымызға болады. Сондықтанда болар білім алушыларды әлеуметтенуге және дербестеуге бағыттау, болашақ кәсіби қызметі саласын жауапты таңдауына дайындау мұғалімдерге көбірек жүктелген. Ол үшін тарих сабағындада оқушыларды функционалдық сауаттылық ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде контекст бойынша берілетін сұрақтарда білім алушылар тек өздерінің теориялық білімдеріне ғана емес, мәтінмен жұмыста оқу сауаттылығы арқылы дұрыс жауаптарды анықтай алады. Сабақта тек әдіс-тәсілдер, тапсырмаларға ғана назар аудармай қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді жолдары ретінде – пәндік дағдылармен жұмыста маңызды. Тарих пәнің концептуал-дық оқыту – пәндік ұғым, тарих пәнінен оқушылардың білім мен дағдысын қолдана білуге үйрету. Дәстүрлі білім беруде тарих пәніндегі сауаттылық – хронологияны, терминологияны білу, оқу, жазу, карталармен жұмыс жасау, тарихи оқиғаларды баяндау, тарихи құжаттарды талдай білу ғана емес сауат-тылыққа қарағанда, механикалық есте сақтауға бағытталған деп айтуға болады.

Жаңа білім беру парадигмасында тарихи санаға, дағдыларға, құндылықтарға назар аударылады. Тарихи сана – тарихты білу, тарихи тәжірибені және одан туындайтын сабақтарды түсіну, әлеуметтік болжамдау (бүгінгі күннің мәнін, өткеннің инварианттығын және болашақтың баламалығын түсінуге сүйене отырып), өз қызметі үшін жауапкершілікті сезіну [7]. Яғни, білім алушының өзінің өмір сүретін уақытын түсінуі, сол уақытты тарихи ағынның бір бөлігі ретінде байқай алуы.

Өткен тарихи оқиғаларды алдыңғы және сол уақытта, сонымен қатар кейінгі оқиғалармен байланыс-

тыра алу, талдау, жинақтау, бағалау қабілеттерін білдіреді. Мұндай қабілетке ие бола отырып, оқушы өткенге қатысты білім мен түсінікке негізделген өз ұстанымын дамыта алады. Мысалы, биыл қазақ даласында Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл болды. Оқушылар қазақ елі Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері екенің түсінулері қажет. Ол үшін тарих сабақтарында оқу мақсатына байланысты уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдысы мен өзгеріс пен сабақтастық тарихи концептілермен жұмыс жасалады. Жалпы білім мазмұның жаңарту бағдарламасында тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікке бағдарлану, тарихи анализ және түсіндіру базалық тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін тарихи концептілер ұсынылған [8]. Тарихи концептілер негізінде тарихи сана мен тарихи ойлауды дамыту барысында білім алушыларда сыни тұрғыдан ойлаулары, ақпаратты талдап, шешім қабылдауға, өз пікірлерін дамытуға көмектеседі. Балалар мен жастарға отбасында берілген құндылықтар мен дағдалар жеткіліксіз. Осы концептілер мен құндылықтар арқылы өмірге дайындық жасалады, білім алушылар мектепте, ТжКББ, ЖОО өз құқықтары мен міндеттерін білуге, ересек өмірде кездесетін түрлі ситуациялық жағдаяттарды шешуге, мәдени және әлеуметтік ортада жұмыс істеуге дайын дайды. Тарих сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру арқылы олардың бойында азаматтық жауапкершіліктерін де қалыптастырамыз, оны қалыптаттыратын тұлға – мұғалім.

А.Байтұрсынов «Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік - сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп баға бере кеткен. Педагогикалық шеберлікке жеткен мұғалімі дегеніміз - технологиялық, педагогикалық және пәндік білім саласы арасындағы өзара байланысты іске асыруға қабілетті тұлға. Міне, бүгінгі қоғамның және қазіргі заман мектебінің сұранысындағы заманауи педагог моделі осындай сұранысқа жауап беруі керек. ХХІ ғасыр дағдылары бар сауатты ұлтты тек шынайы ұстаздар ғана қалыптастырады. Шетелдік ғалым George Land зерттеулерінде келтірілген фактілер бойынша балалар 3-5 жаста 98%, тура сол балалар 7-12 жаста 70%, университетте 2% ғана шығармашыл ойланды екен. Мұғалім мәртебелі мамандық болғандықтан еліміздің педагог бакалаврлар мен магистрлерді Ұлттық университеттерде тек іштей оқу формасымен бюджеттік негізде ғана оқыту керек деген пікірді ұстанамыз. Мұғалімдік қызметте зергерлік сияқты өнердің бір түрі. Шебер зергер эксклюзивті бұйым жасайды. Педагогикалық шеберліктің шынына шыққан мұғалім Абай айтқандай тәрбие мен оқытудың нәтижесінде құндылықтарды бойына сіңірген «Толық тұлға» қалыптастырады.

Сонымен қатар мұғалім құзырлы оқытуды жете бағалай алуы керек. К.Құдайбергенова «құзырлы-лық» ұғымына «...жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады» [9] деген түсініктеме береді. Құзырлы педагог оқушылардың студенттердің оқуын ынталандырудағы модернизацияланған стиль ретінде тарих пәнін оқытуда саралау мен бағалау, белсенді оқуды дұрыс түйістіре қолдануды таңдадық. Оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеті ғана емес, оларда адамгершілік қасиеттермен қатар құндылықтарда дамиды. Өздеріне деген сенімділігі және ішкі уәждері жоғарылайды. Мысал ретінде, оқытудың 4 «С» аспектісіне сүйене отырып, бірнеше тәсілдерді айта кетейік. Проблемалық оқыту барысында «SWOT талдау», «FILA», «РАФТ», «Триада» кестелерін т.б. қолдануға болады. Бұл тәсілдің тиімділігі мұғалімнің сөйлеуін азайтып, керісінше білім алушылардың бір-бірімен талқылау, бағалау дағдысын шебер қалыптастырды екен. Одан басқа тарих пәнінен жаңартылған оқу бағдарламасында оқушылардың бойында қалыптастыру керек келесі құндылықтар дамиды: қарым-қатынас жасау қабілеті, сыныптастарының, құрбыларының көзқарастарына құрметпен қарау, сыныптастарына қамқорлық көрсету.

Жастардың бойына құндылықтарды дарытуда ұстаздың тек пәндік теориялық білімі жеткіліксіз. Еліміздің білім алушыларының бойына құндылықтарды сіңіруде әл-Фараби мен Абай ілімдерінің негізін алсақ, жұмысымыз мәнді болмақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [10] мақаласында Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын қайта зерделеу қажеттігін баса айтты. Бұл жерде Фарабидің адамның кемелдену тұжырымдамасымен байланыстырған дұрыс. Фараби адам гармониясының негізгі мәні - оның көпжақты тұтастығы, мәдениет гармониясының тұтастығы екендігін көрсеткен. «Адамның басқаларға қайырымдылық жасауы бұл - бірінші кемелденуі» - деген. Ол осындай әрекет жасамай тұрып рақымды бола алмайды, өйткені кемелдену оның алған қасиеті салдарынан әрекет көрсетуінде емес, әрекетті орындауында [11]. Адамгершіліктің тепе теңдігі, қоғамдық өмірдегі үйлесімнің сақталуына тоқталған, Әл-Фараби адамның ашқарақтығы нағыз ғылымның жауы екендігін жақсы түсінді. Ол ғылымның игілікті мақсаты табиғаттың тамаша жомарт, әрі даналық құпиясын тану деп білді. Оның ойынша ғылым ақиқатына тек қана ұяты таза, ақ пейіл адам ғана жетеді деп ойлады. Тек осындай адам ғана шығармашылық ләззатын тауып, бақытқа жетпек деді.

Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша «адам өзінің жетілу жолында адамдықтың баспалдығынан» өтеді деген. Оның үш жолын көрсетті: біріншісі потенциалды ақыл-ой, екіншісі игерілген ақыл-ой, үшінші күшті

ақыл-ой. Сонымен қатар әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында «Қайрат. Ақыл. Жүрек» секілді ұғымдарға түсінік берген. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұлда басты мүше, бірақ оның үстемдігі бірінші емес» [12], - дейді. Әл-Фараби жүрекке шешуші мән берген, оның идеялары Абайдың 17-ші қара сөзінде жалғасын тапқан сияқты. Абайдың «Толық адам» ілімінің негізі түркі әлемінің дүниетанымында жатыр. Абай «Қайрат. Ақыл. Жүрек» үшеуінің айтыс-тартысына шешім айтуды ғылымға жүгіндіреді. Ғылым «Үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет... Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым» [13], - депті. Сондықтанда мұғалім сабақ бергенде жүрегімен оқушыға пәннің ішкі мазмұнын оқушы жүрегіне, санасына жеткізе алуы керек.

Абай адамның кемелденуінің ішкі және сыртқы себептерін көрсеткен. Туған беттегі қасиеті баланың анасының құрсағында жатқандағы жағдайы және оның ата-тегіне байланысты дейді. Ал туғаннан кейінгі келешек өмірі оны қоршаған ортасы, алған білімі адамның дамуына әсер ететін сыртқы себептер деген екен. Ал жетілудің ішкі себебі - жүректің әсері деген. Абай айтқандай туғаннан кейінгі өміріне қоршаған орта әсері бар, педагогикалық шеберлік орталығының ұсынған соңғы зерттеулері бойынша білім алушының оқуының алға ілгерілеуі әсіресе 65 % мұғалім сапасына тікелей байланысты екені дәлелденген.

Фараби «Адамның қайырымдылық жасауы бұл - бірінші кемелденуі» деп, кемелденудің өзінің кезеңдерін көрсеткен. Абайда оның ойын жалғастырғандай «Толық адам» болып бірден қалыптаспайтынына назар аударған. Абайтанушы зерттеушілер оның мұрасын жүйелей келе адамның жетілу жолын үш сатыға бөлген. Жетілмеген төменгісін Абай «жарым адам» десе, материалдық жетілуді «адам» деп, ал ең жоғарғы рухани жетілу «Толық адам» деп атап, олардың өзін түрлі деңгейге бөлген [14]. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы сол кездегі саяси көзқарастары оянып келе жатқан қазақ қоғамына да, қазіргі ХХІ ғасырда да өзекті мәселе болады. Оның толық адам туралы ойын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталады. «Адам болам десеңіз» жалғасын тауып, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде күрделене түскен.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – дейді данышпан Абай. Осы үш қасиет «толық адам» бойында болуы шарт. Онсыз ұрпақты биікке самғату, білімді, білікті, қайырымды етіп тәрбиелеу біржақты болып шығады. Қисық, қыңыр бала да тәрбиенің жетемсіздігінен. Қайрат әркімде-ақ бар. Бірақ ол бүлдіруге ме, әлде жасампаздыққа қызмет етуге бағытталған ба? Мәселе сонда. Абай ыстық қайрат, яғни, адамға жақсылық әкелетін қайратты таңдап, қалап отыр. Ақыл да әркімде-ақ бар. Оның да қолданысы әр түрлі. Абай соның нұрлысын, адамның өзіне немесе ұрпаққа, шәкіртке, төңірегіндегілерге күн сәулесіндей шапағат шашатынын, тәлім-тәрбие беретінін, даналыққа толы ақылды қалаған. Жүрек те әр түрлі болады. Халық жек көрген адамын тасжүрек, сужүрек, жүрегі мүйіз боп кеткен қатыгез, қанішер, мейірімсіз деп сөгеді. Ал адамға нұрлы болашақ сиялатын, келешегіне дұрыс жол нұсқайтын, ғибратты ақыл-кеңес беретін, жастардың бойына адамгершілік, имандылық дәнін себетін, рухты көтеріп, мерейді тасытатын жүректі жылы, мейірбан жүректі, деп есепеттейді. Бұл құндылықтар тек отбасында ғана емес, сабақта да қалыптасады. Тарихи оқиғаның себебі мен салдарын, маңыздылығын талдай отырып жасөспірімдер тарихтан сабақ алады. Одан басқа жұптық, топтық жұмыстар барысында оқушылар бір-біріне қолдау көрсетіп, жылы жүрек қалыптасады. Нәтижесінде нұрлы ақылмен сыныптасының түсінбеген жерін түсінуге көмектесе отырып, оның танымдық дағдыларына да ықпал жасайды.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасында қолданылатын құндылықтарға бағытталған ұстаным қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалар мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Әртүрлі тарихи кезеңдегі өз елінің тарихын зерделеу арқылы оқушылар тарихи үдерістің біртұтастығы мен сабақтас-тығын, сондай-ақ Қазақстанның тарихы дүниежүзі тарихының бір бөлшегі екенін ұғынады. Оқушылар тарихи даму үдерісіндегі Қазақстан халқы адамзаттың прогресіне өзіндік бірегей әрі ауқымды үлес қосқандығын түсінеді [8, 17 б.].

Қорытынды.

Қорытындылай келе оқушы мен білім алушының бойына рухани-адамгершілік даму, тәрбие мен әлеуметтенудің негізгі мазмұны, әлеуметтік-тарихи, мәдени және отбасылық дәстүрлерінде сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан және мемлекеттің табысты дамуын қамтамасыз ететін негізгі ұлттық құндылықтарды дарытуда ХХІ ғасырдың кең ауқымды дағдылары мен тарихи ойлау дағдылары, тарихи концептілер және тарихи оқиға мен тұлғалар тағылымы арқылы тарих пәнін оқыту маңызды. негізінде жүзеге асырылады. Нәтижесінде әділетті Қазақстан идеясымен үндескен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Президент ұсынған «Адал азамат» қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс. – 15 наурыз. – 2024. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulattyk-kuryltaydyn-ushinshi-otyrysyn-otkizdi-152631>
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. –Астана, 2023. – 51 б.
3. Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына арналған нұсқаулық. –Астана: НЗМ «ДББҰ» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
4. Попов Н.П. Российские и американские поколения XX века: откуда пришли миллениалы? // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2018. -№4. С. 309-323. <https://doi.org/10.14515/monitoring>
5. Ғабитов Т.Х. Құқық философиясы. – Алматы: Нұрпресс, 2010. – 228 б.
6. Tony Wagner. Creating Innovators: The Making of Young People Who Will Change the World. <http://creatinginnovators.com/chapter04Tag35>
7. Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулық / [құраст. А. К. Бегалиева]. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 218 б.
8. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген мұғалімге арналған нұсқаулық. - Астана: Педагогикалық шеберлік орталығы. - 2016. – 118 б.
9. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2008. 30-32-бб.
10. Тоқаев Қ-Ж. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. – 09 қаңтар. -2020. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
11. Ақжан әл-Машиани. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. –Алматы: Алатау баспасы, 2007. – 224 б.
12. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: «Ғылым», 1975. – 419 б.
13. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
14. Болатбекқызы А. Абай шығармаларындағы «Толық адам» мәселесі / Айгерім Болатбекқызы. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. - 2015. - № 8.1 (88.1). -С. 53-55. <https://moluch.ru/archive/88/17589/>

References:

1. Tokaev K.K. Adal adam – Adal enbek – Adal tabys. – 15 Nauryz. – 2024. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulattyk-kuryltaydyn-ushinshi-otyrysyn-otkizdi-152631>
2. Birtutas tarbieh bagdarlamasy. –Astana, 2023. – 51 b.
3. Mektep bashysyn tarbieh isi zhonindegi orynbasaryna arналган nuskaulyk. –Astana: NZM "DBBU" Pedagogicalyк sheberlik ortalygy, 2015.
4. Popov N.P. Russian and American generations of the twentieth century: where did millennials come from? // Monitoring public opinion: economic and social changes. - 2018. -No. 4. pp. 309-323. <https://doi.org/10.14515/monitoring>
5. Gabitov T.H. Kukyк philosophyasy. –Almaty: Nurpress, 2010. – 228 b.
6. Tony Wagner. Creating Innovators: The Making of Young People Who Will Change the World. <http://creatinginnovators.com/chapter04Tag35>
7. Kazakhstan tarikhy panin okytuga arналган adistemelik nuskaulyk / [kurast. A. K. Begalieveva]. - Almaty: Kazakh University, 2017. - 218 b.
8. Kazakhstan Republicasynda orta bilim mazmunin zhanartu shenberinde "Kazakhstan tarikhy" zhane "Kukyк negizderi" panderi boyynsha teacher kadrlardyn biliktiligini arttyr kursyn bilim beru bagdarlamasy negizinde azirlengen mugalimgе arналган nuskaulyk. - Astana: Pedagogicalyк sheberlik ortalygy. - 2016. – 118 b.
9. K.Kudaibergenova. Kyzырlylyk – tulga damuyн sapalyk criteria // "Bilim sapасын bagalaudyn maseleri: adisnamalyk negizi zhane praktikalыk natizhesi" attа halykaralyk gylыm-praktikalыk conference materials. Almaty, 2008. 30-32-bb.
10. Tokaev K-Zh. Abai zhane XXI gasyrdagi Kazakhstan. – 09 January. -2020. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy>

kazakstan-atty-makalasy

11. Akzhan al-Mashani. *Al-Farabi zhane buhingi gylım.* –Almaty: Alatau baspasy, 2007. – 224 b.

12. Al-Farabi. *Aleumettik-etikalyk tractattar.* Almaty: "Gylım", 1975. – 419 b.

13. Abai. *Kara sozderi.* – Almaty: Oner, 2006. – 124 b.

14. Bolatbekkyzy A. *Abai shygarmalaryndagi "Tolyk adam" mselesi / Aigerim Bolatbekkyzy.* — Text : direct, electronic // *Young scientist.* - 2015. - № 8.1 (88.1). - Pp. 53-55. <https://moluch.ru/archive/88/17589/>

УДК 930.2

МРНТИ 03.01.07

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.020>

Б.Қ. Исабек *¹, Б.А. Аманбекова², О.Жолымбетова³

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы педагогикалық университеті,
(Қазақстан, Шымкент қ.) e-mail: barsha73@mail.ru

² Өзбекәлі Жәнібеков атындағы педагогикалық университетінің PhD докторанты,
(Қазақстан, Шымкент қ.) e-mail: amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz

³Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының Түркістан облыстық
Бекзат Саттарханов атындағы олимпиадалық резервінің мамандандырылған спорт мектеп-интернат
колледжінің тарих пәні мұғалімі.
(Қазақстан, Шымкент қ.) e-mail: Ozholymbetova@mail.ru

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдары солдаттың бейнесі мен тәрбиелеу туралы ойлары мен философиялық көзқарастары жазылған Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архивінде түпнұсқасы сақталған бірнеше бөлімнен тұратын тарихи құжаттарға («Көк дәптер») талдау жүргізіледі.

Бауыржан Момышұлының көк дәптері бүгінгі өскелең ұрпақ үшін таптырмас тарихи жәдігер болып саналады. Батыр, жазушы - ерлік-жігердің, күш-қайраттың, ақыл-парасаттың, ар-ожданнның иесі болды. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі, әсіресе Мәскеу түбіндегі ерлігі ғасырдан-ғасырға жалғасын табатын құбылыс. “Отан үшін отқа түс - күймейсің” деген ұраны барлық қазақ халқын туған жерін сүйеге, Отанын жаудан қасық қаны қалғанша қорғауға шақырады. Бауыржан Момышұлының ерлігі кешегі елін, жерін, тілін қорғаған ата-бабаларымыздың ғасырда бір-ақ рет қайталанатын ерлігінің жалғасы. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында қатал әскери басшы ғана болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің жетекшісі, мейірман тәрбиешісі де болды.

Мақалада Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас», «Ана әмірі», «Жон арқа», «Адам қайраты» шығармалары мазмұнының педагогикалық аспектілері қарастырылады.

Кілт сөздер: Бауыржан Момышұлы, педагогика, тәрбие, Ұлы Отан соғысы

Б.Қ.Исабек *¹, Б.А.Амалбекова², О. Жолымбетова³

¹кандидат исторических наук, доцент,

Педагогический университет имени Эзбекәлі Жәнібеков,

(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: barsha73@mail.ru

²PhD докторант, Педагогического университета имени Эзбекәлі Жәнібекова

(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz

³Учитель истории Туркестанской областной специализированной спортивной школы-интерната олимпийского резерва имени Бекзата Саттарханова управления физической культуры и спорта Туркестанской области (Казахстан, г. Шымкент) E-mail: Ozholymbetova@mail.ru

ВОЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ

Аннотация

В статье анализируются исторические документы («Синий тетрадь»), состоящие из нескольких частей, оригинал которых хранится в Российском государственном архиве литературы и искусства в Москве, где записаны мысли и философские взгляды на образ и воспитание солдата в годы Великой Отечественной войны Героем Советского Союза Бауыржаном Момышулы.

Синяя тетрадь Бауыржана Момышулы считается незаменимой исторической наследией для нынешнего молодого поколения. Героизм, проявленный легендарным Бауыржаном Момышулы во Второй мировой войне, особенно в Подмоскovie, явление, которое продолжается век за веком. Лозунг "во имя Родины войной-не станешь колесницей" призывает всех казахов любить родную землю, защищать Родину, пока от врага не останется ложка крови. Подвиг батыра Бауыржана Момышулы является продолжением подвига наших предков, защищавших свою страну, землю, язык, который повторялся только один раз за столетие. Бауыржан Момышулы в годы войны был не только строгим военачальником, но и руководителем подчиненных воинов и офицеров, воспитателем милосердия.

В статье рассматриваются педагогические аспекты в содержаниях произведений Бауыржана Момышулы «Битва за Москву», «Ана әмірі», «Жон Арқа», «Человеческое мужество».

Ключевые слова: Бауыржан Момышулы, педагогика, воспитание, Велико Отечественная война

B.K.Isabek *¹, B. A. Amalbekova², Zholymbetova O.³

¹Kandidat historical science, associate professor,

Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov,

(Kazakhstan, Shymkent city) e-mail: barsha73@mail.ru

²Phd doctoral student, Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekova

(Kazakhstan, Shymkent city) e-mail: amalbekova_b@fmsh.nis.edu.kz

³History teacher of the Turkestan regional specialized sports boarding school of the Olympic reserve named after Bekzat Sattarkhanov of the Department of Physical Culture and Sports of the Turkestan region

(Kazakhstan, Shymkent city) e-mail: Ozholymbetova@mail.ru

MILITARY SERVICE AND PEDAGOGICAL VALUES OF BAUYRZHAN MOMYSHULY

Abstract

The article analyzes historical documents ("Blue Notebook"), consisting of several parts, the original of which is stored in the Russian State Archive of Literature and Art in Moscow, which records thoughts and philosophical views on the image and education of a soldier during the Great Patriotic War by Hero of the Soviet Union Bauyrzhan Momyshuly.

The blue notebook of Bauyrzhan Momyshuly is considered an irreplaceable historical heritage for the current young generation.

The heroism of the legendary Bauyrzhan Momyshuly in World War II, especially in the Moscow region, is a phenomenon that continues century after century. The slogan "if you fight in the name of the Motherland, you will not become a chariot" obliged all Kazakhs to love their native land, to freeze the Motherland until a spoonful of blood remains from the enemy. The feat of the batyr Bauyrzhan Momyshuly is a continuation of the feat of our ancestors, who defended their country, land, language, which was repeated only once in a century. During the war,

Bauyrzhan Momyshuly was not only a strict military leader, but also a leader of subordinate soldiers and officers, and an educator of parliament.

The article examines the pedagogical aspects in the contents of Bauyrzhan Momyshuly's works "The Battle for Moscow", "Ana Amiri", "Zhon Arka", "Human Courage".

Keywords: Baurzhan Momyshuly, pedagogy, education, Great Patriotic War

Кіріспе

Қазақ халқы өткен ғасырда көптеген жаугершілікті, соғыстарды өткерген халық. Ал, XX ғасырда қазақ халқы басынан өткерген сұрапыл соғыстардың зардабы өзіне де, басқа елдерге де оңай сынақ болған жоқ. Әсіресе, фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы қазақ халқының басынан үлкен қасірет әкелді. Қазақ тарихынан өзіндік орын алып, келешек ұрпақтың есінде сақталатын тұлғалар аз емес. Ел азаттығы мен амандығы үшін қаруы мен қаламын қатар ұстаған тұлғалардың бірегейі-Бауыржан Момышұлы. Ол туралы жарық көрген көптеген естеліктер, очерк, эссе мен мақалалардың маңызы зор. Қазіргі таңда тарихи тұлғалардың әлемін, оның маңыздылығы мен құндылығын анықтауда, қазақ тарихының өзіндік ерекшелігін айқындауда зерттеулер жүргізіліп келеді. Бауыржан Момышұлының батырлығы мен интеллектуалды ой-сананың даңқы бүкіл Одақ халқы мен әлем жұртшылығына тұтас таралып танылуымен ерекшеленеді. Бауыржан Момышұлының ерліктерінің бәрі де әскери архивтер мен жазылған жазба деректерде хатқа түсіп, келешек зерттеушілерін күтуде.

Кеңестік тарихнамада жалпы Ұлы Отан соғысы жылдарына ерекше мән берілген, көптеген ғылыми еңбектер жарық көрген. Алайда кеңестік тарихнамада Ұлы Отан соғысының жеңуіне үлкен үлес қосқан қазақ батырлары туралы арнайы зерттеулер жүргізілген ғылыми еңбектер жоқ. Біздің зерттелуіміздегі тарихи тұлға Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық ерліктері мен Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі туралы арнайы жекелеген зерттеулер жүргізілмеген. Зерттеліп жарық көрген ғылыми еңбектер саны саусақпен санарлық. Атап айтар болсақ: А. Мухамеджанов [1], Г. Абишев [2], П.С. Белан [3], Д.З. Муриев [4] бұл тарихшылар тек қана жалпы қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі деген тақырыптар аясында зерттеулер жүргізген. Сонымен қатар тарихи зерттеулер кеңестік идеологиялық мазмұнға негізделген.

Посткеңестік шеңберде Бауыржан Момышұлының әскери қызметі мен ерліктері және рухани мұрасына деген зерттеу жұмыстарының әртүрлі ғылыми бағытта жүргізілгендігін көреміз. Зерттеу жұмыстарының теориялық методологиясының өзгергенін байқауға болады. Осындай жұмыстардың қатарына Х.С. Муханбеткалиев, М.М. Айтқазина, М.Ю. Мягков ғалымдардың ғылыми еңбектерін жатқызуға болады. Десекте бұл жұмыстарда Бауыржан Момышұлының тарихи тұлғасы мен шығармаларындағы патриоттық тәрбие мәселесі жан-жақты зерделенбеген. Ғылыми зерттеу жұмыстарының басым бағыттары Бауыржан Момышұлының әскери қызметінің хронологиялық кезеңге бөлінуі мен әскери тактикалары қарастырылған. Бауыржан Момышұлының ұлттық тарихтың өткен кезеңдеріне деген көзқарасы, тұлғаның өз дәуіріндегі тарихи оқиғаларды бағалуы, ұлтжандылық, азаматтық және адамгершілік сынды құндылықтарды патриотизмен байланыстырып жас ұрпақтың тәрбие бағыттары зерттелмей назардан тыс қалған. Бауыржан Момышұлының тарихи тұлғасына қызығушылық танытып жеке дара жарық көрген еңбектерде баршылық. Мысалы: А. Бек, Ә. Нұршайықов, А. Кривицкий еңбектері. Бұл еңбектер әртүрлі бағытта жазылумен ерекшеленеді: жаңа теориялық методологиялық, диалогтық және сұхбаттық.

Кеңестік тарихшылар Бауыржан Момышұлының тарихи тұлғасын бір жақты қарастырады. Кеңестік кезеңдегі Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық қабілеттері мен ерліктері айтылғанымен сол кездегі Бауыржан Момышұлының ұлт жанашыры, қазақтың мәдениеті мен тарихын насихаттау және жастарды соның ішінде әскерлерді әр ұлттың ерекшелігіне қарай ұлттық негізде тәрбиелеу керек деген тұжырымдамаларын жоққа шығарып, көп жағдайда Бауыржан Момышұлының тік мінезін, бір беткей-лігін алға тартып Кеңес Одағының батыры атағын бермей рухани құндылығы мен ұлттық намысын құлдыратуға әрекеттеніп, кеңестік биліктің отаршылдық саясатының әкімшіл-әміршіл жүйесінің үстемдігі көреміз.

Тәуелсіздік жылдары еліміз батырларымыз бен қоғам қайраткерлерін қайта зерттеуді және олардың мұраларын насихаттауды кең көлемде жүргізді. Сол батырлардың ішінде зерттеушілердің назарын аударған тарихи тұлға Бауыржан Момышұлы. Тәуелсіз жылдарында жарық көрген ғылыми еңбектерде Бауыржан Момышұлы жан-жақты зерттелді. Әскери қызметтегі қолбасшылық ерліктері мен қатар жазылған шығармаларындағы проза, пейзаж, ұлттық тәрбие мәселелері қарастырылды. Бауыржан Момышұлының әскери қызметі мен өмір жолының хронологиясын жасаған тарихшы М.М. Айтқазина-ның үлесі зор [5]. М.М. Айтқазинаның диссертациялық жұмысының ерекшелігі батырдың жауынгерлік және

әскери-теориялық қызметін, полк пен дивизия командирі ретіндегі жауынгерлік іс-қимылдарды ұйымдастыру және жүргізу тәжірибесіне терең және кешенді тарихнамалық зерттеу жүргізді. Бауыржан Момышұлының қызметіне арналған тарихи әдебиеттерді, мұрағаттық материалдарды зерделеу, жүйелеу және талдау М.М. Айтқазинаның ғылыми зерттеу жұмысының маңызын арттырды. Десек те, Бауыржан Момышұлының шағармалары негізінде патриоттық тәрбие мен ұлттық тәрбие беру үдерісі мен шығармаларының жүйелі талданбауы, сонымен қатар тарихи тұлғасын зерттеуде және әскери қолбасшылық қызметі мен ерліктері туралы зерттелген мұрағаттық құжаттардың толық қанды жарық көрмеуі тарихи тұлға туралы ғылыми білімнің аз екендігін дәлелдейді.

Өзектілігі: мақалада Бауыржан Момышұлының тарихи тұлғасы мен әскери қолбасшылық өнерін зерделеу, рухани мұралары мен шығармаларын насихаттау арқылы өскелең ұрпақ тәрбиесіне байланысты көзқарастары мен ой-пікірлерінің құндылығы көрсетіледі. Архивтік құжаттарға талдау жүргізу арқылы Бауыржан Момышұлының тарихи-рухани мұрасының ғылымилығы зерделенеді.

Мақсаты мен міндеттері: Бауыржан Момышұлының соғыс жылдары жазылған ойлары мен солдаттың мінезінің қалыптасуына әсер ететін факторларды айқындайтын тұжырымдамалар жазылған әйгілі көк дәптері жан-жақты талданды. Бүгінде құнды дерек болып саналатын көк дәптерінің түп нұсқасы Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласындағы

Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві (бұдан былай (РМӘ және ӨА) архивінде сақталып тұр.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер шешімін тапты:

- Архивтегі Бауыржан Момышұлының көк дәптеріне салыстырмалы тарихи талдау жүргізілді.
- Мәскеу қаласындағы мемлекеттік В.И. Ленин атындағы кітапханадағы газет журналдар біліміндегі 1941-1945 жж. Бауыржан Момышұлының солдат психологиясы туралы жазылған мақалаларына сараптама жасалды.

Материалдар және әдістер: Зерттеу жұмысында материал жинау, деректерді хронологиялық жинақтау, топтастыру, тарихи-генетикалық, жүйелі құрылымдық, тарихи-салыстырмалы және кешенді түсіндірмелі әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім: Бауыржан Момышұлының соғыс жылдары жазылған ойлары мен солдаттың мінезінің қалыптасуына әсер ететін факторларды айқындайтын тұжырымдамалар жазылған әйгілі көк дәптердің түпнұсқасымен Қазақстан Республикасы Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде тағлымдамадан өту барысында танысу мүмкіндігі туды. Көк дәптердің мазмұны А. Кривицкийдің «Под Московный караул», «Бессмертие» атты еңбектерінде жарық көрген. Архивтегі қалың көк қағазбен түптелген көлемді дәптер Бауыржан Момышұлының әскери жазбалары. Көк дәптердің тарихи құндылығы 1942 жылы жазылған. Ерекшелігі адам психологиясының терең сырларын ашу, мінез-құлқын сипаттау, адам бойындағы қасиеттерге талдау жүргізу. Мазмұнындағы ұлттық салт-дәстүр, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастың ролі туралы құнды және танымдық материалдар ұлттық тәрбиені дәріптейтіндігі көк дәптерде сипатталады.

Көк дәптер Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві 2863 фонд, 1 опис, сақталу қоры 689. Б. Момышұлы Военные записи (Автограф) деген атаумен тұр. Құжат он алты беттен тұрады: Әскери тәрбие туралы, Солдаттық салт, Офицерлік қасиет, Батырлық туралы, Халық батырлары Шоқан мен Амангелді атты тарауларды қамтиды.

Көк дәптердің алғашқы бетінде: «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», «Отан үшін отқа түс – күймейсің, өмір үшін күрес – өлмейсің» деген қанатты сөздері жазылған. Бұл қанатты сөздер Бауыржан Момышұлының ұраны. 1942 жылы желтоқсан айында Бауыржан Момышұлы былай деп жазған: «Ұлттық мақтаныш – ұлт адамының жеке басындағы мызғымас қасиетті заң. Кімде кім өз ұлтын құрметтемесе және оны мақтаныш етпесе (ал, әрбір ұлтта мақтаныш етерлік іс бар), ондай адам нағыз оңбаған адам». Бауыржан Момышұлы не жайында ойласа да, оның пікірлері әскери іске, өзінің кәсібі болған офицерлік іске мүлтіксіз оралып отырады [6]. «Әскери тәрбиенің мақсаттары» деген тарауда Бауыржан Момышұлы «әскери психологиядағы ұлттық мәселе» деген тезисті жеке қарастырады. Мұны былайша түсіндіреді: «Менің өз тәжірибемнен көзім мынаған жетті – жауынгерлерді әскери жағынан тәрбиелеу ісінде халық-тың соғыс жөніндегі өткендегісі және ұлттық дәстүрлері аса зор маңызды орын алады». Одан әрі Бауыржан Момышұлы қазақ халқының кейбір өзгешеліктері мен әдет-ғұрыптарына қорытынды жасайды, ол өз кезегінде қазақ солдаттарын әскери жағынан тәрбиелеу және үйрету ісіне көмек береді. Осы жазбалардан мынадай сөйлемді келтіруге болады: «Ұлттық спорт ойындары. Бұлар адамды батылдыққа орамдылыққа, ақылды қызбалыққа, тәуекелшілдікке, табандылыққа, тіпті абырой үшін өлуге әзір тұру мінездерін шыңдайды. Өз елімінен біреу, мысалы асау аттан қорықса немесе мүлде атқа мініп жүре алмайтын болса,

ондай адамды мен қазақ деп атауға ұялар едім. Ұлттық ойындар жігіттерге жауынгер үшін өте қажет болған аса құрметті серілік сапа беріп тәрбиелейді».

«Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол солдатқа жергекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс. Дәстүр – тәрбиенің басты қайнары. Ал дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілік ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек» дейді [6].

Біз Отан соғысында өзін танытқан қолбасшылар туралы айтқанда, олардың бойынан бұрынғы қолбасшылық дәстүрлердің ерекше қасиеттерін аңғарамыз. Әрбір қолбасшы үшін негізгі мәселе – солдат пен офицердің жүрегіне жол тауып, өзіне баурап, бағындыра білу. Бауыржан Момышұлының көк дәптеріндегі генерал Панфилов осы қасиеттерге ие.

«Генерал Иван Васильевич Панфилов – менің ұстаздарымның бірі. Мен ол кісіге қарыздар емеспін, парыздардың бірімін. Қарыз, парыздың айырмасы моральдық жағынан есептеледі». Генерал Панфилов – көрегенді адам. Ал көрегенділік – тәрбиеліліктің көрсеткіші. Сол себепті генерал басқа ұлттармен қарым-қатынасында сол адамды сыйлап, кіші пейіл, сыпайы, сол халықтың салт-дәстүріне құрметпен қарайды. Генерал Панфилов өз дивизиясындағы әртүрлі халық өкілдерінің өмірін, тұрмыс-салтын терең білді. Сондықтан әрқайсысымен – қазақпен де, өзбекпен де, қырғызбен де, украинмен де – тез ұғысып, қарапайым қатынас жасай білді [7, 261 б].

Бауыржан Момышұлы әскери қызметтегі алғашқы адымын көк дәптерде былай еске алады: «армиядағы алғашқы айлар маған ауыр, өте ауыр тиді. Командирдің алдына жүгіріп келіп, оның алдында тұзу тұру, оның: «сөзді қойыңыз, жүре беріңіз» деп қысқа сөзбен бұйрық беруін тындап тұру маған намысыма тигендей боп көрінетін». «Бұл неге сөзді қойыңыз» деп бұйырады деп, іштен астан-кестен ашуланып тұратынсың. Бірақ көп ұзамай мен тәртіптіліктің мәні қаншама зор екендігін түсіндім. Тәртіп – армияның басты күші екендігін сонда білдім. Екіншіден – өзің бұйрық беру үшін бағына білу керектігінде ұқтым деп ой түйген Бауыржан Момышұлы: «Дұрыс тәрбиелей білушілік, қарамағындағылардың психикасына дұрыс ықпал ете алушылық пен парасатты түрде берілген бұйрық қана қару-жарақ пен туға, жауынгерлердің өміріне қауіп төндіріп тұрған қорқыныштың алдын алудың, оған жол бермеудің, сақтап қалудың, жауынгерлерді абыройсыздық пен масқара болудан аман алып қалудың сенімді құралы» деген тұжырымға келеді. Содан бері, әскери тәртіптің мазмұны және солдаттарды тәрбиелеудің принциптері туралы пікір Бауыржан Момышұлының ойынан шыққан емес. Оның көк дәптері осы тақырып жөніндегі жазбалармен көп шимайланған [6]. Сондықтан Бауыржан Момышұлы «Тәрбиеге бағынған құл болмайды» деп бекер айтпаған.

Көк дәптердің «Солдаттың әсемдігі туралы» бөлімінде жауынгер әдемі болуға тиіс. Үсті-басы жинақы болу және тәртіптілік-міне солдат әсемдігінің бірінші белгілері осылар. Жауынгер қатарда және ұрыста жүргенде өзінің міндеттерін, оған дағдыланғандықтан, сонымен қатар, төселіп алған үйреншікті ісіндей сияқты еркін орындап отыруға тиіс. Бұл солдат мамандығының жоғарғы сатысы болады. Әскери мәдениетке жетілген адамдар мен оқиғаларға үнемі талдау жасауға қабілетті командирлер ғана өз әскерлерін осындай етіп тәрбиелей алады. Командир өте әділ және адал болуға тиіс». Солдаттың сыртқы келбеті мен жүріс тұрысы туралы бағдарбереді. Бауыржан Момышұлының шығармаларында қолбасшы бейнесі ерекше көзге түседі. Мәселен, И.В. Панфилов, И.М.Чястяков, подполковник Курганов, Н. Редин, Вахалов баяндалады. Үнемі олардың іс-әрекеттерін үлгі тұтып, олардан тәлім-тәрбие ала отырып, өз жұмысына баға беріп отырған. Алғашқы ұстаздарының бірі, әрі тәрбиешісі мен ақылшысы болған помкомвзвод Николай Рединнің тұлғасына ерекше баға береді. «Әскери өмір мектебінің бірінші рет есігін ашып, әскер өнерінің алфавитін «әліпті таяқ» деп танытып бетімді ашқан ұстазым помкомвзвода Николай Редин болатын» деп жазған. Көк дәптерде: «Командир жауынгердің жүрегіне жол таба білуі қажет, ол сарбаздың сыр сандығының кілтін өз қолына ала білгені абзал. Сарбаздың сыр сандығының үш кілті бар: олар – ақыл, ерік, сезім. Ашу-ызамен емес, ақыл-парасатпен үйрет, бірақ жөнсіз мақтама, орынсыз зекіріп сөкпе, даттама, құр босқа айғайлап, бақырма. Орынды жерде қатал бола біл. Қаталдық әділ болып, еш уақытта сарбаздың бойындағы адамгершілік сезіміне, намысына тиіп, қорламайтын болсын. Қаталдық-азаматтық мінез-құлық нормасы шетінен асып кетпеуі қажет» [6] деп командирдің міндетіне жан-жақты талдау жасайды.

Бауыржан Момышұлы солдатты ерлікке тәрбиелеу мәселесіне ерекше тоқталады. Солдат болу, командирінің бұйрығын мүлтіксіз орындаудың психологиялық жағынан қаншалықты қиын екеніне ерекше тоқталып, «Біз солдатты соғыс жағдайында өзін қалай ұстауға күні бұрын дайындаймыз. Жеңіс үшін командирге темірдей тәртіп қажет. «Командирдің бұйрығы дұрыс па, бұрыс па» деп талқыға салып жатуға соғыс жағдайы көтермейді. Ал темірдей тәртіпсіз жеңіске жету мүмкін емес» деген қорытынды жасайды.

Жауынгер командирді мемлекет өкілі деп – қатал сот, қатал айыптаушы, қызу қорғаушы деп тануға тиіс, барлық істе оның ұжданына ешбір күдіксіз сенетін болуы тиіс...» [6]. Нағыз жауынгер тәрбиелеп

шығаруға мүмкіндік беретін командирдің күші неде? Бұл күш, бәрінен де бұрын адамның мінез-құлқын білетіндікте болып отыр. Бұл туралы Бауыржан Момышұлы былай деп жазады: «Жауынгердің сезіміне, мінез-құлқына түрткі салып, сөйтіп оған басшылық ету керек. Осы реттен әскер ету ісі – тұтас бір өнер, мұны ақылы сай әрбір командир меңгеруге, талап етуге міндетті. Офицер – психолог, адам жанын танығыш болуға тиіс. Әрине, сауатты, жан-жақты ысылған, өскелең болу оның борышы, өйткені офицерлік қасиеттің мәнісі де осында. Әскери атақ алу және қызмет жөнінен жоғарылап өсіп отыруға талаптанудың орнына, ең алдымен әскери және басқа мәдениет жағынан өсіп отыратын болу керек. Қызмет жөнінен жоғарылау офицердің өз ісіне қарай әділ сыйлық ретінде болып отырды».

Еңбектерге талдау барысында Бауыржан Момышұлының адамды жақсы танытындығы анық байқалды. Ол жүректегі сырды білгіш адам. Өзіне бағынышты адамның кілт еткен мінезі, ауыздан шыққан сөздің түрі, көздің құйылысы одан қашып құтыла алмайды. Батырдың адамды тани алатын қасиетін «Адам қайраты» атты жинағындағы «Жон арқа» атты әңгімесінен анық көруге болады. Әңгімеде Бауыржан Момышұлы: «Сыртқа сыр бермеу оңай емес: айнала оны аңдып, сынап тұрса, ол айналаны аңдып, арбап сыр білдірмеуге тырысады. Ол үшін ол алдымен көз қарасы мен бет өңін бұлжытпай бір қалыпта ұстауға үйренеді, дағдыланады. Кей кезде сезілер-сезілмес сәл дірілдеген қол қимылы көз бен бет жасырған ішкі сезімді айқындай сүйексіз қызыл тілдің өтірігіне айғақ боп шыға келеді. Әсіресе адамның иығы мен жон арқасы адамның ішкі сырын әшкерелеп қояды» деген тұжырым жасайды [8, 125 б.]. Әңгіме желісі бойынша, немістермен шайқас тоқталып екі жақта әбден шаршап, шалшық Л. өзенінің бойында қорғаныста жатқан кез. Бұл кезде Бауыржан Момышұлы полк командирі, қарамағына полкқа бір топ адамдар келіп қосылады. Сол адамдардың ішінде қимылы сергек, әскери әсем киінген жас капитан командирдің назарына түседі. Пысық, әрі әсем тұрпайына қарағанда ол қызмет жағына да шалағай бола қоймас деп ойлайды. Командирдің көзіне ерекше түскен капитан үшін де сын сағат туады. Бір топ жауынгерлерді дұшпанның ту сыртына жұмсау қажет болады. Оларға майданның шебінен өтіп, дұшпан қасынан документтер, адамдар қолға түсіріп алып келу тапсырылмақ. Командир көзіне ерекше түскен капитанды шақырып алып алдағы міндеттемені қояды. Капитан тапсырманы орындауға дайын екенін баяндап шығып бара жатқанда Бауыржан Момышұлының көзі капитанның иығы мен жон арқасына түседі. Капитанның иығы қомданып, жоны томпайып кеткен екен. «Көкіректің өрлігіне қорқа томпайған жон айғақ болады. Қорқаққа топты тапсыруға болмайды» деген ой командирге сап ете келеді және ол бірден капитан, вернитесь! деп бұйырады. Ол қайтып келіп тікесінен тік тұра қалады, екеуінде де үн жоқ. Маған орынбасарыңызды жіберіңіз бұл тапсырмаға сіз бармайсыз дейді Бауыржан Момышұлы. Орын-басары ұлты украин Миллярчук тапсырманы мұқият тыңдап жоғары дәрежеде орындап келеді. Арада біраз уақыт өткен соң, тапсырманы орындаған Миллярчук полк командирі болып тағайындалады, ал капитан болса, генералдың адъютанты болып қызметтерін жалғастырады. Бауыржан Момышұлы адамның бойындағы қабілетті анықтай алатын ерекше қасиеті осы әңгімеде керемет сипатталған [8, 128-129 бб.].

Бауыржан Момышұлы жоғары әскери нысананың жаратылысы туралы көп ойлайды. Оның бұл жөніндегі пікірлері былай айтылған: «Батырлық – жаратылыстың сыйлығы емес, белгілі мақсатты әскери тәрбиенің нәтижесі, патриоттық борышты орындау үшін қауіп алдында қарсы баруға өз-өзінді әдейі қорғаудың нәтижесі, шыншылдық, ұялу, намыстанумен және масқара болу сезімдерінен өзінің азаматтық абыройы мен қасиетін қорғай отырып, адам алға ұмтылады. Игілікті іспен жарыса отырып, игілікті істі ғана емес, қауіптілікті де достарымен бөлісуге тілеп адам алға ұмтылады, жауды қыру жолымен өзін және өз отанының адамдарын қауіпсіздендіруге талаптанады...» [7, 267б.]. Бауыржан Момышұлы батырлық туа бітпейді ол тәрбиемен келеді деген тұжырымдамасына талдау жасар болсақ, жастарымыздың барлық асыл қасиеттері мен өмірлік құндылықтары және жетістіктері тек тәрбие арқылы қалыптасып дамиты-нына көз жеткізуге болады. Батырдың Қазақстан жазушыларының біріне жазған жай бір хатында, 8-ші гвардия дивизиясы туралы жазылған пьесаны талқылай келіп, Бауыржан Момышұлы былай деп жазады: «Мен бұрын да айтқан болатынмын қазіргі соғыс мушкетерлер мен найзагерлердің соғысы емес Отан соғысының офицерлері XVI ғасырдың серілері емес... Сіз, толық өкімді офицерді – әкімші, соғыс ісін білгіш офицерді қайда қойдыңыз? Ең аяғы Панфиловты да жекпе-жек ұрыстың шебері етіп көрсетіпсіз. Тактика мен стратегияның не екендігін сіз қалайша ұқпай жүрсіз? Жұрттың бәрін қолына мылтық пен найза ұстаған солдат деп қарай беруге болмайды ғой. Біздің соғыс ғылымы қайда жатыр, оператив – тактикалық ой-пікірлер және жағдайдағы екі жақтың шын хәлі қайда жатыр?» деп пьесаны жазған жазушыға қатты сынға алады. Жазушылардың өзін соғыс туралы жазғанда шынайылық пен белгілі бір соғыс ережелерін сақтау керек екендігін дөп басып айта келе бұл жерде де жазушыларды оқырмандар алдына шынайы болуға әсерілеп жазудың қажеттілігі жоқ екенін ескертіп тәртіпке шақырғандай. Бауыржан Момышұлының ой

толғаулары мен шығармаларындағы тәрбиелік көзқарастарының маз-мұнын үш бағытқа бөліп қарауға болады:

➤ Ұлттық тәрбие: бала тәрбиесі бесіктен бастау алады яғни ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыпқа сүйене отырып тәрбиелеу (қазақтың ертегілері, аңыз әңгімелері, ұлттық ойындар, батырлар жыры, дастандар, тарихи оқиғалар халықтың сүйегіне сіңген дәстірлері).

➤ Патриоттық: Бауыржан Момышұлы барлық әңгімелері, проза, романдары ойдан шығарылмаған, яғни тәрбиенің қайнар көзі шындық кішкентай сәбидің, жас өспірім баланың, әскердегі солдаттың жүрегін жаулаудың бірден бір жолы шынайы болу және Отанды сүю.

➤ Отбасылық құндылықтар: тәрбиенің қайнар көзі отбасынан басталады. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің.....»

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошаққасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Халқымыз ұлын нарға, қызын арға балап, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құнды-лықтарды қалыптастырған.

Егер де, біз Бауыржан Момышұлының осы қадірлі қасиеттерін жастарға таныта білсек, ел арасында дәріптей білсек, тәрбиенің ең ұтымды түрі осы болмақ.

Талдау: Бауыржан Момышұлы шығармаларының негізгі тақырыбы жас жауынгерлерді ерлік-патриоттық, Отанын, елін-жерін сүюге тәрбиелеу, ұлттар достығы болды.

1943 жылдың желтоқсан айында ауыр жарақаттанған Бауыржан Момышұлы қысқа мерзімге демалу үшін Алматыға оралады. Бұл тұста батырдың атағы әлемге тарап, қазақ халқы да батырдың атақ абыройымен таныс болатын. Оның елге оралуы үлкен тарихи оқиға болды. Бұл сапарында Бауыржан Момышұлы ғұлама қаламгер М. Әуезовпен, жыр алыбы Жамбылмен жүздесіп, шексіз рухани рахатқа бөленеді. Мұнымен қоса Қазақстан жұршылығы батырмен қауышып, жер-жерде кездесулер ұйымдастырылды. М. Әуезов пен академик Қ. Сәтбаев бірлесе отырып, Қазақстан Ғылым академиясының ғимаратында соғыс тақырыбында лекция оқу үшін батырдың келісімін сұрайды. Батыр келісімін береді. Ақыры 1944 жылы 19-25 қаңтар аралығында академияның үлкен залында алты күнге созылған лекция басталып кетеді. Батырдың аузымен баяндалған лекциясы арнайы стенограммаға түсіріліп отырды [13, 187-188 бб.]. Лекциялар жинағы кейінен 1990 жылы Баурджан Момыш-Улы. Психология войны (Книга-хроника) Алма-Ата «Қазақстан» 1990. М.М. Мырзахметовтің құрастыруымен басылып шықты. Бұл кітап әскери-патриоттық тәрбие берудің қайнар көзі.

Бұл лекцияны ұйымдастырудың бірнеше себептері болғандығын аңғаруға болады. Біріншіден, шалғайда жатқан қазақ елі Москва түбінде болып өткен соғысты, тіпті жалпы соғыс жайлы мағлұматты батырдың өз аузынан естуге тиіс болатын. Бауыржан Момышұлы бір жағы қолбасшы ретінде, бір жағы сол соғысқа қатысушы ретінде барлық мәселелерге қанық болатын. Сондықтан ол болып жатқан соғыс жайлы ақиқатты баяндауды дұрыс санаған. Батырдың оқыған дәрісі көпшілік тыңдарманға оң әсер еткен-дігі мәлім. Екіншіден, бұл тұста соғыс тақырыбында қалам тартып жүрген қаламгер болған жоқ. Соғыс тақырыбында шығарма жазу үшін соғыстан хабардар болуы тиіс. Ал қаламгерлердің көбісі майдан шебін-де болуы себепті бұл тақырып ашық күйінде қалған болатын. М. Әуезовтің соғыс тақырыбында аса қы-зығушылық танытуы сондықтан еді. Бұған М. Әуезовтің лекция барысында: «Осыған дейін қалай айтып келсеңіз, солайша жүргізе беріңіз, біз бәріміз әскери адамдар емеспіз». Түсініктеме неғұрлым көп болған сайын біз үшін жақсы. Сізге белгілі нәрселер болып көрінсе де, бізге белгісіз. Біз әскери ғылымның, тіпті әліппесінен бастап білуге құштармыз», - деп тілек білдіргені осының дәлелі болса керек [15, 66-67 бб.]. Үшіншіден, ұлы соғыс үні әлемді билеп тұрған кезде оның ақиқат шындығын, анық-қанығын тірі куәгер-ден естіп, бар салмағын түсіну елдегі әдебиет, мәдениет қайраткерлері үшін ауадай қажет болды. Ел ішіндегі түрлі алып қашпа қауесет сөздер көптің үрейін тудырып, моральдық-психологиялық тұрғыда кері әсерін тигізіп жатты. Ал, тарих, мәдениет майданында жүрген тылдағы қайраткер тұлғалар үгіт-насихат жауынгерлері ретінде елдің ертеңге деген сенімін күшейту үшін осындай дәрістер тыңдау, содан рухани азық алу тым қажет болатын.

Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясы» жайындағы әңгіме-лекциясында Ұлы Отан соғысының тарихы, 8 гвардия дивизиясының Мәскеуді жаудан қорғаудағы ерлігі, генерал Панфиловтың соғыс ісін басқарудағы шеберлігі мен солдат психологиясын жақсы меңгерудегі білгірлігі, адамға деген ізгі жүрегі, әкелік қамқорлығы, солдаттар мен офицерлер арасындағы қарым-қатынас жайы ғылыми-психологиялық тұрғыда сөз болады. Еңбектің өзі айтып тұрғандай Бауыржан Момышұлы соғыс стратегінен гөрі майдан психологына көбірек ұқсайды. Бауыржан Момышұлы соғыстың, ұрыстың негізгі белгі-

лерін айта отырып, осы ұрыстардағы адам бойындағы қасиеттердің жүйесін жасап көрсетеді. Мәселен Бауыржан Момышұлы көзқарасында «Соғыста – адамға тән барлық жоғары және төменгі қасиеттер көрінеді» Бұл сезімдерді екі топқа бөлуге болады: Жоғарғы сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және т.б. Төменгі сезімдер: опасыздық. Ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу т.б. Адамды адамнан ажырататын белгісі оның рухани күші болып саналады. Ал, рухани күштің негізгі қайнар көзі, әрі қозғаушы күші «ақыл, сезім, ерік-жігерден» табылып жатады. Міне осы рухани күші мықты адам ғана майдан даласында үрейге бой алдырмай, психологиялық ауытқушылықтарға жол бермейді [15, 252 б.].

Қазақтың «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мәтеліне сүйенсек, «Егер бала жөргекте жатқан кезінен-ақ» анасын тыңдамай, бес жасынан әкесімен тайталасып, тілін алмай, бұзақы болып өссе, онда өсе келе одан сөзсіз жаман адам, жаман солдат шығады. Мұндай «жөргегінде антұрған адамды» қайта тәрбиелеу қиын да, ауыр міндет» деп, қайта тәрбиелеудің қиындығын айта келе, «балаға адамның, азаматтың бойындағы барлық жақсы, асыл қасиеттер ананың ақ сүтімен бірге берілу керек. Сонда ғана одан жақсы жауынгер шықпақ» дегенді айтады. Солдатты ерлікке тәрбиелеу мәселесіне ерекше тоқталады. Солдат болу, командирінің бұйрығын мүлтіксіз орындаудың психологиялық жағынан қаншалықты қиын екеніне ерекше тоқталып, «Біз солдатты соғыс жағдайында өзін қалай ұстауға күні бұрын дайындаймыз». Жеңіс үшін командирге темірдей тәртіп қажет». «Командирдің бұйрығы дұрыс па, бұрыс па» деп талқыға салып жатуға соғыс жағдайы көтермейді. Ал темірдей тәртіпсіз жеңіске жету мүмкін емес деген қорытынды жасайды. Соғыстың сұрапыл күндерінде халқымыздың дәстүрлері ерекше көзге түседі. Бауыржан Момышұлының «Ана әмірі» атты әңгімесінде батальон командирі Исламқұлов жаудың өршіп бара жатқан қатерлі минутында полк командирі Бауыржан Момышұлынан кейін шегінуге рұқсат сұрайды. Оған Бауыржан Момышұлы: «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді. Менің бұйрығым осы», деп қазақ мәтелімен жауап береді. Бауыржан Момышұлын тек қана соғыстың өзі емес, онда жасалған ерлік те емес, оны жасаған адамның адамгершілік дүниесі, кіршіксіз таза көңілі, қаһарман мінез құлқының қалыптасуы маңыздырақ болады. Батырдың шығармаларында Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Жалмұхаммед Бозжанов, Әкімгерей Қалиев, Мұхаметқұл Исламқұлов сияқты қазақ батырларының бейнесі ерекше суреттелген.

Лейтинант Исламқұлов кім? Оны Бауыржан Момышұлы мен не байланыстырып отыр. Лейтинант Исламқұлов 1906 жылы Шымкент губерниясының Арыс-Бадам өңірінде дүниеге келген, 1920 жылдары Ташкентте ашылған Орта Азия мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Кейінен бірнеше жерде жұмыс істеген, аудандық газетте, мектепте, губерния аппаратында. 1939 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тұңғыш редакторы болған Бейсенбай Кенжебаев оны осы газетке тілші қызметіне алады.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен «Социалистік Қазақстан» газетіне ауысып, соғыстың алдындағы екі жыл Алматыда қызмет етеді. 1941 жылдың шілдесінде Талғардағы жаңадан жасақталып жатқан, 316-атқыштар дивизиясына өз еркімен барып жазылады. Мұхаметқұл Исламқұлов үнемі басқа батальондағы взвод, рота командирі, штаб бастығы болып келгенімен, соғыс барысында бүкіл 41-жылғы шайқас барысында Бауыржан Момышұлының батальонымен үнемі көрші шепте иық тіресе айкасты [14].

Бауыржан Момышұлы Төлегеннің, Әкімгерейдің істеріне түрткі болған себептерге адамгершілік, инабаттылық қайнар көздеріне таң қалады да, олардың негізін бостандық пен тәуелсіздікті бәрінен жоғары бағалаған қазақ халқы өмірінің терең қатпарларынан ұлттық дәстүрлерден табады. Содан Исламқұлов шепті ұстап қалады. Кейін ол бұл мәтел ақ шашты анасының бұйрығындай көрінгенін айтады. Бауыржан Момышұлы естелігінде осы батальонның қоршауда қалып, жұбын жазбай, өздеріне қосылғаны баяндалады.

Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы батырлардың бірегейі Мәлік Ғабдуллин.

Мәлік Ғабдуллин 1915 жылы Ақмола облысы «Станлиндік Ту» колхозы, Зеренді районында кедей шаруа отбасында дүниеге келеді. Бұл жаңа әкімшілік бөлініс бойынша, ал ертеректе Көкшетау уезінің Дзертавский ауылы болған. Әкесі Елемесов Ғабдулла білімді адам болған. Бұл оның оқу сауаттылығының болғандығын аңғартады. Ол кезде көптеген қазақтардың оқу сауаттылығы болмаған. Анасы Әлия он баланы босанған тірі қалғаны тек Мәлік Ғабдуллин. Мәлік Ғабдуллин бір жарым жасынан бастап әже-сінің тәрбиесінде болады. Әжесі жеті жасқа келгенде әртүрлі ертегілер айта бастайды. Балалық шағын керемет естеліктермен еске алады. Мәлік Ғабдуллин ірі қазақ жазушысы және әдебиеттанушы ғалым. Ол жазушылық қабілеттері мен қызығушылығын ерте танытты.

1935 жылы Мәлік Ғабдуллин Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіреді. Әскери қызмет өткергеннен кейін (1935-1937) «Социалистік Қазақстан» газетінде жұмыс істейді. Ал, 1937 жылы

редактордың орынбасары лауазымын атқарады. 1938 жылы «Қазақстан пионері» тіл институтының және КСРО ҒА қазақ филиалы әдебиетінің ғылыми қызметкері. 1938-1946 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспиранты. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ Ғылым Академиясының Әдебиет және тіл білімі институтының директоры болып жұмыс істеді. 1946-1951 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ректоры, ал 1963-1973 жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Оның «Қазақ батырлар эпосы» атты ғылыми еңбегі 1972 жылы Ш. Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды [16]. Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин және оның күнделігінің жазбалары Ресей федерациясы Мәскеу қаласы, Ресей Ғылым Академиясының Ресей тарихы саласындағы ғылыми-зерттеу институтының мұрағатында және "тарихи мұрағат" журналында толық жарияланған. Мәлік Ғабдуллинге қатысты архивтегі құжат кеңестік, қазақстандық және ресейлік тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дина Ахметжановна Аманжолованың "Мен әдебиетті шын жүректен қолдаймын". Кеңес Одағы батыры М.Ғабдуллин әңгіме жазбасынан 1943 жыл атты мақаласында жарық көрді.

Бауыржан Момышұлы шығармаларында көзге ерекше түсетін нәрсе оның сезімтал нәзік психолог екендігі. Оның «Жонарқа» деген шағын әңгімесінде бір капитанның қорқақтығы сезіліп қалады да, Бауыржан Момышұлы оны барлауға жібермейді. Сырттан қарағанда капитан тәртіпті көрінсе, жауапты тапсырма кезінде еңсесі түсіп, ішкі сырын көрсетіп алады.

4. Памятники в центре тюркского кагана Кумай — Акмолинская правда (apgazeta.kz) <https://apgazeta.kz/2015/09/12/pamyatniki-v-centre-tyurkskogo-kagana-kumaj/?ysclid=lnu36jo1k4280242391>
5. Археологи обещают сенсацию — Акмолинская правда (apgazeta.kz) <https://apgazeta.kz/2022/02/10/arheologi-obeshhayut-sensacziyu/?ysclid=lnu3bfzdzt326300149>
6. Колпаков Е.М. Классификация в археологии. - СПб.: ИИМК РАН, 2013 – 251с.
7. Маргулан, А. Х. Сочинения: в 14-ти т./ А. Х. Маргулан; гл. ред. Н. А. Назарбаев; сост.; Д.А.Маргулан ; предисл. Н. А. Назарбаева. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001 - 2010.
8. Досымбаева А., Нускабай А., Бондарев М. Тюркский культурный комплекс Кумай. Вопросы изучения и сохранения наследия в ландшафте казахской степи / Маргулановское исследование – 2011: матер. международный. археол. конф. – Астана: Еңбек. Л.Н. Гумилева, 2011. – С. 236-241.
9. Казахская Советская Энциклопедия. - Алма-Ата, Главная редакция Академии наук Казахской ССР, 1974. - 702 с.
10. Акмола. Энциклопедия / гл. ред. Р. Н. Нурғалиев. - Алматы: Атамұра, 1995.- 399 с.
11. Досымбаева А. Уникальное наследие тюрков из коллекции Бекета //Мәдени мұра. Культурное наследие. - 2008, №5-6 - С. 44-49.
12. Досымбаева А. Батыс Түрк қағанаты. Қазақ даласының мәдени мұрасы. - Алматы, 2007. - 168 б.
13. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей. - Новосибирск, 2004. - 132 с.
14. Худяков Ю.С., Табалдиев К.Ш. Древние тюрки на Тянь-Шане. Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН, 2009. - 292 с.
15. Досымбаева А., Нускабай А. Тюркский археолого-этнографический комплекс Кумай. Астана: 2012. -146 с.
16. Хабдулина М.К. Ақмола өңірінің мәдени мұралары: жаңа зерттеулер/Культурное наследие Акмолинской области: новые исследования.- Астана: Акмолинский областной историко-краеведческий музей, 2021-105с.
17. Мухаммадеева Р., Мухаммадеева И., Еңглісова Г., Қусаинова У., Жұматай С. Трехмерные технологии в исторических исследованиях // Вопросы истории. - 2024. - №5. - С.136-145. DOI: 10.31166/VoprosyIstorii202405Statyi09.

References:

1. Tokaev K-Zh.K. Independence is above all <https://kazpravda.kz>
2. The concept of cultural policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027 <https://www.gov.kz>
3. The program "Rukhanizhangyru" <https://www.gov.kz>
4. Monuments in the center of the Turkic kagan Kumai — Akmolinskaya Pravda (apgazeta.kz) <https://apgazeta.kz/2015/09/12/pamyatniki-v-centre-tyurkskogo-kagana-kumaj/?ysclid=lnu36jo1k4280242391>
5. Archaeologists promise a sensation — Akmola Truth (apgazeta.kz) <https://apgazeta.kz/2022/02/10/arheologi-obeshhayut-sensacziyu/?ysclid=lnu3bfzdzt326300149>
6. Kolpakov E.M. Classification in archaeology. St. Petersburg: IIMK RAS, 2013 – 251p.
7. Margulan, A. H. Works: in 14 volumes/A. H. Margulan; chief editor N. A. Nazarbayev; comp.; D. A. Margulan; preface by N. A. Nazarbayev. - Almaty: Dyke Press, 2001 - 2010.
8. Dosymbaeva A., Nuskabai A. Turkic archaeological and ethnographic complex Kumai. Astana: 2012. - 146 p.
9. Kazakh Encyclopaedia Sovietica. - Alma-Ata, Principale munus editoriale Academiae Scientiarum Kazakh ssr, 1974. - 702 p.
10. Akmola. Encyclopaedia / Editor-In-Dux R. N. Nurgaliev. - Almaty: Atamura, 1995. - 399 p.
11. Dosymbaeva A. The unique heritage of the Turks from the Beket collection //Madeni mura. Cultural heritage. - 2008, No.5-6 - pp. 44-49.
12. Dosymbaeva A. Batys Turk kaganaty. Kazakh dalasyn madeni murasy. - Almaty, 2007. - 168 p.

13. Ermolenko L.N. Medieval stone sculptures of the Kazakh steppes. Novosibirsk, 2004. 132 p.

14 Khudyakov Y. S., Tabaldiev K. S. Antiquae Turci in Tien Shan. Novosibirscum: Editae Domus Instituti Archaeologiae Et Ethnographiae SB RAS, 2009. - 292 p.

15. Dosymbaeva A., Nuskabai A. Turkic archaeological and ethnographic complex Kumai. Astana: 2012. -146 p.

16. Khabdulina M.K. Akmolaonirinmadenimuralary: zhanazertteuler/Cultural heritage of Akmola region: new research.- Astana: Akmola Regional Museum of Local Lore, 2021-105p.

17. Mukhamadeeva R., Mukhamadeeva I., Englisova G., Kusainova U., Zhumatai S. Three-dimensional technologies in historical research // Questions of history. - 2024. - No. 5. - P.136-145. DOI: 10.31166/VoprosyIstorii202405Statyi09

УДК 39(4/9)

МРНТИ 03.61.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.022>

Қ.А. Еңсенев*¹, Н.С. Пусырманов², З.К. Сураганова³

¹ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қазақстан, Астана қаласы. kanat-02-79@mail.ru

²Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Мемлекет тарихы институтының директоры, PhD. Қазақстан, Астана қаласы. Nurbekp89@gmail.com

³ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарих институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана қаласы. suraganova_zk@mail.ru

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ (XVIII-XIX ғғ.)

Аңдатпа

Бұл ғылыми-зерттеу мақаласында Қазақ қоғамындағы билер институтының XVIII-XIX ғасырлардағы қалыптасуы, дамуы және қызметі қарастырылған. Қазақ хандығы кезеңінде билер болған. Ол дәстүрлі қазақ қоғамның әлеуметтік жіктерінің бір тобын құраған. Яғни, әлеуметтік-саяси категория болып табылады. Билер қазақ даласында әр ғасырда өмір сүрді. Олар өздерінің ақыл-парасатымен ел басқаруға араласқан, аймақты немесе ауылды ұйымдастырып жүретін қабілетті адамдар болды. Әр кезеңде өмір сүрген билер заманына қарай елді басқарған. Тарихқа назар аударсақ, олар дәстүрлі қазақ қоғамында Қазақ хандығы құрылғаннан бері XV-XVIII ғасырлар аралығында елді басқарған әлеуметтік элиталық топ болды. Олардың статусы мен сословиесінде елеулі өзгеріс XVIII-XIX ғасырларда болған. Билер институты Патшалық Ресей империясының әкімшілік басқаруы кезеңінде өзгеріске түсті. Одан кейін Ресей империясының 1822 және 1891 жылдардағы саяси реформалары негізінде әкімшілік басқаруға тәуелді би және старшындар ретінде қызмет атқарғандары болды. Демек, қазақ халқының дәстүрлі қоғам-дық құрылысы өзгеріске ұшырады және бұзылды. Осы аталған қазақ қоғамындағы билер институтын әлеуметтік құрылым ретінде қарастыру үшін Отандық және шетелдік авторлардың еңбектері пайдаланылды және архив деректері, құжаттар жинағы ғылыми айналымға таптырылды.

Кілт сөздер. Қазақстан тарихы, Қазақстан, Ресей империясы, Билер институты, Би, Әлеуметтік жіктеліс, Әлеуметтік топ, Әлеуметтік категория, Элита.

Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX–XXI ғғ.)» (ЖТН № BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды

К.А. Енсенов *¹, Н.С.Пусырманов², З.К.Сураганова³

¹Ведущий научный сотрудник, кандидат исторических наук,
ассоциированный профессор Института истории государства МНВО РК
Казахстан, г. Астана, kanat-02-79@mail.ru

²Директор Института истории государства Министерства науки и высшего образования, PhD.
Казахстан г. Астана, Nurbekp89@gmail.com

³Ведущий научный сотрудник Института истории государства МНВО РК,
кандидат исторических наук, Казахстан, г.Астана.
suraganova_zk@mail.ru

ИНСТИТУТ БИЕВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ (XVIII-XX вв.)

Аннотация

В данной научно-исследовательской статье рассматривается становление, развитие и деятельность института биев в казахском обществе в XVIII–XIX веках. Бии являлись социальной категорией людей, участвовавших в управлении государством, которая выдвинулась в период существования Казахского ханства. Представляя особую группу из социально-политических слоев традиционного казахского общества, выполняющую в ней арбитражную функцию, институт биев существовал на протяжении многих веков. Обладая специальными полномочиями, они участвовали в государственных делах, организовывали управление аулами и аймаками. В разные периоды истории Казахстана бии играли значимую роль в обществе и государстве. Если обратить внимание на процесс развития традиционного казахского общества бии представляли в нем группу социально-политической элиты, правившей страной с момента основания Казахского ханства между XV–XVIII веков. Существенное изменение их статуса и сословного положения произошло в XVIII–XIX веках. Последующие политические реформы Российской империи 1822 и 1891 годов, поставили их в зависимое положение от царской администрации. Таким образом, традиционная социальная структура казахского народа претерпела изменения и была разрушена. Для рассмотрения института биев в казахском обществе как социально-политической структуры были использованы труды отечественных и зарубежных авторов, а также в научный оборот введены архивные материалы и сборники документов.

Ключевые слова. История Казахстана, Казахстан, Российская империя, Институт биев, Би, Социальное разделение, Социальная группа, Социальная категория, Элита.

Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Эволюция политических институтов и структур в истории Казахстана (XIX–XXI вв.)» (ИРН № BR21882308)

K.Yensenov^{*1}, N.Pussyrmanov², Z.Suraganova³

¹ Leading researcher, candidate of historical sciences (PhD), associate professor of the Institute of State History Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan Kazakhstan, Astana city. kanat-02-79@mail.ru

² Director Institute of State History of the Ministry of Science and Higher Education, PhD. Astana, Kazakhstan. Nurbekp89@gmail.com

³ Leading researcher of the Institute of State History of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences (PhD), Astana, Kazakhstan. suraganova_zk@mail.ru

INSTITUTE OF BIYS IN KAZAKH SOCIETY (XVIII-XIX centuries)

Abstract

This research article considers the formation, development and activity of the institute of biys in the Kazakh society in the XVIII-XIX centuries. Biys existed during the period of the Kazakh khanate. Representing a special group of socio-political strata of the traditional Kazakh society, performing arbitration function in it, the institution of biys existed for many centuries. Having special powers, they participated in state affairs, organized the management of auls and aimaks. In different periods of the Kazakhstan history, biys played a significant role in the

society and the state. If we pay attention to the process of development of traditional Kazakh society, biys represented in it a group of socio-political elite that ruled the country since the founding of the Kazakh khanate between XV-XVIII centuries. A significant change in their status and class position occurred in the XVIII-XIX centuries. Subsequent political reforms of the Russian Empire in 1822 and 1891 put them in a dependent position on the tsarist administration. Thus, the traditional social structure of the Kazakh people underwent changes and was destroyed. To consider the institute of biys in the Kazakh society as a socio-political structure, the works of domestic and foreign authors were used, as well as archival materials and collections of documents were introduced into the scientific turnover.

Keywords. History of Kazakhstan, Kazakhstan, Russian Empire, Institute of Biys, Bi, Social division, social group, social category, Elite.

The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. BR21882308) within the framework of program-targeted funding «Evolution of political institutions and structures in the history of Kazakhstan (XIX–XXI centuries)».

Кіріспе.

Қазақ қоғамында билер билеуші сұлтандардан бір саты төмен қоғамда орын алған рулық дәулетті адамдардың ірі өкілдері болды. Сұлтандардың билігі олардың байлығы мен ақсүйектерден шыққанына байланысты болса, билер тобының ықпалы қараша ішінен шыққан өз дарынымен танылды: салт-дәстүрді білу, сөз дауларында тапқырлық, қауымдастықтардың мүдделерін қорғау, қолдау қабілеті және тағы басқаларында ерекше көрінді.

Сол кездегі қазақ еңбекшілерінің қоғамдық қатынастардың ерекшеліктері, сана-сезім деңгейі мен таптық жетілуі. Билер институты экономикалық және саяси өмірде өте маңызды әсер еткен жағдайларда, қоғамдық қатынастар негізінен ежелгі әдет-ғұрып нормаларымен реттелген заманда ереше рөл атқарды. Бұл билерге адамдар кеңес алу үшін хабарласып, қауымдастық мүшелері арасында туындаған келіспеушіліктерді шешуді сұрады. Осының бәрі осы дәулетті әлеуметтік топ өкілдерінің саяси көтерілуіне әкелді.

Бұл жерде билердің әлеуметтік рөлі мен сипатын көрсету кезінде осы жайттардың біреуіне ғана тоқталу қиыншылықтар тудыруы мүмкін екенін айту керек. Кейбір зерттеушілер билердің шешендік өнеріне, түрлі афоризмдеріне, сотта, жарыстарда, тапқырлықтарына назар аударған. Олардың таптық болмысының белгілі бір әлеуметтік топ ретінде әлсіреуіне әкелді. Бұл ретте зерттеушілер билерге тән ауызша халық шығармашылығын, ең алдымен, тұлғалық тамаша қасиеттердің: шешендік, тапқырлық, асқан білім иелері деп атаған. Билер шын мәнінде қазақ ауыз әдебиетінде осындай баға алған.

Шешендер мен билер халқымыздың тарихында маңызды орын алатыны сөзсіз. Олардың ішіндегі ең көрнектілері үш би: Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би. Олар Ежелгі Римдегі Цицерон сияқты мемлекеттік міндеттерді, соның ішінде билер сотын да қолданды, сол арқылы Ұлы дала демократиясының принциптерін өз әрекеттерімен бекітті. Оларды қазақ халқының тарихи маңызы бар тұлғаларының қатарына шығарған, ең алдымен шешендік өнер болды.

Тарихи материалдардың жан-жақты сараптамасы негізіне назар аударсақ, көшпелі тұрмыс-тіршілік үрдісіне сүйенген қоғам жағдайындағы билер институты - мұрагерлік заңына негізделген дәстүрлі бекздалық билік, хандық институтына қарағанда, халықтың қайнаған ортасының өзі тарихи қалыптас-тырып шығарған демократиялық билік тұтқасы ретінде бағалана алатын Билер институты – дәстүрлі билік құрылымы деуге тұрарлық. Өзінің XVIII-ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін билер институты бірнеше сатыдан өтті.

Өзектілігі. Қазақ қоғамындағы билер институты әлеуметтік құрылым ретінде түркілік кезеңнен бастау алады. Билер институты бірнеше ғасыр қалыптасу және даму кезеңдерінен өткен. Олар туралы тарихи мәліметтер Қазақ хандығы құрылған замандардан да байқалады. Бірақ, Билер институтының биік дәрежеге көтерілген уақыты XVIII ғасырда көрініс берген. Сондықтан, қазақ қоғамындағы билер институтын дәстүрлі билік институтының құрамды бөлігі ретінде қарастыру және зерттеу аса маңызды мәселе болып табылады.

Материалдар және Методология.

Материалдар. Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) және Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архивінің (ГИАОО) деректері жинақталып, Қазақстанда жарық көрген «Материалы по истории политического строя Казахстана» жинағы пайдаланылды. Сондай-ақ, Қазақстанды Ресей империясының отарлауына байланысты жазылған шетелдік және отандық ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасау іске асырылып, оларға сілтемелер жасалынды. Осы

бағыттағы құжаттар жинақтары мен деректер жинақталып, ғылыми мақаланы дайындауға пайдаланылды.

Методология.

Ғылыми-зерттеу тақырыбына нысан ретінде алынған «Билер институтын» әлеуметтік категория ретінде қарастыру, зерделеу аса маңызды мәселе болып табылады. Тарих ғылымының теория-методологиясы бойынша қоғамдағы әлеуметтік топты зерттеудің өзіндік ұстанымдары бар. Мысалы, В.Н. Смоленскийдің «Теория и методология истории» атты еңбегінде қоғамдағы әлеуметтік топты қарастырудың өзіндік жолын атаған. Тарихи зерттеуде ең маңыздысы тарихи принцип және жүйелі тұрғыдан зерттеу мәселесін көрсеткен.

Тарихи білім құрылымында тарихшылдық принципті мәнге ие. Ол тарихи білімнің объектісі – тарихи қызметтің бірегейлігімен тудыратын іргелі белгілерін білдіреді. «Тарихшылдық» терминін, мәселенің теориялық тұжырымдалуын және тарихи білімнің оның даму барысындағы тарихи білімнің жинақтауы, тарихшылдық принципін түсінудің ғылыми негізін құрайтын ойлаудың қасиеттерін, әдістерін және белгілерін ажырата білу керек. Әрине, әдістемелік мәселелер мен принциптерді алға қоюдың басқа да жағдайларындағыдай тарихшылдық мәселесін тұжырымдау. Тарихшылдық принципіне деген көзқарас және оны түсіну әртүрлі болды.

Тарихшылдық принципі әлеуметтік ортадағы құбылыстардың сипаты мен бірегейлігі туралы идеялармен түйінделеді. Бұл идеялардың дамуы тұтастай алғанда тарихи білімнің маңызды құрамдас бөлігі болды және бұл нақты тарихи зерттеу тәжірибесінен ажыраған абстрактілі теориялық талдаудың саласы емес еді. Оның үстіне тарихшылдық туралы дамытатын идеялардың мазмұнын құрайтын және оның мағынасы, мәніне жетелейтін ойлау белгілері мен ерекшеліктерінің қалыптасуына негіз болады [1].

Қазақ қоғамындағы «Билер институтын» зерттеген тарихшы-ғалым А.И. Оразбайеваның пікірінше, қарастырылып өткен ғылыми болжамдардың айналып келгенде бір ғана пікір төңірегінде тоқайласып жатқанын байқау қиын емес. «Би» сөзі ежелгі түркінің «бек» сөзінен бастау алады да, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету» ұғымдарын білдіреді [2], - дейді. Демек, Билер институты кезінде елді басқаруға қатысқан әлеуметтік-саяси категорияға жатады. Сондықтан, саяси билік институтының бір тобы ретінде оның эволюциялық дамуын және өзгеріске ұшырауын жеке зерттеу қажет.

Бақылау және талқылау.

Қазақтар арасындағы билер институтын зерттеу тарихындағы ғылыми негіз отаршылдық әкімші-ліктің практикалық мәселелерін шешуге негізделген. Әртүрлі дәрежедегі шенеуніктердің зерттеулері қазақтардың құқықтық мәдениетін бейнелеуде сипатымен ерекшеленеді.

Билер институтын зерттеудің отандық негізін салушы ретінде Ш.Ш. Уәлиханов («Сот реформасы туралы жазба») арқылы белгілі болды. Сол уақытта зерттеушіні алдағы сот реформасына байланысты бірқатар мәселелер қатты толғандырды. Ол даладағы дәстүрлі сот жүйесінің жұмысын жақсы білетін байырғы халықтың өкілі ретінде қайта құрудың келеңсіз зардаптарын болдырмауға, оның ішінде ауыр қылмыстарды (кісі өлтіру және тонау) қарастыру қажеттігі туралы мәселелерді шешуге тырысты. «Ресей заңдары бойынша», барымта, өтемақы төлеудің халықтық дәстүрі туралы, сот отырыстарын сырттай емес, Омбыда өткізуге басымдық беру туралы, алқабилерді таңдаудағы бейтараптық туралы, отбасылық-некелік істерді дін қызметкерлерінің қатысуынсыз қарау туралы. Оның пайымдауын қорытындылай келе, Ш.Ш. Уәлиханов билер сотын өміршең институт ретінде сақтауды жақтайды, өйткені «Билер соты 40 жыл Ресей ықпалына қарамастан, бізден жүздеген, мүмкін мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сол күйінде қалды. Сондықтан халықтың ішкі инерциясы да, орыс институттары мен заңдарының ықпалы да оның ежелгі және қарапайым формаларын өзгерте алмады» [3], - деп өз ойын ашық айтқан.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерге назар аударсақ, билер институтындағы ғылыми қызметкерлердің бағалары әртүрлі болды. Егер С.Е. Толыбеков заман рухына сай қазақ билерін «архиреакционерлер», өз мүддесін көздеген қазақ халқын тонаушы, қанаушы ретінде сипаттайды. Сондай-ақ, ғалым осылайша өз тобының мүддесін заң саласында ғана емес, дипломатиялық салада да қорғауға, Ресей билігімен хат алмасуға қабілетті қазақ билері институтының көп функционалдығын көрсетеді [4].

Кеңестік ғылыми парадигмаға сәйкес заңгер, ғалым С.З. Зиманов билерді мыңдаған жылқы иелеріне, көшпелі патриархалдық топтарға толық үстемдік еткен феодалдық таптың ірі өкілдеріне жатқызды. Ол қазақ қоғамында билерге тиесілі сот билігінің маңызы ерекше болды. Олар басқару жүйесіндегі биліктің жетекші түрі болды [5], - деп жазды.

Қазақстандық тарихшы-ғалым А.И. Оразбаева кейін тәуелсіздік кезеңінде бұл жағдайды былайша сипаттайды: «Қазақтар үшін ерекше қасіретті болған XVIII ғасырда билер институтының өкілдері өз халқының мүддесін қорғауға үлес қосып, негізгі келіссөздер мен дипломаттар қызметін атқарды» [6], - деп

оң бағасын берген.

Қазақ қоғамындағы билер туралы М.Т. Күлтелеев: «Қазақстан Ресейге қосылғанға дейін билер сот қызметімен қатар жергілікті әкімшілік билік қызметін де атқарды» [7], - дейді.

Хан билігінің жойылуы жағдайында билердің саяси ықпалының өсуіне тоқтала отырып, С.З. Зиманов XIX ғасырдың басындағы жеке артықшылық пен билік жеке атағын мұрагерлік институтқа айналдыру әрекеттеріне назар аударады [5, 197]. Бірақ, Ресей империясы әкімшілігі үстемдік құрған уақытта билер институты ыдырай түсті.

Ресейлік тарихшы, ғалым Р.Ю. Почекаев Қазақстан Ресей империясының құрамында болған кезеңдегі құқықтық мәдениеттің жай-күйін зерттей келе былай деп жазды: «1731-1917 жж. қазақ даласында «бірегей құқықтық жағдай дамыды: онда төрт құқықтық жүйеге дейін қолданылды: әдет-ғұрып, хандық, мұсылмандық және орыс империялық құқығы», олар 1860 жылға дейін қатар жүзеге асырылды, бұл «көріністің» жарқын және қызықты мысалы болды. империялық типтегі көпұлтты мемлекеттерге, сондай-ақ дәстүрлі құқық отбасына жататын мемлекеттерге тән құқықтық жүйе болды» [8].

Жапон тарихшысы П.Сарторидің пікірінше, отарлыққа дейінгі дәуірде өлкенің негізгі қалаларын қоршап жатқан көшпелі халық үшін тағайындалған билер ру басы қызметін де, адатқа негізделген сот билігі қызметін де атқарып, мемлекеттің бақылауында болған. Олардың атқарған қызметтері басқа тағайындалған дворяндармен бірдей мәртебеге және салықтық жеңілдіктерге ие болды [9], - деп жазды.

Би - дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық билік иесі. Зерттеуші В.В. Бартольдтың пікірінше, «би» сөзі шамамен XIV-XV ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық-тілдік реңкінен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған.

Билер мен батырлар хан-сұлтандардың билігін белгілі бір дәрежеде шектеп отырды. Сол арқылы олар өздерінің әлеуметтік-саяси статусын нығайтып, абырой-беделге кенелді. Әйтсе де, ерекше әлеуметтік жік ретінде билерді тарих сахнасына шығарған рулық құрылым өзіне субэтникалық әлеуметтік топтарды тарта отырып, қоғамды ұйымдастырушылық, мемлекеттілік нышандарын нығайтушылық қызметін атқарды. Мұрагерлік салтымен дала жұртын ғасырлар бойы билеген Шыңғыс хан ұрпақтары – төрелер тұқымы хандық биліктің бұжымауы үшін билердің әкімшілік, әлеуметтік-саяси және мәдени рөлімен санасуға тиіс болды.

Ел ішінде биліктілігімен, қара қылды қақ жарғатын әділдігімен, тура жолдан таймайтын адалдығы-мен даңқы тараған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер және тағы басқа билер «Билер кеңесінің» құрамына енді. Олар нақты тарихи әлеуметтік ахуалға қатысты жол-жоба белгілеп, заңи жосындар қабылдады, мәні ескіріп, маңызы кеміген қағидаларды елдік мүдде тұрғысынан қайта қарап, жаңасын қолданысқа енгізіп отырды. Тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына, әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер енгізе алған [10].

Тарихшы, ғалым Е.Бекмахановтың пікірінше, қазақ қоғамындағы билер айрықша құқықтық және экономикалық артықшылықтарға ие билеуші топ өкілдері. Ақсүйек тұқымы боп есептелетін сұлтандармен салыстырғанда билер көшпелі қауымның өз ортасынан шыққан ру-тайпаның игі-жақсылары. Ру-тайпалық құрылымға негізделген дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру мен ру, тайпа мен тайпа, жүз бен жүз арасындағы шаруашылық-экономикалық себеп-салдарлы қақтығыстарды реттеп отырушы бірден-бір күш — билер институты болған-ды. Іс жүзінде қазақ қоғамындағы «ақсүйек», «қарасүйек», «төре», «қараша» құрылымдары мен «сұлтан», «би», «батыр», «бай», «төлеңгіт» тәрізді әлеуметтік категорияларды алғаш рет талдаған [11].

Билер терминінің шығу тегі, оның әлеуметтік мазмұны және би тұлғасы қазақтың дәстүрлі қоғамындағы орталық, маңызды тұлғалардың бірі болғанымен, онсыз қоғамның дамуы мүмкін емес еді, оның шығу тегі мен әлеуметтік қызметтерінің ауқымы туралы мәселеде әлі де ортақ пікір жоқ. «Би» терминінің этимологиясы туралы мәселе бұрыннан пайда болды және ұзақ уақыт бойы ғылыми әдебиетте пікірталас тудырып келеді, бұл терминнің екіұштылығын көрсетеді және өз кезегінде тарихқа белгілі бір тарихнамалық шолу қажет. Оның шығу тегі мен қазақ қоғамында би атағы кең тараған. Оның шығу тегі Дешті Қыпшақ қоғамының қазаққа дейінгі өткен дәуірінде жойылған – «би» әлеуметтік категориясы бұрын Алтын Орданың құрамында болған бірқатар түркі халықтарының арасында кездеседі. Би атағын бек атағымен қатар өзбек текті руының өкілдері көтерді. Бұл атақ мұрагерлік немесе арнайы хандық марапат арқылы ие болуы мүмкін. Бүгінгі таңда тарихи-құқықтық әдебиеттерде «би» терминін түсінудің бірнеше жалпы сәйкес келетін көзқарастары пайда болды [12].

Қазақ би-шешендерінің ел арасындағы саяси қызметін сөз еткен тұста, билік пен шешендік қазақ

даласында ежелден бірге қалыптасқан дәстүрлі құбылыс екендігін айту керек. Өйткені би мен шешен халық ұғымында бірінен-бірі ажырағысыз тел түсінік. Бисіз – тапқыр шешендікпен айтылатын көркем төрелік сөз болмақ емес, шешен сөйлей алмайтын адам – би болмақ емес. Екеуіне бірдей тән қасиет – белгілі бір үрдіс, дәстүрлі рухани принциптерге бағынушылық. Сондықтан, елдің би-шешендері оны тек өнер деп қарамай, әлеуметтік-саяси феномен ретінде мойындап, дала демократиясын қалыптастырып, әлеуметтік-саяси тұтастықты барынша орнықтыруға барынша ат салысқан.

Би атағы мұрагерлік заңымен берілетін лауазым емес. Көшпелілер мәдениетінің ерекше қыры – шешендік өнерді меңгермейінше, тек әдет жосындарын жетік біліп, әділет принципін ұстану арқылы ғана би атану, ел сенімін иелену мүмкін болмаған. Халық арасында бір ауыз сөзбен құн шешіп, жалғыз уәжбен дау шешкен ділмәрлардың аты ардақталып, төрелік істері үлгі-өнеге тұтылған. Қазақ қоғамында әлеуметтік билікке ие топ билер болды. Олар қазақтардың барынша беделді бөлігі еді. Билер өздерінің тапқырлығымен, шешендігімен, дәстүрлі әдет-ғұрып құқықтарын жете білетіндігімен ерекше көзге түскен [13].

XVII-ғасырдың соңғы ширегі - XVIII ғасырдың басы қазақ қоғамында билердің әлеуметтік-құқықтық салмағы арта түскен кезең еді. Оның негізгі екі себебі бар болатын. Біріншісі, таптық қанаудың күшеюі, соған байланысты феодалдық таптық қатынастардың одан ары шиеленісе түсуіне сай қоғамда сот қызметін атқарған билердің саяси рөлі жаңа сапаға көтерілген болса, екіншісі, ірі феодалдық топтардың, әсіресе сұлтандардың билік үшін өзара күрес барысында хандық биліктің билерді өзінің әлеуметтік тіре-гіне айналдыруға ұмтылуы еді. Бұл екі бағытта да билердің әлеуметтік рөлінің бұрын болмаған дәрежеге көтерілуі Тәуке хан заманына тұс келді. Билер мемлекеттің құқықтық қатынасын бір жүйеге келтіруге тікелей атсалысып, ірі сұлтандар мен билердің жікшілдік әрекетіне аз уақытқа болса да шек қоя білді. Соған байланысты қазақ қоғамын Тәуке хан билеген жылдар (1680-1718) халық жадында үш би (Төле, Қазыбек және Әйтеке), бір хан басқарған тарихи кезең болып енді.

Көшпелі қоғамдағы, әсіресе оның ерте және орта даму кезеңдеріндегі би қызметін бір жақты қарауға болмайды. Билер институты, әрине, алдымен феодалдық тәртіпке қызмет еткендігі даусыз. Сонымен бірге, билеуші топ билер ықпалының қуатты болуы үшін билік орынға арақидік төменгі әлеуметтік таптардан шыққан, халық мойындаған адамдарды да тартуға мәжбүр болған [14].

Қазақ қоғамының дәстүрлі нормалармен тығыз астасып жатқан қазақтың әдет-ғұрып құқығы рулық жүйе, жалпы, көшпенділердің өмірін анықтады. Ерекше қазақ халқының дәстүрлі сот төрелігінің ерекшеліктері: соттың барлық деңгейіндегі жалпы қорғау процесі, билер институтының үлкен маңызы, соттың жариялылығы мен ашықтығы, қақтығысқа қатысушы екі тараптың да судьяны еркін таңдау мүмкіндігі; сот тергеуін жүргізудегі демократиялық, арнайы шаралардың болмауы сот шешімдерін орындаудың мәжбүрлі аппараты, сайып келгенде дауласушы тараптарды татуластыру – қолдау тетігі болып табылады және қазақ көшпелі қоғамының тұрақтылығын, дамуын қалыптастырған. Осы аталған «Билер институты» бірнеше деңгейден тұрды.

Ең жоғары төрелік жасаушы «Төбе би» атағын үлкен жетістіктермен көзге түскен іріктелген билер ғана алды. Олар әділдігімен танылған халыққа қызмет көрсетуде даналықтарымен дараланғандар. Мұндай бидің билігі олардың ұлыстарының шекарасынан да асып кетті. Қазақ тарихында XVIII-XIX ғасырларда осындай «Төбе би» атағына жеткен Төле би, Қазыбек би және Әйтеке сияқты жоғары билердің есімдерін сақтап қалды. Одан кейін «Қатар» термині жоғарғы билерден басқа барлық билерге қатысты. Олар сот талқылауын жүргізуге тең құқықтарға ие болды. Сондай-ақ, әр руда «жеке» деген би болған. Ал, ел арасында жаңадан танылып келе жатқан жас билер де болған. Мысалы, «Бала би» атағын алуға үміткер жас болуы мүмкін қарапайым заң негіздерін терең меңгеру арқылы құрметті атаққа ұмтылды. Жас азаматтар аға билердің (кейде сенім білдірген, сотқа қатысуы жастарға алған білімдерін іс жүзінде дәлелдеу), дағдыларды еркін жаттықтыру арқылы және кәсіби өскен сайын, білім мен тәжірибе жинақтау, сәйкесінше бала биді мойындау мүмкін болып, жоғары санатына өсетін болған [15].

АҚШ тарихшы-ғалымы Дж. Демко «Орыстардың қазақтарды отарлауы» атты еңбегінде: «1865-1896 жылдар аралығында орыс үкіметі қазақтарға өз үстемдігін күшейтті және өлкеде басқаруда ыңғайлы саяси бірлестіктер ұйымдастырды. Әкімшілік функцияларды іске асыру үшін жаңа қалаларды және жергі-лікті тұрғындардың ісімен айналысатын сот жүйесі құрылды. Қазақ даласында сан алуан маңызды өзгерістерге қозғау салынды, бірақ түбірлі оқиға енді-енді ғана басталуы керек еді. Қазақстанда Ресейдің толық үстемдік жүргізуі бұл өлкені шаруашылық отарлауына есігін айқара ашуының алғы шарттары болды» [16], - деп жазды.

Міне, осы отаршылдық кезеңде саяси билік институты қалай өзгеріске түскенін көру үшін бір ғана Көкпекті округінің құрылуы мен қызметіне тоқталайық. Көкпекті сыртқы округінің штаты 1844 жылы

сәуірде бекітілген. Оның құрамы 60 адамнан тұрды. Құрамына назар аударсақ, Аға сұлтан, орыстар тарапынан - 2 Заседатель, қазақтар жағынан - 2 Заседатель, 1 хатшы, 1 дәрігер, 1 аспаз, 3 аудармашы, 1 кеңсе қызметкері, 12 Болыстық басқарушылары және тағы басқаларының орындары нақтыланған. Осы жоғарыда аталған жарлықтан кейін Көкпекті округінің ресми құрылуы туралы құжатта Омбы қаласындағы Батыс Сібір Генерал губернаторлығында 1844 жылы 30 мамыр күні хабарланған [17].

Одан кейін Сібір Қырғыздарының (қазақтардың) Шекара басқармасы 1844 жылы құрылған Көкпекті округінің Аға сұлтаны, Заседательдері, билері, болыстары және старшындарына жеке-жеке мөр жасату үшін тізім жасаған. Оған назар аударсақ, әр адамға жеке мөрді күмістен жасау үшін 240 сом ақша жұмсалатындығы аталған [18].

Батыс Сібір Генерал губернаторлығының Шекара басқармасы 1844 жылы 26 қыркүйекте Штабс-Капитан, Аға сұлтан Қисық Тезековті жаңа басталған 3 жылдық мерзімге бекіткендігі жөнінде бұйрықты жолдаған [19].

1850 жылы 20 маусымда Батыс Сібір Генерал губернаторлығының Шекара басқармасы Көкпекті округіндегі Болыстықтар, оның басқарушылары және олардың жағдайы туралы рапорт жазылған. Сонда Аға сұлтандыққа сайлауға түскен Қисық Тезеков пен Рүстем Жангөбеков, одан кейін олардың төңірегіндегі адамдар туралы формуляр тізімдері толтырылған. Міне, осы тізімде сол уақытта Назар-Мұрын Болыстығының басқарушысы – Би Тана Тілемісовтің де есімі жазылған.

Архив деректеріне назар аударсақ, 1851-1853 жылдар аралығына Көкпекті округіне Аға сұлтандық лауазымға үшінші мәрте Қисық Тезеков (руы Кенже-Мұрын) сайланған. Оның 2 орыс және 2 қазақ тарапынан заседательдері де сайланған. Қазақтар тарапынан сайланған 2 Заседатель (Аға сұлтан орынбасарлары): Шерубай Құлов (*Тоқабай Кегенбай бидің немересі*), Қайқы Бекчурин және Болыстық басшыларының тізімі жазылған. Мұндағы 15 болыстықтың ішінде Назар-Мұрын Болыстығының басшысы – Би Тана Тілемісовтің де есімі аталған [20].

1852 жылы 17 қазан күні Батыс Сібір Генерал губернаторына Шекара Басқармасының бөлімшесі Көкпекті округіне қарасты 15 болыстықтың атауы және басқарушы лауазымды тұлғалары туралы мәлімет жолдаған. Онда Көкпекті дуанына қарасты болыстықтардың тізімі мен басшылары былай деп жазылған: 1) Көшік-Терістанбалы болысы. Болыс Басқарушысы – Досалы Майлыбаев; 2) Қондыбай-Буранайман болыстының басқарушысы – Би Қазыбек Өтеулинов; 3) Ақымбет-Сыбан болыстығының басқарушысы – Түйте Аталықов; 4) Буранайман болыстының басқарушысы – Бозай Шөкин; 5) Жебетей-Буранайман болыстының басқарушысы – Би Құттықожа Шүршітов; 6) Терістанбалы болысының басқарушысы – Би Көшер Құтықов; 7) Сарыжомарт болыстығының басқарушысы – Әлхан Тілеубердин; 8) Құттымбет-Мұрын болыстығының басқарушысы – сұлтан Әбілдә Сартов; 9) Қыдыр-Мұрын болыстығының басқарушысы – сұлтан Жошы Қалифин; 10) Қыржы-Мұрын болыстығының басқарушысы – Жәңгір Уәлиев; 11) Кенже-Мұрын болыстығының басқарушысы – Тәуекенбай Жәпеков; 12) Көнші-Мұрын болыстығының басқарушысы – Болат Барақов; 13) Бақы Тілес Матай болыстығының басқарушысы – сұлтан Айтхан Даутов; 14) Мұрын-Назар болыстығының басқарушысы – Би Тана Тілемісов; 15) Қараужасық болыстығының басқарушысы – Жангөбеков Асыл [21], - деп жазылған.

Ресей империясының реформаларына қатысты Шоқан Уәлиханов: «1862 ж. Ресейдегі сот жүйесін қайта құрудың негізгі ережелері сіздің тікелей жетекшілігіңізбен белгілі арнайы білімді шенеуніктер арқылы қаралуы керек, содан кейін осы негізгі ережелерге енгізілуі керек өзгерістер мен толықтырулар туралы сіздің ойларыңыз бен ескертулеріңіз болуы қажет. Оларды облысыңызға сеніп тапсырылған сот мекемелеріне және онда орналасқан өзге жұрттарға қолданып, сот бөлігіндегі негізгі ережелерге анағұрлым елеулі өзгерістер, Сібір қырғыздарына және басқа да шетелдіктерге қатысты сыналғанда ескерілуі керек, сот жүйесіндегі ықтимал өзгерістер туралы ақпарат пен ойлар қазақтарға және басқаларға алдағы уақытта өлкеге құрметті билер, сұлтандардан тексеру кезінде өзге заңдар мен сот әдет-ғұрыптарынан хабардар билер мен сұлтандардың қазақ даласына қолдану кезінде билер жағына жалпы негізгі ереже-лерге енгізілуі қажет өзгерістер мен толықтырулар туралы пікірлері ескерілуі қажет» [22], - деп ұсыныс жасаған.

Қазақ қоғамында билер билік айтып қана қоймай, сот ісіне де қатысқан. Билер сотындағы сот процесінің тағы бір ерекшелігі мұнда бидің қоғамдағы әдет-ғұрып құқығын өзінше талқылап, шешім шығаруға құқы болды. Бұл негізі құқықтағы ақаулар мен кемшіліктерді жойып, орнын толтыруға ескі заңдардың негізінде немесе өзінің ақыл ойы, ойлау қабілеті, әділдігі негізінде жаңа құқықтық нормалар шығаруға мүмкіндік берді. Осылай билер өздерінің билік шешімдері арқылы заман талабына сай келмейтін, яғни, уақыттың өтуіне байланысты ескірген құқықтық нормаларды басқа жаңа нормалармен ауыстыру арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығының өміршендігін қамтамасыз етіп отырды [23].

Би – көшпелі қазақ қоғамындағы сот ісінің басты тұлғасы. Халық билердің кесіміне жүгінуді жөн санаған. Қалыптасқан билер дауласушы жақтың дәнекершісі боп есептелген. XIX ғасырда Ресей империясының әкімшілігінің қызметкері болған орыс шенеунігінің мынадай сөздері сақталған: «В сознани народом звание бия принадлежит тем немногим, котрые отличались безукоризненной честностью, с природным умом соединяют глубкие познания в коренных обычаях народа, юрист или законовод его», - деп жазған. Яғни, мінсіз тазалығымен көзге түсіп, өзінің табиғи даналығымен салт-дәстүрлеріндегі терең таныммен ұштастыра білген ілуде бірі ғана халық санасындағы би лауазымына ие болған [24].

Билер қызметі әділ сотпен тығыз байланысты адамдардың ерекше тобына жатты. Тарихи далалық жағдайда соттық биліктің екі мағынасы болды – дауларды қарастыру және құқық түзушілік. Қазақ билері жерлер мен рулардың әкімшіліктерінен бөлек, тек қана әділ билер мен заңгерлер қызметін ғана атқарды. Бұл – қазақ билерінің алыс-жақын түркітілді елдердегі бек-билерден тарихи-құқықтық біліммен қатар Ұлы далада қолданылатын құқық жүйесін де жетік меңгеруі тиіс болды.

Қазақ құқығының нормативтік жүйесі үш сатыдан құралды: а) қысқа да, нұсқа ережелерден көрініс тапқан негізгі әділеттік-құқықтық институттар мен нормативтік қағидалар; ә) қазақ құқығына ойларды құрастырған хандар мен билердің атымен енген ірілі-ұсақты нормалары мен құқықтарының болуы [25].

Қазақ елінің ежелден қалыптасқан дәстүрлі құқығы бойынша сот ісін жүргізу тек елге танылған, әділ билігімен халқының көңілінен шыққан, дүйім жұртқа әділ ісімен, ақыл-парасат, айбарымен, шешен тіл, зерделі ой, терең біліммен, ешкімге ілдірмейтін сұңғыла іліммен танылған кісілігі кемел, ниеті ақ адал азаматтарға ғана жүктелген. Ал, бұл таңдау белгілі бір билік жүйесі арқылы жүзеге асырылмағаны белгілі. Керсінше, қазақ дәстүрлі қоғамы құқығы бойынша жәбірленуші, я талапкер қандай биді таңдап, қалай жүгінуді өзінің ішкі сенімі арқылы түйсігімен шешкен. Билер еш уақытта билеуші таптың қолшоқпары болмаған [26].

Билер, әдетте, бай, дәулетті адамдар болған. Бір жағынан, дәулеттің белгілі бір өкілдерінің би дәрежесіне көтеріліп, би атануына жағдай жасаған материалдық күш болды. Екінші жағынан, билер шешімдерінің тиімділігі билердің өздерінің беделі мен жеке ықпалына байланысты болған жағдайда тек меншік иелері ғана бола алмайды. Сондықтан билердің шыққан негізгі әлеуметтік ортасы көшпелі топтардың ішінде дамыған ірі ауқатты дәулетті топтар болды.

Қарапайым халық арасынан тайсалмай, қиян-кескі күресте, орасан зор қиындықтарды жеңіп, табиғи дарынының арқасында би атағын алғандары да болды. Мұндай фактілерді тарихтан белгілі, олардың кейбірі халық жадында, ауыз әдебиетінде сақталған.

Билер бағынышты ауылдар жайлаған көп жерлерді иемденді. Сонымен бірге, олардың жеке меншігінде кең көлемді қыстаулар мен шабындықтар болды. Билердің көпшілігі ірі мал иелері еді. Олар өздерінің, көбінесе үлкен жеке шаруашылықтарында тікелей өндірушілердің еңбегін пайдаланды. Сонымен қатар, билердің басшылығымен «қауымдық» жерлерде тұрған шаруа малшыларына белгілі бір міндеттер жүктеп, олар әртүрлі формада жүзеге асырылды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында билер Кіші жүз, Орта жүз және Ішкі Ордалардағы хан кеңестерінің құрамына билердің едәуір бөлігі кірді, олар хандардың саясатына елеулі әсер етті. Хан билігі жойылғаннан кейін билер сұлтандардың, әсіресе қоғамның саяси өміріндегі рөлін әлсірету арқылы өз орындарын нығайтуға ұмтылды. Бұл кезеңде билер біршама жетістіктерге жеткенін айту керек.

Билердің қоғамдағы ықпалының артуы қиын жағдайда болды. Бір жағынан хан билігінің жойылуы билердің ірі рулық бірлестіктердегі билікті басып алуына қолайлы жағдай туғызды. Екінші жағынан, патша үкіметі сұлтандықтың ықпалды тобымен күресу кезеңінде билерге арқа сүйегенімен, ескі қазақ қоғамындағы билердің позициясын нығайтуды мүлде мақсат еткен жоқ, әсіресе, олардан кем мүдделі емес еді. Олар сұлтандарға қарағанда ескі тәртіпті сақтаушы еді. Сұлтандар мен билер арасындағы келіспеушіліктер және патриархалдық әдет-ғұрыптарды сақтаушылар, билер мен сұлтандар арасындағы айырмашылықтар қоғамның ішкі құрылымының тәртібіне емес, негізінен саяси ықпал ету саласына қатысты болды. Қазақстандағы орталық билік сұлтандардың да, ескі билердің де ықпалын әлсірететін саясат жүргізді.

1822 жылы үкімет «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» қабылдап, оған сәйкес билердің лауазымдары сайланатын деп жарияланып, кейіннен мемлекеттік органдар бекіткеннен кейін билердің жағдайы күрделене түсті. Бұл қалың бұқараға би қызметіне жол ашты, рулық бөлімдерде қос биліктің ерекше жүйесі құрылды: ескі билермен бірге «таңдаулы» жаңа билер пайда болды [5, 193].

Билердің әлеуметтік рөлі мен қызметі сондықтан үш тармақпен сипатталады: біріншіден, бұлар ірі феодалдық дворяндардың өкілдері; екіншіден, билер көшпелі топтардың басында болып, олардың істерін басқарады; үшіншіден, олар судьялар.

Билер билігі – төрелік әкімшілік басқару рөлі төмендей түскен. Мысалы, Хандық билікті қалпына келтіруге күрескен Кенесары Қасымұлы тұсында билер өкілеттілігін шеттетіп, сұлтандар мен батырларға билік берген. Әсіресе, Патшалық отаршылдық пиғылмен жүргізген әкімшілік реформалар қазақ даласындағы дәстүрлі саяси құрылымды түбірімен өзгертті. 1822 жылғы реформадан кейін хандық билік жүйесі күйреді. Ал, Билер институты XIX ғасырдың соңына дейін формальді түрде өмір сүрді. 1854 жылдан басталған сұлтандар мен ру ақсақалдары қоғамдық сайлау арқылы, округ басшыларының бекітуімен алды. 1868 жылы 21 қазандағы «Далалық облыстарды басқару туралы ереже бойынша» Билер атағы уақытша, тек қызметтік лауазымды атқару барысында ғана берілетін болды. Ресей патшалығының қазақ даласын отарлау саясатын түбегейлі жүзеге асырған құжат – 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» дәстүрлі потестарлы билік жүйесін толық істен шығарып, билердің лауазымын жойды [10,319]. Міне, осылай қазақ қоғамындағы билік институтының бір тармағы «Билер институты» бірнеше ғасырлық өзгеріссіз қызмет жасап келе жатқан қалпынан Ресей империясының әкімшілік басқару реформалары кезінде өзгерістерге ұшырады. Соңында мүлдем ел басқарудан шеттетілген.

Қорытынды.

Қазақ қоғамындағы билер институтының дамуы мен қалыптасуына назар аударсақ, олардың түпкі негізі түркілік заманнан бастау алатындығын байқаймыз. Қазақ жерінде Қазақ хандығы құрылған уақытта да билер болды. Олар көшпелі дала демократиясы бойынша ел басқаруға қатысты. Елді хан мен сұлтандар басқарса, билер оларға көмекші, халықты ұйымдастырушы, тәртіпті сақтаушы, әдет-ғұрыпқа негізделген салт-дәстүр негізінде елді басқарған әділ төрелік айтушы адамдар болды. Ал, батырлар болса сыртқы жаудан қорғаушы және ішкі тәртіпті сақтаушы топтың қызметін атқарған. Міне, осылай қазақ қоғамында әлеуметтік жіктеліс бойынша әркім өз орынын білген. Қазақ елінде «Билер институты» елді басқару, сот істері және дипломатиялық миссияны да қатар атқарған. Жалпы, елдің ынтымағы мен бірлігін сақтаған дана билердің классикалық үлгісі XVIII ғасырда ерекше көрінді. Одан кейін XIX ғасырда да билер ел басқаруға қатысқан. Бірақ, Патшалық Ресей империясының әкімшілік жүйесінің ықпалымен билер институты ыдырады. Осындай қазақ қоғамында ерекше рөл атқарған «Билер институты» туралы зерттеулерді алдағы уақытта жалғастыру керек деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – Москва: Издательский центр «Академия», 2008. – С.141.
2. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 57 б.
3. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Собрание сочинений в 5-ти т. Т. 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1985. С. 96, 98, 99
4. Тобылбеков С. Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. Алма-Ата: Казгосиздат, 1959. С. 249, 273-275.
5. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века / Акад. наук Казах. ССР. Ин-т философии и права. - Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1958. С. 194, 195.
6. Оразбаева А. Формула государственности казахов. Монография. М.: PRESS-BOOK.Ru, 2017. С. 194 С. 107-108
7. Кульмелев М.Т. Уголовное обычное право казахов. Караганды: Болашақ-Баспа, 2004. С. 92
8. Почекаев Р.Ю. Степные империи Евразии: власть – народ – право (очерки по политической и правовой антропологии). Алматы: «АБДИ Компани», 2018. С. 183, 191.
9. Sartori, Paolo. “Judicial Elections as a Colonial Reform: The ‘Qadis’ and ‘Biys’ in Tashkent, 1868-1883.” *Cahiers Du Monde Russe*, vol. 49, no. 1, 2008, pp. 79–100. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/40419105>. Accessed 17 Jan. 2024. P. 92
10. Би сөзінің түсінігі // Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1999. – 317-318 бб.
11. Бекмаханов Е. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40-жылдарында – (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 75 77 б.
12. Мажитова Ж. С. Институт биев в Казахском обществе: к историографии происхождения термина // Вестник Московского университета. Серия История. 2014. №6. С.38.
13. Раев Д.С. Қазақ би-шешендері: әлеуметтік-саяси ойлар және дипломатия. Оқу құралы. – Алматы: Абылай хан ат. ҚазХҚ және ӘТУ, 2015. -317-324 бб.
14. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 48 б.

15. Мажитова Ж.С. *Институт биев в Российской и Казахской историографии: компаративный анализ (XVIII-XXI вв.)*. Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Москва, 2016. – С. 307-316.

16. Демко Дж. *Орыстардың қазақтарды отарлауы. /Ағылшын тілінен аударған К.Л.Есмағамбетов/*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 33 б.

17. *Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архиві (ООМТА)*. 3-қор, 2-тізім, 2188-іс, 4-п.

18. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА)*. 374-қор, 1-тізім, 4002-іс, 108-п.

19. ҚРОМА. 374-қор, 1-тізім, 4227-іс, 1-п.

20. ҚРОМА. 374-қор, 1-тізім, 4465-іс, 5-6-пп.

21. ООТА. 3-қор, 3-тізім, 3221-іс, 9-11 пп.

22. Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений в пяти томах*. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. – Том 5. – 1985. – С.116-117.

23. Балгабаева Г.З., Кенжебай А. *Қазақ қоғамындағы билер институтының тарихи бастаулары мен эволюциясы // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Жаршысы*. - №1. 2017. – 95 б.

24. *Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер, зерттеулер. 10 томдық. /Бағдарлама жетекшісі С.Зиманов/*. – Алматы: Жетіжарғы, 2008. – 55 б.

25. Зиманов С. *Казахский суд биев – общекультурологическая ценность*. – Алматы: Арыс, 2009. – 352.

26. Омарханов Қ. *Дәстүрлі құқық билер соты. 2-кітап*, Алматы: Жетіжарғы, 2008. – 306-307 бб.

References:

1. Smolenskij N.I. *Teoriya i metodologiya istorii*. – Moskva: Izdatelskij centr «Akademiya», 2008. – S.141.

2. Orazbaeva A.I. *Dasturli Kazakh kogamina tan belgilar instituty*. Almaty: Dajk-Press, 2004. 57 b.

3. Valihanov Ch. Ch. *Zapiska o sudebnoj reforme // Sbranie sochinenij v 5-ti t. T. 4*. Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoj Sovetskoj enciklopedii, 1985. S. 96, 98, 99

4. Tolybekov S.E. *Obshchestvenno-ekonomicheskij stroj kazahov v XVII–XIX vekah*. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1959. S. 249, 273–275.

5. Zimanov S.Z. *Obshchestvennyj stroj kazahov pervoj poloviny XIX veka / Akad. nauk Kazah. SSR. In-t filosofii i prava*. - Alma-Ata: Izd-vo Akad. nauk KazSSR, 1958. S. 194, 195.

6. Orazbaeva A. *Formula gosudarstvennosti kazahov. Monografiya*. M.: PRESS-BOOK.Ru, 2017 S. 194 S. 107–108.

7. Kultelev M.T. *Ugolovnoe obychnoe pravo kazahov*. Karagandy: Bolashak- Baspa, 2004. S. 92

8. Pochekaev R.Yu. *Stepnye imperii Evrazii: vlast' – narod – pravo (ocherki po politicheskoy i pravovoj antropologii)*. Almaty: «ABDI Kompani», 2018. S. 183, 191.

9. Sartori, Paolo. “Judicial Elections as a Colonial Reform: The ‘Qadis’ and ‘Biys’ in Tashkent, 1868-1883.” *Cahiers Du Monde Russe*, vol. 49, no. 1, 2008, pp. 79–100. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/40419105>. Accessed 17 Jan. 2024. P. 92

10. *Bi sozining tusingi // Kazakstan ulttik ensiklopediasy Bas.red. A. Nisanbayev*. – Almaty: Kazakh entsiklopediasining Bas redaktory, 1999. – 317-318 bb.

11. Bekmahanov E., Bekmahanov E. *Kazakstan XIX gasirlarding 20-40-zhaldarinda – (Oki kuraly)*. – Almaty, Sanat,1994. – 75 77 b.

12. Mazhitova ZH. S. *Institut biev v Kazahskom obshchestve: k istoriografii projskhozheniya termina // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya Istoriya*. 2014. №6. S.38.

13. Raev D.S. *Kazkah bi-sheshenderi: aleumettik-saiasy oilar zhane diplomatya. Oku kuraly*. – Almaty: Abilai han at. KazHK zhane ATY 2015. -317-324 bb.

14. Kigeldiev M.K. *Ultrik sayasi elita. Kizmeti men tagdiri. (XVIII-XX gg.)*. Zertteuler. – Almaty: Zhalin, 2004. – 48 b.

15. Mazhitova ZH.S. *Institut biev v Rossijskoj i Kazahstanskoj istoriografii: komparativnyj analiz (XVIII nachalo XXI vv)*. Dissertaciya na sojskanie uchennoj stepeni zhoktora istoricheskikh nauk. Moskva, 2016. 307-316.

16. Демко Дж. *Орыстардың казактарды отарлауы. /Ағылшын тілінен аударған К.Л.Есмағамбетов/*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 33 б.

17. *Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архиві (ООМТА)*. 3-қор, 2-тізім, 2188-іс, 4-п.

18. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА)*. 374-қор, 1-тізім, 4002-іс, 108-п.

19. ҚРОМА. 374-қор, 1-тізім, 4227-іс, 1-п.

20. ҚРОМА. 374-қор, 1-тізім, 4465-іс, 5-6-пп.

21. ООТА. 3-қор, 3-тізім, 3221-іс, 9-11 пп.

22. Valihanov Ch. Ch. *Sobranie sochinenij v pyati tomah.* – Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoj sovetskoj enciklopedii. – Tom 5. – 1985. – S.116-117.

23. Balgabaeva G.Z., Kenzhebaj A. *Kazak kogamyndagy biler institutyning tarihi bastaulary men evolyuciyasy // Kostanaj memlekettik pedagogikalyk instituty Zharshysy.* - №1. 2017. – 95 b.

24. *Kazaktyng ata zangdary: Kuzhattar, derekter, zertteuler. 10 tomduq. /Bagdarlama zhetekshisi S.Zimanov/.* – Almaty: Zhetizhargy, 2008. – 55 b.

25. Zimanov S. *Kazahskij sud biev – obshchekulturologicheskaya cennost.* – Almaty: Arys, 2009. – 352.

26. Omarhanov K. *Dasturli kukik biler soty. 2-kitap, Almaty: Zhetizhargy, 2008.* – 306-307 bb.

ӘӨЖ 960.03

ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.023>

М.Гурсой ^{*1}, Б.Сиздиқов ², А.Ержизитова ³

¹PhD, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология-ғылыми зерттеу институтының жетекшісі ғылыми қызметкері, Түркістан қ, Қазақстан, E-mail. muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

²PhD, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология-ғылыми зерттеу институтының жетекшісі ғылыми қызметкері, Түркістан қ, Қазақстан, E-mail. bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

³Ғылыми қызметкер. Шымкент қ. тарихи-өлкетану мұражайы, Шымкент қ, Қазақстан, E-mail. aisulu6767@mail.ru

МЫҢТӨБЕ ҚОРЫМЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІНІҢ РЕКОНСТРУКЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мыңтөбе қорымы Түркістан облысы, Келес ауданына қарасты Ғани Мұратбаев ауылынан оңтүстікке қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Қорымда 600 – ден астам оба бар. Бұлардың пішіні шеңбер, тамшы және тақия тәрізді. 2017 жылға дейін қорымдағы қабірлердің құрылымы, жерлеу дәстүрі мен материалдық мәдениетінің қандай екендігі белгісіз болып келген. Аталмыш жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің археологтары №1 және №3 обаларда қазба жұмыстарын жүргізіп алғаш рет жерлеу дәстүріне қатысты деректер алған болатын. Осыдан кейін бұл қорымда 2022 жылға дейін зерттеу жұмыстары жүргізілмеді. Араға бес жыл салып Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен қазба жұмыстары қайта жалғасын тапты. 2022 жылы екі, 2023 жылы бес обадан жерлеу дәстүріне, дүниетанымға және материалдық мәдениетке қатысты құнды деректер алынып, бірқатар мәліметтер легі жинақталды. Бұл мәліметтер Мыңтөбе қорымындағы қабір құрылымын, жерлеуден алдын және жерлеу кезіндегі рәсімдері мен жерлеуден кейін арқарған культтік жоралғы-ларын және дүниетанымын белгілі мөлшерде қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бірінші кезекте мақалада осы күнге дейін қазылған обалар жайында тұтастай мәлімет келтірілген. Осыдан кейін қабір-лердің түрлері, жасалу технологиясы, жерлеуге дейін және жерлеу кезіндегі рәсімдері мен жерлегеннен кейінгі культтік жоралғылары қарастырылып жерлеу дәстүрінің болжамды реконструкциясы жасалған.

Кілт сөздер. Келес, оба, қорым, катакомба, қаңлы, жерлеу дәстүрі, қауыншы

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылған, жеке тіркеу номері (AP13068455) болып табылатын «Келес өзенінің төменгі ағысындағы обаларды археологиялық және пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды.

Гурсой М.*¹, Сиздиқов Б.², Ержигитова А.³

¹ PhD, доцент, Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави, научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан, E-mail. muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

² PhD, доцент, Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави, научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии, Туркестан, Казахстан, E-mail. sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz

³ Научный сотрудник. город Шымкент историко-краеведческий музей, Шымкент, Казахстан, E-mail. aisulu6767@mail.ru

РЕКОНСТРУКЦИЯ ПОГРЕБАЛЬНОЙ ТРАДИЦИИ В НЕКРОПОЛЕ МЫНТОБЕ

Аннотация

Некрополь Мынтобе расположен в 2 км к югу от села Гани Муратбаева Келесского района Туркестанской области. На территории некрополя насчитывается более 600 курганов. До 2017 года погребальные конструкции, традиции захоронения и материальная культура оставались неисследованными. В том году археологи из Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави впервые провели раскопки на могильниках №1 и №3 и получили новые данные о погребальной обрядности. После этого, исследования на этом некрополе не проводились до 2022 года. Спустя пять лет раскопки возобновились при финансировании Министерства науки и высшего образования РК. Два кургана в 2022 году и пять в 2023 году дали ценные материалы, касающиеся погребальных традиций, мировоззрения и материальной культуры, и на данный момент собран ряд новых данных. Эти данные позволяют в определенной степени реконструировать структуру могильников, ритуалы до и во время погребения, культовую обрядность и мировоззрение жителей Мынтобе. В первую очередь, в статье приводятся общие сведения о раскопанных на сегодняшний день курганах. После этого была произведена примерная реконструкция погребальной традиции с учетом типов могил, технологии строительства, обрядов до и во время погребения, а также культовой обрядности после погребения.

Ключевые слова. Келес, курган, могильник, катакомба, кангуй, погребальный обряд, каунчи.

M.Gursoy*¹, B.Sizdikov², A.Erzhitova³

¹ PhD, Assoc.Prof. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan E-mail. muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

² PhD, Assoc.Prof. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan, E-mail. bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

³ Researcher, Shymkent city historical and local history museum, E-mail. aisulu6767@mail.ru
Shymkent, Kazakhstan

RECONSTRUCTION OF THE FUNERAL TRADITION IN THE MYNTOBE NECROPOLIS GROUND

Abstract

The Myntobe necropolis is located 2 km south of the village of Gani Muratbaev, Keless district, Turkistan region. There are more than 600 mounds on the territory of the necropolis. Until 2017, funerary structures, burial traditions and material culture remained unexplored. That year, archaeologists from the Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University conducted excavations for the first time at burial grounds № 1 and № 3 and obtained new data on funeral rituals. After this, research on this necropolis was not conducted until 2022. Five years later, excavations resumed with funding from the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. Two mounds in 2022 and five in 2023 have provided valuable material relating to funerary traditions, worldviews and material culture, and a number of new data have now been collected. These data make it possible, to a certain extent, to reconstruct the structure of burial grounds, rituals before and during burial, cult rituals and the worldview of the inhabitants of Myntobe. First of all, the article provides general information about the mounds excavated to date. After this, an approximate reconstruction of the funeral tradition was made, taking into account the types of graves, construction technology, rituals before and during burial, as well as cult rituals after burial.

Keywords. Keles, Tumulu, burial ground, katakomb, Kangju, funeral rite, Kauncy

Кіріспе

Өлім және өлімнен кейінгі өмірге қатысты түсініктер, сенімдер мен практикалар әр түрлі мәдени қауымдастыққа және кезеңге қарай ерекшелене түседі. Кейбірлері өлімді түпкілікті жоқ болу ретінде қабылдаса кейбірлері өлімді өтпелі кезең ретінде қарастырып, дене немесе рух өз өмірін әртүрлі жолдармен жалғастырады деп сенген. Әсіресе алғашқы кезде адамдар өлімді табиғи жағдай ретінде қабылдамаған. Бұл құбылысты құдайлардың қарғысы, жанның тәннен құтылуы немесе сиқырдың нәтижесі ретінде қабылдаған. Кейде өлім мен мәйітке қарсы қорқыныш сезімі бұрынғы кездегі адамдарды өлім аузындағы кісіні жалғыз қалдыруға немесе оны тірідей көмуге итермелеген [1, 32 - 34]. Осындай түсініктер сенім жүйесінен өзінің орнын алып, жерлеу дәстүрінің қалыптасуына жол ашқан. Жерлеу дәстүрі дегеніміз қайтыс болған адамды жер қойнауына тапсыруға арналған ережелер жиынтығы болып табылады. Бұған кабірлерді дайындау, құрбандық шалу, жерлеуге қатысты жоралғылар атқару және т.б. іс-әрекеттер кіреді.


Көне заманға қатысты жерлеу дәстүрін анықтауда және реконструкциялауда жылнамалар мен антикалық жазбалардың маңызы зор. Егерде бұл деректер жеткіліксіз болған кезде археологиялық деректерді негізге алу қажет. Біздің зерттеу жүргізген аймағымызға және кезеңімізге байланысты (қаңлылар немесе қаңлы кезені) жазба деректер жоқтың қасы. Сондықтан бұл тақырып археологиялық қазба барысында алынған деректер негізінде қарастырылады.

2017, 2022-2023 жылдары Мыңтөбе қорымында оннан астам обада қазба жұмыстары жүргізіліп жерлеу дәстүріне және материалдық мәдениетіне байланысты құнды деректер алынды. №3, №7 - №12 обалардан катакомбалық кабір анықталса, №1 және №6 обалардан жер бетіне тұрғызылған наус аршылды. Бұлар оба құрылысының ерекшелігін, қаңқалардың жату қалпын, бағытталуын, жерлеу рәсімін және культтік жоралғыларын анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада 2023 жылы алынған тың деректерді және бұрынғы мәліметтерді жүйелеу, аналитикалық тұрғыдан талдау арқылы жерлеу дәстүрін реконструкциялау мақсат етілген.

Материалдар мен әдістер. Материалдардың негізгі легін Мыңтөбе қорымынан алынған археологиялық деректер құрайды. Мақаланың негізгі бөлімінде қазба жайындағы мәліметтер тұтастай беріледі. Осыдан кейін жерлеу дәстүрін нақты ашып көрсету үшін археологиялық деректер кабірлердің түрлері, оларды жасаудың технологиясы, мәйіттерді жерлеу тәсілі, қаңқалардың жату қалпы мен бағытталуы, жерлеуге дейін және жерлеу барысында атқарылған рәсімдер мен жерлеуден кейінгі культтік жоралғылар деген тараушаларға бөліне отырып қарастырылады. Осылайша Мыңтөбе қорымындағы жерлеу дәстүрінің болжамды реконструкциясы жасалады.

1 Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеулер

Мыңтөбе қорымы Түркістан облысы, Келес ауданына қарасты Ғани Мұратбаев ауылынан оңтүстікке қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Қорымның 200 м батысынан Келес өзені ағып өтсе, оңтүстікке қарай 1 шақырым жерден Сырдария өзені ағып өтеді. Қорым Сырдария өзені мен Келес өзенінің түйіскен тұсында үш бұрыш пішіндегі плато үстінде орналасқан. Бұл платоның оңтүстіктегі тереңдігі 20-30 м шамасында [2, 151-152]. Жалпы қорым орналасқан аймақ ойлы-қырлы болып келген (1-сурет).



1-сурет. Мыңтөбе қорымының топографиялық картасы

Мақаланың авторлары 2017 жылы Мыңтөбе қорымы жайында жоба дайындаған болатын. Бұл жобаны

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы қаржыландырған еді. Осылайша алғаш рет 2017 жылдың жазында Мыңтөбе қорымына қазба салудың сәті түсті. Бұл қорым сол кезге дейін сырын ішіне бүгіп жатқан болатын. Аталмыш жылы алғаш болып №1 обада қазба жұмыстарын жүргізу ұйғарылды. Қазбаға дейін обаның диаметрі 22,70 м, биіктігі 4 м екендігі белгіленді. Оба екі секторға бөліне отырып қазылды. Алғашқы күректен ақ қатты кесек қалдықтары байқалды. Обаның орта тұсынан 0,50 м тереңде тұтқалы құмыра кездесті. Үйінді арасынан көлемі үлкен саз ыдысқа тиесілі бөліктер табылды. Оба үйіндісі толық алынып біткеннен кейін екі камералы шеңбер пішінді наус анықталды. Наустың диаметрі 8 м, сақталған биіктігі 1,95 м. Солтүстік батысынан көлемі 4х3 м болатын дромос аршылды. Қазба барысында шығыс бөлігіндегі камерадан адамның жекелеген сүйектері ғана табылды. Жоғарыда анықталған құмыра, үйінді арасынан табылған саз ыдыс бөліктері мен адамның жекелеген сүйектері обаның өз кезеңінде тоналғандығын көрсетті. Дәл осы жылы №3 обада қазба жұмыстары жүргізіліп 2,40 м тереңде катакомбалық қабір табылды. Бұл осы қорымдағы алғаш табылған каткомбалық қабір болатын. «Т» пішіндегі катакомбалық қабірден бес қаңқа аршып алынды. Бұлардың барлығы шалқасынан жатқызылған. Бір қаңқаның аяғы айқастырыла жерленсе (2-сурет), қалғандары созылыңқы қалыпта жерленген. Бастары шығысқа бағытталған. Камераға кіреберіс ауызда жатқан қаңқалардың бас жағына бес дана саз ыдыс орналастырылған. Сонымен қатар камерадан бір дана темірден жасалған жебе ұшы, темір пышақ, ине, қола түтікше, асық және әр түрлі тастардан жасалған көлемі кіші моншақтар табылды [3, 409].



2-Сурет. №3 обадан табылған қаңқалар.

А.Н.Подушкиннің ішін ара келіп қазған обаларын айтпағанда 2017 жылдан кейін бұл қорымда зерттеу жұмыстары жүргізілмеді. 2022 жылы М.Гурсой тарапынан дайындалған «Келес өзенінің төменгі ағысындағы обаларды археологиялық және пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу» атты ғылыми жобасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылғаннан кейін қазба жұмыстары қайта жалғасын тапты. Қазба маусымында №6 обада шеңбер пішінді бір камералы наус аршылды. Бұл наустың құрылысына пахса және кесек қолданылған. Диаметрі 5,5 м, сақталған биіктігі 1,38 м шамасында. Дромосы солтүстік батысқа бағытталған. Камера мен дромостың ішкі беті лаймен сыланған. Қазба жұмыстары кезінде үйінді арасынан ірі көлемді саз ыдыс бөліктері табылды. Камераның шығыс қабырғасы жанынан бір қаңқамен қоса орталық бөліктен шашылып жатқан жекелеген адам сүйектері анықталды. Бастапқы қалпын сақтаған қаңқа шалқасынан жатқызылып басы оңтүстікке бағытталған. Камерадан бір дана түссіз мөлдір моншақтан басқа ешқандай олжа табылмады. Нәтижесінде бұл обаның тоналғандығы

белгілі болды [2, 144].

2022 жылы №7 обада қазба жұмыстары жүргізіліп жерлеу дәстүріне қатысты құнды деректер алынды. Қазбаға дейін бұл обаның диаметрі 14 м, биіктігі 1,30 м болатын. Үйіндіні қазу кезінде обаның дәл ортасында жер беті деңгейінен тұтқасы мен шүмегі бар құмыра, сырты қарайып отқа күйген көзе және сыртына қызыл ангоб жағылған құмыра табылды. Бұл табылым Мыңтөбе қорымында әр түрлі жерлеу практиксы бар екендігін көрсетті. Үйінді толық алынып біткеннен кейін оба астынан «Т» түріндегі катакомбалық қабір анықталды. Дромостың ұзындығы 4,6 м. Оңтүстік батыстан, солтүстік шығысқа қарай бағытталған. Камерасы реперлік нүктеден 2,88 м тереңде орналасқан. Камераның ішкі кеңістігінен бір адам қаңқасы табылды. Басы оңтүстік шығысқа қаратылып созылыңқы қалыпта шалқасынан жатқызылған. Астынан органикалық қара шірінді байқалды. Бұл сірә төсеніші болса керек. Қазба барысында жер бетіндегі саз ыдыстардан басқа қабір ішінен о дүниелік тарту таралғы табылмады [4, 225].

2023 жылғы далалық маусымда №8, №9, №10, №11 және №12 обаларда қазба жұмыстары жүргізіліп құнды деректер алынды.

Қазбаға дейін №8 обаның диаметрі 16 м, биіктігі 3,55 м болатын. Үйіндісі толық алынғаннан кейін обаның солтүстік батыс жиегінен дромостың ізі анықталды. Дромос батыс-шығыс бағытында созылып жатты. Дромостың ішкі кеңістігін тазалау барысында 2,70 м тереңде, камераға кіреберіс ауыздан ірі қара малдың жақ сүйегі табылды. Сонымен қатар дромостың ұзындығы 7 м екендігі белгілі болды. Камераның аузынан қатты тығыздық байқалды. Бұл кіребірісті шегендеп тұрған балшықтың қалдықтары болса керек. Камераның ішкі кеңістігін тазалау барысында ағаштың көмір қалдықтары және орта тұстан күміс тоға табылды (3-сурет). Солтүстік және оңтүстік қабырғалардың жанында адамның жекелеген сүйектері жатты. Нәтижесінде бұл обаның тоналғандығы белгілі болды.



3-Сурет. 1 – Дромостың сұлбасы. 2 – Дромосты тазалау сәтінен көрініс. 3 – Дромостан табылған ірі қара малдың жақ сүйегі. 3 – Камерадан табылған күміс тоға.

№9 обада жүргізілген қазба жұмыстары кезінде «Т» түріндегі катакомб қабір анықталды. Қабірдің ішкі кеңістігін тазалау кезінде ромб қалпында жатқан бір қаңқа табылды. Қаңқаның иық тұсына бір құмыра мен бір тостақ қойылған. Бұл қаңдылардың дүниетанымын айғақтайтын құнды табылымдардың бірі болып отыр. Қазба жұмысы барысында негізгі камерадан бөлек №9 обаның дромосының оң жақ қапталынан жанама қабір (подбой) анықталды (4-сурет). Бұл бұрын сонды белгісіз жаңалық болып отыр. Бір обаның

астында негізгі камерадан бөлек дромоста жанама қабірдің табылуы қаңлы кезеңіндегі қабірлерді жаңа қырынан көрсетіп берді.

№10 обада жүргізілген қазба жұмыстары кезінде дәл №9 обадағы сияқты негізгі камерамен қоса жанама қабір анықталды. Негізгі камераның ішкі кеңістігін тазалау кезінде ромб қалпында жатқан бір қаңқа табылды. Қаңқаның оң иық тұсына жартыкеш құмырамен қоса қойдың кәрі жілігі (асықты жілік) салынған. Бұл қаңлылардың дүниетанымын айғақтайтын құнды табылымдардың бірі болып отыр (5-сурет, 1). Қазба жұмысы барысында негізгі камерадан бөлек №10 обаның дромосының сол жақ қапталынан жанама қабір (подбой) анықталды. Қаңқаның бас жағына жартыкеш саз ыдыс бөлігі мен бір бүтін құмыра салынған. Бұл жерде жатқан қаңқаның негізгі камерадағы қаңқамен туысқандық байланысы болуы мүмкін.



4-Сурет. 1 – ромб қалпында жатқан қаңқа. 2- Камерадан табылған құмыра. 3 – Дромостың оң жақ қапталынан арышылған жанама қабір (подбой). 4 – Жанама қабірде жатқан қаңқа.

№11 обада жүргізілген қазба жұмыстары кезінде «Т» түріндегі катакомб қабір анықталды. Камера-ның ішкі кеңістігін тазалау кезінде шалқасынан созылықы қалыпта жатқан бір қаңқа табылды. Қаңқа-ның бас жағынан бір құмыра, бір торсық тәрізді (фляга) саз ыдыс, тастан жасалған ұршық бас және көлемі кіші аластау ыдысы (курилница) табылды (5-сурет). Бұл қаңлылардың дүниетанымын айғақтай-тын құнды табылымдар қатарына кіреді.

№12 обада жүргізілген қазба жұмыстары кезінде «Т» түріндегі катакомб қабір анықталды. Камера-ның ішкі кеңістігін тазалау кезінде шалқасынан созылықы қалыпта жатқан бір жас жеткіншектің қаңқасы анықталды. Қазба жұмысы барысында камераға кіреберіс ауыздан көлемі кіші қола қоңырау табылса, камерадан қоладан жасалған жүзік, қола әшекей бұйым, тастан жасалған құс бейнесінде моншақ (тұмар), екі дана саз ыдыс (біреуі торсық тәрізді) табылды.



5-Сурет. 1 - №10 обада ромб қалпында жатқан қаңқа. 2 - №11 обада жатқан қаңқа.
3 - №11 обадағы қаңқаның бас жағында тұрған о дүниелік тарту таралғылар.
4 - №11 обадан табылған аластау ыдысы (курулница)

2 Жерлеу дәстүрінің болжамды реконструкциясы

Мыңтөбе қорымында осы күнге дейін жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары айтарлықтай жемісті болды. Ежелгі тұрғындардың жерлеу дәстүріне, культтік жоралғыларына, дүниетанымына, қабір құрылымына және материалдық құндылықтарына байланысты жаңа деректер алынды. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде обалардың архитектуралық ерекшелігі айқындала түсті. Жалпы археологиялық деректерге назар аударар болсақ қоршаған орта мен табиғи мүмкіндіктердің жерлеу құрылысына тікелей әсер ететіндігі байқалады. Мыңтөбедегі обалардың барлығы дерлік жергілікті гумустан үйілген. Құрылысына ешқандай тас немесе бөрене, тақтай қолданылмаған. Оба үйіндісінің беті шамамен 4-5 см қалыңдықта шыммен көмкерілген. Бұл уақыт өте келе жер ананың оба бетіне тартқан сыйы болуы да мүмкін.

Қабірлердің түрлері.

Мыңтөбедегі қабірлерді катакомбалық қабір және «наус қабір» деп екі топқа бөлуге болады. Алдағы уақытта бұл қабірлердің өз ішінде бірнеше түрі анықталуы мүмкін. Қазіргі қолда бар материалдар негізінде төрт қабір түрі белгіленді. Атап айтар болсақ.

1-қабір түрі. «Т» тәрізді катакомбалық қабір. Бұл түрдегі қабірлердің дромосы кей кездері обаның сыртынан басталып оба үйіндісінің астына дейін созылған. Дромос 2,70-4 м-ге дейін терендей келе камераға жалғасқан. Кейбір қабірлердің дромосы кіреберіс аузына қарай бейне бір сыпа тәрізді тарала түскен.

2-қабір түрі. «Т» тәрізді катакомбалық қабір. Екінші түрге жататын катакомбалық қабір біріншісінен дромосының қапталында жанама қабірінің болуы мен ерекшеленеді.

3-қабір түрі. Бір камералы наус. Катакомбалық қабірлер жер астында орналасса наус жер бетіне кесек және пахса (балшық) арқылы жоғары қарай диаметрі кішірейе түсетіндей етіп көлбеу тұрғызылған. Қазіргі таңда Мыңтөбе қорымынан екі дана наус аршылды. Бұлардың екеуі де шеңбер пішінді. Екеуінің де дромосы оңтүстік батысқа бағытталған.

4-қабір түрі. Екі камералы наус. Дәл үшінші қабір түрі сияқты пахса немесе қам кесектен тұрғызылған.

Жасалу технологиясы

Катакомбалық қабірлерді жасаудың технологиясы

Катакомбалық қабірлерді қазу барысында жасалу технологиясына байланысты белгілі мөлшерде мәліметтерге қол жеткіздік. Мыңтөбе қорымы ойлы-қырлы алқапта орналасқан. №7 мен №8 обалар қазбаға дейін топографиялық тұрғыдан көлбеу/еңіс жерден орын тепкен болатын. Қазба жұмысы дромос-тың еңіс беттен басталғандығын көрсетті. Арыс өзені жағасындағы қаңлы кезеңіне жататын обаларда жүргізілген зерттеулер кезінде ғалымдар дромостардың бетінен сүйір құрал-сайманның іздерін анықтаған. Сондықтан катакомбалық қабірлерді дайындау кезінде қатты құралдардың қолданылғандығын айтуға болады.

Дромостардың бас жағын катакомбалық қабірдің (камераның) орналасқан терендігіне қарай екі, үш, төрт, бес немесе оданда көп баспалдақты етіп жасаған. Бұл қабірге кіріп шығуды оңтайландыра түскен. Үстіміздегі жылы №9 және №10 обаларды қазу кезінде дромостың камераға кіреберіс ауызына қарай бір жағының бір мәйіт сыйатындай көлемде сыпа тәрізді тарала түскендігін байқадық. Осы таралған тұстың белгілі бір функцияға негізделген болуы әбден мүмкін. Марқұмдарды еске алу кезінде орындық қызметін атқарған болса керек.

Дромос толық дайын болғаннан кейін катакомбалық қабір (камера) дайындалған. Ол, дромосқа көбінесе перпендикуляр «Т» тәрізді орналасқан. Камераның ішкі кеңістігін дайындау кезінде пішінін жұмыртқа пішінді етіп ойып шыққан. Біздер қазба жүргізген обалар негізінде айтар болсақ камераның төбесінің биіктігі шамамен 70-80 см көлемде жасалған.

Далалық маусымда аршылған қабірлер, табылған заттар мен жерлеу дәстүрінің аналогтары Арыс өзені жағасындағы Бөріжар [5], Қаратөбе, Алтынтөбе, Сұлтанрабат, Төлебайтөбе, Күлтөбе [6] және Талас өзені бойындағы Кенкөл, Таш Төбе, Таш Башат, Жоон Төбе, Чеш Төбе, Қызыл Сай, Құлан Сай [7] сынды қорымдарда анықталған.

Наустарды жасаудың технологиясы

Наустар жер бетіндегі жерлеу құрылыстары. Қазіргі кезге дейін Мыңтөбе қорымынан екі дана нау аршылды. Бұлардың екеуі де шеңбер тәрізді. Қазіргі қолда бар деректер негізінде Мыңтөбеде наустардың құрылысына ағаш қолданылмағандығын айтуға болады. Дегенмен наустардың құрылысына қолданылған лайдың иуі әбден қандырылған. Мұны пахсасы мен кесегінің күрек өтпестей тығыздығынан аңғаруға болады. Лайына органикалық қоспа салынбаған. Кесектері белгілі өлшемдегі қалыптармен құйылған. Бастапқыда жер бетіне шамамен диаметрі 10 м келетіндей шеңберлеп тығыздалған балшықтан платформа дайындалған. Осы шеңберлі платформа дайын болғаннан кейін орта тұсында төрт бұрыш пішінде камера қалатындай етіп айналдыра пахса және кесек қаландысы көтерілген. №6 обадан (2-нау) алынған деректерге қарағанда камера мен дромос саз балшықпен сыланған. Ғылыми ортада наустардың шатыр жабындысы күмбез тәрізді болған және бетіне топырақ үйілмеген деген пікірлермен қоса наустардың беті ашық болған деген де пікірлер бар. Біздер қазба барысында байқап көргендеріміз негізінде айтар болсақ наустардың шатыры кесектермен күмбез тәрізді немесе тегіс түрде жабылып осыдан кейін үстіне топырақ үйілген болса керек. Өйткені қазба жүргізілген екі наустың топырақ үйіндісі астынан, дәл камераның үстіңгі нүктесінен шомбал кесектер мен пахса қалдықтары табылған болатын. Бұл үстіңгі бөлігінің кесекпен немесе пахсамен жабылғандығын, содан үстіне топырақ үйілгендігін дәлелдесе керек.

Мәйіттерді жерлеу тәсілі

Адам баласының санасында қайтыс болу түсінігі қалыптасқаннан кейін адамдар мәйіттерді топыраққа көмген немесе уақыт өте келе пайда болған діни нанымдар мен дүниетанымдар негізінде өртеу (кремация) арқылы о дүниеге аттандырған. Археология ғылымында қабірлерге жасалған жерлеулерді ингумация деп атаса, мәйітті өртеу арқылы жүзеге асырылған жерлеулерді кремация деп атайды. Жерлеудің бұл түрлері белгілі бір аймақта белгілі бір кезеңде тұратын әртүрлі тайпалардың немесе бір тайпаның ішінде сенімі басқа топтардың нанымдары мен жерлеу рәсімдерін бейнелейді.

Ингумация жерлеу тәсілі

Бұл ұғым латынның «inhume» сөзінен шыққан, топыраққа салу немесе көму дегенді білдіреді. «Археологияда ингумация ұғымы мәйітті өртеу тәсілі кремациядан ажырату мақсатында қолданылады. Қайтыс болған тайпаластарын жерлеу дәстүрі алғаш рет тас дәуірінде, орта палеолит кезеңінде пайда болған. Мәйітті тастап кетпей, оны ардақтап жергелеуден туындаған. Мұның өзі тас дәуіріндегі адам қауымының белгілі бір даму деңгейіне жеткенін, алғашқы діни наным-сенімдердің қалыптаса бастаған кезеңін айғақтайды. О дүниедегі өмірге деген сенім бойынша, қайтыс болған адамның тамағы мен құрал-жабдығын қоса көму әдетке айналады да, бірте-бірте бұл дәстүр күрделене түседі. Қабір үстіне тұрғызылатын немесе жер астында жасалатын түрлі құрылыстар, яғни обалар, сағаналар мен мазарлар, т.б. дамиды». Мыңтөбеде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде тек ингумация жерлеулер анықталды.

Кремация жерлеу тәсілі

Қайтыс болғандарды белгілі бір орында өртеп күлін қабірге салу немесе суға ағызу арқылы жүзеге асырылатын жерлеу тәсілі. Кремациялаудың ең ежелгі үлгісі 26 000 жыл бұрын Австралиядағы Мунго көлінде жүзеге асырылған. Үндістандағы Мохенджо-Даро және Хараппа мәдениеттерінде (б.з.б. 3000 - 1500 жж.) де кремациялау әдісі қолданылған. Бұл Азия аймағындағы ең ертелері болып табылады [8]. Қазақстанда шамамен 4 мың жыл бұрын Нұра кезеңінде алғашқы кремациялау жағдайы орын алған. Дегенмен неолит дәуіріне жататын Виноградовка 14 және Телман 10 қоныстарының жанындағы шұңқыр-

ларда көмір қалдықтары анықталған. Зерттеушілер мұны кремациялаудың белгісі ретінде топшылаған [9]. Шын мәнінде бұл көмірлер кремациямен байланысты болса онда Қазақстан археологиясы үшін кремация дәстүрінің б.з.б. 5 мыңжылдықта бастау алатындығын айтуға болады. Тарихи деректерде Көк түріктер қайтыс болғандарды өртеп жерлеген деген мағлұмат кездеседі [10, 68]. Түрік қағанатының батыс аймақтарға да ықпал еткендігін ескерсек онда 6-7 ғасырларда Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрген халықтардың рухани өмірінде өртеп жерлеу ғұрпының болғандығын айта аламыз. Бірақ одан алдыңғы кезеңде оңтүстік өңірлерді қаңлы тайпалары мекендегендігі тарихтан белгілі. Мыңтөбе қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде өртеп жерлеу ғұрпына байланысты ешқандай дерек алынған жоқ. Сондықтан Мыңтөбе қорымында тек ингумация жерлеу тәсілін қолданған деуге толық негіз бар.

Қаңқалардың жату қалпы мен бағытталуы

Археологиялық зерттеу жұмыстары Мыңтөбе қорымындағы қаңқалардың жату қалпы мен бағытталуына байланысты деректер алуға мүмкіндік берді. Бұл қорымда ең алғаш 2017 жылы №3 обада адам қаңқалары аршылды. Оған дейін аталмыш қорымда бірде-бір жерлеу табылмаған болатын. Біздер №3, №6, №7, №9, №10, №11 және №12 обалардан белгілі кезеңдер бойынша қаңқалардың қалай жатқызылғандығын және бағытталғандығын анықтадық. Мыңтөбедегі катакомбалық қабірлерде қаңқалар шалқасынан жатқызылып, екі қолы денесін бойлай орналастырылған. №9 және №10 обалардағы катакомбалық қабірде қаңқалардың аяқтары тізесінен бүгіліп құтты бір ат үстінде саяхаттап бара жатқан салт атты іспетті жатқызылған. Ал, №3 обадағы қаңқалардан бірінің аяғы айқастырыла жерленген. Кейбір қаңқалардың жүзі көкке қаратылса, кейбір қаңқалардың жүзі жанында тұрған саз ыдыстарға қаратылған. Катакомбалық қабірлердегі қаңқалардың басы аздап ауытқумен шығысқа қаратылса, №6 оба №2 наустағы қаңқаның басы оңтүстікке қаратылған.

Жерлеу рәсімдері (ритуал)

Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындардың жерлеу рәсімін жерлеуге дейін, жерлеу кезінде және жерлегеннен кейін атқарған болса керек. Бұл аталған кезеңдер бойынша жекелеген әрекеттерді қазба кезінде алынған археологиялық деректермен қалпына келтіруге болады.

Жерлеуге дейін атқарылған іс-әрекеттердің болжамды реконструкциясы

Келес өзенінің төменгі ағысындағы жерлеуге дейін атқарған іс-әрекеттерін анықтауға мүмкіндік беретін деректер саны өте аз. Қазба барысында алынған деректер бойынша жерлеуге дейін атқарған бірқатар іс-әрекеттердің азғана бөлігін болжауға болады. Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындар жерлеуге дейін қорым аймағында белгіленген жерде марқұмның қабірін дайындаған. Бұған арнайы қабір қазушылар мен туған туыстары және ауыл тұрғындары жұмылдырылған болса керек. Жерді бірнеше метр қазып, оның камерасын ұңғу ісі оңайға соқпасы анық. Қабір қазу ісінің қиындығынан немесе басқа себептен болар (миграция, саяси оқиғалар) уақыт өте келе Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындар жер бетіне наустар тұрғыза бастайды. Бұғанда арнайы кісілер мен ауыл тұрғындары атсалысқан болса керек. Наустың кесегі мен пахсасының лайына сол жердегі қырдың топырағы қолданылған. Лайдың иуінің қануына аса мән берген. Мұны қазба барысында аршылған кесектердің аса тығыздығы мен беріктігі дәлелдейді.

Жалпы Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындар бір кісі қайтыс болғанға дейін катакомбалар мен наустарды алдын ала дайындаған болса керек. Өйткені камерада жатқан қаңқалардың мойыны мен аяқтарының орналасуы мәйіттің денесі суығанға дейін жерленгендігін көрсетеді. №7 обадағы қаңқаның сол қолының бұғанасы денесінен сәл қашықта жатқанына қарағанда мәйіттің денесі суымастан қабірге салынғандығын аңғартады.

Мәйітті қабірге тасымалдауда жерлеуге дейін атқарылған іс-әрекеттердің маңызды кезеңі болып табылады. Мыңтөбе қорымы мен Күлтөбе қаласының арасын келес өзені бөліп жатқандықтан мәйіттерді адамдар иығымен көтеріп немесе арнайы арбаға салып көпірдің үстімен қорымға жеткізген болса керек. Келес өзеніндегі ағыстың жылдамдығы мәйіттерді қайық арқылы қарсы бетке алып өтуге қиындық тудырған болуы мүмкін.

Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындар жерлеуге дейін, түтету және мәйіттің астына салу мақсатында арнайы шөптерді жинап, рәсімдік ыдыстар жасаған. №7 обадағы қаңқаның астынан анықталған қара шірінді мен №11 обадан табылған аластау ыдысы және ішіндегі күл қалдықтары осыны айғақтайды.

Жерлеу барысында атқарылған рәсімдік жоралғылардың болжамды реконструкциясы

Жерлеу рәсімін ең алғаш тарихқа дейінгі кезеңде неандерталь адамы қалыптастырған болса керек. Өйткені ғалымдар неандерталь адамын санасында қайтыс болу және оны көму түсінігі қалыптасқан алғашқы адам ретінде қабылдайды. Антропологтардың пікірі бойынша Неандерталь адамдары бұдан 300 –

350 мың жыл бұрын өмір сүрген. Бұл мәлімет жерлеу рәсімдерінің қалыптасу тарихының тереңде екендігін көрсетеді.

Жерлеу рәсімі қайтыс болған адамды жер қойнауына салуға арналған қағидалар жиынтығы болып табылады. Бұған жерлеу кезінде түрлі жануарларды құрбандыққа шалу, сұйықтық бағыштау (либация), хош иісті өсімдіктерді түтету, о дүниелік азықтарын салу, қоңырау соғу және т.б. түрлі іс-әрекеттер кіреді.

Жерлеу кезінде Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындардың түрлі рәсімдік жоралғылар атқарғандығын археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеп отыр. №8 обадан табылған күміс тоға мен №3 обاداғы қаңқалардың мойын тұсынан табылған моншақтар жерлеу кезінде мәйіттердің киіндірілгендігін көрсетсе керек. Бұған арнайы тігілген немесе күнделікті киімі пайдалынған болуы мүмкін. №7 обاداғы қаңқаның астындағы қара органикалық шірінді қалдығы жерлеу кезінде мәйіттердің астына төсеніш салынғандығын көрсетеді. Қайтыс болған адам киіндіріліп мәңгілік мекеніне орналастырылғаннан кейін о дүниелік асы белгілі ыдыстарда дайындалып жанына салынған. Мұны №7 және №10 обалардан табылған сырты қарайып отқа күйген саз ыдыстар дәлелдейді. Бұдан бөлек қаңқалардың жанынан табылған тұтқалы құмыралармен сусындарды тарту етілгендігін көрсетеді. Дегенмен бұл ыдыстарға сусынның қай түрі құйылғандығы белгісіз. Мұны алдағы зерттеу жұмыстары кезінде лабораториялық анализдер арқылы анықтауға болады.

Қазіргі қолда бар матариалдар негізінде Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындардың уақ малдарды құрбандыққа шалғандығын айта аламыз. Мұны №10 обاداғы қаңқаның оң қолының шынтақ тұсынан табылған қойдың кәрі жілігі (асықты жілік) дәлелдейді.

Қорым иелері мәйітті жерлеу кезінде арнайы шөптерді түтете отырып аластаған. Бұған арнайы дайындалған ыдыс немесе қандайда бір ыдыстың жарты кеш бөлігі пайдаланылған. Тарқатып айтар болсақ №10 және №12 обалардан ішінде күл қалдығы бар жарты кеш ыдыстар табылған болатын. Сонымен қатар №11 обاداғы қаңқаның бас жағынан арнайы шөп түтетуге арналған сыртында тесіктері бар аластау ыдысы анықталған еді. Бұлар жерлеу кезіндегі рәсімдік жоралғыларды айғақтайтын құнды деректер болып табылады.

Жерлеу барысында атқарылған рәсімдік жоралғыларды болжауымызға мүмкіндік беретін табылымның бірі №11 обаның дромосынан табылған қола қоңырау болып табылады. Қола қоңыраулар Сырдарияның орта ағысы, Хорезм аймағы, Ферғана жазығы мен Қазақстанның батысындағы обалардан да айтарлықтай табылған. Қоңыраулар белгілі кезеңдерде түрлі тайпалар тарапынан әртүрлі мақсаттарда қолданылған. Көптеген өркениеттерде қоңыраудың дыбысында ерекше күш бар, ол құдайларды шақыруға, сиқыр жасауға, жаман рухтарды қууға және жаңбыр жаудыруға құдыретті деп сенген. Біздің заманымыздың шебіндегі кейбір халықтар жаназаны тасымалдаған кезде қоңырау соққан [53]. Сырдарияның орта ағысы мен Батыс Қазақстаннан табылған қоңыраулардың жерлеу рәсімінің қай сатысында және қандай мақсатта қолданылғандығы белгісіз болғанымен, қоңырауларға қатысты келтірілген мысалдар қоңыраулардың жаман рухтарды қуу немесе мәйітті тасымалдау кезінде қолданылғандығын болжауымызға мүмкіндік береді.

Жерлегеннен кейін атқарылған культтік жоралғылардың болжамды реконструкциясы

Адам баласы өз әулетінен шыққандарға қарсы әр қашан құрмет көрсеткен. Ата-бабалары дүниеден өткеннен кейін оны әсте естен шығармауға тырысқан. Бір жағынан қайтыс болғандар өмір сүруін жалғастырады, олар қабірден шығып өздеріне көмек көрсетеді деп сенген. Немесе керісінше зиянын тигізеді деп қорыққан. Осындай дүниетанымдар қорымдардың маңына құрбандық шалатын орындар мен ғибадатханалардың салынуына, ғұрыптық жоралғылар атқарылуына негіз болып «ата-баба» культін қалыптастырған [11, 154].

Нығмет Мыңжанның авторлығында дайындалған «Қазақтың қысқаша тарихы» атты кітапта қаңлы мәселесі қарастырылған. Бұл еңбекте қаңлыларға арналған тарауша қытай деректері негізінде жазылған. Аталмыш кітапта «Сұй патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі» 83-бөлімге сілтеме жасала келе «Қаңлылар ата-бабаларының аруағына табынған. Қаңлы елінде ата-баба мазары бар, әр жылы маусым айында барлық иеліктен жиналып, ата – бабаларына ас береді» деп келтірілген [12, 94]. Бұл ақпардан қаңлылардың аруаққа табынғандығын, оларға арнап қорымда ас бергендігін аңғаруға болады. Дегенмен біздер зерттеген қаңлы кезеңінің қорымдарынан культтік жоралғылар атқарылатын арнайы нысандарды кездестірмедік. Осы орайда археологиялық мәліметтер қаңлылардың катакомбалық қабірлерді тек жерлеу мақсатында қолданбағандығын, оны культтік мақсатта да қолданғандығын болжауға мүмкіндік береді. Нақты айтар болсақ Келес және Арыс өзені жағасындағы кейбір катакомбалық қабірлерде алғашқы жерленген қаңқалар бір бұрышқа үйіліп, орнына жаңа мәйіттер жерленгендігі аңғарылады. Бұл катакомбалық қабірлердің әр кездері кіріп-шығуға, қайтыс болғандарға арнап ас суын беруге және олар

үшін дұға бағыштап көмек сұрауға ыңғайлы екендігін көрсетеді.

Біздер зерттеу жүргізген Мыңтөбе қорымынан әзірге культтік нысан ретінде тұрғызылған арнайы бір орын кездестірмедік. Мұндай ғұрыптық нысан Сырдарияның орта ағысындағы басқа қаңлы кезеңінің қорымдарынан табылмаған. Дегенмен Мыңтөбе қорымындағы №3 обаны қазған кезде оңтүстік бұрыштағы қаңқаның орнынан жылжытылғандығы байқалды және қаңқалардың бас жағынан ішіне о дүниелік ас суы салынған саз ыдыстар анықталды [3, 417]. Сонымен қатар 2023 жылы қазылған №8 обадағы катакомбалық қабірдің дромосынан ірі қара малдың жақ сүйегінің бөліктері табылған болатын (3-сурет, 3). Бұл сүйек мәйіт жерленгеннен кейін аруаққа арнап берілген астың қалдығы болса керек.

Бөріжар қорымындағы №27 катакомбадан *in situ* бір қаңқа және осы қаңқаның бас жағынан үйіліп жатқан адам сүйектері табылған (6-сурет) [13, 144]. Бұл қаңлы кезеңіне жататын катакомбалардың алғашқы жерлеуден кейінде туысқандары тарапынан қолданылғандығын көрсетеді. Жалпы катакомбалық қабірлердің құрылымы, бір бұрышқа жиналып тұрған сүйектер мен қаңқалардың жанынан табылған ыдыс аяқтар катакомбалық қабірлерге әр кездері рулас туысқандарының қайта түсіп өмірден озғандарды еске алғандығын, олардың құрметіне ғұрыптық ас беріп, әр уақыт мінажат етіп, әрі оларды ас-сумен қамтамасыз етіп отырғандығын болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі археологиялық мәліметтер негізінде қаңлылардың катакомбалық қабірлері тек жерлеу орны ретінде емес оның культтік нысан ретінде де қолданылғандығын айтауға болады.



6 – Сурет. Бөріжар қорымы №27 катакомбадағы қаңқаның бас жағында үйіліп жатқан адамның қаңқа сүйектері

Жоғарыда келтірілген деректер қаңлылар тарапынан жылдың белгілі кездерінде қорымдарда ата – баба аруағына арнап ас бергендігін көрсетеді. 2023 жылы Мыңтөбе қорымы №8 обадағы катакомбалық қабірдің дромосынан ірі қара малдың жақ сүйегі табылды. Бұл сүйек культтік жоралғы барысында қабірде жатқанның сыбағасы ретінде дромосқа салынған болса керек. Қазіргі қолда бар материалдар қаңлы қорымдарында ата-баба аруағын еске алатын арнайы культтік орын салынбаған деуге итермелейді. Дегенмен катакомбалық қабірлердің әр кезде кіріп шығуға ыңғайлы жағы катакомбалардың жерлеу орнынан бөлек культтік нысан қызметін атқарғандығын болжауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеуле Мыңтөбедегі қабір құрылымы, жерлеу дәстүрі, дүниетанымы мен материалдық мәдениеті жайында белгілі мөлшерде ақпарат алуға және жерлеу дәстүрін болжамды түрде реконструкциялауға мүмкіндік берді. Мыңтөбеде жерлеуге дейін мынадай іс-әрекеттер атқарылғандығы байқалады. Мысалы, қайтыс болған адамның қабірі алдын ала қазылған немесе кесек және

пахсамен тұрғызылған. Мәйіттің астына төсеуге органикалық зат дайындалған. Сонымен қатар түтету рәсімін атқару үшін аластау ыдысы жасалған. Бұған түтетуге «хош иісті» шөптер жиналған. Содан кейін мәйітті иықтарына көтеріп немесе арнайы арбаның үстіне салып келес өзенінің қарсы бетіне алып өткен. Жерлеу кезінде аластау ыдыстарына алдын ала жиналған шөптер түтетілген. Бұл тәннен шыққан рухтың түтін арқылы төбеге тез көтерілуі үшін жасалған болуы мүмкін. Сонымен қатар аруаққа арнап уақ малдар мен ірі қара малдар құрбандыққа шалынып, ас-суы дайындалған. Мұны № 10 обадағы қаңқаның оң иық тұсынан табылған қойдың кәрі жілігі (асықты жілік) дәлелдейді. Тағы бір айта кететін жайт мәйітпен бірге түрлі ыдыстар көмілген. Бұлардың ішіне сусындар мен тағам салынған болуы әбден мүмкін.

Мыңтөбе қорымында ең ерте кезге жататын қабірлер катакомбалық түрде жасалған. Бұл қабірлерді жасауға көптеген адам жұмылдырылған және бір кісі қайтыс болғанға дейін қабірі дайындалған. Уақыт өте келе катакомбалық қабірлердің орнына жер бетіне кесек және пахсадан жерлеу орындары тұрғызылған. Тұрғындардың қабір жасауда мұндай өзгеріске неліктен бет бұрғандығы белгісіз.

Жерлеу кезінде мәйіттер белгілі тәртіппен жатқызылған. Кейбірлері созылыңқы қалыпта жатқызылса, кейбірі ромб қалпында (ат үстінде саяхаттап бара жатқан секілді) жатқызылған. Адам баласы қоршаған ортаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып көшпенділік немесе отырықшы мәдениетті қалыптас-тырып, оны дамыта түскен. Көшпелілер үшін жылқы малының орны мен маңызы ерекше болған. Сондықтан далалық аймақтарда көшпелі мәдениеттің ең жоғары дәрежесі қалыптасты деуге болады. Кезінде Алтай мен Қаратөздің солтүстігі көшпелі мәдениеттің ошағына айналған. Басқаша айтар болсақ, аталмыш аймақтарда тұратын тайпалар жылқыны жүк тасымалдау, аң аулау, жорық жасау және т.б. мақсатта пайдаланған. Осындай қарқынды іс-әрекеттер кезінде көшпелілер жылқының жылдамдығына, күшіне, төзімділігіне және ерекше мінез-құлқына куә болған. Уақыт өте келе жылқы малы көшпелілердің рухани өмірінен өзінің орнын алған. Олар өздерін тек жылқы ғана арғы өмірге жеткізе алады деп сенген болуы керек, қайтыс болғандарды жылқымен бірге қабірге жерлей бастаған. Мұны Алтай аймағындағы жылқымен бірге көмілген жерлеу орындары (Берел, Башадар, Катанда және т.б.) айғақтайды. Жылқыларды көшпелілер ерте кезден бастап құрбандыққа шалған. Кейде жылқы қабірге толығымен салынса, кейде оның бір бөлігі немесе әбзелдері салынған. Бұрынғы кезде көшпелілер жылқыны байлықтың негізгі көзі деп санаған. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар жылқыны жерлеудің орнына оның бір бөлігін немесе ат әбзелін қабірге салған болса керек. Осы орайда қазақтың «өлім байдың малын шашады, жоқтың етегін ашады» деген мақалы еске оралады. Жалпы қабірге жылқы бүтін, не болмаса жекелеген бөлшек күйінде салынғанына қарамастан барлығының астарында өлген адамды арғы өмірге аттандыру түсінігі жатқандығын болжауға болады. Ромб қалпындағы жерлеу мен ат қосып жерлеу бірдей дүниетанымдық мәнге ие болуы мүмкін. Аталмыш жерлеуде (ромб) қайтыс болған адамның жанына жылқы жерленбегенімен, мәйітті ат үстінде саяхаттап бара жатқан адамға ұқсатып жатқызған. Осылайша, көшпелілер жоғарыда айтылғандай, қайтыс болған кісінің әлеуметтік жағдайы жылқы қосып жерлеуге жетпеген кезде, мәйіттің өзін бейне бір жылқы үстінде отырғандай қалыпта жатқызып арғы өмірге аттандырған болса керек [14, 175]. Сонымен қатар №3 обадағы қаңқалардың бірінің аяғы айқастыра жерленген. Бұл жерлеу қалпы өзіне назар аудартады. Мұндай жерлеу қалпы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және батыста Дон өзеніне дейінгі аймақта кездеседі. Ғалымдардың пікірінше бұл жерлеу қалпы ғұндар батысқа жылжығаннан кейін пайда болған [15, 129]. Дегенмен Дон өзені бойында қола дәуіріне жататын Холодный IV қорымы №2 обадан жілігі айқасқан қалыптағы қаңқа анықталған [16, 129]. Бұл жерлеу қалпының түп тамырының теренде екендігін көрсетеді. Қазіргі кездегідей бұрынғы кезде халықтар өмірден озғандарды өздері ұстанған діни сенімдері негізінде жерлеген. Сондықтан археологтардың бір қатары қаңқалардың бағытталуы мен жату қалпын семантикалық тұрғыдан анықтауға тырысқан. Ежелгі кезде адамдар мәйіттердің қабірден шығып өздеріне зиянын тигізеді деп қорыққан. Аруақтар қабірден шықпауы үшін артында қалған ұрпақтары оларға арнап құрбандық шалған. Одан әрі түсіп мәйіттердің аяқтарын шегелеп, байлап немесе кесіп тастаған [17,140-141]. Аяқтары айқастырылған жерлеулердің астарында осындай сенімдердің жатуы мүмкін. Жалпы аяғы айқасқан адамның алға қарай қадам басуы шектеледі. Сол себепті баяғы қоғамдағы сенім бойынша қабірден шыққанын қаламаған адамдардың аяқ жілігі айқастыра жерленген болса керек.

Келес өзенінің төменгі ағысындағы ежелгі тұрғындар қайтыс болғандарды өздерінің сенімдері негізінде жерлегеннен кейін, белгілі уақыттарда олар үшін ғұрыптық жоралғылар атқарған болуы керек. Мұны «қаңлылар ата-бабаларының аруағына табынған. Қаңлы елінде ата-баба мазары бар, әр жылы маусым айында барлық иеліктен жиналып, ата – бабаларына ас береді» [12] деп келтірілген деректің өзі дәлелдейді. Қазіргі кезге дейін Келес ауданына қарасты Қызыләскер және Ғани Мұратбаев ауылындағы тұрғындар көктем айында өз әулеттерінің мазаратына жиналып, аталарына арнап құрбандық шалып, ас береді. Бұл

сонау қаңлы кезеңінен бері жалғасын тауып келе жатқан дәстүр болуы мүмкін. Сондықтан қазіргі ел ішіндегі кейбір практикалардың түп тамырын айқындауда ежелгі қорымдардың алатын орнының ерекше екендігін әсте естен шығармау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Gürkan S.L. *İslam Ansiklopedisi*. 34.Cilt. Türkiye Diyanet Vakfı, 2010. s.32-34.
- 2 Гурсой М., Сиздиков Б., Сералиев А. Мыңтөбе наусы хақында // [Отан тарихы ғылыми журналы, №26 \(1\). 2023. - с.144-162.](#)
- 3 Жетібаев К.М., Сиздиков Б.С., Гурсой М. Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(66). 2020. – с. 409-418.
- 4 Гурсой М., Сиздиков Б., Таджибаев Н. Мыңтөбе қорымындағы катакомбалық жерлеулер // Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(76), 2023. с.225-243.
- 5 Байпаков К.М, Смагулов Е.А, Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. – Алматы: Баур, 2005. 224 с.
- 6 Подушкин А. Н. Арысская культура Южного Казахстана IV в.до.н.э. – VI в.н.э.Издательский центр МКТУ им. Х.А.Ясауи, Туркестан. 2000. – 201 с.
- 7 Кожомбердиев И. Катакомбные памятники Таласской долины, в сборнике: «Археологические памятники Таласской долины», Фрунзе: 1963. с.33 – 77.
- 8 Uhri A. *Anadolu'da Ölümün Tarih Öncesi*. – İstanbul: Ege Yayınları, 2014. – 228 s.
- 9 Қозыбаев М.Қ. (бас ред.) Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін I-том. – Алматы: Атамұра баспасы, 1996. – С. – 544.
- 10 Kocavaş Y. *Eski Türklerde Yas ve Ölü Gömme Adetleri*. S. Koca vd. (Editör). *Türkler*, Cilt 3. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, S.67 – 75.
- 11 Ақурт М. М.Ö. İkinci binde Anadolu'da ölü gömme adetleri. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. 243 s.
- 12 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын баспасы, 1994. – 400 б.
- 13 Торгоев А. И., Ержигитова А. А. Генезис и вопросы хронологии погребальных сооружений Кангюя II в. до. н. э. – IV в н э //Археология и история Кангюцского Государства. С. А. Яценко (ред.). Шымкент: Типография «Әлем», 2020. – 216 с.
- 14 Гурсой М. Қаңлы ескерткіштеріндегі ғұн және сармат тайпаларының рухани – дүниетанымдық компоненттері (Сырдарияның ортаңғы ағысындағы материалдар негізінде) // Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(78), 2023. – б. 175-191.
- 15 Сулимирский Т. Сарматы. Древний народ юго России. Москва: Центрполиграф, 2008. 190.
- 16 Копылов В. П., Лукьяшко С. И. Погребения предскфского и скифского времени в междуречье Дона и Сала// *Донские древности*. 1995. (4). С.117-148.
- 17 Самашев З., Көшербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Үстірт пен Манғыстау қазыналары. Алматы: 2007. 400 с.

References:

- 1 Gürkan S.L. *İslam Ansiklopedisi*. 34.Cilt. Türkiye Diyanet Vakfı, 2010. s.32-34.
- 2 Gursoy M., Sizdikov B., Seraliev A. Myntobe nausy haqynda // *Otan tarihy gylymi zhurnaly*, №26 (1). 2023. - s.144-162.
- 3 Zhetibaev K.M., Sizdikov B.S., Gursoy M. Myntobe qorymynda zhurgizilgen arheologijalyq zertteu zhymystarynyn natizhesi // *Abay atyndagy qazaq ulttyq pedagogikalyq universiteti habarshysy* «Tarih zhane sayasi-aleumettik gylymdar» seriasy, №3(66). 2020. – s. 409-418.
- 4 Gursoy M., Sizdikov B., Tadzhibaev N. Myntobe qorymyndagy katakombalyq zherleuler // *Abay atyndagy qazaq ulttyq pedagogikalyq universiteti habarshysy* «Tarih zhane sayasi-aleumettik gylymdar» seriasy, №1(76), 2023. с.225-243.
- 5 Baypakov K.M, Smagulov E.A, Erzhitova A.A. Rannesrednevekovye nekropoli Yuzhnogo Kazahstana. – Almaty: Baur, 2005. 224 s.
- 6 Podushkin A. N. Arysskaya kul'tura Yuzhnogo Kazahstana IV v.do.n.je. – VI v.n.je.Izdatel'skij centr MКТU im. H.A.Yasaui, Turkestan. 2000. – 201 s.

- 7 Kozhombardiev I. *Katakombnye pamyatniki Talasskoj doliny, v sbornike: «Arheologicheskie pamyatniki Talasskoj doliny»*, Frunze: 1963. c.33 – 77.
- 8 Uhri A. *Anadolu'da Ölümin Tarih Öncesi*. – İstanbul: Ege Yayınları, 2014. – 228 s.
- 9 Qozybaev M.Q. (bas red.) *Qazaqstan tarihy kone zamannan buginge deyin I-tom*. – Almaty: Atamura baspasy, 1996. – S. – 544.
- 10 Kocasavaş Y. *Eski Türklerde Yas ve Ölü Gömme Adetleri*. S. Koca vd. (Editör). *Türkler*, Cilt 3. – Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, S.67 – 75.
- 11 Akyurt M. M.Ö. *İkinci binde Anadolu'da ölü gömme adetleri*. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. 243 s.
- 12 Mynzhan N. *Qazaqtyn qysqasha tarihy*. Almaty: Zhalyн baspasy, 1994. – 400 b.
- 13 Torgoev A. I., Erzhigitova A. A. *Genesis i voprosy hronologii pogrebal'nyh sooruzhenii Kangjuja II v . do. n. je. – IV v n je //Arheologia i istoria Kangiucskogo Gosudarstva*. S. A. Jacenko (red.). Shymkent: Tipografija «Әlem», 2020. – 216 s.
- 14 Gursoy M. *Qanly eskertkishterindegi gun zhane sarmat taipalarynyn ruhani – dunietanymdyq komponentteri (Syrdariyanyn ortangy agysyndagy materialdar negizinde) // Abai atyndagy qazaq ulttyq pedagogikalyq universiteti habarshysy «Tarih zhane saiasi-aleumettik gylymdar» seriasy, №3(78), 2023. – b. 175-191.*
- 15 Sulimirskii T. *Sarmaty. Drevnii narod Yugo Rossii*. Moskva: Centrpoligraf, 2008. 190.
- 16 Kopylov V. P., Lukyashko S. I. *Pogrebenia predskfskogo i skifskogo vremeni v mezhdurech'e Dona i Sala// Donskie drevnosti*. 1995. (4). S.117-148.
- 17 Samashev Z., Kosherbaev K., Amanshaev E., Astafev A. *Ustirt pen Mangystau qazynalary*. Almaty: 2007. 400 s.

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY**

ӘОЖ 9.94 (41/99)
МРНТИ 03.09.55

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.024>

Г.К. Көкебаева*¹

¹т.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>

e-mail: kokebayeva@gmail.com

**МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ – ЕУРОПАДАҒЫ ТҮРКІ
ЭМИГРАЦИЯСЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕГІ**

Аңдатпа

Тарихта белгілі тұлғалар өмір сүрген заманның әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени ахуалын зерттеуде эпистолярлық мұраның маңызы зор. Осы мұра арқылы біз әртүрлі заман адамдарының өмір салтымен, жазу нақышымен және мәдениетімен танысамыз. Жеке тұлға хаттарынан олардың психологиялық бейнесі және өзіндік ой елегінен өткен заманның мәні көрінеді. Бүгінгі күні хаттар, сондай-ақ психологиялық құжаттар әлеуметтанушылардың, тарихшылардың және басқа саладағы зерттеушілердің айрықша назарын аударып отыр. Мұстафа Шоқайдың хаттары – Еуропадағы түркі эмиграциясының қоғамдық-саяси өмірін сипаттайтын деректердің айрықша түрі. Эпистолярлық дәстүрдің негізгі арнасына түсе отырып, біз осы мұра негізінде түркі эмиграциясы өкілдерінің өзара қарым-қатынасын бажайлап, олардың белгілі бір қоғамдық-саяси және әлеуметтік қатынастардың дамуындағы рөлін бағалай аламыз. Шоқайдың эпистолярлық мұрасы – түркі халықтары тарихын бейнелейтін деректердің әлі толық зерттелмеген мол қазынасы. Мұстафа Шоқайдың ғылыми еңбектері, саяси жарияланымдары мен хаттары – ұлт тарихы қайнар көздерінің маңызды бөлігі, сондай-ақ олардың негізінде түркі халықтары тарихындағы «ақ тандақтар» зерттелетін болады, олар зерттеушілерге Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихын объективті түрде зерттеуге жәрдемдеседі. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасындағы түркі эмиграциясы тарихының нарративтерін анықтау және талдау.

Кілт сөздер: эпистолярлық мұра, түркі эмиграциясы, зияткерлік элита, хаттар, шығармашылық мұра.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы" грант ИРН BR18574180).

Г.К.Көкебаева*¹

¹д.и.н., профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>

e-mail: kokebayeva@gmail.com

**ЭПИСТОЛЯРНОЕ НАСЛЕДИЕ МУСТАФЫ ШОКАЯ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ
ТЮРКСКОЙ ЭМИГРАЦИИ В ЕВРОПЕ**

Аннотация

Эпистолярное наследие имеет большое значение для изучения социально-политической, экономической или культурной ситуации той эпохи, в которой жили эти люди. Через них мы знакомимся с образом жизни, стилем или культурой письма людей различных эпох. Здесь видна вся осознанная ими эпоха и их настоящие психологические портреты. В настоящее время письменные послания, а также работы по психологическим документам привлекают большое внимание социологов, историков и представителей

других научных направлений. Письма Мустафы Шокая – это особый вид источников, характеризующее общественно-политическую жизнь тюркской эмиграции в Европе. Следуя развитию эпистолярной традиции, нам предоставляется возможность следить за личными отношениями представителей тюркской эмиграции и оценивать их роль в развитии определенных общественно-политических и социальных отношений. Эпистолярное наследие Шокая – это огромный пласт еще неизученных источников по истории тюркских народов. Научные труды, политические публикации и письма Мустафы Шокая являются частью национальной истории, на основе которых будут изучены «белые пятна» в истории тюркских народов, они помогут исследователям объективно оценить историю тюркской эмиграции в Европе. Цель данной статьи – выявление и анализ нарратива истории тюркской эмиграции в эпистолярном наследии Мустафы Шокая.

Ключевые слова: эпистолярное наследие, тюркская эмиграция, интеллектуальная элита, письма, творческое наследие.

Благодарности. Статья подготовлена в рамках реализации Программы целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX – первой половины XX вв.»).

G.K. Kokebayeva*¹

¹ Dr., Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6638-4663>

e-mail: kokebayeva@gmail.com

MUSTAFA SHOKAY'S EPISTOLARY HERITAGE AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF TURKIC EMIGRATION IN EUROPE

Abstract

Epistolary heritage is of great importance for studying the socio-political, economic or cultural situation of the era in which these people lived. Through them we get to know the lifestyle, style or writing culture of people of different eras. Here we can see their entire realisation of the era and their real psychological portraits. Nowadays, written messages as well as works on psychological documents have attracted a lot of attention from sociologists, historians and representatives of other scientific fields. Mustafa Shokay's letters are a special type of sources characterising the social and political life of the Turkic emigration in Europe. Following the development of the epistolary tradition, we are given the opportunity to follow the personal relationships of the representatives of the Turkic emigration and assess their role in the development of certain socio-political and social relations. Shokay's epistolary heritage is a huge layer of still unexplored sources on the history of Turkic peoples. Scientific works, political publications and letters of Mustafa Shokay are part of the national history, on the basis of which "white spots" in the history of Turkic peoples will be studied, they will help researchers to objectively assess the history of Turkic emigration in Europe. The purpose of this article is to identify and analyse the narrative of the history of the Turkic emigration in the epistolary heritage of Mustafa Shokay.

Key words: epistolary heritage, Turkic emigration, intellectual elite, letters, creative heritage.

Gratitude. The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX - first half of XX").

Кіріспе. Жеке тұлғаның хаттары – белгілі бір тарихи заман мен мәдениет аясында өмір сүрген адамдар арасындағы жеке және қоғамдық-саяси қарым-қатынастармен байланысты пайда болған айрықша деректер. Эпистолярлық деректер гуманитарлық ғылымдар саласында әртүрлі зерттеушілік міндеттерді орындауға жәрдемдеседі, кейбір міндеттер тек осы деректерді пайдалану негізінде ғана шешілуі мүмкін. 1916 жылы У.И. Томас пен Ф.Знаниецки Батысқа қоныс аударған поляктардың өмірін олардың хаттары негізінде зерттеуді бастады, олардың иммигранттардың хаттарын талдаған іргелі зерттеуі әртүрлі толықтырулармен бес том болып, өткен ғасырда бірнеше рет басылып шықты. Эпистолярлық мұраны зерттеудегі ірі методологиялық құбылыс болған бұл зерттеу күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Поляк мигранттарының 1880-1910 жылдардағы өмір тарихына арналған осы көп томдық еңбектің қысқартылған түрі 1996 жылы тағы да жарық көрді [1]. Осыдан кейін мигранттардың хаттары миграция тарихын, мигранттардың өмірі мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін зерттеудің басты дерегіне айналды да, жаңа құрылыққа қоныс аударуған неміс, ирланд және басқа ұлт өкілдерінің жеке өмірі,

мәдениеті және әлеуметтікәсаяси қызметі кеңінен зерттелуде [2, 3, 4].

Мақалаға арқау болған тақырыптың бір аспектісі Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихына арналған зерттеулер шетел тарихнамасында баршылық. Й. Бендингтің зерттеуінде кеңестік түркі эмигранттарының Берлиндегі қызметі, саяси және мәдени басылымдары талданған [5]. П. Мюлен Кеңес Одағындағы Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуде Еуропадағы түркі эмиграциясының қызметіне ерекше назар аударады [6]. Ч.У. Хостлердің зерттеуінде түркі халықтарының тарихы, түркілік идеясының қалыптасуы және оның негізін салушылардың ой-түйіндері талданған [7]. Түркістан тарихын көп зерттеген, соған орай оны айрықша жетік білетін түрік ғалымы Ахат Андижанның монографиясында түркілік идеясын басшылыққа алған шетелдегі түркістандықтардың тәуелсіздік жолындағы күресі зерттеледі [8].

Кеңес өкіметінің идеяларын қабылдаудан саналы түрде бас тартып, шетелге кеткен түркістандық қайраткерлердің эмиграциядағы саяси қызметі, жалпы кеңестік Шығыстың ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресінің әлемдік аренаға шығуы туралы мәселенің отандық тарих ғылымында зерттелуі тым-ақ кенже-леп қалғаны белгілі. Түркістандық эмигранттардың, соның ішінде аса көрінекті тұлға Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы қызметін зерттеудің басталуы Қазақстанның егеменді ел болуымен тұстас келді. 1996 жылы Алматыда Мұстафа Шоқай және шетелдердегі қазақ зиялыларының өмірі мен тағдырын зерттеудің барысын айқындаған келелі басқосу болды. Оған жергілікті ғалымдармен қатар Германиядағы, Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. Осыдан кейін Шоқайдың еңбектері жарық көре бастады. Алайда қоғамдағы осы мәселеге жаппай қызығушылық архивтік деректермен жұмыс істемеген «зерттеушілердің» еңбектерінің пайда болуына әкелді, осылайша Шоқайдың мифтік, көркем әдеби бейнесі жасалып, осы айрықша көрінекті тұлғаның әлемдік деңгейдегі шоқтығы биіктігін көрсететін еңбектер солардың тасасында қалып қойды. Шоқайдың еңбектерін табу мен жариялауда отандық зерттеушілер айтулы жұмыс атқарды, Шоқайдың хаттарын қазақшаға аударып, топтастырған бірнеше жинақтар басылып шықты [9, 10].

Әдістер мен материалдар.

Эпистолярлық мұраны талдау пәнаралық зерттеу әдістерін қолдануды талап етеді, бұл жеке тұлға хаттарының дерек ретіндегі айрықша сипатына, яғни хаттардың жеке тұлғаның субъективтік көзқарасын бейнелейтіндігіне байланысты. Мақалада эпистолярлық мұраның мазмұнын талдай отырып, Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихын зерттеу мақсаты қойылғандықтан біз хаттардың мәтінін пайымдауда мотивтік талдау әдісін қолдандық.

Сапалы зерттеу құралы ретінде нарративтік талдау әдісін қолдандық, бұл әдістің көмегімен зерттеуші өзінің зерттеу тақырыбына терең үңіліп, деректерден және тақырыптық зерттеудерден жинақталған мәліметтерді талдайды. Нарративтік талдау жасау үшін зерттеу нысанының әлеуметтік және мәдени контекстін түсіну, алғышарттарын анықтау қажет. Бұл – әсіресе, кеңестік кезеңде зерттелмеген, қолжетімді деректердің жоқтығынан көптеген қырлары түсініксіз болған түркі эмиграциясының тарихы сияқты мағыналық қабаттары мол, контекстік құпиялары жеткілікті тақырып үшін аса оңтайлы әдіс.

Мұстафа Шоқайдың еңбектері және эпистолярлық мұрасы негізінен Франция, Польша, Германия, Ресей архивтерінде сақталған. Шоқайдың жеке архивін жұбайы Мария Шоқай 1953 жылы Сорбонна университетінің шығыс тілдері факультетінің кітапханасына тапсырған. ЮНЕСКО ұйымының Қазақстан бойынша ұлттық комиссиясының төрағасы мен Францияның ұлттық Шығыс тілдері және өркениеттері институтының ректоры арасындағы келіссөздер нәтижесінде Шоқайдың жеке архивінің көшірмесі елге жетті. Бұл архивтік топтаманың басым бөлігі Шоқайдың эпистолярлық мұрасын құрайды.

Германия және Польша мұрағаттарындағы Мұстафа Шоқай туралы деректер 2003-2011 жылдары зерттелді. Шоқайдың Еуропадағы саяси қызметіне қатысты құжаттардың басым бөлігі Польша Республикасының Жаңа актілер мұрағатында және Болеслав Валигори атындағы Әскери мұрағатта сақталған. Жаңа актілер мұрағатында 109 қордың 9 ісінен Прометей» ұйымына, соның ішінде Мұстафа Шоқайға қатысты құжаттар табылды, олардың қатарында хаттар да бар. Шоқайдың «Прометей» Лигасына кіретін барлық ұлттық эмигранттық ұйымдар өкілдерімен жазысқан хаттары Ресей архивтерінде де жинақталған. Шоқайдың шығармашылық мұрасының басым бөлігі – ғылыми мақалалар, баяндамалар және хаттар. Бұл хаттардың түпнұсқасымен танысып, зерттеп және елге алып келген зерттеушілердің құрастыруымен 2021 жылы «В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941» деген атпен жинақ шықты, оған Шоқайдың 261 хаты енгізілді [11].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Мұстафа Шоқайдың хаттары – Еуропадағы түркі эмигранттарының қоғамдық-саяси өмірінің құжаттық куәліктері. Бұл хаттардың тақырыптық диапазоны өте кең, соның ішінде Еуропадағы түркі эмигрант-

тарының бірлігі мен азаттық жолындағы күресінің тарихы айрықша орын алады.

Түркістанда және басқа ұлттық аймақтарда кеңес өкіметі жеңген соң ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресті шетелге эмиграцияға кеткен қайраткерлер жалғастырды. Азия елдеріне, соның ішінде Түркияға кеткен түркі эмигранттарының бір бөлігі 1920-1924 жылдар аралығында Еуропаға өтті. Олардың ішінде Түркістан уақытша үкіметінің төрағасы М.Шоқай, Бұхар республикасының президенті Осман Қожа, Қырымдағы татар үкіметінің Сыртқы істер министрі Сафер Сейдахмет, Татар уақытша үкіметінің төрағасы Аяз Исхаки, болды. Шетелдердегі түркі эмигранттарының саяси қызметі түркішілдік идеясына негізделді, олар Кеңес Одағындағы түркі халықтарының ұлттық азаттығы жолында күресті. Мұстафа Шоқай, Эмин Ресул-Заде, Аяз Исхаки, Рашид Рахмати, Ахмет Зеки Уәлиди, т.б. белгілі қайраткерлер бүкіл түркі халықтарын біріктіру сияқты іске асырылмайтын идея емес, нақты негізі бар, өмірге бейім идеяларды насихаттады. Түркі эмигранттары әртүрлі ұлттық ұйымдарға кірді, солардың ішіндегі ең ірісі Түркістан және Әзірбайжан ұлттық ұйымдары болды. 1929 жылдың мамырында Берлинде Түркістан, Еділ-Орал және Қырым ұлттық ұйымдары арасында ұлт азаттығы жолындағы күресті үйлестіру туралы келісім жасалды. Келісімде бұл ұйымдардың әрқайсысы өзінің ұйымдық дербестігін сақтайды, ал ортақ күресті үйлестіру үшін әр ұйымнан бір өкіл кіретін бюро құрады деп көрсетілді. Осы орталық бюронның мүшелері Парижде, Варшавада, Берлинде және Ыстамбұлда құрылатын жеке бюролардың жұмысына жетекшілік жасайды. Осы аталған қалаларда бюронның француз, поляк, неміс, түрік тілдерінде мерзімдік басылымдары шығарылады [12]. Түркістан эмигранттарының «Түркістан ұлттық бірлестігі» («Түркістан ұлттық қоғамы») деп аталған ұйымы Түркістан автономиясының бұрынғы президенті Мұстафа Шоқай, Бұхар Халықтық Республикасының бұрынғы президенті Осман Қожа, Башқұрт автономиясының жетекшісі Зеки Уәлиди (Тоған) және басқа түркістандықтардың 1925 жылғы Ыстамбұлда өткізген жиынында аққұрылды. Жиында халықаралық қауымды Түркістанда болып жатқан оқиғалардан хабардар етіп отыру, сондай-ақ Түркияға, Еуропаға, Иранға, Үндістанға және араб елдеріне эмиграцияға кеткен түркістандықтарды бір ұйымға біріктіру туралы шешім қабылданды [14, б.181]. Түркістанның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму мәселелері туралы хабарлар ұйымның 1927 жылдан бастап шығарылған «Yeni Türkistan», 1929 жылдан бастап жарық көрген «Yach Turkestan» атты журналдарында жарияланып отырды. «Түркістан ұлттық бірлестігін» басқаратын Орталық комитет құрамына Осман Қожа, Зеки Уәлиди (Тоған) және Мұстафа Шоқай кірді. Түркістан ұлттық бірлестігі қызметінің алғашқы кезеңінде-ақ башқұрттар мен бұқаралықтар арасында алауыздықтар бары байқалды. Мұның өзі Зеки Уәлидидің Осман Қожаны ұйымның басшылығынан ығыстырып, билікті өз қолына шоғырландыруына әкелді. Еуропада тұрған Шоқай ұйымның екі жетекшісінің өзара тартысына араласқан жоқ, алайда ұйымның бүкіл билігін қолына алған Уәлиди кейініректе Шоқайды да ығыстыруға тырысты. Уәлиди мен түрік ұлтшылы Хусейн Нихал Ациз бірталай уақыт Мұстафа Шоқайға қарсы күрес жүргізді. Олар Түркістан атауына қарсы болып, оны парсыланған түркі сөзінен шыққан деп, Түрік елі, Түрік жұрты деген атаулар ұсынумен қатар Шоқайдың төңірегіне біріккен түркістандықтарды «сарттар» деп атап, Түркістан қазақтарын өзбектерге қарсы айдап салды. Алайда Еуропадағы «Yach Turkestan» журналының маңына топтасқан түркістандықтар «Түркістан» атауын және түркішілдік идеясын негізге ала отырып, бүкіл Түркістанның бірлігі, тұтас Түркістан идеясы жолында күресті. Жалпы алғанда түркістандық эмигранттық ұйымның жұмысына Зеки Уәлидидің Осман Қожаға және Мұстафа Шоқайға қарсы күресі мазасыздық әкеліп отырды. Содан болар, Осман Қожа мен Мұстафа Шоқай Ыстамбұлдағы ұйымның жұмысына көп араласпай, енжарлық таныта бастады. Осыған орай 1929 жылдың 11-ші наурызында Ыстамбұлдағы түркістандықтар Мұстафа Шоқайға хат жазып, Зеки Уәлидидің ұйымға басшы болуына наразылық білдірді: «Қымбатты Мұстафа эфенді! Ұйымның жұмысы нашарлап қалғанын бізден де жақсы білесіз. Сонау 1924 жылы біз Закки эфендімен ынтымақтастықтың пайдалы болуына күманданған кезімізде сіз біздің арамызда бітімшілік жасадыңыз. Тек сізді өтінішіңізді орындап, біз Закки эфендімен татуластық және оның ұйымға төраға болуына келістік. Ал сіз болсеңыз, алыста тұратыныңызды айтып, ұйымға төраға болудан бас тарттыңыз», дей келіп, ұйымда келеңсіз жағдайлардың орын алып отырғанын, сондықтан түркістандықтар Уәлидиге ашық хат жазып, ренішін білдіруге ниеттеніп отырғанын жеткізді [14]. Шоқай 16-шы наурызда жазған жауап хатында ұйымның жіктеліп, жеке ұлттық топтарға бөлініп кетуіне жол бермеу, Зеки Уәлидиге ренішті хат жазбау, керісінше сыпайы түрде сөйлесіп, тіл табысуға әрекеттену туралы ақыл берді [15].

Соңғы жылдарда мұрағаттардың бұрын құпия болып келген көптеген қорларының ашылуы белгілі қазақ зиялыларының өмірін, өзара қарым-қатынасын толық зерттеуге мүмкіншілік берді. Бұл бағытта бірқатар көзге түсер зерттеулер басылып шықты. Алайда кейбір сәттерде жеке тұлғалардың идеялық қайшылықтарын, саяси позициясының айырмашылығын түсіндіру орнына жеке бас араздығын талдап кететін жағдайлар да бар. Ал Мұстафа Шоқайдың хаттарынан оның өз әріптестерімен қарым-қатынасында

жеке бас араздығынан жоғары тұрғандығын, оның кейбір көрінекті эмигранттармен келіспеушілігі идеялық айырмашылық пен саяси күрестің тактикасы мәселесіне қатысты болғандығын көруге болады. Шоқай эмиграциядағы түркістандық, кавказдық, украиндық саяси күштердің бірлігі қажет екендігін, ал өзара әртүрлі түсініспеушіліктер ортақ мақсатқа кесірін тигізбеуге тиістілігін үнемі ескертіп отырған. Мәселен 1930 жылы Заки Уәлидидің (Валидовтың) өз әріптестерімен қақтығысы кезінде ол Уәлидидің саяси көзқарастарын сынай отыра, оның ғылыми жұмыстарын жоғары бағалады. Польша үкіметі мен эмигранттар арасындағы байланыстарды іске асыратын қызметкер Шоқайдан Уәлиди мен басқа түркі эмигранттары арасындағы қақтығысты түсіндіруді өтінген. Шоқайдың 1930 жылы 27-мамырда жазған жауап хатына жүгінейік: «Валидовтың саяси мәселелер бойынша кейбір, шындықты айтсақ, көптеген пікірлерінің даулы екендігін біле отыра..., мен Валидовқа ғылыми сипаттағы мақалалар жазуға мүмкіншілік беруді жақтаймын. Ол ғажап эрудит, біздің тарихымызды, этнографиямызды жақсы біледі, оның әрбір мақаласы аса құнды және басылымның мазмұндық әрін күшейте түседі. Ол – өте жақсы эклектик, бірақ, өкінішке орай, анализге қабілетсіз. Алайда оның біздің халқымыз бен руларымыз туралы жазғандары аса құнды дүниелер. Валидовтың «татарды жеккөрушілік» және қазақтардың саяси мүмкіндіктерін асыра бағалаушылық сезімі ауруға айналған (сондай-ақ кейбір татарлар «валидовты жеккөрушілік» ауруына шалдыққан), ол өзбектерге, яғни, біздің еліміздің отырықшы бөлігіне қатысты скептицизм, ал кейде ашық түрде салқын қараушылық... көрсетеді. Оның бұл жеке «қасиеттері» саяси қызметінде де тым айрықша көрініс тапқан. Түркістандықтар мен татарлар арасындағы үнемі қайталанып отыратын түсініспеушіліктер осыған байланысты, сондай-ақ түркістандықтардың өздерінде қазақтар мен өзбектерге бөлінушіліктің болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл біздің болашақ саяси жұмыстарымыз үшін, біздің еліміздің болашағы үшін аса қауіпті жағдай. Валидов біздің еліміздің ескі тарихының жақсы білімпазы болғандықтан, әрине, ескі салттарды сақтап қалған тайпа ретінде қазақтарды көшпелі ата-бабалардың «ежелгі қазынасын» жоғалтып алған өзбектерден жоғары қояды. Жеке қасиеті бойынша жалпы прогресшіл Валидовтің (ол социалист-революционер... болған) бойында саясатқа келген кезде тарихшы-архивариус жоғары шығып кетеді. Ол өзінің мұрағаттық білімдерінің қуатты күшінің салдарынан саяси сауаттылықтың әлпбиін ұмытып кетеді... Сондықтан, менің ойымша, біздің Ыстамбұлдағы жолдастар оның ғылыми мақалаларын шын ниетпен қабылдайтын болар, олардың маңыздылығы және бізге қажеттілігі саяси мақалалардан әсте кем емес. Валидовты – ғылыми мақалалардың авторын – кезкелген адам құрметтейтін және жариялайтын болады, алайда Валидов – саяси мақалалардың авторы – өте көп қарсылыққа кездеседі» [16]. Осылайша ол түркі эмигранттары арасындағы кейбір кикілжіңді өршітпеуге, оларды бір ғана мақсат – Түркістанның азаттығы жолындағы күреске бағыттауға тырысты. Танымал тұлғалардың эпистолярлық мұрасы олардың өмір жолының қыр-сырын ашумен қатар, сол кездегі тарихи контексті талдауға да мүмкіндік береді.

Хаттардан Мұстафа Шоқайдың және басқа түркі эмигранттарының түркі жастарының Еуропа елдерінде білім алуына жәрдемдесуге тырысып, әрекет жасағанын көруге болады. 20-жылдарда Бұқара 1927 жылы Шоқай төрт-бес түркістандық жастарға Лондонда білім алу мүмкіндігін ұйымдастыруға әрекеттенді. Алайда аталған түркістандық жастардың Ыстамбұлда шығатын «Yeni Türkistan» журналы маңына топтасқан эмигранттар тобына жататынын білген соң, ағылшындар бұл өтінішті қолдаудан бастартты. Бұл журналдың редакциялық алқасы құрамында түрік офицері Казим-бей бар еді, ол бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Гераттағы неміс-түрік насихат бөлімін басқарған болатын. Сондай-ақ аталған журнал ағылшындардың Орталық Азиядағы саясатын сынаған және Бұқар әмірін жақтаған мақалалар жариялаған екен. Осы жағдайлар ағылшын ғылыми қоғамының Лондонда түркістандық жастардың білім алуын қаржыландырудан бас тартуына әкелген. Осы мәселе туралы Мұстафа Шоқайдың алған хатында Шоқайдың жеке басына аса құрмет көрсете отырып, оның өтінішін орындай алмайтынын жазған [17].

1922 жылы Әлімжан Ыдырыс Бұқар Халық Республикасының өкілі ретінде 64 студент және оқушы жастарды Германияда оқыту мақсатымен алып келген. Кейіннен Бұқар республикасының дербестігі жойылып, ол кеңестік Өзбекстанға қосылған соң, Берлиндегі Бұқар Халық Республикасының Мәдени қатынастар жөніндегі өкілдігі таратылған. Студент жастардың бірқатары Германияда қалып қойған [18]. Германияға оқуға Түркістан автономиялық республикасынан да жастар барған, 1923 жылы Германияға студент жастардың жағдайын білуге барған Тұрар Рысқұловтың мәліметтері бойынша, Түркістан республикасынан он бір студент (жеті өзбек, төрт қазақ), Бұқардан отыз бес өзбек, сегіз татар, бес түркімен бар екен, оларды неміс тілін жылдам үйренсін деп жергілікті отбасылардың үйіне орналастырған, жалпы жағдайлары жаман емес дейді [19, б.16]. Түркістандық эмигранттар осы елге қайтпай, Германияда қалып қойған жас тарға да қамқорлық көрсетуге тырысқан. Шоқайдың 1930 жылғы хаттарынан Германияға оқуға келгендердің қатарында болып, Кеңес Одағына қайтпай қалған жеті түркістандықтың бесеуі оқуын бітіруге

мүмкіндік ала алмай қалғанын, екеуі оқуын бітіріп жұмыс іздеп жүргенін білеміз. Шоқай сол бесеуге оқуын бітіріп, мамандық алуға көмектесу турал мәселе көтереді. Жұмыс іздегендердің біреуіне Түркияға баруға кеңес береді, өйткені ондағы түркі эмигранттарының көмектесу мүмкіндіктері көбірек болатын [20].

Шоқайдың эпистолярлық мұрасынан оның шетелдіктер арасында тек саясаткер ғана емес, ғалым ретінде де аса танымал болғанын көреміз. 1929 және 1933 жылдары Лондонға барғанда Корольдық шығыс тілдері институтының басшысы Дениссон Росс, Корольдық халықаралық қатынастар институтының директоры Перси Сайкс сияқты танымал мамандармен кездесіп, пікір алысты. Лондондағы Корольдық Орталық Азия институтының өтінішімен Шоқай «Түркістандағы кеңестік саясаттың 15 жылдығы» тақырыбында, Халықаралық қатынастар институтының өтінішімен «КСРО және қытайлық Түркістан» атты баяндамалар жасады [21]. 1933 жылдың наурыз айында Халықаралық қатынастар институтының Ғылыми кеңесінің төрағасы Н.Малькольм Шоқайға институтқа келіп, баяндама жасағаны үшін алғыс білдірген арнаулы хат жолдады [22].

Еуропаның басқа елдерінде тұратын эмигранттар, саяхатшылар, ғалымдар Шоқайдан Түркістанның тарихына қатысты мәселелер бойынша кеңес алуға ұмтылды. Мәселен, 1934 жылдың қаңтарында Бельгида тұратын эмигрант ғалым В.Гаврилов Шоқайға хат жазып, Түркістанның антропологиялық, географиялық, саяси және діни тарихын күйінзерттеу үшін ғылыми әдебиеттер тізімін беруді өтінеді [23]. 1899 жылы Франциядан Ресейге келіп, Кавказда және Түркістанда француз тілінен сабақ берген, ғылыми зерттеулер жүргізген, большевиктер өкімет басына келген соң еліне қайтқан француз ғалымы Жозеф-Антуан Кастанье Шоқаймен хабарласып, ғылыми материалдар алып тұрған. 1935 жылдың желтоқсанында жазған хатында Кастанье Шоқайдың «Түркістан Кеңес өкіметінің қоластында» деген кітабын сыйға алғанына риза болып, алғыс хат жазып, онда аталған еңбектің ғылыми негізділігін атап айтады [24].

Мұстафа Шоқайдың неміс лагерлеріндегі соғыс тұтқындарының көңіл-күйін анықтау үшін құрылған комиссиялар қатарында жүрген кездегі Мария Шоқайға және Уәли Каюмге жазған хаттары түркістандық тұтқындардың ауыр жағдайын сипаттайды. 1941 жылдың қазан айында Шоқайдың Каюмге жазған хатына көз жіберейік: «Қазір бәрімізге мәлім болған жағдай сол, біздің қандастарымыздың – соғыс тұтқындарының жағдайы айрықша ауыр. Олардың барлығы тамақтың тапшылығы мен киімнің жоқтығын айтады, олардың басым көпшілігі жартылай жалаңаш жүр, бастарында баспана да жоқ (қазір қазан айы) – барлық жерде адамдар ашық аспан астында орналастырылған, түнге қарай өздері өліп-талып қазып алған шұңқырда жатады, сондай-ақ ең ауыр жағдай сол – оларды лагерь әкімшілігі қорлықта ұстайды» [25]. 1941 жылдың қарашасында Мұстафа Шоқайдың Марияға жазған соңғы хатындағы мына бір жолдар оның лагерлердегі қандастарының ауыр жағдайына жаны ашыған қынжылысын, сондай-ақ фашистердің айуандығына деген жеккөрушілігін де бейнелегендей: «Осы бақытсыз жандарға көмек бере алмайтыныма жаным ауырады. Олар менен көмек сұрайды және көмектеседі деп үміттенеді. Мен сөз бердім, бірақ оны орындай алмайтынымды білемін, әйтеуір, жұбату үшін айтамын. Оларға көмектесуге дәрменім жоқ екенін біле тұра, алдауға мәжбүрмін. Бұған ендігі жерде шыдай алмаймын. Одан да өлгенім жақсы. Кеше 35 адамды өлімнен алып қалдым, бірақ бұл қаншалықты ұзаққа созылар дейсің? Қазір қараша айы, ал олардың кейбіреулері жаздық киім киген, әлдебірі жартылай жалаңаш, суықтан қорғану үшін қолмен шұңқыр қазуға мәжбүр. Оларға итке бергендей нан лақтырады, ал су беру ойларына да келмейді. Мен оларға қандай да бір төсеніш беруді сұрадым. Берді ме жоқ па, белгісіз. Бұл «өркениеттілер» аңнан бетер айуан екен. Менің жанымда Каюмхан бар. Есінде ме, ол Ножанға келіп кеткен болатын? Ол арқылы немістерден түркістандық тұтқындардың жағдайын қалайда бір жақсартуды өтіндім. Ол оны біреулерге жеткізді. Бірақ нәтиже шығар-шықпасы белгісіз. Ондаған шақырым жүріп, лагерлерді аралаудамын. Әл-қуатым азайып барады. Менің жан дүниемнің қаншалықты қажығанын сен онсыз да білесің ғой. Өлгім келеді. «Ажал» деген сөзбен хатымды аяқтаймын» [26, б.217-218]. Бұл хат демократиялық құндылықтарды мақсат тұтқан, бүкіл өмірінің мәнін туған халқының бостандығы жолындағы күрес деп білген кең жүректі адамның ішкі күйзелісі, жан айқайы еді. Осы хатты жазған соң көп ұзамай, 1941 жылдың 27 желтоқсанында Мұстафа Шоқай Берлиндегі ауруханада қайтыс болды.

Қорытынды. Жеке хаттарды рухани мұраның нысаны ретінде ғана емес, нақты заман мен сол дәуірді өзінше түсінетін нақты тұлғаның өзара әрекетінен туған тарихи мәтін ретінде қарау қажет. Демек, эпистолярлық мәтін – бұл белгілі бір мәдениеттің эпистолярлық коды негізінде құрастырылған және автордың жеке тілдік қорымен байытылған хабарлама, бұл адам өзі таратып отырған хабарды тандауда кең түрдегі еркіндікке ие болатын коммуникативтік кеңістік. Бір автордың эпистолярлық мұрасының жиынтығы семиосфераның барлық қасиеттеріне ие мәтіндік ақиқатты құрайды. Эпистолярлық мәтін екі тұлғаның арасындағы қарым-қатынас шегінде құрастырылады, сондықтан бұл мәтінде тұлғаның ішкі кеңістігі осы екі адресатқа тән жалпы коммуникативтік кодқа айналады. Бұл жерде әрбір адресат – тұлға жеке универсум

ретінде көрінеді, ал екі тұлғаның арасындағы шекара үнемі даму үстінде болады. Осы жағдайлар Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасының түркі эмигранттарының Еуропадағы өмірі мен қызметінің мән-мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Соңғы 10-15 жылда Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өмірі мен қызметін бейнелейтін құжаттық материалдар жинақтары көптеп шығарылды. Алайда осындай құжаттық материалдарды тарихи, саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан жан-жақты талдау іске асырылмайынша Шоқайдың ғылыми және эпистолярлық мұрасын зерделеу толық аяқталды деп айта алмаймыз. Белгілі бір қауымдастыққа жататын танымал тұлғалар арасындағы хат алмасу сол қауымдастықтың ғана емес, жалпы сол тарихи кезеңдегі қоғамның өмірінен де хабар береді. Шоқайдың эпистолярлық мұрасы шетелдердегі түркі эмигранттарының қызметін зерттеуде айрықша маңызды екені даусыз. Шоқайдың эпистолярлық мұрасы – түркі халықтары тарихын бейнелейтін деректердің әлі толық зерттелмеген мол қазынасы. Мұстафа Шоқайдың ғылыми еңбектері, саяси жарияланымдары мен хаттары – ұлт тарихы қайнар көздерінің маңызды бөлігі, сондай-ақ олардың негізінде түркі халықтары тарихындағы «ақ таңдақтар» зерттелетін болады, олар зерттеушілерге Еуропадағы түркі эмиграциясының тарихын объективті түрде зерттеуге жәрдемдеседі.

Список использованной литературы:

1. Thomas W., Znaniecki F. *The Polish Peasant in Europe and America*. – Urbana, IL: University of Illinois Press, 1996. – 127 p.
2. Cancian S. *Families, lovers, and their letters: Italian postwar migration to Canada*. – Winnipeg: University of Manitoba Press, 2010. – 192 p.
3. *Letters across Borders: The Epistolary Practices of International Migrants*. Ed. by B. Elliot, D. Gerber, S. Sinke. – New York, NY: Palgrave Macmillan & Carleton Centre for the History of Migration, 2015. – 325 p.
4. Gerber D. *Authors of their lives: The personal correspondence of British immigrants to North America in the nineteenth century*. – New York, NY: New York University Press, 2008. – 422 p.
5. Benzing J. *Berliner politische Veröffentlichungen der Türken aus der Sowjetunion // Die Welt des Islams*. – 1936. – Bd.18. – S.122-131.
6. Mühlén P.v.z. *Zwischen Hakenkreuz und Sowjetstern. Der Nationalismus der Sowjetischen Orientvölker im Zweiten Weltkrieg*. – Düsseldorf: Droste Verlag GmbH, 1971. – 256 S.
7. Hostler Ch. W. *Türken und Sowjets. Die historische Lage und die politische Bedeutung der Türken und der Türkvolker in der heutigen Welt*. – Berlin; Frankfurt am Main: A. Metzner, 1960. – 263 S.
8. Andican A. *Turkestan struggle abroad: From Jadidism to Independence*. – Haarlem, Sota Publications, 2007. – 776 p.
9. Шоқай М. *Эпистолярлық мұрасы*. /Ред. К. Л. Есмағамбетов; құраст. Ф. Т. Исахан. – Алматы: СаҒа, 2006. – 1-том. – 423 б.
10. Шоқай Мұстафа. *Эпистолярлық мұрасы*. /Ред. К. Л. Есмағамбетов; құраст. Ф. Т. Исахан. – Алматы: СаҒа, 2006. – 2-том. – 371 б.
11. *В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941* / Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. – Алматы: Полиграфия сервис и К⁰, 2021. – 488 с.
12. *Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6689, S.73-75.*
13. Karasar H.A. *The Early Turkestan Emigré Struggle and Turkestanism: Nation – Imagining in Emigration: 1925-1940 // Bilig, 2015. – Nr.76. – P.179-204.*
14. *Российский государственный военный архив, Ф.461. Оп.2. Д.133. Л.12-14.*
15. *Российский государственный военный архив, Ф.461. Оп.2. Д.133. Л.16-23.*
16. *Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6690, S. 58-61.*
17. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton III. Dossier 3a, P.61-92.*
18. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts, R 101194, Nr. K205903, K205906.*
19. Турдиев Ш. *Улар Германияда ұқпған эдилар*. – Тошкент: Академ – Хизмат, 2006. – 256 б.
20. *Российский государственный военный архив, Ф.461к. Оп.2. Д.133. Л. 57-65.*
21. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VIII. Dossier 2i, P.9, 10, 13.*
22. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VI. Dossier 1, P.34-35.*
23. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton V. Dossier 2, P.5.*

24. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton II. Dossier 4, P.1-11.*

25. Шоқай М., Шоқай Мария. *Есмеліктер*. – Istanbul: Türk Dünyası Aralastirmalari Vakfı, 1997. – 272 б.

References:

1. Thomas W., Znaniecki F. *The Polish Peasant in Europe and America*. – Urbana, IL: University of Illinois Press, 1996. – 127 p.

2. Cancian S. *Families, lovers, and their letters: Italian postwar migration to Canada*. – Winnipeg: University of Manitoba Press, 2010. – 192 p.

3. *Letters across Borders: The Epistolary Practices of International Migrants*. Ed. by B. Elliot, D. Gerber, S. Sinke. – New York, NY: Palgrave Mcmillan & Carleton Centre for the History of Migration, 2015. – 325 p.

4. Gerber D. *Authors of their lives: The personal correspondence of British immigrants to North America in the nineteenth century*. – New York, NY: New York University Press, 2008. – 422 p.

5. Benzing J. *Berliner politische Veröffentlichungen der Türken aus der Sowjetunion // Die Welt des Islams*. – 1936. – Bd.18. – S.122-131.

6. Mühlen P.v.z. *Zwischen Hakenkreuz und Sowjetstern. Der Nationalismus der Sowjetischen Orientvolker im Zweiten Weltkrieg*. – Düsseldorf: Droste Verlag GmbH, 1971. – 256 S.

7. Hostler Ch. W. *Türken und Sowjets. Die historische Lage und die politische Bedeutung der Türken und der Türkvolker in der heutigen Welt*. – Berlin; Frankfurt am Main: A. Metzner, 1960. – 263 S.

8. Andican A. *Turkestan struggle abroad: From Jadidism to Independence*. – Haarlem, Sota Publications, 2007. – 776 p.

9. Shokay Mustafa. *Epistolarlyk murasy*. / Red. K.L.Esmagambetov; kurast. G.T.Isakhan. – Almaty: SaGa, 2006. – 1-tom. – 423 b.

10. Shokay Mustafa. *Epistolarlyk murasy*. / Red. K.L.Esmagambetov; kurast. G.T.Isakhan. – Almaty: SaGa, 2006. – 2-tom. – 371 b.

11. *V emigratsii. Epistolarnoe nasledie Mustady Shokaia. 1919-1941* / Red. G.K.Kokebayeva; sostaviteli: G.T.Isakhan, G.K.Kokebayeva, S.K.Shildebay. – Almaty: Poligrafia servis i K⁰, 2021. – 488 s.

12. *Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6689, S.73-75.*

13. Karasar H.A. *The Early Turkestan Emigré Struggle and Turkestanism: Nation – Imagining in Emigration: 1925-1940 // Bilig, 2015. – Nr.76. – P.179-204.*

14. *Rossiiskii gosudarstvennyi voennyi arhiv, F.461. Op.2. D.133. L.12-14.*

15. *Rossiiskii gosudarstvennyi voennyi arhiv, F.461. Op.2. D.133. L.16-23.*

16. *Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10. 6690, S. 58-61.*

17. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton III. Dossier 3a, P.61-92.*

18. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts, R 101194, Nr. K205903, K205906.*

19. Turdyev Sh. *Ular Germaniada ukigan edilar*. – Toshkent: Akadem – Hizmat, 2006. – 256 b.

20. *Rossiiskii gosudarstvennyi voennyi arhiv, F.461к. Op.2. D.133. L. 57-65.*

21. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VIII. Dossier 2i, P.9, 10, 13.*

22. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton VI. Dossier 1, P.34-35.*

23. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton V. Dossier 2, P.5.*

24. *Bibliothèque des Langues et Civilisations Orientales. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton II. Dossier 4, P.1-11.*

25. Shokay M., Shokay M.. *Estelikter. Esmelіkтер*. – Istanbul: Türk Dünyası Aralastirmalari Vakfı, 1997. – 272 b.

ӘОЖ 94(574)
ҒТАМА 03.01.09

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.025>

Д.И. Салқынбек*¹, Е.Н. Ермұханов²

¹Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Алматы қаласы.
E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Қазақстан, Алматы қаласы
E-mail: Ermukan_erkin@mail.ru

ЫБЫРАЙ АҚБАЙҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Халқымыздың тарихын зерттеу мәселесінде, кенжелу қалып келе жатқан тақырыптардың біріне, қазақ қоғамындағы бай-ауқатты адамдардың қоғамдағы алар орны жөніндегі мәселе жатады. Мақалада ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі Қарқаралы өңіріндегі бай әулеттен шыққан, ел басқарудағы ақыл парасатымен, ел мүддесін ойлаған ұлтжандылығымен танымал болған Ыбырай Ақбайұлының өмір тарихы мен қоғамдық-саяси қызметі сараланады. Ыбырай Ақбайұлы Қарқара өңірінде ел басқарған болыс болумен қатар, жүрегінің түгі бар ұлтзаттық күрестің басында тұрған «Алаш» қайраткерлерімен мүдделес болған тұлға. Алаш қайраткерлеріне материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіп, көмек көрсеткені үшін ел ішінен аластатылып, қуғынға ұшырады. Қоғам және мемлекет қайраткері, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғалармен достық қарым-қатынаста болды. ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақ халқының ұлтзаттық күресінен шет қалмай, оған үлкен қолдау білдірді. Ұлт тағдыры шешілер тұста Алашорданың жасағын толықтыру, мініс көліктерімен қамтамасыз ету жұмыстарында үлкен көмегін көрсетті.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнағаннан кейін, ең бірінші кезекте, тап жауы ретінде кешегі бай әулеттен шыққандардың және өзі де бай болған тұлғалардың қуғындалғаны белгілі. Кеңестік билік тарапынан осындай қуғынға ұшырағандардың бірі Ыбырай Ақбайұлы болды. 1928 жылы бар малы тәркіленіп, өзі 1929 жылы үш жылға Қазақстаннан тыс жерге жер аударылып, жазасын өтеп келгеніне қарамастан 1937 жылы қайта тұтқындалып, жазықсыз жазаланып саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Ұлт жанашыры болған, халықтың алғысына бөленген Ыбырай Ақбайұлының есімі лайықты бағасын алып, ардақты тұлғасы әділ бағаланса дейміз!

Кілт сөздер: Тұлға, қазақ байлары, петиция, меценат, қуғын-сүргін, ұлт жанашыры, атқамінер, тәркілеу.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы" грант ИРН BR18574180).

Салқынбек Д.И.*¹, Ермұханов Е.Н.²

¹ассоциированный профессор КазНПУ им. К.И.Сатпаева, кандидат исторических наук
Казахстан, город Алматы
E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²доцент КазНПУ имени Абая, кандидат исторических наук
Казахстан, город Алматы
E-mail: Ermukan_erkin@mail.ru

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИБРАЯ АҚБАЙҰЛЫ

Аннотация

В истории нашего народа одна из самых популярных тем – роль богатых людей в казахском обществе. В статье анализируется история жизни и общественно-политическая деятельность Ибрая Ақбайұлы,

происходившего из богатой династии Каркаралинского региона конца XIX-начала XX веков. Ибрай Акбайұлы был волостным управителем в Каркаринском районе и помогал деятелям «Алаш», которые стояли во главе национально-освободительной борьбы казахского народа. Он был выслан из страны за оказание материальной поддержки и помощи деятелям «Алаша». У него были дружеские отношения с общественным и государственным деятелем, Учителем нации Ахмет Байтұрсынұлы. Он не остался в стороне от национально-освободительной борьбы казахского народа в начале XX века и выразил ей большую поддержку. В то время, когда решалась судьба нации, он оказал большую помощь в работе Алашорды по пополнению войск и обеспечению их конницей.

Известно, что после установления советской власти в Казахстане преследовались, в первую очередь, как классовые враги выходцы из богатых семей и те, кто сам был богат. Одним из преследуемых советской властью был Ибрай Акбайұлы. В 1928 году весь его скот был конфискован, в 1929 году он был сослан за пределы Казахстана на три года и несмотря на отбытие наказания, в 1937 году был невинно репрессирован.

Ключевые слова: личность, богатые казахи, петиция, меценат, репрессия, патриот, управитель, конфискация.

Благодарности. Статья подготовлена в рамках реализации Программа целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX – первой половины XX вв.»).

*D.I. Salkynbek*¹, E.N. Ermukhanov²*

*¹associate Professor of KazNITU named after K.I.Satpayev, candidate of Historical Sciences
Kazakhstan, Almaty*

E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

*²associate Professor of KazNPU named after Abai, candidate of Historical Sciences
Kazakhstan, Almaty*

E-mail: Ermukan_erkim@mail.ru

SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITIES OF IBRAY AKBAYULY

Abstract

In the history of our people, one of the most popular topics is the role of rich people in Kazakh society. The article analyzes the life history and socio-political activities of Ibrai Akbayuly, who came from a wealthy dynasty of the Karkaraly region of the late 19th and early 20th centuries. Ibrai Akbayuly was a volost administrator in the Karkarinsky district and helped the Alash leaders, who were at the head of the national liberation struggle of the Kazakh people. He was expelled from the country for providing material support and assistance to Alash activists. He had friendly relations with the public and government figure, Teacher of the Nation Akhmet Baitursynuly. He did not stand aside from the national liberation struggle of the Kazakh people at the beginning of the 20th century and expressed great support for it. At a time when the fate of the nation was being decided, he provided great assistance in the work of Alashorda in replenishing the troops and providing them with cavalry.

It is known that after the establishment of Soviet power in Kazakhstan, people from rich families and those who were rich themselves were persecuted, first of all, as class enemies. One of those persecuted by the Soviet authorities was Ibrai Akbayuly. In 1928, all his livestock was confiscated, in 1929 he was exiled outside Kazakhstan for three years, and despite serving his sentence, he was innocently repressed in 1937.

Key words: personality, rich Kazakhs, petition, maecenas, repression, patriot, manager, confiscation.

Gratitude. The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX - first half of XX").

Кіріспе. Буырқанған XX ғасырдың бас кезені бір жағынан Ресей империясының Қазақ жерін тартып алуды одан әрі күшейту, орыс шаруаларын қазақ жеріне жаппай қоныс аудару, халқымызды оқу-ағарту және мәдени-рухани жағынан отарлауының күшейтілуімен сипатталса, екінші жағынан қазақ зиялы қауымының қалыптасуының арқасында ұлттық мүдде жолындағы қасиетті ұлтазаттық күрестің басталуымен де айрықша ерекшеленеді.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлтазаттық күрес және халқымыздың рухани-мәдени, ағарту саласындағы ерен еңбектер туралы айтқанда алдымен сөз етеріміз Алаш қайраткерлері әрине. Ал, бірақ Алаш

қайраткерлерімен үзенгілес болып, олардың ұлғазаттық қозғалысына дем берген, ниеттес болған және материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіп үлкен көмегін көрсеткен, ұлтым, елім деген көкірегі ояу халқымыздың ірі ауқатты тұлғаларының есімдері әлі де болса қалтарыста қалып келе жатыр. Олардың барлығы да халқымыздың азаттық күресінің тарихында өзіндік орны бар тұлғалар болатын.

Жалпы қазақ қоғамында біз сөз етіп отырған кезеңдегі ел ішінен шыққан ауқатты бай адамдар, олардың қоғамдағы орны мен рөлі жөнінде бірыңғай пікірдің жоқ екені белгілі. Өйткені ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болды. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болды. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз – қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе», - деп атап көрсеткендей [1], отарлық езгіден мешеу қалған қазақ қоғамында өз жұртына тірек болып, өз жұртының экономикалық тұрғыдан ілгері дамуына серпін беретін үлкен ауқатты күш қалыптаспаған еді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 20, 141-қорларының құжаттары дерек көзі ретінде пайдаланылды. Архив құжаттары деректанулық талдау-дан, сараптаудан өткізілгеннен кейін қолданыс тапты. Және қайраткердің ісіне қатысты, сондай-ақ XX ғасырдың бас кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірге қатысты ғылыми еңбектер де дерек көзі ретінде пайдаланылды.

Мақаланы жазуда тарихилық принцип пен объективтілік ұстаным басшылыққа алынды. Тарихилық принцип негізінде XX ғасырдың бас кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмір мен сол кезеңдегі оқиғаларға талдау жасалына отырып Ыбырай Ақбайұлының саяси қызметін ашу мүмкіндігі артса, тарихи объективтілік ұстаным аясында Ыбырай Ақбайұлының ұлт мүддесі жолындағы қызметі жан-жақты сараланып бағаланды.

Талқылау. XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайды және «Алаш» қайраткерлерінің ұлғазаттық күресін зерттеген белгілі тарихшы ғалым М.Қойгелдиев өз еңбегіне алғашқы болып Қарқара өңірінен шыққан, ұлғазаттық күреске үн қосқан белгілі тұлғалардың саяси қызметі мен Ыбырай Ақбайұлының да саяси қызметіне тоқталып өтеді [2]. Зерттеуші ғалым Е.Рахметуллин А.Байтұрсынұлының ұлғазаттық күрес барысындағы еңбегіне арналған зерттеуінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Ыбырай Ақбайұлының ұлт мүддесі жолындағы бірлескен күрестерін архив құжаттары негізінде қарастырған [3]. Ал тікелей Ыбырай Ақбайұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін талдауға арналған жеке ғылыми еңбектер жоқтың қасы деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері. Десекте, ел ішіндегі өз жұртының қамын жеп, елге абыройлы қызмет еткен халқымыздың ардақты тұлғалары да баршылық. Қазақ байлары, қазақ меценаттары туралы сөз еткенде, алдымен ойға оралатын тұлғалардың бірі – Қарқаралы уезі, Беріқара болысында он жеті жыл болыс басқарушысы болған, арабша сауатты көзі ашық, жетім-жесірге көп шарапатын тигізген, халқымыздың Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғаларымен аралас-құралас болып, бір-біріне құрмет көрсетіп, сыйласып өткен Ыбырай Ақбайұлы сынды тұлғаларды атап өтуге болады.

Ыбырай Ақбайұлы берісі Қарқаралы, одан асып Сарыарқа өңіріне дәулетімен, елді аузына қаратқан ақыл-парасатымен белгілі, әрі болыс болған қажы Жандеркин Ақбайдың шаңырағында 1867 жылы дүниеге келеді. Ыбырай Ақбайұлының ата-қонысы, туып-өскен жері бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезіне қарасты Беріқара болысы болатын. Ақбайдың көзі ашық, ел қамын жеген тұлға болғандығын оның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қарқаралы өңіріндегі саяси оқиғаларға белсене араласуынан байқауға болады. Ақбайдың шаңырағынан ел ісіне етене араласып, елге танымал болған Ыбырай және ұлтым, елім деп жүрегі соққан Алаш қайраткері, заңгер, құқықтану магистрі Жақып секілді ұлдардың өсіп шығуы да әсте кездейсоқ болмаса керек. Сондай-ақ, Ресейлік отарлық езгінің күшеюінен, қазақтардың өзіндік қарсыласу, наразылық әрекетінің бір түрі ретінде 1905 жылы әйгілі Қарқаралы петициясы дүниеге келді. Ресей империясының билеушісі II Николай патшаның атына тікелей жолданған Қарқаралы петициясында: «Қандай әділет бар. Қазақтарды құқықсыз, заңсыз топқа енгізу қайдан шыққан. Иә, біз мал шаруашылығымен айналысамыз. Бірақ ол қаңғу емес қой. Мал шаруашылығымен айналысу неге біздің сайлау құқымызға шек қоюға себепші болмақ? Қазақтар қоғамдық және мемлекеттік мақсатта орыс шаруаларынан кем түсінеді деп кім қорытынды жасай алады, тіпті басқа отырықшы «бұратаналармен» салыстырмай-ақ қояйық. Кім қазақтардың мүддесін қорғамақ, кім біздің мұқтаждығымызды дұрыс түсіндіреді?» - деген секілді жан айқаймен қатар, Қазақтың әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, сайлау жүйесін қайта құру, азаматтық және сот істерін, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, Дума сайлауына қазақ депутаттарын қатыстыру және тағы да басқа қазақ халқы үшін өмірлік

маңызы бар мәселелердің шешілуі талап етілді[4]. Халқымыздың өз құқықтарын қорғау жолындағы осы елге танымал 42 жанның бірі – Ақбай Жандеркин болатын. Яғни, ұлдарының бірінің ел басқарып ұлт қамын жеген қамқоршы, екіншісінің азаттық қозғалыстың бел ортасында жүрген жетекшілерінің бірі болуына әкелерінің тәлім-тәрбиесі мен ықпалының зор болғаны анық деп ойлаймыз.

Ыбырай Ақбайұлының XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өлкесіндегі бай-ауқатты, ықпалды тұлғалардың бірі болғандығына қарамастан саяси көз қарасы жағынан Алаш қайраткерлеріне жақын болып, оларға қолдау көрсетуіне әуелі әкесінен алған отбасылық тәрбиесі, одан соң Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебінің оқытушысы және меңгерушісі болып істеген Ахмет Байтұрсынұлының, сондай-ақ өзінің туған інісі жоғары білімді заңгер Жақып Ақбайұлының да өзіндік әсері болды. Міне сондықтан да ұлт зиялылары бастаған азаттық күрес жағында болған Ыбырай Ақбайұлы оларға әлеуметтік тұрғыдан өз көмегімен көрсетіп, барынша қолдау көрсетіп отырды. Ұлт зиялыларының қалыптасып үлкен саяси күшке айналуы және оларды өлкедегі ардақты тұлғалардың материалдық тұрғыдан қолдап дем беруі Ресей империясының әкімшілік басшылығына қатты састырса керек. Олар дереу арада өлкедегі бақылауды күшейтті. Қарқаралы петициясының жазылуынан басталған кезеңде, тұтқындау шаралары одан әрі күшейтіліп, 1909 жылы Жақып Ақбайұлы Қарқаралы уезінен, Жетісу облысының Қапал уезіне жер аударылса, Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралы түрмесіне қамалады. Оларға империялық билік тарапынан тағылған айыпта: патша атына жазылған петиция жазуды ұйымдастырды, халық арасында билікке қарсы үгіт жүргізді деген секілді үрей бар еді. Осы жылдары Қарқаралы уезі, одан тыс Семей облысында қалыптасқан саяси ахуалға сипаттама берген белгілі тарихшы ғалым М.Қойгелдиев: «Генерал Тихмедиев министр атына жолдаған осы хатында Қарқаралы уезіндегі қазақтар арасында үгіт-насихат жүргізуде «кәнісі Байтұрсынұвтан кем емес» деген бірнеше адамның атын атайды. Олар Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтың інісі (ағасы Д.И.) Ыбырай Ақбаев, Қу болысының бұрынғы меңгерушісі Хасан Ақаев, Қарқаралыдағы емхананың фельдшері Ахмет Райымбеков, Ақшатау болысының тұрғыны Бозаубек Райымбеков, ауыл мектебінің мұғалімі Смайыл Байтенов және Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің оқытушысы Асылбек Сулейменов еді. Қатынаста бұл аталған кісілердің бәрі де «қырғыздарды салық төлемеуге, билік органдарына бағынбауға және переселендерге жерлерін бермеуге үгіттеді деп көрсетеді»- деген болатын [5]. Өңірдегі халықтың толқуынан және оның одан әрі өрістеуінен қатты сескенген Ресейлік билік өңірдегі Алаш зиялыларымен қоса оларға жақтас, қолдаушы болып отырған тұлғаларды да жазалау әрекеттеріне көшеді. Алаш зиялылары мен өңірден шыққан белгілі тұлғаларға берілген жаза жөнінде: «Қарқаралы интеллигенциясының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше кеңесінде қаралып, 19 ақпанда Омбыдағы генерал губернатор кеңесіне «А.Байтұрсынұвқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тиым салынады деген министрдің бұйрығы келеді. Бұл хабардың артынан ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбырай Ақбаев, Хасан Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сулейменов және Смайыл Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындағы туралы министрдің шешімі келіп жетті» деп жазады тарихшы ғалым М.Қойгелдиев [6].

Болмысынан ел қамын жеп өскен тұлға, қарақан басының күйін күйттемей ел тағдыры шешілер аса жауапты кезеңде де ұлтжандылық қасиетінен айнымады. Алаш қайраткерлерінің бастауымен бүкіл Қазақ даласы дүр сілкініп, Кеңесары хан заманынан кейін елдігінен айрылған халқымыздың ұлттық мемлекеттілігін қайта қалпына келтіру жолындағы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» автономиясын құру кезеңінде Ыбырай Ақбайұлы «Алаш» қайраткерлерін моральдық және материалдық тұрғыдан белсенді қолдау көрсетті. Бүкілқазақтық екінші құрылтайдың шешімімен қабылданған «Алаш» әскери милиция-сын жасақтау ісінде Қарқаралы өңірінен жігіттерді «Алаш» жасағына тарту, «Алаш» жасағын жарамды мініс көліктерімен қамтамасыз ету жұмыстарында ұлтжанды тұлғалық үлкен көмегін көрсеткенін архив құжаттары айғақтайды. Мәселен, 1918 жылы Ыбырай және Жақып Ақбаевтар Семей қаласындағы Алашорданың әскери полкын толықтыру үшін Алаштың орталық комитетінің қарамағына жүзден аса жігіттерді жіберген. 1928 жылы Ыбырай Ақбайұлы тұтқындалғанда оған тағылған басты айыптардың бірі, кеңес өкіметіне қарсы күрескен «Алаш» әскерін қару-жарақпен және мініс жылқылармен қамтама-сыз етті деген айып болатын [7].

Ыбырай Ақбайұлы 1919 жылдың наурызында Бүкілресейлік орталық атқару комитеті Алаш Ордаға амнистия жарияланғаннан кейін, ел басқарудағы көп жылдық тәжірибесі мен сол кезеңде қалыптасқан саяси жағдайды ескере отырып, заман ағамына сай, сол биліктің мүмкіндіктерін халық әжетіне пайдалануға талпыныс жасайды. Елімізде кеңестік билік орнағаннан кейін, кешегі ел тізгінін ұстаған азаматтар қолда бар билік мансаптарынан, дәулетінен айрылғаны белгілі. Оның үстіне, азамат соғысы жылдарындағы елді қамтыған күйзеліс, жиырмасыншы жылдары орын алған ашаршылық Ыбырай Ақбайұлының

дәулетін шайқалтып, ол бұл жылдары ірі, ауқатты бай иесінен, ортадан жоғары шаруашылық иесіне айналған болатын. Дегенмен де, халық арасындағы танымалдығы мен құрметінің арқасында сол кезеңде елде жаңадан құрыла бастаған «Қосшы» ұйымын құру және төменгі кеңестік органдарға сайлау барысында өзі құптаған, өзі жақтаған азаматтарды өткізу істерінде көмегін көрсетіп, ел ішіндегі қоғамдық өмірден шет қалмады.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына Голощекин келгеннен кейін, Қазақ жерінде арты үлкен қайғы-қасіретке ұрындырған Сталиндік – Голощекиндік эксперимент басталып, ол ең бірінші кезекте халқымыздың бірнеше ғасырлардан бері қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығына қарсы бағытталды. Қазақстанда кеңестік билік жоқ деп лепірген Голощекин қазақ жерінде «Кіші қазан» төңкерісін жүргізбекші болып, ауылда жоқ тап күресін қолдан тудырып, бай мен кедейді бір-біріне қарсы айдап салмақшы болды. 1927 жылы қараша айында өткен VI партия конференциясында: «Біз шын мәнісінде іске көштік, жер мәселесінде бай мен кедейді қақтығыстырдық, кедейге байдың жерін тартып алып беруде оған көмектестік. Бұл шынайы өмір, бұл таптық күрес. Бұнда қолда бар жетістіктерімізді елемей мүмкін емес, ауылдағы барлық шаруаларды қамтып, өзіміздің соңымыздан ерте білдік. Біз әлі де болса көп мәселені аңғарған жоқпыз және барлығын тартып алғанымыз жоқ. Мәселен, Шорманов, Ақбаевтардың әрқайсысында 10 мың бастан мал бар. Біз олардың жерін тартып алып, енді не істейді екен деп ойладық. Олардың бұған мұрты да қисайған жоқ. Бұл жерде мәселе басқара жатыр жолдастар. Біздің олардың жерін тартып алғанымыз жақсы, бірақ олар одан өзіндік шығыр жол тауып алды. Сондықтан, жолдастар біз байға барып, олардың барлық дүние мүмкін тартып алуымыз керек», - деп көсемсіген еді [8]. Артынша-ақ, Қазақ орталық атқару комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы» және 1928 жылы 13 қыркүйекте «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қалмыстық жауап-тылық туралы» аты шулы қаулысы шықты. Қаулыға сәйкес Республика бойынша көшпелі аудандарда 400-ден аса малы бар (ірі қараға шаққанда) 700 шаруашылықты, жартылай көшпелі аудандарда – 300 және отырықшы аудандарда 150 шаруашылықты тәркіге салу белгіленді. Науханның қортындысы туралы құжаттарға сүйенсек, іс жүзінде 696 шаруашылық тәркіге салынып, олардан ірі қараға шаққанда 145 мыңдай мал тартып алынды [9]. Халқымыздың дәстүрлі қоғамына соққы болып тиген қаулы негізінде Ыбырай Ақбайұлы 1928 жылы қазан айында тұтқындалып, РКФСР қылмыстық кодексінің 58-статья-сының 7,10,13 және 173 тармақтары бойынша айыпталды. Осы айыптау негізінде 1929 жылы қаңтар айында ОГПУ «үштігінің» ерекше шешімі бойынша бар дүние мүлкі тәркіленіп, Ресейдің Троицк қаласына жер аударылады. 1928 жылы қазан айының 28 күні Ыбырай Ақбайұлына шығарылған айыптау қортындысында «320 бас малы, екі үй, 3 жұмысшысы бар» деп көрсетілген [10]. Ыбырай Ақбайұлының ұлы Абдулхамид Ыбырайұлы тергеуде берген әкесінің дүние-мүлкі жөніндегі жауабында: «1928 жылы әкеміздің бүкіл шаруашылығы тәркіленіп, өзі Қазақстаннан тыс Ресейдің Троицк қаласына жер аударылды. Революцияға дейін әкеміздің 100-ге жуық (малдың әр түрі) ешкі, қой, жылқы, түйе, сиыры болды. Қыстауда үйіміз бар еді. Революциядан кейін де осы шамалас болды» деп көрсетеді [11]. Яғни, аса бай деп есептелген Ыбырай Ақбайұлының өзінде Голощекин көпіртіп айтып отырғандай 10 мың бас түгіл, 500-ге де жетпейтін мал басы болған. Сол кезеңдегі бүкіл қазақ қоғамының әлеуметтік-экономика-лық тұрмысының көрсеткіші алдыңғы қатарлы қазақ байларының дәулетімен есептеп қарайтын болсақ, онда халқымыздың жартысына жуығын аштыққа ұрындырған ұжымдастыру науханы қарсаңындағы еліміздің әулетін, қолда бар байлығының көлемін байыптап шамалауға болады.

Ыбырай Ақбайұлы 1932 жылы жаза мерзімі аяқталғаннан кейін елге оралып, жанұясымен бірге Алматы қаласында тұрады. Елімізде 1937-1938 жылдары «Үлкен террор» басталғанда халқымыздың бүкіл бетке ұстар зиялылары, мемлекеттегі жауапты лауазым иелерімен бірге кешегі бай болған тұлғалар «яғни, кеңес өкіметін сүймейтін жат элементтер» жанұяларымен бірге саяси тұрғыдан айыпталып жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл қасірет бүкіл Ыбырай Ақбайұлының жанұясын, туған-туысқандарын қамтыған еді. Ыбырай Ақбайұлын Қазақстандық ОГПУ-дың Қазақстан аумағынан қашып кетті деп, тіке-лей жедел хат жіберуіне байланысты 1937 жылы 20 тамызда Қырғыз Республикасының ОГПУ өкілдері, Қырғыз Республикасының Қошқар ауылында тұтқындап, қыркүйек айының 14-і күні этаппен Қазақ-стандық ОГПУ-дың қарамағына жібереді. Шын мәнісінде Ыбырай Ақбайұлы біреуден қашып емес, сонда тұрып жатқан күйеу баласы Шынғысов Әлімханның үйіне қонақтай барған жерінен тұтқындалған еді.

Ыбырай Ақбайұлынан алғашқы тергеу жауабы 1937 жылы 25 қыркүйек күні алынған. 1937 жылы 14 қазан күні НКВД-ның тергеушілері Ыбырай Ақбайұлынан екінші тергеу жауабын алады. Бұл тергеу жауабы қай арнада өрбіді, тергеу барысында Ыбырай Ақбайұлы өзін қалай ұстады, қалай жауап берді? деген мәселелер маңызды болғандықтан, тергеу жауабына назар салып көрейік!

«Сұрақ: Біздегі бар құжаттар бойынша, сіз байлармен бірге жиналып алып, антисоветтік мәселелерді

талқыладыңыздар, атап айтқанда 1937 жылдың сәуір айында азамат Салиқовтың үйінде, дүниеге келген егіз сәбиге берілген жәрдем ақыға байланысты «жәрдем ақы беру арқылы Совет үкіметі бұнысымен халықты алдап отыр» депсіз, осыған байланысты жауап беріңіз.

Жауап: Я, 1937 жылы сәуір айында бай Спанов Әмремен бірге өзімнің туысым Салимның үйінде болдым. Онда дүниеге келген егіз сәбиге совет үкіметі 500 руб беріпті деген жөнінде әңгіме болды, бірақ мен осымен совет үкіметі халықты алдап отыр деп айтқаным жоқ, сондай-ақ, бұндай әңгімені сонда болған ешкімнің аузынан естігенім жоқ.

Сұрақ: Біздегі мәлімет бойынша 1937 жылы 20 мамыр күні сіздің пәтеріңізде болған азамат Қажығалиев Көккөзге ол Шубартау ауданынан қайтып оралар кезде бұрынғы бай Смағұлов Ахметжан-мен хабарласып, айдауда жүрген бұрынғы бай Сатанов Шаншарбайға ақша жіберуді айтуды тапсырып-сыз. Бұл жөнінде не айтасыз?

Жауап: Я, 1937 жылы қаңтар айында менің үйімде Қажығалиев Көккөз болды, сіздің сұрағыңызда аты-жөндері келтірілген байларды мен жақсы танымын, олар біздің Қарқаралы округінен, соңғы екеуі айдауда, бұнда келе алмай жатыр. Бірақ, Қажығалиевке оларға ақша салып жіберуді тапсырғаным есімде жоқ.

Сұрақ: 1937 жылы 20 қаңтар күні өзіңіздің үйіңізде сіз Қажығалиев Көккөзге Шубартау ауданындағы Смағұлов Ахметпен хабарласып, оған Тойсарин Бейсембай мен Сатанов Шаншарбай қазақ халқын азат ету ісіне кірісті деп айтуды тапсырыпсыз. Осы жөнінде жауап беріңіз?

Жауап: Жоқ, мен бұл жөнінде ешкімге ешқашан ештеңе айтқан емеспін» [12]. Тергеу сұрақтарынан НКВД тергеушісінің кеңес өкіметіне наразы бұрынғы байлардың қандай да бір ұйымын әшкерелемек болған жанталасуы байқалады. Сол күні өткен, тергеудің екінші жартысында сұрақ барысы одан әрі кеңейтіліп, енді Ыбырай Ақбайұлының Алашорда қайраткерлерімен байланысы жөніндегі мәселелер қозғалады. Ыбырай Ақбайұлы Алаш қайраткерлерімен ешқандай да байланысы жоқ екенін және олардан ешқандай да тапсырма алмағаны жөнінде нақты жауап берген. Тергеушінің: «Алматы қаласында қандай байлармен байланыс жасап тұрасыз?» деген сұрағына «Менің ұлым Ақбаев Абдулхамит 1930 жылы контрреволюциялық әрекеттері үшін деген айыппен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды және жазасын өтегеннен кейін сонда тұрып жатыр. 1936 жылы мен оған барып қайттым, сонда айдауда жүрген Досмұхамедов Халилмен көрістім, қайтар жолда күйеу балам Нұрмақов Нығметтің үйіне кіріп шықтым» деп жауап береді [13].

Осыған дейінгі тергеу барысында тергеуші неше түрлі жалған және арандату сұрақтарын қойып түк те шығара алмағаннан кейін, қосымша алынған тергеу барысында енді нақты дәлелі жоқ болса да тікелей айыптауға көшкен.

«Сұрақ: Сіз антисоветтік ұлтшыл ұйымға қатыстылығыңыз үшін айыпталасыз. Контрреволюциялық жұмыстарды жүргізу үшін төңірегіңізге байшыл-ұлтшыл элементтерді жинадыңыз. Және байшылдармен байланысу үшін КСРО-ның әр аймақтарына барып тұрдыңыз. Осыған өзіңізді кінәлімін деп есептейсізбе?»

Жауап: Антисоветтік ұлтшыл ұйымда болған емеспін және бұған өзімді кінәлімін деп мойындамаймын, байлармен және Алашордашылармен контрреволюциялық мақсатта емес, өзімнің жеке мақсатымда байланыста болдым» [14]. Тергеу жауаптарынан көріп отырғанымыздай Ыбырай Ақбайұлы өзінің қандай да бір антисоветтік ұлтшыл ұйымға қатыстылығын және антисоветтік іс-әрекеттер жүргізгенін жоққа шығарады. Және баса назар аударар кететін тағы бір мәселе, НКВД жәндеттері жалған саяси айыптау-ларды Ыбырай Ақбайұлына мойындата алмаған. Солай десек те, Ыбырай Ақбайұлына қатысты 1937 жылы 15 қазан күні шығарылған айыптау қортындысында: «1928 жылы жартылай феодал ретінде тәркіленіп, үш жыл мерзімге жер аударылған, жазасын өтегеннен кейін Алматы қаласына келіп, ол жақтан контрреволюциялық әрекеті үшін Воронеж қаласына жер аударылған баласы Ақбаев Абдулхамитке және Москва қаласындағы күйеу баласы, антисоветтік қазақ ұлтшыл ұйымының басшысы, қазіргі уақытта тұтқындалған Нығмет Нұрмақовқа жиі барып тұрды, Қырғызстандағы және Семей облысындағы қашқын байлармен байланыста болды. Тергеу материалдары бойынша Ақбаев Ыбырай антисоветтік ұлтшыл ұйымның мүшесі ретінде контрреволюциялық жұмыстарды жүргізді. Айыпталушы ретінде тергелген Ақбаев Ыбырай өзінің төңірегіне байшыл-ұлтшыл элементтерді топтастырғанын мойындады, ал бірақ қандай да бір антисоветтік қазақ ұлтшыл ұйымына қатыстылығын және антисоветтік сөздер айтқаны жөнінде өзін кінәлімін деп мойындаған жоқ», - деген айыптау тағылып, Ыбырай Ақбайұлының ісін қарау Алматы облыстық УНКВД «үштігінің» қарауына жіберіледі [15]. Алматы облыстық УНКВД «үштігінің» 1937 жылы 15 қазанда шығарылған қаулысы бойынша Ыбырай Ақбайұлы ату жазасына кесіліп, тағайындалған жаза 1937 жылы 9 қарашада орындалады. Осылайша қызыл империяның зұлаMAT саясатының салдарынан XX ғасырдың бас кезеңіндегі еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік орны бар ірі тұлға, бай-аухатты әулет өкілдерінің бірі және халқымыздың ұлтзаттық қозғалысын материалдық

тұрғыдан дем беріп қолдаушы, қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан өзіндік аймақтық басқару жүйесінің соңғы өкілі болған Ыбырай Ақбайұлы өмірден өтті.

Ыбырай Ақбайұлының ісіне байланысты тұтқындалған, жалған саяси айыппен айыпталғандардың барлығы да, кеңестік сұрқия жүйе ауыр жазаға кесті. Мәселен, Орынтаев Мырзан контрреволюциялық ұлтшыл әрекеттері үшін деген жалған жаламен айыпталып, Алматы облыстық УНКВД-ның шешімімен 1937 жылы 4 қыркүйекте ату жазасына кесілді. Сондай-ақ, Тойсарын Бейсембай Алматы облыстық УНКВД үштігінің шешімімен 1937 жылы 17 қазанда ату жазасына кесіліп, ату жазасы 1937 жылы 10 қарашада орындалады. Байшыл, ұлтшыл деп айыпталған келесі тұлға Спанов Әмре де, Алматы облыстық УНКВД үштігінің шешімімен 1937 жылы 15 қазанда ату жазасына кесіліп, үкім 9 қарашада орындалған. Ал Ноғабев Абжанға Алматы облыстық УНКВД үштігі 1937 жылы 10 қарашада 10 жыл мерзімге түрмеде жазасын өтеуге шешім шығарады. Ол 1940 жылы 24 ақпанда түрмеде аурудан қайтыс болады [16].

Ыбырай Ақбайұлының жанұясына тоқтала келетін болсақ, Ыбырай Ақбайұлы тұтқындалғаннан кейін толтырылған алғашқы тергеу хаттамасында: «Әйелі Мария 60 жаста, ұлы Ибраев Абдулхамит 35 жаста, филармонияда домбырашы болып істейді, ұлы Жандикин (ол да Ибраев) Қазкен 33 жаста, мал шаруашылығы институтында жұмыс істейді. Қызы Камилия Ибраева 17 жаста Ташкент қаласындағы дәрігерлік институтта оқиды» деп көрсетіпті [17]. Мұнда Ыбырай Ақбайұлының қызы Зүпнүн Ыбырайқызы және ұлы Абдулахмет жөнінде мәліметтер берілмеген. Ыбырай Ақбайұлының өз басына тағылған жалған саяси айыптаулар мен қуғындаулар оның жанұясына да ауыр соққы болып тиді. Кеңес-тік қуғын-сүргіннің ең азапты зардабын тартқан әулеттердің бірі Ақбаевтар әулеті десек қателеспесбіз. Жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде-ақ, елімізде қарқын алған Голощекиндік қуғын-сүргінге ең алдымен «Алаш» қайраткерлері ілікті. Оларға Кеңес өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, Қазақстанның көптеген қалаларындағы жасырын контрреволюциялық ұйымдарды құрды, қазақ ауылын социалистік жолмен қайта құруда жаулық мақсатпен оның саясатын теріс бұрмалады, Қазақстанның көптеген аудандарындағы бандылардың әрекетіне басшылық жасады және тағы да басқа айыптар тағылды. Осы жалған айыптаулар негізінде Қазақстандық ОГПУ үштігінің шешімімен 1932 жылы 20 сәуірде Алаш қайраткерлері Халел Досмұхамедов, Жақып Ақбаевтармен бірге Ыбырай Ақбайұлының үлкен ұлы Ақбаев Абдулхамит сотталады. Ол РКФСР қылмыстық кодексінің 58-статьясының 3,11 тармақтары бойынша айыпталып, бес жыл мерзімге Воронеж қаласына жер аударылады. Жазасын өтеп болғаннан кейін, елге қайтпай сонда тұрып жатқан кезінде 1938 жылы 5 ақпанда Воронеж облысы НКВД басқармасы тарапынан тұтқындалып, РКФСР қылмыстық кодексінің 58-статьясының 10,11 тармақтары бойынша айып тағылып, Воронеж облыстық үштігінің ерекше шешімі бойынша 1938 жылы 11 қазанда ату жазасына кесіледі. Ыбырай Ақбайұлының үлкен қызы Зүпнүн Нұрмақова қоғам және мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың яғни «халық жауының» әйелі болғаны үшін сотталып, сегіз жыл «Алжирдің» азапты лагерінде жазасын өтеді.

Қорытынды. Ыбырай Ақбайұлы тұтқындалғаннан кейін, оның жалған жаланың құрбаны болып отырғанын алғаш көтеріп, дабыл қаққан асыл жары Мариям апамыз еді. Мариям апамыз 1939 жылы мамыр айында КСРО-ның бас прокуроры Вышинскийдің атына жазған хатында күйеуінің қамалып кеткеніне бір жыл, тоғыз ай болғанын, содан бері уақытта одан еш хабар жоқ екенін, не өлі, не тірі екенін білмейтінін, оған тағылған айып бойынша 1928 жылы сотталып, жазасын өтегенін, жасы жетпістегі ауру қартты, қандай да бір қылмысқа қатысы бар деп айыптау ақылға сиымсыз екенін айтумен қатар: «Бұл қателік және ешқандай да шындыққа сәйкес келмейді. Қазақ Республикасы ішкі істер наркоматындағы кейбір қызметкерлердің адам өміріне немқұрайлы қарауының салдарынан, күйеуім бір жыл, тоғыз айдан бері еш кінәсіз зардап шегіп отыр», - дей отырып, күйеуінің ісін тезірек шешіп беруді және оның осы уақытқа дейін тірі ме екендігін біліп беруді сұрайды [18]. Мариям апамыздың Сталиндік қуғын-сүргіннің жүріп жатқан кезінде қаймықпай бас прокурордың атына хат жазуы үлкен ерлік болатын. Бірақ, апамыз бұл кезде өзінің өмірлік жарының әлдеқашан атылып кеткенін қайдан білсін. Әкесінің ардақты есімін ақтап алуды ұлы Ибраев Абдулахмет жалғастырды. Ол, өзінің республика әскери прокурорының атына, Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасының атына және тағыда басқа республикалық жауапты органдардың атына табанды түрде қайта-қайта жазған талап арыздарында әкесінің ісін қайта қарауды, қайда жерленгенін және қашан қайтыс болғанын анықтап беруді сұраған болатын. Абдулахмет Ыбырайұлының талап арызы бойынша Ыбырай Ақбайұлының ісін қайта қараған Алматы облыстық сотының алқасы 1956 жылы 30 маусымдағы Ыбырай Ақбайұлына қатысты Алматы облыстық УНКВД үштігінің 1937 жылы 15 қазанда шығарған қаулысының күші жойылсын және істегі қылмыстың дәлелденбеуіне байланысты қысқартылсын деген қаулы шығарады [19]. Осылайша, араға жылдар салып барып, ардақты тұлғаның ардақты есімі жалған жаладан ақталған еді. Дегенмен де, кешегі НКВД-ның ізбасары, кейінгі мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ыбырай Ақбайұлының қашан және қандай жағдайда қайтыс

болғандығы жөніндегі мәселені анықтауда заңды белшесінен баса отырып, оның ұлы Абдулахметке әкесі жөнінде 1938 жылы 10 жылға сотталды және жазасын өтеу кезінде 1944 жылы 8 қыркүйекте өкпенің қабынуынан қайтыс болды деген жалған құжат береді. Ал, шын мәнісінде Ыбырай Ақбайұлы 1937 жылы 9 қараша күні атылған болатын. Кеңестік жан алғыш жазалаушы орган өздерінің қанды қылмыстарын жасыру мақсатында артынан іздеу салған арыстардың ұрпақтарына осындай қолдан құрастырылған жалған құжаттар дайындап беріп отырған.

Елімізде өткен ғасырдың 20-50 жылдары аралығында орнаған Сталиндік тоталитарлық қоғамның халқымызға тигізген зардабы өте ауыр болды. Халқымыздың бүкіл бетке ұстар зиялы қауымы мен ұлтжанды тұлғаларын жалмаған бұл қоғам халқымызды орны толмас қайғы-қасіретке ұшыратты. Жазықсыз атылған қуғындалған тұлғалардың артында қалған ұрпақтарының өміріне де үлкен залалын тигізді. Сонымен қатар, кеңестік идеология қазақ қоғамындағы байлар жөнінде теріс ұғым қалыптас-тырды. Оларды халықты қалаушы жексұрын етіп көрсетті. Байлар дегенде халықтың көз алдына қарны кампиған, өзінен басқа ешкімді ойламайтын «шық бермес, шығай байлар» елестеді. Бұл әрине байларды теріс мағынада көрсету жөніндегі коммунистік үгіт-насихаттың «жемісі» болатын. Байлардың бәрі халықтың қамын жеген жанашыр болды демесек те, олардың арасында Ыбырай Ақбайұлы сынды озық ойлы, халықтың жанашырлары болғаны тарихи ақиқат. Міне сондықтан да халқымыздың рухани-мәдени өмірінде және саяси тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың халқымыз бен еліміздің алдында сіңірген еңбегін ашып көрсету, оларды жас ұрпаққа үлгі-өнеге ету қашанда назардан тыс қалмау керек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы, 1991. – 257 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекиі оқу құралы) – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
3. Рахметуллин Е. Ахмет Байтұрсынұлы және дала өлкесіндегі қудалау саясаты. // «Ахмет Байтұрсынұлы – Ұлт ұстазы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2022. – 515 б.
4. Артықбаев Ж. Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Астана: «Фолиант», 2000. – 260 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекиі оқу құралы) – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекиі оқу құралы) – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
7. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 36 п.
8. ҚР ПА. Қ. 141, т.1, іс. 38, 223 п.
9. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы: «Дәуір» баспасы, 1994. – 445 б.
10. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 39 п.
11. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 79 п.
12. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 22-23 п.п.
13. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 24 п.
14. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 25 п.
15. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 26 п.
16. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 66-69 п.п.
17. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 20 п.
18. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 83 п.
19. ҚР ПА. Қ. 20, т.1, іс. 3766, 117 п.

References:

1. Baitursynuly A. Ak zhol. Almaty, 1991. – 257 b.
2. Koigeldiev M. Alash kozgalysy (Komekshi oku kuraly) – Almaty, «Sanat», 1995. – 368 b.
3. Rahmetullin E. Akhmet Baitursynuly zhane dala olkesindegi kudalau sayasaty. // «Akhmet Baitursynuly – Ult ustazy» atty halykaralyk gylymi-tazhibelik konferenciya materialdary. Almaty, 2022. – 515 b.
4. Artykbaev Zh. Qazaqstan tarihy: Okulyq-hrestomatiya. – Astana: «Foliant», 2000. – 260 b.
5. Koigeldiev M. Alash kozgalysy (Komekshi oku kuraly) – Almaty, «Sanat», 1995. – 368 b.
6. Koigeldiev M. Alash kozgalysy (Komekshi oku kuraly) – Almaty, «Sanat», 1995. – 368 b.
7. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 36 p.
8. KR PA. Қ. 141, t.1, is. 38, 223 p.
9. Qazaqstan tarihy. Ocherkter. Almaty: «Dauir» baspasy, 1994. – 445 b.
10. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 39 p.
11. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 79 p.

12. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 22-23 p.p.
13. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 24 p.
14. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 25 p.
15. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 26 p.
16. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 66-69 p.p.
17. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 20 p.
18. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 83 p.
19. KR PA. Қ. 20, t.1, is. 3766, 117 p.

УДК 93/94
МРНТИ 03.20.00

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.026>

G. K. Assanova¹, A. S. Ualtayeva*², O.U. Berkinbayev³

¹Astana International University (8 Kabanbay Batyr Ave., Astana, 020000 Republic of Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences (PhD), Professor at the Higher School of Social Sciences and Humanities
<https://orcid.org/0009-0008-5404-8313> E-mail: agk569@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Shevchenko str. 28, Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences, Associate Professor [https:// orcid.org/0000-0002-6058-6061](https://orcid.org/0000-0002-6058-6061).
E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Ave.) 050060 Almaty, Republic of Kazakhstan) Master of Political Science, PhD student in History <https://orcid.org/0009-0009-6037-3793> .
E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

SCIENTIFIC HERITAGE OF A.I. LEVSHIN AS A VALUABLE SOURCE ON THE HISTORY OF KAZAKH STATE

Abstract

Introduction. The preservation of national identity, history and culture of peoples occupies a central place in social development. History is one of the main elements of statehood, restoring and preserving the connection of times, the continuity of history and traditions of statehood. From this point of view, the scientific legacy of the outstanding Russian scientist of the first half of the XIX century Alexei Iraklievich Levshin (1797-1879) has acquired great importance for researchers of the Kazakh statehood, the history of the Kazakh people. This article presents the experience of using, studying and understanding the creative heritage of A. I. Levshin, as the primary primary source of the history of the Kazakh state, in the context of our other sources of knowledge about Kazakhstan and the Kazakhs in order to create a voluminous and objective historical picture. *Goals.* The purpose of the study is to study the creative heritage of A. I. Levshin, as well as its use and understanding as a valuable source on the history of the Kazakh state. *Results.* The most valuable in a scientific sense is the formed A. I. Levshin, the concept of studying the history of peoples. Levshin collected huge factual data from this position, very extensive information, were intertwined with the ethno-political history of Kazakhstan and the Kazakh people. *Conclusions.* The scientific heritage of A. I. Levshin can be attributed to the most valuable sources for researchers of the ethno-political history of the Kazakh people. The historical data collected by him confirms the presence in the Kazakh Khanate of common features inherent in all states: territory, people, government.

Keywords: A. I. Levshin, Kyrgyz Cossacks, Kazakhs, history of Kazakhstan, history of the Kazakh people, Kazakh Khanate.

Acknowledgement. This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (BR21882223 «Kazakh Khanate in the second half of the 15th - first half of the 18th centuries_ ethno-political history and foreign policy»).

Г.К. Асанова¹, А.С. Уалтаева^{*2}, О.У. Беркінбаев³

¹Astana International University (8 үй, Қабанбай батыр даңғылы, 020000, Астана, Қазақстан Республикасы) Тарих ғылымдарының кандидаты (PhD), Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мектебінің профессоры <https://orcid.org/0009-0008-5404-8313>. E-mail: agk569@mail.ru

²Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (28 үй, Шевченко көш., 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы) Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры <https://orcid.org/0000-0002-6058-6061>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (71-үй, әл-Фараби даңғ., 050060 Алматы, Қазақстан Республикасы) саясаттану магистрі, тарих мамандығы бойынша PhD докторанты <https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

*E-mail: agk569@mail.ru (Асанова), altyn.lazzat@mail.ru (Уалтаева)

А.И. ЛЕВШИННИҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ТАРИХЫНЫҢ ҚҰНДЫ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ»

Аңдатпа

Кіріспе. Халықтардың ұлттық ерекшелігін, тарихы мен мәдениетін сақтау қоғамдық дамуда басты орын алады. Тарих – заман байланысын, тарих пен мемлекеттілік дәстүрінің сабақтастығын қалпына келтіретін және сақтайтын мемлекеттіліктің негізгі элементтерінің бірі. Осы тұрғыдан, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы көрнекті орыс ғалымы Алексей Ираклиевич Левшинның (1797–1879) ғылыми мұрасы қазақ мемлекеттілігін зерттеушілер үшін аса орын алды. Бұл мақалада А.И. Левшинның шығармашылық мұрасын пайдалану, зерттеу және түсіну тәжірибесі ұсынылған. Левшин қазақ мемлекеті тарихының бастапқы бастапқы қайнар көзі ретінде Қазақстан мен қазақтар туралы біздің басқа да таным көздері контекстінде жан-жақты және объективті тарихи көрініс жасау үшін. *Зерттеудің мақсаты* – А.И.Левшиннің шығармашылық мұрасын зерттеу, сонымен қатар оны қазақ мемлекетінің тарихы бойынша құнды дереккөз ретінде пайдалану және түсіну. *Нәтижелер.* Ғылыми мағынада ең құндысы – ол қалыптастырған халықтар тарихын зерттеу тұжырымдамасы. Осы тұрғыдан А.И. Левшин жинаған орасан зор фактілік мәліметтер, өте ауқымды ақпараттар, Қазақстан мен қазақ халқының этносаяси тарихымен сабақтастырылды. *Қорытындылар.* Алексей Ираклиевичтың ғылыми мұрасын Қазақстан мемлекеттілігін, қазақ халқының этносаяси тарихын зерттеушілер үшін аса құнды дереккөздерге жатқызуға болады. Оның жинаған тарихи мәліметтері Қазақ хандығында, барлық мемлекеттерге тән ортақ белгілері: территориясы, халқы, билік бар екендігін растайды.

Кілт сөздер: А.И. Левшин, қырғыз-казактар, казактар, қазақ халқының тарихы, қазақ мемлекеті, қазақ халқы.

Алғыс. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (BR21882223 «Қазақ хандығы XV ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырдың бірінші жартысы_ этносаяси тарихы және сыртқы саясаты») қаржыландырады.

Асанова Г.К.,¹ Уалтаева А.С.^{*2}, Беркинбаев О.У.³

¹*Astana International University (пр. Кабанбай батыра 8, 020000, Астана, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук (PhD), профессор Высшей школы социально-гуманитарных наук
<https://orcid.org/0009-0008-5404-8313>. E-mail: agk569@mail.ru*

^{*2}*Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
(ул. Шевченко 28, 050010, Алматы, Республика Казахстан) Ведущий научный сотрудник,
кандидат исторических наук, ассоциированный профессор [https:// orcid.org/0000-0002-6058-6061](https://orcid.org/0000-0002-6058-6061).
E-mail: altyn.lazzat@mail.ru*

³*Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (пр. Аль-Фараби, 71,) 050060
Алматы, Республика Казахстан) магистр политологии, докторант PhD по специальности История
<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com*

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ А.И. ЛЕВШИНА КАК ЦЕННЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Аннотация

Введение. Национальная идентичность каждого народа, история и культурное наследие – это важный код самосохранения и дальнейшего развития. Изучение и знание основных периодов истории своей страны важная составляющая приемственности поколений и соответственно будущее любого государства. С этой точки зрения, научное наследие выдающегося русского ученого первой половины XIX века Алексея Ираклиевича Левшина (1797-1879) приобрело большое значение для исследователей казахской государственности, истории казахского народа. Данная статья представляет собой опыт использования, изучения и понимания творческого наследия А.И. Левшина, как первоочередного первоисточника истории казахского государства, в контексте других наших источников знаний о Казахстане и казахах с целью создания объемной и объективной исторической картины. *Цель исследования* - изучение творческого наследия А. И. Левшина, а также его использование и понимание как ценного источника по истории казахского государства. *Результаты.* Наиболее ценным в научном смысле является сформированная А.И. Левшиным, концепция изучения истории народов. Собранные с этой позиции А. И. Левшиным огромные фактические данные, очень обширная информация, были переплетены с этно-политической историей Казахстана и казахского народа. *Выводы.* Научное наследие Алексея Ираклиевича можно отнести к наиболее ценным источникам для исследователей этнополитической истории казахского народа. Собранные им исторические данные подтверждают наличие в Казахском ханстве общих черт, присущих всем государствам: территории, народа, власти.

Ключевые слова: А. И. Левшин, киргиз-казаки, казахи, история Казахстана, история казахского народа, Казахское ханство.

Благодарность. Данное исследование финансируется Комитетом по науке Министерства образования и науки Республики Казахстан (BR21882223 «Казахское ханство во второй половине XV-первой половине XVIII вв. этнополитическая история и внешняя политика).

Introduction. The intricate tapestry of societal evolution is intimately entwined with the fibers of cultural and spiritual existence, necessitating an engagement with both national and universal values, alongside the cultivation of patriotism. Central to this discourse is the imperative of preserving national history and culture, which commands a pivotal role within the public sphere. History emerges as a paramount instrument in bridging the temporal divide, ensuring the seamless continuity between bygone eras and the contemporary moment. In this context, the discourse articulated by Kassym-Jomart Tokayev, President of the Republic of Kazakhstan, in his seminal article "Independence is Most Precious" (January 6, 2021), garners significant attention. Tokayev's reflections underscore the criticality of inscribing the national history through a lens that prioritizes national interests. This perspective is not merely academic; it is a strategic imperative aimed at fostering an objective understanding of the ethnopolitical dynamics within the Kazakh steppe. Such an approach advocates for a scholarly investigation that remains aloof from the manipulations of political agendas, thereby contributing to a more nuanced and comprehensive comprehension of the historical and cultural heritage of Kazakhstan [1]. This endeavor is not just about reclaiming the past; it's about constructing a narrative that resonates with the ethos of national identity and pride, ensuring that the legacy and lessons of history are preserved and propagated for future generations.

Relevance. The study of Kazakh statehood is a pressing issue in contemporary historical research, highlighting

the significance of Alexei Iraklievich Levshin's work in this field. Levshin, a prominent figure from the Russian School of Oriental Studies, authored the influential three volume book "Description of the Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaisak Hordes and steppes." This work makes it possible deeply understand and analyze the ethnopolitical processes within the Kazakh steppe, systematize historical events based on the available historiography about the Kazakh people. Levshin's work underscores the Kazakh state's universal attributes, such as its territorial domain, population, governance, and legal system, enriching our understanding of its statehood dynamics.

Materials and Methods. The study utilizes a diverse range of sources including specialized scientific literature from orientalists and domestic scholars, theoretical anthologies, the scientific legacy of A.I. Levshin, and relevant scientific articles. The approach to addressing research questions is fundamentally rooted in the principle of historicism, emphasizing the analysis of ethno-political processes as outcomes of the specific socio-historical circumstances of their time, and contextualized within the broader scope of national existence and historical narrative.

Analysis. The 19th century was characterized by a heightened interest in Eastern studies in Russia, leading to the establishment and development of Oriental Science [2], [3, p. 9]. This academic field was officially inaugurated in 1824 with the publication of Senkovsky's work, marking a foundational moment for Oriental Studies in Russia [4, p. 331]. The trajectory set by Senkovsky was not only embraced but also advanced by subsequent orientalists, contributing to a rich body of research focused on the history of Central Asia and its adjacent regions [5, p. 201]. Among these scientists' contributions, great importance was given to the study of the history of the Kazakh people, making these works invaluable for understanding Kazakhstan's past.

Alexey Iraklievich Levshin, a renowned figure in Russian scientific circles for his historical and ethnographic research on the Kazakh people, conducted extensive fieldwork in the Kazakh steppes under the auspices of the Asian Department of the Ministry of Foreign Affairs of the Russian Empire. His efforts culminated in the publication of a substantial three-volume work in 1832, titled "Description of Kirgiz-Kazachikh, or Kirgiz-Kaisatskikh Ord and Stepei" [5, p. 202]. This work is recognized as a comprehensive study, comprising geographical, historical, and ethnographic insights.

The first volume stands out for its detailed geographical information, gathered firsthand by Levshin and supplemented by data from journals, travel routes, and accounts of other travelers who visited the Kazakh steppes during that period. This volume is notably enhanced by a geographical map, the result of thorough surveys and explorations by government-commissioned officers [6, p. 5].

In the second volume, Levshin presents a historical overview of the Kazakh people, aiming to provide a comprehensive, informative, and satisfactory account for all interested readers, including officials. This endeavor highlights Levshin's intention to make his work not only academically valuable but also practically useful for governance.

The third volume focuses on statistical and ethnographic data, authenticated by testimonies from the Kazakhs themselves and observations from individuals familiar with the Kazakh society. This volume reflects Levshin's commitment to conducting thorough research and observation, offering a richly detailed account of the Kazakh people [5, p. 15].

According to A.I. Levshin, the historical process is intricately linked to the geographical and social conditions of human existence, which significantly influence customs, institutions, and laws. These elements are shaped by an objective, natural necessity, underlining the principle of natural law. Levshin asserts that aspects such as governance, education, climate, and location profoundly affect human nature, its moral compass, and sensibilities, leading to variations in beliefs, manners, and lifestyles across different communities. This results in a wide array of customs and traditions observed among various peoples throughout history [8, p. 57]. Levshin was motivated to explore the "essence of man in general" through the lens of the experiences of numerous peoples. He highlighted the favorable circumstances under which he collected his data, the reliability of his sources, and the relative obscurity of the Kazakh hordes as reasons for publishing his findings on their historical and contemporary states [5, p.12]. He detailed his research methodology, which included reviewing archival material from the Asian Department of the Ministry of Foreign Affairs from 1819 and 1820, enhanced by observations and additional data collected over two years in Orenburg and the Ural steppes. His approach involved direct interactions with the Kazakhs, including meetings with Khans, Sultans, and elders, as well as observations of their customs, collection of legends, and examination of travel logs and records. Levshin's comprehensive research extended to analyzing the archives of the Orenburg Border Commission, which contained documents on the Russian government's relations with the peoples of Central Asia. Levshin's fieldwork in the Kazakh steppe, conducted alongside officials from the commission, was

geared towards understanding the nomadic lifestyle, including aspects such as housing, clothing, diet, animal husbandry, farm size, livestock numbers, nomadic encampments, trade practices, prices, crafts, as well as cultural elements like folklore, songs, performing arts, musical instruments, weddings, memorials, horse racing, hunting, and ancient monuments. This extensive research endeavor aimed to provide a holistic view of the Kazakh people's history, culture, and way of life [9]. In 1886, the esteemed Russian geographer I.V. Mushketov lauded A.I. Levshin's work as an unparalleled compendium of knowledge on the Kyrgyz (now known as Kazakh) steppes of that era. Mushketov emphasized that no subsequent publication had managed to eclipse Levshin's detailed account, which remained the most authoritative source on the Kyrgyz-Kaisak steppes [6, p.107], [10]. Additionally, the renowned Russian poet and writer A.S. Pushkin is known to have engaged deeply with Levshin's work, integrating substantial portions of it into his own "History of Pugachev." Levshin's monograph was not only a reference for Pushkin's historical writings but also held a place of honor in his personal library [11, p.30]. In 1831, the "Literary Gazette," edited by poet A.A. Delvig and influenced by A.S. Pushkin, published excerpts from Levshin's "Ethnographic News about the Kyrgyz-Kaisaks or Kyrgyz-Kazakh Hordes" across two issues. The editorial note to these publications highlighted them as selections from Levshin's significant work, aiming to introduce readers to the then-mysterious nomadic cultures of Asia's vast expanses. Levshin's descriptions brought to life the nomadic lifestyle and its unique customs, previously unknown to the audience in St. Petersburg. The editorial note praised Levshin's dedication to gathering comprehensive information about the people and places of the Kyrgyz steppes, acknowledging the manuscript's presence in the editorial office for some time and their commitment to sharing its insights with the public. This collaboration between Levshin and the "Literary Gazette" played a crucial role in disseminating knowledge about the Kazakh people, their customs, and their way of life, contributing significantly to the understanding of Central Asian nomadic cultures in Russian literary and scientific circles.

The Kazakh educator Sh.Sh. Ualikhanov held A.I. Levshin's contributions to the study of Kazakh history and culture in high esteem, referring to Levshin as the "Herodotus of the Kazakh people." Ualikhanov believed that Levshin's works would forever remain invaluable to the scientific exploration of Central Asian nomads' history [3, pp.63,164]. Levshin's work remained relevant in Soviet historical science, in particular by the Kazakh scientist E.A. Masanov.

He emphasized the importance of the work not only for history, but also for ethnography, since this is the first comprehensive study. To introduce certain scientific issues, but also into the historical ethnography of the Kazakhs. The scientist noted the uniqueness of the research; Levshin's accurate and truthful descriptions serve as a unique source that retains its originality, in addition, Levshin's contribution is noted as one of fundamental research on the history of not only Kazakhstan, but also the countries of the East, one of the fundamental studies of the Kazakhs and remains relevant for modern research [8, p. 118]. Moreover, Levshin's contributions are celebrated as one of the foundational studies in the history of Oriental studies prior to the revolution, with scholars considering it a culmination of all preceding research on Kazakhs and maintaining its importance to contemporary studies [5, p. 397]. The scholarly output of A.I. Levshin has subsequently become a focal point for a wide array of historians and researchers, including E.A. Masanov, M.K. Kozybaev, L.A. Sheiman, M.I. Fetisov, V.G. Erzakovich, I.R. Tleuberdin, P.A. Aravin, Ya.S. Akhmetova, A.S. Beisenova, V.Z. Galiev, I.V. Erofeeva, V.A. Vishnevetskaya, Yu.Yu. Grechikhova, A. Novikova, A. Muktar, N.I. Moshna, O.E. Gundova, O.E. Sukhikh, and others, who have delved into various aspects of Levshin's research, thereby extending his legacy within the academic realm.

A.I. Levshin's seminal work, "Description of the Kyrgyz-Cossacks or Kyrgyz-Kaisak Hordes and Steppes," initially published in a limited edition, quickly became a bibliographic rarity during the author's lifetime and had not seen a reprint in Kazakhstan since its first publication. Recognizing the growing demand and scientific interest in this foundational monograph within Kazakhstan's historiography, the M.K. Ualikhanov The Institute of History and Ethnology carried out a lot of scientific work on the publication and replication of Levshin's scientific works. At one time, the team of the institute under the leadership of Kozybayev, together with the Republican Book republished a three-volume study of Levshin's work. This meticulous effort resulted in a compilation that faithfully reproduced the text of the original three volumes, now consolidated into a single publication. This reprinted edition not only makes Levshin's valuable research available to a broader audience but also includes an article by I.V. Erofeeva. Erofeeva's contribution provides an exhaustive account of Levshin's life and scholarly activities, offering readers a comprehensive insight into his contributions to the understanding of the Kyrgyz-Kaisak hordes and steppes, thereby ensuring the preservation and dissemination of Levshin's legacy within the academic community and beyond.

The main part. The inception of A.I. Levshin's specialized study on the Kazakh people marked a pivotal moment in the evolution of history as an independent discipline, prompting a reassessment of the existing perspectives on the nomadic cultures of the East. Levshin's particularly significant contribution was his study of the

nomenclature surrounding Kyrgyz-Cossacks (Kyrgyz-Cossacks) and their difference from real or “wild” Kyrgyz (1827, Part 4, No. 16). Levshin's discussion was pioneering in questioning the accuracy of the 'Kyrgyz' appellation for the nomadic steppe tribes, advocating for the more appropriate term 'Kazakhs.' Levshin highlighted the external labeling of Kazakhs in Europe with a "foreign name," unrecognized by both the community itself and its neighbors, including Russians [6, p. 135]. He elucidated that the term 'Kyrgyz-Kyrgyz' stemmed not from any affiliation with the Kaisaks but from historical animosity towards them, with variations of the name persisting in contemporary usage. Levshin also clarified the etymology of 'Kaisak' or 'Kasak' as a corruption of 'Cossack,' tracing its origins back to a time preceding the Nativity of Christ according to certain Eastern historians. Without delving into the legitimacy of this claim, Levshin affirmed that the 'Cossack' designation has been long associated with the Kyrgyz-Kaisak tribes, who self-identify as Kazakhs. This designation is also recognized by other nations and states, including Persians, Bukharians, Khivans, Chinese, and other Asian peoples, with the Chinese referring to Kazakhs as "Hasaki," a softening of the initial 'K.' Furthermore, Levshin distinguished between the Kyrgyz themselves and the Kyrgyz-Cossacks, noting that Russians added the descriptors 'wild' and 'frozen' to the 'Karagoguz' (black Kyrgyz), thereby differentiating them from the Kyrgyz-Cossacks. He described the 'wild' Kyrgyz as braver and more ferocious in their raids on trade caravans compared to the Kyrgyz-Cossacks [6, p. 143], thus contributing to a nuanced understanding of the intricate relationships and identities within the nomadic cultures of the region.

The frequent invasions and raids by the 'wild' Kyrgyz into Siberia, targeting cities and villages, instilled such a level of fear and disdain among the Russians that they began referring to the Kazakh hordes as "Kyrgyz," a name that became synonymous with valor and the pursuit of independence from Russia. This appellation was distinct from the other Tatar and Mongolian tribes, which did not inflict comparable damage. To differentiate them from the Siberian Cossacks, the Kazakhs were labeled as Kyrgyz Cossacks, aligning with A.I. Levshin's analysis and the scholarly interpretation by various Soviet scientists across different periods [12, p. 579]. Levshin elucidates that in the 16th and 17th century Russian chronicles, the Kazakh hordes were initially called Kyrgyz-Cossack, then Kyrgyz-Kasak, and eventually Kyrgyz-Kaisak, adopting an additional adjective to their name [6, p. 144]. He actively spoke out in his writings for correcting the distorted word “Kaysak” to “Cossack”, rightly insisting that this would allow it would be more correct to call them Kyrgyz-Kazakh or Kyrgyz-Kazakh hordes, which is the actual name of the Kazakh people, the first part remains an adjective or as a designation used by Russians.

Interestingly, prior to the 18th century, particularly in the documents of the Collegium of Foreign Affairs and the former Orenburg provincial chancellery, as well as in European sources influenced by Peter the Great, the modern Kyrgyz hordes were known as Kazakh hordes or Tatar Cossacks [6, p. 145]. This nomenclature underscores the importance of Levshin's work in addressing the issues of ethnogenesis and the authentic self-identification of the Kazakhs, challenging the misuse of the ethnonyms "Kyrgyz" and "Kyrgyz-kaisak" in relation to the Kazakh people [13, p. 117]. His work laid the groundwork for a deeper understanding of the complex interplay of historical, cultural, and social dynamics that have shaped the Kazakh identity over the centuries.

The discourse on the origins of the Kazakhs presents an intriguing facet of historical inquiry. Contrary to the prevailing notion among Russian writers that the Kazakhs emerged from Tatar origins, with the name "Cossack" subsequently extending to all factions of past and present Cossacks, Eastern historians contest this view. They assert that the Kazakhs have been an independent entity from the earliest annals of history, with some claims suggesting their existence predates known historical records. Notably, the poet Firdevsi (or Ferdusi) mentioned the Kazakh people and Kazakh Khans in his work "History of Rustem," which dates back to around 1020, predating the Mongol-Tatar incursions into the West by two centuries. This reference underscores the Kazakhs' long-standing presence in Asia as a distinct people, tracing back to the pre-Mongol era and signifying their ancient lineage among the multitude of Turkic tribes [6, p. 153].

As already mentioned, the contribution of A.I. Levshin is enormous in the study of the political history of the Kazakh people. The methodological approach is also significant in science, which gives priority to the definition of folk housing and numbers. This approach, blending scientific inquiry with political and legal relevance, is instrumental in exploring the state-political organization of societies. Levshin's comprehensive study of the socio-political structure of the Kazakhs in the medieval period, combined with an analysis from a critical point of view of Western European and Russian literature about the Kazakhs and their systematic synthesis of historical data for Russia at the beginning of the 19th century, renders his study an essential resource on Kazakh statehood. In the realm of political and legal scholarship, the definition of a "State" encompasses the critical elements of population, public authority, and territory. This conceptualization reflects a consensus among scholars that a state embodies the union of a populace within a defined territory under a single governing authority. Thus, the quintessential attributes of a state, as derived from the theory of state and law, include territory, population, and public power, encapsulating the core components that define statehood. Levshin's work, by aligning with these foundational principles, offers a

profound insight into the characteristics common to states, including that of the Kazakhs, thereby enriching our understanding of the historical and political landscape within which the Kazakh state emerged and evolved.

The concept of territory as an intrinsic characteristic of statehood underscores the importance of a delineated spatial domain for the existence and identity of a state. This principle is universally acknowledged across various definitions of the state, emphasizing that without a specific territory, a state cannot be conceptualized. The French legal scholar Léon Duguit, centuries ago, articulated that territory is a historically established category intertwined with the notions of state and nation. He elaborated this idea by identifying the essential elements of a state as the collective, territory, and sovereignty, positing that collectivism can only thrive within a state established on a defined territory [7, pp. 101-194].

Thanks to the works of A.I. Levshin clarifies the territorial aspect of the Kazakh people, good neighborly relations between border residents of the newly acquired Russian territories, merchants and Kazakhs, which facilitated the exchange of reliable information about the Kazakh lands. Historical records from Karamzin's "Bolshomu chertezhu," dating back to the era of Feodor Ioannovich, provide detailed accounts of the lands inhabited by various Kazakh hordes. Levshin further elaborates on the expansive steppe lands constituting the "Kyrgyz-Cossack steppe" and asserts the dominion of the Kyrgyz-Kazakhs over Turkestan and their urban settlements, which served as residences for Kazakh Khans in the early 17th century [6, p. 159]. The geographical survey in the first volume of Levshin's work is based on data from field geodetic, topographic, and hydrographic surveys conducted by Russian scientists and engineers in the early 19th century. By "Kyrgyz-Cossack steppe," Levshin referred to a vast area bordered by the Oyil, Ural, Tobol, and Irtysh rivers to the north, the Caspian and Aral Seas to the southwest, and the Altai Ridge and Qing Empire to the east. The inclusion of a map created in 1831, based on the latest narrative and cartographic materials, complements the text [12, p. 579]. Levshin's detailed account of the territory, geographical position, and climate of the Kazakh lands highlights the strategic significance of the vast spaces occupied by the Kyrgyz-Kazakh hordes. Situated between various trading states of Russia and Central Asia, these lands played a crucial role in facilitating caravan trade routes. Furthermore, Levshin acknowledges the dynamic nature of the spatial boundaries of the Kazakh Khanate, which evolved in response to military campaigns, efforts to consolidate and expand the power of its rulers, struggles for borderlands, and the migration of tribes and clans. This comprehensive analysis underscores the significance of territoriality in understanding the state-political structure and historical trajectory of the Kazakh people.

The concept of population as a defining characteristic of statehood is crucial, yet A.I. Levshin notes the challenges in accurately determining the numbers of the Kyrgyz-Cossacks due to their nomadic lifestyle, which made traditional censuses difficult and often led to unrest.

Officials of Tsarist Russia admitted inaccuracies in statistical data on the Orenburg and Siberian lines, Levshin researched and showed the size of the Kazakh population: approximately 500,000 tents (nomadic dwellings) in total, and in the Great Horde there were up to 100,000 of them, in the Middle Horde up to 210,000, and the Little Horde about 190,000 people. He also suggested that on average there of 5 to 6 people per kubitka, the population estimates range from 2.5 to 3 million individuals across all hordes. G. Bronevsky's observations further support these figures, noting up to 3 million people within the Middle Horde alone. However, given the varied and often conflicting data, the precision of these population estimates remains debatable [6, p. 288].

Statehood is also characterized by the presence of governance structures that exercise authority over society to ensure its orderly functioning. Levshin's insights into the institutional aspects of Khan's power within Kazakh society, its interaction with local self-governance bodies, people's assemblies, and nomadic communities are of significant interest. He provides a detailed account of the Kazakh Khans' authority, supported by a wealth of historical facts. For instance, during Genghis Khan's reign and subsequently under Jochi the Great, the Kazakhs, despite being part of the Golden Horde, were ruled by their own Khans. By the early 16th century, the Kazakh Khanate had become a formidable power capable of mobilizing large forces, as evidenced by the observations of Padishah Babur, founder of the Mughal Empire. Levshin also describes the integration of various tribes and clans into the Kazakh fold during this period of ascendancy, including the Kipchaks, Naimans, Konrads, Jalairs, and Kanly, many of whose names persist among the prominent divisions of Kazakh tribes today. However, Levshin points out a gap in the continuous historical narrative, attributed to the nomadic lifestyle of the Kazakhs, which resulted in a scarcity of written historical records from the Kazakhs themselves. Nevertheless, information about the Kazakhs can be found in European travelers' accounts, Russian chronicles, and archives documenting Russia's interactions with Asian peoples [6, p. 155]. This highlights the complex interplay of nomadic culture with the formation and exercise of state power, underscoring the adaptability and resilience of the Kazakh societal structure in the face of historical challenges and changes.

Historical records highlight the significant influence wielded by the Kazakh Khans, particularly Haq-Nazar Khan

(1538-1580), the son of Kasym Khan, during whose reign the Kazakh Khanate experienced a renaissance. Haq-Nazar Khan's leadership marked a period of revitalization in both domestic and foreign policy, continuing the consolidation of power that began under Kasym Khan. After 1520, Haq-Nazar Khan played a pivotal role in unifying the fragmented populations of the steppes, reinstating the former strength of the Kazakh Khanate [14, p. 49]. Around 1556, sources record Haq-Nazar Khan's decisive victory over the Mughals, reinforcing his stature as a formidable leader [14, pp. 46-48]. His rule extended across the entire Kazakh steppe, engaging in significant military campaigns against neighboring states. Haq-Nazar successfully confronted the Mughal forces in 1554 and delivered substantial defeats to the Oirats, earning recognition from the Bashkirs, Karakalpaks, and Kyrgyz as their Khan. His military prowess also brought defeats to the rulers of Maverannah, asserting control over caravan routes and threatening cities like Tashkent with his campaigns. Haq-Nazar Khan's ambition led to a military campaign against the Siberian Khan Kuchum, pushing the latter to seek alliances with Russian and Central Asian Khans. Under his leadership, the Kazakh Khanate's borders expanded significantly, incorporating cities such as Turkestan, Syganak, Sauran, Sairam, and Taraz. This expansion caught the attention of Ivan the Terrible of Russia, who recognized Haq-Nazar as a great ruler and sent an ambassador in 1573, although the mission was thwarted by Kuchum's forces. Despite this, in 1574, Ivan the Terrible granted the Stroganov merchants a charter for duty-free trade with the Kazakhs, establishing trade and political relations between Moscow and the Kazakh Khanate.

The reign of Haq-Nazar Khan saw Tashkent and Khiva under the rule of his son, Din-Muhammad-Sultan, for a period. However, after May 1580, references to Haq-Nazar Khan cease, and Shigai Khan, his cousin, is mentioned as the leader of the Kazakh Khanate [14, pp. 55-58]. These historical accounts underscore the strategic and military acumen of Haq-Nazar Khan, highlighting his crucial role in the expansion and governance of the Kazakh Khanate, as well as his interactions with neighboring states and empires.

The legal organization of public life is a fundamental attribute of statehood, encompassing the establishment of laws and regulations that shape societal order and the functioning of the community. In the annals of history, the Kazakh Khanate witnessed the initial systematization of legal customs and norms through "Kasym Khan's Zholy" (the Bright Path of Kasym Khan), a pivotal development in the legal landscape of the region. Following Kasym Khan, Yessim Khan further advanced the legal framework with "Eskey Zholy Yessim Khany" (the Ancient Way of Yessim Khan), which codified a series of laws, notably enhancing military discipline and thus strengthening the military might of the Khanate. The outstanding personality and state activities of Tauke Khan contributed to the progressive development and establishment of Kazakh statehood and customary law with the adoption of "Dzhety Zhargy" (Seven Charters of Tauke Khan). These laws radically changed the legal system in Kazakh society. A.I. Levshin researched and analyzed the most important information about the pre-existing rules of customary law that governed the nomadic society for many years centuries. In the fourteenth chapter of his monograph, Levshin not only describes, but also analyzes the legislative monument to Tauke Khan, compiled at the end of the 17th century. The author examines the laws of Tauke Khan in detail and includes in detail 34 excerpts from the laws. All these explanations amounted to detailed notes on nine pages of his book, representing especially now the most important part third volume [6, pp. 170-178].

This version is recognized as the second, complete edition of Tauke Khan's "Code," augmented by the recording of eleven fragments in the "Siberian Bulletin" by I. Spassky in 1820. Levshin's contribution goes beyond mere presentation of the text; he also offers reflections on the timing and overarching nature of the legislative "code's" creation.

Subsequent scholars and researchers of the Kazakh political system and legal traditions have primarily relied on Levshin's rendition of the "Seven Charters" as a foundational source [12, .591]. The value of his works lies in the observation and analysis from a historical point of view of the essence of the khan's power and its significance for the people in the khanate itself.

What is the basis of Kazakh society, the interaction and relationship between different social strata among nomads, the structure of the local population, self-government, the meaning of customary law in administrative practice and history Kazakh zhuzes (tribal associations). In addition, Levshin actively studied the diplomatic relations of the Kazakh Khanate with its neighbors, in particular the relationship between the Kazakhs and the Russian state, and a wider range of international relations in Central Asia

This comprehensive examination underscores the intricate tapestry of governance, law, and societal organization that characterized the Kazakh Khanate, contributing significantly to our understanding of its historical and legal evolution.

Conclusion. The exploration of A.I. Levshin's scientific legacy illuminates the depth and breadth with which he investigated the lives and endeavors of the Kazakh people. His scholarly contributions have significantly

enriched the understanding of Kazakhstan's history and ethnography, which has a profound impact on the study of the history of the Kazakh Khanate and its people.

In contemporary academia, Levshin's works continue to hold paramount importance as foundational texts on Kazakhstan's history.

A.I. Levshin, as a distinguished figure in pre-revolutionary Oriental studies, achieved the following:

– Made substantial contributions to the scientific exploration of the Kazakh people's history, ethnography, and culture, presenting a wealth of factual materials, insightful observations, and innovative ideas to the scholarly community.

– Challenged Eurocentric narratives, fostering cultural exchanges and enhancing the application of the comparative historical method in academic research.

– Exemplified the dedication to science characteristic of pre-revolutionary Russian Orientalism, striving to bridge cultural and historical gaps between peoples.

– Stimulated scientific curiosity among Russian society, diplomats, expedition members, officials, and explorers towards Turkestan and the Kazakh steppes.

– Embraced the humanitarian ethos of science, promoting understanding, cultural integration, and reciprocal enrichment between diverse communities. Levshin's work continues to inspire this noble mission.

– Applied a methodology to the study of peoples that bears not only methodological but also political and legal significance for the analysis of state-political structures.

– Presented historical data on the Kazakh people that affirm the universal attributes of statehood: territory, population, and governance, thereby offering invaluable insights into Kazakh statehood.

Levshin's research remains one of the most important sources on the history and ethnography of the Kazakh Khanate, despite some contradictions arising from the historical context of his era. In his works, the scientist emphasized factual accuracy, direct participation and based on objective methodology. The most valuable heritage of A.I. Levshina still remains relevant in modern Kazakh historical science. His work underscores the importance of eschewing the politicization, ideologization, and mythologization of history, advocating instead for a scholarly pursuit grounded in facts and open-minded inquiry. Levshin's legacy, thus, not only chronicles the past but also provides a timeless blueprint for the study of history with integrity and depth.

References:

1 Tokayev, 2021 - Tokayev Kasym-Zhomart «Nezavisimost' prevyshe vsego» [Tokayev Kassym-Jomart "Independence Above All"]. (January 6, 2021). – [Electronic resource] - https://www.inform.kz/ru/polnyytekst-stat-i-glavygosudarstva-nezavisimost-prevyshe-vsego_a3737695 (date of access 12, 14.03.2021) [in Russian].

2 Konrad, 1972 - Konrad N.I. Zapad i Vostok. Stat'i. [Konrad N.I. West and East. Articles]. Edition 2, rev. and add. – Moscow, 1972. – 496 p. [in Russian].

3 Valikhanov, 1985 - Valikhanov CH. CH. Sobr. soch. T. 2. [Valikhanov Ch. Ch. Collected. op. T. 2]. – AlmaAta, 1985. – 416p. [in Russian]. Valikhanov, 1984 - Valikhanov CH. CH. Sobr. soch. T. 1. [Valikhanov Ch. Ch. Collected soch T. 1.] – Alma-Ata, 1984. – 432p. [in Russian].

4 Bartol'd, 1971 - Bartol'd V. V. Sochineniya. T.7: Raboty po istoricheskoy geografii i istorii Irana. [Bartold V. V. Works. Vol.7: Works on the historical geography and history of Iran]. – Moscow: Publishing House of East Literature, 1971. – 667 p. [in Russian].

5 Istoriya otechestvennogo vostokovedeniya, 1990 - Istoriya otechestvennogo vostokovedeniya do serediny XIX veka. [History of Russian Oriental Studies until the mid-19th century]. – M.: Science. Main edition of oriental literature, 1990. – 435 p. [in Russian].

6 Levshin, 1996 - Levshin A.I. Opisaniye kirgiz - kazach'ikh, ili kirgiz - kaysatskikh, ord i stepey [Levshin A.I. Description of the Kirghiz - Cossack, or Kirghiz - Kaisak, hordes and steppes]. Under total. ed. M.K. Kozybaeva. – Almaty, 1996. – 656 p. [in Russian]. Levshin, 1820 - Levshin A. I. Svidaniye s khanom Men'shey kirgizskoy ordy [Levshin A.I. Appointment with the Khan of the Lesser Kyrgyz Horde]. Bulletin of Europe, 1820. Part 114. P. 129-139. [Electronic resource]: <https://myaktobe.kz/archives/38209//site> <http://www.vostlit.info/> (date of access 03/06/2021) [in Russian].

7 Dugi L. Constitutional laws. General theory of the state. Moscow: Publishing House "INFRA - M", 2018. – 427 pp.// [Electronic resource]: <https://www.litres.ru/l-dugi/konstitucionnoe-pravo-obschayateoriya-gosudarstva/> (access date: 03/14/2021.)

8 Levshin, 1816 - Levshin A.I. Pis'ma iz Malorossii. [Levshin A.I. Letters from Little Russia]. –Kharkiv, 1816.– 206 p. – [Electronic resource]: <https://this-all.io.ua/album808341> (date of appeal 6.03.2021) [in Russian].

9 Novikov - Novikov V. YA. Gerodot kazakhskogo naroda. [Novikov V. Ya. Herodot of the Kazakh people].

//<http://novikovv.ru/aleksey-levshin/gerodot-kazachskogo-naroda>. – [Electronic resource]: <https://myaktobe.kz/archives/38209/> site <http://www.vostlit.info/> (date of access 03/04/2021) [in Russian].

10 Mushketov, 1915 - Mushketov I.V. *Turkestan. Geologicheskoye i orfograficheskoye opisaniye po dannym, sobrannym vo vremya puteshestviya s 1874 po 1800 gg.* [Mushketov I. V. *Turkestan. Geological and spelling description based on data collected during travel from 1874 to 1880*]. Vol.1. - Petersburg,1906. – 375. – [Electronic resource]: pdf https://www.directmedia.ru/book_99882_Turkestan_Geologicheskoe_i_orograficheskoe_opisanie_po_dannym_sobrannym_vo_vrem Russian].

11 Sheyman, 1963 - Sheyman L. A. *Pushkin i kirgizy.* [Sheyman L.A. *Pushkin and the Kyrgyz*]. – Frunze: Kirgizuchpedgiz, 1963. – 143 p. [in Russian]

12 Yerofeyeva, 1996 - Yerofeyeva I. V. A. I. *Levshin i yego trud «Opisaniye kirgiz - kazach'ikh, ili kirgizkaysatskikh, ord i stepey»* [Erofeeva I.V. A.I. *Levshin and his work "Description of the Kirghiz - Cossack, or Kirghiz - Kaisak, hordes and steppes"* // Levshin A. I. *Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz - Kaisak, hordes and steppes / under total ed. M.K. Kozybaeva.* – Almaty, 1996. – 656 p. [in Russian].

13 Masanov, 1966 - Masanov E. A. *Ocherk istorii etnograficheskogo izucheniya kazakhskogo naroda v SSSR.* [Masanov E.A. *Essay on the history of ethnographic study of the Kazakh people in the USSR*]. AN Kaz. SSR. Institute of History, Archeology and Ethnography. Ch. Ch. Valikhanov. – Alma - Ata: Nauka, 1966. – 322 p. [in Russian].

14 Abuseitova, 1985 - Abuseitova M. KH. *Kazakhskoye khanstvo vo vtoroy polovine XVI veka//Akademiya nauk Kazakhskoy SSR. Institut Istorii, Arkheologii i Etnografii im. CH. CH. Valikhanova.* [Abuseitova M.Kh. *The Kazakh Khanate in the second half of the 16th century // Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Institute of History, Archeology and Ethnography named after Ch. Ch. Valikhanov*]. – Alma-Ata: Nauka, 1985. – 104 p. [in Russian].

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат, 05.01.2021. - [Электрондық ресурс] <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>

2. Конрад Н. И. *Запад и Восток. Статьи.* Издание 2-е, испр. и дополн. – Москва, 1972. – 496 с.

3. Валиханов Ч.Ч. *Собр. соч. Т. 2.* –Алма-Ата, 1985. – 416 с. Валиханов Ч.Ч. *Собр. соч. Т. 1.* –Алма-Ата, 1984. – 432 с.

4. Бартольд В.В. *Сочинения. Т.7: Работы по исторической географии и истории Ирана.* – Москва: Издат. восточ. лит-ры, 1971. – 667 с.

5. *История отечественного востоковедения до середины XIX века.* – Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990. – 435 с.

6. Левшин А.И. *Описание киргиз - казачьих, или киргиз - кайсацких, орд и степей // под общ. ред. М. К. Козыбаева.* – Алматы, 1996. –656 с.

7. Дюги Л. *Конституционное право. Общая теория государства.* Москва: Издательство «ИНФРА - М», 2018. – 427с.// [Электронный ресурс]: <https://www.litres.ru/l-dugi/konstitucionnoe-pravo-obschayateoriya-gosudarstva/> (дата обращения: 14.03.2021г.)

8. Левшин А.И. *Письма из Малороссии. Харьков, 1816.* 206 с. // – [Электронный ресурс]: <https://thisall.io.ua/album808341> (дата обращения 6.03.2021г.)

9. Новиков В.Я. *Геродот казахского народа* // <http://novikovv.ru/aleksey-levshin/gerodot-kazachskogonaroda>. – [Электронный ресурс]: <https://myaktobe.kz/archives/38209/> сайт <http://www.vostlit.info/> (дата обращения 4.03.2021г.)

10. Мушкетов И.В. *Туркестан. Геологическое и орфографическое описание по данным, собранным во время путешествия с 1874 по 1800 гг. Т.1. – С.- Петербург, 1906.* –Электронный ресурс]: pdf https://www.directmedia.ru/book_99882_Turkestan_Geologicheskoe_i_orograficheskoe_opisanie_po_dannym_sobrannym_vo_vrem

11. Шейман Л.А. *Пушкин и киргизы.* – Фрунзе: Киргизучпедгиз, 1963. –143 с.

12. Ерофеева И.В. А.И. *Левшин и его труд «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей»* //Левшин А. И. *Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / под общ. ред. М.К. Козыбаева.* – Алматы, 1996. –656 с.

13. Масанов Э.А. *Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР/ АН Каз. ССР. Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова.* – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.

14. Абусеитова М.Х. *Казахское ханство во второй половине XVI века.* //Академия наук Казахской ССР. Институт Истории, Археологии и Этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. –Алма-Ата: Наука, 1985. –104 с.

УДК 930(091)
МРНТИ 03.01.09

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.027>

*В.С. Ф. Хекимоглу*¹*

*¹доцент PhD Кутахия Думлупынар Университети, Кутахия –Түркия Республикасы,
E-mail: sefafuat@hotmail.com*

ТҮРКИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ФИЛОСОФ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГ ЗИЯ ГӨКАЛП

Аңдатпа

Бұл ғылыми-зерттеу мақаласында Османлы мемлекетінің 1908 ж. кейінгі саяси және мәдени эрекеттерінің түрліше дамуы мен формациялануында «Иттихат және Теракки» мүшесі болған - Зия Гөкалптың қоғамдық-ағартушылық қызметтері зерттеу аясына алынады. Зия Гөкалптың тікелей ұйымдағы жағдайымен қатар, сол дәуірдің ең таңдаулы оқу ордасы деп танылған «Дарульфунун» университетіндегі қызметі де ерекше маңызды. Зия Гөкалп Стамбулға келгеннен соң университеттегі оқытушылық қызметінің көмегімен жас ұрпақалдындағы ықпалын да күшейтіп алған-ды. Діни мектептердің бірінде біраз уақыт әлеуметтану пәнінен дәріс бергеннен кейін, 1915 ж. Стамбул университеті әлеуметтану профессоры атанады. Османлы империясының I Дүниежүзілік соғысындағы жеңілісі, Гөкалптың Стамбулдағы жемісті жұмыстарының да соңы болды. 1918 ж. «Мондре уақытша келісімінен» кейін Джонтүріктердің басым бөлігі елден бас тартты. Жолдастарының табандылығына қарамастан Стамбулда қалуын жалғастырған Гөкалп ағылшындар тарапынан тұтқындалып, 1919 ж. жазында Мальтаға жер аударылды. Жер аударудың тауқыметі мен қаржылай қиыншылықтарына қарамастан, төзімділігін жоғалтпады және жолдастарының көңілдерін көтеріңкі ұстауларына септігін тигізді.

Кілт сөздер. Зия Гөкалп, Стамбул университеті, «Иттихат және Теракки», Селаник, Диярбакыр, Османлы Түркия, ұлт-азаттық, әлеуметтану, мәдениет, Түрік Республикасының тарихы.

*В.С.Ф. Хекимоглу*¹*

*¹доцент Ph D. Университет Кутахия Думлупынар, Кутахия-Турецкая Республика
E-mail: sefafuat@hotmail.com*

ЗИЯ ГЕКАЛП, ВЕЛИКИЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ, ФИЛОСОФ И ИДЕОЛОГ В ИСТОРИИ ТУРЦИИ

Аннотация

В этой исследовательской статье исследуются социально-просветительские услуги Зии Гекальп, которая была членом «Иттихата и Теракки» в разнообразном развитии и формировании политической и культурной деятельности Османского государства после 1908 года. Помимо непосредственного положения Зии Гекальп в организации, особое значение имеет ее деятельность в университете «Дарульфунун», признанном самым элитным учебным заведением той эпохи. Зия Гекалп по прибытии в Стамбул с помощью преподавательской деятельности в университете усилила свое влияние на молодое поколение. После того, как некоторое время преподавал социологию в одной из религиозных школ, в 1915 году Стамбульский университет стал профессором социологии. Поражение Османской империи в Первой мировой войне также стало концом плодотворной работы Гекальпа в Стамбуле. После «временного соглашения Мондре» 1918 г. Джон, большая часть тюрков покинула страну. Продолжая оставаться в Стамбуле, несмотря на настойчивость своих товарищей, Гекальп был арестован англичанами и депортирован на Мальту летом 1919 года. Несмотря на тяготы и финансовые трудности изгнания, он не терял выносливости и помогал поддерживать настроение товарищей.

Ключевые слова. Зия Гекальп, Стамбульский университет, Иттихат и Теракки, Селаник, Диярбакыр, Османская Турция, национальное освобождение, социология, культура, История Турецкой республики.

V. S. F. Gekimoglu*¹

¹associate Professor Ph. D. Kyutahiya Dumlupinar University, Kyutahiya-Republic of Turkey

E-mail:sefafuat@hotmail.com

ZIA GOKALP, A GREAT PUBLIC FIGURE, PHILOSOPHER AND IDEOLOGUE IN THE HISTORY OF TURKEY

Abstract

This research article explores the social and educational services of Zia Gokalp, who was a member of the Ittihat and the Terrorist Group in the diverse development and formation of the political and cultural activities of the Ottoman State after 1908. In addition to Zia Gokalp's direct position in the organization, her work at Darulfunun University, recognized as the most elite educational institution of that era, is of particular importance. Upon arrival in Istanbul, Zia Heklap strengthened her influence on the younger generation with the help of teaching at the university. After teaching sociology for a while at one of the religious schools, in 1915 Istanbul University became a professor of sociology. The defeat of the Ottoman Empire in World War I also marked the end of Hekalp's fruitful work in Istanbul. After the "provisional Mondre Agreement" of 1918, John, most of the Turks left the country. Continuing to stay in Istanbul, despite the insistence of his comrades, Hekalp was arrested by the British and deported to Malta in the summer of 1919. Despite the hardships and financial difficulties of exile, he did not lose his stamina and helped to maintain the mood of his comrades.

Keywords. Zia Gokalp, Istanbul University, "Ittihat and Terrorist Attacks", Selanik, Diyarbakir, Ottoman Turkey, national liberation, sociology, culture, Turkish history.

Кіріспе. Түрікшілдіктің ең маңызды есімдерінің бірі – Зия Гөкалп, 1876 жылдың 23 наурызында Диярбакырда дүниеге келеді. Гөкалптың ата-бабасы Диярбакырдың солтүстік-батысында Чермик атты кішкентай ауылдан шыққан. Гөкалп және оның жақтастары, түрік тамырының анық-қанығына көз жеткізу үшін бұл жердің толығымен түріктерден тұратын тұрғылықты жер орталығы болғанын алға тартады. Тек бұл пікірге қарсы шыққан кейбір кісілер болса, Зия Гөкалптың «күрт» белсенді тұлғасына байланысы болғанын алға тартады. Гөкалп, мұны үзілді-кесілді қабылдамаумен қатар, рас болса да өзін толығымен түрік ретінде сезінетінін, түп-тамыры да осы екенін айтады.

Алғашқы білімін Диярбакыр қаласында алған Гөкалп, Диярбакыр әскери орта мектебінде оқуын жалғастырады. Ары қарай білімін Стамбулда жалғастыруды қалағанмен, әкесінің өліміне байланысты бұл ойын жүзеге асыра алмайды. Осы себептен Диярбакыр лицейінде оқуды бастап кетеді. Әкесінің қазасынан кейін Диярбакырда тұратын және ислам ілімгері болған немере ағасы Хасип Эфендиден шығыс мәдениетін өте жақсы үйренеді. Немере ағасы арапша мен парсышаны да үйретеді. Оның Диярбакырда білімін жалғастырған жылдары, бұл қалада Султан Абдульхамиттің жер аударып жіберген бір топ зиялы қауым өмір сүруде еді және осы ортамен байланыс орнатқан Зия Гөкалп, Намык Кемал, Зия Паша, Ахмет Митхат Эфенди сынды озық ойлы қозғалыс жетекшілерінің шығармаларын оқу мүмкіндігіне ие болғаны сияқты, бірнеше досымен бірге Еуропадан төңкерісшіл түрік баспасөзінен де алдыртты. Гөкалптың құпия ұйыммен байланыстары 1890 ж. басында Абдуллах Джевдеттің Диярбакырға келуінен кейін одан сайын жиілей түсті. Немере ағасы Хасип Эфенди, Гөкалптың осы атеист доктормен кездесуін қаламайтын еді. Сонда да Гөкалп онымен достық байланысын жалғастырып, саяси және қоғамдық мәселелерге назар аударып бастайды. [1, 8-9 б.]

Немере ағасынан алған діни білім мен Диярбакырда иемденген жаңа ортадан үйренген көзқарастар арасында ой-пікір дағдарысын бастан өткізген Гөкалп Стамбулға барып, сол жақта білім алуды қалайды. Бірақ, немере ағасы оның туған жерінен кетпеуі үшін қысым көрсетуде еді. Осы мәселелердің барлығы Гөкалптың көңілін алаңдаушылық сезімге жетелеп қана қоймай, оны өзін-өзі мерт қылудан басқа ешбір жол көре алмайтын үмітсіздікке итермеледі. Абырой болғанда, Гөкалптың өзін-өзі мерт қылуында маңызды ағзаларының ешбіріне зақым келмейді және досы Абдуллах Джевдетпен бірге орыс дәрігері жасаған операция арқылы өмірі құтқарылды. Бассүйегіне қадалған, операция кезінде шығарыла алмаған оқ өлімінің соңына дейін сол жерде қалады. [1, 11 б.] Осы оқиғаға байланысты Гөкалптың терең күйзе-лісте болғанын және Стамбулға деген құмарлығын көрген Ерзинджан әскери мектебінде білім алып жүрген бауыры Нихат, оның Стамбулға баруына септігін тигізді. Зия Гөкалп, Стамбулға ешқандай қаражатсыз келгендіктен өзіне тегін жататын жер мен тамақ беретін жалғыз мекеме «Ветеринар мектебіне» түсуге мәжбүр болды. [1, 13 б.]

Өзектілігі. Гөкалп Стамбулдағы оқуы кезінде де «Иттихат және Теракки» қоғамымен жиі байланыс

орнатып тұрды. Гөкалптың Диярбакырдағы достарының үйінде жасалған тінту жұмыстарында тыйым салынған кітаптар мен мақалалар табылған болатын. Бұлардың арасында Гөкалптың өз пікірлерін ашық баяндаған хат та бар еді. Полицияның Стамбулдағы құзыретті өкілдері хабардар етілуіне байланысты Гөкалп, «Ветеринар мектебінен» оқудан шығарылады. Уақыт өте өзі де ұсталып, бір жыл түрмеде жазасын өтейді. Тұтқындар үйінен шыққаннан соң Зия Гөкалп, Диярбакырға жер аударылады да, ол жерден шығуға тыйым салынады. Гөкалп, тоғыз жылға жуық уақыт Диярбакырда жабық өмір сүрді. Зия Гөкалп, Султан II Абдульхамиттің 1909 жылы тақтан түсуінен кейін нағыз еркіндікке қол жеткізді. «Иттихат және Теракки» партиясының жергілікті бөлімшелеріндегі сөйлеген сөздері Гөкалпты Диярбакырдың құрметті жетекшілері қатарына қосты. «Пейман» және «Дижле» атты Диярбакыр газеттерінің шығару лауазымына ие болды және осы газеттерде түрлі жазулар мен мақалалар жариялап тұрды. 1909 ж. Стамбулға қысқа бір сапармен барған Гөкалп, қайтарында Диярбакыр бастауыш мектеп бақылаушысы болады. Гөкалптың 1909 ж. күзінде шақырылған «Иттихат және Теракки» құрылтайында Диярбакыр өкілі ретінде қатысуы оның өмірінде жаңа бір жол ашты. Ол жерде Жалпы орталық мүшелікке сайланып, партияның 1918 ж. «Мондрос уақытша келісім» шартынан кейін таратылуына дейін осы қызметін жалғастырады. [1, 16-18 б.] Зия Гөкалптың бар ойы, мемлекетіне байланысты, оның одан әрі нығаюына, әлсіреуден құтқарылуы үшін бір қадамдар жасау мүмкіндігі талаптарына толы еді. Осы талап-тілектер оны «Иттихат және Теракки» қоғамымен байланыс құруға итермеледі. Өйткені, «Иттихат және Теракки» сол кезеңдерде елі мен халқы үшін тиімді нәрселер жасауды қалайтындар жиналған қызмет ошағы тәрізді еді. Бұл ұйымның Зия Гөкалпты пікір атасы ретінде қабылдауы, оның ең болымды ерекшелігі еді. [2, 208 б.]

Зия Гөкалптың, француз әлеуметтанушысы Эмиле Дурхеймнің еңбектерін Селаникке жер тепкен соң зерттей бастағаны туралы мәліметтер бар. Өзі де бір әлеуметтанушы болып табылатын Гөкалптың Дурхеймнен әсер алғаны туралы да сөз етіледі. Тек Зия Гөкалптың көзқарастарына Еуропалық адамдардың әсері Дурхеймнен шектеліп қана қоймайды. Юсуф Ақчураның пікірінше, Гөкалптың ұлтшылдық, түрікшілдік қойнауындағы әрекеттері, білімге, пропагандаға, экономикалық және саяси мәселелердің теориялық және тәжірибелік бағыттарына берген маңызы, Фичтенің Пруссиядағы әрекеттеріне ұқсас. Фичте де Гөкалп сияқты экономикаға байланысты мәселелерді ақылға қонымды пәлсапамен анықтауға тырысады. Фичтенің пәлсапалық жүйесінде идеалист экономикалық бөлім бар. Фичтенің экономикалық саясатында бір кісінің құқықтары қоғамның құқықтарына құрбан етілуі мүмкін. Гөкалп та, «Құқық жоқ, қызмет бар, бір кісі жоқ қоғам бар» демекте. Ахмет Ағаоғлу болса, Гөкалптың идеализмін Гегельдікіне жақындатады. Өйткені, ол да тарихи неміс ойшылы Гегель сияқты үздіксіз жалғасып жатқан, үздіксіз даму үстіндегі және үнемі ілгері бағытқа қадам басқан үйлесімді тұжырым жүйесін өрбіткен еді. [3, 6 б.]

Материалдар мен әдістер.

Материалдар. Гөкалп, Селаникте партия жастар қанатының да жұмысын мойнына алған еді. Гөкалптың дәрістері үлкен қызығушылық оятып, әсіресе жас ұрпақтардың қызығушылығы жоғары дәрежеге артты. Артқаны соншалық, партия жетекшілерін қосқанда барлығы Гөкалп қозғалысын пікір күшінің ең маңыздысы ретінде санады. Гөкалп, Селаникте белсенді баспагерлердің бірі болды. 1911 жылдан кейін түрлі газеттерде, көбіне Тевфик Седат, Демирташ немесе Гөкалп қолтаңбасымен мақалалары мен өлеңдері жарық көріп жатты. [1, 19 б.] Гөкалп өзіне жүктелген міндетті кең мағынада әлеуметтік мәселе ретінде қолға алып, «Жас қаламдар» журналында жарияланған «Жаңа ғұмыр және жаңа құндылықтар» атты мақаласында шын мәніндегі реформа әлеуметтік тақырыпта болу керектігін, яғни халыққа қарай бағытталуы керек деген пікірді қорғады. Осы жазуында, «Жаңа өмірді» тудыратын құндылықтардың ерекшеліктерін көрсертуге тырысты. [4, 2 б.]

Балқан соғысы тұтанған 1912 ж. «Иттихат және Тераккидің» орталығы да Стамбулға көшкендіктен, Гөкалп та ел орталығына қоныс аударды. Бұл кез оның ғұмырының ең маңызды кезеңі болып саналады, сондай-ақ, Османлы империясының соңғы кезеңдеріне тура келеді. Балқан соғыстарының нәтижесінде, түріктер Еуропадағы территориясының түгелдей дерлік бөлігін жоғалтып қана қоймай, османлышылдық қиялдары да саясат сахнасынан жоғалды. Ескі пиғылдағы мұсылман ортасы бұған қарсы, мұсылман халықтардың халифатқа тәуелділігіне сеніп, империяның қалған бөлігін құтқаруға үміттен бастады. Алайда, Албания және Хиджаз сияқты кейбір мұсылман аймақтардағы көтерілістер бұл үмітті де жойды. Осындай бір жағдайда Османлы зиялылары, Гөкалп та тараптар болып табылатын түрікшілдік пен тұраншылдық пікіріне қосылады. Гөкалп Стамбулда түрікшілдіктің көзқарас орталығына айналған «Түрік ошақтарының» да белсенді мүшелерінің бірі болды. [1, 21 б.] Зия Гөкалптың ойынша, «Тұран» қиялдағы бір отан емес. Азияда бірбірлеріне қосылып орналасқан түрік ауылдары Османлы Түркиясы туының астында жиналып, ұлы қағанат құруға талпынады. Мінеки, Тұран осы ұл түрікшілдіктің отаны. Тұраншылдық мақсаты, Османлы империясын нашар жағдайдан құтқару. Алайда, тек қана түріктердің мекен еткен

барлық өлкесін қолға түсіру негізгі тақырып болуда. Басқаша айтқанда, түріктердің әлемдегі «өмірлік» және «кастерлі» міндеттерін жеткізе білу үшін тұтқынға айналған Қытай жолына иелік ету қажет еді. Дегенмен, Қытай жолы бойында орналасқан жерлер басқа бір билеп-төстеуші кеңістігінде болғандықтан, онсыз да әлсіз әрі қабілетсіз империяның негізгі көтеріліске кірісуін қажет еткендігі, әлемнің аласапыран және дағдарысқа толы шағында ешқандай да қолайлылық тудырмады. Осыларға байланысты, мәдени Тұраншылдық пікірінің алдағы жылдардағы қадамы біршама ауырлана бастады. [5, 59-60 б.]

Методология. Ғылыми-зерттеу тақырыбына нысан ретінде алынған Зия Гөкалптың саяси-қоғамдық және ағарту-шылық қызметтерін саяси тұлға ретінде қарастыру, зерделеу аса маңызды мәселе болып табылады. Тарих ғылымының теория-методологиясы бойынша қоғамдағы әлеуметтік топты зерттеудің өзіндік ұстаным-дары негізге алынды. Тарихи зерттеуде ең маңыздысы тарихи принцип және жүйелі тұрғыдан зерттеу мәселесі басты назарға алынды.

Нәтижелері және талқылау. Османлы мемлекетінің 1908 ж. кейінгі саяси және мәдени әрекеттерінің түрліше дамуы мен форма-циялануында «Иттихат және Теракки» мүшесі болғандықтан Зия Гөкалптың орны бөлек. Оның тікелей ұйымдағы жағдайымен қатар, сол дәуірдің ең таңдаулы оқу ордасы деп танылған «Дарулфунун» уни-верситетіндегі қызметі де ерекше маңызды. Зия Гөклап Стамбулға келгеннен соң университеттегі оқыту-шылық қызметінің көмегімен жас ұрпақалдындағы ықпалын да күшейтіп алғанды. Діни мектептердің бірінде біраз уақыт әлеуметтану пәнінен дәріс бергеннен кейін, 1915 ж. Стамбул университеті әлеумет-тану профессоры атанады. Османлы империясының I Дүниежүзілік соғысындағы жеңілісі, Гөкалптың Стамбулдағы жемісті жұмыстарының да соңы болды. 1918 ж. «Мондре уақытша келісімінен» кейін Джонтүріктердің басым бөлігі елден бас тартты. Жолдастарының табандылығына қарамастан Стамбулда қалуын жалғастырған Гөкалп ағылшындар тарапынан тұтқындалып, 1919 ж. жазында Мальтаға жер ауда-рылды. Жер аударудың тауқыметі мен қаржылай қиыншылықтарына қарамастан, төзімділігін жоғалт-пады және жолдастарының көңілдерін көтеріңкі ұстауларына септігін тигізді. [1, 23-24 б.] Зия Гөклаптың табандылықпен қорғаған жұмыстарының бірі – империя жүйесіне қатысты ұлттық мемлекет көзқарасы. Түркияның қазіргі заманғы халықтар арасына, тек қана осы заманғы құқыққа сүйенген ұлттық мемлекет жүйесі арқылы кіре алады деген шындықты тілге тиек етеді. Зия Гөкалп, ағылшындар тарапынан жер аударылған Мальтадан Стамбулдағы қыздары – Сениха, Хүрриет және Түркан ханымдарға арнап жазған 12 қаңтар 1920 жылғы хатында да, ұлттық және демократиялық қасиетке ие болмаған барлық мінез-құлық, жүріс-тұрыс, түсінік пен жүйеге үзілді-кесілді қарсы екендігін ашық білдіреді. Гөкалп, осы тақырыпта «Ұлт бізді айнала қоршаған ұлы шындық және ұлттық мемлекет осы шындықтың тура ортасында қалыптасады. Осы аяда ұлт пен мемлекет, бір бүтіннің ажырамас бөліктерін жарыққа әкеледі. Ұлт бар болса, мемлекет те бар; мемлекет бар болса, ұлттың өмірі, ұлттық болмысы мен болашағы кепілдік астында. Империялық жүйеде болса, кешенді, аралас ұлттар бірлестікері әңгіме болғандықтан гомогендік әлеуметтік құрылым мүмкін емес. Осы дәйектер аясында мемлекеттің және ұлттың ұзаққа созылуы және егемен әрі күшті болуы үшін ұлт мемлекетіне сенім артуы қажет, мемлекет те ұлтымен бірігіп, бір бүтінге айналуы тиіс» [6, 212-214 б.] - деген. Керек болса, хаттарында, тіпті керек десе Мальта-да сөйлеген сөздерінде түрікшілдік және ұлттық ояну туралы асқақ арманын жеткізуден жалықпады.

Анадолыда Мустафа Кемаль Ататүрік жетекшілігіндегі ұлт-азаттық күрес кезінде 1921 ж. түрік әскерлері гректерді сәтсіздікке ұшыратып, Зия Гөкалп жолдастарымен бірге еркіндікке қауышты. Гөкалп, әлі де болса жеңіске жеткен мемлекеттердің басқыншылығындағы Стамбулда ескі профессорлық қызметіне орала алмады. Анкарада да ескі «Иттихат және Теракки» партиясы жетекшілеріне оң көзбен қарамайтын. Осы себептен Мустафа Кемал үкіметінің орталығына айналған Анкарада да қызметке ие бола алмады. Басқа амал таппаған Гөкалп, отбасымен бірге туған жері Диярбакырға қайта оралуға мәжбүр болды. Анкарадағы жолдастарының көмегімен 1922 жылдың маусымынан бастап «*Кучук Меджмуа*» (қазақша ауд. – «*Кішігірім журнал*») атты журнал шығара бастады. Журналда Мустафа Кемал және оның саясаты қуатты қолдауға ие болады. Гөклап, 1922 ж. соңында «Жазу және аударма ісі» төрағалығына тағайындалды. Осы қызметінде жүргенде көптеген классикалық шығармаларды батыс тілдерінен түрік тіліне аударуды жүзеге асырды және өзі де ескі түріктердің діни әдет-ғұрыпын тақырыпқа арқау еткен «Түрік әдет-ғұрпы» атты шығармасын жарыққа шығарды. [1, 42-43 б.]

Гөкалп және түрікшілдік. Өлендері мен дастандары арқылы түрікшілдікке ғұмыр сыйлаған Зия Гөкалп, 1923 ж. «Түрікшілдіктің негіздері» атты маңызы жоғары еңбегін жариялайды. Гөкалптың осы шығармасында пішкен тоны – бұрынғы пікірлерінің жүйелі түрде жинақталуынан тұрады. Ұлт ұғымында тек тақырыбын осы жолы тағы да өткір түрде мойындамай тастайды. Гөкалп, «Жаңа күн» газетінде «Түрік кім?» атты тақырыпта жарияланған мақаласында да тек пен қанның түрік саналу үшін қажетті емес

екендігін, дұрысырағы, мәдениеттің маңызды екенін білдіреді. Осы көзқарас тұрғысынан мәдени жағынан түріктенген бөлшектерді, қаны мен тегі жағынан басқа бір ұрпаққа тиесілі болса да, түрік санауда. «Түрікшілдіктің негіздерінде» көрсетілген ұлт ұғымы да мәдениетке сүйенеді. [7, 185 б.] Зия Гөкалп «Харс» (қазақша ауд. – «мәдениет») атаған ұлттық мәдениет пен өркениет ұғымдарын бір-бірінен айырып тұратын. Гөкалптың ойынша Харс, яғни мәдениет, тек қана бір ұлттың діни, этикалық, құқықтық, ақылға сүйенген, эстетикалық, тіл, экономикалық және ғылыми өмірінің үйлесімді бүтіні. Өркениет болса, сол өркениет шеңберінде көптеген ұлттардың әлеуметтік өмірлерінің ортақ жиынтығы. Тағы да ол: «Мысалы, Еуропа мен Америка өркениеті шеңберінде, барлық еуропалық ұлттар арасында ортақ Батыс Өркениеті бар. Осы өркениеттің ішінде бір-бірінен бөлек және тәуелсіз болып саналатын ағылшын мәдениеті, француз мәдениеті, неміс мәдениеті бар. Осыған байланысты, сол өркениет шеңберіндегі – этика, құқық, көркемөнер және экономика сынды ұғымдардың, ғұламалардың және ғылымдардың жиынтығы өркениет деп атаған нәрсемізді туғызады» - деген. [8, 30-311 б.] Зия Гөкалптың қорғауындағы, «Харс» деп бастау алған жаңару ағымына Түркиядан тысқары тұратын түріктер тарапынан да оң баға беріледі. Әсіресе, Ұлттық Әзірбайжан Мемлекетімен шын мәнінде тығыз қарым-қатынас орнатқан Гөкалп түрікшілдігі және ұлттық мәденилік әрекеті оңайлықпен күн тәртібінен түсетін пікір мен идеологияға ұқсамайтын еді. Алайда, коммунистер, Әзірбайжаңда бар қарқынмен дамып келе жатқан түрік-шілдікті тоқтату жұмыстарына кірісіп кетті. Зия Бейдің ұлттық мәдениетіне қатысты 1913 ж. Лениннің «ұлттық мәдениет буржуазиялық топтың айналасы» ұранын қарсы қойды. Тақырыптың ауқымын кеңейту жолында әдебиетті, музыканы, бейнелеу және мүсін өнері, бүкіл эстетикалық саланы, жалпы алғанда адам психологиясына кіретін өмірге ие топтың егемендігінен туған болмыс немесе нәтиже ретінде қабылдады. Шындығында, осы арқылы өмерге келетін, пролетар топтың интернационал социалист мәдениеті еді. [9, 57-58 б.]

Гөкалп тарапынан қасиетті ағым ретінде бейнеленген түрікшілдік, ұзақ уақыт бойы тек қана Анадолы түріктерін қамтыды. Гөкалптың пікірінше, Османлы Империясының ең үлкен қателігі – ұлтшылдық ағымын сол дәуірдің күшті ағымы ретінде санамауы еді. [10, 5 б.] Зия Гөкалп, әсіресе «Түрікшілдіктің негіздері» атты шығармасы арқылы Ататүрік құрған мемлекет идеологиясының және мәдени негіздерінің жолға қойылуында маңызды үлескер атанды. Ататүріктің пікірлерінен қоректенген идеолог Зия Гөкалп, Түркияда әлеуметтанудың негізін қалаушысы болғанындай, түрік тарихы, мәдениеті, өркениеттілігі мен тіліне қатысты өзіне тән көзқарастарымен де назар аударды. [11, 231 б.] Гөкалптың қызметі тек қана Түркияға әлеуметтану ғылымын әкеліп орнықтыру ғана емес. Оның бар ғұмыры – түрікшілдіктің санасын ояту және бүкіл идеологиясын қалыптастырумен өткен. Түрікшілдікті жүйелі көзқарас халіне келтіру арқылы, яғни Түркияның құрылуында пікір сәулетшісі ретінде үлкен рөл ойнады. Түрік тарихын Османлылардан бастайтын исламшы және османлышыл тарих көзқарасына қарсы, мұсылманшылдықтан бұрынғы дәуірлерге дейін ұзайтын ескі және кең көлемдегі түрік тарихын бір бүтін ретінде қабылдау және зерттеу қажеттігін алға тартты. Осылайша, бір тарих көзқарасын және Түрік бірлігі арманын қалыптастырды. [12, 26-27 б.]

Балқан соғысы және I Дүниежүзілік соғысында христиан және араб-ислам бөлшектерінің айрылуымен бірге Османлышылдық және Исламшылдық саясаттары да нақты саяси мағынада маңызын жоғалтты. Кейінге қалған «Мисак-ы Милли» шекаралары ішіндегі түрік қоғамы үшін өз ұлттық мемлекетін құрудан басқа жол қалмайды. Зия Гөклап, бұл шарттардың және жағдайдың өнімі ретінде қалыптасқан түрік зиялысы әрі ғалым ретінде танылды. Тарихи өзгеріс пен трансформация сатыларының қорытындысы ретінде түрік қоғамы мұсылмандар қоғамынан ұлт қоғамына қадам басу сәтіне келген еді. Осы жағдайда Зия Гөкалп, бір ұлтты ұлт ететін негізгі құндылықтарды әлеуметтану ғылымының мәліметтеріне сүйене отырып бейнеледі және осыдан барып ұлттық түрік көзқарас құрылымын шығарды. Осы ұлттық құндылықтардың ең басында – тіл мәселесі тұрды. [11, 231 б.] Зия Гөклап, әлемдегі барлық мемлекеттердегі сияқты, халықтың сөйлейтін тілі мен әдеби тілі бір-біріне жақын болуы керектігіне сенетін-ді. Бұл үшін арапшадан, парсышадан түрік тіліне өткен, бірақ сөйлеу мәнері өзгеріп, толығымен түрікшеленіп кеткен сөздерден басқа сөздердің орнына түрікше баламаларын қолдану қажет дегенді алға тартады. Бұдан басқа, арапша мен парсыша сөздердің соңында келетін жалғаулардың толығымен түрікше болуын жақтады. [8, 115-117 б.]

Гөкалп, ұлттың тектік, этникалық, жағрапиялық, саяси немесе әкімшілік топ емес, ортақ тіл, дін, этика-эстетиканы бөліскен, яғни бірдей білімді алатын кісілерден құралатынын айтады. Түріктерді тек қана бір тіл мен мәдениетке ие болған деп саналатындықтан, оларды 3 сатыда бөліп қарастырды:

А) Мәдени және басқа өлшемдерге байланысты бір ұлт болып табылатын – Түркия Республикасындағы түріктер;

Ә) Оғыз түріктері, Әзірбайжан, Иран және Хорезм аймақтарында таралған түрікмендермен бірге

Түркия түріктерін де қамтып, төртеуі бірден Оғызстанды қалыптастырады;

Б) Бұдан алыста орналасқандар, якут, қырғыз, өзбек, қыпшақ және татарлар сынды түрікше сөйлейтін халықтар. Бұлар да дәстүрлі түрде тілдік және этникалық бірлік құрады. Түрік мәдениетіне жақын, бірақ тең кісілік шеңберінде емес, бірақ та бұлардың барлығы «Ұлы Түркістан» немесе «Тұран» өлкесін қалыптастырады. Гөкалптың осы үш бөліктен тұратын тұжырымы пантүрікшіл мұраттарына деген оның алғашқы ыстық қолдауынан белігілі бір мөлшерде кері кеткендігін аңғартады. Онсыз да 1918 ж. Османлы империясының жеңілісімен бірге, оның пантүрікшілдікке қатысты ұстанымы тағы да оның шабытын біршама төмендеткен-ді. Сонымен қоймай, Гөкалп, оғызшылдық пен тұраншылдықтан әлі де болса үмітін үзбеген еді. Керісінше, Мете, Дженгиз және Тимур дәуірлерінде Тұранның бір ақиқат екенін, тіпті Түркия Республикасының құрылуына алдымен ешкім сенбегенін, бірақ ешнәрсеге қарамастан, оның да шындыққа айналғанын білдіруде. [8, 24-29 б.; 13, 59-60 б.]

Түркиядағы саяси түрікшілдіктің жетекші тұлғаларының бірі болған Зия Гөкалптың пікірінше, түріктер батыс мәдениетінен тек қана материалдық, яғни батыстың материалдық табыстары арқылы ғылыми әдістемелерін және мұсылманшылықтан саяси, құқықтық және қоғамдық әдет-ғұрыптардан алынған діни нанымдарын қабылдаулары тиіс. Мәдениеттің барлық басқа бөлшектері және этикалық құндылықтар түрік әдет-ғұрыптарынан шығартылуы тиіс. [1, 154 б.] Зия Гөкалптың Батыс әлемі және батыс пен мұсылмандардың қарым-қатынасы тақырыбындағы көзқарастарын түсіну үшін, харс (мәдениет), өрке-ниет және үммет ұғымдарының қалай ұғындырылғанын түсіну қажет. Гөкалптың пікірінше, харс (мәде-ниет) – бір ұлтты қалыптастыратын тұлғалардың арасындағы бірлік пен ынтымақтастық сезімін жақсар-татын ұлттық мәдениет. Ал өркениет болса, Еуропа басымдық танытуына байланысты ғаламдық өркениетті және барлық адамдар мойындаған ортақ құндылықтарды қамтиды. Үммет болса, бір-бірлеріне исламдық құндылықтар, әдет-ғұрыптар мен жүріс-тұрыс арқылы байланысқан адамдардан құралады. Осы үш ұғымға жеке-жеке тоқталған Гөкалп, түрік ұлтшылдығын, ислам мистицизмі және батыстануды бір жерге топтастырып, біріктіруге тырысады. Атақты кітабы, «Түріктену, исламдану және жаңа заманға сай болу», осы үш ағым арасында мағыналы және күнделікті өмірде қолданыла білетін ымыра орнату мақсатына арналған еді. [10, 15 б.] Зия Гөкалп, тікелей және ашық түрде зайырлы қоғам орнауын ұсына-тын. Гөкалптың пікірінше, мұсылманшылдық, толығымен этика мен мистицизмге мән берген, норматив-тік құндылықтарға сүйенген дін еді. Гөкалпты барлығынан бұрын, мұсылманшылықтың түріктер арасындағы ынтымақтастықты нығайтқан қоғамдық функциясы қызықтыратын. 1915 ж. «Ислам журналында» жарияланған «Діннің әлеуметтік қызметтері» атты мақаласында, діннің ең маңызды функцияларының бірі, басқа қоғамдық топтарды өз араларында еркін қоя беру екенін айқындаған. Гөкалп ұсынған реформа әрекеттерінің басында дін және мемлекет істерінің айрылуы, саяси өмірден теократия мен діни беделдің барлық қалдықтарын жою және мемлекеттің өз шекарасы ішінде толықтай егемен болуы келетін еді. Шейхисламдық тоқтатылуы тиіс және шейхисламның барлық өклеттіліктері мемлекетке берілуі тиіс. Гөкалп, заң шығару және келешек ұрпақты оқыту міндетінің де зайырлы мемлекетке берілуін жақтайтын. Мұның заңды нәтижесі ретінде, шариғат бұйрықтарын енгізген шариғат соттарының алынып тасталуы және барлық соттардың Әділет Министрлігіне өткізілуі ортаға қойылатын. Осы сынды Гөкалптың пікір, барлық мектептер Ұлттық Білім Беру Министрлігінің бақылауында болуы тиіс дегенді жақтайды. [10, 11 б.] 1923 ж. тамызынан кейін Түркия Жоғары Халық Мәжілісіне қабылданған Зия Гөкалп, мәжілісте орта мектеп оқу бағдарламасында түбегейлі өзгертулер ұсынған және мамандарды жаңа заман талабына сай пән кітаптарын дайындауға шақырған Мәжілістің Білім Комиссиясына сайланады.

Гөкалп сонымен қатар, тіл мәселесімен де айналысады. Оның ойынша, түрік тіліне арапша мен парсышадан көптеген сөздер мен сөз тіркестері кірген және түрік тілі бұлардан арылуы тиіс. Түрікшеде осы қарапайымдандыру жасаумен қатар, арапша мен парсыша сөздердің барлығына бірдей қарсы емес еді. Халықтың басым бөлігі мағынасы түсінілетін сөздердің орнына жаңа сөздер ойлап табу қажет емес және сондай-ақ, бүкіл осы әрекеттер жасау арқылы барлық түрік халқы түсіне алатын жалпы түрік тілі қалыптасатынына үміті зор болды. [14, 369-370 б.] Білім мәселесі қашан да Зия Гөкалптың аса мән берген мәселелері арасынан орын алатын. Түрік және мұсылман халықтардың өркендеуі үшін білімнің түрік тілінде берілуі қажеттілігін түйсінуде еді. Түрік қоғамының артта қалуының ар жағында жатқан ең маңызды себеп – жаңа заманға сай білімнің болмауы. Мектеп пен медреселер мекеме ретінде оқушыларға жаңа заманда орынға ие болу үшін қажетті ақпарат мен мәлімет бере алмауда. Бұл мектептер тек қана дін білімін бергендіктен жеткіліксіз еді. [10, 7 б.] Бұдан басқа, Гөкалптың пікірінше, әйел азаматтар ешқандай айырушылық пен шектеу көрместен барлық мектеп, университетке оқуға қабылданып, оқудан кейін де өз қалауларына қол жеткізе білулері тиіс. Әйелдер, сондай-ақ түрлі саяси құқықтардан да пайдалана алуы қажет. Гөкалптың ойынша, мұсылманшылықты қабылдамастан бұрын, ескі түріктерде әйел статусы өте

жоғары еді. Хакан және Хатун әртүрлі әлеуметтік және саяси хабарларды бірге беретін еді. Бұған қосымша, ескі түріктерде әйелдердің еркектерден айрылуы және бетперде тағулары сияқты дәстүрдің болмағанын да түсіндіреді. Сонымен қатар, түрік әйелдері тұрмыс құру, айрылысу және мұрагерлік сияқты мәселелерде еркектермен тең құқықтық шарттарға және саясатты қоса алғанда түрлі кәсіпті менгеру мүмкіндігіне ие болулары тиіс. [10, 9 б.]

1923 жылдың соңына таман денсаулығы сыр бере бастаған Зия Гөкалп, Анкарада жеткілікті медициналық көмек көрсетілмегендіктен Стамбулға ауысады. Алайда, мұндағы француз ауруханасы дәрігерлері де денсаулығына көмек көрсете алмады және 25 қазан 1924 жылы ұлы түрік ойшылы өмірден ерте озды. [1, 26-27 б.]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Uirel Heyd, *Türk Ulusçuluğunun Temelleri*, (Çeviren Kadir Günay), TC Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 2002.
2. Tuncer Baykara, “Gelecekte Yaşayan Bir İnsan: Türk Kavramının Öne Çıkmasında Ziya Gökalp’in Yeri”, İsmail Bey Gaspıralı ve Ziya Gökalp Sempozyumları Bildirileri, TÜRKSOY Yayınları, Ankara, 2003, s. 208.
3. Necati Akder, “Ziya Gökalp’de Tarih Anlayışının Felsefi Temeli”, *Türk Kültürü*, Sayı, 12, Yıl, 1, Ekim 1963.
4. Halil İnalçık, “Sosyal Değişme, Gökalp ve Toynbee”, *Türk Kültürü*, Sayı, 31, Yıl, 3, Mayıs 1965.
5. Necati Gültepe, *TURAN, Turancılık Tarihinin Kaynakları*, Turan Kültür Vakfı Yayınları, İstanbul, 1999.
6. Önder Göçgün, “Ziya Gökalp’in İmparatorluk Sistemine Karşı Milli Devlet Görüşü”, İsmail Bey Gaspıralı ve Ziya Gökalp Sempozyumları Bildirileri, TÜRKSOY Yayınları, Ankara, 2003.
XX ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлт-азаттық көтеріліс пен Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардағы саяси қысымнан бас сауғалап Батыс Қытайдың Шыңжаң провинциясына өткен қазақ-қырғыз босқындар тағдыры жеткілікті зерттелмеген. Өңірлердегі әртүрлі саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан құтылудың шарасы ретінде шекара асудың тарихи тәжірибесі бұрыннан қалыптасқанымен, XX ғасырдың басындағы Жетісудағы ауыр жағдай босқыншылықтың бұрын-соңды болмаған деңгейдегі толқынын туғызды. Батыс Қытайға бет алған босқындар қатарын Қазақстанның оңтүстік-шығысының дүнген, тараншы, казак, қырғыз, орыс-казак тұрғындарымен солтүстік Жетісу майданында жеңіліс тапқан қарулы ақгвардияшылар топтары да толықтырды. Шыңжаң билігі ақгвардияшыл жасақтардың қаруын қабылдап алып, белгілі деңгейде азық-түлік көмегін бергенімен, өңірдегі босқындар проблемасы шешімі күрделі мәселеге айналды. Жетісу босқындарын Шыңжаңнан қайтару жөніндегі Түркістан АССР партия және атқару органдарының ұстанымы, арнайы комиссия қызметі түрінде іске асты. Босқындар жөніндегі кіші комиссия бөлімдері Құлжа, Шәуешек аудандарында да құрылды. РСФСР сыртқы байланыстар халкомы «Іле хаттамасы» түріндегі дипломатиялық актілер арқылы бейбіт және рақымшылық жасалған әскери босқындарды қайтару жұмыстарына араласты. Ұсынылып отырған мақалада босқындардың Шыңжаңдағы жағдайы, босқындар жөніндегі кіші комиссиялар, НКВД өкілдерінің Батыс Қытайдағы қызметі, Синьцзян билігінің босқындарға көзқарасы, құлдыққа сатылған босқындарды қайтару мәселе-лері отандық және шетелдік тың архив материалдары, жарияланған құжаттар жинақтары және естеліктер негізінде зерттелген. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында гуманитарлық сала мамандарын дайындау үдерісінде XX ғасырдың бірінші ширегіндегі әлеуметтік тарих және миграция мәселелері бойынша қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: қазақ-қырғыз босқындар, ақгвардияшыл босқындар, босқындар реэвакуациясы, Шыңжаң шекара әскері, босқындарды орналастыру.

Стамиалов Е.И.*¹

¹ PhD-докторант Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы, e-mail: kun2013@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>

ВОЗВРАЩЕНИЕ И УСТРОЙСТВО БЕЖЕНЦЕВ ИЗ СИНЬЦЗЯНА:
ПРИЧИНЫ И ИТОГИ (1920-1923 гг.)

Аннотация

Судьба казахско-киргизских беженцев, бежавших от политического давления в первой четверти XX века и первых годах установления советской власти в провинцию Синьцзян Западного Китая, недостаточно

изучена. Хотя исторический опыт пересечения границы как меры спасения от различных политических, социально-экономических кризисов в регионах давно устоялся, тяжелая ситуация в Жетысу в начале XX века вызвала беспрецедентную волну эмиграции. К рядам беженцев, направляв-шихся в Западный Китай, пополнились группы вооруженных белогвардейцев, потерпевших поражение на северном Жетысуском фронте, а также дунгане, таранчинци, казахи, кыргызы, казаки-жители юго-восточного Казахстана. Хотя власти Синьцзяна забрав оружие белогвардейских ополченцев и предоставили им продовольственной помощи, решение проблемы беженцев в регионе стало серьезной проблемой. Позиция партийных и исполнительных органов Туркестанской АССР по возвращению жетысуских беженцев из Синьцзяна была реализована в виде особой комиссии по беженцам. Подразде-ление особой комиссии по делам беженцев также созданы в Кульджинской, Чигичакской районах Синьцзянской провинции. Народный коимиссариат инсотранных дел РСФСР вмешался в процесс восвращение мирных и амнистированных военных-беженцев посредством дипломатических актов в форме «Илийского протокола» от 27 марта 1921 года. В представленной статье рассматривается положе-ние беженцев в Синьцзяне, деятельность подкомиссии по делам беженцев в Синьцзяне, деятельность представителей НКВД в Западном Китае, отношение властей Синьцзяна к беженцам, возвращение беженцев, проданных в рабство, на основе отечественных и зарубежных архивных материалов, опубликованных сборников документов и воспоминания беженцев. Результаты исследования могут быть использованы в качестве учебного материала по социальной истории и проблемам миграции первой четверти XX века в процессе подготовки специалистов-гуманитариев в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: казахско-киргизские беженцы, беженцы-белогвардейцы, реэвакуация беженцев, Синьцзянские погранвойска, устройство беженцев.

Y.I. Stamshalov *¹

¹ *PhD-doctoral student at the Institute of History and Ethnology named after. C.H. Valikhanova, Kazakhstan, Almaty.*
e-mail: kun2013@mail.ru

RETURN AND SETTLEMENT OF REFUGEES FROM XINJIANG: REASONS AND RESULTS (1920-1923)

Abstract

The fate of Kazakh-Kyrgyz refugees who fled from political pressure in the first quarter of the twentieth century and the first years of the establishment of Soviet power in the Xinjiang province of Western China has not been sufficiently studied. Although the historical experience of crossing the border as a measure of salvation from various political, socio-economic crises in the regions has long been established, the difficult situation in Zhetysu at the beginning of the 20th century caused an unprecedented wave of emigration. The ranks of refugees heading to Western China were joined by groups of armed White Guards who were defeated on the northern Zhetysu Front, as well as Dungans, Taranchintsi, Kazakhs, Kyrgyz, and Cossack residents of southeastern Kazakhstan. Although the Xinjiang authorities accepted the weapons of the White Guard militias and provided them with food aid, solving the refugee problem in the region has become a serious problem. The position of the party and executive bodies of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic on the return of Zhetysu refugees from Xinjiang was implemented in the form of a special commission on refugees. A unit of the special commission for refugee affairs has also been created in the Kuldzha and Chigichak regions of the Xinjiang province. The People's Commissariat for Foreign Affairs of the RSFSR intervened in the process of returning peaceful and amnestied military refugees through diplomatic acts in the form of the "Ili Protocol" of March 27, 1921. This article examines the situation of refugees in Xinjiang, the activities of the subcommittee on refugees in Xinjiang, the activities of representatives of the NKID in Western China, the attitude of the Xinjiang authorities towards refugees, the return of refugees sold into slavery, based on domestic and foreign archival materials, published collections of documents and memoirs refugees. The results of the study can be used as educational material on social history and migration problems of the first quarter of the twentieth century in the process of training humanities specialists in higher educational institutions.

Keywords: Kazakh-Kyrgyz refugees, White Guard refugees, re-evacuation of refugees, Xinjiang border troops, refugee settlement.

Кіріспе.

XX ғасырдың 1-ширегіндегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ұлт-азаттық көтеріліс және азамат соғысы нәтижесіндегі босқыншылық тарихының жеке қырлары жете зерттелмеген тақырып. Патшалы Ресей тұсында 1916 жылдары және Түркістанда кеңес билігі орныққан 1918 жылдарда қалыптасқан саяси және әлеуметтік ахуалға байланысты босқыншылыққа ұшыраған жергілікті халықты қайтаруға бағытталған кеңестік өкімет орындарының позициясы XX ғасырдың 20-жылдары өзгеріске ұшырап тұрды. Шыңжаңдағы босқындардың әрқилы категорияларын қайтаруға байланысты Қытай билігі де бірыңғай саясат ұстанған жоқ. Бұрынғы Ресей патшалығы дипломатиялық құрылымдарының Қытай билігіне ықпалы бар өкілдері жаңа кеңестік сыртқы байланыстар комиссариаты өкілдерімен саяси қақтығысқа түсті. Босқындарды Шыңжаңнан қайтару шараларын негізінен РСФСР сыртқы істер халық комиссариаты, ТүркОАК және Жетісу облыстық әскери-революциялық комитеті ұйымдастырды. Босқындар проблемасымен айналысқан құрылымдар арасында позиция тұрғысынан өзара қарама-қайшылық орын алды. Түркістан АССР орталық атқару комитеті құрған босқындарды жөніндегі ерекше комиссия бөлімдері Шыңжаң аумағында ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай салдарынан құлдыққа түскен босқындарды сатып алу, атамекеніне қайтару бағытында жүйелі жұмыстар атқарды. Ұсынылып отырған мақалада отандық тарихнамада жеткілікті деңгейде қарастырылмаған Шыңжаңдағы босқындардың саны, олардың әлеуметтік хал-күйі, қайтару бойынша шаралар кешені, Шыңжаңдағы кіші комиссия басшылыққа алған заңдық-нұсқаулық құжаттар талданған. Шыңжаң жергілікті билігінің босқындар проблемасына көзқарасы, Шыңжаң шекара әскерінің жағдайы жеке қаралған. Зерттеудің деректемелік негізін Қазақстан архивтері, оның ішінде аймақтық архивтер және шетелдік архивтер материалдары, босқындар естеліктері құрайды.

Материалдар мен әдістер.

Қазақстанның оңтүстік-шығысынан Батыс Қытайдың Шыңжаң провинциясына босқыншылықтың тарихы зерттеу нысанын айқындау үшін тарихи деректер мен фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында қолданылатын салыстыру, болжау, сараптау әдістерін пайдаланып, зерделенді. Ғылыми зерттеуде естеліктер түріндегі деректер негізінде босқындардың тұлғасын сипаттау үшін әлеуметтік тарих әдістемесі құралдары пайдаланылды. Шыңжаңға босқыншылықпен барған адамдар тобының өмірдегі бет-бейнесін қалыптастыруға көмектесетін дескриптивті әдіс пайдаланылды. Дескриптивті әдіс Қазақстан территориясынан барып, Шыңжаңға орныққан босқындар өмірінің қалыптасу мен негізгі кезеңдерін тереңдете зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеуде, сондай-ақ, американдық тарихшылар (Т. Парсонс) дамытқан құрылымдық функционализм әдістемесі пайдаланылды. Тарихи үдерісті жеке құрылымдары бар жүйелердің өзара әрекеттесуімен түсіндіретін бұл әдістеме босқындарды біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оның Шыңжаңның жергілікті тұрғындары құраған жүйелермен қарым-қатынасын зерттеуге пайдалы. Зерттеу бойынша, жалпылай қарастырғанда ғылыми методологиялық плюрализм жиынтығы пайдаланылды.

Төмендегі мақаланы жазу барысында Шыңжаң аумағына барған Жетісу босқындарын қайтару және атамекендеріне орналастырудағы босқындар жөніндегі комиссияның Құлжа кіші комиссиясы қызметі Түркістан АССР атқарукомитеті ерекше комиссиясының Жаркент және Лепсі бөлімшелерінің құжаттары, Верныйда орналасқан обләскериревком материалдары, босқындар естеліктері, тақырыпқа қатысты жарияланған құжаттар жинақтары пайдаланылды. Атап айтқанда, Жетісу облысы Мемлекеттік архивінің Панфилов филиалының (Жаркент қ.) (ЖОМА ПФ) 265-қоры, Жетісу облысының мемлекеттік архивінің (Талдықорған қ.) (ЖОМА) 751-қоры, Алматы облыстық мемлекеттік архивінің (Қарасай ауданы, Жалпақсай а.) (АОМА) 350 – Жетісу облыстық революциялық комитеті қоры (1918-1921), 1975 – Т.Қауыпбайұлының жеке қорлары деректері пайдаланылды. Шыңжаңдағы ресейлік босқындар тақырыбына қатысты көлемді дереккөздер Ресей Федерациясы архивтерінде қордаланған. Ұсынылып отырған мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік әскери архиві (РФ, Москва қ.) (РМӨА) № 110 – Түркістан майданы армияларын басқару қорының (1918-1926), 18233 – ВЧК Қытаймен шекараны қорғау әскерлері қорының (1921-1922), 8443- ВЧК әскері Жетісу облысы Жаркент қаласындағы Түркімен шекара атты әскер полкі қорының (1919-1922) құжаттары пайдаланылды. Ал Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архивінен (РФ, Москва қ.) (РӨСТМА) 17 – ВКП (б) орталық комитеті, 61- РКП (б) Түркістан бюросы (Түркбюро) (1920-1922) қорлары деректері пайдаланылды. Шыңжаңдағы ахуал туралы сол кездің өзінде жарияланған Камскийдің естелігі босқындар өмірінің тұрмыс-тіршілік жөнінде дерек береді [1].

Талқылау. Шыңжаңдағы бұрынғы Ресей империясы босқындары тақырыбындағы жүйелі зерттеу кеңестік тарих ғылымына қарағанда батыс тарихнамасында ерте қолға алынды. Американдық ғалымдар Л.У. Холбори Дж. Т. Шувал Нью-Йоркте басылып шыққан халықаралық әлеуметтік энциклопедияда босқын терминіне «саясаттың, соғыстың немесе табиғи апаттың салдарынан пайда болған еріксіз мигрант»

деген халықаралық түсініктеме берген [2]. «Қырғи қабақ соғыс» жағдайында социалистік лагерь елі саналатын Румынияда Кзгелди Каролидің кеңестік босқындарға қатысты зерттеуі жарық көрді [3]. Кеңестік босқындар орныққан Батыс Қытай тарихының республикалық кезеңіне қатысты толық зерттеу ретінде Эндрю Форбстың еңбегін атауға болады [4]. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі Шыңжаңдағы қазақ босқындар тақырыбы қарастырылған зерттеулер қатарында тарихшы Н.Мұхаметханұлының еңбегін атауға болады [5]. Осы зерттеудің 4-тарауы «Минго дәуіріндегі қазақтар (1912-1920)» деп аталып, «Қазақстан қазақтарының Шыңжаңға бас сауғалап баруы» тақырыбымен босқындарға Қытай билігінің саясаты қарастырылған. Н. Мұхаметханұлы зерттеуінің басты дереккөзі қытай өкімет мекемелері өзара алмасқан хаттар болған. Тағы бір қазақстандық зерттеуші Н. Алдабектің еңбегіндегі Шыңжаң тарихындағы босқындар мәселесі негізінен ресейлік тарихшылар еңбектерін пайдаланып жазылған [6]. Қарастырылып отырған тақырыпты «Қазақстан-Шыңжаң» эмиграциялық ағыстар контекстінде қарастырған ресейлік тарихшы Н.Н. Аблажейдің еңбегінде екіжақты қарым-қатынас, миграция көріністері жүйелі талданған [7]. Монографияның деректік базасын Ресей Федерациясы сыртқы саясат архиві құжаттары құраған. Кеңестер Одағы мен Синьцзян провинциясының 1918-1941 жылдардағы өзара байланыстарын дипломатиялық ведомства архиві негізінде зерттеген В.А. Барминнің еңбегінде босқындарды Шыңжаңнан қайтарудың себептері 1921 жылғы мамырдағы «Іле хаттамасы» деп аталған келісім шартпен сабақтас қарастырылады [8]. В. А. Барминнің еңбегінде Шыңжаңдағы орыс босқындары ғана жеке қарастырылуы зерттеудің шектеулілігін көрсетеді. Соңғы жылдарда жарияланған тақырыпқа қатысты маңызды зерттеулердің бірі ретінде Т. А. Шаметованың зерттеуін атауға болады [9]. Бұл ғылыми зерттеу объектісі Шыңжаң мен Ресей арасындағы сауда, экономикалық байланыстар болғанымен, монографияда тараптардың саяси қарым-қатынастарына да орын берілген.

Нәтижелер. 1920 жылдың 27 мамырында Түркістан Автономиялық кеңестік республикасы мен Синьцзян провинциясы басшылығы қол қойған «Іле хаттамасынан» кейін Шыңжаңдағы босқындарды Отанына қайтару жұмыстары ресми сипатта іске асырыла бастады. Босқындардың барлығының үдере көшіп кетуіне біріншіден қолдарында қаржының жоқтығы, екіншіден көктемгі жолдың тым лайсан болып тұрғаны әсер етті. Кеңестер билігіне ниеттес М. Зайналовтың Құлжадан жолдаған хабарламасында Ресейдің ескі патшалық билік консулы Владимир Федорович Любаның адамдары босқындардың ара-сында үрей туғызатын кеуесат таратқаны, кейбір бай босқындар тараншы босқындарды Кольчак үкіметіне екі миллион сомға сатқаны туралы мәлімет келтірілген. М. Зайналовтың айтуынша Кольчактың ақшасын Құлжаға генерал Карцовпен бірге Құсайынбек Юнусов алып келген. Босқындарға таратылу үшін Кольчак әкімшілігі берген қаржының 500 000 сомын генерал Карцов, Баранчук, полковник Сидоровтардың жеке пайдасына жұмсап, босқындарға енді Омбыдан жеткізілетін тағы 1 миллион 500 мың сом қаржы күтіп отырғанын хабарлаған. Келетін қаржыға босқындар пайдасына алынуға тиіс товарларды жергілікті бай босқындардан алуға алдын ала келісім бар болған. Пайда көретін байлар егер босқындар туған жеріне көшетін болса, Кольчак билігінен келген қаржыға алынған товарларды Қытай үкіметі тәркілеуінен сескеніп, босқындар арасында әрқилы кеуесат таратып жатқаны айтылады. Сыбыс ақпараттарда «Кеңестер елінде 18 бен 60 жас арасындағыларды әскерге шақыру болып жатыр», «Ташкентті ағылшындар басып алыпты», «большевиктердің қайта оралған босқындарды қыруда», «Сидоровтың отряды Құлжаға таяп қалды» - деген және басқа қауесеттер де бар. М. Зайналов бұл кедергілерге қарамастан босқындардың басым бөлігі Отанына қайту ниетінде екенін, күніне 15 босқынға арнайы үлгідегі куәлік таратылып жатқанын, босқындар лайсан жол мен ат-көліктен таршылық көріп отырғанын, босқындарды қайтару жөніндегі комиссия жылдамырақ келмесе, ахуал бұдан да күрделі-нетінін хабарлаған [10, 50 п.]. Өз кезегінде М. Зайналовтың большевиктік өкіметтің өкілі ретінде босқындар арасындағы жұмыс істеуіне Ресейдегі бұрынғы биліктің Қытайдағы өкілі ретінде қалған, Құлжадағы орыс консулдығының уақытша меңгерушісі В. Люба барынша қарсылық жасап бағады. 1920 жылдың наурызында Қытай дао-иніне жолдаған № 151 хатында В. Люба «орыс азаматы» Касировтың орыс азаматы Юлдашовқа қаржылық талабы бойыншы істі Сяо-Чан атты қытай чиновнигінің Миннахун Зайналов есімді тараншыға бергеніне наразылық білдірген. В. Люба М. Зайналовты «ашық большевиктік агент» екеніне назар аударып, Сяо-Чанның М. Зайналовпен тізе қосып жұмыс істеуіне наразы арыздар көп түсіп жатқанын көрсеткен. Құлжадағы орыс консулдығының уақытша меңгерушісінің наразылық хатында Қытай орталық үкіметі мен Пекиндегі Ресейдің төтенше елшісі большевиктермен қарым-қатынасты мойындамайтынын, олармен ешқандай ресми байланыстары жоқ екенін екі ел арасындағы шекараның жабықтығы көрсететінін уәж қылып, Измойше-цзюй (босқындар қоғамы) мекемесіне «большевиктік агент» М. Зайналовтың қатысуына назар аударуды сұраған. Хат соңында В. Люба мұндай жағдайдың Іле шекара округінің Дао-ини қызметіндегі «көпжылдық тәжірибелі мемлекет қайраткерінің» назарынан тыс болып жатқанын көрсеткен

[10, 48 п.]. Үнемі Қытайдың Іле ауданындағы ахуал туралы мәліметтерді Жаркентке жолдап отырған М. Зайналов өзінің 1920 жылдың 8 маусымдағы құпия хатында Отанына оралғысы келетін босқындардың көкейінде «ол жақтағы күйіміз қандай болады» - деген ең басты сұрақ мазалап тұрғаны, олардың Кеңес өкіметінің өкілдері ретінде келіп жатқандардың сөзіне сене бермейтінін атап көрсеткен [11,77 п.]. М. Зайналов Шыңжаңдағы бұрынғы ақгвардияшыл босқындардың Кеңес өкіметіне көзқарасын өзгерту мақсатында екі ұсыныс жасаған. Оның біріншісі, Шыңжаңға кеңестік өкілдерін алдырудың орнына, ақтар өкілдерін Жетісуға шақырып, өлкедегі ахуалмен таныстыруды ұсынған. Екінші ұсынысында Шыңжаңда кеңестік үгіт-насихат жүргізу және мұндағы офицерлік ұйым-дарды бақылау үшін құпия ұйым құру көзделген. Бұл ұйымды қытай билігі әшкерелеген жағдайда Кеңес өкіметін айыптамауы үшін кеңестік ресми өкілдерден аулақ құру ұсынылды. М. Зайналовтың көрсеткеніндей, болашақ ұйым айрықша өкілеттігі жоқ, қаржылық қолдауды керексінбейді [11,77 (а),78 пп.]. Құлжадағы В. Люба – М. Зайналов текетіресі ресейшілік саяси қарама-қарсылықтың босқындар мәселе-сінде Қытай территориясында да жалғасқанын көрсетеді. 1920 жылы В. Люба кеңестік уәкілдердің талабымен Құлжадан Пекинге шығарылып жіберілді [9, 150 б.].

Осылай қалыптасқан жағдайда ерекше комиссияның шекаралық бөлімдері жұмысқа кірісті. 1920 жылдың 9 мамырында Қалжатта босқындарды қабылдау пунктін ашу мақсатында кіші комиссия қызметкерлері осында келді. Қалжат ауылында босқындарды қабылдау жөніндегі жұмыстар жүргізген Құлжа ауданының кіші комиссиясының тағайындалған мүшелері мен қызметкерлерінің құрамы бөлім меңгерушісі С. Н. Құлшанов, іс жүргізуші А. Е. Останин, шаруашылық жүргізуші З. Сайфулин, агент-қызметкер А. Кулов, ем бойынша көмекші С.С. Варламов, мейірбике М. Г. Канавина, айдауылдар П. Осинини мен М. Верхошанскилер, барлығы 8 адамнан тұрды [10, 94,95 пп.].

Қытайдан қайтарылған босқындарға егіндік себуі үшін тұқым қорын беру жөнінде арнайы нұсқаулық қабылданды. Әрбір босқындар жөніндегі болыстық комитет пен болыстық ревкомдар осы нұсқаулық негізінде еңбекке қабілетті жан санын көрсете отырып, ең кедей босқындардың жалпы тізімін жасауға міндеттенді [12, 39 п.]. Қытайдан Жетісуға келген босқындарды қабылдау және оларға алғашқы көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықта: «Жетісу облысына 1916 жылғы оқиғаларға байланысты РСФСР аумағынан кеткен және 1918-1920 жылдардағы ақ гвардияшылардың шапқыншылығына байланысты қоныс айдаруға мәжбүр болған барлық босқындар Қытай үкіметі немесе РСФСР-дің Қытайдағы өкілі олардың тұлғасының босқын екендігін куәландыратын құжаттары бойынша қабылдансын» - делінген. Нұсқаулықтың ескертпесінде босқындардың босқын ретінде жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жекелеген жағдайларда онымен бір мезгілде қайтушы қасындағылардың құжаты бойынша рәсімдеуге мүмкіндік берілетіні, егер босқын жалғыз қалған жағдайда оның жеке басын онымен әңгімелесу және Жетісу аумағындағы бұрынғы тұрғылықты жерін сұрау жолымен анықтауға болатыны көрсетілген. Босқынның жауабы дүдәмел, әрі оның сөзінің растығына күмән туған жағдайда оны тіркеуге болмайды. Нұсқаулыққа сәйкес барлық келген босқындар тіркеу кітабына енгізіліп, олардың одан әрі жүруі үшін босқынға көрсетілген көмек түрлері, жанұясына тамақтандыру пункттері арқылы берілген көмек туралы мәліметтер енгізілген куәлік берілді. Қытайдан келген босқындар алдын-ала медициналық тексеруден өтеді, ал жұқпалы аурулармен ауыратын науқастар жақын маңдағы медициналық пункттерге жіберіледі. Босқындарды мүмкіндігінше болыс, ауылдары бойынша топтап, тұрғылықты жеріне бастап апару үшін жолбасшы сайлап жіберу көзделді [12, 47 п.].

Жергілікті жерлерде босқындарды орналастыру жөніндегі уездік ерекше комиссияларға арналған нұсқаулыққа сәйкес Қытайдан келіп жатқан босқындар төрт негізгі категорияға бөлінді. Ол: 1) жанұясы жоқ босқындар, 2) жанұясы және киіз үйі бар босқындар, 3) Киіз үйлері бар, басқа еңбек жабдықтары жоқ босқындар, 4) киіз үйлер, жанұясы және еңбек жабдықтары бар босқындар [13, 2 п.].

Советтер өкіметінің Батыс Қытайдағы босқындар мәселесін шешуге мүдделілігі «белгілі бір деңгейде Синьцзяндағы ақгвардияшыл құрылымдардың ұйымдасуына қарсы тұруға бағытталғанына» зерттеуші Н.Н. Аблажей назар аударады [7,24 б.]. Синьцзяндағы Кеңестік билікке жау әскери құрылымдар екі жақтың да мазасыздығына себеп болғаны анық. Ресей тарихшысы В.А. Бармин ақгвардияшылардың Синьцзянға ығысуының нәтижесінде 1921 жылдың көктеміне қарай провинцияда 50 мың орыс солдат, офицер, босқын жиналғанын жазады [8, 43 б.]. 1921 жылдың 9 мамырында Тарбағатай округіне өкшелей қуған кеңес әскерлерінен қашып ірі әрі жақсы қаруланған Новиковтың отряды енді. Қаруларын тапсыру жөніндегі қытай өкіметінің талаптарын орындамаған отряд Бакич құрамалымен қойындасып кетті. Новиков отряды келісімен Тарбағатай округінің дудуны (әскери губернаторы) Дзян Сян Түркістан майданы қолбасшылығына көмек сұрап, өтінішпен шықты [8, 56 б.]. 121 жылдың 17 мамырында «Түркістан майданы қолбасшылығының Синьцзян өкіметімен Қызыл армияның Қытай жеріне Бакич пен

Новиковтардың ақ армияларын бірлесе жою мақсатындағы енгізілуі туралы» келісім шартқа қол қойылды [8, 57 б.]. Шәуешек операциясы аталған бұл шайқастың мән-жайы Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде толық жазылмады. Сол кездегі зерттеулерде «Синьцзян өкіметінің өтінішімен Түркістан майданы бөлімдері Табағатай округіне кіргізіліп, Бакич және Новиков ақгвардияшыл топтарына қарсы шабуылға шыққаны» үстірт баяндалды. 1921 жылдың мамыр-маусым айларында жалғасқан операция нәтижесінде Бакич армиясынан 1000 адам өліп, 1500-і тұтқынға түсіп, 500 солдат пен офицер Алтай округіне ығысты. Осы жылдың 2 шілдесінде Бакичтің әскерінің қалдығы шабуылсыз Шара-Сүме бекінісін басып алды. Бекіністе қалған 400 винтовка, 12 пулемет, соншалықты басқа қару, 1000 снаряд, 6000 патрон, 1000 пұд күріш пен бидайды олжалаған генерал Бакич құрамасы жеңіліс зардабынан оңалып, толыққанды әскери күшке айналды [8, 58 б.]. Іс жүзінде Алтай округінің қожайынына айналған Бакич жергілікті халықпен байланыс орнатып, күш біріктіруге тырысты. Осы мақсатта 1921 жылдың 25 шілдесінде Бакич штабында жергілікті халықтардың өкілдерімен съезд шақырылды. Бұл жағдайларды барынша мұқият бақылап отырған Қытай орталық үкіметі қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын қарастырып жатты. Қытай билігі үшін проблеманы шешудің тиімді жолы – Кеңестер жағының Синьцзяндағы барлық босқындарға, ең алдымен, ақгвардияшыл топтарға жаппай рахымшылық жариялауы болып табылды. Мұндай рахымшылық жариялау ресейлік эмигранттардың жаппай Отанына оралуына жағдай жасап, Синьцзяндағы ақ армия топтарын тірегінен айыруға тиіс болатын. Бұл идеяны жүзеге асыру мақсатында Қытай өкімет орындары кеңестік билікке осы мағыналас рахымшылық жариялау туралы бірнеше мәрте ұсыныс жасады. 1921 жылдың маусымында Кеңес тарапы жариялаған Синьцзян облысына қашқан босқындарға рахымшылық реэмиграция процесін белсенді қылса да, провинциядағы ақгвардияшылар мәселесін толық шеше алмады. Бакичтің Тарбағатай округінен кетіп, Алтай провинциясын басып алуы Синьцзян билігін Кеңестерден қайтадан көмек сұрауға мәжбүр етті. Кеңестік дипломаттар Қытай Синьцзянына әскери көмек беру мәселесінде дипломатиялық өкіліліктер ашуды қарымта талап ретінде пайдаланды. 1921 жылдың 26 маусымында Құлжаға сыртқы сауда бөлімінің Крашенников бастаған өкілдігі келсе, НКВД Үрімжідегі кеңес өкілі ретінде Казанскийді бекітті.

1921 жылдың 21 шілдесінде Құлжадағы НКВД уәкілінің орынбасары Эпштейн мен Жаркент уездік ерекше комиссия төрағасы Сайфуллин ТүркОАК ерекше комиссиясына жолдаған хатында ресми Қытай билігінің босқындар мәселесіндегі саясатында өзгеріс бар екенін хабарлайды. Кеңестер жағының босқындарға толық рахымшылық жариялағаны туралы НКВД басшысы Чичериннің Пекинге жолдаған жеделхатының негізінде қытай тарапы Синьцзян провинциясы аумағынан кеңестік босқындарды толықтай реэвакуациялау жөнінде жедел шаралар атқаруды ұсынған. Ендігі жерде қытай билігі тарапынан босқындардың қайтарылуына байланысты ешбір кедергі болмайтынына сендірген. Эпштейннің мәліметінше, бұл кездегі Синьцзяндағы босқындар санын 15000 адам деп шамалауға болады. Босқындардың басым көп бөлігі қарызға батып құлдыққа түскен жағдайда. Еріксіз босқындардың санын ажырату қытай билігінің ығындағы Измойше-цзюй (босқындар қоғамы) ұйымының кеңестерге қарсы көзқарасы кесірінен мүмкін болмаған. Осыдан келіп, босқындарды құлдықтан босатуға қажетті қаржы мөлшерін анықтау да қиын болды. Эпштейннің көрсетуінше, босқындар топ-топ болып Құлжадағы кеңес өкілдігіне келіп, түземдік кедейлерге жақсы қарайтын Кеңес өкіметінің не себептен оларды ұмытып, «түземдік кедейлерге жасалған жұмаққа» кіргізбей тұрғанын сұраған. Таяу арада босқындар тасқыны көптеп келе бастайтынын ескеріп, көлік пен тамақтану пункттерін құру үшін қаржы керектігі айтылады [14, 135 п.]. 1921 жылдың 12 қазанында ерекше комиссияның Қашқардағы өкілі Исаметдин Шабдановтың Жетісу облыстық батрақтар бюросына жолдаған өтінішінде Қашқардағы жетісулық босқындардың атамекеніне қайтуға мүлде жағдайлары жоқ екенін баяндаған. Пішпек, Нарын, Қаракол уездерінен келген қырғыз босқын-дардың бір де бірінің Жетісуға қайта алмауына ең алдымен, аш-жалаңаштығы, қыздары мен ұлдарын тамақ табу үшін құлдыққа сатқандығынан олады тастап кете алмайтындығы, тағы да аштық құрсауында байларға қарызға батқандығы, сол қарыздары үшін бас еріктерінен айрылып, құлдықта жүрулері себеп болып отырғанын тарқатып жазған. И. Шабдановқа Қашқар даотайы барлық босқындарды жинап, олардың жаңа қожайындарымен қарыз есептерін өтеп, Ресейге қайтаруды тапсырған. Ерекше комиссияның Қашқардағы өкілі босқындардың ешқайда кете алмай зар еңіреп жүргенін суреттейді. Босқындарды Отанына жөнелту үшін Қашқарда ақша айналымында жүрмейтін Кеңестік, Николай дәуірінің ақшалары емес, Қытай меду ақшасы және айырбастық құны бар түлкі терісі керектігі көрсетілді. Өтініш соңында И.Шабданов: «Айтылғандардың негізінде адамсүйгіштік құрметіне еріксіздер мен кедейлердің мүддесін қорғаушы ретінде Сізден облыстық комитеттен түлкі терісі мен меду ақшасын жинап, Қашқарға босқын-дарды сатып алу, босату және жеткізу үшін жіберу туралы қаулы қабылдауға әсер етуіңізді сұраймын. Қалған жұмысты мен өз мойныма аламын» - деп жазған [14, 152 п.]. И. Шабданов өтінішпен бірге Қашқар Даотайы Джимуни

Ямынның өзіне жазған хатының аудармасын да жолдаған. Даотай хатында Ресей өкіметінің босқындарға рақымшылық жариялауына байланысты Қашқарда көп жылдан бері тұратын И. Шабдановтың мұндағы қырғыздарды жақсы білетіндіктен, босқындарды жинап, Ресейге солармен бірге аттануды тапсыратынын жеткізген. Босқындарға ешкімнен жасырынып, қашпай болашақ-та арыз-шағым көбеймеу үшін, өздерінің қарыздары бойынша талаптарды орындауы керектігін ескерткен. Мингуйдың 10 жылының 8 айдың 2 күні жолданға хатты қытай тілінен А. Құдайбергенов аударған [14, 153 п.].

Синьцзянға Қызыл армия бөлімдерін енгізу туралы «Алтай округіндегі ақ отрядтарды жою мақсатында РСФСР қызыл әскерлерінің Қытай Республикасы аумағы енгізілуі туралы келісімге» 1921 жылдың 12 қыркүйегінде Шәуешекте қол қойылды. Келісімге дипломатиялық өкіл Казанский емес, Сібір әскерлері революциялық-әскери кеңесінің ерекше уәкілі Погодин қол қойған [8, 62 п.]. Келісім нәтижесінде қызыл армия бөлімдері Синьцзянға өтіп, Бакич топтарын талқандады. Бакичтің өзі алдымен Монғолияға қашқанымен, сонда тұтқынға түсіп, 1922 жылдың мамырында әскери трибунал үкімімен атылды [8, 63 п.].

Ресми Қытай билігінің Синьцзяндағы ақ гвардия топтарына қатысты саясаты 1919-1922 жылдар аралығында мүлде өзгергені туралы НКВД-тің Орта Азиядағы уәкілінің орынбасары Силинге жолданған авторы көрсетілмеген құпия хатта да айтылады. Қытай билігінің әсерилері бар, босқындар бар ақ күштеріне қатысты ұстанымын талдаған хатта «Қытайлар біздің тарапымыздан ақгвардияшыларды шығарып кетуге кедергі жасамайды, қайта барынша көмектесетін болады. Өйткені, ақ құрамалардың көтерілетінінен үміті үзілген қытайлар үшін оларды жабдықтау қомақты қаржыны қажетсінуде. Екінші жағынан қытайлар ақ гвардияшылардың аз мөлшерде болса да, олардың ортасындағы қоғамдық өмірі болуынан қауіптенеді» - делінген [15, 45-46 пп.].

1921 жылдан бастап, босқындарды қайтару бойынша ұйымдасқан шаралар Қырғыз АССР құрамына кіретін шығыс өңірлерде де қолға алына бастады. 1921 жылдың 12 шілдесінде Семей губерниялық ревкомы Зайсаннан келген шекараның арғы бетіне көшіп кеткен қырғыздар (қазақтар) қайта оралуға тілек білдіріп жатқаны туралы хабарламаны қарап, «губревкомның атынан Отанына оралғысы келетін қырғыз-дарға (қазақтарға) үндеу жариялап, олардың жеке және мүліктік тиіспеушілігіне кепілдік беріп, сондай-ақ мекемелерге оралушыларды қабылдау және орналастыру тәртібі туралы арнайы тиісті бұйрық шығаруға» қаулы алды [16, 261 п.].

1921 жылдың қарашасында Құлжада РСФСР өкілдерінің қырғыз (қазақ) босқындарымен кеңесі өтті. Жиынға Кеңес өкіметінің Батыс Қытайдағы уәкілі Казанский, Құлжадағы уәкіл Куликов және қырғыз (қазақ) босқындарының өкілдері Бекімов, Айлчинов, дәрігер Якуббаев қатысты. Жиынның ресми сипатта болуына баса назар аударған босқын өкілдері негізінен қырғыз (қазақ) босқындардың мәселесін қарастыруға құлықты екендіктерін жеткізген. Босқындардың өкілі Якуббаев Шәуешек ауданының Баротола және Тарбағатайдағы және аз мөлшерде Шихо-Манайдағы қазақ-қырғыз босқындары туралы толық мағлұмат берген. Якуббаевтың көрсетуінше, Баротола алқабының жоғарғы бөлігінде 1918 жылы Қапал уезінен кеткен 200 түтіннен қалған 100 түтін тұрып жатқан. Бұлардың кедейлері Ресейге қайтып кетіп, Маманов, Тұрысбеков және басқалар бастаған байлар ғана қалған. Олардың 40 шақты түтіні Құлжа ауданындағы тараншы қышлақтарына қоныстанған. Көрсетілген ауқатты босқындар Ресейдегі жағдай туралы толыққанды мәлімет болмаған соң, Отандарына қайтпай отырған. Боротола маңындағы бірқатар босқындар қалмақтарға бір жылға дейін жалданып, ақысын алдын ала алып қойған себепті қайта алмайды. Якуббаев Боротоланың орта ағысындағы Жимпа ауданында Лепсі уезінің Чинжилы, Алакөл, Шарбақты, Еміл, Көктау-Қатшысу және Барлан болыстықтарынан келген 400 түтіннің 300 түтін Ресейге қайтып кеткенін, қалып қойған 100 түтін ел кедейлер екені, бөтен адамдардың қойын бағып жүргенін, тіпті әйелдерін қашқарлықтарға сатқандары да бар екенін баяндады. Якуббаев батыс Шынжылы бұрынғы болысы болған босқынның өз қызын жипалық сартқа сатқанын мысалға келтірген. Якуббаев, сондай-ақ Боротоланың төменгі ағысындағы Жима ауданындағы жайлауда Қожеке би бастаған Үржар болыстығының 50 түтін қырғыз қоныстанғанын, бидің өзі қызын 70 жастағы Жинхелік сартқа сатқанын, бұлардың да кедей ауыл екенін жеткізген. Жин және Шим аралығындағы Барқсу шатқалында Үржар болыстығынан барған Ағажан Бекжанов бастаған 20 түтін тұрады. Бұлар бір мәрте 100 түтін боп Ресейге кері қайтып, Сартау шекара бекетінде тоналып, кері қайтып Жайр деген жерге қоныстанып қалған. Якуббаев мәлімет берген бұл босқындар негізінен 1918 жылдардағы ұрыс кезінде ауа көшуге жәбүр болғандар [17, 413-414 бб.]. Якуббаев баяндаған босқындардың келесі тобы Тарбағатайдың Маил және Жаир таулары, Дүрбүлжін, Құлұстай және Шәуешектің маңайында орналасқандар. Бұл аудандарда 1919 жылы Жетісудың Еміл, Бурлысай, Көктау-Қатшысу, Үржар, Мырзатай-Қарасу және 50 түтін Лепсі уезіне қарасты Қарақолдан ауа көшкендер тұрақтаған. Якуббаев бастапқы саны 400 түтін болған бұл босқын-дардан осы кезде 250-300 түтіндей қалғанын жеткізген. «Олардың (босқындардың) көпшілігінің малдары 1919 бен

1920 жылдардағы қыстағы жұттан қырылды. Олардың Қытайға көшуінің себебі Анненковтың шегінуінде жолдарында болуынан. Аннековтың жолынан жырақ орныққан қырғыздар (қазақтар) Ресейде қалды. Олардың ең кедейлері Шәуешек, Құбілжін және Құлыстайда орныққан, бұлар шамамен 80%-ды құрайды» - деп көрсетеді Якуббаев [17, 415 б.]. Оның баяндауынша, бұлардың арасындағы ауқатты босқындар таулы аудандарда тұрып, мал өсірумен айналысады. Бұл босқындар тобының бір бөлігі Қытайға екінші мәрте қашып келгендер. Олай етулеріне шекара маңайында, орыс иелігінде батрақтар одағынан шыққан Асылбеков дегеннің ауқатты қырғыздардың тізімін жасап, мұндай «ықпалды» қырғыз-дар алыс уездер мен облыстарға жер аударылатындарын айтып үгіт жүргізуі әсер еткен. Якуббаевтың айтуынша Іле ауданына қарасты Көкқамыр тауларында 1918 жылы және одан кейін Лепсі уезінен 1000 түгін келіп, олардың 700-дейін Джен Шоу-Ши қытай қырғыздарының болыстықтарына орналастырған, бұлардың 60%-ы ауқаттылар болған. Ал Манас ауданында шекараның арғы бетінен 1916 жылы келіп сіңісіп кеткен, қайта кетулері неғайбыл 60 түгін босқындар тұрған. Құлжадағы жиынға қатысып сөз сөйлеген босқындардың өкілі Айылчинов Құлжа ауданындағы босқындардың 150 мың жан 1916 жылы Текес арқылы Прежевальск және Жаркент уездерінен келгенін, соңғы болып Нарынкол учаскесінен 65 мың жан Албан руының қазақтары өткенін, бұлардың басым бөлігі Ресейге қайтадан өткенін баяндайды. Айылчиновтың айтуынша, Текес ауданында 200 шамалы түгін (2/3-сі кедейлер), Күнесте 70 түгін (бұлар да кедейлер), Кашта 40 түгін (30-ы кедейлер), Бароталада 60 түгін Албан руының қырғыздары, кара қырғыздар (кедейлер) орныққан. Іле өзенінен Құлжа қаласына дейінгі аралықта 300 түгін кедей босқын-дар бар. Ал Құлжа қаласында 360 түгін кедейлер, Сүйдін-Күре, Қорғаста – шамамен 200 түгін босқындар орналасқан [17, 416 б.].

Құлжадағы жиынға қатысушы РСФСР дипломаттары босқындар өкілдерін ауа көшкендердің құлдыққа сатылуы, қытай чиновниктерінің қысастығы сияқты ақпараттарды ортаға салуға шақырған. Батыс Қытайдағы кеңестік уәкіл Казанский «(босқындардың) құлдыққа сатылуы туралы мәліметтер мен фактілер Пекинге белгілі саяси қысым жасауға керек екенін» жасырмады [17, 416 б.]. Уәкілдің сұрауына жауап ретінде Якуббаев «Қырғыздар (қазақтардың) Қытайға қашқан кезде олардың әйелдері мен бала-ларын тартып алмақ болған қалмақтармен атыстар болғанын», шабуылдаушы қалмақтар жас балаларды да тартып алып отырғанын баяндады.

Үш Тұрпан, Ақсу, Қашқар, Шахиар, Қарашехир қалаларына орныққан босқындар Жетісу облысының Пішпек және Прежевальск уездерінен қашқан 300000-дай босқынның «қытайларға 30 000-дай адам сатқанын», «қытайлықтардың сатып алған адамдарын ақшасыз қайтарғысы келмегені» туралы олардың өкілдерінің 1921 жылдың 21 тамызында шығыс халықтарының насихаты мен әрекеті Кеңесіне жолданған хатында көрсетілген. 600 мыңнан аса «қиындық көрген босқындар» атынан хатқа Шеке Рүстемов, Исмаил Дауренов, Жүніс Байжанов қол қойған [18, 16, 16 (а) пп.].

Босқындар мәселесінде шешімі күрделі мәселе «оңтүстік Шынжаңға босып барған қазақтардың аштыққа шыдамай жергілікті тұрғындарға сатқан адамдарын қайтарып алу мәселесі еді. Қашқарияға қашып барған қазақ босқындар онда көп ұзамай қатты аштыққа душар болғандықтан, ата-аналары қыздарын, күйеулері әйелдерін жергілікті тұрғындарға сатып, олардың орайына болымсыз ғана азық-түлік алып, шықпас жанға қорек қылады. Бірақ сол сатылған адамдардың иелері еліне қайтатын болғанда, өздерінің амалсыздан азыққа айырбастаған бауыр ет - балаларын және сүйікті жары - әйелдерін тастап кетуге жүрекері шыдамай, оларды қайтарып беруді талап етіп үлкен дау қозғайды. Сонымен олардың бұл талабын орындауға Шынжаң үкіметі шартты түрде келіседі.» [19, 219 б.]. Синьцзян губернаторының Ақсу аймағының әкімінің Мингоның 7 жылы (1919 жыл), мамырдың 23 күнгі ресейліктердің сатып кеткен ұл-қыздарын қайтару мәселесі бойынша жолдаған жеделхатында бұл кері сауданы қалай жасауға болатынына тоқталады. Әкімнің көрсетуінше, қысылтаяң шақта балаларын сатқандардың оларды кері қайтып сатып алуына жағдай туғызу керек. Баланы сатқан адам болмаған күнде, Ресей тарапының өкілдері кепілдік негізінде қайтадан сатып алуына болады. Қалай болғанда да, бұрынғы сатып алудағы құн қайтарылуға жатты [19, 220 б.]. Қытай тарихының маманы Н. Мұхаметханұлы 1916 жылғы көтеріліс-тен кейін Қытайға босқан қазақтардың Синьцзянның алты аймағына: Іле, Тарбағатай, Алтай, Қашқар, Ақсу, Байынғұлынға бытырай орныққанын көрсетеді. Қазақ босқындар ең көп орныққан жері Іле аймағы болып, онда 200 мыңдай адам барған [19, 220 б.]. Синьцзянда екі жылдай босқын ретінде өмір сүрген Орталық Азиядан ауа босқандардың санын бұл автор 300 мыңнан астам адам деп көрсетеді [19, 225 б.]. Н.Мұхаметханұлы өзінің зерттеуінде Қытай үкіметінің босқындарға қатысты әрекетін әсіре жоғары баға-лап: «Қытай үкіметі оларға «босқын» деген мәртебе бермегенімен, іс жүзінде оларға халықаралық бос-қындар катарында мәміле жасады деуге болады. Оларға қару жұмсамады, олардың онда уақытша өмір сү-руіне жол берді, шамалы болса да қайырымдылық көмек те көрсеткен болды. Сондай-ақ олар, босып бар-ған қалың қазақты шу-шұрқансыз, аман-есен өз еліне тезірек қайтару саясатын ұстанды, әрі ол жөнінде көптеген игі жұмыстар

жасағандығын жоққа шығаруға болмайды» - деген түйін жасаған [19, 225 б.].

Ал Қытай үкімет чиновниктерінің босқындарға, олардың Отанына оралу талабына көзқарасы туралы тоқталған Якуббаев Шатин дарині мен Толдыберді ақалақшы (болыс) кетуге ниетті қырғыздарды (қазақтарды) қорлап, жылқы сойып, қанына қолдарын батырып, Ресейге кетпеуге уәде беруге мәжбүрлейтінін айтып өтті [20, 417 б.]. Якуббаевтың мәліметі бойынша бұл кезде дереу көмекке мұқтаж әрі шекара маңайына қара көше бастаған 800 түгін бар, олардың қарызы 500 тензді (ақша бірлігі) құраған [20, 418 б.].

1921 жылдың көктемінде Шәуешекте қазақ-қырғыздар арасындағы аштық туралы Камский: «Айрықша қорқынышты жағдай тып-тыныш, қарсылықсыз, әр бұрышта қырылып жатқан қырғыз (қазақ) кедейлерінің арасында орын алды» - деп жазды [1, 57 б.]. Күн сайын көшелердегі аштан өлген адамдардың мүрдelerini ешкім жинамады. Камский тағы да: «Таң ата салысымен олар (ашыққандары) әрі-бері сенделіп, есіктерден үзіліссіз «Ойбайлаған» немесе «Христос үшін қайыр беріндерші» - деген дауыстар үзілмеді» - деп жазды [1, 57 б.].

1921 жылдың 31 қаңтарына қарай Тұрғарт, Қашқар, Дутай ауданы, Остан, Ортыш, Устун, Ортыш, Файзиабат, Маралбаш, Башқрам, Абат қырғыз-босқындарды тіркеу аяқталды. Ерекше комиссия ұйымдастырған босқындар уәкілдері Ақсу, Үштүрфан, Ашиқ, Абат, Айкул, Бештегерман, Қарағу, Байжағарық, Кучар, Шахиар, Шалдыш, Бакчорлы, Қарабүкір, Қарашахир өңірлері бойынша өте ауыр жағдайда қалған 18 мың босқындар тізімі жасалған. Қырғыз-босқындары өкілі ретінде Кеңестер Одағы жоғары билік орындарына Шеке Рүстемов, Исмаил Дауренов, Жүніс Байжановтардың атынан жолданған хатта кеңестік билік орындарынан 5 пункттен тұратын өтініш айтылған. Олар: «1) Дереу арада арнайы комиссия құрып, Пекинге Қытай Орталық үкіметімен біздің жағдайымызға байланысты келіссөздер жүргізу үшін жіберуді сұраймыз. 2) Қытай орталық өкіметінен, Қашқар, Ақсу, Гүлжін, Үрімжі және Дутай билігінен комиссияға барушыларға көмектесуге рұқсат алынсын; 3) Отанымыздың революциялық өкіметі ерікті Совет территориясына оралуымызды қаржыландырудан бас тартпайтын шығар деген ойдамыз; 4) Азапталған халықтарды азат ету үшін қаржыландыру мұнда жарамсыз қағаз ақша емес валюта түрінде қаржыландырылуы керек; 5) Егер валюта бөлу мүмкін болмаса, біздің Жетісу облысынан бізді қайтару бойынша шығындарды өтеу үшін мал түрінде көмек жинайтын тағы бір комиссия құрылсын» - делінген. Қырғыз босқындар хатында оларды қайтару шығындарына көмек жинау керек болса, Жетісу облысында осы мақсатта көмек көрсетуге әзір адамдардың тізімі де берілген [18, 16 (а) б.].

Шекарадан өткен қазақ-қырғыз босқындардың балаларын, әйелдерді сатуға мәжбүр болған оқиғалары ауызекі әңгімелерде, естеліктерде көрініс тапқан. Кейіннен көрнекті кеңестік мемлекет қайраткері болған Нұрбапа Өмірзақовтың жанұясының Ресей патшасы Николай тақтан түскеннен кейін ауа көшкен босқындардың қатарында болғанда Қытай жерінде көрген азабы естеліктерде хатталған. Нұрбапаның Жәмилә Текебаева есімді әпкесі өз естелігінде: «Біздің ауыл 1917 жылы Россиядан Қытайға қашуға мәжбүр болғанда ақ патша жоқ болатын. Алайда бұрынғы билеушілер станицадағы атамандар, болыстар, ауылнайлар орындарында қалған. Бұрынғы приста та орнында қалды, тек ендігі жерде Уақытша үкімет комиссары аталды. Бұрынғыдай кез келгендер сабалды, атылды. Осындай жағдайда аман қалудың Қытайға қашудан басқа жолы қалмады» - деп көрсетеді [21, 17 п.]. Қараңғы түндердің бірінде Нарынкол маңайының тұрғындары шекарадан өтерде бораған оққа тап болады. Ертеңінде шекарашы қалмақтар босқындарды тонауға кіріскен. Аз ғана топ тауға қашып, жан сақтаған. Күзге қарай қашқын босқындардың азық-түлік қоры түгесіле бастаған. Қалған мал пышаққа ілінген. Шекарашы қалмақтардан қатерлі жау – аштық таяған. Босқындардың әл дәрмені құри бастады. Балалар тамақ сұрап, азан-қазан. Босқындар бұл жағдайда етекке жазық алаңқайға түскенде тараншы дихандар егін жинап жатқан кез болады. Нұрпейіс Өмірзақов бұл кезде 5 жаста болған. Ұйғыр қышлағына еруге батпай, маңайына тоқтаған босқындар көшіне жергілікті тұрғындар азды-көпті азық-тамақтарын ұсынған. «Осы кезге дейін бірінші рет адамдардың жүзінен мейірім көрдім» - деп еске алады Жәмилә Текебаева есімді Өмірзақовтардың әпкесі. Босқындар көшіне жергілікті тұрғындардың қарым-қатынастары әрқилы болған. Қазақ босқын-дарын осылайша жері тастауыт, егінге қолайсыз болғандықтан адамдарының көбі көшіп кеткен кезекті бір қышлаққа келіп тоқтайды. Қышлақтың Тұрдыахун есімді орта жастағы дикан өзінің баласы жоқтығын айтып, Жәмилә Текебаева есімді Өмірзақовтардың әпкесінен 5 жасар Нұрпейісті қалдырып қалдырып кетуді сұраған. «Мені сатқаннан кейін, - деп еске алады Нұрпейіс – мен не болғанын түсінген жоқпын. Қайта-қайта бауырыма қарай ұмтыламын. Қанша уақыт олай болғаны есімде жоқ, әйтеуір мені сол үйдің ек әйелі кезекпе кезек шыбықпен ұрушы еді... Ұй қожайыны адамшылығы барлау адам еді, маған ара түсетін. Соққылардан басым жара болып, іріңдеп кетті. Маңайдағы өзенге жүгіріп барып, басымды суға малып тұрып, қышқан жараны қаситыным әлі есімде. Жарамен бірге уыстаған шаштарым түсуші еді. Сөйтіп шашсыз қалдым. Содан кейін қожайын, әйелдерінің мені аямайтынын біліп, бір жесір әйелге берді. Менің жалғыз досым әлгі әйелдің

Әбдимин есімді жалғыз ұлы еді. Әбдимин менен екі жас үлкен болатын. Оның шешесі мені аяп, тамақтандырушы еді. Бір күні Әбдимин мені қолымнан жетектеп сыртқа бастады. Ойнайтын кезде сөйтуші еді. Бұл жолы қақпа сыртына шығып үлгермей, ол маған: - Саған ағаң келіп тұр! – деп қуана айқайлады. Мен ағамдар келіп отырған үйге жүгірдім. Ағамның мені қалай босатып алғанын білмеймін, есімде тек Әбдиминмен қоштасып, ағамның атына мінгесіп, оны қатты ұстаған күйі кетіп бара жатқаным...» [21, 22 п.]. Нұрбапа Өмірзақовтың 1937 жылдың 13 сәуірде өзі жазған өмірбаянында: «1918 жылы ініммен бірге Жаркентке өткенімде, мені балалар үйіне қабылдады. Сонда 1920 жылдың күзіне дейін болдым. Содан кейін інімнің ауылға қайтуы себепті мен де ауылға қайттым» - делінген [21, 95 п.]. Бұл арада Н. Өмірзақовтың көрсеткен датасында жаңсақтық болу мүмкін. Өйткені Жаркенттегі қырғыз (қазақ) босқындардың Қытайда сатылған балаларына қабылдау үйін және еңбекке жарамсыз қариялар мен мүгедектер үйін ашу мәселесі 1920 жылдың 8 сәуірінде ТүкОАК босқын-дар жөніндегі ерекше комиссиясы тарапынан Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне қатынас хатында көтерілген [22, 5 п.]. Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне жазылған тағы бір хатта облыстық азық-түлік бөліміне Жаркентте ашылатын Қытайға сатылған балалар үйі, мүгедектер мен қариялар үйіне керек 10000 аршын сұр сукнаны босату туралы тапсырма беруін сұраған [22, 5 п.].

Негізінен жатжерліктерден құралған кеңестік әскери құрамалардың ротациясының өзіндік логикасы жергілікті тұрғындарға сенімсіздіктің жоғары болуынан туды деуге болады. Мұнда әскери басшылық ұстанған негізгі принцип саяси себептер болғанымен, ұлттық мәселе маңызды рөл атқарған. Шекара әскері жергілікті халық тарапынан бөтен, күш көрсетуші, жаулаушы күш ретінде танылып, оның бұйрық-тапсырмалары біржақты жазалау тұрғысында қабылданды. Шекара әскерлерінің рапорттарында жергілікті тұрғындар Патшалы Ресей кезіндегідей «киргиз» деп жалпылама сипатталса, босқындар «қашып өтушілер» саналды. Ұсталғандардың жан, қару, мал саны саналғанымен, адамдардың жеке тұлғасын анықтауға бағытталған жұмыс жүргізілмеді. Шекара бөлімдері кезекшілігінің есептерінің тым жұтаң екенін ВЧК Қытай шекарасы әскері бастығы Тарапов, ерекше бөлім бастығы Леонов, штаб бастығы Романовскийлер қол қойған бұйрықта көрсеткен. «ВЧК әскеріне және бригада штабының жаппай таратылған бұйрығына қарамастан, ешбір батальон командирі жедел орта туралы сол бұйрықтың жедел мәлімет табелінің 9,10, 11, 12, 13, 19 және 20 пункттерінде көрсетілгендей толыққанды ақпар жіберген жоқ. Көп жағдайда берілетін мәліметтер тым жұтаң, әрі республика ВЧК сұранысына жауап бермейді және мағлұматы жоқ ресми жауаптар болып тұр.» - делінген Тараповтың 1921 жылдың 3 қазан күнгі бұйрығында. Бұйрықтың 4-параграфында ендігі жерде командирлер мен адъютанттардың бұл бұйрықты орындамауы орнынан алынып, ревтрибунал сотына берілуіне дейін жауапкершілік тартатыны ескертілген [23, 46 п.]. Бұйрықта аталған Жаркент Түркмен шекара полкі туралы бірер дерек келтіре кетейік. 1920 жылдың маусымында Мерв қаласында орналасқан әскери бөлімнің жасақталу тарихы туралы мәлімет кездеспеді. Ресей мемлекеттік әскери архивінде сақталған полктің қорында 1921 жылдың 6 наурызында Түркістан дивизиясы құрамындағы 55 атты әскер полкі ретінде Сосновка мекенінде орналасқаны туралы дерек бар. 1921 жылдың 7 маусымынан ВЧК әскеріне бағынышты болған Түркімен шекара полкі 9 осы жылдың 4 тамыз - 9 қыркүйек аралығында Сосновка селосынан Жаркент қаласына келтірілген. Түркмен полкінің командирі қызметін Марсаков атқарған. Түркмен полкі 1922 жылдың 22 наурызында полк құрамындағы түркімен ұлтты қатардағы жауынгерлер мен әскери құрамды бөліп, Түркменстанға аттандыруға дайындалады да, әскери бөлімге 39 жеке шекара эскадроны атауы беріледі. 22 наурыз күнгі бұйрықпен Түркімен шекара атты әскер полкі таратылды деп саналады [24, 14 (а), 15 (а) п.].

РСФСР барлау мәліметтерінде Іле округінде қытайлық қарулы күштердің жалпы саны 4966 қылыш, 13 пулемет, 12 зеңбірек болғаны көрсетілген. Қашқар округінде 5340 қылыш, 6 пулемет, 6 зеңбірек орнықса, Тарбағатай ауданы орталығы Шәуешекте 1 батальон, 3 эскадронды құрайтын 400 қылыш, 4 пулемет, 2 зеңбірек, Үрімжі ауданында 3500 қылыш, пулемет саны белгісіз, 18 зеңбірек топталған [15, 4 п.]. Шекара қызметінің барлауы 1647 қылыш ақгвардияшылар әскери күштері бар екенін де анықтаған. Қытайдың Іле округы шекара күзетіне жалпы саны 2160 қылыш әскери күш жұмылдырылса, азаматтық өкімет отрядтарында шекара күзетінде 1410 адам қызмет еткен [15, 4 (а) п.]. Кеңестік әскери барлау мәліметтеріне негізделген батыс Қытай әскери қимыл театры шолуы бойынша Синьцзян әскерінде винтовканың 10 түрі болған. Аумақта кең таралған қару түрлеріне герман маузері, жапон мураты, орыстың 3 линиялы мылтығын, карабиндерді жатқызуға болады. Синьцзян әскері Максим, Гочкис пулеметтерін қолданған. Артиллерия ескі үлгідегі крупн зеңбіректерімен қаруланған. Синьцзян әскери құрамалары аз мөлшерде болса да жаңа қару түрлерін қолданған [15, 34-35 пп.].

Синьцзяндағы босқындардың Отанына эвакуациясына қажетті қаржы бөлу мәселесіне РСФСР сыртқы істер халкомы орынбасары Л. М. Карахан назар аударып, 1922 жылдың 11 қарашасында РКП Орталық комитеті ұйымдастыру бюросына саяси мазмұндағы хат жолдады. Хатта ведомствоаралық

кеңестің қорытындысы бойынша Батыс Қытайдан реэвакуациялануға жататын 10 мың адамның алғашқы 5 мыңын қайтару үшін 25 000 сом алтын ақша бөлу туралы қаулы қабылданғаны айтылады. Көрсетілген сома негізделіп, қаржы халкомына 3 қараша күні ұсынылып, сыртқы істер халкомы жалпы реэвакуация сметасына қосылған [20, 427-428 бб.].

Қытайдан босқындарды қайтару және орналастыру шаралары және бұл бағыттағы жұмыстарды қаржыландыру бойынша кеңестік өкімет органдарының жұмысы өзара үйлесімді болмауына ТүркАССР, ҚырАССР-дің орталық органдары мен РСФСР сыртқы істер халкомы арасындағы келіспеушіліктер әсер етті. Босқындар проблемасын шешу механизмдеріне қатысты республикалар мен сыртқы істер халкомының әрқайсысының әрқилы бағдары болғанын ведомоствалардың ішкі хат алмасуларынан, баяндамаларынан байқауға болады. Босқындарды қайтару мақсатында бөлінген 25 000 сом алтын қаржының түскені туралы 1923 жылдың 21 ақпанында сыртқы істер халком орынбасары Л. М. Караханға осы ведомостваның Ташкенттегі өкілі Л. Е. Быстров хабарлаған. «Құрметті Лев Михайлович!» - делінген хатта, - Батыс Қытайдан босқын-қырғыздарды (қазақтарды) реэвакуациялауға арналған 25000 сомды алдым. Мұндағы бүркемеленген, бүркемеленбеген ұлтшылдар НКВД-ті ысырып реэвакуация ісін өз қолдарына алғысы келеді». Л. Е. Быстров өзінің «РКП Орта Азия бюросына енгізген жобасы ұлтшылдық ұмтылыстарға жол бермейтінін» атап көрсеткен [20, 428 б.].

